

Л 2009


19598к


Мартин Андерсен
Некее

МОРТИН
КЫЗЫЛ



15093 100





Л 2009/19598к 839.81-3

Мартин Андерсен
Нексе А 57

МОРТҒЕКИ ҚЫЗЫЛ

ЕСТЕЛІК РОМАН



БІРІНШІ КІТАП

ҚАЗАҚТЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ
Алматы — 1954

Орысшадан Аударған
Сейфулла Оспанов

3 4 2
Мартин Андерсен Нексе
МОРТЕН КРАСНЫЙ
(роман воспоминания)

(на казахском языке)
Издание Казгослитиздата — 1954




Редактор А. Колбаев
Художник К. Ходжиков
Техредактор П. Вальчук
Корректор Б. Утембаева

Сдано в производство 27/III-54 г. Подписано
к печати 19/VII-54 г. УГ09118. Изд № 69.
Бумага 84 108 7,75 бум. л. — 25,42
п. л. (Уч.-изд. 29,55 л.). Тираж 15000 экз.
Цена 16 руб. 80 коп.



Алма-Ата, Полиграфкомбинат Главиздата
Министерства культуры КазССР.

Заказ № 102.



КІРІСНЕ

Мортеннің Пеллеге жазған ашық хаты менің қолыма ойламаған жерден келіп түсті. Менің білуімше, бұл хат жарияланбаған, мүмкін, Пелле мұны тіпті оқып та үлгірмеген болар, өйткені бұл хат оған өлерінің аз-ақ алдында жіберілген еді. Бір кезде кіндіктес егіз баладай айқасып бірге өскен, бірақ кейін жағдайлардың әсерімен әртүрлі жолға түскен екі адамның осы бір документін оқыған адамның жүрегі тебіренбей тұра алмаушы еді. Егер жаңа ғасырдың бас кезінде болған оқыйғаларды оймен шолсаң, бұл екі достың өмірі мен атқарған қызметтерінің арасының алшақтығы сонша, тіпті олардың бір кезде қалайша бірпікірлес жандар болғаны да түсініксіз бола бастайды. Пелле қажырлы, адал, бірақ аузынан шыққан сөзге өте абай, байсалды адам сыяқты болып көрінеді. Оның аздаған сылбырлығы бар, қалың бұқараны ол басқарды ма, жоқ әлде олар мұны басқарды ма — оны білу қыйын, ол өзін өзі солай ұстайды. Ал Мортен болса, қандай істе де бірбет, ашық адам, — оның не істегісі келіп тұрғаны әрқашанда белгілі.

Мортен екі жүзділік дегенді білмейді, өз көзқарастарын жасырып тұра алмайды. Мортеннің тым ашық екендігін қызу айтыс үстінде Пелле талай-талай бетіне басып, бөгде адамдар отырғанда да оның нашар саясатшы екенін айтып салған. Мортен оған: «Дипломат емес дегің келе ме? Дипломатия әртүрлі саяси ағымдардың аралығында бұлтақтап жүргендер үшін ғана керек», — деп жадырай жауап қатқан. Мортеннің пікірінше, тура сол Пелле мен оның пікірлестері нағыз саяси қайраткерлер емес, өйткені олар қазіргіні болашақпен бітістіргісі келеді, — бұл ашықтан-

ашық сәтсіздікке ұшырайтын талап. Нағыз бағалы жүкті әкеле жатқаныңда, алған бетіңнің дұрыс екендігіне көзің анық жететін болса, қорғалақтап шырағыңды сөндіріп тастаудың қажеті жоқ.

Олардың алауыз болуының негізгі себебі, сірә, Пелленің шынында да бұқараға сенбегендігі болу керек. Бұқараға бар нәрсені бірдей ашықтан-ашық айта беруге болмайды, өйткені олар әлі саяси санасы жетілмеген адамдар, сондықтан жаулар мұны пайдаланып, құпия сырды біліп қояды деп есептеді ол. Ал Мортен болса, барлық өкімет бұқараға, қарапайым халыққа берілуі керек, сондықтан да бүкіл жауапкершілікті алып жүруге солар міндетті деп санады. Жұмысшылар қозғалысының мақсаты жұрттың бәріне де айқын болуы керек. Ұғым шатастары дегеннің қандайына болсын Мортеннің жаны қас еді, ол пролетариат күресін былыққа қарсы бас көтеру деп біледі. Оның пікірінше, қандай нәрсені болса да, тіпті, жаудан да жасырып керегі жоқ. Қайта, жаңа жолдарды белгілейтін программа неғұрлым айқын, түсінікті болған сайын, солғұрлым жұмысшылар қозғалысы үшін жақсы болады.

Бұл хаттан Мортеннің қайтпас-қайсар ержүректігі мен болашаққа деген жарқын сенімі күшті сезіледі. Өз алған бетінен біртіндеп сырғақтап бара жатқан Пелле мен болашаққа берік сенетін, табанды Мортеннің арасындағы қайшылықтар ең алғаш рет осы хатта анық бейнеленді. Бұл хат мені тереңнен тебірентіп, әрқашанда есімде жүргенімен, бірнеше жылдардан бермен қарай жылжытылып, кейінге қалып келе жатқан ісімді қолға алуға қозғау салды: мен Мортен мен Пелленің есейген шағындағы тарихын жазып, бір жолмен жүруге тиісті сыяқты көрінгенімен, айрылысып кеткен осы бір екі адамның таңғажайып тағдырының мәнісін ашуға бел байладым. Дегенмен де олар бірінен бірі біржолата қол үзіп кете алған жоқ еді, олардың жолдары бірімен бірі үнемі тығыз өріліп отырған, сонысының өзі кей кезде, сөз жоқ, қатты қағысуларға әкеп соқтыратын.

Сөйтіп, мен солар жөнінде жазуды көп жылдардан бермен қарай ойлап жүрдім. Бірақ өз ойымды іске асыра алмадым. Пелле, Дитте мен Мортен маған әруақытта бір тұтас нәрсенің үш бөлегіндей болып көрінді де тұрды, соның ішінде тек Мортен ғана нағыз жаңалықтың жаршысы еді. Қаналушы таптардың қозғалысында одан басқа адамның ешқандай ролі болмағандай-ақ, басқаның барлығы да Пелленің тамаша табыстарының көлеңкесінде қалып қойып

жүрген кездері де болған. Пелле даңққа мас болып, алға қарай басуды қойған кезде, қол жеткен табыстар жөнінде даурықпа сөздер айтумен ғана болды; оның мінез-құлқының келешекте қалай болатындығын түсіну тіпті де мүмкін емес еді. Барлығы да тұманмен бүркелген, жұмысшылар сол тұманның ішінде шырқобелек айналып, баяғы бір ескі орнына қайта оралып соға береді. Енді көп жұртқа болашақтың жемістері айқын бола бастады, ал Пелле басқарған қозғалыс тек қана бір өткінші кезең болып артта қалып қойды. Сол қозғалыстың нәтижелері шынайы фактыдан гөрі алдамшы нәрсеге жуығырақ болғандығына және пролетариатты буржуазиямен бірлестіру мүмкін екендігі туралы идеяның өзі қыйсынсыз іс екендігіне қазір әркімнің-ақ көзі жететін болды. Жұрт алдында бұрын Мортенді көп кінәлатқан, тіпті, жұрттың одан ат-тондарын ала қашуына себепкер болған идея қазір салтанат құрды: алға басудың тек бір-ақ жолы ғана болды, ол әруақытта Мортен сілтеген жол еді.

Бірақ қаншама құлшынып жазамын дегеніңмен, жетпістен арман асып кеткеннен кейін, бұл сыяқты үлкен іске кірісе қою да оп-оңай болмайды екен. Бұрын тіпті білінбей жүрген көптеген жасырын кедергілер бар екен; буыны құрғыр сықыр-сықыр етеді, оны қыймылдатудың өзі қыйын, ол енді бұрынғыдай бар пәрменімен жұмыс істей алмайды. Енді сен бұрынғыдай темірді қызу үстінде соғып, күндіз-түні бірдей дамыл алмастан жұмыс істей алмайсың. Бірақ енді көп нәрсені бұрынғыдан әлдеқайда жақсы көре білесің. Күн көзі жарқырап нұрын төгеді, жүйектегі помидор түптері жемісінің пісуіне кедергі болып тұрған арамшөптерден тазартуды тілегендей болады. Талдан өсірілген көк қоршау тағы да бір қырқып тегістеп қоюды тілейді. Әлденендей бір ішкі үнің де өне бойы: «Әзір мүмкіншілігің болып тұрған кезде жарықтың да, ауаның да, дене еңбегінің де қызығын көріп қал!» — деп тұрғандай.

Өмірге деген осы бір қарапайым іңкарлықтың аз да болса сусынын қандырып, сонымен бірге ойлап жүрген кітабымның жұмысына кірісу үшін мен бақ ішіне жайғастым. Бірақ бұл жерде көңілің бөлінбей отыра алмайсың: күнделікті өмірден, жанға сая таптыратындай әсері бар өмірден, әлденендей бір дабыл ойнап шығады да, сол дабыл айналаңды қоршаған табиғаттан да, адамдардан да сезіліп тұрады, тіпті ауаның өзі сонымен лық толғандай болады.

Менің төбемнен самолеттердің үздіксіз гүрілі естіледі,

олар біресе ауаны жаңғырықтыра гүжілдеп батысқа қарай самғап бара жатады, біресе шырқау биікте шыркөбелек айналып, бірін бірі қуып жетіп, аспан әлемінде құстай шарықтап асыр салады. Сол кезде мен адамдар бірін бірі қынадай қырып, сонысы үшін дозақ машиналардың көмегімен ағызған қандарының, келтірген зыяндарының мөлшеріне қарай, біреулер сыйлық алып жатқан майдан шептерін еріксіз оймен кезіп шығамын. Бірақ, әсіресе, тылда жылап-еңіреп отырған миллиондаған әйелдер мен балаларды ойлаған кезде жаным ерекше жабыға түседі. Қан мен көзжас — бүгінгі күнге тән нәрсе міне осы; бұл өзінің таңбасын тіпті бейбіт жерлерге де басқан.

Жол бойында қыбырлап, шым тезек артқан арбалар келеді — дүниежүзілік соғыс дегеніңіз осы! Шаруалар бастарын шұлғып қана амандасады немесе сәлемдесудің белгісі етіп қамшысын жоғары көтереді — бұл да дүниежүзілік соғыстың әсері! Осы күні кеше-ақ бұл шаруалар мені көзіне ілмейтін еді; енді болса, елімізді біреу басып алғаннан кейін, олар ашу-ызаны мейірімділікке айырбастапты.

Жаз айларының соңғы күндері. Адам төзбес аптап болғанымен нағыз жаздың бітіп, күз айларының күшіне кіре бастағандығы сезіледі. Астық маяда тұр, кепкен жоқ, оны әзір қамбаларға жыйнап алуға болмайды. Сөйтіп, өткен қатты қыс пен құрғақ көктемнің кесірінен быйыл егін нашар шықты, тап бір осы қатал қыйыншылық уақыттың ауыртпалығын табиғат та қыйындата түскісі келгендей. Осының барлығы да кедейлер үшін, былайша айтқанда осы бір «бақытты елдің», Дания халқының көпшілігі үшін болайын деп тұрған ауыр қысты, аштық пен суықты алдын ала-ақ сездіріп тұр.

Бақ ішіндегі шөптің үстінде менің кішкентай қызым Майя ойнап жүр, ол топырақ қазып, кішкене шелегімен оны тура менің қағазымның үстіне әкеп төгеді.

— Майя саған тамақ дайындап әкелді, сен оған қуанасың ба? Сен мені жақсы көресің бе?

Әрбір минут сайын ол жүгіріп келіп, тіземнің үстіне кіпкішкентай ғана бортыйған қолын салып, мені жақсы көресің бе деп сұрап кетеді. Қалай жақсы көрмессің! Ол қарттыққа мойын ұсынғысы келмеген адамға берген жомарт табиғаттың сыйы емес пе. Оның үні нәзік қоңыраудай болып дамылсыз сыңғырлайды, ал оның өзі, екі жасар сәби, қайта-қайта о жерден, бұ жерге жүгіре береді. Ол өзі не нәрсе болса да төңкеріп тастауға мәшкүл-ақ, соғысты да,

оккупацияны да ұмытып кетуге мәжбүр етеді; күн де, күннің көзі де одан бетер көз қаратпай шаңқыя түседі.

Адал достың мейірбандылығына бөленген үй-ішінің та-ту-тәтті өмірі адамға ештеме дарымастай етеді. Жақын адамдарыңның құрметіне бөленсең, саған ешқандай жауыздық қорқынышты емес. Соңғы жылда, Данияда, адамдар арасындағы қарым-қатынаста әлденендей бір жаңалық байқалады: адал ниеттілік болып көрінетін алдамшы көріністің астарында жауыздық жатады. Бірақ осы зұлымдық әрекеттердің барлығы да біздің үйдің қабырғасына соғылып күйреп жатты — сырттан тиген әрбір жаңа соққыдан соң біз бір-бірімізді бұрынғыдан бетер жақсы көре түскендей боламыз.

Жол бойында демалыстан астанаға қайтып келе жатқан бір топ велосипедті семьялар көрінеді. Олар бар уақытын қайраңда өткізіп, негр сыяқты қап-қара болып кеткен. Данияда дене шынықтыру мәдениеті дөкірлік тәрізді болып өркендейді. Жол жақтан менің атыма айтылған балағаттау сөздер естіледі, әлде жұрт мені жәбірлеу үшін әдейі дауыстап айтатын болса керек. «Оны азаптап өлтіру керек еді», — деп даурыға сөйлейді әйелі мен бір топ балаларын бастап, велосипедпен келе жатқан, семья басы болып есептелетін қызыл шал. Мұны естіген қатын-баласы мәз болып, шуылдасып қалады. «Папа, сөйтіп бұл үйге енді түкірсе де рауағой?» — деп сұрайды әкесінің алдында велосипедтің арқалығында отырған баласы.

Үйдің есігінен бойшаң, сымбатты әйелім көрініп, маған наздана қарайды. Ол, сірә, балағаттау сөздерді есіткен болса керек, жаныма келеді де, қолын иығыма артып, қолжазбама қарап, жаны ашый¹ сөйлейді:

— Саған тыныштықпен жұмыс та істеткізбеді-ау!

Сөйтіп кенет екеуміз де күлкіге кенелеміз.

— Шынымен-ақ әлі ақылдары кірмеген бе? Фин компаниясы¹ кезіндегі өшпенділікті еске алудан гөрі, қазір енді оларда едәуір келелі міндеттер бар сыяқты. Мен осы сенің жерлестеріңнен түңіле бастадым, — дейді әйелім.

— Ал мен болсам, сенің жерлестеріңнен, — деп күле жауап қатамын да, төбемізден гүрілдеп ұшып өтіп бара жат-

¹ ССРО-ның ақфиндермен соғысы кезінде (1939—1940) оның Финляндия билеп-төстеушілерін бағыл әшкерелегендігі үшін Данияда Нексеге деген аяусыз өшпенділік басталады. «Демократиялық» Данияда Мортеннің кітаптары кітапханалардан алынып, өртеліп те кетеді.

қан самолетті көрсетемін. Оның тіпті төмен ұшып бара жататындығы сонша, ауа толқыны шатырдағы жай тартқышты жұлып әкете жаздайды. Біз екеуміз де басымызды еріксіз еңкейтеміз.

— Үлкен, тіпті, үлкен құс! — деп айғайлайды Майя, клумбада отырып.

— Сен бұйткенше үйге барсаң етті,— дейді маған әйелім, жайтартқышқа қарап.— Онда сені өз жерлестерің де, менің жерлестерім де мазаламайды.

Біз «жерлестер» десіп отырамыз, бірақ бұл сөз біздің ұлттық сезімдерімізді қорламайды, арамыздан алауыздық тудырмайды. Екеуміз де халықтар мен оның билеп-төстеуші топтарының арасындағы айырмашылықты көре білуді үйрендік; барлық елдердің халықтары мейірбан, бейбітшілік сүйгіш екендігіне, үкіметі соғысқа араласып, қатаң тәртіп үстемдік етіп тұрған жерлердің өзінде де олар көмек көрсетуге әзір екендігіне сапар шегіп жүрген уақытта көзіміз әбден жетті. Барлық елдердегі қоғамның көпшілік бұқарасы біздің жерлестеріміз болып кетеді. Ұлтшылдық — ескішілдікті, дұшпандықты туғызады және ол халықтар арасындағы бейбіт бәсекенің көзбастауы болып есептелмейді, қайта ол әр халықтың топас мақтаншақтығын қоздырады. Көзіңде ұлтшылдық шел болмаса ғана өзіңді өзің нағыз адамдай сезінесің. Демек, өз отаныңды сүйуге болады, әсіресе кейбір таңдаулылардың ғана қамын ойлап, көпшілікке қытымыр қарайтын өгей шешедей емес, өзінің барлық баласына бірдей мейірімді анадай қарайтын отанды сүйу керек; отан дегеннің өзі сондай болу керек. Нағыз отан сүйгіштік дегеніміз өз елінің ішіндегі нәрселердің барлығын да қалай болса солай мақтай беру емес, тек нағыз құндысын ғана мақтау. Даниядағы көптеген мәселелердің құндылығына тек әйелім, неміс әйелім, оны құнды деп санағанда ғана көзім жетеді. Сөйтіп біз өзара әңгімелесіп барып қана бұл құндылықтардың жалпы адам баласына ортақ құндылық екенін білеміз.

Мен ақырын ғана күтірлеген дыбыс естимін, бұл — капуста жапырағын кеміріп жатқан қаз,— демек, алдымызда ауыр қыс түр, овощтар, витаминдер болмайды деген сөз. Ат үсті қараған адамға әдемі көбелектердің ұшуы — ешқандай кеселі жоқ, әшейін ойын сыяқты болып көрінуі мүмкін, бірақ соның салдарынан қайткен күнде де капуста бүлінеді. Ал егер бүкіл Дания болып бірлесіп, көбелектерді құртсақ қайтер еді? Өмірде онсыз да әдемі нәрселер толып

жатыр ғой, бұл жауды құртсақ, капустаға, демек, кедейлерге де көмек жасалған болар еді. Табиғат көрінісі оларсыз да ойсырамас еді, көптеген сырты жылтыр басқа паразиттерсіз де өмір сүруге болар еді. Бүкіл ұлт түгелімен бұдан ұтып шығар еді — витаминдер мен қайрат-жігер көп болар еді. Бізде осының екеуі де жетіспейді ғой. Мүмкін, сондықтан да датчандарға өз отанын сол күйінен басқаша ойлау соншалықты қыйынға түсетін шығар.

Есігі ашық тұрған үйден кенет менің құлағыма бейнебір дүниенің ақыры алдындағы күңіреніс тәрізді мыңдаған адам қосылған хордың — тұтаса шыққан бір ызыңның үні келеді. Ол радионы жалғаған менің ұлым ғой: «Патшалардың патшасы», «Құдая, Данияны өзің сақтай гөр!» — деген шіркеу зарын беріп жатыр. Тап бір күнакарлар азап тартатын дозақтың қақпасы ашылып кеткендей күңіреніп, бүкіл ел болып көкке қарап мінажат етуде. Радиоға бәрібір. Радиолампаның көмегімен халық аспанмен де тілдесіп жатыр. Барған сайын олардың үні біртүрлі үрейлі болып шығады, бұл — «Титаник» кемесінің апатқа ұшырауы мен, сірә, Оксфорд қозғалысына¹ ұқсайды. Дания халқы ауыр күндерді шынымен-ақ басқаша қарсы ала алмайтын болғаны ма, бірінің қолынан бірі ұстап тұрып, дұға оқу қалайша қажет бола қойды екен? Неғып жұрт ұятсыз режиссердың қолының қыймылымен ғана жүретін статистер² болды екен? Ой, шіркін-ай, радиотолқындарын бір рет болса да кері қайтарып жіберуге мүмкіншілік болса ғой! Онда мен Дания халқына радио арқылы бар пәрменіммен: «Өзіңе өзің көмектес, құдай да сонда көмектеседі!» — деп дауыстар едім.

Деревня тұрғындары бұл оқыйғаға өздерінше қарайды. Кейбіреулері осының барлығына жыны ұстап, ала көздерімен ата қарап, оңды-солды бүрқырап үрей шашып жүреді. Шаруалардың көпшілігі ұзын қоныш етік киіп, мотоциклімен жан-жақты аралайды. Кейбіреулері ерікті болып ба-

¹ Оксфорд қозғалысы ағылшын либералдарының арасынан шығып, дүниежүзілік бірінші соғыстан кейінгі жылдарда Батыс Европа елдерінде, оның ішінде Скандинавияда, едәуір өріс алады. Бұл қозғалысқа қатысқандар бас қосып жыйналып, өздерінің істеген «күналарына» көпшілік болып опық жейді; ол күналарды негізінен ерлі-зайыптылардың суық жүрістеріне апарып жатқызады. Оксфорд қозғалысы — капиталистік қоғамның іріп-шіріп, азғындап бара жатқандығының айқын көріністерінің бірі.

² С т а т и с т — қосалқы артист.

рып Финляндияда соғысып қайтқан, бірақ оның жайын олар жөнді сөз қыла қоймайды. Дегенмен де өздерінен ешқандай жараның таңбасы көрінбейді. Көп адамдарды бұл оқыйға тіпті өзгерткен жоқ: олар дұға оқымайды, өз істерін істеп жүре береді; алайда барлық жағынан талқылап, қазіргі болып отырған жағдайды ескеретіндігі олардың көздерінен-ақ білінеді. Олар дел-дал болып толқып жүрген адамдар, ал толқыған нәрсе арғы жағаға да, бергі жағаға да шықпайды. Фин компаниясының дәуірінде, менің соңыма түсіп жүрген кезде, бұл адамдар біздің үйдің жанынан теріс қарап өтетін еді; ал енді елімізді оккупациялағаннан кейін, олар менімен қайтадан бас изесіп амандасып, тіпті, кей кездерде әңгімелесуге де бүйірлері бұрып тұрады. Олардың көпшілігі «L.S.»¹ одағының мүшесі, жүрек түкпірінде азды-көпті ызасы бар адамдар; олардың жанына жақындай қою да қыйын.

Біздің үйдің қасынан сол сыяқты өзіміздің жолдастарымыз да — жұмысшылар мен қызметшілер де өтіп жатады; бұлардың бір бөлегі демалыстан қайтып келеді, басқалары қаулай өсіп келе жатқан жұмыссыздықтың құрбаны бола бастаған. Мен оларды бір-бірінен жүріп келе жатып «аман ба» деген сәлемі мен багажникке таңып алған жүктерінен айырамын. Ашық далаға түнеу үшін барлығы дерлік оны-мұны — шатыр немесе төсекқаптар қамдап алған. Я, біздің жолдастар ерке өскен жандар емес. Бұлардың көпшілігі еріктілер қатарында болып, Испанияда шайқасқан; көпшілігінің әлі күнге шейін жарақаттары да біткен жоқ. Кейбіреулері демалып біздің үйге кіре кету үшін тоқтайды.

— Қазіргі жағдайды қалай деп бағалайсың? — Әдетте әңгіме осыдан басталады.— Едәуір ауыр сыяқты-ау өзі! Бізде Совет Одағының бары қандай жақсы!

Осы бір жалғыз сезімнің өзі-ақ оларға ешнәрсе мызғыта алмастай берік сенім туғызады. Асылы олардың басқа адамдардан айырмашылығының өзі осы үмітшілдік көзқарастарында еді; кәсіп иелері немесе «Ніра»² тарапынан болған қуғындар да, оларға көрсетілген анағұрлым қатаң шаралар да олардың келешекке деген көңіл күйін бұза алмайды. Сергек болып көрінгенімен өздері неткен арық; бұлардың тым көпшілігі нашар күн көрісте тұрады, солай бола тұрса

¹ Landmaendenes Sammenslutning (Егіншілер одағы) — реакцияшыл аграрлық партия.

² Н і р а (Hitlerpatrolje) — оккупациялық отрядтар Данияда осылай аталған.

да балалары мен немерелері үшін Данияның мұнан басқаша, тәуір Дания болуы жайындағы армандары жолында осылар көп құрбандық жасайды. Осы армандарын іс жүзіне асыру үшін олар онсыз да мардымсыз үлес азығын азайтып, көбінесе басқа үшін өзінің ақырғы бір жапырақ нанын аузынан жырыя береді, сол кезде өзін байып кеткендей сезінеді. Қалған қауым алапес шыққан адамдардай көріп, соған орай қарым-қатнас жасайтын осы бір әйелдер мен еркектердің барлығы да жаңа отан құру жолында күресе алатын адамдардың нағыз өзі еді. Егер олар болмаса, мен үйімнен басқа жерде өзімді құлазыған жалғыздықта сезінер едім.

Хейнцле¹ бутербродтар, сыра немесе кофе әкелсе, олар жаңа ғана жолда алып шыққан тамағымызды жеп едік немесе үйден шығарда сұлы ботқаға тойып шығып едік деп екі қолын бірдей сермейді. Бірақ дегенмен де олар біздің бутербродтарымызды күйедей соғып алады. Осындай қарғыс атқан қыйыншылық кезеңде тоймастан жей беруге болады ғой! Соңғы жылдарда жұрттың тамақты өте нашар ішкендігі сонша, тіпті кез келген сәтте бір қазан тамақты қотарып кетуге бар еді.

Хейнцле келген кезде, олар одан көздерін алмайды.

— Сен тамаша жолдас тапқан екенсің, бізге де өте жақсы болды. Сенің әйеліңнің неміс екені және өзі бір әскери адамның қызы екені рас па осы? Жасыңның келіп қалғанына, тағы басқа жайларға қарамастан әлі күнге дейін сергек болуың таңқаларлық нәрсе емес екен ғой: балаларың да тамаша, әйеліңде жақсы! Жақын арада мен баяғы бір кезде біз жақтас болған, қазір бізден біржолата бөлініп кеткен пенсионер шалды кездестірдім. Ол сені жас кезінде де баласы көп болған адам еді дейді. Ол сені жыл сайын қатын жаңартып, бала қаптатып отыратын сайтан дегенді де айтты.

— Қойыңыз, мен әрбір жыйырма жылда ғана жаңартамын,— деп жауап қатамын мен күлімсіреп.

— Олай болса ештеме етпейді, осы қалпыңда, жас күйіңде қала бер. Сен бізге өте қажетсің!

Қоштасарда оның қолымды шын ниетпен қатты қысатындығы сонша, мен көп уақытқа дейін қол қысудың жылылығын сезіп тұрамын.

Жанымыздан жол үстінде жұмыссыздар сүйретіліп ке-

¹ Мортен Андерсен Нексенің әйелі — Иоханна.

тіп бара жатады, олар жұмыс аламын деген әртүрлі үміттерден әбден күдер үзіп, ешбір мақсатсыз, бетінің ауған жағына қарай тарта береді,— бүкіл елді текке кезеді; оларды ерекше жүрісінен тануға болады. Кей кездерде олар аула есігінің алдында тоқтап, айдалаға аңтарыла қарап, бір минуттай текке тұрады да, сонан соң жолмен ілгері қарай қайта жылжыйды; кей-кейде бейнебір қандай да болмасын бағытынан айрылып қалған адамдай-ақ жасқана қаймығып біздікіне кіреді, осы бір баспанасыз жүрген сорлылардың адам тұратын үйлерге жақындап келе жатқанына қараудың өзі аянышты еді, олар біреу ит айтақтап немесе полицейскийді айдап салар ма екен деп сасқалақтап, үрейленіп тұрады; бұл адамдардың әбден арып-ашып, азғындап жүргені бесенеден белгілі. Жұмыссыздар екі-екіден жүргенін жақсы көреді; рас, бұлай жүру — қолдарына бірдеме түсіруді қыйындата түседі, бірақ жападан-жалғыз жүру — аштықтан да жаман.

Бүгін таңертең біздікіне — бірі ұзын, екіншісі аласа бойлы екі жұмыссыз келіп кірді. Олар аула есігінен өтіп, енді қайда барарын білмей, бейнебір айдан құлап түскен адамдардай аңтарылып тұрып қалды. Сонан соң үйге қарай бет алды, бірақ террасқа кіретін есіктің жанынан өтіп, бақ ішін аралай бастады; кенет олар, тіпті, басқа жақтан шығып, тура менің қарсы алдыма тап болды.

— Сіздер, немене, огород іздедіңіздер ме? — деп сұраймын мен.

— Кешіре көріңіз, біз жұмыссыздармыз ғой, — деп жауап қатады кішкентайы басына қолын салып, басында, сірә, бір кезде фуражкасы болған болу керек.— Сіздің бақ ішінде қағаз жазып отырғаныңызды көрмей, ішкі есіктеріңізді іздеп, бүкіл үйіңізді айналып шықтық. Айтыңызшы, кухняларыңыз қайда?

— Ар жағында, сіздерді сонда тамақтандырады. Өздеріңіз, сірә, аш боларсыздар?

Кішкентай жұмысшы күледі, ал оның жолдасы ең әуелі түсініксіз бірдемелерді міңгірлейді.

— Аш боларсыздарыңыз не, сұмдық ашпыз! — дейді ол ақыр аяғында.— Жол бойындағы арықтар толған қалақай, сарыбас; олар салат жасауға да, тұнба жасауға да, тағы немене жасауға болатынын сайтан білсін бе, бәріне де жарайды деп бізді сендіргенімен жол кезіп, қаңғып жүргеннен қарын тоқ болушы ма еді? Бұдан да бір жол мастерінің сыйыры болғанымыз жақсы еді,— ал біз болсақ, қала-

қайға көң болғаннан басқа ештемеміз қалмаған бір белгісіз пендеміз. Егер қалақайды кейін жейтін болсақ, онда сайтан алғыр, керісінше процесс болады. Ал енді, жолдас, кәне кухня есігін іздейік! Алаң болмай-ақ қойыңыз, біз сіздің овоштарыңызды ұрламаймыз; бізді шошқалар деп санағанымен де, басқа біреудің огородын тімтініп қопармаймыз.

— Оданда осы жерде отыра тұрыңыздар, мен барып сіздерге азын-аулақ тамақ тауып әкеп берейін.

— Біз есік қаққанда, кей кезде әйелдер қорыққаннан бажылдай бастайды; ал еркектер болса, бізді көре салып ызбарланып алады. Сайтан алғыр, жұмыссыз адамның жұрттың бәріне бірдей жаға беруі оп-оңай емес.

Манадан бері өне бойы кішкене жұмысшы сөйлеп отыр, ал ұзыны оны тек қостап қана қояды. Олар менің столымның басына кеп отырады да, өздерін-өздері еркін сезінеді. Олардың бет әлпеттеріндегі мүләйімдік кейіп жоғалып, көздері ойға шомған адамның бейнесін танытқандай болады. Олардың түрлерінен менің кім екенімді білгілері келіп отырғандарын түсінемін, өйткені үнемі менің қағаздарыма қарай береді.

— Өсиет жазып отырған жоқсыз ба? — дейді маған кенет кішкенесі.

— Олай деуге де болар, сірә,— деп күле жауап қатамын мен.

Ұзын бойлысы жолдасына еңкейеді де, аузын алақанымен қалқалап, құлағына бірдеме сыбырлайды.

— Түу сайтан алғыр! — деп кішкентай орнынан ұшып түрегелді.— Олай болса, саған сен деп сөйлескеніме кешір, бірақ міне партия билетім! — Ол қалтасынан әбден жұлмаланып, тозып біткен книжкасын суырады.— Рас, мен енді партия мүшесі болып есептелмеймін, қаңғырып жүрген адамның ешкімге керегі жоқ қой, бірақ бұрын партияда болғанмын. Ал менің шешем қазір де партияда бар; жасы жетпістен асып кетсе де, ол әрбір жексенбі сайын біздің газетімізді барлық этаждарға апарып береді. Мен үйге көрінуге тіпті қорқамын да,— мүшелік жарна төлемегендігім үшін шешей жақсылап тұрып сыбағамды береді. Бірақ осы сыяқты қаңғыбастан не аласың! Дегенмен де ол өз сенімдерін сақтай алады, солай емес пе, жолдас?

Сөйтіп ол қасындағы көңілдесін шынтағымен түртіп қалды.

— Өшір үніңді! — деп міңгірледі ұзын бойлы.

— Саған айтып қоюым керек, ол қаңғыбас Стау-

нингті¹ жақтайды. Ол Чемберлен мен Блюмге және сол топтың барлығына да сенеді. Ол Маннергеймге сатылып, борша боршасы шыға жаздап еді, бірақ амал не, зеңбірек жемтігін жыйнайтын қанды қасапқа олар оны жібермеді. Ол оларға тым күдікті болып көрінді, және олар бұл, сөз жоқ большевик, өздеріне бір қастық жасау үшін финдер жағына шығып кетуді көздеп жүр деп ойлады.

— Мұның бәрі өтірік,— дейді жүрексіне сөйлеген ұзын бойлы.

— А, солай ма? — деп таңданады да, кофе, едәуір бутербродтар салынған подносты әкеле жатқан менің әйелімді көре салып, кішкентай жұмысшы сөзін кенет доғара қояды.

— Бұл жай ғана құр қара бидайдың наны емес, бірдеме жағылған екен,— дейді ұзын бойлы жұмысшы, құнжыңдап, екі ұртына бірдей тыққыштап.

— Әзірше біздің Данияда нанға қабық қоса қойған жоқ, бірақ көп кешікпей әлі-ақ қоса бастар. Сізге өте ризамыз! Сенің ден саулығың үшін, жолдас! — дейді де кішкентай серігімен шашкесін соғыстырады.

— Бүгін біз үлкен хутордағы сарайда ұйқтап шықтық,— дейді ол маған.— Үйіңе түнет деп өтінгенімізде, бір шаруа бізді қуып шықты. «Енді біздің елімізде нағыз тәртіп орнаған; жұрттың бәрі де енді қаңғырмай, телмірмей жұмыс істеуі керек»,— деді ол кісімсіп. «Біз де жұмысқа құштар болып жүрген адамбыз»,— дедім мен. Бірақ шынтуайттап келгенде, бізге онда жұмыс жоқ болып шықты. Солай болған соң, тайып тұруымызға тура келді, бірақ батырактардың бірі артымыздан ұрланып келді де, сарайдың басқа бір жағынан кіретін жерін көрсетті. Мына қарашы, кулак өзін өзі басқаратын жергілікті басқармадан маргаринге талонды барлық қызметшілеріне арнап алады! Ал қызметшілері, дегенмен де, әлі күнге шейін құрғақ нан жейді. Олар бұған қапа болып, қожайыннан кетеміз деп қорқытты. Олар хутордан алынатын май бізге де жетеді деп есептеген еді. Қожайын май жайын естіген кезде, төбесінен жай түскендей болды, бірақ сонан соң барлығы да жайғасып кетті. Сенің ден саулығың үшін, жолдас! Біз-

¹ Стаунинг Теодор — социал-демократ, немістер басып алған кезде Данияда премьер-министр болып қалған. Соның нұсқауы бойынша коммунистерге және тағы басқа революциялық рухтағы адамдарға қара тізім жасалған. Осы тізімге Нексе де іліккен.

дің жұмысшы үкіметіміздің алдында баскиімді алып тұрайық!

Олар кетісімен-ақ іле-шала, біздікіне бір енгезердей жергілікті полицейский жетіп келді.

— Осында бір-екі сұм келді ме? — деді ызбарланған ол, қолын каскасына тиер-тимес қана жуықтатып.

Бұл жерден өтіп жатқан адамдар көп, сұм деп кімдерді айтып тұрғаныңыз маған түсініксіз.

— Менің кімді айтып тұрғанымды өте жақсы білесіз! Жұртты жол бойы кездіріп, қайыршылатып қоя алмаймыз. Енді жұмыс істеу керек.

— Әрине, текке болар? — деймін мен күліп.

Полицейский сол сәтте маған тап бергелі тұрған бульдог иті тәрізденіп кетеді, сонан соң ол теріс айналады да, аула есігінен шығып жоқ болады. Жол үстінде ол бірдемеге ойланғандай болып біраз тұрады да, сонан соң велосипедке қарғып мініп, әлгі екі жұмыссыздың кеткен жағына қарай зырлай жөнеледі... Бет әлпеті бульдог иті тәрізді бұл сыяқты әскери адамдарды мен дүниежүзілік бірінші соғысқа шейін ескі Пруссиядан кездестірген едім.

Тап бір қас қылғандай-ақ, бүгін қайдағы-жайдағы кеп килігіп, жұмысымның берекесі болмай қойды. Қолыма қарындаш алып бірнеше жол жаза бастауым-ақ мұң екен, тарс етіп аула есігі қайта ашылады. Қоршау түбіндегі бұтаның арасынан шашын жел қобыратқан, беті күнге күйіп тотыққан адамның басы көрінеді, сонан соң оның бұлшық етті екі жалаңаш қолы мен локомотивтің поншиндары тәрізді жұмыс істеп келе жатқан тізелері көрінеді. Ол адам бейнебір менің үстімнен басып өткісі келгендей-ақ, бұрышты кесіп өтіп, тура қарсы алдыма келеді де, секіріп түсіп, әртүрлі нәрселер артылған велосипедін бір жағына қарай тастай береді.

— Аман ба, ал енді және қош бол! — деді ол менің қолымды қатты қысып.

Бұл адам маған әрқашан да әрі қуатты, әрі батыл болып көрінетін еді; сірә, ішқапа болғандықтан болу керек, енді ол жігер-қайраттың кейпі сыяқты. Менің басыма: егер бұл өзіне өзі ерік беріп, барлық дүниені тас-талқан ете бастаса, не болар еді? — деген ой еріксіз келеді.

Мен бұл адамды көптен білемін, ол өзі маған әрқашан да ұнайтын еді; бұл күнде мен одан аздап бой тартамын. Ол жылдан астам жұмыссыз жүр, Роскилле шығанағынан балық аулап, жұмыссыздарға берілетін жәрдем демеу боп,

семьясымен бірге қалт-құлт етіп күнін әзер көреді. Бірақ ол жәрдемнің мардымсыздығы сонша, тіпті адамша өмір де сүргізбейді, кеудеңнен жаныңды да шығармайды, өне бойы құлдырап төмендей беру оны әбден зәрезеп қылды.

— Міне өстіп бірте-бірте құлдырай бересің,— деп түсіндіреді ол,— жан-жағыңа қарап та үлгірместен шыңырау түбіне барып қаласың да, содан қайтып ешуақытта көтеріле алмайсың.

Енді ол Қан институтына қанын тапсыру үшін Копенгагенға кетіп барады. Онда бір литр қанға жыйырма бес крон төлейді деп естіген. Қан тамырларын адырайту үшін енді ол әлуетті жалаңаш қолын шынтағынан бүгіп отырады. Бұл ақшаға ол көнетоз матрос киімін сатып алып, сонан соң Балтық теңізінде жүзетін пароходқа жұмысқа кірмекші.

— Қазір бұдан басқа ылаж жоқ. Тек әйтеуір сонда жету керек, ал сонан соң одан да қашып шығуға болады, егер керек бола қалса, тағы бір пароходтан қашамын. Егер осының барлығы сәтімен орындалса, шекарадан товар ұрлап өткізіп кәсіп жасайтын жерге де жетуге болады,— олай болса, жолым болды деп есептей бер: онда кочегардың өзі айына мың крон, тіпті одан да көп алып тұрады. Әрине, істің өзі әрқыйлы болып кетуі кәдік; бірақ, мүмкін, оған бақыт орнап қалар? Мен соның барлығына да дайынмын,— деді ол маңыздана күлімсіреп.— Менің әйелім мен балам — сенің қызың сыяқты тамаша бір қызым бар ғой. Бақытты неге мен де бір байқап көрмейін? Олар ешуақытта да ашығып көрген емес, мен соған мақтанамын, түсінесің бе? Олар үшін мен қылмысқа ұрынуға да бармын, талай рет сол қылмысқа жуық та жүргенмін. Төрт-бес мың крон ақша табуға ретім келген кезде, мен өзіме арендаға кішкене участок аламын. Сонда менің семьям бір жапырақ нанмен үнемі қамтамасыз болып отырады.

Оның жоспары маған тіпті қыйсынсыз, нақұрыстық дерлік жоспар сыяқты болып көрінеді. Ал оны айнытуға менің батылым жетпейді. Данияда да, көрші елдерде де жұрт түгелімен есі шығулы емес пе,— ешбір шара жоқ сыяқты болып көрініп тұрған кезде, ақыл айтып жол көрсету жауапкершілігін кім мойнына ала қояр дейсің? Тек осы сыяқты адамдардың ғана жеңіп шығуы да мүмкін!

Бұдан да, сірә, үйге кіргенім дұрыс болар, мұнда, бақ ішінде, жұмыстың ешбір берекесі болатын емес. Күндіз ылғый да жұмыс көп болады. Еңалдымен райхан гүлдерім-

ді қоректендіру үшін жылқының біраз жас құмағын жыйнауым керек, жол үстінде, шымтезек тасыйтын атты арбалардың соңында құмақ әрқашанда көп қалады. Бұрын біздің жанымыздан минут сайын автомобильдер ағылып өтіп жататын еді, енді жол үстінде қайтадан аттылар қаптап кететін болды; асфальт үстінде ат тағаларының іздері көрінеді. Таға ырыстың ырымы, ал шымтезек, сөз жоқ, талайды ақшаға қарқ қылды ғой. Бірақ бұл шымтезекті алатындарды, яғни, қала кедейлерін, құдайдың өзі жарылқасын да. Бұл қыста жұртқа аяз қымбатқа түсетін болар. Біреуге ырыс, біреуге сор — бұл мақалды Данияда бүгінгі күннің ұраны деуге де болатын еді.

— Я, бұл соғыстан бізге де бір сыйбаға тиіп қалар, — дейді шаруа, (сірә, жылқының жас құмағын мегзейтін болса керек) шымтезек тиелген көлік арбаның үстінде отырып, бір минутке атын тоқтатып. — Бірақ бұл жолы біз қанша жарый қоярмыз дейсін. Сіз қалай ойлайсыз, жазушы? Дүниеде не болып жатқанын басқа жұрттан гөрі сіз жақсырақ білесіз ғой.

— Сіз солай ойлайсыз ба? Осы жуырда ғана мен қандай да болсын бір мәселе жөнінде пікір айту еркінен айрылған жоқ па едім. Сендер менің кітаптарымды өртеп жібергенсіңдер. Ал кейбіреулерің, алған бағытымды жақтырмай, мені тіпті ату керек деп білдіңдер.

— Қойыңыз, өйтіп іс насырға шаба қойған жоқ еді ғой. Ал қазір жаңа өкіметтер біздің қолымыздағы барлық қаруды тартып алып қойды.

Бұл сөзді айтқанда шаруаның көзі ерекше жайнап кетті.

— Сендердің маған деген қастықтарыңды іске асырмас үшін жасалған әрекет қой ол, — деймін мен.


Ол сыншыдай баға қарайды маған.

— Қой, мұны олар қай бір жанашыр сезіммен істеді ғой дейсіз! Дегенмен бар ғой, жазушы, бәрі де оңдалады әлі, оңдалуға тиісті. Тек әйтеуір бізге, шаруаларға да, бірдеме тисе екен десеңізші!

— Шымтезек сатып жүрсіңдер ғой.


— Бұдан не түсер дейсіз! Бағасы кокспен бірдей болса бір сәрі.


Шаруа атын ашумен айдап, орнынан қозғалады. Сәл қашықтай беріп, ол артына қайрылып бұрылады да, қамшысын жоғары көтеріп, дегенмен, маған ізет етеді.



Бірінші Солім

„МЕСІЗ ЕМ“





I

Оралу

Бұл сапар Мортеннің шетелде тым ұзақ жүргені сонша, достымның елін де бір еске алатын уақыты болып қалды-ау деп, тіпті, Пелле де тықыршый бастады. Эллен бұл сөзді баяғыдан айтып келеді. «Барлық ауыр салмақты саған жүктеп кетті»,— дейді де отырады. Пелле үнемі досын ақтаумен болады: Мортен ешқашанда кооперативтік мастерскойдың жұмысына жан сала кірісе қоймайтын және оның ісін қадағалап бақылап отыруға да міндетті емес-ті, өйткені ол қарт кітапханашыдан қалған мұраның өзіне тиісті бөлегінен, шетелге кетпестен бұрын-ақ, әлдеқашан бас тартқан болатын. Бірақ енді істің осындай берекесі кетіп тұрған кезде, Мортеннің болмағанына, дегенмен, Пелле де өкінейін деді. Рас, оның да шаруаға тұтқырлығы шамалы еді, солай бола тұрса да, онымен кәдімгідей ақылдасып, жөн сұрау — әрқашанда өте пайдалы болатын.

Ал, шынында да істің қыюы қашып тұр еді. Кооперативтік қозғалыс жұмысшылар арасына тамыр жайғанмен, тұтынушылар одақтарын ұйымдастырғаннан басқа түк бітіре алмады. Жұмысшыларды, өндірісті де, қалың бұқараға қажетті нәрселердің барлығын бөліп тұруды да өз мойындарына алатындай етіп ұйымдастырсам екен деген Пелленің зор мақсатынан, қаланың әр жеріндегі жақсылы-жаманды дұрыс сауда жүргізіп тұрған кооперативтік ұсақ-бөлшек дүкендерден басқа жөнді ештеме де қалған жоқ. Олар бірнеше ұсақ қожасымақтарды ығыстырып тастап, солар арқылы өздеріне дұшпан көбейтіп алды. Оған масаттанатын түк те жоқ. Ірі саудагерлер мен фабриканттардың абыржымауына болатын еді. Өйткені тұтынушылар одақтары тек қана бір болымсыз проценттерден тырнақтап қаржы

жыйып, жыл аяғында кооператив мүшелеріне бөліп беретін — бар бітіретіндері сол болатын! Пелленің ойынша күннен-күнге үдей түсуге тиісті қозғалыс тоқырап, бір орнында тұрып қалды: бір кезде өмірге өздерінің алып келген аса зор жұмысшы армиясы, күйіс қайыратын малдың керенау табынына айналып кетті. Осы бір теңеуге Пелле өзін-өзі іштей күстаналады; бірақ басқарманың да, жұмысшылардың да, барлық мекемелерді де, Пелленің өзін де керексіз қып тағдыр текпісіне тастап кеткеніне оның барған сайын көзі жете түсті.

Елге қайта гөр деп өтініп Мортенге хат жазуға тәкаппарлығы ұстап тартыншақтай берсе де, ол басқа түскен қыйыншылықты хат жазған сайын анығырақ, ашығырақ етіп жаза бастады. Одан арғы жайды, жолдас қой, не істейім десе де Мортеннің өзі біле жатар деп ойлады.

Мортен екі жылға тарта жүрді. Ол Италия мен Испанияда болып, Гибралтар бұғазынан Мароккаға қарай бет алды. Кәдімгі жұрт жүріп жататын жолдың бағытымен жүрмей, көбінесе жаяу жүрді; қай жерге барса да қарапайым халықпен бірге болды. Осындай ел кезіп, қаңғып жүрген жағдайда туған елмен үздіксіз байланыс жасап отыру да оған оңайға соқпады. Даниядағы провинциялық газеттерге жол-жөнекей очерктер жазумен күнін көрді, бірақ сол мардымсыз қаламақының өзі уақытылы қолға тие қоймай, көп кешігіп келіп жүрді, редакциялар да ақшаны уақытылы жіберіп отырмады, жіберген ақшалары көбінесе Мортен бір жерден екінші жерге жүріп кеткеннен кейін барып келетін болды. Артынан қуа жіберіп отырудың да жөнді нәтижесі болмады: түстікте почта жұмысты өте нашар істеді.

Бірақ қарапайым халықтың меймандостық ниеті шексіз болды, әсіресе оны Испанияда өте жақсы қарсы алды. Кез келе кеткен лашықтың есігін қағып: арып-ашып, шаршап келе жатқан жан едім, ақшам да жоқ еді деп, жай-күйің айтса болғаны, аузындағы нанын жырып беріп, баспаналарын да аямады. Осына бір танымайтын, білмейтін жат адамдардың жайдары жарқын жүзі Мортенге әлдеқандай бір жаңалықтың, игіліктің айғағындай көрінді де: «Ақшасы барлар — алыңдар, ақшасы жоқтар — аулақ жүріңдер» деген адам естігісіз ант атқан ұранның уысында отырса да, адамгершілікті айтып мақтанатын өз елінің бетін, тіпті, енді қайтып көргісі де келмей кетті. Не нәрсенің болса да ақша тіліне аударылып, ақша әмірі жүріп тұрған қазіргі

өндірістік қалалардан алыс та оқшау кезген осына бір өмірден Мортен рақат жай тапқандай болды, теңіз толқынында жүзіп, ескен желдей еркін өмір сүрді, ұсақ жер иеленушілер мен батырактардың тау арасында болған революциялық жыйналыстарына қатысып, өзі білмейтін жаңа кейіптес адамдармен танысты. Жерден өндірген өнімнің барлығын Мадридте немесе Парижде тұратын помещиктері алып қойып, аузы айрандай боп отырған осы бір еңбекші сорлылар Данияның ауыл жұмысшылары мен қала жұмысшыларына қарағанда мүлде өзгеше жандар еді. Испан батырактары — кымс е, се ереуілге даяр отыратын революциялық рухтағы жандар, тұрмыстан таяқ жеп, ауыр өмір сүрсе де, күлсе бірге күліп, жыласа бірге жылайтын достық ниеттестікті жоғары бағалайды. Олардың келешекте қанаушылар мен ұсақ эгоизмнен құтыламыз деген бұлжымас сенімі қайрат беріп, Испан кедейлерінің азапты өмірі өздерін жүнжітіп жібермей, қайта олардың қанаушыларға деген өшпенділігін өршіте түскеніне Мортеннің көзі қуана-қуана жетті. Мортен бала күнінде, жас шағында, аңсаған арманын өз көзімен көрді: бұл жерде, ауыр жағдайда өмір сүрсе де, жүрек дегеніңіз жібіместей қайрымсыз қара тас емес, елжіреген ет жүрек, ересек адамдар балаға қол тигізудің өзін құдайға күпірлік деп біледі. Семья басының ауыр жұмыстан кейін кабакка барып, арақ ішіп, үйдегі қатын-баласының қал-жайын бұрынғысынан бетер нашарлатып, жоқшылықтың тақсіретін таттыра түсу — бұл жерде сирегірек кездеседі. Мұндағы еңбек өмірі адамның ең тәуір, ең қымбатты, жарқын қасиеттерін көлегейлеп тастамай, қайта сол қасиетті жарқырата түседі. Жаңа қоғамдық құрылысты жүзеге асыру жөніндегі Мортеннің сенімі бұрынғыдан да күшейе түсті. Бұл сыяқты адамдармен жаңа дүние орнатуға әбден болады! Ол өзін осы қарапайым адамдардың ішінде бір түрлі рақат еркіндікте сезінді де, Пелленің қайта-қайта шақырып жазған хаттарын елеусіз қалдырды, Елде жүргенде болымсыз тыйын-тебен үшін үнемі редакциялармен қырқысып, адамның қызыл қан түйіршіктерін ішетін, аңсаған болашақ арманын кесетін кедейлікпен күресуіне тура келеді, — міне осының барлығы әсіресе Пелленің мекемесі Мортенге енді оқшау бір жай сыяқты болып көрінді. Бұл жерде ол күн көзіне қыздырынып, ауру өкпесін емдеп қайтадан әлдене түсетінін сүйсіне сезінді.

Мортен тау арасындағы кішкентай деревняларда, былайша айтқанда, қолдан-қолға тимей жүріп, бір күні қа-

шыр жеккен керуенмен ілесіп, теңіз жағасына жетті. Малагаға жеткенде оның өмір шындығымен шындап бетпе-бет келуіне тура келді. Мортенде ақша жоқ еді, ал бұл халық аралық орталық портты қалада ақша дегеніңіз керек бола қалды. Ол қала сыртындағы апельсин бағына түнеп шығып, таңертең аш күйі, беті-қолын да шаймастан, өйтіп-бүйтіп бір жерге жайғасайын деген үмітпен портқа келді. Пристаньда¹ Дания кемесі тұр екен, Мортен жерлестерін көрмек боп палубаға көтерілді.

— Өзіңіз бір жолыңыз болған жігіт екенсіз,— деді капитан,— менде сізге деген төбе-төбе почта жатыр.

Почтаның дені Мортеннің жол-жөнекей очерктері басылған газеттер болғанмен, көптеген хаттар да бар екен, сол хаттардың бірінде жүз крон ақшаның чегі де жүр. Бұл төбе-төбе боп үйілген хат-қатынастардың барлығы да Севильядан шығар алдында экипаж арқылы жөнелтілетін хат-хабарлармен бірге консулдан алынған еді. Міне, енді Мортеннің корреспонденциясы бүкіл Жерорта теңізін айналып өтіп, Мортеннің өзі де болып көрмеген жерлерді кезіп, тіпті, Греция мен Алжирлерді де аралап келді. Кеме Гамбургке бет алды да, одан шыға салып Гульеге қарай ойысты. Гамбург пен Копенгагеннің арасы қол ұсыным жер болғандықтан Мортенді барам деген жеріне жеткізе кетуге капитанның ықыласы түсті.

— Тек экипажымды бүлдіріп жүрмеңіз, мен сіздің социалист екеніңізді білемін ғой,— деді ол.

Гамбург вокзалында Копенгагенге билет алғалы тұрған Мортен, бірден айнып, билетті Берлинге алды: онда жазған мақалалары үшін алатын бірнеше жүздеген маркасы да бар еді, соларды өзімнің барып алғаным да жөн болар деп ойлады. Ол бұрын да бірнеше рет келіп-кетіп, бағдарлай қарап жүргендіктен бұл астана қаланың жайын жақсы білетін еді, оған бұл қаланың спартаи өміріндей қатал да қытымыр өмірі мен саналы, байсалды жұмысшылары қатты ұнайтын, бұл қала Мортенге дүниежүзілік мәдениеттің орталығындай болып көрінетін. Берлинде қайнаған өмірге бірден араласып кетесің, онда алуан түрлі идеологиялық бағыттар тоғысы болады. Өзінің кішкене Даниясына бір жола оралар алдында рухани азығын байыта түсу үшін Мортеннің Берлинді тағы да бір көре кеткісі келді.

Бірақ Берлинге келгеннен кейін, ол бұл қаланы тастап

¹ Пристань — кеме тоқтайтын жер.

кете алмады. Германияда бұрын-соңды болып көрмеген ерекше бір жайсыз дүрлігудің сыбысы күні бұрын шыға қалды да, сонымен Мортеннің қайткен күнде де танысуы керек болды. Берлиннен шыққан ол, өз ойынша, бұлт айналған қалың нөсердің түнере түсіп жатқан жері,— Венаға келді. Бұл жердегі жұрт та сол дүрлігуден қатты ығыр болған еді. Күнделікті газет хабарына сенген датчандар жайбараттыққа салынып, кейбірі Жоғарғы халық мектебімен шұғылданып, кейбірі көңілді кабактарды аралаудан қолы тимей, шет мемлекеттердің арасындағы ұрыс-қағыс, даушардың себебін түсінбей, мұны өз алдына бір дипломатиялық комедия деп есептейтін болса керек. Біресе Россия Австро-Венгриямен, біресе Германия Франциямен жоқтан өзгеге жанжалдасып бірін-бірі қорқытып, қоразданып жатады, датчандарға: ұлы мемлекеттер тауықтың қоразындай ауық-ауық қауырсындарын күдірейте соғыс дауылын ұйтқытып, сонан соң қайтадан түк көрмегендей болып, жер тырналап мекиендерін шақырып отырмаса болмайтын сыяқты боп көрінетін.

Венадағы жайдың өзі қыйын еді. Жұрттың үрейі ұшып, қала жартылай соғыс жағдайында болды. Патшалық Россия Австра-Венгрия шекарасының маңынан маневрлер жасамақшы болып, сол жерде жылдан астам уақыт едәуір әскер ұстады да, «сорлы» Австро-Венгрияны мобилизация жасауына мәжбүр етті, бірақ Австро-Венгрияның бұған да дәрмені келмеді. Венадан Мортен Дунай бойын құлдыйлай отырып Будапештке бармақшы болып еді, бірақ «Вена жұмысшы газетіндегі» жора-жолдастары басқадай ақыл берді: шпиондардан қауіптенген жұрт қай жерде болса да тексерісті күшейткен, барлық көпірлер әскери адамдармен күзетүлі болатын. Австрия осы бір дүрбелеңнен құтылу үшін жақын арада Россияға соғыс жариялауға мәжбүр болармыз деп есептеді. Басқа мемлекеттің адамы болғандықтан Мортенге Венада жүрудің өзі қауіп болды.

Берлинде мұнан гөрі тыныш еді. Мортен Савинья алаңының маңындағы студенттік арзан кварталға түсті. Бұл аймақта жүздеген жапон студенттері тұратын; олардың бейнебір машинадан шыққандай бір-бірінен айнымайтын кішкентай жылпос денелері көрінген жерден кездесе кететін. Міне, енді бір күні, солардың бәрі де ойламаған жерден жоқ болды да шықты,— бәрі де өз еліне кетіп қалыпты. Жергілікті баспасөз мұны өте бір жайсыз жағдай деп біліп, жапондықтардың кетуіне мүмкіндік жасадыңдар деп

өкіметті кіналады. Олардың барлығы да көрнекті жапондықтардың балалары еді, егер соғыс бола қалып Япония жау жаққа шығып кеткендей күн болса, кепілдегі адам ретінде тұтқын болып қала беретін еді.

Бұл жерде де дүбір күшті еді. Ешкімнің ештемеге көзі жетпегендіктен, алып қашты, өсек-аяң сөздер өрбіп тұрған; дауылды нөсер алдындағыдай жұрттың барлығы да қобалжу үстінде еді. Азын-аулақ сақтаған тыйын-тебендері бар көптеген адамдар, елдің алып қашты сөзіне еріп, ақшаларын іске асырып қалуға жанталасты да, акцияларын базарға шығарып, жарты бағасына сатып, ақшаларын банкаға апарып салды, сонан соң оны банкадан кенет қайтадан қайтып алып, шұлықтарының ішіне тығып, немесе қолтықтарына қысып алып жүретін болды. Үй шауып кету мен түнде жүрген жалғыз-жарым адамды тонау көбейіп кетті; биржа акулаларының аранынан аман қалған нәрселердің барлығын да үй тонаушылар мен қарақшылар қоймайтын болды. Мортен жатқан үйдің хозыякасы Мортенге жасырын ғана: барлы-жоқты байлығымның барлығы — он сегіз мың маркалды, өз бойымда сақтап жүр едім, сонымды біреу-міреу тонап алып қоя ма деп, үйден де шыға алмаймын дегенді айтты.

— Бұрынғы қожамның хал-жайын барып біліп келгенімше, сол ақшамды сіз алып сақтап берсеңіз қайтеді? — деді ол.

Мортен: — Маған тастағанша сейфке салып кеткенің жөн ғой, — деп ақыл беріп еді, бірақ оның банкалар мен сақтық кассаларына сенімі қандай аз болса, сейфке де сенімі сондай аз еді.

— Мен сізге сеніп бағам! Қынама белдігімнің ілмегін ағытысып, өзіңізді өзіңіз сыпайы да сүйкімді ұстап жүргеннен бермен қарай, мен сізге қатты сенем!

Бұл бір соқыр сенімге Мортен рождество мейрамының қарсаңында қолы жеткен еді. Мортен бір жерде қонақта болып түнде тым кеш қайтып келсе, неміс әйелі юбкешең бел-қынамасымен ғана Мортенді күтіп отыр екен. Қожасының үйінен лықыя тойған әйел, қатты тартып байлап тастаған бел-қынамасын шеше алмапты.

— Ой, қалайша тым кеш қайттыңыз, — деді әйел назданып. — Сізден басқа көрші-қолаңның барлығы да баяғыда үйлеріне келді, көмекке ешқайсысын шақырғаным жоқ. Бұл түстіктің адамдары барып тұрған көрсе кызарлар емес пе! Жалаңаш тәнді көрсе, тұра бас салып сүйеді

Дәттері шыдамайды, сонан соң өзің де шыдай алмай кетесің! Ал сіздер терістіктің адамы көрсе қызар емес, байсалды келесіздер. Менің бұрынғы ерім де салмақты... жоқ айтпақшы, ол қазір салмақты.

— Ұзақ жылдар бойына сенімді қызмет атқарғаны үшін бұл он сегіз мың марканы өзінің «бұрынғы күйеуі» — бір генералдың сыйлыққа бергенін әйел жасырған жоқ.

— Я, ол болса қазір шал, буын-буынын сарсу алып, соры қайнап жүрген адам. Бірақ ол егер соғыс бола қалса, мен де соғысқа барамын деп жүр. Германия соғыссыз отыра алмайды, біз тым момақансып барамыз. Ал халық болса, қан төгуге құмар, жұмысшылар әбден жан кешті, өлермен болып алған, тек көтеріліс жасап, күннен-күнге талапты күшейте беруді ғана біледі дейді ол. Я қазір енді оның өзі де әбден өлермен болып алған, соғыс десе, одан өлермен жан жоқ. Бірақ маған келгенде барып тұрған бір нәзік, момын шал.

Қолындағы бар қаражатын бойында сақтап жүрген тек бұл әйел ғана емес еді. Бойжетіп отырған қыздарына жасау әзірлеу үшін немесе әскери міндетін атқарып келетін ұлдарына киім-кешек дайындау үшін аз ғана ақша қағыстырам деп өзі де тойып тамақ іше алмай, семьяларын да жарытпай отырған немістердің ойда жоқ жерден неміс мекемелерінің беріктігіне сенімдері кете бастады. Осы сенімсіздіктің салдарынан ақша мекемелерінің жағдайы нашарлап кетті, тіпті, айта берсеңіз, сыра қайнататын ірі-ірі заводтардың өздері де әлсірейін деді. Сыра дегенде жанын салатын сырақұмарлар да төрт-бес кружкамен қанағаттанып қалатын болды. Кеш сайын кантштрассе сыраханасындағы қыдырмалар столында отырып, бір ішкенде он бес-жыйырма кружканы бірдей сіміретін «Форвертс» тың жергілікті редакторы жуан қарын Сикорский де, енді сол ішкенінің жартысындай ғана ішетін болды.

— Заман тарылып барады ғой, — деп ақталатын еді ол.

— Тек, байқаңыз, мұншама кем ішуді бүйрегіңіз көтере алмай жүрмесін! — деп сақтандыратын еді оған қалжыңдап, театр рецензеті Винтерштейн.

Мортеннің Берлинге бұдан екі жыл бұрын келгендегісіне қарағанда, қазір қыдырмалар столында отыратын жұрт едеуір сиреп қалыпты. Қазір бір топ өңшең «бетке шығарлар» ғана: «Форверст» тың біраз қызметкерлері мен көрінген нәрсені жамандап, балағаттаумен атақтары шыққан «Фоссише», «Тагеблатт» сыяқты либерал газеттер-

дің біраз әдебиетшілері және «Каммершпиле» театрының, біраз актерлері ғана отыратын болған.

Қыдырмалар столының басында айтылатын әңгіменің әуені де өзгеріпті. Байыбына бармай, көрінген нәрсені балағаттай бермейтін болыпты; бұрын мазақ болып жүрген нәрселердің көпшілігі енді аяулы да ардақты бола қалыпты. «Герман халқы — құдайдың артық жаратқан халқы» деген сөзге де жұрт бұрынғыдай күлуді қойыпты. Мортен бір күні осы сөзді айтқанда, оның дауысындағы кекетінді сылтыңды аңғармай отырған жұрт қолдарындағы кружкасын мейірлене көтерісті. Тіпті кайзердің саяхаты да әдеуір келелі әңгіме болды. Жұрттың көзқарасы қалайша мұншалық өзгеріп кете қойды екен? Мүмкін, әлде, немістің еркін ойына да империализм ұялай бастады ма екен?

Бір күні Мортен доктор Франк-Маннгейммен, Эдуард Бернштейнмен¹ бірге Потсдам алаңындағы Иости ресторанында социал-демократ басшыларының қыдырмалар столында отырды. Бернштейн ұлы мемлекеттердің арасында қыстырылып отырған кішкене елдерге соқтықты, олар өсіп-өркендеп, алға басуға кесірін тигізеді, өздерінің жер бетінде өмір сүріп отыруға да ешқандай қақыларының жоқ екеніне қарамастан, өздеріне ерекше назар аударуды талап етеді дегенді айтты.

— Швейцария, Дания, тіпті, айта берсеңіз, мынау жүз мың ғана халқы бар Исландиялықтардың өзі де әр қайсымызға өз алдына жеке ұлт есебінде қараңдар дейді! Ұсақ мемлекетке көмек көрсету — регреспен тең! Ұсақ ұлттардың өмір сүруге қақысы жоқ!

Мортен әуелі не дерін білмей, абыржып қалды, сонан соң оқыс тұтанды... Сайтан атқыр, күш саясатын енді социал-демократтар да уағыздай бастағаны ма?!

— Сіздер, немістер бар ғой, сол кішкентай Швейцариямен бір тілде сөйлейтіндеріңізге қуаныңыздар,— деді ол бетің бар, жүзің бар демей.— Әйтпесе, неміс тілінде бірдебір жөнді кітап болмаған болар еді! Ал Норвегияға келетін болсақ, оның мәдениеті қазір сіздің құдіретті Германияңыздың мәдениетінен әлдеқайда асып кетті; айта берсеңіз, ат төбеліндей Исландия халқының өзі, барлық халқы немістің бір кішкентай провинциялық қаласының халқынан да аз бола тұрса да, Европа мәдениетіне сіздерден гөрі.

¹ Герман социал-демократтары, ревизионизмнің басшылары.

сіздердің алпыс бес миллион халықтарыңыздан гөрі, әлдеқайда көбірек үлес қосып отыр.

— Жарқыным-ау, мәдениет дегенің не, соныңды айтшы осы! — деді кекетіп Бернштейн. — Азын-аулақ кітап пен картиналарды, некен-саяқ скульптураны айтасың! Сонымен де халықты қанағаттандыруға бола ма?

Доктор Франк-Маннгейм дауға араласпай, тек күліп қана отыра берді. Бірақ Мортеннің әңгімеге оны да тартқысы келді: өйткені ол Бернштейнге қарағанда әлдеқайда дарынды адам еді және оның келешекте герман жұмысшы партиясының көсемі болатынын бірсыпыра жұрт аңдап та қалғандай еді.

— Сіздер, неміс жұмысшыларының басшылары, қалайша империалист болып барасыздар? — деп сұрады Мортен.

— Айта көрмеңіз! — деп кесе жауап қатты доктор Франк.

— Бірақ, көп жай соны аңғартады! Мен сондықтан да бұларыңыз қалай деп сұрап отырмын.

— Жарайды, солай-ақ болсын, біз империалист болып бара жатқан болайық! Ойбай-ау, неміс жұмысшылары продукцияны былайша айтқанда, тақыр жерде беріп отырған жоқ па! Олардың сол продукциясын сату үшін базармен қамтамасыз ету — тікелей біздің міндетіміз емес пе.

— Сіздердің базарларыңыз онсыз да жетіп жатыр. Мен болған жердің барлығында: Италияда да, Испанияда да, Мароккода да, қай жерді алсаңыз да, базарда неміс өнеркәсібінің продукциясы сыймай тұр.

Доктор Франк бұл мәселені талқыға салып, тәжікелесіп отыруды жақтырмаған адамдай, бетін тыржыйтты.

— Біздің продукциямызды тағы да ығыстырып тастауы мүмкін. Сондықтан да біз экспортымызды саяси күшжігермен нығайтып отыруымыз керек. Егер соғыс бола қалса...

Ол сөзін аяқтамады, сол сәтте Мортеннің Берлиндегі әдебиет төңірегінде жүріп танысқан белгілі Пруссия помещик-мецанаты келіп амандасты.

— А-а, сіздер мұнда Израил әулетімен әңгімелесіп отыр екенсіздер ғой? — деді ол сөзін бөле сөйлеп, Мортеннің иығынан қағып.

Бұл сөзде өзі кішкентай Бернштейннің одан арман кішірейіп кеткені Мортенді таңдандырған жоқ, оны таңдан-

дырған, әсіресе, доктор Франктың да денесін құрыстырып, түк білмеген кісіше, сыр бермегенсіп, жалған күлкіге айналдырып: — Я бұл рейхсдагтың атақты мүшелері болған, сол өзінің еврейлігін айтып мақтанатының дәл өзі! — деген сөзі болды.

Мортен Германияның ірі-ірі қалаларында болып, онда өз үйінде жүргендей сезінді. Неміс жұмысшылары да Дания жұмысшылары тәрізді екен. Бұларда да сол бір қарапайым ардақты мақсат пен сол бір баяғы қайғы-қасірет, қуаныш бар екен, жолдастық тығыз байланыс бар екен. Неміс интеллигенциясының айырмашылығы көп екен. Мұнда өзінің жеке басының атақ-даңқын шығарамын деп алдамшы нәрселермен айналысып жүрген интеллигенция жоқтың қасы көрінеді. Өздерінің жеке көзқарастарын айта алмайтын көбісі бұйығы келеді екен, егер кейбіреулерінің білімі көп бола тұрса да, соның өзін игілікке зорға асыра алады екен. Мортен қандай көзқарастарының бар екенін сұрағанда олар көбінесе «біздер, немістер, былай деп ойлаймыз...» дейді де отырады. Бірақ өздері өте білімді. Мортенді неміс интеллигенциясының міне осы білім қоры қатты қызықтырды: Мортен сыяқты кітаптан гөрі өмірді көп білетін адамның, солармен көбірек әңгімелескісі келді.

Я, ол өзін бұл жерде өте жақсы жайда сезінді, оны үнемі Германия тартты да тұрды, әсіресе, Берлин мен Мюнхенге аңсары ауып тұратын болды. Бірақ енді қазір көп нәрсе өзгеріп кеткен сыяқты. Бұрынғы прусс реакциясы тәрізді айыпты, кіналы нәрселердің барлығы да қазір жұрттың бәріне бірдей ортақ іс болып алған тәрізді. Соғыс флотына жұрт енді келемеж етіп күлмейтін болыпты, қайта оны масаттана, мақтана әңгіме етіседі; ал баяғыда «Пруссиялық» боп аталып кеткен милитаризм¹ рухын алатын болсақ, қазір, тіпті, айта берсеңіз, сол рух либералдар мен жұмысшылар төңірегіне де қайта пайда бола бастағанға ұқсайды.

Мортеннің ойынша ақылсыздар құралы болып есептелетін антисемитизм² бұл жерде дәуірлеп-ақ тұр. Данияда мұндай мәселемен ешқандай жұмысы болып көрмеген Мортен, бұл мәселеге келгенде қайта-қайта тұйыққа тіреліп қала берді; бұл жерде осы мәселеге аяқ басқан сайын кездесіп отырды. Мортеннің алғашқы кітаптары неміс тілі-

¹ Соғысқұмарлық, соғыскерлік саясат.

² Еврейлерге қарсы ағым.

не аударылған еді, бір күні ол өзінің шығармаларын басып шығармақшы болған ірі лейпциг кітап басушысынан хат алды. Кітап басушы Рюген аралында демалып жатыр екен; сол кезде Борнхольмде тұратын Мортен, неміс туристерін әкелу үшін Засницке кетіп бара жатқан кішкене Борнхольм кемесіне мініп, кітап басушыға жөнелді. Кітап басушы Мортенді пристань басында күтіп алып, мейманханасына әкеліп, оның шығармалары жөнінде көптеген мақтау, дәріптеу сөздер айтты. Мортеннің бұл шығармалары пролетариат жөнінде жазылғандықтан Данияда көзге аса іліне қоймаған еді. Кітап басушы әңгімелесіп отырып, кенет:

— Сіз еврейсіз бе? — деп сұрады.

Мортен тіпті селк етіп, шошып кетті; өзінің шашы ақсары болса да, осы бір сұрақты ол кейініректе де бірнеше рет естіді.

— Жоқ, мен білсем өзім еврей емеспін, — деп жауап қатты ол таңданған пішінмен. — Бірақ құдайтағаланың алдында бәріміз де бірдей емеспіз бе?

Кітап басушы Мортенге жабырқау пішінде, салқын ғана күлімсірегендей болып көрінді.

— Сіздерде, Данияда, еврейлер көп пе? — деп сұрады ол.

— Еврейлер ме? Еврейлер дейсіз бе? — Мортен бұрын-соңды мұндай сұрақпен ешқандай ісі болып көрмеген еді және тіпті бұл мәселені түсінбейтін де. — Сірә, бізде еврейлер атымен жоқ-ау деймін осы, — деді ол сасып қалып.

Кітап басушы күліп жіберді:

— Сірә, сіздің, бізде еврей мәселесі жоқ дегіңіз келген болар! Әйтпесе, еврейлер сіздерде қайткен күнде де бар болу керек, олар барлық жерде де бар. Өзіңіз сезіп те отырған шығарсыз, мен өзім де евреймін.

— Оның несін айтасыз маған? — деді Мортен таңданып. — Сіз маған эскимос едім, немесе грек едім деп өмірінше айтпассыз?

— Ол өз алдына ғой, — деді кітап басушы мақтанып. — Біз еврейлер — жер тұздығымыз!

«Әр халық өздерін солаймын деп есептейді-ау», — деп ойлады Мортен ішінен, бірақ үндеген жоқ.

Екеуі стол басына кеп отырғанда, Мортен: «Anwesenheit der Juden am Haupttisch unerwünscht»¹ деген жазуы

¹ Көпшілік отыратын столдарға еврейлердің отырғаны жөн (немісше),

дырған, әсіресе, доктор Франктың да денесін құрыстырып, түк білмеген кісіше, сыр бермегенсіп, жалған күлкіге айналдырып: — Я бұл рейхсдагтың атақты мүшелері болған, сол өзінің еврейлігін айтып мақтанатының дәл өзі! — деген сөзі болды.

Мортен Германияның ірі-ірі қалаларында болып, онда өз үйінде жүргендей сезінді. Неміс жұмысшылары да Дания жұмысшылары тәрізді екен. Бұларда да сол бір қарапайым ардақты мақсат пен сол бір баяғы қайғы-қасірет, қуаныш бар екен, жолдастық тығыз байланыс бар екен. Неміс интеллигенциясының айырмашылығы көп екен. Мұнда өзінің жеке басының атақ-даңқын шығарамын деп алдамшы нәрселермен айналысып жүрген интеллигенция жоқтың қасы көрінеді. Өздерінің жеке көзқарастарын айта алмайтын көбісі бұйығы келеді екен, егер кейбіреулерінің білімі көп бола тұрса да, соның өзін игілікке зорға асыра алады екен. Мортен қандай көзқарастарының бар екенін сұрағанда олар көбінесе «біздер, немістер, былай деп ойлаймыз...» дейді де отырады. Бірақ өздері өте білімді. Мортенді неміс интеллигенциясының міне осы білім қоры қатты қызықтырды: Мортен сыяқты кітаптан гөрі өмірді көп білетін адамның, солармен көбірек әңгімелескісі келді.

Я, ол өзін бұл жерде өте жақсы жайда сезінді, оны үнемі Германия тартты да тұрды, әсіресе, Берлин мен Мюнхенге аңсары ауып тұратын болды. Бірақ енді қазір көп нәрсе өзгеріп кеткен сыяқты. Бұрынғы прусс реакциясы тәрізді айыпты, кіналы нәрселердің барлығы да қазір жұрттың бәріне бірдей ортақ іс болып алған тәрізді. Соғыс флотына жұрт енді келемеж етіп күлмейтін болыпты, қайта оны масаттана, мақтана әңгіме етіседі; ал баяғыда «Пруссиялық» боп аталып кеткен милитаризм¹ рухын алатын болсақ, қазір, тіпті, айта берсеңіз, сол рух либералдар мен жұмысшылар төңірегіне де қайта пайда бола бастағанға ұқсайды.

Мортеннің ойынша ақылсыздар құралы болып есептелетін антисемитизм² бұл жерде дәуірлеп-ақ тұр. Данияда мұндай мәселемен ешқандай жұмысы болып көрмеген Мортен, бұл мәселеге келгенде қайта-қайта тұйыққа тіреліп қала берді; бұл жерде осы мәселеге аяқ басқан сайын кездесіп отырды. Мортеннің алғашқы кітаптары неміс тілі-

¹ Соғысқұмарлық, соғыскерлік саясат.

² Еврейлерге қарсы ағым.

не аударылған еді, бір күні ол өзінің шығармаларын басып шығармақшы болған ірі лейпциг кітап басушысынан хат алды. Кітап басушы Рюген аралында демалып жатыр екен; сол кезде Борнхольмде тұратын Мортен, неміс туристерін әкелу үшін Засницке кетіп бара жатқан кішкене Борнхольм кемесіне мініп, кітап басушыға жөнелді. Кітап басушы Мортенді пристань басында күтіп алып, мейманханасына әкеліп, оның шығармалары жөнінде көптеген мақтау, дәріптеу сөздер айтты. Мортеннің бұл шығармалары пролетариат жөнінде жазылғандықтан Данияда көзге аса іліне қоймаған еді. Кітап басушы әңгімелесіп отырып, кенет:

— Сіз еврейсіз бе? — деп сұрады.

Мортен тіпті селк етіп, шошып кетті; өзінің шашы ақсары болса да, осы бір сұрақты ол кейініректе де бірнеше рет естіді.

— Жоқ, мен білсем өзім еврей емеспін, — деп жауап қатты ол таңданған пішінмен. — Бірақ құдайтағаланың алдында бәріміз де бірдей емеспіз бе?

Кітап басушы Мортенге жабырқау пішінде, салқын ғана күлімсірегендей болып көрінді.

— Сіздерде, Данияда, еврейлер көп пе? — деп сұрады ол.

— Еврейлер ме? Еврейлер дейсіз бе? — Мортен бұрын-соңды мұндай сұрақпен ешқандай ісі болып көрмеген еді және тіпті бұл мәселені түсінбейтін де. — Сірә, бізде еврейлер атымен жоқ-ау деймін осы, — деді ол сасып қалып.

Кітап басушы күліп жіберді:

— Сірә, сіздің, бізде еврей мәселесі жоқ дегіңіз келген болар! Әйтпесе, еврейлер сіздерде қайткен күнде де бар болу керек, олар барлық жерде де бар. Өзіңіз сезіп те отырған шығарсыз, мен өзім де евреймін.

— Оның несін айтасыз маған? — деді Мортен таңданып. — Сіз маған эскимос едім, немесе грек едім деп өмірінше айтпассыз?

— Ол өз алдына ғой, — деді кітап басушы мақтанып. — Біз еврейлер — жер тұздығымыз!

«Әр халық өздерін солаймын деп есептейді-ау», — деп ойлады Мортен ішінен, бірақ үндеген жоқ.

Екеуі стол басына кеп отырғанда, Мортен: «Anwesenheit der Juden am Haupttisch unerwünscht»¹ деген жазуы

¹ Көпшілік отыратын столдарға еврейлердің отырғаны жөн (немісше),

бар табличканы байқап қалды да, оны қасындағы отырған кісіге көрсетті.

— Біз оны аудара саламыз,— деді кітап басушы күлімсіреп, сөйтті де кішкене тақтайшаны аудара салды.— Біздің ақшамызды керек қылмайтындай, бұл қожайын аса байып кете қойған жоқ шығар.

— Онда табличканы не үшін қойған?

— Бұл, жай әшейін, ресторан қожалары мен осы араның офицерлерінің арасындағы ымырашылдық қой. Табличка болуға тиіс, бірақ бұл ережені бұлжытпай орындап отыру шарт емес.

Еврей мәселесімен Мортеннің алғашқы таныстығы осы еді.

Кейініректе ол Германиядан «жер тұздығы» мен «құдайдың артық жаратқан халқының» арасындағы осы бір таңғажайып бақастық пен неше түрлі жөнсіз ымырашылдықтарды көп байқады. Кафешіл қыдырмалар столының басына отыра қалса болғаны, жұрт көбінесе еврейлерді сөз қылады; біреу еврейлерді жақтайды, енді кейбіреулер оған қарсы шығады; егер Скандинавияда бір көрнекті қайраткер жөнінде әңгіме бола қалса, табан астында Мортеннен: «Ол өзі еврей емес пе?» — деп сұрайды. Сірә, еврейлер жөнінде немістер күннен күнге көбірек ойлайтын болса керек, бір ғажабы сол, евреймен қандас екендігі айдан анық адамдардың көпшілігі еврейлерден ат-тонын ала қашып, әсіресе оларды солар жамандайды. Бұл мәселеге түсіну қыйын еді. Артта қалған шаруалар еврейлерді христостың қол-аяғын шегелеп, керіп тастағандығы үшін жек көреміз дейді. Мортен христостың өзі еврей болған ғой десе, олар оған тап бір қымбатты нәрселерін құртқалы отырғандай болып қарайды.

Ірі-ірі қалаларда бұл мәселе одан да гөрі қыйынырақ еді. Кайзер еврейлерге қас, Германиядағы нағыз барып тұрған антисемит болып саналады екен, жанында еврей отырса, тіпті ол шыдай алмайтын болса керек; бірақ Мортен ойламаған жерден Гамбургтегі ірі кеме иесі Баллинмен кездесе кетіп еді, кайзердің он екі флигель-адъютантының жетеуі еврей тұқымымен қандас екендігін дәлелдеп берді. Мұнда таңқаларлық ештемеде жоқ еді; қалыңдықтарының жасауымен азып-тозып отырған атақоныстарын аман сақтап қалу үшін Шығыс Эльбадағы жер иеленуші дворяндардың қырық проценттен астамы әйелді еврейден алғанын

саяси экономиканың мамандары құрғақ сыйпырдың өзімен-ақ дәлелдеп бере алатын еді.

Міне осының барлығы да шешілмейтін бір қыйын жұмбақ сыяқты әсер тудырды. Бірақ бұрын Мортенге баланың ойынындай боп көрінетін нәрсе, сірә, енді едәуір маңызды іс боп көрінген болу керек. Еврейлердің ірі-ірі сауда-саттық үйлері ашықтан-ашық еврейлерден қызметкер алмаймыз деп жариялады, асылы, өзінің еврей тұқымынан шыққанын айтуға ешкімнің де батылы бармайтын сыяқты. Бернштейн мен доктор Франк сыяқты адамдар еврейлерден қол үзіп кете алмай, жасырынып жүрді. Мортеннің өзі де бір күні кешке қыдырмалар столының басында отырғанда бір жаман жағдайға ұшырап қала жаздады. Бұл жолы Мортеннен кейін бірімен бірі көңілдес бес адам келіп кірді, көптеген неміс интеллигенттері тәрізді, олардың да әрқайсысы азды-көпті еврейге тартқан еді. Олар отыра қалып еврейлерді балағаттай бастады. Олардың бұл әңгімесінің көпке созылып бара жатқанын байқап, Мортен сықақ ете күлімсіреп:

— Бір ұлы атақты иудей¹: «Екі-үш адамның басы қосылып, менің атым аталса, мен солардың нақ ортасындамын» деп пе еді, қалай еді? — деп аңлатып қойды.

Аналардың барлығы да, Мортеннің басын жармақшы боп, қолдарына кружкасын алып, орындарынан атып-атып тұрды.

— Сіз мүмкін, еврей боларсыз? — деп бажылдасты олар бірінен соң бірі.

— Егер мен еврей болсам, сол еврей болғандығым үшін ғана өзімді-өзім қорламас едім, — деп жауап қатты Мортен.

Сол күннен бастап кафешіл қыдырмалар Мортенді тәуір көрмеді. Еврейлерді еврей болғандықтан ғана жақтамай, адамгершілікті, адамды сүйгендіктен жақтауы мүмкін деген ой олардың мыйына да кіріп шықпады, сондықтан да олар Мортенге тап бір Мортен олардың беделін түсіргісі кеп жүрген кісіше қарады. Бұл жағдай Мортенді қатты ызаландырды да, ол «Тагеблатт» газетіне «Ханым Германия мақтанышы», «Агасфер» деген тақырыппен сықақ фельетон жазды. Редакциядағы адамдар оны жақсы білетін еді, ол бұл газетпен бұрын да бір неше рет істес болған, сондықтан ол бұл мақаласын өзі апарып берді. Газеттің әдебиет бөлімінің редакторы мақаланы табан астында оқып

¹ Иудей — еврей дінін ұстаған адам.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ АКАДЕМИЯЛЫҚ КІТАПХАНАСЫ
0000000000

шықты да, басын шайқап, қолжазбаны Мортеннің өзіне қайтып берді.

— Өте тамаша жазылған екен,— деді ол аса бір байсалды пішінмен.— Бірақ біз мұны қазіргі жағдайда баса алмаймыз және менің сізге беретін ақылым сол,— сіз бұл мақаланы басқа газеттерге де бере көрмеңіз. Бұл мәселе өте шатақ мәселе.

— Сіз өзіңіз еврей емессіз бе? — деп сұрады Мортен, оның бұл сөзінің сырын шыжымдап тарту үшін.

— Жоқ, мен шоқынғанмын.

— Ұлтыңызды айтам..

— Жоқ, мен шоқынғанмын,— деді тағы да редактор, бұл жолы оның жақтырмай, әрең айтқаны анық көрініп тұр.— Айтпақшы, сіз кейбір топтардың арасында азырақ жүруіңіз керек. Сіз оқушыларыңыздан айрылып қалуға шейін бел байлап отырсыз. Сіз сыяқты ақсары шашты терістіктің адамына...

Ол сөз жоқ, кафешіл қыдырмалардың столын мезгеп отыр. Ал олар Мортен қаналушы нәсілдерге болысып, беделімізді түсіріп жүр деп есептейді; осы бір шым-шытырықты қалай түсінерсің?

— Істің өзі бірте-бірте, ұлы мемлекеттердің арасындағы соғысқа немесе жұмысшы табының жорығына айналып келе жатыр, мүмкін осының өкеуі де қат-қабат болып қалуы ғажап емес,— деді ақылды қарт редактор Кампфмейер.— Сондықтан да еңалдымен суды лайлап алу керек. Олар жұмысшы қозғалысына еврейлерден де гөрі қаттырақ соққы бергісі келеді. Социализмді еврей қозғалысы есебінде көрсетіп, сол арқылы жұмысшылармен күрес жүргізеді. Жұмыс бағасы — алдамшы жалған ой,— әрбір тоғышарға алдын ала-ақ белгілі болған еді. Егер өмірге ортағасырлық ырымшылдық сенімді қайта оралтып, қалың бұқараны да алған бетінен тайдыра алатын болса, онда ойынды жарым-жартылай жеңді деп есептеуге де болады. Бәрін де күтуге болады, достым!

— Неге өзіңіз күреске кіріспей, жасырына бересіз?

Жұмысшылар қозғалысының кәрі қолбасшысы иығын қусырып:

— Біз қорқып қалдық... неден дейсің ғой? Сірә, біз өкімет басына жұмысшы табы келгенде ашылатын жарқын болашақтан қорқатын болсақ керек. Сондықтан да біз кішкентай Бернштейн мен реформизмге қосыла кеттік қой.— Ол бұл сөзді бір түрлі күйінішті кекесінмен айтты.

Бір сөзбен айтқанда, Берлин Мортен үшін өзінің бұрынғы көркемдігінен, сүйкімділігінен айрыла бастады. Сөйткен сайын Мортен де Пелленің ашып айтпаса да, шақырып жатқанын күннен күнге күштірек сезініп, бір күні жолға шықты.

Поезға кеп отырғанның өзінде-ақ туған жердің ауасы ескендей болды. Жолаушылардың көпшілігі сауданың неше түрлі қулық-сұмдығын білетін ерекше Дания складтарының пысықшалары еді, бірақ шынына келгенде, олар көкте ұшып жүрген құс сыяқты ешнәрсені ойламайтын бейғам надандар болатын. Олар Германияның күнделікті өміріндегі өзгерістердің себептерінен гөрі өздерінің Фридрихштрасседегі Унтер-ден-Линдегі түнгі кабактарды аралағандарын, онан өлең естігендерін, жұмсаған ақшаларын айтысып даурығысып келе жатты.

Туған еліне қайту — Мортенге біртүрлі сүйкімді боп көрінді: Дания паромының басында неміс жеріндегідей абыржыған, еңсесі түскен ел жоқ, даурығысып неше түрлі дөкір, мылжың сөздерді айтып келе жатқан жаңағы топ болмаса, жұрт жайбарақат еркін жүр.

Мортен өзінің де өзгеріп келгенін, бұрынғыдай емес, біраз шыйрап келгенін сезді. Ол енді көп нәрселерге басқаша қарайтын болды. Оның мұндай болуына Испанияның революцияшыл шаруаларымен байланыс жасауының үлкен маңызы тиді. Егер Дания жұмысшылары Петер Дрейерді¹ жақтаушылардан ат-тондарын ала қашса, тек саяси ой-пікірдің ғана жетегімен кеткен жоқ, көбінесе мешандықтың салқыны тиді. Олар тәуір мінезді, тым ұнамды адамдар болғысы келіп, мүмкіншіліктерінің келгенінше, төрелер алаңында тұратындарға «интернационал» өлеңі мен «Таң жақын»² дейтін өлеңді айтып өздерінің революциясымен олардың қытығына тиіп, ызаландыра бермеуге тырысты. Ал Петер Дрейерді жақтаушылар болса, нағыз барып тұрған даурықпаның өзі еді, олар тәуір мінезді, ұнамды адам болғысы келген жұмысшылардың беделін түсірді! Мортен қашан да болмасын, мүмкін оларды қудалай беретін болғандықтан ба, әйтеуір, осы көтерілісшілерді жақсы көретін; ал енді қазір Пелле мен екеуміздің ісімізден гөрі, мүмкін, сол алғашқы топтың ісі дұрысырақ болар деп ойлап жүрді.

¹ «Пелле-жаулампаз» атты романының кейіпкерлерінің бірі.

² «Таң жақын» — Дания социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың бірі — Луис Пио жазған дания социалистерінің маршы.

Я, Пелле! Мортен қайта-қайта елдегі жағдайды, сол елдегі жағдайдың үлкен бір тұлғасы болып есептелетін Пелле жайын ойлай берді. Тек Испанияның еңбекші бұқарасымен танысқаннан кейін ғана емес, сонымен бірге осы жақын арада жолдастарымен — неміс социал-демократтарымен кездескеннен кейін Мортенге Пеллемен екі арасы алшақтап бара жатқандай болып көрінді. Испандықтарға қарағанда неміс социал-демократтары оған әлдеқайда нашар әсер етті. Неміс социал-демократтары, шынында да, кір, лас конторларда отырып алып, ұлықсынып, бүкіл дүние жүзінің жұмысшы табына өздерінің шаң басқан лас ұрандарын таратып отыратын мешандар мен ұсақ буржуазиялық чиновниктер еді. Бірақ елдегі Пелле мен тағы басқа адамдар үшін неміс социал-демократтары нағыз асқан адамдар, олардың құдыреті құдайдай жүреді, сондықтан да олардың айтқанына шұба келтірудің өзі құдайға күпірлік еткенмен бірдей.

Олай болса, Мортеннің алдында жолдасымен бетпе-бет айқасып, оны ымырашылдық жолдан тайдыру міндеті тұрды. Кооперативтік мекемелердегі жағдайдың бәрі бірдей онша тәуір емес екені Пелле жазған хаттардан-ақ анық көрінген, бұл жағдай алдын ала-ақ белгілі болған. Тауды алдау үшін оны айналып өтіп, екінші жағынан барып көтерілмекші болған шаруа туралы жазылған әңгімедегідей, бұл мекемелердің барлығы да басынан-ақ түсініспеушілікке негізделген еді. Төбе басындағы бірлескен поселканы жоюға тура келіпті, сонымен бірге, сірә, жүз гектар жер де құрыған болар, егер бұл жұмысты тыңғылықты аяқтаса тағыбір сәрі ғой! Мастерскойлардың жұмысшылары поселкаға баруға аса құштарлана қоймады. Олар бұны «зорлап көшіру» деп атады. Әдеттеніп кеткендіктен бе, жоқ әлде сол жерде туған-туысқандары немесе тамыр-таныс, жолдас-жоралары тұрғандықтан ба, әйтеуір, қаланың басқа аудандарына барғысы келді. Мүмкін олар бірлескен поселок: «басыбайлы етіп, құлданып алар» деп қорыққан да болар.

Кезінде, қағаз жүзінде, бұл жұмыс көңіл аударарлық едәуір тартымды іс боп көрінді, бірақ іс жүзіне келгенде еріккеннің ермегі болып шықты. Шетелдерді аралап, Мортен капитализм мен жұмысшылар қозғалысы жөнінде едәуір кең көзқарасқа ие болды да, енді өзінің сона бір кездерде Пеллемен неғып бірлесіп кеткеніне де түсіне алмай қалды. Капитализм сыяқты қоғамдық құрылысты етік мастер-

скойының көмегімен жойып жіберуге болады деп ойлаудың өзі өте қыйсынсыз емес пе! ¹

— So schnell schiessen selbst die Preussen nicht ², — деді Мортен өзіне өзі үшінші кластың жолаушыларына арналған тар палубаны әрлі-берлі кезіп жүріп. Палуба суық, жел азынап соғып тұр, әрі адам айнала алмастай тар: жұрт мал тәрізді ораулы дөңгелек-дөңгелек арқандар мен жел қайықтардың, сірә, ішінде суы немесе жейтін тамақтары болу керек, деңкиген кеспектердің арасында ұйлығып тұр. Олардың үстінгі жағында бірінші, екінші кластың аз ғана жолаушыларына арналған ширек гектардай кең палуба жатыр.

Мортен әрлі-берлі кезіп, ызаланып жүр. Басқа елдердің барлығынан да гөрі еркін елдің адамдары қалай тамаша үйретілген! Осыны үйретіп отырған немістеріңнің өзінен де кем түсер емес! Мыналар испандықтар болса ғой, жоғарғы палубаға баяғы да шығып алар еді. Оның үстіне Мортеннің қарны ашты, жоғарғы жақта сырлы ағашпен бөлініп қойған кең таза ресторан бар; бірақ, сірә, кім көрінген кірмесін деген болу керек, онда кіруге арнаулы талон бар. Үшінші кластың жолаушылары үшін кеменің тұмсық жағынан буфетсымақ бірдеме орнатып қойыпты, оның ауасы өте нашар әрі өзі тым қатты теңселеді. Сөйтіп тұрғанда, Гедсер көрінді, демек, бұл Үлкен Бельттен өтетін жерге де жақындап қалдық деген сөз. Ол жердегі кішкене паромда үнемі жақсы тамақтар болады. Мортен өз елінің дәмді бутербродтары мен жұлдызды сырасын сүйсіне есіне алды.

Пелле Мортенді вокзалда күтіп алып, қуана амандасты.

— Бізге баратын шығарсың? Жоқ әлде қатты шаршап тұрсың ба? — Ол проводник алып шыққан Мортеннің чемоданын көтерді. — Ойпырмай, неткен ауыр еді! Екеуміз өзін үйге жеткізе алар ма екеміз? Жоқ әлде, алдымыздан шық деп балаларға телефон соғамыз ба?

— Өзіміз-ақ жеткізерміз, — деді Мортен. — Жол жүрсең жүктен кенде болмайсың, әйтеуір.

— Сірә, кітап болар?

¹ Бұл жерде пролетариаттың революциялық күресін кооперативтік қозғалысқа айналдырып жіберген реформист Пелленің ұйымдастырған кооперативтік етік мастерскойлары мен көмекші мекемелері айтылып отыр.

² Пруссактар да мұндай шапшаң ата алмас.

— Әрине, кітаптар да бар! — деп Мортен астарлай күлімсіреп қойды.

Пелле оның күлімсірегеніне түсіне қойып, қынжылыңқырап қалды.

— Ақша салам ғой деп-ақ бағып ем, бірақ сала алмадым, жағдай өте ауыр болды. Сірә, сенің де жағдайың бола қоймаған ғой деймін: тым жүдеубас тартып кетіпсің,— деп Мортенді қадағалап әрлі-берлі қарай бастады.

— Түу, мені қойыңызшы, мен тамаша тұрдым! Шетелде, әсіресе, түстікте өте арзан тұруға болады екен.

Жолшыбай олар жөнді әңгімелескен жоқ. Пелле шаруашылықтың қамын жеп көңілсізденіп, еркін шешіліп әңгімелесе алмай келе жатса, Мортеннің жолдан қажып түскені байқалады.

Эллен мен балалар оны қатты қуанышпен қарсы алды.

— Осыншама көп жүріп алғаның не! — деді қосарлана даурығысып Анна мен Братец.— Ал енді өзің, кәдуелгідей, біржолата келдің бе? Не әкелдің бізге?

— Балалар, қойсаңдаршы енді! — деп зекіп тастады Эллен.— Ұят емес пе!

Бірақ Элленнің өзі де есі шығып, балалардан кем қуанған жоқ еді. Мортенді балалар «Мортен аға» дейтін, ол қашан да болсын, көңілділікті қоса ала келетін, тап бір алыс өлкелердің ауасын да өзімен бірге ала келгендей, тұп-тура аумаған америкалық ағай болған да қойған! Я ол шынында да, барлығына базарлық әкеліпті. Сестренкаға кәдуелгі бір плита, Братецке бұралмалы ойыншық, Свен-Утехаға бір тамаша қызық ойын, Ласса-Фредрикке ішінде бояуы бар бір үлкен жәшік әкеліпті.

— Бұл — француздың акварель бояулары, бұдан асқан бояу болмайды! — деді Пелле білгіш кісідей жәшікті көріп жатып.— Ал енді суретіңді қалағаныңша сала бер.

Пелленің өзіне Мортен саксония фарфорынан жасалған жазу құралын, Элленге салфеткаларымен қоса тамаша бір дрезден дастарқанын әкеліпті.

— Ойбай-ау, сенің мұның не! — деді Пелле.

Эллен екі алақанын соғып:

— Шынында да мұның не! — деді таңданып.

— Өзіңнің не әйелің, не балаң болмаған соң, сіздерге әкелмегенде қайтем,— деді Мортен дәлел тауып.

— Үйленуің керек еді,— деді Эллен Мортенді бастан-аяқ сүзе қарап шығып.— Баяғыда үйленетін адам едің.

Бірақ ең әуелі ақша ұстауды үйрену керек, өйткені семьялы адам ұқыпты болмаса болмайды!

Ас ішіп болғаннан кейін еркектер Пелленің кабинетіне барды, Мортен сылқ етіп, терең креслоға отыра кетті; ұзақ уақыт жол жүріп, ақыр-аяғында өз үйіне жеткен соң, тап бір барлық күш-қуаты өнді безе бастайын дегендей-ақ, Мортен әбден шаршай, қажыйын деді. Пелле стол жанында сигара салынған жәшіктерді ақтарып отыр.

— Тұщысын ба, ащысын ба? — дейді ол. — Ас ішкеннен кейін, сірә, ащысын тартқан дұрыс болар, э? — деп этикеталы¹ бір жалпақ жәшікті алып Мортеннің жанына келді. Ол бұл байлықты фабриктің директоры болғаннан бері көрсететін болыпты. Бұрынғы кездерде үшеуі жыйырма эра тұратын қағаз сауытқа оралған сигарды да қанағат етіп жүретін еді.

— Жағдайдың аса тәуір емес екенін менің жазған хаттарымнан-ақ байқаған шығарсың, — деп бастады ол сөзін, ақырында орнына кеп отырып. — Бәрін бірдей жаза беріп сенің саяхатыңның шырқын бұзбайын дедім. Бірақ шынын айтқанда, іс шатақ. Лавкаларды мүлде жауып тастағаннан қызығы жоқ па деген ойға келіп отырмыз.

Мортен іштей шошып кетті. Мақтанашты арманның аяғы неғып былай боп шықты? Олай болса, Пелленің жабырқау жайы түсінікті екен. Ойлаған мақсатқа оңайшылықпен жете қоймайтынын ол бұрыннан-ақ іштей сезіп жүрсе де, бұл жайға өзі де қатты қамықты. Пелле болса керісінше: менің мекемелерімдегі адамдар арасында ұлы бірлестік болмайды деген ой үш ұйқтаса түсіне де кірмейтін. Бұл істің орындалмай қалуы — ол үшін бір сұмдықтың қара басындай болып көрінетін.

— Мұншама не болды? — деді Мортен ақырын ғана.

— Ойбай-ау, тек соңғы екі жылдан бері ғана бұрынғыдай онша ашық түрде арпалыспағанмен бәсекелестер әуел бастан-ақ бізге байкот жариялап, неше түрлі қырсыққа душар етіп келе жатқан жоқ па. Содан кейін әлгі бір поселканың оқыйғасы болды! Кұрылыс жұмысы қолда бар қаражатты бір жағынан ептеп құртып жатты, ал кредит алу бізге оңайлыққа түсе қоймады. Сонан соң тері бояу цехындағы талан-таражы әшкереленді. Бір сөзбен айтқанда, біз

¹ Э т и к е т а — фабрика-заводтардан шығарылған заттарға жапсырылған белгі қағаз.

қолда бар барлық қорымызды сарқа тауысқанмызды тексеріс көрсетті.

— Сен мұны күйрегендік деп білесің, оның түсінікті,— деді Мортен жұмсара сөйлеп.— Бірақ осының өзін дұрысырақ байқап қарасақ, сен шынында тұйыққа тіреліп қалдың, сондықтан да, сен сол тұйықтан шығу үшін кейін шегініп, ойлаған мақсатқа жеткізетіндей басқа бір жолды іздеуің керек. Солай ету керек! — Ол достық ниетпен Пелленің иығынан қақты.

— Әрине, өзім де екі қолымды қусырып қарап отырмақшы емеспін; бірақ дегенмен де, өлгенше естен кетпестей бір өкінішті іс болды. Өйткені егер біз...

— Күресте ешқандай «егер» деген сөз болмауы керек! Не жеңу, не жеңілу! Жеңілген генералдың: егер де сөйткенде, бұйткенде жеңетін едім деп ұрыс біткен соң өкінгенінен жаманы жоқ...

— Бірақ біздің тек осы жолмен ғана жүруіміз керек болды ғой!

— Демек, бұл жол дұрыс болмаған. Оның дәлелін өзің де айтып отырсың. Егер бұл жолдан бірдеме шығатын болса, басқадан шықпаса да, нақ сенен шығатын еді, оған менің көзім толық жетеді. Әсіресе, менің жұмысшы сорлыларға жаным ашыйды, шынында, оларға обал болған екен. Жұмыссыздық, өзіңе белгілі, күннен күнге өсіп келеді ғой, кім білсін, мүмкін оларды қара тізімге де енгізіп қойған шығар. Оларды енді құшағын жайып кім қарсы ала қояр дейсің.

Пелле Мортенге тұнжырай қарады.

— Обал екені, обал. Бірақ өздерінен де кіна бар ғой деп ойлаймын. Олар жұмысты, сайып келгенде, біреу үшін емес, өздері үшін істейтініне түсінгісі келмеді. Не фабрикте, не құрылыс кооперациясында жөнді жұмыс істемеді.

— Олар мұның ешқайсысына да сенбеді. Егер солай болған болса, оның ешбір таңданатыны да жоқ.

— Таңданбасаң сен таңданбайтын боларсың, өйткені шынына келгенде, оған өзің де ешқашан сенбейтінсің!

Пелленің дауысынан күстаналағандық білінді. Мортен оған таңырқай қарады: Пелле онымен мұндай әуенде ешқашан сөйлесіп көрген жоқ еді.

— Мен, әрине, жолдастыққа да, бірлесіп жұмыс істеуге де сенемін,— деп жауап қатты Мортен қыза сөйлеп.— Бірақ мен өзім мынадай қортындыға келіп отырмын: айналаңның барлығы бірдей қаптаған арам шөп болса, учаскеңді арам шөптен аман сақтап қала алмайсың. Айналаңның

барлығынан қайта-қайта желмен ұшып кеп сол арам шөптің тұқымы түсіп жатпай ма. Сонан соң, ашып айтқанда, социалистік дейтін не бар еді біздің мекемеде? Шикі заттар мен машиналар,— біз не нәрсеге, қажет болсақ, соның барлығы да жекеменшіктің қолында болды; кредит пен сбыт та солай болды. Петер Дрейер, жалаңаяқ жүрген жұмыссыз сорлының бір пар башмақ алып киюі, басқа фабриканттарда қандай қыйын болса, бізде де сондай қыйын дейтін еді, сол дұрыс айтады. Және менің білуімше, жұмысшылардың тап осындай капиталистер өндірісінде жүріп тапқанынан бізде жүріп тапқан еңбек ақысының да асып кеткен ештемесі жоқ.

— Егер олар сол мекемені кәдуелгі өз мекемеміз деп санап, шын көңілімен жұмыс істесе, әрине...

— Демек, олар мекеменің адалдығына құлдық етіп, басқа жерлердің бәрінен де жұмысты көбірек істеп, сол мекеменің артықшылығын өздері дәлелдеуі керек екен ғой! Ашып айтқанда, Брун қалдырған мұра мен тәтті қыялдан басқа, өзге аяқкиім фабрикаларынан біздің қандай артықшылығымыз болды?

— Сен өзің шетелде жүріп, әрнәрсеге зер сала, үңіле қарайтын болып кетіпсің-ау,— деп аңлатып тастады Пелле.

— Мүмкін мен әрнәрсені жеке алып қарамай, бірімен бірін байланыстыра қарайтын болған шығармын,— деп иіле жауап қатты Мортен.— Және менің бір білген нәрсем сол: жұмысшы сорлы қай жерде болсын, не істесе де жақпайды екен. Сондықтан да мен ол сорлыларға тағы да басы артық кінаны жапсыра бергім келмейді. Менің бұл сөзіме, дау жоқ, өзің де қосыласың.

Пелле бұл сөзге жауап қатқан жоқ, көңіл-күйі астанкестен боп отырды. Бұл мәселе жөнінде аспай-саспай байсалды жауап беруге оның мұршасы да келмеді, өйткені бұл іс оның жанына батарлық іс еді.

Мортен даусын аз-кем бәсеңдете сөйледі.

— Жасалған тәжрибелер тіпті сәтсіз болып шыққан күнде де ешқашан текке қалмайды, ал біздің тәжрибеміз көп байлықты жұтты. Бірақ дүниежүзілік бүкіл экономиканы өзгерту үшін берекесі кеткен жалғыз мұра не болмақ! Біз мақсатымызға тым оп-оңай жете қоймақшы болдық, бұл сыяқты ауыр тасты аударып тастау үшін мүмкін адам айтқысыз көп қаржы-қаражат жұмсалатын қан төгіс, қырғын соғыс керек болар. Мен бұл сөзді тек сенің көңіліңді

жұбату үшін ғана айтып отыр ғой дейсің бе? Жоқ, жақын арада соғыс болатындығы сөзсіз.

Пелле тағы да үндеген жоқ.

— Ал егер фабрикті жауып тастауға тура келгендей жағдай болса, не істемекшісің? — деді Мортен сәлден соң, жаныңды жабықтыратын көңілсіз ауыр тыныштықты бұзу үшін.

— О, менің жұмысым жетіп жатыр. Муниципалитеттегі жұмысымның өзі-ақ көп уақытымды алады.

— Бірақ оған ақша төлемейді ғой!

— Элленнің сақтығының арқасында біз құралақан да отырғамыз жоқ. Және мені қала жоспарлау жөнінде бұргомистер етіп тағайындамақшы болса керек.

— Оһо, құттықтаймын! Демек жұмысың жеткілікті екен ғой. Алдыңда келелі-келелі міндеттер тұр екен. Бұл қалада құрылыстың өзі ешқандай жоспарсыз, беталды салынып жатыр. Мынау төбешіктің үстінен жөнді бірдеме салдырсайшы; мұнда жүз гектардай жер бар — анау қасыңдағы қызметтес жолдастарыңды көндіріп, осы жерден бір парк салдыр.

Пелле көңілсіз ғана езу тартты:

— Ол жерлер мастерскойды сақтап қаламыз деп, соның жолына кеткен; осы үй тәрізді оны да тегісімен бергіміз. Өйткенімізге бір жылдан асыңқырап барады.

— Мен оны білгем жоқ.

— Достым-ау, сен тым көп жүрдің ғой, мүмкін тіпті шектен тыс көп жүрген боларсың.

— Демек, үй бұрынғыша Эллендікі боп санала ма? — деп сұрады Мортен Пелленің соңғы сөзіне жауап бермей.

— Я, кішкене шабындық та соныкі, Гедтхобской жолы бойындағы да соныкі; сенің есінде бар ма, біз осы істі жаңа бастаған кезімізде, бұл участканы алмай-ақ қояйық дегенде, Элленнің тіпті құлақ асқысы да келмеп еді ғой? Ал енді қазір сол жерді құрылыс участкесіне қосып беруге тірі де көнер емес. Сен бұған қалай қарайсың?

Менің ойымша, Элленнің өз мүлкін өзі қалай етемін десе толық қақысы бар ғой деп жауап қатты Мортен.

— Сол үшін жұрт арасында сөз көтеріліп жүрмей ме?

— Сөз онсыз да көтеріледі, біз өзімізді қалай етіп ұстасақ та, бәрібір біз жөнінде сөз болмай қоймайды. Егер жұмысшылар зыянға батып қалмаса, онда...

— Жоқ, айта көрме! Өзімді өзім ақтауға тырыссам, менің қорқақтық жасағаным болып жүрмей ме? Брун он-

дайға қарсы болатын; ол билік жүргізуші қоғамда иілудің қажеті жоқ дейтін еді.

— Ол қарт анархист, догматик болса да, атақты адам еді ғой. Өзіңді ойын қатарынан шығарып тастауға, оп-оңай көне қоюға болмайды.

Пелле досына біртүрлі жеңілденіп қалғандай жарқын жүзбен қарады.

— Сонымен енді сен бүгін осында қонып шығасың ғой,— деді ол.— Эллиен саған Брунның бөлмесін дайындап та қойды. Ал егер, тіпті, алда-жалда, басқа жақтан үй қарастырғың келсе, қала ішінен ертең іздерсін.

Мортен көпке шейін ұйқтай алмады. Дағарадай кең мансарданың¹ ішінде баяғыдай Брунның ауыр-ауыр қыймалы емен мүліктері тұр; айналадағы нәрселердің барлығы да қарт кітапханашыны қатты еске түсіргендей, Мортен тіпті оның енді құрғақ жөтелі де естілер деп минут санап күтумен болды. Атақты да мейрімді, дарашыл сабаз! Оның мінезінің осы бір қасиеті мен сол қасиеттен барып туған кер-тартпалықтар Брунды шатақ шығаруға мәжбүр етті. Ал енді қазір қарт та жоқ, оның дәулеті де жоқ, мекеме де құрыды! Қазір Пелле жанында отырмағандықтан Мортен оның ішкі сезімдерімен санаспай, істің осындай нәтиже бергеніне аса ренішті екеніне де сене қоймады. Шынына келгенде, бұлардың мекемесінің өзі шындықтан гөрі қыял дүниесіне негізделген еді. Сол мекеме құрылысымен-ақ жұмысшылар қозғалысы да тоқырай бастады. Жұмысшылардың көпшілігі өлімге бас байламақ түгілі, тыныштық сағалап Пелленің арқасында, бейбітшілік жолымен жақын арада социализмге жетеміз деп естері шыға қуанысып жүрді. Оқ пен от ішінен жеміс алып шығып беруді Пеллеге арта салып, өздері отыра берді; осы іспен басқа емес, Пелленің өзі айналысатыны қандай тамаша! Ал егер айтқанынан айнымай, жіңішкелеп жүріп осы істен бір нәтиже шығарса, барып тұрған епті деңіз оны! Ура, Пелле! Жасасын Найзағай!²

Мекеме болса құлады, ал жұмысшылар болса, көше-

¹ Мансарда — әдетте үйдің шатырында болатын, төбесі бір жақ іргеге қарай еңіс келген жаппа үй, (француз сәулетшісі Мансард ойлап шығарғандықтан соның есімімен аталған).

² Өндіріс қожаларымен қызу айқасып жүрген кездерінде Дания жұмысшыларының Пеллеге қойған аты.

көшеде топ-топ болып «Жасасын Пелле!» — деп ұран салып жүр деген ой, Мортеннің өңі түгілі түсінде де мазасын алып, жанын жегідей жеді. Осына бір қыйсыны жоқ, ылайықсыз істі Пелленің өзіне айтайын деп еді, бірақ көз алдында Пелле болмады. Пелле қайда кеткен деп сұрағанда, баяғы бір мектепте оқып жүрген кездерінде, Мортеннің аптыға жүгіріп келіп, менің жолдасым келген жоқ па деп сұрағанындағы шешесінің қайтаратын қысқа, тұжырымды жауабындай:

— Пелле ме... кім білсін оны?..— деген қысқа жауап естілгендей болды.

II

Мортен бағдарлайды

Мортен Терістік дуалдағы Жоғарғы халық мектебінің жатақханасына орналасса да, күн құрғатпай фабрикке келіп тұрды. Жұмысшылар едәуір азайып, күн сайын, үсті-үстіне қысқартылып жатты. Бірақ Мортен өзінің мәдени-ағарту жұмысының түрін ғана өзгерткені болмаса, түк білмеген кісідей, бұдан екі жыл бұрынғы қызметін атқарып жүре берді. Ол кезде Мортен машинаның жанында тұрып жұмыс істеу — адамды қажытып тастайтын болар деп, адам жалықтырарлықтай біркелкі жұмысқа әртүрлі өзгеріс кіргізбекші болып, айғай-шуы жоқ жерде, жұмысшыларға кітап оқып беріп немесе граммофон ойнатып жүретін еді. Жұмысшылардың көңілін бөліп, еңбек өнімділігіне кесірін тигізеді деп Мортеннің мұнысын Пелле жақтырмады. Пелленің онысының дұрыс екенін, Мортен енді біліп жүр. Жұмыс істеп тұрғанда басқа ешнәрсеге алаң болмай, барықыласыңды жұмысқа салуың керек. Емшектегі балаға сылдырауық беріп ойнатқандай, жұмысшыларға уақыт өткізу үшін көмектеспей, олардың қолы бос уақыты көбею үшін жұмыс күнін қысқартуға көмектескен жөн. Сонда ғана олар сол бос уақытын сауат ашуға жұмсай алады.

— Ал енді бұдан былай қарай бізде граммофон болмайды,— деді марқаббаттана күлімсіреп Пелле, Мортен алғашқы рет фабрикаға келгенде.— Граммофонды балалар үйлеріне алып кетті, үйлерінде естіп көңілдерін көтереді. Дегенмен де, осындай былықтардың барлығы да енді бұдан былай болмайды.

— Сен енді қорықпай-ақ қой, мен баяғыдай қыялшыл гуманист емеспін,— деп салмақпен жауап қатты Мортен.— Мен аралаған жердің барлығынан да жануарлар дүниесінің қамқоршысы болатын қоғамның атқаратын қызметіндей қызмет атқарып жүргендерді көп көрдім. Егер мен түскі демалыста, жұмысшыларға, өзімнің жол-жөнекей алған әсерлерімнен бірдемелер айтсам, қарсылық етпейсің бе?

— Мейлің, қанша айтсаң да еркің! — деп жауап қатты Пелле мейірлене күлімсіреп,— тек сенің сол әңгімеңді тыңдаушылар шамалы бола ма деп қорқамын. Көпшілігі түскі астан кейін, сірә, аздап болса да, көз шырымын алғанын тәуір көрер.

Бірақ Пелленің бір таңырқаған нәрсесі: әңгіме тыңдаушылар көп болды. Басқа елдердегі жұмысшылардың хал-жағдайын білу үшін бір-екі адамнан басқасының барлығы да түскі астан кейінгі ұйқыны қойып әңгімеге келді. Мортен әдетте айтыла беретін түстіктегі шуақ күн мен армансыз өмір деген романтиканы тастап, дүние жүзіндегі барлық жұмысшылардың мүддесінің бір екендігін өте сенімді етіп суреттеп шықты. Қай жерде болмасын, еңбек етіп жүрген адамдардың хал-жағдайлары бірдей: қайда болса да қанаушылық, қанаушылыққа қарсы күрес — тап күресі!

— Лаццарони¹ мен жоқ-жұқана сорлылар күн көзіне қыздырынып, рақаттанып отырады дейтін еді, оның бәрі бекер екен ғой,— десті жұмысшылар түскі демалыс біткен кезде.— Ал енді ертең де тағы бірдеме айтып бермейсін бе? А, айтпақшы, ертең жексенбі екен ғой... ендеше, дүйсенбі күні. Баяндамаңды цех-цехтарды аралап жүріп жасағаның дұрыс болар еді, ондағы басқа жұрттың да естігені жақсы ғой.

Кейін олар Мортенге келіп сұрақтар берді. Шетелдердегі жұмысшылардың хал-жағдайын олар аса жақсы білмейтін: Данияда жұмысшылар арасындағы ағарту жұмысына әлі де болса жөнді көңіл бөліне қоймайтын. Бірақ Мортенге жұмысшылармен осы қарым-қатынасының өзі аса сүйкімдірек боп көрінді, әсіресе, жұмысшылардың оны бұрынғыдай «сен» деуінің өзі Мортенді ерекше қуантты.

Жұмысшы әйелдермен әңгімелесу қыйынға соқты; тап бір дүниеде не болып жатқанында ешбір жұмыстары жоқтай-ақ, олардың көпшілігі бұрыш-бұрышта отырып алып,

¹ Л а ц ц а р о н и — қайыр сұрап немесе кездейсоқ кездескен жалдамалы жұмыспен күндерін көретін неаполетан кедейлері.

аузына келгенді соғып, бос сөзді мылжыңдауды артық көреді.

— Әйелдер арасындағы жұмыстың өзі нашарлау боп тұр,— деді бір күні Мортен Пеллеге.— Саясатпен шұғылдану үшін оларға да қозғау салу керек еді.

— Мүмкін, олар өздерінің уақыты мен бар өнерлерін аса бір пайдалы іске жұмсайтын болар,— деп жауап қатты Пелле. Ол бұл арада, саясатпен жұмысы болмаса да, өзіне өте ұнайтын Элленін есіне алды. Әйелінің басқаша болғанын, ол тіпті тілемейтін де болу керек.— Бірақ сенің, дегенмен де, бір жақсы тыңдаушың бар ғой,— деп жалғады сөзін ол күлімсіреп.

— Кім?

— Вера сұлу! Сірә, өзің де байқап қалған шығарсың?

— Ол әлгі анда-санда сенің конторыңда жұмыс істеп жүретін қыз емес пе?

Пелле басын изеді:

— Фабрикада аса берекелі жұмыс істемейді; бірақ ол жазу машинасының курсың бітірген еді, сондықтан да қағаз бастыруға анда-санда шақырып алып жүрмін. Әкешесі подвалда бір кішкентай магазин ұстайды; шағын ғана шаруасы бар саудагер адамдар, ал қыз мұнан гөрі жақсы тұрмыста тұрсам екем деп ойлайды, дегенмен, дау жоқ, өзі бір ақылды қыз. Қыздың тіл үйреніп контор қызметіне бір жола ауысқысы келеді. Онысы атаққұмарлық та емес. Егер уақытың болса, соны біраз қолыңа алсайшы.

Басқа жұрттан оқшауырақ отырып, екі көзі оттай жайнап әңгімесін зейін қоя тыңдаған бір әдемі жас қызға Мортеннің өзі де назар аударған еді. Ол қызбен бірге тіл мәселесімен шұғылдануға уақыт табуға да болар еді, бірақ соны қызға айтудың өзі де бір түрлі ыңғайсыз еді. Рас, Мортен бұрынғыдай аса ұялшақ та емес еді, бірақ жас келіншекпен сөйлесуге келгенде, біреу алқымынан алғандай боп әдеттегіше булыға қалатын.

Мортен әдетте, кешке қарай, өзінің бұрынғы ескі таныстарын іздеумен болады. Олардың бәрі бірдей оп-оңай бұрынғы орындарынан табыла қойған жоқ, бұл жерде де біраз өзгерістер болыпты. Кейбіреулерін жұмыссыздық астанадан айдап шықса, енді кейбіреулеріне жақсы үйлерден ауысып, аула түкпіріндегі жаман үйлерге көшуге тура келіпті. Бірақ ауыспақ-түйіспектің керісінше болғанын кездестіре алған жоқ.

Жетім-жесір боп қалған Петер Дрейердің семьясы қай-

да кетті екен? «Таңға»¹ барып жүргенін де көрмейсің, сондықтан да Мортенге оларды сұрастырып жатудың өзі де ыңғайсыз болар деген ой туды. Неліктен екені белгісіз, оларды Пелле мен Эллен де керек қылмай кетіпті. Демек, олардың хал-жағдайы да аса жақсы болмау керек; бишара бүкір тігіншінің қарақан басы болса да жарымайтыны белгілі ғой, ал оның үстіне анархистен қалған «заңсыз» баласы да бар. Бір кездерде Петер Дрейердің әйелі мен кішкентай қызы «Жұмысшы»² газетін таратқан екен, бірақ Мортен сұрағанда редакциядағылар олардың келешек өмірінің не болғанын ешкім білмейді деп селқос жауап қатты. Ұзақ уақыт іздеп жүріп Мортен ақыры оларды Даннеброгсгада көшесіндегі, кіре берісінде кухня етіп отырған аядай ғана шоланы бар, бір аула түкпірінде тұрған тар мансардадан тапты. Кішкентай ғана бүкір әйелдің түрі адам аяғандай; оның әруақытта, не болса да айтпай сездіретін жаудыраған үлкен кездері енді бірер ауыз жылы сөз айтсаң болғаны, жас төгіп қоя берейін деп тұрғандай; Мортенді таный кетіп ол, шынында жылап қоя берді.

— Ой, қуанғаннан көз жасыма да не бола алмадымау! — деді ол. — Көзі құрғырым осындай! Ой, бізді іздеп тапқаныңыз қандай жақсы болды! Бұл үй, әрине, тарлау, бірақ дегенмен тамаша. Терезеден Атқыштар қоғамының бағындағы ағаштар көрініп тұрады — жақын арада бақ та көгере бастайды енді! — Әйел Мортенді сыртты көрсін деп терезе алдына ертіп барды. Бұдан бұлай «Таңға» әйелдің өзі де, кішкене қызы да бармайтын болыпты; бұлар Элленнің балаларына жаман әсерін тигізеді-міс.

— Ойпырмой! Мұны қалай түсінуге болады? — Таңданғаннан Мортеннің көзі бажырайып кетті.

— Ой, Эллен бізді ешуақытта іш тартып көрген емес; ол, сірә, кішкентай Петра көшеден неше түрлі жұқпалы ауруларды тасып, содырлы сойқанын тигізеді деп қорқатын болса керек. Ол өзі балаларына келгенде, жоқтан өзгеден секем алып тұратын, кінәмшіл адам. Пелле болса, ондай нәрсеге қолын сілтеп, әйелінің орынсыз сақтығына көбінесе күлетін. Бірақ Свен-Утеха бір жағдайсыз нәрсеге дұшар болғанынан кейін Пелле де қатуланып алды: баласы жастардың ішіндегі қайдағы бір сойқандыларымен үйір болып кетті де, Пелле оны бізден көрді.

¹Таң — Пелленің қала сыртындағы үйі.

²«Жұмысшы» — Дания социал-демократиялық партиясының органы.

— Немене ол көшеде бұзықтық жасап жүр ме?

— Жоқ, сірә, саяси бірдеме болса керек. Жастардың арасында наразылық білдіріп, өз беттерімен өрекіп ұйым құрып жүргендері бар көрінеді, Свен-Утеха да соған қатысыпты. Бірақ мұнда менің ешбір жұмысым жоқ; мен онымен саясат туралы әңгімелесіп көрген жан емеспін. Ал бұл жастар Петер Дрейердің әруағын естеріне алып жүрген болса, оған мен не істей алмақпын. Және баласының жасы да он алтыға келіп қалды ғой.

Петер Дрейер үйдің баспалдағын жуады екен; бұл үшін өзі пәтерде тегін отырып, айына он крон алып тұрады екен. Оның үстіне кедей көршілердің жамау-жасқауын жамап, хозйәкалардың үйлерін жыйнасуға көмектеседі екен, ал кішкентай қызы ұсақ саудагерлердің қолғанаты көрінеді.

— Біз ашыға қоймаспыз,— деп сендірді әйел.— Және бұл жердегі табиғат көрінісінің өзі де бір ғажап! Рас, қыстыкүні суықтау; пеші құрғыр да жаман, қанша жақсақ та жылынбайды!

Сірә, пештерін тіпті жақпаған болу керек: бөлме іші пәгребтей боп азынап тұр. Аужайларына қарағанда, сірә, отындары да жоқ болып қатты қысылып отырған түрі бар.

Үйге кішкене Петра келді. Ол Мортен кеткенде үш-төрт жастағы кішкентай бала болса да, Мортенді таный кетті.

— Мортен аға! — деді ол сыбырлап қана күлімсіреп. «Таңда» тұрғанында балалардың барлығы да оны «Мортен аға» дейтін еді, соны мына кіп-кішкентай, қаршадай бала әлі ұмытпапты! Петра ап-арық жіп-жіңішке екен, өне бойы тұмауратып жүргендіктен мұрынының ұшы қызарып кетіпті. Әсіресе, кішкентай бетте ерекше бадырайып көрінетін үлкен көздері бірнәрсе күтіп тұрғандай Мортенге қадала қалыпты. Мортен бұл жердегілер оны тағдырдың өзі келіп қалғанмен бірдей санайтынын сезді; «Ковчегтегі» кішкентай Йоханның да оған тап осылай қараған кездері болып еді. Ол кішкентай қыздың алдында жүресінен отырып, жуыла-жуыла ыдыраған ақ белдемшесінен сыйпады.

— Мүмкін біз екеуіміз дос болармыз,— деді.

Кішкене қыз басын изеді:

— Мен Королева Терезамен де¹ доспын, бірақ ол бишара — кедей! Ой, сұмдық кедей!

¹ Йоханне мен «Королева Тереза» «Пелле-жаулампаз» атты романның кейіпкерлері.

Бұл күнде «Таңға» Королева Тереза да баруды қойған еді: Эллен оны жақтырмайтын.

— Пелле түрмеде жатқан кезде Королева Терезаның көрсеткен көмегін Эллен енді ұмытып кеткен болу керек. Кір-қолаңның арасынан шықса да, княздікке қолы жетсе болғаны, көкірегін көтеріп, кердеңдеп кететін әркімнің әдеті емес пе! — деп бүкір тігінші кекесінмен күңк ете түсті.

— Қой, қой,— деді Мортен.— Мұндай сөз саған лайық емес. Әрине, кей кездерде өз аузыңа өзің ие болудың қыйын екені де рас. Элленге көп нәрсенің қамын жеп шыжық болуға тура келеді; есіңде болсын, ол әлі-ақ министрдің әйелі болады!

Петра Дрейер қыйсық иығын бір қыйқаң еткізіп қойды.

— Бәрібір, барыня боламын деп алдын-ала көкіректі көтерудің қажеті жоқ! Мүмкін біздің де күніміз туып, еңсеміз көтерілер. Петер Дрейер ылғый: «біздің де күніміз туар әлі» — деп отыратын еді. Немене, сонда біз де біреудің басына шығып кетуіміз керек пе екен?

— Жоқ, сіздер өйтпессіздер деп сенеміз,— деді Мортен көңілді пішінмен.

Мортен оларды іздеп тапқанына қуанды. Бұрынғы таныстық қарым-қатынасты қайта жандандырсақ өкен деген іштей бір тілек болды онда.

— Ал енді бұдан былай қарай мені естеріңнен шығармаңдар,— деді ол кетіп бара жатып.— Жеңілірек жұмыс болса қарастыра жүрермін, Петра; егер бір жерден терезелері күн жақта тұратын пәтер табылса жақсы болар еді.

Бірақ үй мәселесі жөнінде айтылған сөз Петраны аса қуанта қойған жоқ.

— Бұл сыяқты тамашадай табиғат көрінісі бар үйді оңай таба қоймассыз,— деді ол.— Жаздыкүні бұл жерден тіпті Атқыштар қоғамының музыкасына дейін естіліп тұрады.

— Я! Ал мына төменгі жақта король тұрады,— деді кішкентай Петра сөзге араласып, басын изеп.— Мен оны қақпа алдынан көрдім, үстінде тап-тамаша бір әдемі қызыл курткасы бар екен.

— Ой, ақмағым-ай! Ол айтып отырғаның корольдің көшірі емес пе,— деді шешесі.

— Жоқ, мен анық көрдім, ол нағыз корольдің өзі. Біз, бәріміз тұра қалып: «Қайрымды король, бізге ақша бер!» — деп шуластық. Бірақ күзетшісі бізді қуып жіберді.

Содан кейін бір дүкенші келді де, король берді деп, бәрімізге де бір-бір дөңгелек мұз конфет ұстатты.

— Ол бұл сөзді сендер король өкіметіне қарсы ереуіл жасап жүрмесін деп айтқан шығар,— деді Мортен күліп.— Ал енді жақсы сау болыңдар, қос Петра!

— Я, екеуінің де аты бірдей деп, жұрт Петерге күліп жүретін еді,— деді тігінші әйел, баспалдақтың қанатынан асылып тұрып.— Келіп кеткеніңе рақмет, Мортен аға! — Тігінші әйел қуанғаннан ұяла қызарып, еңкейе беріп басын изеді.

Кішкентай Петра жүгіріп басқышқа шыққанда, Мортен кеткенмен, төменде есік дыбысы шығып, әлі жабыла қойған жоқ еді:

— Мама, не білдің? Комотта елу крон қағаз ақша жатыр! Тігінші әйел екі алақанын соғып:

— Ой, құдайым-ай! Әлгі кісіні жылдамырақ қуып жету керек!

Бір минуттың ішінде, әйел жалма-жан жүгіріп төмен түсті де, Мортенді қақпа алдында қуып жетіп, ақшаны ұсынды.

— Мен мұны кішкентай Петра үшін әдейі тастап кетіп едім,— деді Мортен.— Дос-жар адам болған соң...

— Ойбай-ау, мұны бізге еш жер айырып бермейді ғой,— деді Петра Дрейер дағдарған кейіппен.— Сөз жоқ, бізді ұрлап алды дейді.

Мортен бір темекі дүкеніне кіріп, ақшасын айыртты.

— Ал енді сен мұның жартысын ғана аласың,— деді ол, дүкеннен қайтып шығып,— өйткені, жасыратыны жоқ, бар ақшамның өзі де осы еді.

— Демек, енді қақ бөліп алатын болдық қой,— деді тігінші, қуанғаннан гүл-гүл жайнап.— Петер ылғый да, қақ бөліп алғаннан артық әділдік жоқ дейтін еді.

Мортен Вестербро көшесіне қарай келе жатыр. Ауа көктемдегідей болып тұр; мұндай әсерді күн сәулесінің ерекше қызғылт реңі беріп тұрғаны болмаса, күн өте суық. Бірақ әрбір үйдің есігінің алдында балалар секіріп ойнап, зырылдауықтарын зырылдатып жүр. Кварталдың «көңілді қыздары» серуенге шығыпты; кеудедегі қомақты қос анарын қызықтыра торсыйтып, жас баланың құйрығындай бұлтыйған опалы беттерін күнге тосып, олар Мортеннің алдынан жайымен ғана майпаңдап келеді. Виктория көше-

сінде, екі сымбатты альфонс¹ «клинк»² ойнап жатыр. Екеуі омыртқасы үзіліп кетердей боп өлгенше шалқаяды да, тыйынды қабырғаға лақтырып жіберіп, денесін қылымсыта бұраңдатады.

Бірақ екеуінің де бет-аузы өне бойы жүрегі қыжылдап жүретін адамның бет-аузындай қырыс-қырыс болып кетіпті.

Бостандық бағанының жанынан Мортен қалыпшы Ольсен дейтін өзінің бір ескі досын кездестірді. Ол баяғыда, Локаут³ күндерінде ұлы күреске қатысқан және жұмысшылар қамалған фабрикке Пелленің басқаруымен шабуыл жасағандардың ішінде болған адам еді. Талай жылдардың жылжып өтіп кеткені сол жігіттің түрінен-ақ көрініп тұр: қайтпас-қайсар албырт жастың өр мінезінен ешбір із де қалмапты. Ол Мортенге қолын салғырт созды.

— Мен тіпті, бір жерге апарып, саған бір кружка сыра ішкізуге де шамам жоқ, ақшам аз! — деді ол.

— Менде ақша бар, — деді Мортен. — Жүр, тым болмаса, мына театр кафесіне кіре кетейік.

Бірақ Ольсен бұл сөзге құлақ қойғысы келмеді:

— Енді соным қалып еді! Сен өзің ұзақ жүріп үйіңе жаңа да ғана келген адамсын, былайша айтқанда, қонақсың. Жоқ, бізді шошқа есебінде санағанымен де, тұмсығымызбен әзір жер қаза қойғамыз жоқ.

— Қайсымыз төлесек те бәрібір емес пе? Жүр, Ольсен! — деп тұрып алды Мортен.

— Жоқ, болмайды! — Ольсен қалай айналдырса да көнбей қойды. — Егер менімен бірге біздікіне баратын болсаң — мен осы арада тұрам — кемпірімнен де бір-бір шашке кофе табылады.

Ольсендер шөп алаңының ең арғы шетінде, ерте кезде салынған бір ескі үйдің төрт бөлмесінің екі бөлмесінде тұрады екен.

Сіз жан-жағыңызға көп қарай бермеңіз, — деді Ольсеннің әйелі. — Бұл үйдің өзі құлайын деп әзер тұр, мұндай үйде тазалық деген де болмайды екен! Екі бөлмелі пәтер өмірінше табылмайды. Отырыңыз, өз үйіңіздегідей санаңыз!

Я, үйлері үй сыяғы болмай қалған ескі үй екен, бір те-

¹ Альфонс — жүргені үшін әйелдерден ақы алатын еркек.

² Клинк — қабырғаға түйме немесе тыйын лақтырып ойнайтын балалар ойны.

³ Локаут — жұмысшылардың жаппай жұмыс тастауы.

резесінің желдеткіші қысы-жазы бірдей ашық тұрса да, ауасы өте ауыр көрінеді.

— Бұл бірнеше жүз жылдар бойына әбден сіңіп қалған адам терінің исі ғой,— деді Ольсен.— Ешнәрсемен кетіре алмай-ақ қойдық. Не сасыйтынын сайтан білсін; кей кездерде шіркеуге жыйналған кемпірлердің иісіндей тамаша иіс шығады да, кей кездерде айнағатасыз мысықтың қыйындай мұңкіп кетеді! Бір кездерде бұл бір баринның үйі болған ғой,— деп ол үй төбесіндегі баяғыда жасалған жапсырма әшекейдің жұрнағын көрсетті.— Ол кезде жұрт тазалық дегеннің өзін аса керек қыла қоймаса керек. Дәретхананың кілті күні бүгінге шейін ыдыс-аяқтар тұратын сөреде ілулі тұр. Барып көріп келгің келмей ме?

— Мен мұны өздеріңіздің меншікті үйлеріңіз екен десем,— деді таңданған пішінмен Мортен.

— Я, біздің үйіміз «ынтымақ» дейтін жасыл қалада, Сунбияда болатын еді. Есіңде бар ма, өзің де келіп кетіп едің ғой. Ой, ынтымақтың тамашасы сонда болып еді ғой!

— Қойшы енді соны, біз енді соны естен шығарайық дегеніміз қайда еді,— деді Ольсен фру қолын күйеуінің иығына артып.— Баяғы өткен бірдемені айта бересің, біз үшін осы отырған жеріміздің өзі де жақсы.

— Жақсы, жақсы! Несі жақсы! Үйдің айлық жарнасы мен сол сыяқты тағы басқа толып жатқан алымдарын уақытында төлейміз деп, екі көзіміз шекемізден шыққандай болып ауыр еңбек етіп, тапқан таянғанымызды тапшы жұмсап, қараулық жасап жүргеніміздің бәрі зая кетті. Жол салуға да, дәретхана орнатуға да ақша төледік! Қала басқармасы тап бір халықты қайткен күнде де күйзелту үшін ерегісіп отырғандай-ақ, нешетүрлі жаңа алым-салықтарды ойлап шығаруды ғана біледі. Ал сен болсаң, азып-тозып, тапқан-таянғаныңның барлығын үйдің жолына салып, осы бір жұмысты бітіргеннен кейін барлық қыйыншылықтан құтылармын-ау деп ойлайсың! Сол екі арада жұмыссыздық деген сап ете қалады да, бір күні әлгі еткен еңбегіңнің барлығынан жұрдай боласың да шыға бересің! Еңбегің еш болады! Осыным өтірік пе? Осындай үйлерге аз болсын, көп болсын он, он екі мың крон қаржы жұмсайсын, бәрібір ол үйің кейін басқа біреудің пайдасына кетеді! Осы қыйыншылықтан құтқарып жіберуге біреу жәрдем етер деп ойлайсың ба? Жоқ, ешкім де жәрдем етпейді! Ал егер керек болып қалғандай жағдай болса, қалалық басқармадан да, партия ұйымынан да, профсоюздан да ешкімді орнынан

таба алмайсыз. Адам қоғамында өмір сүріп жүрміз бе, жоқ әлде басқа бір қоғамда өмір сүріп жүрміз бе, кім білсін? Сайтан білсін бе оны? — деп столды жұдырығымен қойып кеп жіберіп, екі көзін кеңістікке қадап, мелшиіп отырып қалды. Көзі қанталап кетті.

Әйелі тағы да жанына барып:

— Қойсайшы енді, әкесі-ау, қойсайшы, — деді ақырын ғана.

Ольсен теңселіп, барған сайын бүрісе түскендей болып бір минуттей шүкірейіп отырды да, сонан соң кенет серпіліп:

— Білесің бе, олар қолдарында қапшығы дайын тұратын ұйым болып алды. Жұмысшылардың бірнеше мыңдаған тамаша үйлері жұмыссыздықтың салдарынан қолымыздан кетіп жатыр, ал олар, әлгі ауқатты тұратын нысапсыздар, қолдарына қапшығы мен семеркасын¹ алып жақтап жүр! Барып қарап көрші өзің, біздің үйлерімізді қалай оп-оңай қағып алып, аздап тазартқан болып, қайтып пайда тауып жатыр екен олар! Бір бұрышқа зар болып, табан ақы маңдай терімізбен салған баспанамызды барымталап алып семіріп жүрмегенде, немен семіріп жүр ғой дейсің сол шошқалар? «Тәп-тәуір, оп-оңды үй екен өзі, — деседі олар, — жұмысшылар үйін жаман ұстамайды! Әсіресе, бір ақшасы көп, ақылы жоқ біреуге өткізіп жіберсек, сөз жоқ төрт-бес мың болады!» — Міне сол ақшасы көп чиновниктер мен ұсақ қызметкерлердің бірі келіп үйді алады да, жұмысшы сорлылар кірерге жер таппай, тағы да барып өз ініне тығылуға мәжбүр болады. Өзің барып көрші, меншікті үйі бар жұмысшылардың қаншасы қалды екен?

Ольсен ауыр бір күрсініп, үндемей отырып қалды. Сонан соң аздап салмақпен басыла сөйледі:

— Я, мүмкін, оның өзі жақсылыққа да бастар. Қоғамдық жағдайдың өзі бір жайлы болып түп орнымен өзгермейінше, жұмысшылардың меншігінде ешнәрсенің болмағаны да дұрыс қой; әйтпесе олардың барлық жалынды жігері өшіп, өмірді өзгертпей, сол күйінде қалдыруға мәжбүр болады. Мысалы, мына мен өзімді алатын болсам, әйелімізбен екеуміз әрбір көтеріліс пен локауттан зәреміз ұша қорыққамыз жоқ па? Егер көтеріліс ұзаққа

¹ С е м е р к а — көң-қоқырдың арасынан ескі-құсқы нәрселерді іздейтін имек темір таяқша.

созылып кететін болса, үйіміздің айлық жарнасын қайтып төлер едік?

— Я, я, ол дұрыс,— деп сөзге әйелі араласты.— Енді ешнәрседен де қорықпаймыз, өйткені сонымызды қайтеміз деп қарайлап, қысылатын түгіміз де жоқ. Бірақ қайтсек те, әйтеуір, өмір сүруіміз керек. Бірақ тереземізден күннің көзі жарқырап тұрса тамаша еді-ау! Күн көзі бейне бір үйімізді айналып жүргендей, жан-жағымыздың бәрінен де жарқырап тұрушы еді. Баққа шығып, гүлдер теріп, немесе кеспеге салуға өсімдіктің тамырын жұлатын едік. Дегенмен де, сол өмірдің де қызығын көрдік қой, әкесі!

Әйел ауыр бір күрсініп, күлімсіреп қойды.

— Әй, қойшы соны! — деді Ольсен сергіп.— Енді жұмыс тастап, тағы да бір локаутты бастан кешірудің қыйсыны жоқ, жақында онсыз да жұмыс дегеніңіз болмайды.

— Ал сен көптен бері жұмыссызсың ба? — деп сұрады Мортен.

— Тоғыз айдың жүзі болды. Балалардың арқасында күн көріп отырмыз, әйтеуір, олар әзір жұмыс істеп келеді.

Олардың ержеткен екі ұлы, бір қызы бар еді, үш баласының үшеуі де үйінде тұрып, жап-жақсы табыс табатын.

— Обалы нешік, балаларымның бізге дегенде тартпағы жоқ, жақсы қарайласып тұрады. Бірақ өмір қызығын көру — олардың өздеріне де керек, жастық қайтып келмейді ғой! Бір күні олар да өз алдына от жағып, бөлек үй болғысы келер, көрешегімізді сонда көрерміз, кемпірім!

— Онда бір бөлмелі пәтерге көшіп аламыз да, өмір сүріп тұра береміз, әкесі!

— Әрнәрсеге неге бүйтіп түңіле қарайсыңдар,— деді Мортен.— Көктем де келеді, мүмкін, бір жұмадан кейін жұмыс та тауып аларсың. Сен өзің жұмыс істеген мекемеңде жақсы атанып жүрген адам едің ғой.

— Ойбай-ау, ол өз бөлімінде тіпті начальник те болды ғой,— деп масаттана жауап қатты Ольсен фру.

— Мен онда ерте кезден істеп, жұмысын да жақсы меңгеріп алып едім; шынын айтқанда, менсіз көретін күндері шамалы еді. Бірақ енді мен әртүрлі себептермен ол жерге қайтып бара алмаймын.

— Ол жер болмаса, басқа жерге барарсың. Сен сыяқты адамға орын әр қашанда табылады.

— Мәселе мынада болып отыр ғой: байқайсың ба, жұмыссыздық дегеннің өзі тамырын терең жайып, жылдан жылға көбейіп барады. Қожайындар бұл жайды жақсы бі-

леді, олардың қарттарды қақпайлап, жастарды ғана алып жатқаны да сол. Және...— дей берді де Ольсен аузын жаба қойды.

— Бір жаман жері, Ольсеннің қара тізімге ілігіп қалғаны болып тұр ғой,— деп түсіндірді әйелі.

— Я, жұртқа жайып, дабыра етпегенімен ыңғайы солай. Қожайындар қара тізімді көп жылдан бері жүргізіп келеді, ал енді қазір олар жұмысты жасырын түрде, біздің уәкілдерімізбен бірлесіп жүргізетінге ұқсайды, түсініктіме.

Мортен оған үрейлене қарады.

— Оған сенін анық көзін жете ме, қателеспейсің бе? Ольсен шаршай күлімсіреді.

— Ашып айтқанда, барлық бәле өз уәкілімізден болып отыр. Ол жұмысшы партиясының уәкілінен гөрі социал-демократиялық партияның уәкілі болып кетті, мен сол үшін олармен талай рет ұрыстым. Бұл партия еңбек ақыны көбейту үшін болып жатқан күрестің қандай түріне болса да қарсы шығып отыр десе де болады.

— Мен мұны, сыпайылап айтқанда, өсіріңкіреп жібергендік пе деп ойлаймын.

— Сен біздің өмірімізден артта қалдың, Мортен. Кейінгі жылдарда мекеме дирекциясының айтқаны сөз болмай барады: уәкілге барып шағынасың ол басқармаға барып айтады, ал басқармадағылар жалма-жан партия ұйымына қарай жүгіріседі. Сонымен барып іс басталады! Ең әуелі өз қожайыныңның социал-демократиялық партиямен қандай қарым-қатынасының бар екенін, олардың газетіне ірі-ірі қабарландырулар жариялап тұрмай ма екен — соны біліп алу керек, әйтпесе, масқара ғой, оның өзі сол партияның мүшесі болып жүрсе, несі жақсы дейсің. Жұмысшылар үшін егеу құйрықтың ініндей, ит байласа тұрғысыз барактар ұстап тұрған үй иелері бар. Бірақ оларды «Жұмысшы» гезетінде сынап жазуға болмайды,— социал-демократтағы сұмдар сыяқты, үй иелері де сұм болып шықты. Газетте отырғандар оларға: «Жоқ, рақмет, біз тауық қораға түлкіні қоса қамай алмаймыз» дер дейсің бе? Жоқ, өмірінше айтпайды! Қайта оларды құлашын жайып қарсы алады, тіпті айта берсеңіз, олар қалалық басқармада да және сол сыяқты тағы басқа мекемелерде де ірі-ірі жауапты қызметтерге тұра қалады. Ал егер жандарына жақпайтын бірдеме айтсаң, табан астында крест салып, белгілеп қояды.

— Неткен сұмдық! — деді Мортен түршігіп; шынында да оның тұла бойы тітіркеп кетіп еді.

— Сұмдық дейсің бе? Сұмдығың не: масқара, пасықтық қой бұл! Осының бәрі саясаттың салдарынан болып отыр! Синдикалистердің айтқаны рас болып шықты: саясат дегеніңіз — барып тұрған доңыздық!

— Я, Ольсен енді синдикталист,— деді әйелі сөзге араласып.

— Нансаң, байырғы партияма бет бұрудың өзі оңайлыққа түсе қойған жоқ,— деді Ольсен ойлы пішінмен.— Ол партияда көп істедім. Бірақ онан ары шыдауға шамам келмеді, әсіресе, осыдан жыйырма шақты жыл ғана бұрын өткен тамаша күндерді еске түсіргенде төзіп отыра алмадым. Ол кезде жұрт арасында албырттық көп еді, тіпті кей кездерде қызған темірдей лапылдап кететінбіз. Ал енді қазір көтеріліс дегенге құлақ түретін бірде-бір жұмысшы жоқ, өйткені олар бұдан бәрібір еш нәтиженің шықпайтынын жақсы біледі. Олардың тек: «Тыңдаңыздар! Дауыс берейік, жолдастар!» деп даурығысқанын ғана естисің. Біздің ісіміз қаралып жатқан жалпы жыйналыстарда олар залда отырып, баяндама тыңдап, сөзге шыққысы келмейді, тек есік алдында отырып жәшік-жәшік сыра ішумен болады. Ал біреу-міреу есіктен басын сұғып: «жүріңдер, дауыс беріп жатыр!» — деп дауыстаса, олар ентелеп залға кіріп келеді де, ақмақ адамдардай бірне-бірі қарасып: «неменеге дауыс беріп жатыр! Сен білесің бе?» — «Жоқ мен білмеймін, өзің білесің бе?» — «Ой қойшы, жарайды енді, көтере бер қолыңды!» деп даурығысып жатады. Жоқ, не десең о де, саясат дегеніңіз — барып тұрған доңыздық! Сондықтан да ғой менің синдикалист болып жүргенім.

— Я, сондықтан да ол қара тізімге ілікті! Бірақ онысы қайтер дейсің, сол үшін аштық азабын тартсақ та, оның өз алдына алған беті бар. Тек әйтеуір, мына балаларымызды да қара тізімге тізіп қоймаса болғаны да. Егер оларды да тізіп қойса көрешегімізді сонда көрерміз.

Мортен кетуге жыйналып жатқанда, жұмыстан Ольсеннің екі баласы келді.

— Сәлеметсіз бе, әкей, сәлеметсіз бе, шешей! — деді олар көңілді пішінмен ата-анасының иығынан қағып. Соған соң сабырлы, байсалды пішінмен Мортеннің қолын алды.

— Бұл — Мортен деген біздің жұмысшылардың жазушысы, мүмкін, білетін боларсыңдар,— деді Ольсен. Балалары, шынында, Мортеннің кім екенін естіген еді. Олар біраз тұрды да, сонсоң киім ауыстырып шығу үшін көрші бөлмеге кіріп кетті.

— Міне, жастар дегеніңіз осы,— деді көңілсіз пішінмен Ольсен басымен есік жақты мезгеп.

— Немене, олар жаман ба? — деп сұрады әйелі.

— Жоға тәйірі! Тек саясат дегеннің не екенін білмейді. Мортен күлімсіреп:

— Саясат деген доңыздық деп отырған жоқсың ба өзің.

— Доңыздық екені доңыздық. Бірақ бұл балалар жұмысшылар қозғалысына қатысы бар нәрсенің ешқайсысына құлақ аспайды, тіпті кәсіпшілер одағына екі баламның біреуі де мүше емес.

— Соған да жол беріле ме?

— Я ... қазір соған да жол беріліп отыр. Бұдан он жыл бұрын болса, бүйткізіп қоймас еді.

Хозяйканың өз адамдарын тамақтандыру үшін қонақтың кетуін күтіп отырғандай қырпын байқап, Мортен ішкен кофесіне рақмет айтып орнынан тұрды. Демек, хал-жағдайлары аса тәуір болмаса керек! Ольсен оны шығарып салды.

— Қызым сен отырғанда келсе екен деп едім, бірақ келмеді,— деді ол есік алдына шыққанда.— Ол менің балаларымдай емес, әрнәрсені білсем екен деп тұрады. Бірақ сен тағы бір кеште келіп кетсейші, ә? Байқа тым ұзаққа созып кетіп жүрме!

Үйге қайтып келе жатып Мортен жолшыбай, кіргісі келмесе де, өзінің борышындай сезіп, «Жұмысшы» газетінің редакциясына соқты; Пелленің сөзіне қарағанда, сірә, шетелдердегі партия тұрмысының қабарын естиміз деп Мортенді күтіп отырса керек. Редакцияға Мортеннің барғысы келмеді. Жас кезінде, жұмысшылар газетінің редакциясын өте салтанатты істерді ұйымдастырып, халықтың ой-пікірлері мен көзқарастарын бірлестіріп жұмыс істетіп отыратын орталықтай көруші еді. Сондықтан алғашқы мақаласын апарып бергенде де редакцияға өзі жүрексініп барған. Ол онан бірін-бірі ала көздерімен ата қарап, ұзын столдың бойында бүкірейіп отырған, өзіне де тап бір ауыздарындағы сүйектерінен айрылып қалатын иттерше қараған бір топ газет қызметкерлерін көрген. Олар Мортеннен де ұялмастан бірімен бірі және редакцияның секретарымен балағаттасып жатқан. Содан естен кетпестей қатты

көңілі қалған Мортен, күні осы уақытқа дейін бұл редакцияның бетін көргісі келмейтін еді.

Содан бері редакция үйдің жоғарғы қабатына көшіп, орнын ауыстырғаны болмаса, ешнәрсесі өзгермесе керек. Ол бас редактордың кабинетіне апаратын есік осы болар деп, бір есікті қағып еді: «қатардағы есіктен кіріңдер, сайтан алғыр!» — деп біреу шаңқ ете қалды. Мортен қатардағы есіктен кіріп еді, бір үлкен бөлменің ішінде, ұзын столды жағалай қоршап пенжексіз жеті-сегіз адам отыр екен. Көпшілігі жастар. Пенжексіз журналистерді Мортен барлық шетел редакцияларынан да кездестірген еді, бірақ мыналар түк бітірмей, іштері пысып, ерігіп отырған тәрізді; Мортеннің амандасқанына ешқайсы да жауап қайырған жоқ. Арырақта, бұрышта, үш бүктеліп бір егде адам отыр; Мортен оны бұрыннан білетін, оны мұнда «Инвентарь» деп атайтын. Ол редакция ұйымдасқаннан бері осында істейтін еді, ал енді қазір оны бір бұрышқа қуып тастап, некеге отырғысы келген жұмысшылардың қағаздарымен айналыстырып қойыпты. Мортенді көрген шал қасына келіп, қолын ұсынды.

— Келуіңізбен! — деді ол дауысы қалтырап.

Мортен бас редактормен сөйлескісі келгенін айтты.

— Ол жоқ. Ригсдагте болу керек. Бірақ, редактор Оскарсен осында.

— Ол әлгі провинциалық баспа сөзді басқаратын кісі емес пе?

— Ол оны да, мұны да басқарады... соған барыңыз.

Мортен ол редакторды жақсы білетін еді. Саясат төңірегінде жүргендер оны «Партиялық қызыл кеңірдек» деп атайтын. Ол өзінің қыршаңқы тілімен атағы шығып жүрген адам еді. Социал-демократиялық партияның басшылары оны басқа адамның қолынан келмейтін жұмыстарға, саяси митинглерде сөйлеуге, жағадан алған жауларға қарсы айдап салып отыратын. Залда Оскарсеннің отырғанын білген адамның көпшілігі жыйналыста жұртқа күлкі болып, абройымнан айрылып қалармын деп жұмған аузын ашпастан, қоянша жымып отыратын. Бұл жолы Мортен де оған соқпай кеткісі келіп еді, бірақ сол сәтте кабинетінің есігін ашып, редактор Оскарсеннің өзі шыға келді. Ісінген, шарық табақтай жалпақ бетіне қылтанақ қалдырмай қырғызған, екі көзінің алды қалталанған Оскарсен стол басында отырған қызметкерлерге ызбарлана қарады.

— Газетті, қайткен күнде де, уақытында шығару керек, —

деді ол, ашулы пішінмен.— Көрген жұрт көзге шұқымай-тындай етіп ең құрғанда бір номерін жөндеп шығарсаңдаршы! Сіз маған келіп тұрсыз ба, жазушы? — деп ол Мортенге бұрылды.— Кіріңіз!

Кабинетіне барып Оскарсен сылқ етіп, диванға отыра кетті.

— Әлгінде мен сізді тілдеп тастаған жоқпын ба өзі?

— Кім екенін білмеймін, әйтеуір, біреу жаңа есік қаққанымда тілдеп тастады.

— Мен сіз екеніңізді қайдан білейін. Мұнда неше түрлі адамдар келеді, қожаларымен арасында болған дау-жанжалына шейін бас деп отырып алады. Бізде одан да гөрі маңыздырақ жұмыстар бар деп түсіндірсек, сайтан алғырлар, өздерінің праволарын айтып, газеттің иесі біз емеспіз бе деп шыға келеді. Осы бір жоқтан өзге жандар, біздің қазіргі жұмысшылар, нағыз барып тұрған өркөкіректер! Өздері өте жақсы тұрады. Қойшы енді соларды! Келуіңізбен құттықтаймын! Немене туған жерге қайта оралудың өзі біртүрлі жақсы да шығар? Біздің кішкентай Даниямызда тұрмыс жаман да емес өзі.

— Кейбіреулерге әрине жаман емес, барлық жерлерде де солай көрінеді,— деп селқос қана жауап қатты Мортен.— Бірақ сол «жоқтан өзгелердің» сіз айтқандай жақсы өмір сүріп тұрғанын көргенім жоқ. Мен кеткеннен бері кедейліктен құтылған ел шамалы көрінеді; дегенмен, құр босқа дәсерсу де сол күйінде екен.

— Қойыңыз, өйтіп улы тіліңізді сұқпаңыз, құрметті жазушы! Дәсерсісек дәсерситін жөніміз бар. Бірдеме істегісі келсе де, келмесе де, бәрібір әйтеуір, халқымыз жақсы тұрады. Жұмысшы дегеніңіз еліміздің қожасы десеңіз де болады; енді бір екі сайлау болса, көпшілік дауысты біз аламыз. Айтпақшы, осы маңдағы ең бір сенімді өлкеге — Зеландияға сіздің кандидатураңызды ұсынсақ қалай болар еді? Бізде, ригсдагта, бірде-бір жазушы жоқ. Ригсдагты: «еліміздің таңдаулы гүлі» дейтін еді әлгі адвокат, маскүнем, қаңғыбас Бек. Сол таңдаулылардың қатарына сіздің де қосылғыңыз келмей ме?

— Сөйтіп, социал-демократияның құлы болып, саясаттан жұрдай болайын ба? — деп салды Мортен.

— Қойсаңызшы енді! Неткен улы адамсыз, сайтан алғыр! Біз енді, қазір...— қазан басына деп қала жаздады! — Өкімет басына келіп отырғамыз жоқ па, ендеше, сол билікті қалай қолға алуды келісіп, ақылдасуымыз ке-

рек. Шет мемлекеттерде, мысалы Германияда, өзара ақылдасып келіспей ме?

— Неге келіспесін: үніңді өшір де, қатарға кеп тұр дейді! Редактор Оскарсен бетін тыржыйтып:

— Қойсаңызшы енді құрып кеткір! Мен сізбен ұрысқым келмейді. Ал егер ригсдагқа сайланғыңыз келсе...

— Негізі жазушыны сайлауға болмайды,— деді Мортен оның сөзін бөліп.

— Оһо, міне өркөкіректік! Калуриус — бас редактор шетелдерде болып жатқан жағдайларға байланысты Дания жөнінде сіз бірдеңе жазсын деп еді. Мысалы: «Күн астындағы ең көрікті ел» немесе «Байлары аз, кедейлері одан да аз» деген тақырыппен жазсаңыз болады. Сіз оны оп-оңай-ақ жазып тастар едіңіз, өйткені шет мемлекеттердің жағдайын да, біздің жағдайымызды да жақсы білесіз ғой. Жазып берсеңізші, э? Қасарысқанды қойыңыз! Сіздің бізге ештеңе жазып бермегеніңізге көп жыл болды ғой.

— Сіздердің газеттеріңіздің мақалаларымның көпшілігін өзіме қайтарып жіберіп отырғанына да мен кіналімін бе?

— Тап күресінің жойылғанын сіз әлі күнге шейін естен шығара бересіз. Біз өзіміздің күнімізді көріп, амалсыздан арқа сүйеп отырған адамдарымызға: ірі-ірі қабарландырулар беріп, мақалалар жазып отырған адамдарға қарсы шыға алмаспыз! Газетіміздің өзі онсыз да ақшаға жарып отырған жоқ, ал егер ірі-ірі қабарландырулардан да айырлатын болсақ, онда...

— Менсіз де қызметкерлеріңіз жеткілікті көрінеді ғой,— деді Мортен басымен редакция бөлмесін нұсқап көрсетіп.

— Ой, анау отырған балалар бақшасын айтасың ба? Оның екеуі құдай ұрып, жастар мекемесінде социал-демократиялық партияға қарсы сын айтамын деп көзге түскен жігіт. Бұл — үлкен табысқа жету үшін бірден-бір дұрыс жол; олардың көмейін бітеу үшін, кішкене қызмет беріп осында жібереді, ал олар келешекте, егер өздерін дұрыс алып жүретін болса, ригсдагтың да мүшесі болып кетуі мүмкін. Біразын буржуазия баспасөзінен алуға тура келді, онда олар кедейлерді жақсы көргендіктен қызмет атқарып тұра алмапты.

— Демек, олар нағыз жұмысшылар газетінің қолы екен ғой.

— Нағыз жұмысшылар газеті! — деп шытыр ете қалды Оскарсен.— Түкке тұрмайтын бірдемені айтады екенсіз! «Нағыз жұмысшы газетін» жұмысшылардың оқығысы

да келмейді.— Ол кейінгі сөзін жақтырмай, ерекше үнмен тыжырына айтты — жұмысшылар арасында «Ең үлкен газетке» жазылушылардың саны, біздің барлық тиражымыздан да артық екенін сіз білесіз бе? Жоқ, қалалық басқарма алаңына барып, бәсекеге түсуіміз керек еді.

Оскарсен бауыры аурып, бөсір болған адам сыяқты алқынып тұрып қалды. Мортенге бортыйған ақ саусағын ұсына беріп:

— Ал енді бара беріңіз! Анау есіктен шығыңыз — сонда біздің «балаларға» соқпайсыз,— деді.

Төменде шыға беріс қақпада Мортен редакция меңгерушісімен кездесті.

— Жүріп-жүріп, ақыры үйге оралған да рақат шығар? — деді ол жанынан өтіп бара жатып.— Дегенмен, Данияда тұрғанға не жетсін!

Сірә, бұ да бір жаңа саясат болса керек. Жұмысшылар да неғып осылардай масайрай қойды екен? Олардың көңіл күйін біле қою да оңай емес: сірә, өздерінің уәкілдеріне уәде беріп қойған болса керек, жұмысшылар тіпті бір түрлі үндемейтін болып кетіпті. Жұмысшылардың мұндай мінезі Мортен үшін жаңалық та емес еді, бұл мінезді ол шетелге кетпей тұрып-ақ аздап байқаған. Бірақ енді сол мінез қазір көзге ерекше шалынатын болыпты.

Жұмысшылар бұрынғыдай қала ішінде де көп емес екен: бас көшеде қазір буржуазия тобыры көбейіпті. Тек анда-санда ғана жерде арзан бағаға «Өмір күресі» гезетін аласың ба деп сыбырлап, суық сорып көгерген, арық-ашаң жұмыссыз сорлылар тұр. Мортен Испанияның ірі-ірі қалаларындағы жалба-жұлба киімдерімен көшеге шығып, тәуір киінетін такаппарларға көзге шыққан сүйелдей боп көрінетін жұмыссыз пролетарларды еріксіз есіне алды. Дания жұмысшылары көшеге тек тәуір киініп қана шығады. Бұлар мешандарша жүретін неміс жұмысшылары сыяқты арланғыш: «Арт aber nett»¹.

Дания жұмысшылары басқа жағынан алып қарағанда да неміс жұмысшылары сыяқты. Жұмысшылар мен олардың басшыларының арасында үлкен бір жік бар, бас штаб пен унтер-офицерлердің, қарапайым солдаттардың арасындағы тәртіп сыяқты әскери бір иерария² пайда болыпты. Бұрынғыдай қарапайым қарым-қатынас жойылып, оның

¹ Кедей, бірақ жөн-түзу киінген.

² И е р а р и я — төменгілердің жоғарғыларға бағыну сатысы.

орнына қадыр тұтып, құрметтеушілік пайда болыпты. Жұмысшылар өздерінің басшыларына қол беріп амандасып, «Сен» деп айтудан қалыпты, баскиімдерін алып, тағзым етіп, иіліп тұратын көрінеді. Ал басшылары оларға жоғарыдан қарайды, бұрынғыдай емес, жылы сөз жоқ, оның орнына қатаң командирлік сөз бар. Халық арасында келісімпаздық тәртіп орнаған, бірақ бұрынғыдай емес ол да басқаша: ендігі тәртіп, көбінесе, соғыс машақатына, соғыс өнерін үйренуге ден қойған сыяқты. Сырттан қараған адамға, бәрі де жұмысшыларымен бұрынғыдай санасатын сыяқты болып көрінеді — олар өздерінің мекемелері арқасында сый-құрметке қолдары жетті және сол сый-құрметке әзір ақау түсе қойған жоқ. Буржуазиялық газеттер оларды келеке қылады, ал король өз алдарыңа өкімет орнатыңдар депті.

Көп жайлардың мәнісін біліп, солардың көбісі жөнінде белгілі бір көзқараста болу керек еді. Кейбір нәрселер Мортен кеткендегідей емес, қазір тіпті өзгерген; Мортеннің өзі де бұрынғыдай емес, көп нәрселерге басқаша қарайды. Бірақ кейінгі жылдарда жұмысшы жағдайының тіпті нашарлап кеткенін мойындамауға болмайтын еді. Бұрынғы қысқы суыққа байланысты жұмыссыздық, енді тұрақты әдетке айналыпты; не нәрсе болса да қымбаттап кетіпті; алым-салық көбейіп, жоқ-жітік сорлыларды жаныштай түсіпті. Мортен біртіндеп жүріп іздеп тауып алған семьялы жұмысшылардың көпшілігі бұрынғыдан да гөрі нашар тұратын көрінеді, ал деревнядағы кедейлер де арызды жиі айтатын болыпты. Қалың бұқараның тұрмыс күйінің төмендеп кеткені барлық жағынан да байқалады, сірә, мұның өзі қай жағынан алып қарасаңыз да, бүкіл дүние жүзілік жалпы жағдаймен байланысты болу керек. Дания буржуазиясына шетелдерде болып жатқан соғыс дабылы мен шаруашылық күйзелісі, сірә, ешқандай әсерін тигізбесе керек: олар ресторан мен түнгі кабактарда бұрынғыдан арман сауық-сайранын салып, есіріп жүр. Ал жұмысшылар болса, онжұрғалары түсіп, қамығып үйлерінде отыр. Митинг пен демонстрация дегенді ауыздарына да алмайды.

Мортен редактор Оскарсеннің арсыз сөздерін қайта-қайта есіне ала берді. Шынымен-ақ, жұмысшы басшылары тап күресін жоямыз деп жүр ме екен, жоқ әлде бұл тек Оскарсеннің ғана ойы ма екен? Оның сөзін шындыққа алмауға да болатын еді, өйткені Мортен оның жайын жақсы білетін. Бірақ редактор Оскарсеннің ашықтан-ашық

айтып салған біраз сөздеріне қарағанда, тек ешкімге жарияламай, іште сақтап жүргені болмаса, басқа жұрт та солай ойлайтын болса керек. Ұсақ буржуазияның лагеріне қосылуды арман етіп жүрген жұмысшылардың тобына ашықтан ашық сүйенген ревизионизм¹ Данияда да етек алып кетіпті, қозғалысқа қатысушы қарапайым адамдардың осы бәтуесіздігінен қорқып, басшылар бір қалыпты жүре беруге мәжбүр болып отыр ма екен, жоқ әлде, бұқараны басшылардың өздері итермелеп осы жолға салды ма екен? Мүмкін екі жағының екеуі де бірдей кері кетті ме екен?

III

Үзілген үміттер

Данияға қайтып оралған Мортен көбінесе жалғыздықтан жапа шекті. Бір ғажабы сол, Мортен бөтен жерде жүргендегіден гөрі өз елінде жалғызсырағандай сезінді. Шетелдерде жүргенде қайда барса да орын табылған еді, бұл жерде ол жұртқа көзге шыққан сүйелдей боп көрінді. Қай жерде болмасын жұрт Мортенді көзі шалса болғаны, табан астында, саясатты әңгіме етеді, сөз аяғы ылғыйда: жұмысшылардың зұлымдарына кеп тіреледі. Жұмысшылардың бас көтеруді мүлде қойып, күрес жылдарындағы қолы жеткен табыстарды місе тұтып, ешнәрсемен ісі болмай, жайбарақат отырғаны да одан арман пұшайман қылады. Мүмкін солардың осы қорғаншақтық мінезі буржуазияның біртіндеп шабуылға шығуына жол беріп отырған болу керек.

Қай жерге барса да: шаштаразға барса да, тігулі киімдер сататын дүкендерге барса да — бір ғана нәрсе айтылады: ең әуелі жұрт оған жұмысшылар арасындағы ағарту жұмысы мен олардың білімі, қолдары жеткен ірі-ірі табыстары жөнінде айтып келеді де, сонан соң жұмысшыларды азаттыққа шақыратын ұрандар олардың барлық басқа қауымдарды террормен шошытуына қалайша жол береді деп таңданады. Осы сыяқты қайта-қайта айтылатын құнсыз кіналау сөздер жұмысшы табының алға басуына кедергі

¹ Р е в и з и о н и з м — буржуазия мүддесін көздеп, марксизм көзқарасының өңін айналдырушылық, халықаралық оппортунизмнің бір түрі.

жасаушылардың көп екенін, тіпті олар, айта берсеңіз, жұмысшыларды бастапқы күйіне түсіргісі де келетінін көрсетеді. Дем алған сайын жұтатын ауаның өзінде де реакцияның қоңырсық иісі бар. Қоғамның заңды мүдделерін қожайындар мен жұмысшылар арасындағы күнделікті дау-жанжалдар бұзып кетіп отыратын болса, қоғам одан ешбір пайда таба алмайды деген зымыяндықпен жазылған ұрандар шыға бастады. Ал, жұмысшыларды алға басу адымы аршындап тұрған кезде ғана қорғаған буржуазиялар енді олардан ашықтан-ашық безе бастады. Қазірде, шаруалар күресінің шиеленісіп тұрған кезінде, олар аш отырған жұмысшылардың семьялары үшін астанаға шошқа етін жібере қояр ма екен, ал қала халқының ымырашыл топтары да оларға ақша жыйнап бере қоймас. Төменгі топтардың қозғалысы өзінің жетістіктерімен бүкіл қоғамның таңдаулы өкілдеріне көмек көрсетуіне міндетті деген ойынан әлі де болса бас тартпаған Мортенге бүкіл жағдай аса бір күйінішті және, шу дегеннен-ақ, алған беттен алжастырып жіберетін жаңалықтай болып көрінді.

Мортен әлі де болса тұратын Жоғарғы халық мектебінің жатақханасында қызу айтыс көбінесе түскі астың кезінде болатын. Бұл жатақхананың негізгі тұрғындары: жаурындары қақпақтай-қақпақтай біраз провинция адамдары мен ригсдаг мүшелері және мемлекеттік мұғалімдер курстарына қатысып жүрген провинциялық төрт-бес мұғалімалар еді. Тұрғындардың кейбіреулері венстре¹ партиясынан да, басқалары радикал партиясынан, бірақ осы екі партия біріне бірі жау бола тұрса да, Мортен келгенше, стол басындағы айтыстары тату-тәтті ғана өтетін, Мортен келісімен-ақ әңгіме жұмысшылар туралы бола бастайтын да, жұрттың бәрі Мортенге ұмтылатын, сондағы ойлары Мортеннің пікірін тыңдау емес, қайта оны өздерінің пікірлерімен уландыру болатын. Мортен көңілі қош алмаса да, бірте-бірте айтысқа араласа бастады. Провинциялық газеттердің айтатынындай, сол баяғы бір қайдағы жоқ, ақмақтық сөздерге тойтарыс бере-бере Мортеннің өзі де әбден **жалықты.**

Әдетте столдың екінші жақ шетінде мойнынан су кеткендей боп салбырап Бек отыратын да, тап бір «қалай

¹ Венстре — 80-жылдарда өкімет билігінде отырған консервативтік үкіметке қарсы жасаған шаруалар күресінің нәтижесінде құралған Венстре шаруалар партиясы («солшыл»), кейініректе ол кулактар мен помещиктердің реакцияшыл партиясы болып кетті.

достым, айтысқа күш-жігерің жете ме!» деген адамдай Мортенге қарайтын.

Мүмкін, әртүрлі мамандықтағы жұмысшылармен жасасқан шарттардың мерзімі өтіп кеткендіктен болар,— бүгін бұл топ ерекше тынышсыздықта еді. Бұл жағдай халық арасында да, баспасөз бетінде де біраз дүбір туғызған.

— Қашан да болсын осы жұмысшылар, қайдағы бір ерекше қызу істің кезінде, көктемге қарай, қырсығып қалады екен,— деді отырған мұғалималардың бірі Мортенге бір қырын бұрылып.— Өздеріне жұмыссыз жүрген ұнайтын болса керек!

— Я, бұл іске жұмысшылар қоғамы кірісіп, жұмыс тоқтатушыларға тыйым салуы керек еді,— деді әлгінің сөзін мақұлдап, екінші бір мұғалима, не дер екен дегендей, провинциялық заң шығарушыларға. Олар мұның сөзін мақұлдап бастарын шұлғысты.

Жеке меншікке негізделген әлеуметтік құрылыста, жұмысшылардың меншігіндегі нәрсе тек еңбегі ғана болғандықтан, олар өз еңбегіне өздері қожа, сондықтан олардың жұмыстан бас тартып, реті келген кездерде, тіпті көтеріліс жасауға да қақысы бар деп түсіндіргісі келіп еді Мортеннің, бірақ оған ешкім қосылмады, барлығы да: «Ал біз қайтпекпіз!» деп шу ете қалысты.

— Демек, жұмысшылардан басқаның барлығы да өз мүлкін өзі қалай етіп жұмсайын десе еркі бар екен ғой, тек жұмысшыларының ғана еркі жоқ екен ғой? Мынау бір қоғамдық тамаша мораль екен! — деді кейіп Мортен.— Барып тұрған нақұрыстық! Сөйтіп отырып, тап бір кеудесінде жаны бар, ақылмен ойлайтын нәрсемен сөйлескендей сыпайыгершілік жасап, қылымсып отыру керек-ау, әлі, бұлармен сөйлескенде!

— Жұмысшылардың міндеті — мемлекеттік машинаның жүрісіне кесірін тигізбеу,— деді мұғалималар стол басында отырғандарға масаттана қарап.— Сіз бұған қалай қарайсыз, адвокат мырза, солай емес пе? Сіз заң адамысыз ғой!

Адвокат Бек мас емес кезінде сөзді жақтырмайтын, ал өзі, әдетте, түске шейін мас болмай сау жүретін. Бірақ бүгін жексенбінің құрметіне бөтелкеге табынып үлгеріп те қойыпты. Ол шарық табақтай қызылкүрең бетін үйдің төбесіне көтеріп, шалқая қалғанда, мұрны жоғары көтеріліп тұрған құстың тұмсығы сыяқтанып кетті.

— Әрине, жұмысшының тікелей міндеті — машинаны жүріс үстінде қолдап отыру, сайтан алғыр! — деп бар ете қалды ол қырылдақ дауысымен столды басына көшіріп. — Олай еткісі келмейді екен. Соғу керек! Әйелдер жылына бір бала табуға тікелей міндетті болса, олар да сондай міндетті, сайтан алғыр! Ал әйелдер бала тапқысы келмесе, оларды да соғу керек!

Бірақ осы арада мұғалималар қарсылық білдіріп, шу ете қалды. Өзінің ықыласы болмаса, жарық дүниеге жас нәрестелер келтіріп отыр деп, әйелдерді зорлауға болмайды. Әйелдердің ең ардақты міндеті — өз тәнін өзі билеу!

— Дұрыс! — деп барқ ете қалды Бек. — Дұрыс!

Мортен әйелдердің ой өрісінің тыянақсыз, айнымалы екенін айтайын деп тамағын кенеп, жөтеліп алып еді, бірақ адвокат бір жақ жанына қарай басын қыйсайтып, оған мүләйімси қарады. «Құдайым-ау, мұныңыз қалай», — дегендей еді оның көз қарасы.

Кейін, Мортен жоғарыда, өз бөлмесінде отырып өзіне өзі ыза болды — өзінің аңғалдығына, тапқыр еместігіне кейіді. Өзі жалғыздықтан жапа шегіп жүрсе де, жұртты да жақтырмайтын кездері болды. Шетелдерде жүргенде ол ешуақытта жұрт кемшілігін сезген жоқ еді, мұнда, өз елінде, баяғы бір жас шағында Пеллемен қандай біте қайнап, бірге өссе, сондай біте қайнап, бірге өсетін достас адамды таба алмады. Өзіне тең және өзіне сенетін бір әйел тауып алса жақсы болар еді. Неге ол айналадағы жұртқа көзге шыққан сүйелдей боп көрінеді? Әлеуметтік құрылысты өзгерткісі келетін жалғыз ол емес қой! Буржуазиялық қоғам одан түп орнымен ашықтан-ашық безе бастады, тіпті айта берсеңіз, социал-демократтар да оған күдіктене қарайтын болды. Қалайша бүйтіп айналасынан қол үзіп қалды? Мүмкін, жұртқа өзінің жұғымы жоқ шығар? Мүмкін әлде икемсіз де болар? Әйтпесе, неге ол кеше мынадай оп-оңай қарапайым істі істей салмады: неге әлгі жұмысшы жас қызға барып, мен саған тіл үйретейін деп ризалығын білдірмеді?

Біреу есікті қақты, табалдырықтан сол кешегі қыздың өзі көрінді... қолында хаты бар, ұялыққырап қысыла күлімсіреп тұр. Ол өзі фабрикте Пеллеге («директорға» — дейтін еді ол) почталарды реттесуге көмектесетін. Почтаның ішінен жазушы мырзаға арналған бір хат шығыпты; өзі шетелден келген хат болғандықтан мұнда бір өте келе-лі, маңызды мәселе бар шығар деп ойлапты қыз.

— Түү, ертеңге шейін жата тұрса да ештеме етпейтін еді ғой,— деді Мортен, бірақ сол сәтте қыздың абыржып, қысылыңқырап қалғанын байқай қойып, неге айттым екен дегендей өз сөзіне өзі өкініп қалды да: — Келгеніңіз өте жақсы болды, сізбен біраз мәселелер жөнінде сөйлескім келіп еді,— деп сабақтады сөзін, ол да қысылыңқырап.

Қыз реңі қайтадан жылушырай кетті, күлімсірегендей болды; тереңге тығып тастаған бір асыл заттың жарқылындай, жүзі жайнап қоя берді. Қыз жақсы қыз, жақсы болғанда да ерекше жақсы, бет әлпеті мен дене пішініне қарағанда «сұлу» десе, сұлу дегендей. Мортен ылғый да, адамның сұлу екенін, сұлу емес екенін тек көп уақыт тексеріп, бақылап жүріп қана білуге болады дейтін еді. Бірақ, мына жас қызметшімен бетпе-бет тұрып, ол бір көргеннен-ақ сұлу деп айтуға тұрарлық жан да болады екен-ау деп ойлауға мәжбүр болды. «Демек, бұл көрік, бұл бітім ішкі жан сезімінің сәулесі»,— деп ойлады ол, сөйтіп тұрып кенет өзінің қызға үнсіз, қалша қарап тұрып қалғанын, қыздың да бір орыннан қыбыр етпей, ұялыс тапқандай болып, қысылып терезеге қарап тұрғанын аңғарды.

— Кешіріңіз, Вера Хансен фрекен,¹— деді ол, қыздың иығынан ебедейсіз ұстай беріп,— мен бір ойға беріліп, сізге, тіпті отырыңыз деп те айтпаппын. Біз сыяқты кәрі бойдақтар осындай топас келеді! — Өзі ұялғандай болып, күлімсіреп тұрды.

Қыздың екі беті сәл ғана қызарғандай болды.

— Бұл сіздің жазушы болғандығыңыздан ғой деймін,— деді қыз көзінің қыйығын тастап.— Менің апайым айтады, жазушылардың өзі сондай... сондай біртүрлі келеді дейді.

— Жазушыларды ол қайдан біледі? — деді Мортен кенет батылданып.

— Ол «Көк құс» кабарында² және тағы басқа сол сыяқты жерлерде болып жүреді. Ән салады, тақпақ айтады! Сіздің жазғандарыңызды да оқыйды. Апайым, онда ақшаны өте жақсы төлейді деп жүр.

— Қойыңызшы! — деді Мортен соза сөйлеп; эстрада жөнінде естігендеріне қарағанда олай болмаса керек еді.

¹ Ф р е к е н — бойжеткен, бикеш, деген мағнада.

² К а б а р — кафелердегі немесе ресторандағы эстрадалық өлең, күлкі, би аралас ұсақ ойындар.

— Я, оның өзі қашанда болсын жақсы киінеді! Ангажемент¹ алу үшін олардың сөйтіп киінуі де керек.

— Мүмкін, сіздің де сол мамандыққа бой ұрғыңыз келетін болар?

— Жоқ, мен эн де сала алмаймын, тақпақ та айта алмаймын. Бірақ фабриктегі жұмыстан құтылып, контор қызметіне ауысқым келеді. Мен машинка баса білем; бірақ оның үстіне, тілді де, стенографияны да білу керек. Сөйтсем директордың секретары болар едім.

— Байқаңыз, ол сіздің көңліңізді қалдырып жүрмесін,— деп әзіл тастады Мортен.

— Мені ешкім де ренжітпейді,— деп, сенімді пішінмен жауап қатты Вера Хансен, екі көзі жалтылдап.

— Менің бұл сөзімді алдын-ала айтылған ескерту екен деп ойлап қалмаңыз,— деді Мортен,— бұл әшейін жай айтыла салған қалжың ғой, сіз оған ренжіп қала қойған жоқ шығарсыз деп сенемін. Ал егер шынын айтатын болсам, мен сізбен тіл мәселесі жөнінде шын мәнісінде айналысқым келеді. Француз тіліне өзім де аса жетік емеспін, бірақ неміс тілі мен ағылшын тілін меңгере алам. Қай тілді үйренгіңіз келеді? Мүмкін, әуелі неміс тілінен бастармыз? Күнделікті өмірімізде көбінесе сол тілді пайдалануға тура келеді ғой.

Сұлу Вера алғысын білдіріп, нұр жайнап тұрған көз жанарын Мортенге қадады. Бір сәтте оның жанарлы көзінен бейнебір гауһар тастың ұшқынындай салтанатты жалын жарқ ете қалды да, табан астында-ақ ажарлы жүзі жабырқап қоя берді.

Олар мынаған келісті: қыз жетісіне екі рет кешке жақын келіп тұратын болды.

— Сейсенбі, жұма күндері келіп тұр,— деді Мортен.— Бірақ, өзіңіз білесіз, ісімізден нәтиже шығу үшін дұрыстап, табанды түрде шұғылдануыңыз керек. Сіздің енді бос уақытыңыз шамалы болады.

— Мен оған жақсы түсінемін,— деп жауап қатты Вера сыңғыраған үнмен, сонан соң оған жай ғана емес, аса бір сеніммен қатты құшырлана қысқан салқын да қатаң қолын ұсынды.— Маған тіл үйретуге келісіміңізді бергеніңізге рақмет!

¹ А н г а ж е м е н т — белгілі бір уақытқа ойын қою үшін артистермен жасалатын шарт.

Оның жарқын да нұрлы жүзі Мортенге ұзақ уақыт елестеп тұрды.

Ол жұмысшы әйелдер жөнінде бастап қойған мақаласына қызыға кірісті. Жабырқау көңілі көтеріліп, жалғыздық сезімі де сейіле бастады. Дегенмен, күнделікті сұрқай өмірден құтылудың жолын іздеп жүрген жұмысшы жастар, тіпті әйелдер де бар екен ғой. Бұл қыздың дегеніне жетуіне көмек көрсеткен жөн.

Қас қарайып, терезе алдында жұмыс істеу қыйындай бастады. Ол электр шамын жақты да, бөлме ортасындағы лампаның астына барып отырды, бірақ терезенің перделерін түсірген жоқ. Эрстед паркының үстінде мұз тәрізді көкпенбек боп аспан әлемі төніп тұр, әр жерінен жылт-жылт етіп жұлдыздар жымың қағады. Түнде шытымыр аяз болатын түрі бар; күн көзі шықса алақанын жайғалы тұрған бүршіктер бүгін семіп қалуы мүмкін. Ол орнынан бірнеше рет тұрып, қобалжыған көңілін басу үшін терезенің алдына бара берді. Есік жақта біреудің тықыры естілген кезде, мақала да аяқталып қалған еді. Есік алдында теңселіп адвокат Бек тұр, пальтосының екі өңірі ашылып кеткен, жұмсақ шляпасын желкесіне қарай сырып жіберіпті, өзі екі езуі құлағына жете күлімсіреп тұр.

— Кіріп келгеніме кешірім етіңіз,— деді ол.— Кешіруіңізді өтінемін. Жұрт қалай жұмыс істей береді осы? — деп сөзін жалғады ол қолын көтеріп, столдың жанына жақындай беріп.— Осы бір ит елден бірлі-жарым болса да, жалықпайтын адам қайдан шығып жүр? Міне сондықтан да мен сізді көрген сайын: «Қалайша жалықпайсыз? — деп сұрай беремін.— Ол екі қолымен столды таянып, еңкейіп, Мортеннің қолжазбасын қарады.— «Жұмысшы-әйелдердің міндеті — еркектермен қол ұстасып, күрескерлердің қатарында жүру»,— деп оқыды да, сакылдап кеп күлді.— Ой, құдайым-ай, бұл не деген сөз! Және өзі жексенбі күні! Мүмкін сіздің есіңіз дұрыс емес шығар, достым!

Мортен қолжазбаны бір шетке сырып тастады да, Бекке орындық қойды. Бұл жолығыс оны қуанта қоймады: адвокаттың аузынан арақ исі аңқып тұр, ал Мортен мас адамды көрсе шыдай алмайтын еді. Мастарды көрсе, балалық шағында бастан кешкен көп жайлар есіне түсетін де, содан жүрегі айнығандай болатын.

— Қарсы алдыма кеп отырыңыз, маған сіздің бет әлпетіңіздегі ерекшеліктер анығырақ көрінсін,— деді Мортен қату сөйлеп.

Адвокат қарсылық көрсеткен жоқ; орындыққа теріс қарап атша мініп отырды да, екі қолын орындықтың арқасына артып, иегін қолының үстіне сүйеп Мортенге қуақылана қарады.

— Ой, дипломатым-ой! — деді ол, бір көзін сығырайтып.— Ерекшеліктер дейсіз бе? Жоқ, менен спирт исі аңқып тұр, бар болғаны сол! Ал аузына аздап арақ тиген адам, қашанда болсын әңгімелесіп отырған адамға жақындап отырады. Я, ол баяғыдан бері өзімізге де белгілі. Бірақ мен өзімді-өзім сыпайы ұстамаймын.— Ол орындықта отырып, Мортенге сықақтай қарады.— «Еркектермен қол ұстасып, күрескерлердің қатарында жүру!» — деді тағы да ол, кекете сықылықтап.

Мортен онымен тіпті жас кезінде, тоқсаныншы жылдардың аяқ шенінде, студенттер қауымында танысқан еді. Ол кезде студенттер қауымы жаңа қаулап өсіп келе жатқан. Мортеннен он шақты жас үлкен Бек сол кездің өзінде-ақ жұрт көзіне түсіп, екілене сөйлеп, елдің көпшілігінің басын еріксіз изетіп, астанада болсын, провинцияларда болсын либералдарды қайран қалдыратын. Астанаға ол Ютландия округтерінің біріндегі ригсдагтың депутаты ретінде келді. Ол ригсдаг мүшелерінің ішіндегі ең жасы болғандықтан өзінің ақылдылығымен және жігерлі қызу сөзімен жұрт көзіне ерекше түсе қалды. Көп кешікпей жұрт оның әлі-ақ басылып шыға келетінін біліп, оны сөз жоқ шаруалар көсемінің¹ мирасқоры деп көрсете бастады. Әсіресе, оның атақ-даңқы бала өлтірді деп айыпталған бір үй қызметші әйелді қорғап алып қалғаннан кейін дабырайып кетті.

Қызықтырып, жүрген жігіті тастап кетіп, жұрт қарағысыз болып, әке-шешесі де үйінен қуып жіберген соң извест қазатын шұңқырдың бір жақ шетіне барып босануға мәжбүр болып, ар-ұятын айрандай төккен кішкене шикі өкпесін сол жерге тастап кеткен бейбақ әйелдің тағдырын қорғап сөйлеген сөзі көпшіліктің сай сүйегін сырқыратып, жас әйелді түрмеден аман алып қалып еді. Мортен сол бір сөзден алған әсерінен араны ашып кете алмады; қайта Бекке тап бір туған ағасындай жанаса түсті, сол бір сезімнің қалдығы оның Бекке деген қарым-қатынасын жұмсарта түсіп, бүгінге дейін келе жатыр еді. Жұмысшылар қоғамындағы со-

¹ Бұл жерде 1897 жылғы Венстре шаруалар партиясының басшысы И.К. Кристенсен айтылып отыр. 1905—1908 жылдары премьер болды. 1930 жылы өлді.

ны сөз, соны пікір айтуға құмарлардың барлығынан да Бек озып шығып, аброй-атаққа ие болды. Қандай ғана жағдай болмасын өңін айналдырып жіберуге одан өткен шебер адам жоқ еді. Пасторлар мен реакцияшыл саясатшылар, Жоғарғы халық мектебінің үздік қайраткерлері сыяқты дұшпандарын шақырып алып, қыян-кескі айтыс ұйымдастырып, біріне бірін айдап салуды жаны сүйетін еді. Қазір осы отырғанның өзінде Мортен жиркенішті сезіммен қатар бір сенбі кешін есіне алған еді, Бектің Жоғарғы халық мектебі қайраткерлерінің бірін қырына алғандығы сонша, тіпті ол трибунада тұрып ботадай боздап жылап қоя берген, ақырында, жыйналысқа қатысып отырғандардың жанын жай таптырып, екі қолын кеудесіне басып: «Отченаш» ты¹ оқыған; Мортен ыза болып кетті, бірақ қарсылық көрсете алмады. Сол кездің өзінде-ақ Бектің бейімі бар деп айтылып жүретін. Енді ол қазір тіпті ішкілікке салынып кеткен, депутаттық мандатынан да баяғыда айрылған, жасырын адвокаттардың кәсібін жасап, азын-аулақ бірдеме тауып, көпшілік уақытын кабактарда өткізеді. Жатақханада тегін тұрады. Ол мұнда ригсдагтің мүшесі боп жүрген кезінен тұратын еді, жатақхана хозжайкасы оны шығарып жібере алмады.

Бек келіп отырса да Мортен әдеттегісінше жұмысын істей берді. Адвокат оған бөгет жасаған жоқ, ауық-ауық әлгі баяғы бір сөзін айтып: «жұрт қалай жалықпайды осы?» — деп қойып отыра берді. Осы сөзін қайталай отырып, жұмысқа үңіліп отырған Мортеннің барлық қыймылдарын да еріксіз қайталады, бет әлпетінде аса бір құмартып қызыққандықтың кейпі бар.

— Ой, ақырында бітті-ау! — деді ол қуанып қалғандай болып, Мортен мақаласын жазып бітіргенде.— Әрине, енді бұл сыяқты ізгі еңбектен кейін демалу керек. Бірақ мен бәрібір айтарымды айтам: бұл барып тұрған, әшейін, шатпақ! Әлгі әйелдер күрескерлердің қатарына барып тұрсын дегеніңді айтам. Сайтан алғыр, қайда сол қатарыңыз, сіз маған соны айтыңызшы? Мұныңыз барып тұрған шатпақтың өзі ғой, әшейін!

Бет әлпеті қызу, албырт, бұзақы баланың кейпіндей болып шляпасын желкесіне түсіріп, ол әлі сол күйінде, орындыққа атша мініп отыр. Түймесі салынбаған, жұлма-жұлма жаман пальтосының етегі сүйретіліп еденге түсіп жатыр,

¹ «Отченаш» — христиан дінінің дұғасы.

аузы ыйқы-жыйқы кең қалтасынан шарабы бар бір литрлік бөтелкенің мойны қылқыйып тұр. Бектің осыншама азығындағанына Мортеннің жаны күйіп кетті: оның мұндай халге түскенін ол тіпті білмейтін де еді. Енді не істерін өзі де білмей қалды, бұл сорлыны желкесінен алып, есіктен итеріп шығарып жіберсем бе екен, жоқ әлде, аясам ба екен деп ойлады. Бекке деген баяғы құрметінің, бәлкім аздап қаймықандығының кейбір жұрнақтары онда әлі де болса бар еді. Мортен жас кезінде, бейнебір ішіне фарш толтырған қаз секілді либералшыл идеялар мен адамгершілік идеяларына мейлінше кенелген жан еді; сол кезде бостандықты жақтаушы осы кісіден басқа ешкім де оны бұл идеяларынан айныта алған жоқ еді. Кінасын бетіне басып айтатын да немесе өз басында болған қайғылы істен сабақ үйрететін де осы болатын. Ал Бек күні осы уақытқа шейін Мортеннің шын ойлары мен сезімдерін тауып алып, оған қатты қуанатын. Оның мұнысы Мортеннің жанына қатты бататын, бірақ сөйте тұрсада пайдасы да тиетін.

— Жазушы мырзаның соңғы қасиетті әңгімесін дауыстап оқуға болмас па екен? — деді Бек кекетіп, қалтасынан уқаланған газетті алып жатып. — Бұл сіздің игілікті өніміңіз, қымбаттым; мен мұны ылғый да кабактарда дауыстап оқыймын. Сол-ақ екен жұрттың бәрінің де жан дүниесі босап, біреуі болмаса, біреуінің мырзалығы ұстайды. Біз сыяқты датчандарға көз жасын көл ететіндей етіп, жазғандарыңызды сезімге тигізе мәнерлеп, бояй түссеңіздерші, құрметті достым-ау.

— Қойсаңызшы енді мұныңызды! — деп кесіп айтты Мортен ашуланып, оның қолынан газетті жұлып алып. — Бұл маңызды мақала, жұмыссыздар атынан қоғамға жазылған үндеу.

— Сайтан алғыр! Осы да үндеу ме — және өзі қоғамға жазылған үндеу ме? Бас тақырыбы — «Халық ашығуда!» Достым-ау, не ғып сіздер бұлай ызаланып кеттіңіздер? Жұмыссыздар атынан үндеу, және өзі қоғамға жазылып отырған үндеу — егер осымен де азын-аулақ ақша табуға болатын болса, мұның ешбір оқасы жоқ екен. Өмір сүру керек қой, әйтеуір! Ал мұқтаждық деген тақырыпқа жазу жөн түзу жазушының бірден-бір табысы деп айтуға болады. Бірақ қалай осыған шыдамдарыңыз жетеді деймін-ау, қалай жалықпайсыздар? Құдайым-ау, осы жұмыссыздардың шыдамы таусылып, шарт бұзылатындай етіп неге жазбайсыздар, — деп даурықты ол жұдырығымен столды қой-

ғылып. Сонан соң өнебойын құрыстырып: — Олар іңкәр болып-ақ әбден құрып бітті ғой. — Кейінгі сөзін ол мойнын ішіне алып, міңгірлеп айтты.

Мортен мына сыяқты ойдың оқыс өзгеріп кеткеніне шыдай алмай, еріксіз күліп жіберді.

— Я, Сіз күлесіз ғой! Сізде спирт ішімдігінен ештеме бар ма? Жоқ дейсіз бе? Болуы керек еді, әсіресе, жәй күні де емес, осындай жексенбі күні қоғамның игілігі үшін қыйналып отырғанда болғаны жөн еді.

— Мен жұмыс істеп отырғанда спирт ішімдігін ішпеймін, — деп жауап қатты Мортен жалма-жан. Сонан соң: — тіпті ішкіш адамдардан жек көретінім жоқ, — деп қосып қойды.

— А, солай ма, сіз бізді жек көресіз бе? Ол сіздің нағыз жазушы еместігіңіз! Нағыз жазушы еңалдымен арақ ішіп мас болады, сонан соң барып оныкі басылады, — міне оның заңды жолы осындай болады. Бірақ мәселе мынада ғой, сайтан алғыр, мен ылғый да айтып жүрмін, сіз тіпті ішуге қызықпайсыз да! Және кейбір жолдастарыңыз бен құрдастарыңыз сыяқты сіздің бокспен де жұмысыңыз жоқ... америкаланған күшті адамдарға тартқан бір жеріңіз болса бұйырмасын! Сіздің мұныңыз бұрыннан-ақ, студенттер қатарында жүрген кезіңізден-ақ, белгілі еді. «Ол анау-мынау қарапайым жазушысымақ емес, — дейтін еді сізді, — ол қайғылы бейне серілерінің бірі — не нәрсе болса да шын көреді!»

— Сіз өзіңіз де сондай болып едіңіз ғой, — деді Мортен.

— Түсінікті, ол кезде көп нәрсеге сенетінбіз, сізге қарағанда, мен аңқау жас бола қоймасам да, өзімді өзім көтеріп балалық жасадым. Ой, қойшы соның бәрін, баяғыда өтіп кеткен бірдемені! Сізден, тым құрығанда, екі стакан табылмас па екен.

Мортен қолжуғыштан барып, тіс шаюға пайдаланып жүрген екі стаканды алып келді.

— Мынау хеннеси коньягі, қымбатты достым, — үш жұлдызды! — Бек бөтелкені жарыққа қаратып көтерді де, оған сүйсіне қарады. — Сіз үшін өте жақсы, мен мұны жұмсай қоям ғой деген жоқ едім. Қағаз шыймайлағыш! Өзінің жазушы болғысы келеді, сөйте тұрып үйінде спирт ішімдігі жоқ! Жарайды енді, жақсы болыңыз, жаман болыңыз сіздің денсаулығыңыз үшін! Ауырып жүрген тамақты шаю үшін бірден-бір тамаша нәрсе ғой бұл. Өзі де арзанға түсіп еді, полицияға арыз жазып бергенім үшін бір трактиршіден

алып едім. Ол өзі жасырын қыздар ұстайтын адам екен, түсінікті ме, соны полициялар тіміскілеп іздеп, тауып алғысы келіп жүрген көрінеді. Соның қыр соңына түспей-ақ қойса қайтеді екен, солай емес пе? Адамға бірдеме ғып күн көру керек қой, әйтеуір!

— Бірақ жезөкшелермен күн көрмесе қайтеді екен?

— Ал енді осы бір елде немен күн көр дейсің оған? Жезөкшелік дегеннің өзі біздің өмірімізге қалыптасып сіңіп те кетті. Әрине, трактирші принциптер мен графтар барып тұратын ақсүйектердің клубтарымен бәсекелеспейтіні өзінен-өзі белгілі, бірақ енді арзан жезөкшелер де болу керек қой, солай емес пе, ә? Сол бір тәтті ләззатты кедейлер неге пайдаланбасқа? Дегенмен мұның өзі, сіздіңше тап қайшылығы, бұған енді сіз мамансыз: полицейскийлер күйменің есігін ашып әспеттеп тұратын сәнді жезөкшелер бар да, олар «салатникке»¹ апарып тыға салатын алба-жұлба бейшара жезөкшелер бар.

— Менің арман етіп ойлап жүрген қоғамымда арзан жезөкшелер де, қымбат жезөкшелер де болмайды,— деді Мортен нәштеп сөйлеп.— Ол қоғамда әйел...— ол кенет өзімнің ішкі сырымды ақтарып, маскүнеммен сөйлесем бе дегендей бөгеліп қалды. Сірә, бұған кіналі коньяк болса керек!

Адвокат Бек Мортеннің байсалды кейпін байқап, ол да кенет салмақты бола қалды. Ол Мортенге маңдайын қыртыстырып жіберіп, бажырая қарады.

— Дұрыс! — деді ол қобалжый сөйлеп, салтанатты пішінмен қолын көтеріп.— Дұрыс! — Нағыз тамаша қоғамда әйел...— кенет салмақты пішіннен айрылып, бүкірейіп, мұрынан пысқырып қойды,— ой, мархабатты құдайым-ай! — деді тағы да теңселіп.— Ой мархабатты құдайым-ай! — Оның бүкірейіп, тіпті төмен салбырап кеткендігі сонша, басы екі тізесінің арасына кіріп кетті, өзі тісінің арасынан сілекейін шеңбірек аттырып, сықылықтап күліп отыр.

Бек жайлап қана басын көтерді:

— Өмірге тым үңіле қараған адамды кешіре көріңіз,— деді ол Мортенге байсалды пішінмен қарап.— Бірақ әлгі сорлы қыздарды айтам-ау! Қайтсын-ай енді, егер оларда көрік болмаса, өмір де сүре алмас еді! Сіздер оданда еркектердің жезөкшелеріне: руханилер мен сатылғыш журналистерге — сол сыяқты тағы басқа барлық түкке тұрмайтын

¹ «С а л а т н и к» — полицейлердің жасыл пауескесі.

сұмырайларға шүйілсеңіздерші! Ал саясатпен айналысып жүрген адамдармен неге шұғылданбайсыздар? Менің сіздерге айтатыным, достым, қолдарыңызды шынтағына шейін малғанмен, бұл былықтың түбіне жете алмайсыздар. Одан да жан сезімдеріңізді жасырып, жауып қойғандарыңыз жөн. Қойыңызшы енді қажай бермей, сайтан алғыр!— деп айғай салды ол кенет.

— Мен сізді қажағым келмейді,— деп жауап қатты Мортен.— Менімше, енді ұйқтайтын уақытыңыз да болды-ау деймін осы.

— Өзім де кетем. Азапқа түскен сорлы басымды, тағы да әуреге салмайтын, бір тыныш жерге барып жастармын. Мен міне іштей күйзеліп, қанжылап отырмын: Өзіңді өзің тап бір қоқыр-соқырдың арасында тұншыққан жас нәрестедей сезесің. Ал аздап ішіп алсаң — жаның жырғап, көңілің көтеріліп қалады. Ал, сау болыңыз! Азда болса алдыартыңызға қарап, өзіңізге өзіңіз есеп берсеңіз, Бектің неге арақ ішетінін сонда білесіз, әйтпесе, қазір сіздің көрмегеніңіз көп, тым аңқау, албыртсыз. Сіздің ден саулығыңыз үшін!

Ол стаканды қағып салды да, кеудесіне домалап кеткелі тұрғандай етіп, басын төмен салбыратып жіберді, сонан соң басын оқыс көтеріп алып, еңсесін көтерді де Мортенге қарады:

— Бұл әлгі, сіздер әйелдер бостандығы, жеке бастың бағасын көтеру деген сыяқты түкке тұрмайтын баяғы бір ескі мылжыңмен айналысатын пролетарларсыздар ғой. Біз оған сенгеміз жоқ, біз тек әшейін моральдық жезөкшемен айналыстық. Ал сіздер бар ғой, қаншама көкіп, қанаушылықты қаншама әңгіме еткендеріңізбен, бәрібір, шын айыптыларды таба алмайсыздар, өйткені сіздер нағыз нақұрыссыздар! Сона бір кездерде қайда жоғалып кеттіңіздер!

— Қайда жоғалдым?... Сіз нені айтып отырсыз?

— Ана жолғыны айтам... баяғыда... студенттік қауымдағы ше? — деп сөзін соза берді де, столдың үстіне құлай кетті.— Күте тұруыңыз керек еді; қашан да болсын басты кейіпкерлердің шығуын күту керек. Сіздер қолдарыңызды шапалақтап, біз сыяқты фокусниктерге әңгірлеп шыға келдіңіздер, ал нағыз айыптыларды...— ол бетін Мортеннің бетіне тақай ызбарлана қарады,— неге оларды сыртқа сүйреп алып шықпадыңыздар? Нағыз айыпты кім? Әрине, ірі капиталистер! Біз тек солардың әпербақан ұрда-жық әскерлері ғана болдық. Бір сенбіде руханилерге тап берсек,

келесі сенбіде некеге, ерлі-байлы өмірге қарсы шықтық, бірақ біздің ақшалыларға тиіскенімізді естіп көрдіңіздер ме? Ой, құдайым-ай, ерлі-байлылар өсегі мен шіркеу кафедраларынан қаншама жеп бақтық! Бірақ ақша қабының аузы байлаулы болды!

— Я, оныңыз рас,— деді түршіккен Мортен.— Оны ешкім де байқаған жоқ — айтыс сондай тамаша өтті! — Ол қонағына қозғау салып, тезірек кетірейін деп орнынан тұруға ыңғайланып еді, бірақ анау қайта отырды.

— Сондықтан да мен сіздер ешнәрсенің мәнісін білмей кетіп қалдыңыздар деп отырмын ғой; мен алданғанымды байқамасамда қылымсығандай боп, қылжақтап кейін қалдым. Нағыз ақша болса да, қолдан жасалған ақша болса да — қазынамен қақпақыл ойнау — өте қызықты болды. Егер сіздер, жастар, ақыйқат нағыз жарықтан фейерверкті¹ артық көрсеңіздер, не амал бар! Сіздерге уысуыс мишурка² лақтырды, ал кей кездерде, байқаусызда алтын да лақтырылып кетіп жатты.

Оның міңгірлеп, даусы дірілдеп шықты, басы тіпті кеудесіне ілініп қалғандай тұқыйып кетті. Мортенге жылаған сыяқты бір түрлі өрекше дыбыс естілді. Мүмкін, Бек тек лоқсып отырған шығар.

— Мен сізді шығарып салайын, жүріңіз,— деді Мортен ыза болып Бектің қолын иығына артып.

— Я, банкрот қазір жүреді, өйткені ол қазір мас. Сонан соң ол мастығы тарап, сайтандай тағы да айығып шыға келеді. Аздап ішіп алсаң — тамаша, ал мас болмай жүрсең — түкке тұрмайды. Қатты мас болу — ол да жаман, аяғың сүйретіліп кетеді, бірақ мыйың айқынданып, ашыла түседі.

Мортен оны ұзын коридордың бойымен әкеле жатыр. Орта жолға жете берген кезде адвокат кенет тұра қалды.

— Теңдік алған әйелдерге бармаймыз ба? — деді ол жалынышты кейіппен екі қолын Мортеннің иығына артып.— Оларды оятайық та әйелдер аз... азаттық алу керек деп үгіттеп көрейік, сонда олар бала кө... көтеретін болады.

— Жоқ, жүріңіз,— деп жауап қатты Мортен, оны сүйрелей жөнеліп.— Екеуіміздің де ұйқтайтын уақытымыз болды.

— Хи-хи-хи-хи! Сен соған нанып қалдың... Әй, кеуек

¹ Фейерверк — түрлі түсті от беретін тұтанбалы зат.

² Мишурка — сырты сұлу, іші қуыс, бояма, алдамшы нәрсе.

бас-ай! — деп кеңкілдеді Бек Мортеннің артында сүйретіліп келе жатып.— Олардың не үшін күресетінін сен білесің бе? Троицалардың¹ бірі әйел болса екен деп күреседі, хи-хи! Сірә, Әулие-рух құдайының орнын таңдай ма, қалай? Онда әйелдер қалай бала көтереді? Сен бұған жауап бере аласың ба?

Мортен оны жас баланы жатқызғандай, төсегіне жатқызып, коньягі бар бөтелкені кроватиның астына тығып қойды. Бек әлі сөйлеп жатыр, бірақ Мортеннің отырғанын байқайтын емес, айдалаға айтып жатыр.

Үйіне қайтып келгеннен кейін Мортен есінен адасқандай боп, қатты қыйналып ұзақ уақыт отырды. Ол мас адамды өте жек көретін еді, бірақ қазір әлгі мас жанын жағасынан алып, шынында да, өзінің қандай мейірбан ақмақ екенін көрсетіп кетті! Шынында да кеуек бас! Ал бірақ бұл сыяқты мейірбан ақмақ жалғыз сол ғана ма екен? Бұл — қарапайым адамдардың көпшілігінің алғашқы күнасы емес пе? Мүмкін сол алғашқы күна, барлық жағдайдың осы қазіргідегідей болуына да басты себеп болып саналатын шығар?

IV

Мортеннің ұрлығы

Бруннің тірі кезінде, бір күні кеште, Мортеннің шетелдерге алғашқы сапар шегер алдында Пелле, Мортен, Эллен мен Брун төртеуі лампаның жанында отырып, кооперативтік мастерскойдың жоспарын әңгімелескен еді. Эллен Мортенді жолға әзірлеп, шұлығының жыртығын торлап отырған. Ол әдеттегі жеңілтектігіне бағып, сөз арасына басқа бір нәрсені әкеп оқыс қыстырған. Қолына шұлықты ұстап, столға шынтақтап тұрып, тап бір осы жайды көптен ойлап, көңілі алаң болып жүрген адамдай-ақ:

— Байқа, Мортен, шетелде біреуге ғашық боп қалып жүрме! Түстіктің қыздары өте қауіпті келеді десетін; ал сен әйел атаулының барлығын да періште деп білесің,— деді.

— Немесе, мүмкін, әлі өсіп-жетіле қоймаған мыстан деп білесің,— деп сөзді іліп әкетті Пелле күліп.

— Ол екеуі бәрібір ғой,— деді Эллен қыза сөйлеген күйі.— Мортен монах! Ал монах гүл терем деп шалғын-

¹ Троица — христиан дініндегі бір тұтас үш құдай: ата құдай, ұл құдай, әулие-рух құдайы.

ға шықса, қайткен күнде де бірдемені бүлдірмей қоймайды.

Барлығы да ду күлді. Мортен үндеген жоқ; ол өзінің салт басты екендігін жолдас-жораларының, әсіресе, әйелдердің қалжақ етіп алғанына еті үйреніп кеткен еді. Олар Мортенді тап бір айыпты адамдай көретін.

Эллен айтты- айтпады, Мортен монах десе, монах дегендей еді. Жігіттік сезім тап бір өзінің бар бейнесімен тұтас, кесек көрінуге қорғаныс тапқандай-ақ, әралуан, жасырын түрде ғана елес беріп, тым кеш оянған. Оның мұндай болу себебі жас шағында, оқушы боп жүрген кезінде, әйелдер махаббатының оған жаман әсер еткендігінен болар; оған қаршадай Йоханның¹ жан түршігерлік сұмдық оқығасы да қатты әсер еткен шығар.

Алғашқы сапарында оқта-текте оянып кеткен еркектік сезім, барлық бөгеттің талқанын шығарып, мен мұнда лап жар салғандай болады. Ол өзінің жылышырайлы нәзік жүзімен аса жұғымсыз да болмайтын; жігіттікке бой ұрған шақтағы азапты ауыртпалық оның тұлғасының толысуын да тоқыратып, жасаған жасынан едәуір жас етіп көрсетті. Көрсен қызар, жеңілтек түстіктің қыздарын оның ақсары шашы мен ойлы, тіпті кей кездердегі қасіретті жүзі-ақ қызықтырып тұратын, олар көбінесе Мортенге жанасудың сылтауын іздейтін. Бұл жанасу Мортенді қатты қобалжытатын. Бірақ ол қобалжуын басып, қылмысқа душар болмас үшін әйелге деген әдеттегі ұстамдылығын жасап, өзін-өзі алдын ала қорғауға тырысатын.

Мортен әйелдерге ғажаптана қарайды дейтін еді Эллен, соныкі дұрыс, оны Мортеннің өзі де сезетін.

— Сен бізді аса бір артық жаралған жандар деп білесің,— дей беретін ол Мортенге.— Алғашқы кез болған қызың-ақ сені шынашағымен ойната ма деп қорқам.

Мүмкін Мортен кейін ауыздықтауға шамам жетпес деп, бойдағы бар күш-қуатына ерік беруге қорқатын да шығар. Мүмкін сондықтан да ол жанына жұғысып кетудің өзін қылмыс деп санап, әйелдерді бір түрлі ғажап нәрсе деп білетін болса керек. Қалай болғанмен де, әйетуір, бұл істен оның тәжрибесі тым шамалы еді, әдебиет маңындағы қызметтес жолдастары оны күнадан пәк адам деп білетін.

¹ Йоханна — «Пелле-жаулампаз» романының кейіпкері. Жұмыссыздық кезінде аштан өлген Ханна дейтін әйелден некесіз туған қыз. Күн көрсерлік қорексіз қалған қаршадай Йоханна ол бір жасынан жезөкше болуға мәжбүр болып, көкірек ауруынан өледі.

Римде ол стипендиямен тұратын бір Дания художнигімен жиі кездесіп жүрді. Художниктің жасы Мортеннен едәуір үлкен, елде әйелі мен балалары бар, ауық-ауық соларды қатты еске алып, қамығып қояды; сол қамығудың аяғы, әдетте, жезөкшелер үйіне барумен тынады. «Дәрігер ләпсіңе тағат тауып, текке жүре берме, ол мый қызметіне жаман әсерін тигізеді деді,— дейтін ол сол кездерде, аса бір байсалды пішінмен, тап бір әлгі қылығын елдегі қалған семьясының қамы үшін жасап жүргендей-ақ,— ол жерге сенің де барып тұруың керек. Әйтпесе ауырып қалуың мүмкін».

Бір күні Мортен әуестікпен художниктің азғыруына беріліп кетті. Данияда жезөкшелікті дәріптейтін бір ағым бар еді: ол бір жақ езуінде кішкене жарасы бар жезөкшемен бір түнді бірге өткіздім деп мақтанып жүретін елдегі бір жас лирик ақынды есіне алды. Мүмкін ол суық тиіп шыққан ұшық шығар, бірақ жас богема¹ оны тап бір аңсаған арманындай, бейне өзі салған белгідей көріп, айтып жүретін. Жас жазушылармен аса жараса алмауының бірден-бір себебі, өзінің жігітшілік өнеріне жетік еместігінен екенін Мортен жақсы білді.

Римдегі кездесу үйі адамның көзалдына аса бір сүйкімді нәрсе боп көріне қоймайтын еді. Мұны көрген Мортеннің жезөкшелік — әлеметтік кәкір деген бұрынғы көзқарасы күшейе түсті. Художник оны екі бөлмесі бар бір қаусанған үлкен ескі үйге әкелді; бұл үйде тек шебер тігіншілер мен көйлек-көншек тігетін әйелдер ғана тұратын сыяқты. Ала көлеңке басқыштан: үлкен ақ төсек салып тастаған, терезелерінің алдында іс машинасы бар біргелкі бөлмелер көрінеді: алқам-салқам киінген әйелдер жартылай ашық тұрған есіктерден баспалай қарап, кіріңдер деп ымдап шақырады.

— Жүр, апалы-сіңлілерге барайық,— деді художник үйреншікті адамдай жоғарыға қарай еркін көтеріліп бара жатып.

Апалы-сіңлілер тура шатырдың астындағы аядай екі бөлмеде тұрады екен, бөлме іші толған кровать. Аузына шілтер ұстаған жастық пен ақ жапқыш жауып тастаған кроватьтар срекше көз тартады, бірақ қыйсық қабырғадағы әшекейлі қағаздар жалбырап, дымқыл тартып, қырыс-қырыс

¹ Богема — салдыр-салақ, бейғам тұрмысқа айналған, ештемеге жарамайтын әдебиетші.

болып кетіпті. Екі бөлменің екеуінде де терезенің алдында ыждағатты адал еңбектің бейнесіндей бір-бір іс машина тұр.

Апалы-сіңілілі екі қыздың екеуі де жайымен ғана еркін отыр, барып тұрған ең арзан бағалы жезөкшелердің қатарына жатса да мінез-құлықтарында ешқандай дөрекілік байқалмайды; олар Мортеннің Копенгагенде, Вестербродағы шолақ көшелерде жолығып жүретін көше қыздарына да ұқсамайды. Бұлар ұсақ-түйек сататын дүкеншілер сыяқты әуелі ақшасын алып, бір кофелік болса да үстеме баға сұрап, сонан кейін барып еркектерді бөлісетін, шаруаның жөнін білетін қыздар екен. Семья басы сыяқты боп есептелетін, алғашқы таңдауды алған үлкен қыз Мортенді қалады. Ол Мортенді төргі бөлмеге апарды да, есікті жауып, нығындағы қаптырмасын ағытып, қас қаққанша көйлегін сыпырып тастап, тыр жалаңаш бола қалды.

— *Una bella quadre* — тамаша емес пе, — деді ол екі қолын төбесіне қойып, сонан соң Мортеннің мойнынан құшақтады. Бірақ Мортен күлімсіреп басын шайқады.

— Неге? — деп сұрады ол таңданып. — Әлде менің тұлғам кейіпсіз бе?

— Әйелдің құдайы десе де болғандайсыз, — деп сыпайы жауап қатты Мортен. — Бірақ мен сыйыр тәрізді күнде жүргінші жүріп жатқан жолдың үстіне шыққан шөпті жұлым келмейді.

— А-а, демек, өзің ауыл адамы екенсің ғой! — деді қыз қуанғаннан алақанын соғып. — Біз де ауыл адамымыз!

Апалы-сіңілілі екі қыз Абрицца деревнясында туыпты, Римге өздеріне жасау табу үшін келіпті. Егер көңілдегідей мал тауып, жасау әзірлей алатын болса, келесі жылы екеуі де өз деревняларындағы бір кедей шаруалардың балаларына күйеуге шықпақшы екен. Киімін киіп жатып ол бұл жайды тап бір ешқандай ерсілігі жоқ өзінен-өзі белгілі істей баяндады, бірақ өзі біраз тауы шағылып, жалығып та қалған сыяқты болып көрінді.

Ал мұнда не істеп жүргендеріңізді, елдегі күйеулеріңіз біле ме? — деп сұрады Мортен.

— Әрине, түсінікті ғой, — деп жауап қатты қыз жалмажан көзінің қыйығымен іс машинаны көрсетіп.

— Ә, ә, осыны сылтау етеді екенсіздер ғой... Ал сіздер...біз сыяқты күнакарларға қандай мырза болсаңыздар, оларға да сондай мырзасыздар ма?

— Жоқ, ойбай, не айтып тұрсың өзің, есіңнен адасқансың ба? Өйтсек бізді олар керек те қылмас еді! Еркектер

күнасыз болғанды керек етеді — тіпті көшеден келіп жүргендердің өзі күнасыз болғаныңды жақсы көреді. Сондықтан да біздің мынадай қағазымыз болу керек. Ол екі дәрігер бірдей қол қойып, қыз абройы өзінде деп растап берген сенім қағазын көрсетті.— Сеніңіз, бұл қағаз да арзанға түсе қоймайды,— деді қысылыңқырап.

— Демек, сіз өзіңіздің келешектегі күйеуіңізден басқа еркектердің барлығына да дайын тұрады екенсіз ғой? Я бұл бір өзі теріс айналған дүние екен!

Ол Мортенге бір минуттей аңыра қарап тұрды да, кенет еңіреп қоя беріп, артынан сайтан өкшелеп қуып бара жатқандай-ақ көрші бөлмеге қарай тұра жүгірді.

— Сен не істедің оған? — деп сұрады художник Мортеннен, бір бұзықтық жасаған ғой деп біліп.

Басқыштан түсе бергенде екеуін сіңлісі қуып жетіп:

— Міне, ақшаңды ал,— деді Мортенге үрейлене қарап.

— Сіздерде-ақ қалсын, ол сіздерге кофе үшін берілген,— деп жауап қатты Мортен, қыздың қолын қаға беріп.

Қыз аз-кем үнсіз тұрды да, сонан соң жайлап қана басқышпен көтеріле бастады.

— Рақмет! — деп дауыстады ол тағы да жоғарғы жақтан, басқыштың қанатынан асылып, енкейіп тұрып.— Дегенмен мұның өзі бір қызық іс болды-ау.

Художник күліп:

— Сен отала алмай қалғансың ғой, сірә. Бұл қыздар осындай адал келеді өздері! — деді.

Бұл Мортеннің ақшаға сатып алған алғашқы сүйіспеншілігінің азабы еді. Ал өз айналасындағы әйелдер жөнінде ұстамды болу үшін сылтау мұнан да гөрі көбірек еді. Ол өз ісінің дұрыс емес екенін іштей мойындап жүрсе де, әйелдерге деген ескі көзқарасынан айығып кете алмады. «Қожа болу» деген сөзден ат-тонын ала қашып тұрды; «берілу» деген сөзді ардақты істей көретін. Осы көзқарастар ажырық ағаштай кежегесін кейін тартып, жолдастарының әйелдерге деген жеңіл ілтипаты оны қатты қызықтыратын. Сонан соң осы ойлардың барлығын да кейін серпіді, бірақ құтыла алмады. Сол ойға қайта айналып соға берді.

Сана-сезіміне осыншама терең бойлаған кежірлі кедергі неден еді? Балалық шағындағы, жас кезіндегі, тәрбиеден еді деп айтуға да болмайды, өйткені: ол тәлім-тәрбие алып өскен топтың еркектерінің әйелге деген көзқарасы өте қа-

рапайым да тұжырымды көзқарас болатын. Еркектер әйелдерді өздерімен тең деп есептемейтін, тіпті айта берсеңіз оларды адам деп те санамайтын, керек болған кезде күндіз-түні бірдей пайдаланатын үй мүлкінің орнында ұстайтын.

Дегенмен де, егер жақсырақ ойлап көрсек, мүмкін бұл жағдайдың да оның балалық шағымен, анаға деген сүйіспеншілігімен аздаған байланысы болса керек. Мүмкін анасының азапты өмірі мен жазықсыздан-жазықсыз күндіз-түні бірдей жәбірлеп, ұясынан құлап түскен балапанмен ойнаған мысықтай әурелейтін күшті күйеуіне деген жұртқа күлкі, масқара сүйіспеншілігі әсер еткен болар оған. Үрейі ұшып қалтырап, зәбір көріп, запы шексе де, өзінің аю-күйеуін бақытым деп санап құрмет тұтады, оны әрқашан да аялап, ілтипат көрсетіп тұратын ғазіз анасын есіне алды. Эллен дұрыс айтады: оның әйелге деген көзқарасы шынында да көп адамдарға біртүрлі қыйсынсыз боп көрінуі мүмкін. Бірақ ол әйелдер арасынан ермекті немесе жұмыс малын емес, өзіне дос, жолдасты табуы керек.

Төсек-орын мен столға ғана ортақ болмай, сонымен бірге өзінің ақылы мен іс-әрекетіне де ортақ болатын әйелдерді арман етті ол. Жалғыздық пен қайғы-қасіреттен қағажу көріп, қатты қамыққан кездерінде ол күндіз-түні бірдей жұмыс істеп, ұйқыдан да уақыт ұрлап, көңілін аулауға тырысты. Нан пісіретін жерде жүрген кездің өзінде аз ұйқытап үйренген Мортен, ұйқыға қазірде де адамның қымбатты асыл өмірінің біразын әкететін ұрлықшыдай қарайтын. Ұйқыдан ұрлап алған сағаттарында ол өзінің кітаптарын жазды; күндіз-түні бірдей баяндамалар дайындаумен, мақалалар жазумен, коммуналдық курстарда сабақ берумен болды, ал енді ол осы жұмыстардың үстіне тағы да бір қосымша жаңа жұмыс алды. Бір жетіде Вера Хансенмен өткізетін екі сағаттық сабақтың нәтижелі болуы үшін өзінің де жете дайындалуының қажет екенін ол жақсы білді.

Мортен ешуақытта жеке адамдарға сабақ беріп көрген емес еді, сондықтан ол коммуналдық курстің аралас группасына сабақ бергендей емес, мұның әлдеқайда қыйынға соғатынын да мойындауы керек болды. Вера Хансен келер алдындағы сағаттардағы істеген ісінің де берекесі болмады. Мортенді еріксіз абыржытып, қобалжу күйге түсіргендей ауа да біртүрлі белгісіз затпен араласып кеткендей болатын. Қыз көбінесе гүлдер әкеп тұрды; ақшаңды неге босқа шығын қыласың деп Мортен ренжігенде, ол мұны әкем базардан түкке тұрмайтын, арзан бағаға әкелді деп ақта-

латын. Гүлдер темекі тартылған көгала түтінді бөлмеге сән беріп тұратын; сабақ біткеннен кейін Вера шай қайнатуға көмектесетін, бөлме ішін жыйнастырып, тәртіпке салатын.

Бір кітапқа қатар үңіліп, бір нәрсені сұрай қарағанда қыздың таза, жас демін түйсініп, онан есіп тұрған жұмсақ жылылықты сезініп қатар отыру — бұрынғыдан да гөрі сүйкімдірек болды. Физикалық жолмен алып қарағанның өзінде әйелдер еркектерден гөрі әлдеқайда көбірек жылулық бөліп шығарады деп ойлады ол еріксіз. Тіпті Мортен қыз денесінің қызуын көйлек сыртының өзінен түйсініп отыратын; бұл қызуды ол жанасып кеткеннің өзінде сезініп, бөлме ішіндегі ауа да жылынып кеткендей болатын осына бір қызықты кештерді асыға күтетін.

Мортеннің де жігіттік сезімі оянып кеткені ме? Дегенмен де, әйтеуір, өте сүйкімді. Вера жаныңа жуып кетсе болғаны, жандырып жіберетін не бәле; не үшін қажет бұл өзі? Біреудің шын сыйпатын бұрмалап түсінетін, немесе, бірдемені үйренгісі келіп жүрген адамның талаптарына қыянат жасағысы келетіндердің қатарына жатпайтын еді ол.

Сөйтіп, болажақ іс болып тынды. Кім кінәлі бұған? «Жаратылыс күші кінәлі» — деп жауап беретін өзіне өзі Мортен. Ол өзін-өзі өкініште қалдырды ма? Дегенмен де, өкініште қалғандай кейіп жасап, өз бетіне шіркеу салатын қыздың тентек күлкісін күтті. Бұл жағдайдың оған қатты әсер еткендігі сонша, ол бейнебір ұзақ уақыт ой азабынан кейін мый сергітетін шүмектеп құйып тұрған судың астына кез келгендей болды.

Сабақ енді бұрынғыдай біркелкі бола қойған жоқ; Вера немісше сөйлескеннен гөрі сүйіскенді жақсы көрді. Мортен оның айтқан сөзін оңдап, ерінді қалай ету керек екенін көрсетсе, ол күліп қана барып оны сүйіп алатын. Сабаққа ол қандай ғана сапалы, ойлы ниеттермен келсе де, соның бәрі де тез сарқылып, не нәрсе болса да естен тез шығып, Вера жылуына еріксіз еріп кеткендей болатын. Әйел тәні осыншама шарапатты болар деп Мортен ешуақытта ойламаған еді. Сол тән бар нәрсені тіпті өзінің еркектік қасиетінде есінен шығаруға мәжбүр етті. Оқта-текте ол өз еркінен өзі айрылып, басқа біреудің құлы боп кеткенін ұяла сезінетін; ат-тонын ала қашып, безу керек еді, құтылудың бірден-бір жолы сол еді. Бірақ мұндай ой, сезім аз уақытқа ғана созылатын да, сонан соң тағы да жылылыққа бөленіп, жұмыс істеу былай тұрсын, тіпті ойлағысы да келмейтін. Ол осы бір сезімге ешбір ойланбай, ес-түссіз беріліп кетті

десе де болғандай; күндеп, апталап ешнәрсеге міндет, мақсат артпайтын ала бөтен бір ғажайып ойдың құшағында болды Мортен; бір нәрсеге мас болған адам тәрізді; мұның аяғы бір пәлеге апарып соғар-ау деген ой оның қаперіне де кіріп шықпады. Ал Верамен тек жалынды мезеттерге ғана ортақ болып қоймай, сонымен бірге бірнеше қаракетті еңбекті, сәтті-сәтсіз күндер мен жылдарға да ортақ болып, бар өмірін сонымен өткізем деген ой келсе де, ол ойдан безе қашқандай болатын.

Сөйтіп бір күні екеуі жаратылыстың бір заңды нәрсесі болып есептелсе де жұрттың бәріне, көбінесе кездейсоқ іс боп көрінетін бір жайсыз жағдайға тап болып шыға келді. Вера жүкті боп қалды. Ол бұл жайды Мортенге көз жасын көл ете қабарлады.

— Не істейміз енді? — деді Вера қатты дағдарып.

Оның үрейлі жүзі мен онжұрғасы түскен мүсәпір, мүләйім бейнесі Мортен жүрегін тереңнен тебірентті. Сөйтіп ол адамға қайғы-қасірет жамап берді!

— Біз үйленеміз,— деп жауап берді ол.

Бұл жауап, қыз көңілін басып, қуантқандай болды; бірақ өзі қуанған жоқ.

— Ой, сен өзің есіңнен айрылғансың ба! — деді Эллен, Мортен Пеллемен екеуіне алда тұрған үйлену мәселесі жайында сөз сала келіп отырғанда.— Қыз сені қармағына түсірген екен ғой, бұл жай жұрттың бәріне де белгілі боп қалды! Ақша беріп көмектесіп тұр, ақмақтық жасап құрбосқа өміріңді өксітпе! Солай емес пе, Пелле?

Я, Пелле де сол пікірде еді.

— Вера, әрине, сенің теңің емес. Рас, ол өте әдемі, көрікті қыз, бірақ саған Эллен айтқандай, өзіңмен қоса аяқ алып жүре алатын әйел керек. Мен Вераның руханый талаптарын аса жоғары бағалай алмаймын.

— Ал баланы қайтем? — деді Мортен.

— Баланың қамын қатты ойласаң, мойныңдағы парызыңды да ақтайсың,— деді Эллен тұжыра сөйлеп.— Ақшаға бала тәрбиелейтін жақсы адамдарды табуға болады.

— Әдеттегі заңсыз баланың тағдыры,— деп жабырқау жауап қатты Мортен.

— Ал әке-шешесі ажырасып кеткендей болса, ол баланың тағдыры жақсы болмақшы ма? Сен онымен отасып

тұра алмайсың, Мортен, сен әйелдерді асыра дәріптейтін адамсың!

Эллен жұртты жақсы таныйтын ақылды, салмақты адам еді, осы бір іске келгенде қалайша ат үсті, қызбалықпен қарайтыны тіпті түсініксіз. Ол тіпті Мортеннен Вераның басын табаққа салып, алдыма тарт деп те талап ете жаздады. Ал жайшылықта қостаса да, қостамаса да қашанда болсын көп сөйлейтін Пелле, бұл жолы жұмған аузын ашпастан Элленнің сөзін құптады да отырды. Сірә, олар Вера жөнінде бір ағат пікірде болу керек, әйтпесе олардың неге мұндай көзқараста екенін Мортен тіпті түсіне алмай-ақ қойды. Бірақ ол, дегенмен, қайткен күнде де еркектің міндетін орындайды.

Сөйтіп Мортен алғашқы некеге осылай отырды.

«Баяғыда сөйту керек еді ғой»,— десті жұрттің көбі.

V

Кайыната үйінде

Овощь сатушы Хансен көк базардан жаңа ғана келіп, сатып әкелген овощтарды әйелі өреге жайғастырып болғанша, подвалдағы кішкентай лавкасының есігінің алдында тұрды. Ең тәуірін әйелі жайпақ жәшіктерге таңдап салып, қызықтырғыш көрме ретінде лавканың алдындағы тротуарға қойды. Хансен фру бүгінгі сатып әкелінген овощтарға аса разы бола қойған жоқ: картофельдері — әр жері қарайып, шіріп кеткен болып шықты, ал сельдерей¹ — өте уақ.

— Өз ақшамызды да шығара алмаспыз мынаумен,— деді ол.— Түбірі тіпті баланың жұдырығынан да кішкентай.

Күйеуінің сатып әкелген нәрселеріне сөйлеп, мыжыңдай беруді Хансен фрудың жаны сүйетін еді; бірақ «баланың жұдырығындай» деген сөзден есіне қызы түсіп, соның әңгімесіне көшіп кетті. Вераның баласының әкесі өз ісіне өзі жауап бере алатын адам болғаны қандай бақыт! Вера да жөнін біледі. Бұлар қартайғанда айналадағы көрші-қолаңға күлкі боп жүрмесе болғаны да — жұрттың біреуді табалауға қандай жаны құмар! Ал енді қазір жұрт қаңқу ететіндей ештеме де жоқ: тұңғыш баланың жарық дүниеге мерзімінен бұрын, асығыс келетіні жұрттың бәріне де белгілі

¹ Сельдерей — жапырақтары, тамырлары тамақты дәмдеуге жұмсалатын бақша өсімдігі.

ғой! Егер Вера енді бір бес-алты ай жүрсе, бәрі де ойдағыдай боп шығады, ал қазір оның бойынан ештеме де білінбейді. Жұбайы да тамаша — жазушы! Ондай адамдардың фамилиясы газеттерде жиі басылып тұрады. Вераның аты-жөні толық көрсетіліп, оның кімнің қызы екені, тағы басқа сондай мәліметтері айтылып үйлену тойы жөнінде де хабар басылып шықты. Көрші-қолаңның барлығы да қолдарына газеттерін алып, көрсетпекші болып жүгірісіп келді. «Я, ол екеуі істің бәрін де үндемей жүріп бітірді», — деді Хансен фру, тап бір жастар некеге отыра салысымен шетелге кетіп қалғандай-ақ. Бірақ шынында бұлардың ісіне оның өзі де разы емес еді: бар болғаны қалалық басқармаға барып, қағаздарына қол қойып, ресторанда ырымын жасай салды, тіпті әке-шешесін шақыру да ойына келмеді! Қалыңдық кәдуелгі әдет-ғұрып бойынша, үстіне ақ көйлек киіп, басына ұзын фата¹ салып, қолына мирт² гүлін ұстап каретамен осы үйге кеп түссе ғой, оның ешқандай қарсылығы болмас еді. Миртті Ольсен арзан бағаға табатын еді де, өзі жақсылап тұрып қонақасы даярлар еді! Ал Вера жасаған той, көңілдегідей бола қоймады... Дегенмен де, осы кітап жазудың өзі аса табысты да іс болмаса керек?

— Қалай ойлайсың, Хансен, өзі ақшаны тәуір таба ма екен? — деп сұрады ол, күйеуі бір корзинка сәбіз алып келе жатқанда.

Хансен әйелінің кімді айтып тұрғанын бірден түсіне қойды, оның өзі де соны талай рет ойлаған еді.

— Оның бәрі рас қой, бірақ жазушылардың өздерін-өзі қалай алып жүруіне байланысты, — деп жауап қатты ол ойлы жүзбен. — Тек көтерілістер мен сол сыяқты жоқтан өзгені жазатындар да бар, олар сыбағасын сонысына қарай алады. Дегенмен де, мемлекет бұл жазғыштарға көңіл бөледі. Мен овощь базарында әлгі Вигерслевтен келген жарымес бағбанмен әңгімелестім, — ол біздің күйеубаланың жас кезінен жолдасы ғой, — оның айтысынша, Мортен өте қабілетті жазушы болса керек. Бірақ жоғарғы жақтағылар оны жақтырмайды дейді. Ал, дегенмен де, құттықтаймын, бақытты болуларыңа тілектеспін дейді. Сөйтіп мынаны ұстата берді.

— Ой, шалғам-ақ екен! — деді Хансен фру алақанын соғып, — Неткен тамаша!

¹ Ф а т а — күйеуге шыққан қыздар салатын желек.

² М и р т — өне бойы көгеріп тұратын иісті ақ гүлі бар өсімдік.

— Быйылғы алғашқы шалғам және өзі парниксіз¹ шыққан. Онан өткен бағбанды таппассың!

— Бұл шынында да, өзіміздің Данияның шалғамы ма? — Хансен фру бір байлам шалғамға бейнебір гүл көргендей қызыға қарады.

— Енді қалай, шешесі-ау! Мұны өсірген сол жігіттің өзі! Ол өз ісінің нағыз шебері, басқа жұртта түк жоқ кезде, қашан да болмасын оның бірдемесі өсіп, пісіп тұрады. Және өзінің негізгі алушыларына екі байламнан сыйға үлестіріп береді. Әйтпесе, ресторан иелерінен онысына жап-жақсы ақша алар еді ғой. Мә, қазір ала тұр да, бір бөтелке сырамен қосып, ертең таңертең бер, байқа, ұмытып кетіп жүрме!

Хансен ағаш жаңқалау үшін далаға шықты. Кокстен басқа олар бума-бума етіп тамызық та сататын, өзі жаңқалағанда, жыйырма бумасы іп-ілезде-ақ дайын болады. Сонан соң Хансен фру оны таңертеңгі асқа шақырды; ол шоланда қолын жуып, лавканың ар жағындағы бөлмеге кірді.

Хансеннің қарны қатты ашқан еді және быйылғы алғашқы овощ жеймін деп аузының суы да құрып барады. Бірақ қайда кетті әлгі әйелі?

— Шалғамы бар болғыр қайда құрып кеткен? — деді ол ренжіп.

— Мен оны тротуардағы жәшікке салып қойып едім. Жұртта жоқ нәрсені көрмеге қойған қандай тамаша!

— Қазір алып келіп, мына столдың үстіне қой, тез!

— Жоқ! Бермеймін, — деп Хансен фру сықылықтап күліп жіберді.

— Егер сен қазір әкелмесең... онда... — Хансен қабағын түйіп, тұнжырап қоя берді.

— Онда не істейсің, жаным Хансен? — Ол күйеуінің жанына келді де, бетіне қадала қарады.

— Ой, кетші енді сайтан!

Хансен маңғазданып орнынан тұрып, лавкадан өтіп, далаға шықты. Шалғам бір жапырақ қатты қағаздың үстінде көзге ерекше көрініп жатыр; оның үстіне Хансен фру өзінің бала күніндегідей шыймайымен: «Маусым жаңалығы — парниксіз шыққан. Бір байламы бір крон!» — деп жазып қойыпты.

¹ Парник — тұқым көктететін беті әйнектелген жылы орын.

Бірақ шалғамның өзі де бір-ақ байлам! Хансен оны алды да, кранға жуып, алдындағы столға салып, енді сыранның келуін күтіп жайғаса түсіп отырды.

— Екінші бумасын неге әкелмедің? — деп жуасый сұрады Хансен фру.

— Өйткені барының өзі осы. Бір жауыз алып кеткен ғой, бір бумасын. Сені жер соқтырып кетіпті, көгершінім! Бірақ енді кроныңды алуыңа болады.

Сол сәтте Хансен фрудың өңі ерінің шашынан ала түскелі тұрғандай боп бұзылып кетті.

— Сен ең құрығанда маған жартысын берсең еді, — деді ол біраздан кейін жыларман болып; оның екі көзі әлі шалғамда.

Бірақ Хансен бірінен соң бірін аузына сап, кітірлетіп, құмарта қаужап отыр.

Бір мезетте ол орнынан атып тұрып, тарелкесін қалған шалғамымен әйеліне қарай сырып тастады.

— Міне, шешесі, мынау тура қақ жартысы, — деді мейрімді жүзбен ол. — Несіне адырая қарайсың? Бір бумада он тоғызы бар еді, мен біреуінің жартысына шейін турап бөліп жедім.

— Біз мұның ақшасына театрға барып ойын көретін едік, — деді күңкілдеп Хансен фру, шалғамды жеп, болып. — Көршілеріміздің бәрі де барып көрді, біз көргеміз жоқ.

— Оның есесіне, алғашқы шалғамды бірінші рет ауыз тиген біз шығармыз, сірә, бұл бізден басқа ешкімде де жоқ. Міне енді біз бәрінен де асып түстік! Егер театрға барғың келсе бара ғой, шешесі, істеген жақсылығың болсын, жаңағы өзіме тиесі бөлікті қайтып бер де, варьетіңе жөнеле бер!

Ұзақты күн осымен өтті: түкке тұрмайтын нәрсеге бола бірімен-бірі ұрысты да отырды. Оған өздері ешбір мән де берген жоқ. Бала-шағаның міндетінен құтылған кезде, жұрт алдына шықсақ екен деген армандары да іске аспай қалатын болған соң, өл-өлгенше бірін-бірі жалықтырмас үшін бірге өткізетін ортақ өмірін бірдеме етіп бояй түсуге тура келді. Екеуінің біреуі терісіне сыймай ашуланып, біраз уақытқа дейін іштей тынып, біріне-бірі тіл қатыспай, ала көзімен атысып, анда-санда ғана бір бұрқ етіп қойып отыратын кездері де болады. Ал шыдамдары таусылған кезде, татуласып тап бір алғашқы кездеріндегі сүйіспеншілігіндей біріне-бірі наздана қалатын.

Хансен осындай күйлі көңілде тұрғанда, алушылармен қалжыңдасып жас қыздардан: менің сендермен ағаш ара-

сына барып, сайран салатын кезегім қашан келер екен деп сұрайтын да, күйеуі бар әйелдерді өтірік ғашық болғансып, қынжылып: «Тағдырдың бізді бұдан гөрі ертерек кездестірмегенін айтсаңшы!» — деп қалжақ қылатын.

Онда Хансен фру тас-талқан боп ашуланып:

— Я, оған сен қандай шеберсің! Жап-жас қыздармен жап-жақсы күйеуі бар әйелдерді қызықтырасың! Әрқашанғы әдетің осы! — деп әңгірлейтін.

— Мен бе? Әрине! — дейтін Хансен мақтанып өзіне-өзі рыйза болғандай алшаңдап.— Мен мұнан гөрі тазарақ та жұмысты істедім. Кезінде менің не істегенімді сен білсең болыпты да, шешесі.

Онда Хансен фру жалма-жан жалтара сөйлеп:

— Ой мақтаншақ! Ешқашан да сенен мәз ештеме шығып көрген жоқ, ал енді қазір боса-болмаса да біткен адамсың!

Іске алғысыз ғып тастаған соң, енді ері тас-талқан боп ашуланатын да, әйелі күйеуі тағы бірдемені тауып айтып, шамына тигенше өзінің әлгі сөзінің әсерлі болғанына қуанып, рақаттанып қалатын. Екеуі бейнебір күлдіргіш-боксерлер тәрізді: біріне-бірі тиіспей қарап отыра алмайды. Бірақ келесі минутта-ақ екеуі бір-бірінің өкпесін ұмытып кетеді.

Оқта-текте ғана лавкаға келіп әйелдер сорпаға салатын шөп пен мөлшерлі картофель алып кетіп тұрады; одан ірі сауда шамалы болады. Бірақ Хансен ақшасын қолма-қол алып отырса да, ақшаның есебін ұқыптап жазып отырады. Кейде конфет сатып алу үшін екі эре алып, бала-шағалар жүгіріп келіп жүреді, Хансен оларды да жазып қояды.

— Әй, шешесі! — деп дауыстайтын ол кухняның есігінен,— тағы да екі эренің саудасын жасадым.

Сонан соң біреуге сыра немесе бір бөтелке керосин керек боп қалады да лавкаға қайта-қайта қоңырау қағыла бастайды. Бірақ мұнда тек тыйын-тебеннің ғана саудасы жасалады. Хансен лавкасын жауып кассасын есептегенде, жыйырма-отыз кронға әзер жететін. Ақшаны көбірек түсіру үшін сергек тұрып, анда-санда алушыларды да аздап алдап қою керек; байқаусызда безбенді саусағыңмен басып жіберіп, ең құрығанда бір жаңқа болса да қағып қалу керек. Осындай пайдадан түскен ақшаны да жөндеп ішіп-жемейді.

— Сен жаңағы шалғамды жемей-ақ қойсаң да болатын еді ғой,— деді Хансен фру, лавкаларын жауып, түскен

түсімдерін есептеп жатқанда.— Бір крон артық болатын еді, және өзі нағыз адал сауданың ақшасы болатын еді.

— Я, егер екінші бумасын ұрлап кетпегенде! Бірақ әдеттегідей, бұл жолы да, сенікі дұрыс, шешесі. Сол кронды жұтқаннан бері, тап бір қылғынып бара жатқандаймын, тамағымда бірдеме түйіліп тұр. Шалғамың мына жерге тұрып қалды, өзің ұстап көрші,— деп ол тап бір қазір құсып тастайтындай боп, лоқсый бастады.

Хансен фру үрейі ұшып, оның жұтқыншағын ұстап көрді де:

— Ой, есер! — деп итеріп жіберді.— Сенің-ақ ойының бітпейді екен, қылжақтайсың да жүресің! Трамвайдың кондукторының семьясына үшінші рет қарызға товар берген жоқсың ба? Олар ертең көшіп кетеді.

— Жоға тәйірі, білем олардың көшейін деп жатқанын.

— Бәсе! Әйтпесе олар көрші-қолаңның барлығынан да қарыз алып болып, енді ешкім қарыз бермейтін болған соң, зытып барады. Барған жерінде өйте алмас! Бақалшы көлігінің артынан ізінше велосипедпен қабаршы жібереді де солар барған кварталдағы барлық саудагерлерді алдын ала ескертіп қояды.

— Жә, айтары жоқ, жақсы адамдар! Оның үстіне жалақы алады да, күніне қаншасын жұмсайтынын тұп-тура есептеп шығарып қояды. Біз де сөйтіп тұрсақ қой, шіркін.

Хансен қаншама аз болса да белгілі бір мөлшерде жалақы алатындарға қызығатын еді. Ал егер жалақының үстіне пенсия қосылатын болса, одан өткен қандай жақсылық болмақ. Өлгенде өлігіңді жақсы аттандырып, қабіріңнің басына көрнекті ескерткіш орнату керек. Бірақ ол үшін арнаулы касса бар. Рас, табыттан тысқарғы өмір де бар... Бірақ Хансен оны аса ойлай қоймайды. Ол шіркеуге ірі-ірі мейрамдарда ғана баратын да, қалғанының барлығын жаратқан жалғыздың өз мойнына артатын.

Сағат сегіздің кезінде Вера келді. Бет әлпеті әдеттегісінше тамаша, күйеуге шыққаннан кейін тіпті ажарланып кетіпті.

— Зайыбыңды ертіп әкелген жоқсың ба? — деп сұрады Хансен.

— Жоқ, ертіп әкегем жоқ, Блегдамсвей жолындағы бір мекемеде баяндамасы болу керек, сонда шығарып салдым.

— Дұрыс жасаған екенсің, қызым. Күйеуіңнің қайда екенін қашанда болсын біліп отыруың керек. Баяндамаға неткен шебер, тіпті адам таңғаларлық. Сірә, тілге шебер

болса керек. Егер мен шаршы топтың алдында тұрып, бір сағат бойына мылжыңдайтын болсам, әбден шатасып бітер едім.

— Өйткені сенің айтатын түгің де жоқ, Хансен; сенде ешқандай қыял да жоқ! — деді дауыстап Хансен фру кухнядан.

— Жә, жә, мен де айтатын бірдеме табар едім, өмірде жыя берсең, айтатын нәрсе табыла береді ғой. Мен қараңғыда ұйқтамай жатқанда, әрқашанда оны-мұныны елестетіп жатамын, мысалы, тап бір шіркеуде дүйім жұрттың алдында нәзір айтып тұрғандай болам...

Хансен ой желісінен оп-оңай-ақ айрылып қалды.

— Я, онымен не айтқың келеді, әкесі? Сөзіңді тез аяқтатасын ба? — деп Хансен фру есік алдына келді.

— Аһа!.. Я! Менің айтпағым осы ма еді?.. Я, не боса соны айтып кетіппін ғой, өзімше тап бір бөтен-бастақ ештеме айтпаған сыяқтымын. Егер мәселе сонда ғана тұрса, мен баяғыда ригсдагтың мүшесі болар едім ғой.

— Сен бе? Ой, құдіретті құдайым-ай! — деп Хансен фру сенбегендей бір пысқырып қойды да, сонан соң қыңсылай күлді. — Ригсдагтың мүшесі ме? Сен бе?...

— Әрине! Сен ол уақытта қорылдап ұйқтап жатасың! Демек, менің не ойлайтынымды сен білмейсің де. Я... менің айтпағым осы ма еді?.. Вера, ол үшін сенің күйеуіңе ақша төлей ме?

— Әрине, төлейді. Ол бес крон береді.

— Қарай гөр! Ал ол бір сағат қана сөйлейді ғой, ең көп болса, бір жарым сағат. Демек, сағатына он крон табады екен ғой. Өте жақсы!

— Бірақ оның дайындалуы да керек қой. Мысалы бүгін ол күні бойы үйдің ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, дайындық жасады — бір нәрсенің қыйуы келмей қатты қыйналды. «Кітабың көп қой, бірдемені алып оқып, соны айтып берсейші дедім мен». Бірақ ол оған бұлан-талан болды! Тап бір мектепте сабаққа дайындалмай барған баланың не болатынын білмейтін сыяқтымын, басыңды төмен салып, үнің өшіп, ұялып тұрасың ғой.

— Дегенмен де, ол үшін жақсы бас керек қой, — деді Хансен ойлы жүзбен.

— Және ол қымбат-қымбат кітаптар сатып алады, — бұл шығынды да тапқан табыстан шығару керек. Бірақ оның есесіне ол бір баяндаманы бірнеше рет оқыйды; бір рет оқыды екен деп ақы төлемей қоймайды.

— Мен де сөйтсем ғой! Овошымды бір емес, бірнеше рет сатсам! Дұрыс ойлап шығарған екен олар, ә? Солай емес пе, шешесі?

— Кей кездерде ол баяндамасына елу крон алады; мұндай ақшаны олар провинцияға шыққаны үшін төлейді,— деді мақтанып Вера.

— Ой, сайтан-ай! Елу крон! Жолға да біраз шығын керек қой, бірақ дегенмен де...

— Мортен өте үнемшіл. Тамақты ылғыйда үйден алып кетеді, қашанда болмасын ішкілік ішпейтін үйлерге және сол сыяқты арзан жерлерге түседі.

— Жоқ, не десең де, әйтеуір, бір түрлі қызық қызмет: бірдемені шатып, мылжыңдап немесе қағаз бетіне бірдеме шыймайлап күн көреді,— деді Хансен ойын бөліп.— Бірақ, өздерің жақсы тұрасыңдар ма?

— Басқалар ақшаны әлдеқайда көп табады, төрт-бес бөлмелі үйлерде тұрады, қолдарына үй қызметшісін ұстайды. Бірақ ол үшін құдай жолын жазып, кесімді ақы алып тұру керек. Ал Мортен көбінесе ештеме төлемейтін жерлерге сөз сөйлеп, жазып беріп тұрады. Менімше...

Ол сөзін аяқтамады, өйткені үйге қасында бір бейтаныс қызы бар әкесінің үлкен баласы кіріп келді.

— Мына кісі, Лаура Ларсен дейтін фрекен, менің қалыңдығым,— деп таныстырды ол сөзін бөле сөйлеп.— Мен кемпір-шалға көрсетейін деп келіп едім.

Сол-ақ екен өздері де кетіп тұрды, биге асығып барды екен.

— Күнде жаңалайды да жүреді! — деді күңкілдеп Хансен, олар кеткеннен кейін.— Тап бір зоология бақшасындағы аңдар тәрізді, ылғый әкеліп көрсетіп кетеді! Әбден келісіп, сөз байлағанша үйге әкеліп көрсетпесе де болады ғой. Әйтпесе, соның қыздарымен көшеде кездесіп қалсаң теріс бұрылып кетіп-ақ жүргенің, әсіресе жандарында еркектері болса, қандай жаман. Не істерімізді білмейміз — жалынамыз ба, енді қайтеміз? — деді қышырланып.

— Ой, тентек бола берсін,— деді Хансен фру.— Әйтеуір, демонстрацияға ұмтылып, Виггодай полициямен төбелескеннен тәуір ғой!

Вераның артынан Мортен келгенде, едәуір кеш болып қалған еді.

— Ал, күйеубала, бүгін баяндамаңды қалай өткіздің? — деді Хансен оның қолын қысып жатып.

— Рақмет, бәрі де жақсы өтті,— деп жауап қатты Мор-тен күлімсіреп.

— Ең бір қызық жеріне келгенде оп-оңай жаңылып та қалуға болатын шығар, солай емес пе? Білесің бе, күйеу-балам? Сен аңыз, ертегілерді көп білуің керек, әңгіме же-лісін қайта тапқанша соларды айтуыңа болады! Бұл — жұртқа да аса қатты ұнар еді.

Вера ашуланып тырсыйып отыр.

— Сен баяндама бітісімен келем дегенің қайда? — деді ол еріне күдіктене қарап.

Мортен баяндамадан соң жарыс сөз басталып, амалсыз-дан отырып қалғанын түсіндіріп жатыр. Бірақ оған Вера-ның сене қоятын түрі жоқ.

— Қызымыз қызғанады екен, байқадың ба, шешесі? — деп сұрады Хансен, ерлі-байлы екеуі басқыштың астында-ғы бөлмедегі төсекке жайғасып жатып.

— Бұл оның күйеуін сүйетіндігін көрсетеді,— деп миң-гірлей салды Хансен фру, шашын бұйралау үшін қағаз шыйыршықтаған басын қабырға жаққа қарай бұрып, ұйқы-сының келгенін білдіріп.

— Күйеуі әп-әдемі және оның үстіне жып-жыйнақты, тәуір адам екен. Қайтып сүймесін!... Әлгі анасы қашан бо-лады, сеніңше қалай, ә?

Хансен фру жауап қатқан жоқ.

VI

Ләззат айы

Мортен «күнделіктің ғана қамын жеп» өмір сүруге әдеттенген, бірақ енді оның ісінің оқыс молайып кеткендігі сонша, тіпті мойын бұруға да мұршасы келмеді. Пәтер із-деуге, үй мүліктерін сатып алуға тура келді, сол екеуінің қайсысы болсын, мүмкіншілігінің келгенінше, арзанға түсі-руге, және ақысын белгілі бір уақытта кейін төлеуге келі-сіп алыс-беріс қағаздарын реттеу керек болды, кесімді айлық табыс болса да жаман болмас еді. Ең қажетті үй мүлкін ол Эльмегадтен алды, оның өзі ыңғайсыз, нашарлау мүлік еді, және өзі аса арзанға да түсе қойған жоқ. Бірақ, оның есесіне, ақшасын қолма-қол төлемей, ай сайын жарнама

ретінде төлеп тұратын болды. Пәтер мәселесі онан да гөрі орайлырақ кездесті. Ол пәтерді Лерсэдағы¹ жаңа салынған бір үлкен үйден тапты. Үй иесі үйін сатқанда барлық пәтерлері толығымен жалға берілген деп қабарландыру үшін пәтерлерді алғашқы тоқсанда ақшасыз, тегін тұрғызды. Мортеннің тек тезірек көшіп барғаннан басқасы жоқ! Әрине, Вераға бұл аумақ ұнай қоймады, бірақ пәтерге қарсы болған жоқ, сатып алған үй мүлікі оған тіпті ұнап кетті. Мортен үй иесі, семья басы болып, ерекше құрметке бөленді.

Пелле өзінің қалалық басқармамен байланысы барлығының арқасында Мортенді коммуналдық кешкі құрылыстарға мұғалім етіп орналастырды. Және Мортен көбінесе жұмысшылар кружоктерінде баяндамалар жасап, мақалалар жазды, (оларының көпшілігі басылмады) кей кездерде қулық жасап газет, журналдарға әңгімелерін бастырып жүрді. Жұмысқа жұмыла кірісіп кетіп жүрген кездерінде, ақшаны да жақсы тауып тұрды. Сабақ беріп келгеннен кейін, ұзақты түні отырып, үлкен романының материалын жазуымен болды. Бірақ ісі берекелі болмады; түнде ғана қанаттанатын жазушылық шабыты тап бір оның үйленуімен келісе алмаған сыяқты. Шам жарығы енді бұрынғыдай оның көз алдына қыял дүниесіне толы, одан өз тағдырларының шешімін күткен көптеген жаңа образдарға толып қара түнекте жатқан ұлан байтақ «Иесіз елдің» бейнесін көрсете алмады. Енді шам айналасындағы жарықтан басқа қараңғылықтың барлығы да міндеттерге, қаракеттерге, қыр соңынан қалмайтын көңілсіз де тынымсыз ойларға: өзі арзан әрі қолайлы газ плиткаларына, қысқы отынның қоры мен тағы басқа бірнеше қажетті шаруаларға лық толы еді. Есіңнен тануға болады, осындай бір аядай баспананың бабын табу үшін қаншама нәрсе керек! Алдағы айларда сатып алатын нәрселерді дәлме-дәл етіп есептеп отырудың өзі — үлкен өнер; ол әрбір минут сайын ойының жұмыстан бөлініп, шаруашылықтың осы бір саласына қарай ауытқый беретінін сезеді.

Ал қатардағы бөлмеде Вера ұйқтап жатады, әрбір сәт сайын түнгі ұзын сарғыш сорочкасын шұбалтып келіп, көзді қызықтырып, ұйқылы-ояу табалдырықтан қарап, қолындағы қарындашын да жұлып алады!

¹ Л е р с э — Копенгаген қаласының маңындағы жарлы-жақыбайлар тұратын аумақ.

Мортен аса бір тәуір ниет үстінде некеге отырды, бірақ көп кешікпей некенің Вера екеуі үшін емес, қоғам үшін керек нәрсе екенін білді. Барып тұрған ақмақтық, некенің тиісті тәртіпте болуы үшін, осына бір қоғамның аранды аузына апарып нені арандатпауға болады десеңізші! Мүмкін, пастор немесе баргомистер конторы саудагерлерді қабарландырып қоятын болса керек: олардың агенттері ерлі-зайыпты адамдарға: керекті нәрселерді алыңдар, оны қауіпсіздендіріңдер деп таңертеңнен кешке шейін үгіттеп, бара-бара неке үйінің табалдырығын тоздырады. Вераны акушеркаға барып көрін деп көндіре алмай жүргенде, олар Мортенге балалар арбасын ал, жаңа туатын жас нәрестеге жасау әзірле деген ұсыныстарды жаудырды. Бұған Вера да жантәнін сала кірісті; нағыз ерлі-зайыптыққа не нәрселердің керек екенін ол да білді.

Некелесу дегеннің өзі бір қызық! Онымен қатар адам өміріне небір өзгерістер кірмейді дейсің — жатқан бір жаңа дүние! Ал шынына келгенде ешқандай жаңалық болған жоқ. Барлығы да, тіпті айта берсеңіз, ерлі-зайыптылардың төсек-орындарының қай жерде тұратынына шейін алдынала бөлініп, белгіленіп қойған. Жүздеген мың астана пәтерлерінің барлығында да ол төсек-орындар бір қалыпты жыйналады. Тіпті қалтаңыздан сағат суырып, міне енді сол төсектерде жұрт ұйқтап жатыр деп күмансыз айтуыңызға да болады. Тап бір қуыршақ поезбен сапар шеккендей боласың: бейнебір алға қарай зымырап бара жатқандайсың, бірақ шынына келгенде бір орныңнан жылжымайсың, маңыңнан майлы бояуымен салынған табиғат көріністері мен қалалар ағылып өтіп жатады. Тіпті айта берсеңіз құмарлықтың өзі көктегі жұмаққа сапар шегудің елесіндей көрінеді. Жеті хат көкке қашан көтерілудің билігі Верада еді.

— Кәне барын тастайық та, көкке көтерілейік, — дейтін ол ерінің шаршағанын байқағанда немесе өзінің айтқанын орындатқысы келгенде.

Ләззат айы әлден-ақ Мортенге сахарада сандалып, сая іздегендей боп көрінді. Бірақ ол күнделікті өмірдің міндетті харакеттері мен рақаттарын жақсы атқарды. Дегенмен де, біз енді мәдениетті адамдар болдық қой; еркектің ұрғашыны ұрықтандырып, оны да, одан туған тұқымды да далаға тастап кеткенінен бермен қарай мыңдаған жылдар өтті. Неке еркек үшін емес, әйелдер үшін керек боп келді! Мүмкін неке дегеннің өзі сол әйелдердің ойлап тапқан нәрсесі

болар? Дегенмен де, әйтеуір, Вера тап бір сол неке үшін жаратылғандай-ақ, бар ісі сонымен болды. Ол алғашқы күннен бастап мүлде өзгеріп кетті, Күн көзіне күле қарап: «Кел, тозаңдандыра гөр мені!» — деп жалбарынып тұратын тамаша гүл оқыс өзгеріп, мүлдем басқаша бір заттық қасиетке көшті. Бағынушылық, көңгіштік деген өзім білемдік еркіндікке ауысып, Мортен үшін сырттай билік жасап тұратын сыңайы байқалды.

Осы мәселелердің барлығын да түсіну оңайлыққа түсе қоймайтын еді. Мортен бір адам өзімен сөйлесе, онда ешқандай жасырын сыр да жоқ, сол тұрған қалпы тұрған деп сенетін еді; бірақ Вераның жан дүниесіне қалай кіріп шықсын? Бір сәт олар балдай тәтті боп, ауыз жаласып қалса, бір сәт таныспай тұрғандағысындай бір-біріне жат бола қалады! Ешнәрсемен шындап шұғылданбай, біресе оны, біресе мұны істеп ұзақты күнге кезіп, монтыйып жүргенде ол қыздың ішінде не жатқанын қайдан білсін; қайта-қайта келіп, Мортеннің де жұмысын көріп кететін, бірақ оның неменеге жанталасып жатқанына да назар аудармайтын. Вераның көңіл күйі сырт қалпымен қаншалықты үндесіп, оқыған романдары қаншалықты әсер етті екен оған? Үй иесі әйел ретінде, сірә, ол алдына ешқандай міндет қойған жоқ. Ол үй ішінің жыйнақты болып, өздерінің жоқшылықтан жылдамырақ құтылғанын тәуір көреді, бірақ сол тұрмыс ол үшін өзінен-өзі келетін сыяқты.

— Қалай ойлайсың, осы сенің атақ-даңқың шығатын уақыт қашан жетеді? — деп сұрайтын Вера; ол не нәрсе болсын сәті түскендіктен, бақыттылықтан деп қарайтын еді.

Мортен кешкі сағат тоғыз-ондардың кезінде курсқа сабақ беріп шаршап келіп отырғанда, ол көңілсіз қарсы алып, өкпелеген баладай бұрғыйып, тек шайын ғана беретін. Кей-кейде ол ештеме де дайындамай, жатып қалатын.

— Сен мені тіпті керек қылмай кеттің! — деді бір күні Вера.

— Ойбай-ау, сен үшін өстіп жаным шығып жүр ғой, — деп жауап қатты Мортен. — Неғұрлым тезірек бірдеме ғып ақша тапсақ, сол ғұрлым тезірек басқа ауданға ауыспаймыз ба.

Вера басын көтерді: аудан десе жаны ауырып тұратын әдеті еді. Лерсэ көлінің маңайындағы бұталарда жасырынып жүрген күдікті жандар көп-ақ. Әсіресе кешке жақын көшеге шығуға болмайды; сөз жоқ, байланыса кетеді дейтін ол.

— Егер жөн сөйлеп, дұрыс жауап берсең, олар көнгіш жандар,— деді Мортен; қашанда ол кешке жақын үйге қайтып келе жатқанда көбінесе солармен әңгімелесіп жүретін.

Бірақ «бұл сыяқты» адамдармен шүйіркелесе әңгімелесу — Вераның мыйына да кіріп шықпады.

— Бір күні олар аяғымен теуіп-теуіп кетеді — я, я! Егер әйелдің жүкті екенін білсе, олар іштің төменгі жағын ала тебеді! Бұрнағы күні кешке...— Мортеннің таңдана қараған кейпін байқап, ол сөйлей алмай, бөгеліп қалды.— Я, шын айтам, бұрнағы күні кешке мен өзіміздің үйден келе жатыр едім... олар менің жолымды тосыпты,— деді ерінің ішіп-жеп бара жатқан өткір көзіне шыдай алмай, тайқақтап бұрыла беріп.

Мортен үнсіз қадала қарады оған. Қасақана өтірікті соғып отыр ма екен, жоқ әлде, жүктіліктің әсерімен сандырақтап отыр ма екен? Сол күні кешке үйге бауыры әкеп салмап па еді!

Вера оған көзінің қыйығымен қарады.

— Несіне қарайсың! — деп шаңқ ете қалды ол ызаланып, бір жағынан әрі ұялыс тапқандай болып.— Маған ежірейе қарағаныңды қой, естисің бе! Әйтпесе мен көрсетермін саған!

Кроваттан бір-ақ секіріп түсіп, еріне қарай ұмтылды. Мортен құшақтай алып, аймалап бетінен сүйді.

— Демек, олар менің кішкентай қызыма жол бермей жүр екен ғой? — деді ол ойынды-шынды араластырып, Вераның жұп-жұмсақ шашынан сыйпап.— Ой, неткен оңбағандар еді!

— Я! Мені жалғыз жүрмейтіндей етсейші,— деді Вера тұнжырап, құшағына кіре түсіп.

Бірақ мейірбан болу да оп-оңай емес. Бір күні кешке Мортен коммунальдық мектеп мұғалімдерінің социал-демократиялық одағында баяндама жасады. Баяндамасының тақырыбын ол ағарту мәселелеріне арнады да, қандай ғана болмасын ағарту ісі адамға бостандық әпереді деген жұрттың көпшілігінің, соның ішінде социал-демократтардың да қостап жүрген ағат пікірлеріне тойтарыс бергісі келді. Ағарту ісінің бұғауды үзуі де мүмкін, бірақ адамды мұқалтып, майрылтып тастауы да мүмкін, мұның барлығы да оның түріне, мазмұнына байланысты. Үстемдік етуші таптар мұны өте жақсы біледі: сондықтан да шіркеу қалың

бұқараға «дұрыс ой» бере алмайтын болып шыққаннан бермен қарай, мектеп олардың аяулы перзенті болып отыр. Бұрын помещиктің столының төменгі жақ шетінде пастор отыратын еді; ал енді қазір, «Еркін ойлы» заманда, ол орында осы күнгі өмір сүріп тұрған қоғамның сенімді тірегі боп есептелетін мұғалімдер отырады. Тек сол мұғалімдердің әсерінің әлсіз жерлерінде ғана іске кеп «броневик»¹ килігеді.

Рим патрицийларын да бұл жағдайға түсініп, өздерінің құлдарына тек қара жұмыс қана арқалатып қоймай, сонымен бірге оларды поэзия, философия сыяқты жоғарғы ғылымдар мен искусствоға да араластырды. Атақты философ Эпиктет құл болатын. Оның ерекше ғалымдығы құлдық бұғауына қарсы күреске шығуға мәжбүр етіп пе еді? Жоқ, ол толып жатқан шыдамдылық философиясын жасап шығарған, құлдық-күңдік өмірге мойын ұсынып, шыдай беру үшін бүкіл құлдарға арналған философия жасаған. Сол үшін оған рақым етіп, мойнындағы бұғауын алған. Ал, біздің үйкүшік ғалымдарымыз ше? Олардың білімі жетпейді деп есте айта алмайсың, бірақ олар мардымсыз еңбек ақыға мәз болып, басқа кедейлерге қырындайды да, тап бір өздерін байлар қауымындағы топтың ту ұстаушыларындай сезінеді.

— Темір бұғаудың талқанын шығаратын ғылым бар, бірақ олар сол ғылымды мүмкіншілігінің келгенінше алыстан орап өтуге тырысады,— деп аяқтады Мортен сөзін.— Балаларға борша-борша болған ақжаймасын мектепке әкелтіп, микроскоптың астына салып қараңдар. Кір-қоқыстың арасында құжынаған жұқпалы микроптарды балалардың көзіне көрсетіңдер. Ішке жұтқан жаман сасық ауаны да сарапқа салыңдар. Бойын өлшеп, кірге тартып көріңдер де қаншалықты жүдеп, қаншалықты бойларының өспей қалғанын өздеріне айтыңдар. Өмір сүріп, тірішілік етудің жан түршігерлік жағымсыз жағдайларын алдарына ашып салатын білім беріңдер оларға. Темір бұғауды сонда ғана үзудің мүмкін.

Жұрт баяндаманы жым-жырт ұйып тыңдады; сонан соң жан-жақтан Мортенге жабылып, арадай талай бастады. Тек одақтың председателі, советтің мүшесі, қарт мұғалім ғана Мортенді жақтады. Мұғалімдер бірінен соң бірі шығып сөйлеп, түп негізі тарих пен дін болып есеп-

¹ «Б р о н е в и к» — күзет полицейскийлерінің көше арасында тарап кеткен аты.

телетін іскер де әділетті ағарту ісін жақтады: дәулетті таптардың балалары сыяқты кедейлердің балалары да жалпы білім алуға қақылары болуы керек.

Идея мен шындықтың арасының жер мен көктей екендігіне Мортеннің тағы бір рет күйінішпен көзі жетті. Оны дегенмен де, өздері еркінойлы жандар болып есептеліп, соның үшін тіпті өз алдына жеке мекеме де құра алатын осы отырған мұғалімдер тобының ой-өрісінің шамалы екендігі қатты таңдандырды. Ол бұларды сендірудің қыйын екенін алдынала-ақ біліп келіп, бірақ дегенмен, әйтеуір, қарысып көрмекші болып еді,— сөйтіп бұл тартыстан өзінің де әбден сілесі құрып шықты.

— Сіз бүгін өзіңізді-өзіңіз аздап бұзыңқырап алдыңыз-ау деп қорқамын,— деді оған қош айтысып жатып қарт председатель.— Айтып отырған ісіңнің дұрыс екендігі әрқашанда жеткілікті бола бермейді, кей кездерде үндемей отыра да білу керек.

— Бұл не — қара тізімнен сақтандырудың ақылы ма? Осындай да өзің қандай ойласаң, ол да сондай ойлайтын, жан дүниенің түсініп өзіңді қолдай білетін сенімді жолдасың болар ма еді.

Үйге қайтып келе жатқан Мортен жолшыбай шайға салатын, майлы сүтке илеп пісірген тоқаш сатып алды. Үйде от жанып тұр, бірақ Вера жоқ; жататын бөлмеде де, кухняда да жоқ болып шықты. Мүмкін көрші-қолаңдардың біріне кеткен шығар? Мортен біраз уақыт пальтосын шешпей, таңданыңқырап тұрып қалды. Бірақ сол мезетте терезе алдында көлденең тұрған жазу столының астынан шығып келе жатқан Вераны көрді. Бет әлпеті тап бір істеген ісін ойынға айналдырарын немесе салмақты пішінде боларын өзі де біле алмай тұрған адам тәрізді.

— Құдайым-ай, мұның астына неге кірдің? — деді Мортен оны столдың астынан шығарып жатып.

— Ой менің...мен үйде жоқ болсам, қайтер екен деп білгім келіп еді,— деді Вера қыйқарлана жауап қатып.

— Міне мен бір тәтті нәрсе сатып әкелдім,— деді Мортен өтірік көңілденіп, майлы сүтке иленген тоқашты ашып көрсетіп.

Вера шай әзірлеуге кетті.

Шай үстінде Мортен қызу әңгіме айтып отырды. Қаншама айтқысы келіп отырса да, жыйналыстың жайын айтудың қажеті жоқ еді; Вера тіпті оның баяндамасының қалай өткенін де сұрамады. Бір күні қалыпшы Ольсеннің

әйелі өздеріне сол үшін жүдеп-жадап, ашығуға тура келсе де, күйеуінің өз сенімі бойынша өмір сүруге ерікті екенін айтқан еді, Мортеннің есіне сол түсе кетті. Егер ол Вераға баяндамашы болғандығымнан қара тізімге тізіліп қалу қауіпі төніп тұр деп құлақ қағыс қылған болса, қайтер еді? Сөйтіп байқап көрер ме еді өзін?

— Неге көңілсіз отырсың? — деді ол басқа ештеме айтуға батылы бармай.

— Ой, білмеймін, ішім пысты! Ең құрығанда роялым болса бір сәрі, уақыт тезірек өтер еді.

— Сен оны ойнай білмейсің ғой.

— Жоқ, ойнай алам! Қандай ғана болмасын әуенді бір саусағыммен сала алам, ал бірінші этажда тұратын Петерсон фру он саусағыңмен бірдей ойнауды үйретемін деп уәдесін берді. Оның роялі бар; ешуақытта ішім пыспайды дейді.

Мортен ұсталған болса да, қарызға бір рояль алып берейін деп еді, Вера көңілденіп жадырап сала берді. Ол өзі таңғажайып сүп-сүйкімді, жағымды жан болу да қолынан келетін әйел еді, көбіне жоқтан өзгеге көңілденіп, дәсердей болып қалатын. Ұйқтайтын бөлмеге кетіп бара жатқанда тіпті ол өлеңдетіп те жіберді.

«Вера ауа райы сыяқты, — деп ойлады Мортен. — Ол өзі қандай күйде болса, сондай күйде қарсы алу керек. Жадыраған уақытында қоса жадырап қуанып отыру керек».

Ол шаршағаны басылып, біраз тыңайып қалды.

— Мен қазір келемін, — деді де, барып жазу столына отырды.

Ойлап жүрген сериясының бірінші мақаласын жазып тастауы керек еді, бұл мақаласын ол ертең өз қолымен апарып тапсырып, мүмкіншілігінің келгенінше, барлық серияға бірдей қаламақы алу үшін, бүгін кеште жазып бітіргісі келді. Мақаласының тақырыбы — «Шыңырау» түбін мекендеушілер, олар Уттерслевті паналайды, оларды тәуір тұратын жұмысшылардың өздері де «азғындар» деп атайтын. Бұл күйге ұшырауына бір жағынан жұмысшылардың өздері де кінәлі екенін, «Шыңыраудағылар» да солардай адам екенін, олардың да өз қамы, қуаныш-күйініштері, талпынған талаптары бар, тек бір жағдайлармен ғана құлдырап азғындап кеткен жандар екенін дәлелдегісі келді Мортеннің. Жұмысшы баспасөзі мен жұмысшылар жыйналыстарындағы шешендердің баяндамаларындағыдай, жұмысшыларымыз жетістікке жетті деп мақтанып, беталды тоқмейілдікке салынушылыққа қосылмайтын еді ол. Жұмыс-

шылар қозғалысы барлық жұмысшы бұқарасын қамтый алған жоқ деп есептеді Мортен. Міне, басқалар оңай көтерілу үшін борт сыртына лақтырылып, тіпті дүниеде бар екендігі жоққа шығарылып қағажу қалдырылған осы бір көптеген жайларды оның жазғысы келді. Жазғанда да, сол жайларды ешкім бұлтара алмайтындай етіп жазу керек! «Жұмысшы» газеті бұл мақаласын алмайтыны Мортенге мәлім еді. Бірақ буржуазиялық ықпалға қызмет ететін «Түстік листок» газеті, тіпті болмаған күнде, «Жұмысшы» газетін жерге қарату үшін болса да, бұл мақаланы қуана-қуана қарсы алады.

Мортен шындықты тура айтардағы әдетіндей бүгін де сергек, шыйрақ отыр. Оны Лерсэ көлі маңындағы жолы болмай, ашынып жүрген жандардың өмірі қызықтырды; олар қолдарына бір атым темекі түссе, бірінен соң бірі сорып, шайнап жүретін маскүнемдер еді; Олар екіжүзділік дегенді, біреуді қарақаттау дегенді білмейтін жандар еді. «Тәжрибелі» деп аталатын жұмысшылардан сезіліп тұратын мешандық тоқмейілсуліктен олардың адам қарағысыз аянышты қайыршылық өмірін Мортен алдеқайда артық санайтын. Міне осыны «көкейге қона кететіндей» етіп жазу керек!

Вера түнгі сорочкасымен есікке келіп Мортенге мардам-сый қарап:

— Жұмыстан сіңірі шыққан мәстек! — деді.

Мортен жалма-жан басын көтеріп алды.

— Адам жөнінде айтылатын сөздің ең бір тәуірі екен, — деп жауап қатты ол, жазуын жаза беріп.

— Соны көре алмай тұрмын-ау, — деп кесіп айтты да, Вера бар пәрменімен есікті сарт еткізіп, ұйқтайтын бөлмеге кіріп кетті.

Мортен мақаласын тым кеш бітірді. Оның төсекке кеп жатқанын сезіп, Вера көзін ашты, — кім білсін, мүмкін, ол күйеуін күтіп, әлі ұйқтамаған да болар?

— Немене, мақалаңды жазып болдың ба? — деп сұрады Вера шыдамсызданып.

— Я, оқып берейін бе? — деді Мортен қуана жауап қатып, кроваттан түсуге ыңғайланып. Бірақ Вера оны өзіне қарай тартып, құшырлана сүйе бастады.

Ол енді өзінің мақаласын да, жазған нәрсесін Вераның ешуақытта оқып бер деп сұрамайтынын да, мұғалімдер жыйналысынан жеген опығын да, айналадағы барлық дүниені де ұмытты.

VII

Мортен өзіне тиімді жағдайларға қортынды жасайды

Келесі күні Мортен таңертең әртүрлі шаруаларымен және мақаласын «Түстік листок» газетінің редакциясына тапсыру үшін қала орталығына тартты. Ол аспай-саспай, әлсін-әлі магазин көрмелерінің алдына тоқтап, көрмеге қойылған товарлар мен бағасы көрсетілген этикеткаларды көріп келе жатты; қала өмірінің сан алуан көріністері Мортеннің назарын аударғанмен де, ойы бөлініп, елегізи қойған жоқ. Көшенің көңіл күйіне күйсандықтай қосылып, қаланы бейжай аралау — бір ғанибет еді.

Ой-қыялының бір қыйыры Вераға да соғып жатты, бүкіл тұла бойында шаршағандықтың, әлсірегендіктің бір түрлі сүйкімді белгісі қалғандай. Ол оған бірге жүр деп неге айтпады? Неғып суына қоятындай болды екен? Шынына келгенде, онда шынайы сүйіспеншілік болған жоқ; екеуін бір қойнауға әкеп тыққан нәрсе — жұрттың көпшілігінің-ақ басында бола беретін мыңдаған кездейсоқтықтардың бірі еді. Ұлы сезім... Құдай білсін, асылында сондай сезім дегеннің өзі бар ма екен, сірә?... Бірақ бәрібір, қазір ол екеуі бір жетекте келеді, осы жағдайдан мүмкіншілігінің келгенінше, көбірек жақсылық табу қажет. Сайтан алғыр, ешқандай жаманшылығы жоқ осы сыяқты келбетті, сұлу әйелмен қалайша отасып тұра алмайды! Нағыз шынайы махаббат, сірә, ұзақ уақыт бірге өмір сүргеннен кейін ғана барып болатын болса керек. Мортен келешекке берік сеніммен қарады: егер бір азғындап, бұзылып кеткен еркек болмаса, айтқанына көніп, айдауына жүретін әйелге еркек еріксіз байланады. Ал егер жүрек астындағы құрсағында еркектің баласын көтеріп жүрсе... Ол Вераға түсінбейтін еді, бірақ бүгін оны алғаш үйленіп, екеуі қала басқармасына баратын күндегісінен де артық сүйді.

Нэрреброгаде көшесінен өтіп, Мимерсгаде, Гульбергсгаде көшелерінің бойымен жүріп келе жатып, әдеттегідей жұмыс іздеген адамдар ұзыннан ұзақ тізіліп тұрған қабарландырулар ілінген бағанның жанынан өтті. Қандай ғана болмасын бір жұмыс табылып қалмас па екен деп, бірнеше сағаттар бойына сарсыла күтіп, тыныштықта тың тыңдағандай боп тұрған осына бір әлуетті, қажырлы еркектердің тобы адамның жаны ашығандай жабырқау, қайғылы көрініс еді; олардың үстеріндегі киімдері де қолбырап әзер ілігіп

тұрғандай. Жұмыссыздық — қоғамға түскен қара таңба, ал әсіресе, осы қазір, жылдың бір ең тәуір кезінде, — бұл бүкіл мемлекеттік құрылыстың құрығаны деген сөз!

Мортен бағанның қасына келе берген кезде, бір топ жұмысшылардың ішінен қалыпшы Ольсен бөлініп шықты да, көшені кесіп, Мортенге қарай беттеді.

— Я, мені күн сайын таңертең осы жерден табасын, менің қабылдау сағатым — тоғыздан он бірге шейін, — деді ол күйінішті кекесінмен Мортенге қолын созып жатып.

— Әлі күнге шейін ештеме таба алмай жүрсің бе?

— Я, сірә, таба да алмаспын, әуре болмай, енді үйде жатсам да болады. Әйелім де: «Егер сен қайта-қайта бара берсең, олар әлдеқандай болады, отырсайшы үйде!» — дейді. Бірақ мен олар күн сайын қалыпшы Ольсенді көрсін деп ойлаймын; бір кіріскен соң ақыр аяғына шейін кірісу керек қой, түсінесің бе? — Соңғы сөзін ол қатты қыжырына айтып, екі жұдырығын түйіп алды, бірақ ізінше өзін өзі ұстап: — Менің кезегім баяғыда жетті, — деді ол енді басыла сөйлеп. — Бұл жерде кезек сақталады, сондықтан да ғой менің барлығынан да гөрі көбірек қаңғып жүргенім. Бірақ әлгі перілер тек күлкі қылады! «Бүгін де ештеменің орайы болмай тұр, Ольсен, — дейді олар тілінен майын тамызып. — Бірақ қайтсең де ертең кел!» Жарайды, сайтан алғырлар, келемін! Ертең де, бүрсікүні де келемін! Бірақ бір күні шыдамым бітіп, тарс жарыламын ғой, түсінесің бе! Бір сойқан сонда болады ғой! — Оның қатты қобалжып, ызаланып кеткені сонша, тұла бойы дірілдеп қоя берді.

— Ызаланып керегі жоқ, Ольсен, — деді Мортен көңілін басып, жұбатып. — Дегенмен де, біз азшылықпыз ғой... әзірше.

— Я, әзірше ғана, солай емес пе? — деп күйінішті кейіппен күлді Ольсен. — Көпшілік болуымызды күтетіндей менде мұрша бар ма? Оған шейін Ольсен тырапай асып, сүйегі де қурап бітер. Тамақ бермей қойса да, қарап отырмай жұмыс істегенімді жақсы көремін! Мен әлгі, сайтан атқыр, жолдастарға, социал-демократтарға барып, шаңын қағып көргім келеді, өздері бір береке дарымаған жандар ғой! Мұнда құр босқа келіп жүргемін жоқ па өзі, а? Өзіне жол бермей отырған қоғамға Ольсеннің жақсылап тұрып алғыс айтқысы келеді! Ал, қош бол! Егер істің аяғы на-сырға шауып кетсе, Ольсенді есіңе ал.

Мортен оның соңынан қарап тұрды. Тап бір басы шамадан тыс ауырлап кеткендей-ақ оның кеуде жағы бір түр-

лі бұлғаңдап, теңселіп кетіп барады. Бұл бұрынғы қажырлы Ольсен емес. Тек асыра сілтеп алмаса игі еді, ал оны аздап үгіттеп көрсе де теріс болмас еді.

Эльмегадте Мортен ойламаған жерден үй мүлкін сатушымен кездесіп қалды да, өзінің сатып алған мүліктерінің жарнасын төлейтін мерзімі өтіп кеткені есіне түсті; бақытына қарай, күмәзінегінде әлі де болса жыйырма крон қалған екен! Сатушы подвалдың есігінің алдында түксие қарап тұр.

— Мен жарна төлейін деп келіп едім,— деді Мортен батылдана.— Сірә, бүгін жарна төлейтін күнім болу керек?

— Сіз бірнеше күн өткізіп те жібердіңіз,— деп түнере жауап қатты сатушы.

— Солай ма? Бүгін өзім осында келетін болған соң, почтаға салып, шығын шығармай-ақ қояйын деп едім. Күйіп-жанып бара жатқан ештеме жоқ қой, өтіп кеткен уақытына өсім алыңыз...

— Өсіміңіз де-өзіңізге, сіздің мұндай өжеттігіңіз де өзіңізге; уәде, уәде емес пе! — деді үй мүлкін сатушы квитацияны лақтырып жіберіп — Бір жолға кешіріледі, сіз сұреттегендей біз бір соншалықты нашар жандар емес екенімізді білсін деп тұрмын.

Бұл Мортенді түйреп тұрғандағысы еді: ол осы жақында ғана «Түстік листокке» бір сауда мекемесі жөнінде мақала жазған еді. Ол мекеме кедей тігіншілерге жыйырма шақты іс машина қарызға сатып, тігіншілер ақшасының денін төлегеннен кейін сыныққа сылтау тауып, кезекті жарнасын уақытылы бермегені үшін машиналарын қайтарып алып, көп ақша тапқан.

Мортен күліп жіберді:

— Рақмет құлаққағысыңызға! Бірақ жарна төлеуді, әсіресе берешегің бітіп келе жатқан кезде қаттырақ қадағалау керек-ау деймін, сірә?

— Әу бастан-ақ қадағалағаныңыз дұрыс,— деп жауап қатты үй мүлкін сатушы Мортенге ызалана қарап; подвал ішіндегі буалдыр, күңгірт ауа мен тозығы жеткен ескі үй мүліктерінің исінен бе, жоқ әлде ашуға булыққандықтан ба, әйтеуір, сатушы долырып көгеріп кетті.

Қалтасындағы ең ақырғы ақшасынан айрылып қала жаздаса да, көпті құртқан кәсіе пайдакүнемнің көңілін бұзып кеткеніне рыйза болып Мортен ілгері жүрді. Бұдан былай қатты қадағалап отырады, Мортенді шалыс бастыра алмас бұлар!

Қала орталығындағы жұмыстары тым көбейіңкіреп кеткендіктен кей кездерде Мортеннің аптасына екі рет барып жүруіне тура келді. Оның үстіне өзі қаланы жай қыдырып жүргенді де жақсы көретін; ат жоқ, жөн жоқ, қараптан қарап келе жатып, алған бетінен жалт беріп, басқа бір жаққа оқыс бұрылуды жаны сүйетін.

Ол енді Норреброгаде көшесіне келіп түсті, осы жерден оңға қарай бұрылуы керек еді, бірақ, кенет, осы көшенің бір жерінен: «ұсталған рояльдар мен пианино сатылады әрі майын төлеушілерге уақытша ойнауға да беріледі» деген қабарландыру көргені есіне түсе кетті. Ұзақ уақыт іздеп жүріп ақырында оны тапты: кіре берістегі қабырғаға қағаз жапсырылып қойыпты; жазуына, сызған әріптеріне қарағанда мұны жазған адамның сауатының өте нашар екеңін айтып тұр, сондықтан да бұл қабарландыру Мортеннің есінде қалыпты. Кіріп барған бетте, ауыз бөлмеде, бір дембелше келген сары жұмысшы түрпі қағазбен ысқылап ескі рояльдің корпусын тазартып отыр екен. Екі білегін сыбанып алыпты, шашы мен сақалын ағаш ұнтағы басып кетіпті.

— Мен сізді жақсы білемін,— деді ол ютландарша шырылдай сөйлеп, барбыйған етті қолын Мортенге ұсына беріп.— Сенсеңіз, «Жұмысшы» газетіне сіздің романыңыз басылып шыққанда, біз фабрикте, түскі демалыста бірімізден біріміз бұрынырақ алмақшы болып сол газетке жатып таласқан едік. Неткен тамаша, сіздің осында келгеніңіз! Тым құрса, бір шынаяқ кофемен сыйлар едім.— Ол жанжағына қарады.— Әйелім жұмыста, балаларды ойнаңдар деп далаға жіберіп ем; оңай болып жүрген жоқ: не бәрі екі-ақ бөлме, жұмыс істейтін фабрикамыз да осы, тұратын үйіміз де осы. Ай, қойыңызшы соны, түкіргеніміз барма! Мен сізді басқа бір жерден кофемен сыйлайын. Кофенің қожасы аспапты бәрібір менің көмегіммен сатып алады ғой.

— Я, бірақ менің пианино көргім келіп еді,— деді Мортен.

— Мұны кофе ішіп отырып, сол жерде орындауға да болады, өйткені, ашып айтқанда, менде түк те жоқ. Мен жаңа-жаңа ғана бастап жүрмін, білдіңіз бе; менің қолымдағы бар товардың өзі мына ескі коробка. Ал мен сізге түкке жарамайтын салабаны сатқым келмейді, бұл үйінде пианино ойнайтын ешкімі жоқ, тек көрмеге қою үшін ғана алатын семьяларға керек. Егер сіз бар билікті маған берсеңіз, осы бүгіннің өзінде ұстаған болса да, өзіңіз рыйза бо-

латындай бір аспап тауып берейін. Менде қаланың әр түкпірінен келіп жатқан бірнеше аспаптар бар.

— Бірақ сатып алмас бұрын дегенменде әуелі көргім келеді,— деді Мортен.

— Бос уақытыңыз көп болса, көруіңізге де болады. Бірақ одан түсер не пайда бар, қалай қарасаңыз да, мен сізге түкке тұрмайтын салабаны беріп жіберем десем, беріп жіберем ғой. Өйте алмасам ютландық болам ба! Бірақ менің өйткім келмейді. Көңліңіздегіні аласыз және бағасына да екі жағымыз бірдей разы боламыз.

Бұл іс қап ішіндегі мысықты саудалағандай болғанмен, мына кісінің сенімді боп көрінгендігі сонша, Мортеннің күдігі де тарай бастады.

— Көрдіңіз бе, товарды сатып алып складқа салып қоятын менде ақша жоқ,— деді сөзін жалғап жұмысшы (оның фамилиясы Андресен еді),— сондықтан алушы табылғанша, аспаптарды жұрттың өз қолында қалдыруға тұра келеді. Барлығын бірдей оп-оңай, төрт аяғынан тік тұрғызу қайда, көптеген жақсы келісімдер көз алдында орындалмай қалып жатады. Алам деген адамдарды сатушыларға сүйретіп жүрудің де реті келмейді; жұрттың, осы екі араға кеп қысытырылып, тыйын-тебен таппай-ақ қойса қайтер еді деп ойлауы да мүмкін. Реті келсе, олар сенің сыртыңнан кетеді. Міне енді сізді өзіммен бірге ертіп бармай-ақ қойғаным жақсы. Бірақ ешбір алаң болмай-ақ қойыңыз. Менің еңбегіме берілуге тиісті ақшаны бәрібір үнемдеп алып қала алмайсыз.

— Я, айтқаныңыздың бәрі дұрыс,— деді Мортен.— Бірақ кофені бір жолға қалдырсақ қайтеді? Өте асығып тұрмын, сағат бірден қалмай бір редакторға барып жолығуым керек еді.

Бұған Андресен қарсы бола қойған жоқ:

— Жарайды, келесі жолға қалдырсақ, қалдырайық. Айтпақшы, Амагерде тұратын бір үйде сатылатын пианино бар екен-ау, есіме жаңа түсті. Өте оңды пианино, ешқандай жөндеу керек етпейді. Олар оны екі жүз елу кронға сатпақшы, бұл жерде ешкім жоқ қой, ол бағаға тұруын, тұрып бағады. Бірақ мен оны саудаласып екі жүзге түсірермін. Сіз маған екі жүз елу кронға үш айлық вексель¹ бересіз,

¹ Вексель — біреуге бересі ақшаны белгілі бір мерзімде төлеу үшін берілетін міндеттеме қағаз.

оның елу кроны шығарылып тасталынады да екі жүз кронға жаңартылады, елу кроны менің еңбегім болады.

Мортен мұны өте қолайлы жағдай деп білді,— дүниедегі бардың барлығын да осылай етсе ғой!

— Тек, әйтеуір, қолма-қол төлемесек болғаны,— деді ол күліп.

— Я, солай! Қолма-қол дегеннің өзі, қолыңда қаражатың жоқта... бір жаман нәрсе ғой. Біздің елде кімнің қолында қаражат бар ғой дейсіз? Бірақ бәрібір, онсыз да өте жақсы тұруға болады, тек әйтеуір алашағың болсын. Ол үшін де аз еңбек кетпейді; мен бір адаммен істес болып жүрмін, ол он бес процент өсім алады, және оның үстіне менің алушылармен жасасқан шарттарымды да кепілге ұстап отырады.

— Оһо! Мұның өзі оңайға түсе қоятын нәрсе емес екен! — деді Мортен таң қалып.

Андресен мырс етіп:

— Ештеме етпейді, тек әйтеуір шыдап бақ! Бұл өте пайдалы нәрсе ғой. Мені жұмыстан шығарып жіберетін фабрикант қарауында жұмыс істейтін елу шақты адамды сорып, дачалы, яхталы миллионер болып байып кетті. Мені неге жұмыстан шығарып жіберді ғой дейсіз? Өйткені мен кешке өз үйіме апарып ескі аспаптарды жөндеп жүрдім, біздің оған қақымыз жоқ, өйтсек фабриканттың көлеңкесімен қор жыйнап жүрген болып есептелеміз. Оның көзі көп қой, мұнымды біліп қойды да, желкемнен алып, бір-ақ итерді. Бірақ соның сол қылығының сазайын тарткызбасам, Андресен болмай кетейін! Келесі айда әйелім Швециядан ата-анасынан қалған мұрадан үш мыңдай алады, сонда мастерской сатып аламын. Соның сол қылығының қарымжысын қайырмасам, сайтан атсын мені!

— Ал енді мен сізге сендім, өзіңіз жайғастырарсыз,— деді Мортен қол беріп жатып.

— Оған алаң болмай-ақ қойыңыз. Соқырды адам алдамайды ғой, солай емес пе? Сіз бұл істің маманы болсаңыз, мен сізді соғып қалуға тырысар едім де, онда сіз де, сауысқандай сақтана қарар едіңіз. Келгеніңіз қандай жақсы болды! Сіздің жазғандарыңыз маған қашан да болсын өте ұнайды. Бірақ әлгі аспапты тегін алам екен деп ойламаңыз; менімше, жөн білетін адам тектен-текке жұртқа сыйлық беріп, жұрттан сыйлық алмауы керек қой деймін. Сөйткен дұрыс. Бірақ, әйтеуір, нәрсеңізді адал аласыз! — Ол Мортеннің көзіне тура қарады. Екеуі қол соғысты.

Мортен көңілі көтеріліп, үйіне қайтты. Ол Вераның ті-

легін өте сәтті орындады, өзіне бұл бір сәті түсе кеткен істей болып көрінді. Және жаңа кейіптес жұмысшыны: өз қожасымен бәсекеге түсіп, қожасынан өш алмақшы болып жүрген пролетарды кездестірді! Бұл жоғары мәртебеге өштіктің бір қызық көрінісі ғой! Бірақ өзі адамға өте орынды, сенімді іс істеп отырғандай әсер етеді. «Демек, бізде енді басқа мүліктермен бірге пианино да болады — сонда көрерсің, тіпті байып кететін болдық!»

Алдында, тротуардың үстінде, ұзын бойлы, ілмиген арық адам бір тақта тастан екінші тақта тасқа секіріп түсіп, аяғымен үйкелейді де, одан тағы да бір тақта тасқа секіріп, оны да аяғымен ысқылайды. Өзінің ұйпа-тұйпа болған дудар шашы қыйқым-сыйқым кендір талшықтарынан қалған қалдық сыяқты. Өтіп жатқан жұрт күлісіп, кекетінді сықак, айтып, оған ығысып жол береді; ол олардың сөзін керек те қылмайды, тастан тасқа секіріп, әлі аяғын үйкелеп жүр.

— Бұл Петер Қоғамдық Ар-ұят,— деді Мортенге жанынан өтіп бара жатып бір жұмысшы.— Ол түкіріктерді сүртеді. Әй, Петер, Міне мына жердегі біреуін қалдырып қойдың! — деп дауыстады ол, тротуарға түкіріп.

Әлгі адам жетіп келді де, оған ала көзімен қарап, башмағының ұлтанымен түкірікті үйкелеп сүрте бастады.

— Ол бактерия атаулының бәрін таптайды,— деді бір өңі сырқат адамның өңіндей жас жұмысшы.— Қалалық басқарма ден саулық сақтау бөлімінің басшылығына осыны қою керек еді. Бір шынаяқ кофелік бірдеме бермейсің бе, достым? Өте нашар халде едім. Еш жерден жұмыс бермейді, ал санаторияларында да орын жоқ. Міне, сонымен, тоғыз ай бойына сандалып, қай күні мені сонда орналастырар екен деп күтіп жүрмін. Екі крон ба? Мұныңыз керемет ақша екен! Ал енді, рақмет саған, достым!

Жұмысшының қайыр сұрауы.— Дания үшін бір сұмдықтың қара басы тәрізді еді. Мұндай жағдай Мортенге романдардан ғана таныс еді, бірақ өз елінде... Бұдан он жыл бұрын Дания жұмысшысы қайыр сұрайтындай ешбір зордың күші жоқ еді!

Мортен букинист¹ бөлімінің кітаптарын көре кетейін деп Фиольстреле көшесінен бұрылды. Ол пәтер үйлердің терезесі тәрізді ұзынша келген жіңішке терезеде, көлденең

¹ Б у к и н и с т — ұсталған немесе сирек кездесетін кітаптар сататын магазинның сатушысы.

тартылған жіпте, көрмеде ілулі тұрған өзінің қолжазбасын көрді. Бұл — корреспондент Йеппа Массеннің өтініші бойынша, осы жақында ғана солшыл провинциялық баспасөзге жазып берген әңгімесінің қолжазбасы еді. Мортен бұл әңгіме алпыстан астам провинциялық газеттерде басылайын деп жатса да, бұған он бес-ақ крон алды. «Бұдан артық төлей алмадық», — деп жазды корреспондент. — Бірақ басқа бір нәрседен қарымжысын қайтарармыз, бір кәдеңе жарармыз». Сыпайылап қана жазған бұл сөзде қауіптеніп, сескенудің белгісі бар еді. Қалам қызметіне осы сыяқты авторды тартқандығы үшін корреспонденттің әрбір табақ қағазға екі крон алғанын Мортен сырттан білді, ал енді ол қолжазбаның өзін сатып, ақша еткісі келген көрінеді: қолжазбаға түйреп қойған ярлығта «25 крон» деп жазылыпты. Бұл да біреу арқылы ақша табудың бір түрі! Бірақ енді Мортен де алдата қоймас: енді бұдан былай ол жазу машинасын сатып алатындай болып байығанша, жазғандарын басқа біреуге көшіртеді.

Бұл букинистің фамилиясын білу үшін ол сыртқы есіктен ішке кірді. Магазиннің қосалқы ішкі есігі жоқ екен, тозығы жеткен көне сыртқы есіктегі тақтайшада: «Сине Массен, антиквар»¹ деген жазу бар. Мұнан гөрі арырақта, түкпірде: «Йеппе Массен, редактор, бас корреспондент» деген пәтершінің фамилиясы жазулы екінші бір есік тұр. Мортен көрмеде тұрған кітаптарды қадағалап қарап шықты: олардың көбісі сынға жіберген оттискалар барлығыда кесілмеген. Алаяқ сұм! Ең әуелі, баға бермес бұрын, алдын ала оқып та шықпаған екен, — кесілмегендері қымбат бағаланыпты! Сөйте тұрып өзінің құдайшылын, істеп жүрген ісін Жоғарғы мектептің ісі, грундвигтік² іс деп, жар салатынын қайтерсің әлі! Құдай сақтасын, егер бұл әңгімеде діншілдердің сезімін қорлап, балағаттайтын бірдеме болса, — Мортенді арнайы ескертіп қойған болар еді!

Мортеннің қарны ашты. Күмәзінегін қарап еді — өңшең тыйын-тебен, уақ ақша екен, бірақ арзан қолды тамаққа жететін тәрізді. «Бернин» кафесінің тамағы қымбат болмайды, бірақ онда бір стакан виски³ үшін әдебиет мәселе-

¹ А н т и к в а р — ескі-құсқы заттармен сауда жасайтын адам.

² Г р у н д в и г (1783—1872 ж.) — діни адам, жазушы әрі халық мұғалімі; Данияда халықтық жоғарғы мектептің негізін салушы, халықартау ісі мен шіркеу саласының реформаторы.

³ В и с к и — арақ.

лері туралы бәстесіп, ұзақ-сонар қыйсынсыз бірдемелерді айтып, қыйқылдасып ылғый Дания әдебиетшілері мен Норвегия әдебиетшілері толады да отырады. Кафенің қарсысындағы кішкентай асханада жақсы тамақ елу-ақ әре тұрады, бірақ онда тек әйелдермен¹ ғана бару керек, ал ол есік алдындағы басқышта тұрып әйел жынысын күтіп: «Сізбен бірге кіруге бола ма? деп өтінгісі келмеді, біреудің «жоқ!» деген қатал сөзін есітіп қалармын деп қаймықты. Бірақ онда барса, еркектер нағыз жұмақты сонан көреді; тамақ ішіп отырған әйелдерді көріп, ішпей-жемей тойып отырғаныңызда, уыздай ғана жап-жас табақшы келіншектер келіп, алдыңыздан құрдай жорғалап екінші тамақты еттен жасалғанынан алыңыз деп өтініп тұрады. Бірақ енді ол мұның қолы емес, бұл болса үйленген адам, семья басы, көп кешікпей әлі әке де болады!

Ол Жаңа алаңдағы арбакештер тамақтанатын подвалдағы кішкене ресторанға келді; онда майын жүздіріп тұрып, картофель қосып пісірген үйеме тарелке балық береді, онысы отыз бес-ақ әре тұрады. Кіріп келген бетте ол бір столдың басында отырған адвокат Бекті көрді; бұрылып қайта шығып кетуге ыңғайсыз болып қалды.

— Келіңіз, мұнда отырыңыз, жазушы! — деп дауыстайды адвокат.— Қорықпай-ақ қойыңыз, күндегіме қарағанда, әрине мас емеспін! — Мортен оның столына көңілсіздеу келіп отырды.— Ал қалай жүріп жатырмыз, қатын алып, үй болған адамның қуанышты өмірін кешіп жатырмыз ба? Көзіңіздің алды көкжиектеніп шыға келген екен — сөйтуі де керек қой! Бірақ... гм...— Ол Мортенге әкеп берілген тамаққа маңыздана қарады.— Семьялы болуды, уақыт та көтере қоймайтын болу керек... Алған тамағың жаман емес, тек бір кружка сыра керек.

— Оны істеген жұмысшымызға ақша көбірек төленген уақытта ішерміз,— деп күлімсірей жауап қатты Мортен.

— Көбірек төленген уақытта дейсіз бе? Көбірек төлей қоймас; көп төлетем деп арпалысып жүруге сіздің арыңыз жетпейді. «Түстік листоктан» қанша аласыз? Жолына бес эрадан ба? А, сегіз эрадан ба? Е, ол да өлместің күні ғой! — Ол Мортенге шынайы жанашыр әкелік мейіріммен қарады.— Сіз одан әлдеқайда көп талап етіңіз, жазу қолыңыздан келеді, тек тым сыпайылаусыз! Мысалы қазір сіз мақалаңызды алып, газетке бара жатыр екенсіз дейік...

¹ Данияда тек әйелдер ғана тамақтанатын, еркектер қастарында әйелдер болса ғана кіргізілетін арнаулы асханалар болады.

— Я, өзім де сөйтіп бара жатырмын,— деп құптады Мортен күлімсіреп.

— Бәсе, айтқаным келді ме, өзім де солай ойлап едім! Қорқатын түк те жоқ. Сайтан атқырдың столын жұдырығыңызбен қойып қалып : «Мен мұнан әлдеқайда көп алуым керек, әйтпесе басқа газетке ауысам — бізге кел деп жүрген газеттер бар» деңіз. Әлгі жирен неме сонда ғана сіздің түп етегіңізден алады! Редактор дегеніңіз әйел іспеттес емес пе: сіздің соңыңызға біреудің түсіп жүргенін білсе болғаны, тісті бақаша жабысып айырылмайды. Бірақ, құдай үшін, ақша сізге стол, пәтер тағы басқа сол сыяқты нәрселер алу үшін керек екенін айта көрмеңіз. Ақша маған үріп ішіп, шайқап төгіп, сайран салуым үшін керек деңіз. Ол сөз жоқ: «Сайтан алғыр! Отанның қандай тамаша жазушысы бар!» деп ойлайды. Сөйтеді де сізді алтынға малындырып қояды, осыған сеніңіз! Мен сізге айтайын, ол өз отаны үшін қызмет етіп жынданған... Әй, қожайын, менің есебімнен мына мырзаға үлкен бір кружка сыра әкеп беріңізші! — деп дауыстады ол әлдеқайда, бөлменің бір түкпіріне, қолын маңыздана көтеріп.

— Сіздің есебіңізден бе! — деп күңкілдеді қожайын, прилавканың аржағынан, бірақ, әйтеуір, сыра әкеп берді.

— Әлгі қыздар үшін жаман жағдайларға тап болып жүрген адам осы,— деп сыбырлады Бек.— Бұл жаңа гаваньда да бір притон¹ ұстайды. Бірақ оған бір жаза бермей, тектен-текке жезөкшелер үйіп ұстатып қоймас!

Мортен сырасын ішіп болғанша, Бек оған екі көзін алмастан қарап отырды.

— Солай емес пе? Тамақ дегеннің өзі сырамен тамақ болады. Жарайды енді әлгі жирен жарылқаушыңа бар, әйтпесе кетіп қалып жүрер!

— Неге сіз оның ылғый жирен шашын айта бересіз? — деп айтып салды Мортен.— Ол оның ішкі мінез-құлқына ешбір қатысы жоқ сыртқы қасиеті емес пе.

— А, солай ма? Шынында да солай ма? Оның қызыл болып көрінгісі келсе, бірден-бір қызыл нәрсесі тек шашы ғана емес пе? Өте қызық адам. Ол сіз сыяқты адамдарды пайдаланып газетін ұлғайтады, сіздердің мақалаларыңызды басып, тап бір сол үшін басын өлімге байлағандай болып өтірік қылымсыйды. Өзін жақсылап тұрып қыса түссеңіздерші, газет дегеніңіз ақшаға көміліп жатқан нәрсе ғой!

¹ П р и т о н — жаман қылықтар жасауға арналған үй.

Мортен адвокаттың көңілін қалдырмай ішкен сырасының ақшасын да қосып өзі төлеп кету үшін прилавкеге барды. Бас көшенің жанындағы тұйық көшедегі редакцияға келе жатып ол жалма-жан өзінің шығындарын есептеді: айна елу крон пәтерге төлеу керек, елу крон шаруашылық шығынына кетеді, жыйырма крон үй мүліктерінің жарнасына төленеді — міне сонымен жүз жыйырма крон болады. Сонан соң пианино үшін төленетін ақша мен тағы басқа сол сыяқты әртүрлі уақ-түйек шығындар да бар. Көйлек... өзіне де, Вераға да жаңа киім-кешектер керек! Аз да болса бала туғанша, бірдеме қағыстырып қойса жақсы болар еді. Қазір өзі етек-жеңіді әзер жыйнап келе жатқанда, оп-оңай қара жерге отырып қалуға болады. Бектің қозғау салғаны дұрыс-ақ: қайткен күнде қаламақыны көбейттіру керек.

Ешкімге түс жылытпайтын сойдақ тісті бір ұрысқақ әйел әдетінен тыс кейіп жасап, күлімсіреп Мортенді сол сәтте-ақ редакторға өткізді.

— Мүмкін емес, расымен-ақ келіп тұрған өзіңізсіз бе, қымбатты достым-ау! — деп қауғалақтап қалды секпіл беткісі, құшақтасуға шақ қалып. — Отырыңыз, отырыңыз, міне мына жерге отырыңыз! Ого! «Қоғам азғындары туралы» жаңа очерк. Аты тым шулы екен! Біз мұны енді газеттің жексенбі күнгі санына жібереміз, мен сізді бұдан былай ылғый сол күнге ауыстырсақ деп ойлап едім. Біздің оқушыларымызға сіздің жұмысшылар жөнінде жазған мақалаларыңыз өте ұнайды.

— Бұл мақала жұмысшылар туралы емес, — деді Мортен. — Тегі «Шыңырау түбінде» шырматылғандардың көпшілігі жұмысшылардан мүлде басқа топтарға жатады.

— Құдай сақтасын, құдай сақтасын, біздің жаңа таныстарымызды аузың барып қалай масқаралай аларсың! Жарайды, онда төменгі таптар туралы дейік; төменгі таптың бар екенін әйтеуір жасыра алмайсыз ғой! Бірақ сол төменде тұрғандарды ешкімнің керек қылғысы келмейді, тіпті айта берсеңіз, жұмысшылар қозғалысы төменгі таптың қозғалысы болып есептелсе де жұмысшылар қозғалысы қайраткерлерінің өзі де оларды керек қылмайды. «Жұмысшы» газеті мұндай мақалаларды қабылдамайды, әсіресе қазір тап-таза, өкіметтік партия болу керек болып отырған жағдайда қабылдамайды.

— Шын қабылдамай ма? — деп сұрады Мортен, редактордың айтып отырғаны дұрыс екенін жақсы біліп тұрса да.

— Ой, қойыңызшы! — Редактор қарқылдап қатты кү-

ліп жіберді.— Бірақ біз осы мақалаларға да қуанамыз, әлеуметтік мәселелердің осы жағының да жазылып жарыққа шығуына ешбір қарсылығымыз жоқ. Ешбір жұмыс істегісі келмейтін біраз адамдарды суреттеу ерекше пайдалы нәрсе, және оның өзі білгір адамның қаламымен сүмірейте суреттелсе қандай тамаша! Әсіресе қазір, жұмыссыздарға жәрдем беру туралы мың тоғыз жүз жетінші жылғы заңның төңірегінде осыншама талас-тартыстар болып жатқан кезде, бұл қандай қажет.

Мортен селк ете қалды. Оның қоғамдық адамгершілік ой-сананы ояту мақсатымен жазылған мақалаларын шынымен-ақ бұлар осылай түсінетін болғаны ма? Бір сәт басы айналып, көзі қарауытып кетті; өзін жалғыздықтан жапа шегіп, руханый жағынан панасыз боп, жетімсіреп қалғандай сезінді! Еліне қайтып келгеннен бері талай рет осындай сезімдер пайда болып жүр өзіне.

— Мен енді бұдан былай қарай «Түстік листокке» қызмет ете алмаспын,— деді ол қажыған үнмен.

— Не дейсіз, сіз енді бізден кеткіңіз келе ме? Мен сіздің мақалаңызды қызықтыру үшін газеттің жексенбілік санына ауыстырып жүрсем! Сіз шын айтасыз ба? Мүмкін, бірдемеге өкпелеп қалған шығарсыз, олай болса, айтыңыз. Не істе десеңіз де орындаймыз.

— Сіздің газетке жазу дегеннің өзі, сіз қаламақыны тәуір төлейміз деп қаншама мақтансаңыз да, аштан өлу деген сөз екен,— деп иіле жауап қатты Мортен.— Сіз мақаланың жүз жолдан артық болмауын тілейсіз, сонда әрбір мақалаға сегіз кроннан келеді, өзіңіз де келісерсіз: бұл түкке тұрмайтын ақы! — Ол тезірек араны ашып алу үшін әдейі редактордың жанына тие сөйлеуге тырысты; міне енді қазір мақаласын өзіне қайтып береді де, барып тұрыңыз деп өтінеді!

Бірақ кішкентай адам таң-тамаша боп, қайран қалды:

— Ой, құдайым-ай, неғып сіз сондай ғана алатын болдыңыз! Неге маған ертерек айтпадыңыз? Сегіз крон — сіздей адамға!.. Петерсен, Петерсен! — Ол көршідегі бөлменің есігін ашты, бірақ онда, сірә, ешкім болмаса керек.— Сіз тек маған есеп-хисап жүргізетін бөлімнің бастығымен сөйлесуге мұрсат беріңіз, мен оның көресін көрсетейін,— деді де ол тап бір қатты ашуланып жүрген адамдай-ақ, бөлме ішінде әрлі-берлі кезе берді. Сонан соң Мортеннің алдына кеп тоқтап: — міне істің мәнісін біле алмай, мәдениет құдайының қара тізіміне ілігіп қала жаздадым,— деді ол маңыз-

дана күлімсіреп.— «Түстік листоктың» редакторы талапты жазушыны аштан өлтірді деген не деген масқара! Мен сізге әрбір мақалаңызға отыз бес крон кесімді баға берсем, бір сапар бұл ісімді кешірерсіз деп сенем? — Ол қылымсыған кейіппен басын иығына тигізе қыйсайтып қарады. Мортен ойласып көрерміз деп жауап берді.

— Құдай үшін, қымбатты достым, ойласа көріңіз! Тек әйтеуір тым көп ойланып қалмаңыз, газетіміздің келесі жексенбілік санына сізден мақала аламыз ба деп отырмыз. Және сіз ылғый бүйтіп салтанаттана бермеңіз, бұл өзара айтқаным ғой; жазып отырсаңыз бір сәрі. Я, я, сіз не нәрсеге болса да байсалды қарайсыз, маған қашан да болса, тап бір мен бостандық пен халықты сатқан опасыздай кіналай қарайсыз! Біздің газетіміз кедейлер жағында екендігі белгілі, басқаша болуы мүмкін емес. Ол біздің газетіміз еркіншілікшілердің органы болғандықтан да шығар. Бірақ осының өзі бізге өте қыйын, өйткені біздің елімізде бірен-саран кейбір азғындар болмаса, кедейлер атымен жоқ. Бәріміздің де үйіміз жақсы тұрады, тіпті өте жақсы тұрады дер едім! Сондықтан да газетті бостандық пен әділеттік үшін күресетін қызықты газет ету қыйын, өйткені бізде бостандық та, әділеттік те бар!

— Ой, тым артықтау кеттіңіз! — Мортен орнынан ұшып тұрып, редакторға қарай жылжыды, ол еріксіз бір адым кейін шегінді.

— Айтпақшы, сіз нағыз қызылдың өзі екенсіз ғой,— деді редактор қаймыға күлімсіреп,— жазушы болған соң сіздің бүйтуіңіздің де жөні бар. Бірақ өзіңіз де білесіз, бірдеме жазу үшін, өзіңізге де өте көп ізденіп, көп үңілу керек қой! Кедейлер бізде, әрине, бар. Былайша айтқанда бәріміз де кедейміз, оның ішінде бір-екі миллион қаржылары бар біздің миллионерлеріміз де кедей. Біздің еліміз кішкентай ел ғой, жарқыным-ау, біз тым көзге қораштау көрінеміз, сондықтан да бізге ешкім қызықпайды. Егер біздің соғыс ведомостымыздан күнін көріп отырған азын-аулақ адамдарымыз болмаса, ашып айтқанда, тіпті қару-жарақтанбай-ақ қойсақ та болар еді. Сіз жазушысыз ғой, мүмкін пацифизмді¹ жақтайтын шығарсыз?

¹ П а ц и ф и з м — империалистік соғыстардың дәуірінде бейбітшілікке үгіттеу; буржуазиялық құрылысты құлатуға және империалистік үкіметтерге қарсы белсенді түрде революциялық күреске шығуға шақырмай, тек бітім, бейбітшілік болсын деп үгіт жүргізу, жұмысшы табы революциялық жолдан тайдырудың бір әдісі.

— Жоқ, мен соғыс болса екен деймін,— деді ызалы Мортен.— Есіңізде сақтаңыз: азамат соғысы болса екен деймін! Нәтиже шығатын бірден бір мағналы соғыс сол.

Редактор ұшып түрегелді.

— Ризамын, сізге, ризамын! — деп бөлме ішінде безек қақты.— Сіздіңше, біздің бәрімізді де атып өлтіру керек қой, солай ма?

Мортен ызалана мырс етті:

— Істің каншалықты насырға шабарын кім білсін. Мың жеті жүз сексен тоғызыншы жылы...

— Қойыңыз мұндай еркінойдың ермегін, қойыңыз деймін мен сізге! Оп-оңай-ақ от шығып кетуі мүмкін! — Редактор Мортенге қалтыраған қолын созды.

— Еркінойды ермек қылатын адам мен сыяқты болмас,— деп жауап қатты Мортен, редакциядан шығып бара жатып.

Дегенмен де өзі редакторды шошытып кетті! Ол ақмақ бір кезде офицер еді! Бірақ бір мәселе жөнінде оныкі де дұрыс: мұның аздаған азғындарды ғана жазып, өзінің мұқтаждығымен, еңбегімен бүкіл дүние жүзіне көмегін көрсетіп өмір бойын жоқшылықпен, қайыршылықпен өткізетін толып жатқан ұсақ халықтарды аз жазатыны да рас. Аздаған азғындары ғана болмаса, қалғандарының барлығы да өте жақсы тұратын «Аспан астындағы ең тәуір ел» деп жұрттың ойлап қалуы мүмкін!

Мортен үйіне қайтқанда, пианино әкелініп те қойылған екен; Вераның жалғыз саусағымен тартып отырғанын ол есік алдына келе бере-ақ естіді. Вера Мортеннің мойнына асыла кетіп, басын оның иығына салды.

— Рақмет,— деп сыбырлады ол.— Неткен тамаша аспап!

Пианино шынында да, бөлме ішінің сәнін келтіргенін Мортеннің де мойындауына тура келді. Ал төлейтін жарнасы ше?.. Мүмкін, редактордың айтқанына көнуге де тура келер? Қорытып келгенде, бұл мақалаларда не жазылатыны оның өзіне байланысты емес пе.

VIII

„Таңда“

Пелле мен Эллен екеуі есігі батыс жаққа қараған кішкене ғана әйнекті верандада отыр. Ашық аспан асты салқын тарта бастады, бірақ веранда іші өте тамаша. Кешке жақын-

ғы төменнен сығалаған күн көзі терезе әйнегінен тіпті қыздырып та тұр. Элен тыныштыққа рақаттана сүйсініп кесте тігіп отыр; балалар бет-бетімен бір жаққа тарап кетіпті, Ляссе-Фредерик академияға түсушілерді даярлайтын техникалық мектепте де, Свен-Утеха — училищеде, Свен-Утеха атасы мен Фредерик ағасы тәрізді тасшы болғысы келіп жүр. Ал қалған екі кішкентай баласы шешелерінің жұмсауымен Годтхобский жолына кетті, міне енді балалар да өз бетімен кісі боп кете бастады, бұл да өте рақат!

Элен: сатсақ па екен, жоқ әлде тұра тұрсақ па екен деп үй мәселесін ойлады. Пелле енді ригсдаг пен қалалық басқарманың жұмысынан қолы босамайды; тәрізіне қарағанда, үйді сатып қаладан пәтер алуға да қарсы болмайтын сыяқты. «Таңды» сатып алушыларда болды, тіпті берген бағасыда қолайлы. Қала жылдам өсіп кетті; бұл арада жердің бағасы күннен-күнге қымбаттап барады, участкелерінің жанындағы бір кезде епископтың¹ қарауына жатқан ұлтарақтай ғана шалғынның әр шаршы метріне бірнеше крон берді. Бұл үй мен шалғынды Эленнің дер кезінде қасарысып отырып кооперативтік мекеменің жалпы құрылыс алаңына бермей алып қалғаны да жақсы болған екен. Онысының Пелленің атына ештеп кір келтіргені де рас, бірақ оған қапаланудың керегі жоқ: заң бәрібір өз жағында қалды.

Пелле қағазға үңіліп отыр — сірә, қалалық құрылыстың жоспарлары болса керек. Оның әртүрлі ісінің әр алуан бөлшектерінде Эленнің ешқашанда жұмысы болмайды, ол өзінің еріне деген берік сенімін-ақ малданып отырады. Пелле әлі де болса көңілі көтерілмейді, енжар: кооперативтік мастерскойларды жоюға тура келгені оны әлі де болса қатты қапаландырады. Оған тап бір қай жолмен жүрерін білмеген адамдай, сенімсіздік, жалтақтық пайда болды, оның бұл кейіпін көргенде, Эленнің де жаны қыйналатын еді. Ригсдагтың мәжілісіне кетіп бара жатса немесе муниципалитеттің өкілі ретінде сөзге шығатын болса, Пелле ылғыйда күйіп-пісіп, бейнебір бірдемеден қорғаншақтағандай болады, — бүкіл жұрттың алдында сөз сөйлеп, елді аузына қаратып үйренгені осы ма! Бәрібір жұрт оны тәлкек қыла алмас, өйткені, қайткен күнде де көмекейлеріне құм құйылып, қылғынып қалады! Ол еріне мақтана қарады.

Сірә, өзі муниципалитеттегі жұмыстармен де шұғылда-

¹ Е п и с к о п — үшінші дәрежелі басшы поп.

натын болу керек. Осының бәрі жалғыз басына қалай сыя береді екен? Бет әлпеті бірдеменің қамын жеп ренжіп отырғандай, мүмкін, Мортенді де іздеп отырған шығар? Пелле досымен ұзақ уақыт көріспесе, ылғыйда өзін-өзін жайсыз сезінетін.

— Ертеңгі күнге Мортенді Верасымен шақырмаймыз ба? Ертең жексенбі көрінеді, ал біз олармен ала жаздай дерлік көріскеміз жоқ. Олар таңертеңгі асқа келер еді де, күнімен осында болар еді; Вера да тамақ істеп әуре болмас еді.

— Келсе келсін, Свен-Утеха қайтып келгеннен кейін велосипедпен барып айтып келер. Айтпақшы, олар жуырда басқа бір жерге ауысқан болу керек?

— Я, Брэнсхойдағы шіркеудің жанынан, бір вилланың¹ үстіңгі қабатынан пәтер алды деген. Свен-Утеха оның қай жерде екенін біледі, ол оларға барып та қойыпты.

— Бармағанда ше! Ол Мортен десе жанын үзеді,— деді Пелле, даусынан қызғанғандықтың белгісі білініп.— Дегенмен, Мортенді өзім де сағынып қалдым, және көп жайларды ақылдасып, сөйлесуім керек. Қазіргі жағдай шыймай шатақ, ал дүние жүзілік саясаттан біздің әлі де білеріміз шамалы ғой.

— Шынында бар ғой, қызық өзі, Пелле. Сендер өздеріңді интернационалистерміз деп жүрген жоқсыңдар ма.

Біз, былайша айтқанда, ылғый да герман социал-демократиялық партиясынан даяр нұсқаулар алып тұрдық. Бұл жағына келгенде Мортен жақсы жағдайда қалып отыр: оның ешқандай байланысы болған жоқ, партия ұрандарымен санасып отыруға да міндетті емес, өз алдына жеке көзқараста қалуына болады. Мұның жақсылық жағы да, жамандық жағы да бар, түсінесің бе? Егер оны партиямен газет төңірегіне үйір ете алатын болсақ, өте жақсы болар еді.

— Бірақ олар онымен онша жараса алмай жүр-ау, деймін?

— Я, олар мұнымен, бұл олармен; ол газет басшыларының екі көзі желкесінде деп біледі! — Пелле күлді.— Бірақ оның бөлектеніп жүргені жақсы емес, өз есебін өзі білмейді. Оның «Түстік листокке» жазып жүрген мақалаларын көрші. Тіпті оның мақалаларын олардың қалай басып жүргеніне таң қаласың, бәрі де ылғый шектен тыс батыл жазылған. Сірә, бізді реакционерлер етіп, масқаралап көрсетпекші болып, әдейі жазып жүрген болар.

¹ В и л л а — қала сыртына салынған үй.

— Ал сендер оның кандидатурасын бір округтен ұсынып жібере алмадыңдар ма? Онда ол көрінген жерге мақала жазып бере бермей тұрақтылау болар еді. Сірә, өздері аса тәуір тұрмайтын болу керек.

— Я, онда ол қамтамасыз болар еді. Бірақ оны өзі жақтырмайды; біздің дөңгелегімізге таяқ қыстыру үшін еркіндік сақтағысы келеді. Ел аралап жүретін шешен болса, қандай тамаша болар еді; оның өзін провинциядағы жұрт та жақсы көреді: қайнаған жігер көп қой онда. Провинцияда ақыл-ойына қаттырақ қанат қақтырып жіберсе де, ештеме емес, қайтып келгенше басылып та қалады.

— Менімше, Вераның әсері де шамалы-ау деймін,— деді Эллен ойлы пішінмен.— Верадан ол әлдеқайда артық,— деп жалғады сөзін кенет артығырақ қызып кетіп.

— Қой-қой, ақырынырақ! Үйленуін үйленіп қойғаннан кейін, кімнің артық, кімнің кем екенін енді өздері білетте.— Пелленің даусынан мысқыл естілді. Сен бір жағынан, Мортенді асыра бағалап отырсаң, екінші жағынан Вераны тым кем бағалап отырсың-ау деп қорқамын. Қандай ғана еркек болмасын құмарта қызығатындай оның өзі бір сұлу әйел. Ал енді оның әлгі дене пішініне келетін болсақ...

Эллен ұшып түрегелді, оның тұлан тұта қалғандығы сонша, тіпті желкесіне шейін қызарып кетті.

— Түу, неткен ұятсыз едің! Ұят емес пе! — деді.

Пелле жай әшейін айта салдым деп жалтарды. Бірақ көңілінде Элленді ызаландырмақ ойы бар еді,— өйткені Мортенге және оның үйленуіне Эллен көп көңіл аударған. Сірә, ерінің сөзі шаншудай қадалған болу керек; ол теріс айналды да, нәрселерін жыйнап алып, үйге кіріп кетті. Қайтып келген Свен-Утехамен оның қалай сөйлесіп жатқанын Пелле естіп тұрды. «Жұмыс костюмыңмен барма,— деп жатты ол.— Қайта киінбей барамын деп ойлаушы болма. Және кетеріңде жақсылап тұрып жуын».

Ашуы ұстаған екен Элленнің! Бірақ ештеме етпес, қайтымы тез өзінің. Шынын айтқанда Мортенді әйелдерге құдайсытудың өзі әбден жалықтырып бітті... Вера да адам ғой, және өзі қандай сұлу!

Ауа райы сондай тамаша, нағыз жексенбілік күн еді, күздің таза мөлдір ауасы болатын. Мортен бөлме ішінде әрліберлі киіне жүріп, әндетеді. Ол Элленнің істеме деген нәрсесін істеді: Вераға төсекте отырғанда кофе апарып берді.

Ол Пеллемен жолдастық әңгіме құрғанда бір жасап, қуанып қалатын, көптен бері мұндай көңілді кейіпте болған жоқ еді.

— Бол, тұр енді, әйтпесе таңертеңгі астан құр қаламыз.— деді ол бірнеше рет қайталап.

Бірақ Вера қозғала қоймады; жалаңаш ақ білегін басынан асыра тастап, ұйқылы-ояу қалғып жата берді.

— Мен бармаймын,— деді ол манаурап, ақыр аяғында, бір жағына аунап түсіп.

— Барайық та,— деп қыйылды Мортен.— Сен ұялатын онда ешкім де жоқ, деревня.

Бірақ Вера көнбеді.

Енді қайтпексін, қалса, қала берсін, еріктінің еркі өзінде! Сірә, осының бәрі аяғы ауыр болғандықтан болу керек: өзі қашанда болсын тыйтықтап, шаршайды да отырады. Оның үстіне өзі Элленмен де жараса алмай-ақ қойды. Неткен ақмақтық, неткен тайыздық! Әйел дегеннің өзі босанар алдында ажарлана түседі ғой! Бірақ Мортен түкке тұрмайтын айтыспен таңертеңгі жақсы шақтың шырқын бұзғысы келмеді де, ыңылдап өлеңін айта берді.

Пальтосын киіп болған соң, қош айтысып кету үшін ол Вераның бөлмесіне кеп кірді. Вера бетін жастыққа басып, оның сүйіп алғанына да, қош көңіл көрсетпеді. Мортен балапан басқан құстың ұясынан шығатын лептей, біртүрлі сүйкімді, жылы лепті сезді.

Ол сыртқы есікті ашып, далаға шығысымен, бой сергітетін таза ауаны құмарлана жұтты. Аздап аяз ұрып, бақтардағы ағаштар мен бұталар қырау басып, аппақ болып тұр. Таңертеңгі күннің қыйыс түскен сәулесі шөп сабақтарын алуан түсті кемпірқосақтай құлпыртып, Беллахей төбесінің төңірегін нұрландырып тұр; Айнадай жарқыраған жол тұпадан-тура аспанға көтеріліп, күн көзімен ұштасып жатыр.

Мортен әуел баста кооперативтік мастерскойдың жұмысшыларына арналып салынған біо пәтерлі кішкентай-кішкентай үйлердің жанынан өтті. Енді олар жекеменшіктің қолына көшіпті; бұл үйлерді көбінесе трамвайда істейтіндер мен тағы басқа сол сыяқты тәуір еңбекақы алатын ұсақ қызметкерлер алыпты. Кейбір үйлердің жоғарғы екі кішкентай бөлмелері ғана беріліпті. Есік алдарындағы бақтарда формалы тужуркаларын киіп, күзгі жұмыспен айналысып еркектер жүр, әрбір үйдің есігінің алдында таңертеңгі баяу желмен желбіреп Дания жалауы тұр.

— Емін-еркін демалатын деревня сыяқты жер екен,— деді Мортен бақ есігінің алдында тұрған бір жұмысшыға; ол жалаң қабат желетке киіп, басын шалқайтып, аспанға қарап тұр еді.— Жұрт тіпті бақтарын да өңдеп жатыр.

— Е-е-е,— деп соза сөйледі жұмысшы,— меншік үйі барларға бұл жер тіпті өте жақсы шығар! Бірақ жоғарғы аядай екі бөлмеде тұратындар бақ ішіне баса да алмайды. Мейлі социал-демократтар болсын, мейлі капиталистер болсын, тағы неменелері бар, қайсысы болсын үй қожаларының бірінен бірінің айырмашылығы жоқ, барлығы бірдей.

Сірә, терезелерінен көрген болу керек, Пелле мен Свен-Утеха егістік жермен Мортеннің алдынан қарсы шығып келеді. Пелленің денесі неткен тік. Неткен қажырлы өзі; шашқа түскен қылау бет-әлпетін одан бетер тотықтырып тұр, өзі сергек те шынық көрінеді. Мортен оның сымбатты денесіне сүйсіне қарады. Пелленің жүзінен, бұрынғыдай, кездесе кеткен беттегі жылы күлкісі ойнап өтті.

— Қайда жоғалып кетті өздері деп Эллен сендерге таңғалып отыр еді,— делі ол Мортеннің қолын қатты сілки амандасып жатып.— Таңертеңгі асты әзірлеп қойып күтін отыр, қоя тұруды көтермейтін бірдеме даярлаған болу керек — оның жайын өзің де білесің ғой! Вера қайда?

— Ол өзі сырқаттанып қырап жатыр.

— Солай ма! Жүгір, Свен-Утеха, бар, мамаңа айт, біз келе жатыр де. Және арақты суыққа қой; байқа, графин терлейтін болсын!

— Мен оны құдыққа салып қоям! — деп дауыстады Свен-Утеха соқпақпен кетіп бара жатып.

— Көптен бері көріскеміз жоқ! — деді де Пелле байсалды пішінмен Мортенге қарады.

— Жұмыс деген бастан асады... Құдайдың құтты күні кешім де бос емес.

— Я, әрине, солай, бірақ жассың да ғой! — деп қулана қағытып қойды Пелле.

— Айтпақшы, Синайской тауындағы Моисейдің қызметіндей заң шығарушылық мәртебеңізбен құттықтаймын, Пелле.

— Рақмет. Округтың даяр тұрғандығы сонша, мен ригсдагқа тез-ақ өтіп кеттім. Ал, енді бұдан былай қарай саясат мәселесімен көбірек шұғылдануымыз керек. Мен соған қуанам! Менімше, өз халқымыз үшін қазір көбірек жұмыс істеу керек. Өмірге қажетті, кейбір келелі мәселелерде шешуші дауысқа не боларлықтай жұрттың сана-сезімі

әлі толық жетіле қойған жоқ; бірлестік, ұйымшылдық дегенді тым шамалы біледі.

— Сен сәтсіздіктің кінасын ылғый жұмысшыларға артасың, соның дұрыс па?

— Белгілі мөлшерде кіналайтыным рас. Кейінгі кездерде олардың тіпті алшақтап кеткендігі сонша, егер бір эраға тұрмайтын мүшелік жарналарын қайтарып беру міндетін мойнына алмаса, мекемені көтеріліспен, байкотпен қорқыта бастайды.

— Олардың қолындағы жалғыз қару көтеріліс, егер олар көтерілістен қол үзсе тіпті қорғансыз қалады ғой, Пелле.

— Сол қаруды олар өздеріне қарсы жұмсап отырған жоқ па! Ой, сен ылғый жұмысшылардың сөзін сөйлейді екенсің! — Пелле бұл сөзді едәуір қызараңдап айтты. — Олардың да кей-кейде жөнсіз кететіні бар, сайтан алғыр!

— Кәзіргі тәртіпте солардың ісі жөнсіз де бола қоярма екен. Оданда не істесе де, қашанда болсын солар теріс десейші. Біздің қоғамдық құрылыстың өзі солай жаралған ғой.

— Сен мұны маған талай айтқансың, бірақ мен сенің соныға толық түсіне алмаймын.

— Мен тек олардан ереуіл жасау қақысын алуға болмайды дегім келеді. Сен Пер-Голяктан кеңпейіл ізгі жан болуды талап етесің, бірақ өз денесіне өзі ие бола алмай жүргенде оған ол қайдан келсін. Олардың өз еркін өз қолына алатын бірден-бір қаруы — ереуіл. Бұл сенің сөзің, Пелле, ұлы айқастың кезінде айтқан сөзің.

— Я... бірақ, қойшы сол сайтан атқырды!.. Аһа, Эллен де шығып қалды! Кәне тезірек жүрейік!

Эллен басқышқа шығып, баққа кіретін кішкентай есіктің алдында кідіріп тұрған екі еркекті шақырды. Екеуі тағы да жампылдаса кеткен екен!

— Тамақ суып қалды! — деп дауыстады ол.

Мортен мен Пелле асыға басып верандаға қарай беттеді.

Ляссе-Фредерик жеміс ағаштарының ара-арасындағы жерді қопсытып Анна мен кішкентай Брун-Толстяк гүл тұқымдарын егіп жүр; Толстяқтың бет-аузы қап-қара.

— Брунның тырнағы жоқ, — деді ол Мортенге, жер қазам деп сындырып алған тырнақтарын көрсетіп.

— Қолдарың тамаша екен, жер қазушылардың қолынан айырмасы жоқ, — деді Мортен таңғалып. — Бақтарыңды жақсы ұстайды екенсіңдер, — деді Пеллеге.

— Мұны істеп отырған Эллиен мен балалар ғой, айтпесе менің қолым тимейді. Және бағымыздың өзі тым үлкен, біраз жұмыс істесең болды шаршап қаласың,— деп ол бір күрсініп қойды: осы неғып шаршай қоятындай болды екен дегендей, Мортен оған таңырқай қарады.

— Дегенмен де, Вераны ерте келмегенің жақсы болмады,— деді Эллиен, стол басына келіп отырғанда.— Қазір, ол жападан-жалғыз өзі үйде қатты ренжіп, өкпелеп жатқан шығар.

— Оның денсаулығы көтермеді. Оның жағдайында...

— Ай, қойшы сол «жағдай» дегеніңді! Тап бір аурудай-ақ. Мен де бала тапқам! Жоқ, ол өзі тым шабан қыймылдайды, сен өзің өте еркелетіп жібергенсің, Мортен; әйелдің қозғалмай отыра бергені жақсы болмайды. Өз жұмысын өзі істеп жүрсе, әлдеқайда сергіп, жақсы болып қалады. Кішкентайларың қашан болады деп жүрсіңдер?

— Рождествоға қарсы,— деп жауап қатты Мортен.

Пелле жылылықтан бусанып, терлеген рюмканы қолына алды.

— Сенің денсаулығың үшін, Мортен! — деді ол күлімсіреп.— Мен сенің жұмысыңа қол сұқпаймын, бірақ, әйтеуір, әйелмен мендей сәтті өмір өткізуіңе тілектеспін. Ақыр аяғында кеп сен де қолға түстің! Тағдырдан ешкім де құтыла алмайды. Байқа, әсіресе әйеліңнің бабын тауып, мәпелей біл, сайып келгенде оның да құр кетпейді, балаларың жақсы болып туады! Әйел дегеннің өзі сондай халық; мысық тәрізді олар да жуғарақта тәрбиеге көне қоймайды,— тіпті мына Эллиенді-ақ алшы! Бұл мені тіпті әлеуметтік мәселелерге де көнбіс етіп шығарды. Енді қатал сынға сен түстің осы қалпыңнан өзгермегеніңді көрерміз әлі.

Бұл екі мағнасы бар ұзақ айтылған денсаулық тосысы еді: Пелле сөз қыйсынын келтіруді үйреніпті.

— Маған деген мейірімді тілегіңе рақмет,— деп жауап қатты Мортен.— Бірақ әйел мен мысық сыяқты мен де бұрынғы қалпымнан өзгермей қаламын ба деп қорқам.

— Қой, мен сендерді татуластырайын! Немене қораздасып жатқандарың? — деді Эллиен, екі еркекпен рюмка соғысып.— Мортен үшін! Оның келешектегі әкелігі үшін!

— Ал біз мұнда Вераны да алып келеміз,— деді Пелле.

— Я, бірақ ол Мортенді қайта жасап жүрмесін. Мортен өзі қандай болса, сондай болып өзгермей қалуы керек.

Балалар бұларға қарап, веранданың алдында тұр; оларды стол басына отырғызбады. Бұл жаңалық еді.

— Тамақ ішкілері кеп тұр ғой,— деді стол басындағы балалардың күңкіл-шүңкілін өгейсіп отырған Мортен.

— Бізден кейін ішеді,— деді Эллен,— Пелле қонақ отырғанда стол басына кеп мазасын алғанын жақтырмайды.

Тамақ ішіп болғаннан кейін еркектер Пелленің кабинетіне кетті.

— Жоқ, онанда мына жерге отыр,— деді Пелле, Мортен орындыққа отыра бергенде, оған жұмсақ кресло жылжытып жатып.— Мен сенің креслода отырғаныңды жақсы көремін.

— Креслода отырғанды мен жек көрем,— деді Мортен,— өте жалқауланып кетесің.

— Мүмкін сен оны тым буржуазиялық деп есептейтін шығарсың,— деп мысқылдай қағытып қалды Пелле.— Бірақ бұған тез үйреніп кетесің. Бірақ ас қадырын білмегенге қой етін беріп керегі не?

— А, солай ма! Ал, солай болса...— деп Мортен іштей «директор» креслосы деп атап отырған креслоға келіп отырды.

— Қазіргі жалпы жағдай жөнінде қалай ойлайсың? — деп сұрады Пелле,— неғып бар жерде бірдей осы біздікіндей депрессия¹ бола қойды екен?

— Бізде шетелдерде болып жатқан дауылдың тек шет жағасы ғана бар ғой. Сірә, барлығы да кеп тағы тұйыққа тіреліп қалған болу керек. Мұндай жағдай ауық-ауық болып тұрады ғой.

— Тұйыққа тіреліп қалды дейсің бе? Неге? Жұрт бүгінде бұрынғысындай тамағын тойып ішіп-жеп жүр ғой.

— Я, егер бұл іске саудагерлер кеп араласпаса. Мен кеше ғана газеттен оқыдым: Индияда миллиондаған жұрт аштан қырылып жатса, Америкада астық өртеліп жатыр.

— Сайтан білсін бе соларды,— деді Пелле ойлы жүзбен даусын созып.

— Мен жақын арада провинциядан кәрілігіме алатын пенсиям қалай тартсам да жетпейді деп жүрген бір шалды кездестірдім. «Бұл нағыз аштық,— деді ол,— және тап бір сенің аштығыңмен біреу күн көріп жүрген сыяқты болып көрінеді де отырады». Міне сол адамға ештеме түсіндіріп қажеті жоқ, бәрін де өзі түсінеді.

— Рақмет, демек түк білмейтін мен екем ғой! Бірақ дағдарыс деген ылғыйда болып тұрды, бүкіл дүниежүзілік

¹ Д е п р е с с и я — шаруашылықтың кері кетуі, өспей тоқырап қалуы.

тарихты қашанғы бақылай аларсың. Ал, ерте заманда саудагерлер болмаған сыяқты ғой?

— Дегенмен де, ол кезде қазіргідегідей дағдарыс болған жоқ. Бірақ ол кезде астық шығымы аз болды, ал қазір, қайта, тым көп болып кетіп отыр. Сөйтіп аштан қырылып жатқан жерге астық жеткізіп беруге кемелері жеткілікті болса да, астықты өртеп жатыр!

— Неге астық жеткізіп бермейді? — Пелленің бет-әлпетінен айран-асыр болып, қыйнала таңғалып отырған кейіп байқалды.

— Өйткені кулилар¹ табысты өте аз табады, астық сатып алуға шамалары келмейді. Басқаша айтқанда — байлар кіріс кірмейді деп қорқады.

— Я-я, бір кезде мен де бұған жай әшейін қарайтын едім. Бірақ бұл тіпті де оп-оңай іс емес шығар? Олай болса, дағдарыстың айығуын немен түсіндіресің? Саудагерлер де картофельдің құрты сыяқты бір зыянды нәрседен қырылып қалады ғой дейсің бе? — деп Пелле кекете күлімсіреп сөйледі.

— Оларды құртатын бір-ақ нәрсе бар, ол — қалың бұқараның революциялық саналылығы, бірақ ол бізде әлі де болса аз. Соны кеңейтіп, жұртқа жайуымыз керек енді, Пелле! Әсіресе қазір қыймылдауымыз керек. Бұл жолы дүниенің тұтқасын ұстап отырған билер мен ірі саудагерлер соғыс қаражатымен дағдарыстан шықпақшы болып жанталасып жатқанға ұқсайды. Олай болса, еңбекші бұқараға нағыз сын сағат енді туады.

— Олар революция жасайды ғой деп ойлайсың ба? Өзің керемет қызарып кеттің ғой, достым-ау! — Пелле Мортеннің тізесінен қағып қалып, оның сәл ғана қызарған бетіне қарады. Бір сәт екеуі де үнсіз отырды да, сонан соң Пелле сөз бастап: — Осының барлығы да сен айтқандай, оп-оңай бола қалса жақсы ғой, — деді мәмілеге келгендей.

Әңгіме аяғы барған сайын жайсыздана бастаған соң, Мортен Вераны ұзақты күнге жападан-жалғыз отырғызғаным дұрыс болмас деп сылтауратып, кетуге ыңғайлана бастады.

— Мен сені шығарып салайын, — деді Пелле.

Екеуі төтелей тартып, тура Брэнсхойға шықты. Қала артта қалып, Фазанвей бойындағы пайда табатын үлкен-үлкен пәтер үйлер қарайып көріне бастады. Онан әрі ой-

¹ Кули — жүкті жаяу тасыйтын, жүк тиейтін жұмысшы.

дым-ойдым алаңдар мен смола, темір-терсек, ескі-құсқы құрылыс материалдарының складтары созылып жатыр. Осы кеңістікті көз ұшында даланың бір жеріне барып жоғалатын, кейбір жерлерде бейнебір қаладан қашып шығып, айдалада адасып қалғандай болып тұрған жалғыз-жарым үйлерге келіп тірелетін көшелер айқыш-ұйқыш кесіп өтеді.

— Мынау неткен құрылыс! — деді Мортен жан-жағына қарап.

— Я, ешбір жоспар жоқ, әркім өз ыңғайына қарай бет-бетімен салып жатыр. Міне осыны жазсайшы!

— Одан ештеме шықпайды, — бір жазушы жазыпты дей салады! Жоқ, оданда сен муниципалитетте мәселе қозға, өзіңді директор деп жариялауды талап ет. Өзің қалалық жоспарлау бөлімінің директорысың! Тумысыңнан ұйымдастырушы болып туған адамсың!

— Бұл жөнінде біраз жұмыстар істеліп те жатыр; бізге нағыз магистральдар, үлкен-үлкен тамаша жұмысшы кварталдары мен жасыл алқаптар өте қажет. Мен сол жұмысқа қуана-қуана араласар едім; мына жердің қандай түзеліп қалғанын көріп тұрмын ғой. Огородтық жер ше, ә? Бірақ мұндайда енді құлақты түре жүру керек, жер саудагерлері пайданың исін сезіп те қойыпты. Бұл адамдар қандай ғана жоспар болмасын, жарыққа шықпас бұрын алдын ала-ақ тіміскілеп сезеді.

— Егер сен саудагерлікті уақ адамдардың пайдасына айналдыра алатын болсаң, мен сенің алдыңда тағзым етіп тұрар едім.

— Тағы да бір келіп кетсейші, жарай ма? — деді Пелле күлімсіреп, қоштасуға қолын созып жатып. Сол күлімсіреудің астарында: не досына көңілі суынғандай, не ренжіп қамыққандай бір кейіп бар еді. — Дегенмен біз, әйтеуір, күннен-күнге үздіксіз алға басып келеміз ғой, — деді ол.

— Менің әкемнің жөн-түзу киімі де жоқ еді, мейрам күндері де жайшылықтағы киімдерін киетін. — Пелле бірнеше қадам ұзаңқырап та кетті.

— Я, ол кезде жұрттың бәрі ортақ шынаяқтан ішетін еді ғой, — деп іліп әкетті Мортен, тап бір үзіліс тапқан баяндамасын жалғап әкеткендей. — Ал қазір әркім өз тарелкесінен ішеді. Бірақ сол тарелкеде ештеме бар ма өзі! — деп дауыстады ол кетіп бара жатып.

Үйінің жанына келіп, Мортен жоғарғы қабаттағы терезеге қарады: Терезеден Вера асыға күтіп, қол бұлғап тұрса қандай тамаша болар еді! Жоғары жақта бірдеме аға-

раңдап тұр, бірақ ол бір шетінде шоқыйып отырған иттің бейнесі бар форфор құмыра. Вера бұл құмыраны ерекше мақтаныш тұтып, әрлі-берлі өткендер де қызықсын деп иттің суреті бар жағын ылғый сыртқа қаратып қоятын.

Баспалдақтан жүгіре басып жоғарыға шыққаннан кейін, Мортен қысқа-қысқа үш звонок беріп, құлақ түрді: Вераның көңіл-күйін ол аяқ басысынан-ақ білетін еді; бірақ ешкім есік ашпады. Ол тағы да звонок берді де, сонан соң өз кілтін алып есік ашты.

Вера үйде жоқ; сірә, әке-шешесінікіне кеткен болар? Бірақ өзі күндіз ешқайда шыға қоймаушы еді және ауыз үйде шляпасы мен пальтосы да ілулі тұр. Мортен оны іздей бастады, үш бөлменің үшеуін де аралап шықты, кухняға да барды, үй қызметшісіне арналып салынған кішкене бөлмені де қарады. Мүмкін, іші пысқан соң төмендегі үйлерге кеткен шығар? Ол жүгіріп төменге түсіп, есіктерін қағып көріп еді, оларда да ешкім жоқ екен.

Енді оның жүрегі қобалжый бастады. Не істерін білмей, Вераның пальтосының етегінен ұстап әлдеқайда кеңістіктің бір жеріне көзін қадап, кіре берістегі кішкентай бөлмеде дағдарып тұрып қалды. Самай тамырының лыпылдап қатты соға бастағанын сезді. Сырқаттанып қалмады ма екен, немесе... Өзі жүкті адам ғой! Іздеу керек, бірақ қайдан іздейді?

Осылай не істерін білмей, есі шығып тұрған кезде ол кенет есіктің саңлауынан ұйқтайтын бөлмедегі кроваттың астынан шығып жатқан башмақты көрді. Башмақ жоғары көтеріліп тұр, өз бетімен олай тұруы мүмкін емес. Мортен еңкейіп, адамның аяғын да көрді: Вера жасырынып жатыр! Алғашқы сәтте ол қуанып кетті, бірақ өзінің жаңағы үрейі ұша қорыққаны кенет есіне түсе кетіп, жүрегі шанышқандай болып ызаланып қоя берді. Ол тап бір ештеме көрмегендей болып пальтосын ілді де, жазу столына барып отырды.

Вера жасырынып жатқан жерінен Мортенді көріп те жатқан болу керек, сондықтан да Мортен тап бір жұмыс істеп отырған адамдай болып отыра берді, бірақ өзін-өзі мүсіркегендей нешетүрлі ызалы да азапты ойлар басының әңкі-тәңкісін шығарды. Шынымен-ақ Пелле мен әйелі екеуінің айтқаны дұрыс болып шыққаны ма? Вераның ұстап кететін жыны бар, долы әйел деп Эллен бұлар үйлену тойын жасамас бұрын-ақ айтқан еді. Немесе өзі тиран¹

¹ Т и р а н — елді жәбірлеп, күшпен билейтін рақымсыз бастық.

болар, мүмкін мұнда тирандық та, сонымен бірге долылық та бар шығар? Әйелімнің көңілін калдырып алармын деп Мортеннің жасқаншақтай беретінін пайдаланып ол мұны біржолата иықтап алмақшы, Пеллемен екі арасын ашқысы келеді, өйткені ол семьяны жақтырмайды. Жоқ, мұнысынан ештеме де шықпайды!.. Бірақ өзі өте жайсыз жатыр — өзі екі қабат адам бүктетіліп, жыйрылыпты да қалыпты; бір ой түсіп енді оны өзі де аяп кетті. Бірақ ол енді иілмейді, тіпті оған қатал болуға да бел байлады! Егер әйелінің ырқына әлден беріліп кетсе, бара-бара не болмақ, ашса алақанында, жұмса жұдырығында кетеді ғой.

Мортен өзін-өзі қыстап, әзер отыр; оның Вераға барып, бетінен сүйіп, жылы-жылы сөздер айтып көңілін жұбатқысы келді де отырды. Өзінің әрістестері: жақыныңды қыйнай бастасаң, көңіліңде рақат сезім пайда болады дейтіні қайда? Қайта ол жаны қыйналып, өз қаталдығынан өзі жиркенгендей болды. Бірақ қазір барып оның бетінен сүйіп, нәзік сөздер айту — осал жүректің әуенімен әйеліне барып құл болу деген сөз!

Басынан эне-міне осы, қазір жарылып кететіндей болып бірдеме тықылдады да тұрды; бірақ ешқандай тиімді тоқтамаға келе алмады. Кұдай-ау, еркектер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас мәселесі жөнінде бас қатырып несі бар мұның? Мұнсыз да қоғамдағы ең қажетті мәселелерді шешуге батылы бармайтын адамдар осы бір мәселені қажалап, сілікпеге салып баққан жоқ па? Өзінің әдеби шығармаларында да ерлі-зайыптылардың өмірін жазудан аттонын ала қашатын Мортен, шынымен-ақ осының барлығын өз басынан өткеретін болғаны ма? Мұнысының күлкі екенін өзінен өзі қысыла сезініп, көңілі де босаңсый бастады. Маужырап ұйқы басты, айналаның барлығын да, әйелінің қатардағы бөлмеде жатқанын да ұмытып кетті, барлығы да бейнебір қалың тұманның арасында қалқып жүрген сыяқты, тек белгісіз бір дабылдың ғана сезімі қалғандай.

Кенет ол Вераның стол жанына жетіп келгенін сезіп, оянып кетті.

— Мен өлсем, қуанар едің-ау! — деді ол ала көзімен қарап.

— Өлсем?.. — деді Мортен есін жыйып, өзіне-өзі келуге тырысып, — өлсем дейсің бе?..

— Я, өлсем! Онда сен басқа біреуді алар едің! Маған істеріңді істеп болдың ғой, — демек, енді мені де, баланы да тастап, басқа біреуді алуыңа болады!

— Басқа біреуді, басқа біреуді? — деп Мортен дағдарған күйі басын ұстады.

— Әрине! Сенің кім екеніңді мен білмейді ғой дейсің бе? Жұрттың бәрі де айтады...

Мортен ұшып түрегелді.

— Жоқ, қысқарт енді! Не айтып тұрғаныңды ойла! — Ол Вераның иығынан шап беріп ұстап алып, қаттырақ мытыңқырап жіберді.

Вераның жан даусы шықты. Сонан соң Мортенге жабыса түсіп, еңіреп қоя берді.

— Ұра көрме мені, ұра көрме! — дей берді ол еңіреп Мортеннің кеудесіне бетін баса түсіп.— Ойланайын, Ойланайын!

Ұрам ба? Өзімнің жандай сүйген жүкті жарымды ұрам ба? деген ой оған тағылықтай, айуандықтай болып көрінді.

— Құдай үшін, не болды саған, күнім? Өзің әбден бұзылып кеттің ғой! — деп ол әйелінің мөп-мөлдір көлшіктей болып жасқа толып тұрған көзінен сүйді.

Ауыр тартқан денесі мен басын Мортенге сүйеп, осылай тұрғанының өзінде де ол өте тамаша еді: бет ажары сәл ғана бұзылып, дірілдеңкіреп тұрғанмен аса бір аянышты қайғының да кейпі жоқ. Моп-момақан, сүп-сүйкімді!

— Ой, Мортен-ай, мен бақытсызбын! Бұдан былай қарай сенің жаныңнан ешуақытта, ешуақытта кетпеймін деп уәдеңді бер! Әйтпесе, басқа біреумен жүріп кетті ме деп ойлаймын, сені менен тартып алуға қаншама әйел жан салар еді.

— Ақмақтық!

— Жоқ, жоқ шын айтам... әлгі фабриктегідей! Әйелдер мен қыздар жабырлап кеп жабысып еді ғой саған.

— Олар еркектерден көп жабырлай қойған жоқ шығар. Егер жұмысшылар мені жақсы көретін болса, саған соған көнгеннен басқа ештеме қалмайды.

— Я мен тек соны ғана мақтан етем!

Вера ашуын басып, кешкі аспен айналысты; енді ол тіпті ақырын ғана ыңырсып, өлең де айта бастады. Мортен өзінің анда-санда қарым-қатынас жасап жүретін «Ең үлкен газетке» мақала жазуға отырды. Ол Вераны оп-оңай түсіндіріп, көндіре қойғанына қуанды. Элленнің айтқаны дұрыс: сығымдап ұстайтын қатты қол керек!

Мортен бар ниетімен жұмысқа беріліп отырған кезде, Вера арт жағынан келіп, желкесінен сүйді де, бетіне бетін басты.

— Дегенмен де сені еркектерден гөрі әйелдер жағы көбірек жақсы көреді, солай емес пе? — деп сыбырлады ол Мортеннің құлағына.

Мортен күліп жіберді.

— Әрине, мен оны жақсы білем, — деп ол салтанатты пішінмен қолын сермеді. Ой сенен мені тартып алғысы келгені-ай солардың! Дегенмен, кешір: сірә, сен: менен сені! — дедің-ау деймін. Ал мүмкін, сенен мені — менен сені!.. бррр! — ол мүлде шатасып кетті.

IX

Жерлес

Мортен жұмыс істеуге терезе алдына келіп отырғанда қазір қар басып, әр жерінде қысты күні бақ өсіретін кішкентай жылы үйшіктер ғана қарайып тұрған пастор үйінің үлкен бағы мен онан әрі сонау Хусум фортына шейін көрініп тұратын. Қар жамылған дала бейнебір жапан тұз сыяқты; жазды күні бұл жерге неше алуан өсімдік өсіп, жасыл жапырақтар теңіздей шайқалады деп адам ойлар емес. Міне енді өмір мен тіршілік атаулы қыймылсыз қатып, ұлан байтақ кең бақ, қысқы ұйқыға батып, мүлгіп тұр. Бейнебір қар сахарасындағы кездесетін сая тәрізді әржерден кездесетін кішігірім бау-бақша участкелерінде ғана адам қарасы көрінеді: анда-санда жерден трубалардан түтін шығып жатыр. Қаладан пәтер таба алмаған немесе пәтерге төлейтін қаражат құрастыра алмаған семьялар, әйтеуір, Сундхольмге¹ тап болғаннан гөрі жазғы құрылыстардың ішінде жаурағанды артық көріп, осында тұратын еді. Заң бойынша бұл сыяқты тақтай үйлерге адам паналай алмайтын болғандықтан оған біржолата тұрғындауға тыйым салынса да, өкімет бұларды, не болса, о болсын дегендей, керек те қылған жоқ. Бұл тыйым салудың өзі әшейін бір монтанылық па екен немесе осындай бір оңай жолмен «азғындар» атаулыны бір жерге жыйнамақ болды ма екен? Қаладан қандай ғана болмасын бір уақытқа болып қалса, полиция қаумалап, осыларды кеп аңдыйды деседі.

Мортен осы участкаларда болып, солардың тұрғындарымен жақындасып таныса алмадым деп өкініп жүрді. Қандай адамдар екен өзі? Өздерінен өздері жүнжіп кеткен

¹ Сундхольм — Копенгагендегі кедейлер үйі.

жандар ма екен, жоқ әлде қоғам талқысынан таяқ жеген жандар ма екен? Пелле екеуі жұмысшылармен бірге бір қатарда жүріп қарыштағаннан бермен қарай жаңа бір ұрпак өсіп, семьялы болыпты. Жаңа Люмпен-пролетариат «шыңырау түбінде» болып шықты. Кімнің кесірінен бұлай болды?

Мортенді уайым басты. Теп-тегіс қар басқан елін поезбен аралап, бұғаздардағы жұқа мұзды паромдардың қалай тіліп өтіп жатқанын көргісі келді; ол жыйналыс залдарынан, оның дымқыл ауасынан, тыңдаушылардың тұнжыраған жүздерінен, сахнаға шығып сөйлегенде, арттағы шымылдыңтың аржағынан, желкеңнен, жел үрлеп тұратын провинциялық қалалардағы мейманханалардан әбден зерігіп, запы болып бітті. Осы соңғы екі айдың ішінде ол үйінен ешқайда шыққан жоқ, Вера жібермеді. Баладан өлетіндігіне көзі жететін сыяқты. «Мен сонда сенің қолыңнан ұстап тұрғым келеді»,— дейді ол аянышты үнмен. Әйтеуір бір ауыр кезең болып тұр, бірақ енді көп кешікпей соның барлығы да біту керек: акушерка Гец фру жақсылықтың жақын екенін айтты.

Бір күні кешке жақын, рождество мейрамының қарсаңында, Мортен трамвайдан Брэнсхой алаңына келгенде түсіп қалды. Ымырт үйіріліп келеді, күн сықырлаған аяз. Алдында тәлтіректеп, аяғын эзер алып, сүйретіліп бір жұмысшы кетіп барады; ол тап бір қайткен күнде де әр күртікті бір омбылап өткісі келген кісідей-ақ жолдың о жағына бір, бұ жағына бір қыйралаңдап, басын кеудесіне түсіріп жіберіп, бірдеме деп міңгірлеп, өлең айтып келеді. Мортен бұл өлеңнің әнін білетін еді: бұл — Борнхольм бесік жыры болатын.

Мортен жұмысшының соңынан кетті. Шынын айтқанда, ол оңға қарай бұрылып, тезірек үйіне баруы керек еді: Вера күтіп отыр. Бірақ мынау адам оның көңілін алаң қылды; қар қалың, егер мас жығылып қалса, қайта көтеріле алмай, сол жатқан күйінде қатып қалатын.

Ал анау әлі өлең айтып келеді — бір кезде омбы қарға кеп, омақата құлады. Мортен орнынан көтеріп тұрғызып:

— Қайда барасың? — деп сұрады.

— Е-еш қай-да бар-р-маймын: ү-үйге барамын, әйеліме, балаларыма барамын,— деп міңгірледі мас.

— Оның дұрыс, бірақ өзің қайда тұрасың?

Мас адам бетін басып, тәлтіректеп әрең тұр. Мортенге оны сүйемелдеп тұруға тура келді.

— Қайда тұрасың дейсің бе? Біз ешқайда тұрмаймыз!

— Сайтан алғыр-ау, қайда болса да, әйтеуір, бір жерде тұруың керек қой?

— Әйтеуір Сундхольмде емес, т-тек, әйтеуір, С-Сундхольм де емес! — деп міңгірледі мас, бірдемені анықтап есіне түсіруге тырысқандай болып. Мастың бет-аузы жыбыр ете калды да, сонан соң басы тағы да сылқ етіп төмен түсіп кетті. Сундхольм үрейі! Сірә, бұл қала маңындағы огородтарда тұратындардың бірі болу керек. Мортен сонымен бірге кетті.

Олар тас жолмен келе жатып бір жақ бүйірдегі қара жолға бұрылды. Қала шетіндегі участкаға кіре берісте, маңдайшасында: «Лунса Пионың атындағы» деген жазу бар үлкен қақпа тұр. Осы жерде екі баласын қолынан ұстап, бүрісіп бір әйел тұр екен: «Әне папаң! — деп айғай салды кіші қызы.— Ана қара, өзі тәлтіректеп келеді!» Шешесі оның жеңінен тартып қалды.

Жұмысшының басы әлі сол баяғы қалпы төмен салбырап, өзі тәлтіректеп қалғып тұр. Әйелі екінші қолынан алуға тура келді, Мортен екеуі оны сүйрелеп отырып, ескікұсқы қаңылтырлар мен фанерлерден салынған, бірақ төбесінде тәп-тәуір сәнді флюгері бар бір кішкентай сарайға алып келді.

— Жарайды енді, жүрсейші, Бон,— деді әйелі көз жасы көл болып, үшеуі табалдырыққа келген кезде. — Барлық жылу шығып кететін болды ғой және жұрт та көріп қоятын болды.

Бұл кішкене сарайда небәрі бір-ақ бөлме бар екен; бір бұрышта қып-қызыл боп қызып, кішкене ғана темір пеш тұр. Бір жақ қабырғада темір кровать тұр, сірә, онда ерлізайыпты екеуі жататын болса керек. Ал еденде бір ескі матрацтың үстінде, құшақтасып екі бала жатыр. Екеуі де шырт ұйқыда.

Бонды кроватьға жатқызып киімін шешті; әйелі еңіреп жылап жүр.

— Қалай оңбай қалған өзі,— деді ол өксіп.— Бұл оның спирт ішімдігін көтере алмайтындығынан. Арақ ішпей, ылғыйда оп-оңды болып сыпайы жүретін адам еді! Ал бүгін жолдастарыма барам деп кетіп еді; олар мұны өте жақсы көреді, міне енді жақсылап тұрып сыйлап жіберіпті. Тек шарап ішсе болды, басына шыға келеді. Одаанда олар мұны қайтадан одаққа мүшелікке алу жағын қарастырсайшы, бір орайы келіп, қалғанда, жұмыс алып қалар еді ғой бұл.

Қашан да болсын бірдеме табылады ғой, әйтеуір,— қар күреу, тағы басқа бірдемелер,— тек әйтеуір, книжкаң дұрыс болсын.

— Егер сіздің еріңіз негізі арақ ішпейтін болса, бір жолғысына мұншама назалануыңыздың қажеті жоқ қой деп ойлаймын,— деді Мортен ақырын ғана.— Бірақ книжкасының дұрыс болмағаны жолдастарына кесірін тигізетіні жарамаған екен; сіздің еріңіз — антисоциалист пе?

— Жоқ, ол жер қазушы және бетон құюшы.

— Мен ол реакционер ме деп сұрап отырмын?

— Жоқ, одан гөрі ол басқа жағымен жақынырақ. Бірақ мүшелік жарнаның төленбеген ақшасы көбейіп кетті де, оны мүшеліктен шығарып тастады. Ал енді қазір мүшелікке кайтадан өтем деп өте алмай жүр, өйткені әуелі өсімін төлеу керек, ал біз оның өсімін төлемек түгілі, тапқанмыз тамағымызға да жетпей жүр. Бір шашке кофе ішіп кетпейсіз бе? — Әйел кіп-кішкентай шоланының есігін ашты.— Кофем дайын,— деді ол көңілді дауыспен,— балалардың әкесі үшін кайнатып қойып ем — ол «әкесі» деген сөзді ұйқтап жатқан еріне наздана қарап тұрып, созып айтты; қамыққанын қойды өзі.

Мортен алғысын айтып, үйіне қайтатын уақытының болғанын айтты.

— Әйелімнің күні таяу еді, толғатып қалуы мүмкін,— деп мән-жайын түсіндірді әйелдің көңілі қалып қоя ма деп именіп.

Әйел оны есік алдына шейін шығарып салды.

— Әлгі шіркеудің жанындағы, тасшының үйінде, төбешікте тұратын сіз емессіз бе? Я мен білем, ол үйдің әйелі айы-күніне жетіп жүрген. Бәсе, сізді таныйтын сыяқтымын. Әкесі сізді көп айта беретін еді. Бұл өзі кітап оқыйтын адам.— Ол бұл сөзді ерекше бір мақтанышпен айтты.

— Сіздің оны үйге шейін әкеп салуға мәжбүр болғаныңызды естігенде, не айтарын құдай білсін!

— Мұның несің айтасың оған?

— Жоқ, айтпағанда ше! Біліп қойғаны зыян болмайды. Әрине ол қатты ұялар, өзіне-өзі ыза да болар, бірақ одан келер бәле жоқ. Негізі ол өзіне-өзі сондай ұқыпты адам. Сіз оны бір оңбаған адам екен деп ойламаңыз. Балаларды да жақсы көреді өзі, мен жұмысқа кеткенде бағып-қағады.

Әйел Мортенге қатты ұнады: өзі сүп-сүйкімді мұнтаздай ғана жыйнақты адам екен, кедейлігіне қарамастан кіш-

кентай лашығының іші де тап-тұйнақтай. Сірә, күйеуі де жаман адам болмасқа керек.

Үйіне қайтып келіп ол, көрген-білгенінің барлығын Вераға айтып берді.

— Менімше, оған күнде таңертең келіп сенің шаруашылығыңа көмектесіп тұр деп айтуға болады,— деді ол.

Вераға бұл ұнамады.

— Мұндай адамдардың үйіне тасымалдап құртатындары да болады.

— Менімше, одан қауіптенудің қажеті жоқ. Үйі тап-тұйнақтай жып-жыйнақы адамдар көрінеді, көлденең біреудің көмегі болмаса, кедейліктен арыла алар жайы жоқ бишаралардың.

— У-у! — деп Вера тыжырылып қалды.— Бірақ мен оны «фру» демеймін «Мадам Бон»¹ деймін.

— Оныңа қосылмаймын. Ол да сені бара-бара «мадам» деп кетуі мүмкін. Мен оның орнында болсам, солай етер едім.

Ақырында, Мортен келесі күні таңертең Бондар участкесіне барып, Бон фрумен келісті, ол күнде таңертең келіп Мортеннің үй шаруашылығына көмектесіп тұрмақшы болды. Ол мұндай участокке бірінші рет қыстыкүні кез келіп, алған әсері де оншалықты болмады. Жазды күні бұл огородтар астана айналасындағы далалардың әр жеріне шашып тастаған, неше алуан гүлге толы алып корзинкалар тәрізді болып көрінуші еді; жасыл жапырақтар мен гүлдерге бөленіп жасырынып тұрған лашықтардың неден салынғанын да біле алмайтынсыз. Кейбіреулері кәдуелгі тәуір материалдан салынған бейнебір ергежейлілердің қорғанындай болып кішкене өркешті мұнаралары қоқырайып тұр; бұлар дәулетті копенгагендықтардың теңіз жағасындағы виллаларының архитектурасымен салынған қалада үйлері бар, қала сыртына тек жазда ғана кеп тұратын байлардың дачалары сыяқты есіктері құлыптаулы, ысырмалармен жабулы, бірақ көпшілігі Бонның үйшігі тәрізді: тақтайдың қыйықтары, фанералар мен тот басқан қаңылтырлар сыяқты жоқтан өзге материалдардан салынған. Жаз шыға жапыраққа бөленбесе, қазір адам көргісіз. Сөйтсе де үйлерде жұрт қыстап отыр: о жерден де, бұ жерден де есіктен әйелдер шығып, жуынды-шайындыларын төгеді, балалар жол үстін тазалап

¹ Данияда, әдетте, күйеуі бар кедей әйелдермен «мадам» деп сөйлеседі де, күйеуі бар тәуір тұрмыста тұратын әйелдермен «фру» деп сөйлеседі.

немесе үйінен шығарылған кір-қоқсықтың үстіне қар лақтырып жүр. Өртенген жер тәрізді тып-тыйпыл болып жатқан ұлан-байтақ участкаға, жел үрлеп, күл-қоқырды ұшырып әкетіп жатыр: суықтан сұры қашып бозара көгерген адамдар да өртке шалдыққандай.

— Бұл жерде не бір дәретхана, не бір көң-қоқыр төгетін апан жоқ,— деді Бон фру, кiна бізден емес дегендей.— Су алу да қыйын, тазалық жағын айтпасақ та болады.

Бонның балалары шиедей қотыр, қыз балаларының еріндері мен бастары сірескен жара. Саусақтарын ауыздарына салып, олар Мортенге тап бір басқа планетадан келген адамдай қарайды.

— Сендерге балық майын ішу керек,— деп Мортен балаларды шұқылап, қытықтай бастады; олар темір қроваттың аржағына барып, бір бұрышқа ұйлықты да қалды.

— Өздері өте қорқақ,— деді шешесі.— Біреу келсе болғаны, бұл бастық екен, енді бізді үйден шығарады екен деп ойлайды. Мектепте бұларға балық майын береді, бірақ құсып тастайды, балық майының өзі ащы ғой. Ал, бұларға тазарған қымбатын сатып алып беруге, қаражатымыз жоқ.

Бон фрумен қоштасып жатып Мортен ойлы-қырлы жолмен кыйралаңдан келе жатқан бір қартаң әйелді көрді. Мортенге қараған торсыйған бүйрек беті не бірнәрсеге әуестенген сыяқты да, немесе бірнәрсеге сеніңкіремей тұрған тәрізді. Ол бірнеше адым ілгері жылжыды да, сонан соң тап бір кері бұрылғысы келген адамдай-ақ тұра қалды, біраздан соң қайтадан ілгері жылжыды.

— Ойбай-ау, мынау Королева Тереза ғой! — деп таңданды да, Мортен қолын созған күйі әйелге қарсы жүрді. Ол Мортенмен сәлемдеспес бұрын екі қолын жамбасына сұртті.

— Сіз мені керек қыла қоя ма екен деп күдіктендім,— деді ол көзін сығырайтып.— Біреу қалалық басқарма мен ригсдагқа шейін көтеріліп жатқанда, екінші біреудің баяғы бір кір-қоқыстың арасында қалып қоюы жай нәрсе емес қой.

Мен қалалық басқармада да, Ригсдагта да отырғамын жоқ! — деп күлді Мортен.

— Солай ма! Ал анау қайда шырқап кетті! Мен екеуіміз бір жүр екен десем.

— Өзі күннен күнге бала болып барады,— деп сыбыр ете калды Бон фру.— Бірақ әйтеуір, біз екеуіміз бірдей жұмысқа кеткенде балаларға бас-көз болуға жарайды: ол үшін күніне жыйырма бес әре алады, тамағын ішеді. Жан-

тәнін салады бишара. Ой, кедей бейшараға кәрілік те сор ғой!

— Аяғына мұнан басқа киетін не қып ештемесі болмады екен? Мынасы башайына ғана ілінетін бірдеме ғой, қар болса қалың.

— Тамырлары білеуленіп кеткен, ешқандай аяққиім киіп жүре алмайды. Аяғының қандай екенін көрсеңіз етті! Мен күнде кешке аяғын орап берем — сіресіп қалған баған десеңіз болар! Және өзінің жарадан сау жері жоқ. Сірә мұнысы жалғанда тартқан күнасының азабы болу керек, өйткені бұл бала тапқысы келмеген адам ғой.

Бон үйінде жоқ екен. Ол кокс әкелуге кетіпті.

— Бізге түнде де от жағуға тура келеді, әйтпесе суықтан қатып қалатынбыз. Әйтеуір, бақытымызға қарай, коксты тегін аламыз, өзіміз жаққан былай тұрсын, жұмасына бірнеше қабын сатып та тұрамыз. Сеніңіз, бүгін таңертең ол қатты қапаланды, күйеуімді айтам!

Күндіз үйшік түндегіден тәуірірек көрінді, тым болмаған күнде іші тәуірірек: қабырғаларының барлығына да жұқа тақтай шегеленген.

— Менің білуімше, өкіметпен мәмілелесіп отыру қыйын-ау деймін? — деп сұрады Мортен.

— Я, олар мұнда ат құрғатпай күн ара дерлік келіп тұрады, — біресе тұрғын үйлер басқармасынан, біресе денсаулық сақтау бөлімінен, кейде өрт сөндірушілер ұйымынан повесткалар әкеліп, полиция да маза бермейді, құдай білсін, тағы қайдан әкелерін! Үйлерінің қабырғасын жөндеп, қайтадан қалаңдар, брандмауер көтеріңдер, труба шығарыңдар, әйтпесе қуып жібереміз деп қоқаңдайды. Бірақ әзірше шындап кірісе қойған жоқ. Бұл жерде едәуір халық тұрады — нағыз қала сыртындағы поселка деуге болады. Қалалық басқармаға келген шетелдік атақты адамдарға тек бізді ғана көрсетуді ұмытып кетеді: өйткені біздің Данияда кедейлер атымен жоқ деп көрсету керек қой оларға. «Солай-ақ болсын», — деген екен бір Пер-Голяк корольға». — Бон фру мысқылдай күлді. — Барып тұрған ақмақтық емес пе? Егер қалада үйіміз болса, бізге бұл жерде тұруға рұқсат берер еді, өйткені біз онда дачада тұрған болып есептелеміз ғой!

Мортен кетейін деп тұрғанында, жол үстінен кокс салған қаптарды артып, қол шана сүйретіп келе жатқан Бон көрінді: қаптардың үстіне бір кішкене бала кроватиның

сыйрағын таңып алыпты. Бон кысылыңқырап, сасып қалды,— сірә, кешегі қылығынан ұялған болу керек.

— Сен өзің тәп-тәуір үй салып алыпсың ғой,— деді Мортен.

— Іші, әйтеуір, тым тарырақ болғанымен де, жөн түзулеу; бірақ сыртынан қарасаңыз, мұнан өткен сорақы болмас! Суық өтпесін, суланбасын деп сыртынан нешетүрлі қоқыстарды жапсыра бердім, төменгі жағын қара қағазбен де қоршаған болдым. Жаз шыға бір рет сырлап шығамын.

— Қалай ойлайсын, мен қаладан пәтер тауып беруге көмектесем қайтеді?

— Пәтер ақысын төлей алмаймыз ғой,— деді жабырқау пішінмен Бон.— Оңалып кете қоямыз ғой дейтін де орайымыз жоқ.

— Бұл әлгі мүшелік книжканың кесірі ме? Әйелің айтты еді. Осы бір ісінді оңдап беруге кірісіп көрсем қайтеді?..

— Ой, сен бұл істі оңдап бере алсаң — нағыз барып тұрған сыйқыр болғаның ғой! Әй, бірақ, оп-оңай бола қоймас. Оның үстіне әлгі бір өсімі құрғыры да бар. Өсім ақшасын төлеймін бе деп ала қыстай кокс жыйнап едім, бірақ бар ақша тамаққа кетеді. Және өзіміз де төпеп жағып бағамыз; алдағы күн не болса да, балалар тоңбау керек қой, әйтеуір.

— Кеше кешке сен борнхольмдықтарша сөйлеп едің ғой,— деді таңданып Мортен.

— Ол басы ың-жың болғанда ғана солай сөйлейді,— деді сөзге араласып әйелі, шоланнан карап.— Мұны Борнхольмнан жастайымнан әкеткен; аузына кішкене ғана арақ тисе болды, қазір-ақ Борнхольмша сөйлей жөнеледі.

Әйелдің ері ұяла күлімсіреді.

— Кәсіпшілер одағындағы ісінді қарай бүлдіріп алып жүрсің? Сайтан алғыр, қалайша мұнша аяқсытып алғансың?

— Байқайсыз ба, олардың саясатына көндіге алмаған мен сыяқты адамдар тым көбейіп бара жатқан соң, мүшелік жарнасын төлемей қойып, сол үшін шыққан болып, одақтан шықтық та кеттік. Біз өз алдымызға ұйым құрмақшы болып едік, бірақ біраз уақыт өткеннен кейін көпшілігіміз кешірім сұрай бастады, штраф төлеуге келісімдерін берді, қалғандарымыз сол бетімен елеусіз қалып қойдық. Біз сонда өте бір үлкен ағаттық жасаппыз!

— Дұрыс! Әрқашанда өз ұймың жағында қалу керек,

ал егер бір кедергі бола қалса, онда өзара оңдап жіберуге тырысу керек.

— Өзара дейсіз бе? — Бон күліп жіберді.— Ақырында, ол ісімізден де түк шықпады. Әлгі қайыспай қалып қойғандарымыз провинцияға кетпекші болып көріп едік, бізді онда да жуытпады. Провинцияларға хат жазып, алдын ала ескертіп қойыпты. Сонан соң бірнеше адам Гамбургке көшіп барып, сол жерде жұмысқа орналаспақшы болдық; бірақ онда жұмыс көп болғанымен жұмыс ала алды ғой дейсіз бе, біз? Бізді онда да еш жерге жуытпады! Бұлардың машинасы біз сыяқты бауырларының сазайын тарттыруға келгенде мүлтіксіз қызмет етеді.

— Сен оппозиция мүшесі емессің бе? — деп сұрады Мортен қоштасып жатып.

— Жок, бірақ жыйналыстарына барып тілектес болып жүремін. Бірдеме етіп ашу басу үшін керек қой, әйтеуір.

Мортенді бұл сөз көңілдендіріп тастады. Үйіне тезірек жету үшін қарлы даламен төтелей жүріп келе жатып ол «Ашу» деген сөзді қайталап айтты.— Бұл сөз — өз еліндегі сектанттардың сөзі сыяқты. Боннын өзі бір тамаша адам екен, не нәрсеге болса да жан сала кірісіп, бірдемеге талпынып тұрады!

Күндіз Мортеннің қалада бір жұмысы бар еді, Боннын хал-жағдайына көз қыюын салдырайын деп жолшыбай ол қалалық басқармаға, Пеллеге кірді. Пелле оны қуана қарсы алғанмен, келген шаруашылығының мән-жайын естігеннен кейін қорғалақтап қалды.

— Мен кәсіпшілер одағының басшысы емеспін ғой,— деді ол.— Егер мұнан бір нәтиже шығар деп ойласаң, сол кәсіпшілер одағы арқылы әрекет істеп көр. Бұл адамның өзі, сірә, оппозицияның мүшесі шығар?

— Жок, ол оппозицияның мүшесі емес.

— Бәрібір, мұндай адамдардың өзі әрқашанда шатақ. Менің айтарым бар ғой, Мортен: сондай адамдардан аулақ бол. Олардан дау-жанжал мен өсек-аяңнан басқа еш жақсылық күтуге болмайды.

— Мен тек жеке адамның ғана басын айтып отырмын, Пелле, егер ісіне кіріспесең бейшаралар текке өліп қалуы мүмкін. Бұл адамды ақтау үшін бір ауыз сөзіңнің өзі жеткілікті екенін өзің де жақсы білесің ғой.

Пелле басын шайқады.

— Бұған әуре болмай-ақ қой, Мортен. Сенің өтінуің бойынша, Петра Дрейерге көмек көрсеттім ғой, қалалық бас-

қармаға жұмысқа орналастырдым. Сол үшін де едәуір сөз естідім: синдикалистерді корғайсың дегенді айтты. Енді ондай сөз естігім келмейді. Бон сыяқты адамдар толып кетті, біз өз қатарымыздағы тәртіпті қолдауға міндеттіміз. Анда-санда осындай жұртқа сабақ боларлықтай іс қажет.

— Бірақ бұл өзі бір өте еңбекқор адам... жап-жақсы семья басы, әке. Сірә, жаман да жолдас болмаса керек.

— Бұл сенің сөзің ғой. Не айтар екен басқалардың да сөзін тыңдап көрелік, олар да сенен кем біле қоймайтын шығар оны.

Пелле қатардағы бөлмеге барып, телефон арқылы біреумен сөйлесті де келерінде түнере келді.

— Онысмен қоймай, ол өз бөлімінің начальнигі мен кассиріне тиісіпті, талан-таражы жасадыңдар деп айыптапты,— делі ол Мортенге қатулана қарап.

— Шынында жақын арада бір бөлімшенің кассасында бірнеше жүз крон кем болып шыққан жоқ па? Мүмкін соны айтқан шығар?

— Ал, солай-ақ болсын? — Пелленің кәрлі көз қарасы сенімсіздік пішінге ауысты.— Кассадағы ақшаның жетпеуі мен талан-таражы дегеннің айырмашылығы зор ғой. Бұл екі қызметкер жетпеген ақшаны өз қалталарынан төледі, сонымен іс бітті. Бұл екеуі тамаша қызметкер, жұмысшылар қозғалысы ол екеуінен қайткен күнде де айрылмай керек еді. Сайтан алғыр-ау, сенің де түсінуің керек қой, нағыз барып тұрған періште болса да, Бон деген біреуді олармен салыстыруға болмайды ғой!

— Бон айтқан сөзін, таккан айыбын қайтып алсын, өсім жарнасын алып таста. Әйтпесе оның өзі де, семьясы да сөзсіз өледі.

Пелле тағы да басын шайқалды:

— Сен саясатшы емессің, Мортен, біреуді оп-оңай-ақ аяп, есіркей қаласың. Мені бұған көндіре алмайсың. Тәртіп болу керек қой!

— Олай болса, бұл мәселе аяқсыз қалады екен деп ойлама,— деді Мортен тұла бойы дірілдеп.— Осы бір қамқорсыз жандардың кінәсіз өлімін көріп, қарап отыра алмаймын!

Пелле оған байыппен қарады.

— Сен бұл бүлікшілерді жақтап, қолтығынан сүйемес бұрын, әуелі жақсылап тұрып, алды-артыңа қарап, ойланып алуың керек еді ғой,— деді ақырында ол қоқанлоққыға салып.— Сенің тілегің бойынша Петра Дрейерге болыстым,

бірақ сенің қазіргі сұрап отырғаның бар ғой,— бұл тым шектен шыққандық. Ал дегенмен де бар ғой, бұл екеуміздің жағамыздан алысып жатуымызға тұрмайды,— деп сөзін жалғады ол жұмсарғандай болып, Мортенді есік алдына шығарып сала келе жатып.

Пелленің қаталдығы Мортенді қобалжытайын деді. Мүмкін, шынында да, Бон оның ойлағанындай емес шығар? Мүмкін, Пелленің де бір білетіні бар шығар, оны айтқысы келмейтін болар? Әлде күннен-күнге күшейіп келе жатқан оппозицияның қорқынышы осындай қатал болуға мәжбүр етіп отыр ма екен? Дегенмен де, әйтеуір, тым қатал! Адамды ұйымнан шығарып жіберіп және сол ұйымнан сыртқары жерден де күн көрсетпей қоюға болмайды ғой: шығарып жіберу дегеннің өзі тек Бонды ғана емес, сонымен бірге әйелін де, балаларын да өлім жазасына кесті деген сөз емес пе. Жұмысшыларды күреске көтеру керек болған кезде, Пелле де, өзі де қаталдыққа мәжбүр болмаппа еді? Я, бірақ ол кезде қаталдық артта қалғандарға жасалды; ал енді қазір көбінесе өзі басқа біреуді сіліккісі келіп жүргендерге шүйіледі.

Қалай болған күнде де — Пер-Голяктың мүдделерін қорғап жүрген аламдаода қатал жүрек пен қытымыр қол болмауы керек. Пер-Голяк та өз басшыларына келгенде жөн қатнас жасайды, өзінің көңлі қайтып, әбден түңіліп біткеніне де қарамастан, одан да гөрі төзімдірек бола түседі. Әйтсе де сөз жоқ, басқаша іс жасай қалса, соған орай сыбағасын да алады.

Х

Әке қуаныштары

— Әке, болу дегеннің өзі жақсы-ау, солай емес пе? — деді акушерка Гец фру, Мортен барлығы жататын бөлменің терезесінің алдында кофе ішіп отырғанда. Вера бейнебір енді өзінің ана болғандығына қалай қарайтынын біле алмай, есі шыққан адамдай болып кроваттың үстінде жатыр. Қыстыкүнгі төменнен сығалайтын күн көзі кровать басынан түсіп, ақ жастық жастанып жатқан Вераның сары шашын алтындай жарқыратты. Гец фру сөйлей отырып, тап бір, бірдемені түсіндіргісі келгендей қайта-қайта Вераға бұрылып қояды.

— Ана болудың өзі өте бір қызық нәрсе,— деп соза түсті ол сөзін.— Баласын ең алғаш рет қолына ұстата бер-

ген кезде, қуанғаннан еңіреп жіберетіндер де болады. Біздің сүйкімді фруымыз ондай емес екен, оның есесіне бала жарық дүниеге келгенше, едәуір-ақ бақырып бақты...

— Сірә, өте қыйналған болу керек,— деді Мортен әйелін ақтап.

— Қойыңызшы! Мен тіс суыртқаннан гөрі, бала табуға тезірек көнер едім. Ал менің күйеуім де өте балажан адам еді; мен бала тапқанда әрқашанда үйде болып қуанып жайымен ысқырып жүретін. Жаңа туған баланы жерден көтеріп алып, жаялыққа орауы-ақ мұң екен, ол жас нәрестені қызықтаумен болатын. «Жас нәрестенің карнын саусағыңмен түртпесейші,— деймін мен кейде.— Бәрібір ол ешнәрсе түсінбейді». Ал ол: «Неге түсінбесін! Тамаша түсінеді, тіпті ішінен күліп жатыр. Даусын шығара күлуге бата алмайды, сенен қорқады!» — деп жауап қатады.

Сөйтіп мен оған бес жылда алты бала тауып бердім; ол бесіктен жас нәрестенің үзілмеуін тілейтін еді. Ал сонан соң, сөйтіп жүріп өлді де қалды... Сенсеңіз, оның тіпті де өлгісі келген жоқ еді. Өмірді тамаша сүюші еді! — деп Гец фру бір күрсініп қойды.

— Күйеуіңіз кім болып еді, Гец фру?

— Ол механик еді. Бірінен бірі кіші, үбір-шүбір, алты баламен жалғыз қалғанымда жағдайымның қандай болғанын өзіңіз де білерсіз! Жан сақтаудың қамын ойлап күйеуіме қайғыруға да мұршам келген жоқ. Сөйтіп жүріп, әйтеуір бала тапқандардың қасында болайын деп акушеркалықты үйрендім.

— Неткен балажансыз! — Мортен өз жүрек сырын басқа бір адамнан тапқандай болды. Гец фру дене бітімі сом, көрнекті, бет әлпеті қажырлы, әрі көңілді адам екен. Әсіресе, Мортенге күле қараған кезде, оған өте сүйкімді болып көрініп кетті.

— Мен балаларды да және сол балаларға қатысы бар нәрсенің барлығын да жақсы көремін. Бұл өзі біздің семья әдетіміз. Біз ағалы-інілі, апалы-сіңлілі он сегіз бала едік. Жатқан бір взвод емес пе, а? Бұрнағы күні ойламаған жерден кенет мамам келіп,— ол өзі жесір еді — маған өзінің сүйген жарын көрсетті. Шешейдің жасы алпыстан асқан, ал оның қолтықтап әкеліп жүрген ақсақалды адамы алпыс бесте. Мен бұл масқараға шыдап тұра алмадым: «Менің телефон номерімді ұмытпаңыздар, керек бола қалсам телефон соғарсыздар!» дедім. Оған кемпір мен шал кенет қыйтыя қалды да, үйлеріне тартып отырды.

Мортен күліп Вераға қарады, бірақ ол нақ бір ештеме естімеген адамдай-ақ үйдің төбесіне қарап жатыр.

— Шынында да, сіз тым қатал келемеж еткен екенсіз,— деді Мортен.

— Ой, қойыңызшы, көп кешікпей енді үлкен әже болайын деп отырсада ма! Кеше менің үлкен қызым келіп, жүріп жүрген жігітімен ретінің келгенінше, тезірек үйленгенім дұрыс болар еді деді. «Немен күн көресіңдер? Оның жұмыссыз ғой»,— деп сұрадым мен. «Бірдеме етіп күн көрерміз, біз бір-бірімізді жандай жақсы көреміз!» — дейді. «Рақмет саған! Махаббат өз алдына, бірақ қарындарың ашып, көздерің қарайған кезде бірлеріңді бірің жей алмайсыңдар ғой»,— деймін мен. Міне енді сөйтіп, маған тағы үш жан кеп қосылмақ, олар менімен бірге тұрады ғой. Әрине, ол нәрестені құртуға да болар еді, оған жастардың өзі де қарсы емес, қазір оның өзі салт болып кеткен жоқ па. Бірақ мен өйткізбеймін: шана тебуді жақсы көреді екенсің, ендеше оны сүйретуден де қашпа! Бірақ жағдайымыз өте қысылшаң; жұмысымда да ешбір береке болмай жүр,— кімнің қазір бала баққысы келеді ғой дейсіз? Қазір балаларды көбейтуден гөрі, құртудан көбірек ақша табасың. Бірақ мен ондайды жақтырмаймын! — Ол мақтанышты пішінмен Вераға қарады; Мортен оның көзқарасын шалып қалып, недер екен деген адамша, біресе онысына, біресе мұнысына кезекпе-кезек қарады.

Гец фру орнынан ұшып тұрып, Вераның жанына келді, — Сөйтіп енді, бүгін күндіз басыңды көтеріп, түрегеп жүруіңе болады, фружан, ал ертең үй ішінде аздап жұмыс істесең де ештеме етпейді.— Ол аздап көңілсіздеу пішінмен Вераның басын сыйпады. Мортен оны басқа бір бөлмеге апарды.

— Көрсеткен көмегіңізге шын жүректен көп-көп рақмет айтуға рұқсат етіңіз,— деді ол бар ықыласымен.— Қанша беруім керек сізге?

— Мен бір жылдық табыстың бір процентін аламын, ал оны есептеу жағын өзіңіз білесіз.

Мортен он крондықтан үш қағаз ақша санап берді.

— Жазушылар да аса тәуір тұрмайтын көрінеді ғой,— деді ол екі ойлы пішінмен ақшаға қарап,— ой-ой, тіпті мұны сізден адамның алғысы да келмейді.

— Алыңыз, алыңыз, рақмет, көп рақмет! — Мортен ақшаны оның қолына ұстата берді.— Бұл бір көңіл үшін берілген болмашы сыйлық. Бірақ сізге қаранатындардың ішінде ақшасы көп дәулеттілер де бар шығар.

— Олар ма... шынын айтқанда, оларда бала болмайды! Бала болдырмас үшін жасалатын әрекеттердің барлығы да клиникада жасалады. Ал енді кішекентай баланы күтуге көмектесу үшін ертең келейін бе, келмейін бе?

— Жоқ, рақмет! Онсыз да он күн осында болдыңыз ғой. Енді өз бетімізбен кететін уақыт та жетті.

— Тамаша әйел екен! — деді Мортен Гец фруды шығарып салып, Вераға кеп.

— Ал, бірақ маған ұнамады,— деді Вера бет-аузын тыржыйтып. Нағыз деревняның адамы.

— Сен солай дейсін бе? Өте өжет жылпос әйел екені рас, бірақ жүрегі адал.

— Сірә, тым арзан да ала қоймайтын болса керек. Егер біз жүз мың табатын болсақ қой!..

Мортен күліп жіберді:

— Я, онда шынында жаман болар еді!

— Сен ылғый да кекетесің! Біздің қанша табатынымызды айтпай-ақ қойсаң да болатын еді ғой; ешкім де дұрыс жөнін айта қоймайды.

— Мен де айтқамын жоқ: шынында бізде екі жарым мыңдай табыс таптық, қойшы енді, жұмыс істейтін уақыт болды!

Өзінің жұмыс орнына кетпес бұрын ол кішкентай кроваттың бетіндегі жамылғысын ашты да, жас нәрестеге үңілді. Жас баланың денесінің қызарғаны кетіпті, бірақ маңдай терісі тыржыйып, бет-әлпеті өте қатал көрінді. Тап бірдеме байқап, болжап қалайын дегендей-ақ, көздерін ашып-жұмып жатыр. Кіп-кішкентей нәзік саусақтары да бейнебір иреңдеген қызғылт жауын құрт тәрізді дамылсыз қыймылдайды. «Міне енді кіп-кішкентай ғана бірдеме қыбыр-қыбыр етіп өмірге талпынып жатыр, адам жанының қыйқымы ғой бұл!» — деген нәзік ойға келді Мортен. Бірақ еркек бала болмағаны жарамады. Оған кішкентай серік — еркек бала қажет еді!

Ол жазу столына құлшына келіп отырды. Енді жатпайтұрмай жұмыс істеу керек! Енді олар үшеу — өз алдына жатқан бір семья! Балаға кеткен шығынының өзі де оның ойлап жүргенінен әлдеқайда қымбатқа түсті: шұбар ала масақанасымен кішкентай бамбук кровать, баланың неше түрлі керек-жарақтары мен жаялықтары алынды, акушеркаға төленді, Вераға шілтерлі ішкиім әперді. Жас нәресте жарық дүниеге келгеннен бері түк те жазған жоқ десе де болады: бар уақыты үй ішінің шаруашылығына, жас босан-

ған ана мен жас нәрестенің күтіміне кетті және оның алдында да жарытып жұмыс істей алған жоқ, өйткені ұзақты күнге қарап отыратын Вера уақытты қалай өткізерін білмейтін; біресе ол тап бір оқыс оқыйға күткендей болып, терезеден телміріп көшеге қарайтын да, біресе сәт сайын Мортенге жалтақтап, ақыр аяғында, жанына келіп, жеңінен тартып, баяғы бір сөзін айтатын:

— Ішім пысты! .

— Ондай-мұндай қол ісімен айналыссайшы! — деп жауап қататын Мортен. Жұмыстан бас алмай, бірақ Вера жанында қалшыйып тұрып алатын. Мортеннің жұмыстан қолы босамайтыны — Вераның кішкентай басына өмірінше кіріпшықпайтын еді; оның ойынша, Мортен тектен-текке еріккеннің ермегімен отыратын сыяқты. Ол екеуі жиі-жиі қағысып қала беретін, нағыз бір қызу жұмыстың үстінде отырғанда Вера келіп өзінің правосын айтатын.

— Міне енді тағы да сен үшін арқауынан айрылып қалдым! — дейтін Мортен ренжіп.

Арқау деген сөз — біртүрлі қызық боп естіледі?

— Жарайды енді, мен-ақ тауып берейін арқауыңды, — деп күліп жауап қатады да ол Мортеннің тізесіне шығып алады.

— Ойбай-ау, бұл ақша ғой! — деді ол бір күні күйіп-пісіп.— Бұл жұмыс бүгін дайын болуы керек, ал егер ол ойдағыдай болып дұрыс жазылып шықпаса, гезеттің алмай қоюы да мүмкін.

Вера шошыған адамдай, Мортеннің тізесінен атып тұрды да, біраз уақыт оған тыныштық берді.

Бірақ енді күндіз-түні жұмыс істеу керек; Вераның да енді жұмысы жеткілікті болады.

Өзінше оның да жақсы меңгере білетін нәрсесі бар; шаруашылық жағына келгенде өзінен оның әлдеқайда тәжірибелі екенін Мортен еріксіз мойындауға тура келді. Ол сатушылармен саудаласа кеп кеткенде, көбінесе арзанға алып шығатын, негізі өзінің арзанға алғыш өнері бар. Ол шаруашылыққа тиісті ақшаны әрқашанда еппен жұмсайтын, айдың аяғында, сол ақшадан қалдық қалдырып отыратын, ондай іс Мортеннің қолынан келіп көрген емес. Вераның аспазшылық өнері шамалы еді; олар құдайдың құтты күні машинаға тартылған еттен фрикаделька¹ жасайтын немесе суға піскен картофельмен қуырылған шұжық жейтін.

¹ Фрикаделька — машинаға тартылған етті домалақтап сорпа жасайды.

Бірақ Мортен оның ақша ұстасына таңқалатын да, Вераны өте тамаша бір шаруақор әйел деп білетін. Шаруашылықты арзанға түсіріп, қандай тамаша етіп ұстаймын деп, мақтанып қоюды Вераның өзі де жақсы көретін.

— Әрине, өйткені Мортенге не берсең, соның бәрі жарап жатыр, тіпті ескі башмақ берсең де бәрібір,— деді бір күні кешке Эллен, Пелле мен екеуі солардікіне қонаққа барып отырғанда.— Ол тіпті аузына не салып отырғанын да байқамайды. Неге болса да бәс тігуге даярмын, сен дәуде болса, тап бүгін түсте не ішкеніңді білмейсің! — деді ол күліп Мортенге.

Мортен шынында да айтып бере алмады; Вераның айтып жіберуіне тура келді.

— Міне, көрдің бе, Вера! Бірақ бұған сенің аздап көз қырыңды салуың керек еді; Мортеннің іші аса сау, таза іш емес.

Олар кеткеннен кейін Вера күйініп, қатты ашуланды.

— Мені масқаралатып қойғаның жақсы емес! — деді ол ақыр аяғында.

— Масқаралатып дейсің бе?! Қалайша?

— Түсте не ішкенімізді айтып бере алмадың! Сен өзің емес пе едің, шұжығың тамаша дәмді екен деген.

— Я, рас, шынында да мұным дұрыс болмаған екен! — Осы әңгіменің барлығы да Мортенге кенет бір басқаша ой тудырып жіберді: Эллен Вераны қағытқысы келген екен, ал әйелін қорғау Мортеннің ойына келмеді.— Кешіре көр. Ашуланбай-ақ қой енді!

Ол Мортенге ала көзімен қарады.

— Құтылудың әрекетін жасап айта салғаның ғой; менен Элленді әлдеқайда жақсы көретініңді өзім де білем. Бұдан былай енді олармен бірге жүргім келмейді! Эллен өзін сондай жоғары санайды — соның бәрі осы бір жаман үйдің кесірі. Әйтпесе олардың бізден ешбір артықшылығы жоқ.

Мортен еріксіз күліп жіберді.

— Жоқ, құдай біледі, одан емес! Ал дегенмен, бар ғой, «Таң» жақсы үй, ол енді көп ақша болады, қала осы жағынан өсіп келеді ғой.

— Сен өз бөлегіңді керек қылмай кеткенің дұрыс болмаған. Біздің әкей де солай дейді.

— Солай ма, ол кісі сөйдей ме? Бірақ үй әу бастан Эллендікі ғой.

— Ой, ол оңайырақ иемденіп алу үшін алдын ала қармақ салған ғой.

— Мұны да айтатын сенің әкең бе? — деп сұрады Мор-тен жұлып алғандай.

— Жо-оқ... жұрт айтады.

— Қандай жұрт? — Мортен енді ашуланып ақыра сөй-леді.

Вера жылап жібере жаздап, оған үрейлене қарады.

— Кәдуелгі жұрттағы! Мысалы ана бірінші этажда біз-бен бірге тұрған Петерсендер. Солар айтады...

Вера шыдай алмады, көз жасын төгіп жіберді де, жата-тын бөлмеге кетті.

Мортен ызаланған күйі жұмысқа кірісті. Демек, жұрт аузына келгенін оттайды, сол оттау мен өсек-аяңға Ве-ра да қосылады! Басқалармен қосылып оның ісін Вера қаң-қу қылмаса да болады ғой! Ол Вераға қайырлы түн де айт-пастан жатып қалды, ал Вера болса, бейнебір өкпелеген ба-лаша, өксіген бойы ұйқыға кетті.

Бірақ енді жаңа тұрмыс басталады. Жас нәрестенің жы-лаған әлжуаз үнінің өзі-ақ бір жаңалық әкелгендей болды; тап бір үй жаңа үй сыяқты болғандай болды. Өзінің жарық дүниеге жаңа бір жас өмірді әкелгені, сол өмірге өзінің со бойымен берілуінің керек екені Вераның сана-сезіміне толық жете қойған жоқ; бірақ қол-аяғын бауырына алып, орнынан тұрып, жас нәрестемен өзі айналыса бастаған-нан кейін түсінер әлі. Онда Мортеннің Вераға жол бе-руіне тура келеді, ол қызғанбай-ақ қояды: әйел үшін баладан артық не бар. Ол екеуін де көңіліне қуаныш тұтып терезенің түбінде, өз бұрышында отырып алып жұмысын істейді. Әйелінің бос сөздері мен баласының балдыр-бұлдыры оған дем береді. Олар жақсы тұрмыста тұратын болады, Мортен әйелі мен баласы екеуіне жетер-ліктей табыс табады. Баспа бұдан екі ай бұрын жібер-ген бір өте алдамшы хатында, жазып жатқан жаңа үл-кен романыңды бітіруге мүмкіншілік жасау үшін ай сайын ақша беріп тұрайық деп хабарлаған. Онда ол мұның қажеті жоқ деп еді, енді ол ұсынысқа қосылуға тура келеді. Жас нәрестемен айналысу үшін аздаған бос уақыт бұған да керек. Жас нәрестені ұзақ уақыт көрмесе, Мортен не істе-рін білмей аласұратын. Кішкене қызым қасымда жатыр ғой деген сезім, әрқашанда оның бойын сергітетін.

Жас нәрестенің күннен-күнге өсіп келе жатқанын бақы-лап отырудың өзі өте бір қызық еді. Алғашқы жарық дү-ниеге келген күні акушерка ваннаға салғанда, жас нәресте-нің денесі тітірене селк етіп, бейнебір таяныш іздегендей-ақ

кіп-кішкентай ғана қолдарымен акушерканың қолынан шап беріп ұстай алып көңілі демдегендей болғанының өзі теңдесі жоқ характертей еді. «Мынау бір тек өз өнеріне ғана сенетін ерекше қыз болады»,— деді акушерка. Алғашқы күні бала ешнәрсені көрмеді: оның көзі жарықты елең қылған жоқ, Мортен шамның жарығын тақағанда да екі көзі бақырайып жата берді. Бірақ Мортен кроваттың үстіне төмен еңкейсе болды, ол жалма-жан басын бұрып алады да, аузымен ізденіп, еміне бастайды; ол Мортеннің бетінің жылуын сезеді де, оны анасының емшегі екен деп ойлайды. Бірнеше күн өткеннен кейін жас нәрестенің көз жанары да жандана бастап, кроватьқа еңкейген Мортенге әлсіз нұрын қадайтын болды. Ал он бірінші күні ол қызының бірінші рет езу тартқанын көрді. «Бұл іші аурғандықтан» — десті біраз жұрт, акушерка да солай деді. Бірақ Мортен баланың күлкісін (дүниеде одан өткен тамаша нәрсе жоқ) іші шанышқандағы бетінің жыбыр ете қалатынынан жақсы айыра білетін еді.

Сонан соң бұл күлкіні ол жас нәрестенің жанына жанасқан сайын көретін болды, күннен-күнге бір жаңа өнер шығарып келеді. Бас-аяғы бес-алты жұма өткеннен кейін-ақ Вераның емшегімен ойнауды шығарды. Бұл ойынға ол тойыңқырап алғаннан кейін барып керісетін. Бұрын ол ештемемен ісі болмай, емшектің сүтін борпылдата сорып жұтатын да жататын, тіпті көзін де жұмып алатын. Бірақ кенет емшекті соза сорып, басын Мортенге қарай бұратын. Сонда да емшектен айрылғысы келмейтін, бірақ ақырында емшек аузынан шығып кететін. Сонда еміне жармасқан сезімтал ерін Вераның аппақ манардай көкірегін аймалап,— емшекті бір-ақ қауып қалатын. «Хап!» — дейтін Мортен, қызы сонда емшектен ауызын алмастан, көзінің қыйығыкен қарайтын оған. Нақ бір осының барлығында да ешқандай жұмысы жоқ адамша, селқос пішінмен баланы емізіп отырған Вера да күлімсіреп жіберетін сонда. «Бірдемені түсіне бастайын деген сыяқты өзі»,— дейтін ол кейде.

Жас нәресте күндегісіндей рақаттанып, бадырайған көк көздерімен Мортенге тып-тыныш қана қарап жатыр, ембесе де, емшекті аузынан шығарар емес, бейнебір бақыт құшағында емін-еркін рақаттана түсейін дегендей! Мортен еріксізден еріксіз қызығып кетті оған; оның өзінің де өстіп, осындай бір алаңсыз тыныштықпен сол жерге басын сүйеп қойып қана бақыт құшағында демалып, балқып жатқысы келді. Бірақ әйелінің көз қаратпайтын аппақ иығы мен қолдары жанартаудың лебіндей ыстық көрінді.

XI

„Несіз елдегі” фокстрот¹

Мортен Нэрреброға қарай келе жатты; сол жердегі жастар одағында сөйлеуі керек еді. Көңіл күйі солғын болғандықтан сонысын біраз басу үшін жүре тұрғысы келді.

От басының берекесі болмай қойды. Вераның көмекшісі жоқ; Бон фрумен келісе алмай, бар жұмысты Вераның өзі істеп жүргендіктен дамыл-дамыл оған да көмектесуге тура келеді. Жас нәрестеде нашар өсіп келеді, қайта-қайта іші өтіп, ауырып қала береді; Вера тіпті бала тәрбиелеудің мәнісін білмейді. Өзі жүктіліктен, босанудан құтылып, дем алып, ажарланып, толығып жақсарып кетті. Бірақ әлі де болса, ылғый ішім пысты дейді де отырады; бірақ енді бала барда қалай ішінің пысатынына Мортен түсінбей-ақ қойды! Осына бір кішкентай адамға ертеден қара кешке қарап отырса жалықпас еді, оның әрбір, уақ-түйегі, әрбір қыймылының өзі қызық емес пе.

Фредерикссундской жолының бойындағы кабактардан шығып жатқан айғай-шу да одан да бетер қыяиландыра түсті: эне, ана бір жерде жұмысшылар бір-бір кружка сыра алып, «Шолу» газетінде басылған өлеңді органның² шырылдаған жіңішке үнімен қосылып барылдап айтып отыр. Әрбір бақтан сол баяғы бір маза бермейтін белгілі әннің қайырмасы естіледі, тап бір барлық күл-қоқыр мен кедейліктің қырсығынан құтылудың жолы осыдай-ақ, сыра ішіп қарлыққан дауыстар шаттана шырқайды. Қала орталығында, қымбат ресторандарда, осы бір әннің қайырмасымен буржуазия стол-столдың ара-арасында сыңысып фокстрот биін билеп жүр. Ал осы кезде барлық жағдайдың өзі құлдылап барады, өмір үшін күрес барған сайын қыйындап кетті: жұмысшылар ақының төмендеуіне де көнуге тура келді, өздерінің ақшаларына сатып алатын заттары да шамалы болды, өйткені сауда орындарының барлығы да күннен-күнге алдамшы заттарға арқа сүйей берді, сол алдамшы заттарын сатып құтылу үшін сауданың барған сайын жанданып, жетіле түсуі қажет болды. Соған орай адамдарға да, товарға да сенім азая түсіп, мақтаншақтық ұлғайды. Күн сайын таңертең газеттер, оның ішінде «Жұмысшы» газеті де,—бір турист Парижде француз әйелінің тек Дания өндірісінен шыққан қарындашты ғана бер деп тұрға-

¹ Фокстрот — бидің бір түрі.

² Орган — музыкалық аспап.

нын естіді екен деп, жер-көкке сыймай мақтанып, отан өнер кәсібінің өнімі мен икемділігін ауызбен айтып жеткізе алмайды. Бірақ көктем баяғыда шыққанымен, жұмыссыздық әлде болса көп еді. Жұмыссыздық дегеніңіздің өзі енді маусымдық нәрсе болмай қалды.

Мүмкін өмірден Мортеннің өзі адасып жүрген шығар? Мүмкін әлде, қоғам құлдыйлай құлап, Европа үстін соғыс қара бұлты қаптап тұрған кезде, жұмысшы ұйымдарының да біртіндеп ықшамдала түсуі керек пе екен? Мүмкін, ол жұмысшылар қазіргі жағдайда жер тырмалаған тауықтай болып, өз участкелерінде огород айдамай, басқа нәрсемен айналысуы керек қой деп ойлап, оларды асыра бағалап жүрген болар?

Жарайды, қалғандарының бары-ақ тоқырауға төзіп отыра берсін, бірақ жұмысшылардікі не! Жоқ әлде ұзақ уақыт Сахарада сандалғандай болып діңкелері құрыған ба? Немесе Пелле айтқандай олардың әлі сана-сезімі пісіп жетілген жоқ па?

Пеллемен шәйкемдесіп қалғаннан кейін, ол Бонның кәсіпшілер одағындағы мәселесін жөндеп бергенмен, жалғыздық сезімі Мортенді одан бетер меңдей түсті. Оның нағыз орны қайда? Интелегенттердің арасында ол бір кездейсоқ ұшып келген кірме құс тәрізді, жұмысшылар қозғалысының басшылары да оған қырын қабақ қарайды; ал анау солшыларға таяуырақ жүргендер ше? Я, онда мол мүмкіншілігі бар ұлан-байтақ ұлы «несіз ел» жатыр, бірақ өңделмеген, жөнделмеген, есіз де жолсыз! Оның келешегі сол елдің бір жерінде, бірақ онда барудың өзі ол үшін ат құйрығын кесіп, біржолата бөлініп кетумен барабар. Ал бұқараны да сонда алып барып, солармен бірге сол жерден жаңа дүние орнатса... жоқ, оған оның дәрмені келмейді, ол үшін мұнан гөрі ірірек қабілет, молырақ қайрат керек. Осы жолда тіпті Пелленің де аузы күйді, оның тек халықты шыркөбелек айналдыра беру ғана қолынан келді, ақырында ешқайда шығып кете алмай, баяғы бір орнында шырмалып қала берді. Жоқ, оларды Пелле ешқайда бастап алып бара алмайды, оған Мортеннің көзі анық жетеді. Ал оның өзі болса, күні жетіп, кезегі келіп қалған кезде, қайтадан жалын аттыру үшін керек болатын қайратты рухани ұшқынды жақтауға қабілеті жетеді!

Өмірді тоқыраудан алып шығатын бірдеме болу керек. Соғыс,— дейді буржуазия. Буржуазия қатарындағы-

лардың көпшілігі соғыс еңбекші бұқараны сол баяғы бір дағдылы бағыныштық, пақырлық жолына әкеп түсіреді деп сенді. Ұлы мемлекеттер арасындағы болатын соғысқа байланысты пролетариаттың өзінше жоспарлары бар еді. Соңғы халықаралық конгрестерде социал-демократиялық басшылар соғыс жағдайын пролетариат табын көтеруге, қазіргі өмір сүріп отырған құрылысты құлатуға пайдаланып қалайық деп бір-біріне қағаз жүзінде де, сөз жүзінде де уәде берісті. Мүмкін, бірден бір дұрыс жол осы шығар? Сілкінудің өзі қалың бұқараның ұйқысын ашар.

— Аман ба, Мортен! — десіп жатыр тырнауыш, күректерін велосипедтеріне байлап алып, огородтарына кетіп бара жатқан жұмысшылар. Кейбіреулері велосипедтерінен қарғып түсіп, қуана жымың қағып, Мортенге қол беріп амандасып жатыр. Меншікті огородтары оларға өте бір маңызды істей болып көрінді, ал егер бұлардың өзалдына үйлері болса, орындарынан жуарақта қозғалта алмассыз.

Отын сарайының аржағында, ауланың түкпірінде тұратын социал-демократиялық жастар одағының жаңа орыны әуелі қойма болған еді. Жас жұмысшылар оны оңдап үй жасап алды, қазір мұнда үлкен жыйналыс залы бар, бір жақ шетінен бөліп, кухня мен артистерге арнап бөлме жасаған. Кіре берісте маңдайшаға көк жапырақтар мен неше түрлі гүлдер өріп қойған.

— Бұл жұмысты қалай жасап шыққансыздар? — деп қуана сұрады Мортен, председатель бөлме ішін келіп көрсеткенде.

— Барлық жұмысты, қолымыз босап кеткенде, өзіміз істедік, — деп жауап қатты масаттанған пішінмен жас жігіт. — Ал материалдың ақшасын социал-демократиялық партия берді; мың крон алдық.

— Оһо, мынау бір асқан жомарттық екен! Демек партия басшыларымен жақсы тұрады екенсіз ғой?

— Я, бізде ешуақытта келіспей қалушылық деген болмайды. Рас, залымызды ашатын күнімізге біз сені шақырайық деп рұқсат сұрап едік, олар одырайысып қалды, бірақ аса таласып дауласа қойған жоқ.

— Сендер шешендерді өз еріктеріңмен шақыра алмаушы ма едіңдер?

— Жоға тәйірі, не айтып тұрсың өзің, есіңнен адасқансың ба? Өйтсек барып тұрған бассыздық болар еді ғой. Бірақ, түсінесің бе, біз аздап шалдарды ызаландыра түсеміз.

Я, Мортен түсіне қойды: ол құбыжықтың ролін орындауы керек. Партия мен кәсіпшілер одағын оппозициямен қорқытып, жаңа дотациялар алуға мәжбүр ету керек.

— Ал дотацияны неменеге жұмсайсындар? — деп сұрады енді ол көңілсіз кейіппен.

— Оның көпшілігі би кештеріне кетеді, жастардың қарап отырмай, аяқ қозғалтуы керек қой.

Мүмкін, жастарға аяқ қозғалтқаннан гөрі, мый қозғалтқан пайдалырақ болар еді-ау! Бірақ, дегенмен, үйлері таза көрінеді, әйтпесе жастардың өзі де үйлерін адам айтқысыз лас ұстап жүр ғой.

Председательдің кіріспе сөзін естіп, президиумде отырған Мортен таңқалды. Председатель Мортенді көпшілікке таныстыра отырып оны мақтаудан сөз аямады. Мортен сөзге шыққан кезде, жастар оның әрбір сөзінен кейін дамылсыз қол соғып, соларының өзі тым ерсілеу де болып көрініп кетті. Барлығы да бірімен-бірі сыбырласып отырып, біреуі қол шапалақтаса болғаны, жалма-жан беттерін трибунаға бұрады да екілене кеп қол соғады. Бір ғажабы сол: бұл отырған жастардың барлығы да бұрынғы жұмысшылар қозғалысының басшыларының баласы. Сөз тыңдай білетін жөндері бар сыяқты болып көрінсе де, олардың көпшілігі Мортеннің баяндамасына құлақ қойған жоқ, тек әшейін Мортенді қол шапалақтаумен ғана қанағаттандырды.

Мортен баяндамасының тақырыбы етіп: «Горький және 1905 жылғы революция» деген тақырыпты таңдап алды. Жастар бұл жөнінде ештеме білмейтін еді, олар әңгіме «қанды жексенбі» жөнінде болар, священник бастаған бірнеше жүз орыстың құдай деген қарапайым адамдары шұбырып патшаларына барғаны, оларға жауап ретінде патшасы солдаттарына әмір етіп, оқ аттырғаны айтылатын шығар деп ойлады, — социал-демократиялық партияның басшылары бұл уақығаны осылай баяндайтын еді. Ал «қанды жексенбінің» бір жылға жуық созылғанын, Россияның ірі-ірі қалаларында жұмысшылар бірнеше айлар бойына патша әскерлері мен полицияға тойтарыс бергенін қалың бұқара білмейтін, сірә, партияның басшылары оны тіпті, келешекте де білдірмей-ақ қоюға қарсы емес еді. Қалай дегенмен де, әйтеуір, бұл тақырып партия басшыларына ұнамады; сондықтан да Мортен осы тақырыпты таңдап алды.

— Я, мынау бір естімеген жаңалық екен! — деп таңқалысты ересектері. — Бұдан бұрын мұндай ештеме естіп көргеміз жоқ!

Бірақ, сірә, мұны керек қылып отырған адамдар шамалы болса керек; құлақ қойып отырған тыңдаушылар аз. Жұрт мейрамдағыдай үстіне ақ қағаз төселген кофеге арналып шашкелер қойылған жіңішке, ұзын столдың бойында отыр. Зал іші у-шу, тап бір би билеуге дайындалып отырғандай-ақ аяқтар да дамылсыз тарсылдайды; жастардың кейбілеулері сыбырлап отыр да, енді кейбіреулері, баяндама тыңдағысы келгендері, оларға тыю тастап отыр; кейбіреулер стол бетіне жапқан ақ қағазға сурет салып, оларын жанында отырғандарға көрсетіп жатыр. Көптеген жас жігіттер мен қыздар бірімен-бірі ымдасып, хат лақтырысып, ол қатты бірінің иығынан бірі оқып, мырс етіп күлісіп қойып отыр.

Мортен сөзін тоқтатты да:

— Ау, босада оқыған соң дауыстарыңды шығарып оқысаңдаршы, біз де естиік,— деді ол ызаланып. Олар не істерін білмей, сасып, қысылыңқырап қалды да, біраз уақытқа шейін тыныштық орнады. Бірақ аздан соң шу қайта басталды.

Ақырында Мортеннің шыдамы таусылды,— қазір ол енді естен қалмастай етіп олардың бетін қайтарып тастайды! Ол сөзін де аяқтамастан әңгімесін үзді де, қағаздарын жыйнастыра бастады.

— Рақмет айтуға рұқсат етіңдер,— деді ол ызаланғаннан қып-қызыл болып.— Мұндағы кісі адам тәрізді сөз сөйлеп тұрса, сендер тап бір сауысқандай шықылықтап ауыздарыңа келгенді айтып, жырқ-жырқ күлесіңдер, бірлерінді-бірлерің түрткілейсіңдер. Жарайды енді, менсіз ойнаңдар! — деді де, ол ызадан булығып, тұла бойы дірілдеп есікке қарай беттеді.

Зал түкпірінен сыңғырлаған бір жас жігіттің даусы естілді:

— Мортен аға! Мортен аға! — Свен-Утеха есік алдына жүгіріп келді.— Кете көрме! — деп жалынды ол.— Енді бөгет жасағандарды қуамыз да шығамыз!

Көпшілігі соған қосылды, әлгі шулап, тәртіпсіздік жасап отырғандардың өздері де Свен-Утеханың сөзін қолдады; өздері сасып қалғандықтан беттері қызарып кетіпті.

— Жарайды енді, айта бер! — деп өтінді олар.— Естігіміз келіп, құмарытып отырмыз сенің сөзіңді!

— Олай болса, әуелі құлақтарыңды тазалап келіңдер,— деп жауап қатты енді Мортен, аздап сабырлы пішінмен.— Ал қазір сөйлей алмаймын; тіпті сөйлеуге мүмкіншілігім жоқ.

Кофе ішіп алыңдар да, сонан кейін жайғасып жолдастарыңмен әңгімелесіп, өздеріңнің араларыңда не болып жатқанын және сендерді азғындық күйге түсіретін қандай қауіп-қатердің төніп келе жатқанын ақылдасыңдар!

— Қашан да болса істейтіндері осы — қылжақтайды да отырады! Ал осылардың көпшілігі жоқтан өзге бірдеме-лерді қызыға тыңдар еді де, қалғандары оған мәз-мәйрам болып күлер еді. Бұрнағы күні біздің әкей де келіп сөйлеп еді, тура бүгінгідей болды, тек, әйтеуір, әкей үндеген жоқ. Ал сен бүгін өздеріңнің ауыздарын тамаша ғып тұрып қарыдың! — Свен-Утеха риза болып, рақаттана түскендіктен тіпті секіріп-сскіріп қояды. — Олар ойнатып қойып, өздері аузына келгенді оттай беретін тап бір ресторандағы музыка сыяқты сені сән-салтанат үшін ғана шақырғысы келді.

— Мұндай председателді қайдан сайлап алып жүрсіңдер?

— Ой, оны бізге әкеп жапсырып жүрген бастықтар ғой. Ол өзі Орхусте біздің жастар одағымыздың председателі болып еді, онда да өте албырт, тым адам айтқысыз қызылтын! Бірнеше рет ескертулер жасалғанмен, жөнге көнбейтін болған соң осында ауыстырылды. Қазір енді сында жүр. Өзі бір барып тұрған мансапқор адам, ригсдагқа барғысы келеді. Егер ол өзін-өзі жақсы алып жүрсе, барып та қалуы мүмкін!

— Оны қуып жіберіп, басқа біреуді неге сайлап алмайсыңдар?

— Өйтсек партиядан ақша ала алмай қаламыз! Біз — түгелге дерлік оқушылармыз ғой, енді өзің де түсінетін шығарсың, Мортен аға... Жастар одағын ұстап тұру үшін ақша керек. Бірақ мен өзім бұл одақтан кетемін.

— Кетпе, қайта осында қалып, басқаларын көтеруге тырыс. Не істеу керек екенін әкеңмен әңгімелес, ол тәжірибелі ұйымдастырушы адам ғой.

— Әкей айтады, осы қазіргісінің өзі де жақсы дейді! Сендер партияның даярлық мектебі болуларың керек, сондықтан да сапқа тұрып, қатарларыңды дүзу алып жүрсеңдер болғаны дейді. Одан басқаның барлығын да ол кісі бос сөз деп есептейді. Ал егер өзіңнің бір ойыңдағы пікіріңді айтсаң болғаны, ол күледі де: «Мына қарай гөр, жұмыртқа жыйналып тауыққа жөн айтқысы келеді!» — дейді. Бір кезде жұмысшылардың осы біздің әкейді Найзағай деп атағаны рас па?

Мортен басын изеді.

— Сенің әкеңде үлкен жауапкершілік бар: ол қай жағын болса да таразыға салып, тура шешуге мәжбүр.

— Міне, сен де басқалардың сөзін айттың ғой,— деп көңлі қалғандай қынжыла сөйледі Свен-Утеха.— Барлықтарың да сондайсыңдар, мені білмейді ғой дейсің бе? Біз жұмған аузымызды ашпастан үлкендердің айтқанына көніп, айдауына жүре беруіміз керек. Бірақ соны кім жақтыра қояды ғой дейсің? Ешкім де жақтырмайды! Аржағында аз да болса, саңылауы бар адам оны оң дей қоймас! Басқа айтса да, сенің бұлай деуіңнің жөні жоқ еді!

— Я, оның рас, менің оным ағаттық болды.— Мортен қолын оның иығына артты.— Байқайсың ба, сенің әкеңе жаным ашып кетті,— бір кезде ол қандай тамаша ұйымдастырушы болған еді! Міне сондай бол, сонда жігіт боласың!

— Я, менің де сондай болғым келеді; біз жастар, өзіміз де қарт бонзалардың¹ соңынан салпақтап жүргіміз келмейді!

Осы бір жексұрын ат Мортенді қатты таңдандырды. Ол неміс жұмысшыларының өздерінің менменсіп, дандайсып кеткен кәрі басшыларын «бонза» деп атағанын естіп еді. Реформизмге қарсы оппозиция Дания жастарын да қалайша өзіне тартып ала қойды екен?

— Сен мені де қарт бонзалардың қатарына қосасың ба? — деп сұрады ол.

— Жауапкершілік жөнінде, тағы басқалар жөнінде... сен бұл сөзді жаңа ғана айттың ғой... Бірақ дегенмен... саған біз сенеміз! Сен Петер Дрейер тәріздісің — рас, нақ ондай емессің, бірақ дегенмен кейбір ұқсастығың бар. Нағыз ер сол еді ғой!

— Я, ол оңды адам еді. Бірақ сен оны білмейсің ғой.

— О не дегеніңіз! Мен оны өте жақсы көретін едім. Сондай салмақты, байсалды адам еді. Ол газетінен барын аяған жоқ, тіпті өзі аш та отырды. Оппозициядағылар да солай етеді; негізі олар өз газетінің есебінен шалқып тұрмайды. Ашып айтқанда, мен солардың мүшесімін; жастар одағында бүгін ақырғы рет болып отырмын: сенің баяндамаңды тыңдағым келді!

— Оho! Ал сенің оппозицияға жазылғаныңа әкең не айтады?

— Ол әзір білмейді; білгенде бір жанжал болады ғой! Менің қандай партияда болғанымда ол кісінің қанша жү-

¹ Бонза — Япония мен Қытайдағы діни адам.

мысы бар? Мүмкін, бір тамаша күні, мен ол кісіге «Пролетарии» газетін алып келермін де, газетке он крон ақша бер деп қыйғылық салармын.— Свен-Утеха күліп жіберді.— Мен газетке талай рет қаржы жыйнадым. Білесің бе, бұл тамаша іс; бір жетілік еңбек ақысын түгел беріп, қара нанға қарап қалып жүргендер де бар! Бұрнағы күні біздің отырған подвалымызға ақсақ, кәрі етікші келіп: «Сендерге ақша керек шығар, ә? Міне сендерге бір жетілік еңбекақымды әкеп тұрмын, аздап қана ішіме де алып қалдым, әйтпесе тым қаттырақ шұрылдап кетеді ғой»,— деді. Неткен тамаша! Ол небәрі отыз екі крон тапқан екен, оның жыйрма бес кронын газетке берді...

Мортен баланың сөзін сүйсіне тыңдады: Ол екеуі қашанда болсын бірін-бірі жақсы көретін, бірақ Свен-Утеха онымен бүгінгідей ешуақытта ашықтан-ашық құмарлана әңгімелесіп көрген жоқ-ты. Мортеннің жабырқау көңілі сәтте жадырап кетті. Ол сона бір жылдарда Пелленің өткінші махаббатынан дүниеге келген осы жас нәрестеден бір кезде Пелленің өзі қандай болса, сондай прогреске сенімі мол, қажырлы, жаңа Пелле өсіп келе жатқанын көрді.

— Сен «Пролетаридың» өз адамы сыяқтысың ғой,— деді ол.

— Мен оған жастар туралы уақ-түйек мақалалар жаздым,— деп жауап қатты жас жігіт мақтанышты пішінмен.

— Білесің бе, бір ретте мен газет пайдасы үшін көп ақша қолға түсіріп алдым,— табаны күректей жыйырма бес крон!

— Рас па? Не істеп таптың?

— Бұл өзі бір өте сорақы болғанымен де, аса қызықты да іс болды. Бұл ақшаны мен бір кеште ғана таптым. Басыңды қанша қатырсаң да, бұл ақшаны қалай тапқанымды ойлап таба алмайсың. Грэннегадеде күміс, кішкентай фарфор статуялар сыяқты тағы басқа нешетүрлі заттармен сауда жасайтын бір жексұрын өсімқор қарт тұрады. Магазин өте тамаша, көрмелерінде өңшең алтын сағаттар мен түйреуіштер тұрады. Ал өзі болса, қауқыйған бір сұмырай шал, өне бойы балалардың — қолөнерші, оқушылардың соңына түсіп жүреді; оның подвалында ескі үй мүліктері тұратын қоймасы бар, балаларды қызықтырып сонда алып барады. Ол бір қалтарысқа, кей кездерде жұмсақ мүліктердің астарына апарып ақша тығып қояды да, тығылған ақшаны балалардың қалай жанталасып іздеп жүргеніне қа-

рап, мәз-мәйрам болып күледі де тұрады. Ақшаны кім тапса сол алады. Бірақ әдетте ақша ғұмыры табылмайды.

Бірақ бұл оқыйғаның ең бір сорақы жері сол— шалдың әмірі бойынша балалар оны ақшаның қай жерде екенін айтпайынша, шыбын жанын шығарып сабап, азап көрсетеді. Шал әбден қалжырап, дымы құрғанша, балалардың оны ұрып-соғып, шымшылай беруіне еріктері бар. Қызық өнер, солай емес пе, ә? Менің жолдастарым көптен бері сонда барайық деп шақырып жүрсе де, сол бір сорақы шалды көргім келмеп еді. Бірақ сонан соң: мен де бір рет барып неге көрмеймін деген тоқтамға келдім. Газетімізге ақша керек қой; сөйтіп сол бір сұмырай шалдан да пайда түсер ме екен деп ойладым.

Шалдың түрі адам көргісіз: басында бір тал қылтанақ жоқ, жас баланың басындай болып жік-жігі анық көрініп тұр. Басы сірескен жара. Өзінің қарнының, арқасының терілері де сасыған балықтың бауырындай, мұрыны айнығатасыз жалмауыздың мұрыны сыяқтанып, үп-үлкен болып, үш жағы опырайыла имиіп тұрады; балаларға қараған кезде, тап бір жеп қояйын деп тұрғандай-ақ еріндерін жалап, қайта-қайта тамсана береді. «Сен жаңадан келген бала екенсің»,— деді ол тұла бойымды сыйпалап көріп. Менің есіме Хансе мен Грета туралы ертегілердегі жалмауыз түсе кетті,— семірді ме екен деп оларда балалардың денесін сыйпалап көреді ғой. «Жарайды, сенің де өнеріңді көрелік,— деді шал маған тамсанын қойып.— Егер мені біраз аймалап, сыйпайтын болсаң, жыйырма бес крон аласың! Ол басын бір жағына қарай қыйсайтты да, жаны кіргендей, бет-аузын рақаттана жыбырлатты.

Менің қалай сыйпағаным шүбәланбасаң да болады! Бар пәрменіммен қамшымен шықпыртып кеп бердім! Бірақ мұныма рақаттана түскеннен басқа түк сыр берген жоқ; көзінен жас парлап ағып, аяғының астынан қақ пайда болды. Шалдың арқасы көкала торғайдай, сірескен жара,— бұл балалардың шымшыған, кей кезде, тіпті, папиростың шоғымен күйдірген жерлері.

Нансаң, мен оның қайсарлығына ызаланып кеттім,— мен тіпті ашудан жарылып кете жаздадым, бірақ әдетте адамға ашуланғанда келетін ойдай, маған бір тамаша ой келді. Шал қарсылық жасай алмас үшін өзін өзі байлатып тастаған. Мен оны су жүретін трубаның шүмегіне сүйретіп апардым да, жалтыр басына ыстық су тамшылап тұратындай етіп қойдым. Қолға түскен тұтқындардан жауап алған

кезде, солта кесерлерде малай еткені бір кітаптан оқыған едім. Шың ая әуелі күлді саян бет-аузын тыржыңытып, ауырғанына бастады, ақшо аяғында есауға адамдай еңбеп, байлаудан ұматқа тәу деп жалбарынды. Мен ашпаны хай жерге тырып қонғанынды айтқан ғана бастағанын білдім. Алашынды ол мені алағасы деді, бірақ дегенмен де, кейін шыны айтты. Мен ашпаны тауып аға садым да, ады-артыма қарамастан тайып отырым. Сөйте тұрып, палды өз өте саран көрмеді. Мұндай сымдықты көргенім бар ма. Мұрған ара?

— Ой, башарай, — деп күлді бұл оқығаны өте қызық көрген Мортен, — сөйтіп ол, сол байлауды күнде қалды ма?

— Мен бір балаға подвалға барып, палды байлаудан бұзат деп жыйырма бес зор бердім. Ой, зетпеч нектұрын пал еді десеңші! Көбес не елің шіккің! Міне асындай иса-ранларда көп ақша болады! Сол қарамақта қандай жақсы газет шығаруға болар еді.

— Я, байлауды, өзін бір керемет жігіт екенін, — деп Мортен, — Салмай-ақ, біз қайда шығып кеткенбіз? — Бала-ның әңгімесіне қызығып кеткендігі сөйше, ол тіпті баста жаңқа бұрмалып кеткенін де байқамай қалыпты. Свен-Утеха күліп жіберді.

— Біз Блосборк алақына келіп қалдық. Өзін тіпті аң-ғалақ екенсің рой. Мортен ара, соныңмен тайдасы тиіш қалды қазір! Мен әдейі алып келдім мұнда, оған ренжіме. Мен сені «Саратқа» бір есітіп желгім көп жүр еді, міне енді келдік. Жүріңіз қорейк, ә? Ең болмаса бір минутке бас сұ-ға кет. Мұндарылар сені жақсы біледі, сенің жазғылардың-ның барлығын да оқыдым; олардың көз қарасынша, сен аса өлет емессің! Ал олардың ортасында нағыз қызылдар бар: «Бронияяктер» тиіссе-ақ болғаны, олар қарымқысын қайырады. Олар осы табан астында дүниені төңкеріп тәс-таура күштарлана кірісер еді.

— Ай, ку-ай! — деді де Мортен баланың соңынан ерді.

Олар аула ішін аралап өтіп, бір подвалға түсті. Ұзын-най-ұзақ бір қаракөлеңкелеу, күңгірт бөлмеде — бос склад-та — бастарында кетпесі бар жыйырма-отыз ахам отыр. Орындықтар мен столдар қолдан жасалған; сүргіленбеген жай тақтайлардан қыластыра салыпты; көгерген, дымқыл иіс тырады. Қызу айтыс жүріп жатыр, келген адамдарды да бірден аңғара қойған жоқ, біраздан соң барып керілдес-кен күйі бастарын изескен болды. Мортен мен Свен-Утеха артқы қатарға барып еді, ол жерден темекінің түтініне

оранып, бір бұрышта тығылып отырған адвокат Бекті көрді. Ол құлағын алақанымен қалқалап тыңдап тұр, маған бөгет жасама дегендей, Мортенге де ишарат етіп қойды. Екеуі Бектің қасына келіп отырды. Председатель айтысты тоқтатты.

— Бұл Крешьян,— деді Свен-Утеха сыбырлап.

Оны Мортеннің өзі де білетін еді.

— Бізде не боп жатқанын білу үшін келген кездейсоқ қонақтарға бола айғай-шу көтеру біздің әдетіміз емес,— бәрі-бір олар басқа партияның мүшелері немесе солардың көздестері. Бізге кейбіреулер не істерін білмей, іштері пысқандықтан келеді.— Председатель адвокат Бек отырған жаққа қарады да, жарылған қолдарын сыйпап, даусын бәсеңдете сөйледі: — бірақ бүгін бізге Мортен келіп отыр, оның жөні бір бөлек. Ол жаман адам емес, ал егер оған ренжитін болсақ, тек бізге келіп тұрмайсың деп қана ренжиміз. Кәне оған «Қош келіпсіз!» дегенді айтып, айтысымызға қатысуын өтінейік. Сөйтіп, келістік пе? — деді ол жыйналыста отырғандардың келісімін күтпей.— Біз мемлекет жөнінде айтып отырмыз,— деді ол Мортенге.— Қай уақытта болсын ол халықты қанаудың құралы болды деген бір пікірге келіп отырмыз. Біз мемлекетті құртуымыз керек, әйтпесе қалың бұқараның адамша өмір сүріп, күн көруге қолын жеткізе алмаймыз. Бұл жөнінде не айтасың, Мортен? сен революционерсің ғой; бірақ сен барлығын да мемлекеттің қолына бергісі келеді деседі.

Мортен орнынан тұрып, жайлап қана сөз бастады:

— Мен мұнда айтысу үшін келгенім жоқ, қайта сіздердің сөздеріңізді тыңдау үшін келдім. Бірақ, дегенмен, өзімнің мемлекет жұмысшылар үшін де өте қажетті ұйым деп есептейтінімді мойындауға әруақытта даярмын. Бізден басқа таптардың барлығы да бірінен соң бірі мемлекеттің жарамды ұйым екендігін дәлелдеді, олай болса, біз неге сол мемлекетті өз қолымызға алып, соның жәрдемімен басқа таптардың тамырына балта шауып, тапсыз қоғам орнатпаймыз? Біреуі балтамен аяғын шауып алған соң, қалғандарының барлығы да балтасын теңізге лақтырған Мольстың адамдары сыяқты болмайық та.

Жан-жақтан жұрттың бәрі ереуілдеп, сөз сұрай бастады, бірақ Крешьян столды өктемірек қағып:

— Отырыңыздар, жолдастар! — деді қарлыға дабыстап.— Барлықтарың бірден сөйлеуге болмайды ғой!

Мортен күліп жіберді:

— Міне көрдіңдер ме! Үлкенде де, кішіде де тәртіп болу керек, әйтпесе әшейін бір шатпақ болып кетеді. Кеудесінде жаны бар нәрсенің барлығы да бірімен бірінің арасындағы қарым-қатынасқа, тәртіпке негізделеді. Анархист екеш анархистерге де тәртіп керек!

— Түсінікті, тәртіп болу керек, былайша айтқанда ақыл-ой болу керек,— деп сөзін бөліп жіберді адвокат.— Бірақ бұл адамдардың іс әрекеттерін жас нәресте сыяқты сезім басқарып отырады.

— Сөзді адвокат Бек алады! — деп дабыстады Крешьян.

— Я, мен шынын айтқанда, сол Мортеннің пікіріне қосыламын.— Бек орнынан ауыр қозғалып, сүйретіле тұрды.— Мен мұнда басқа жерлер көңілсіз болған соң келеді деген сөз дұрыс емес; маған бұл жер де көңілсіз болып отыр. Дегенмен, осы біздің өмір сүріп тұрған үңгіріміздей қарғыс атқан қайрымсыз үңгірдегі, адамдарға неге көңілсізсің деп ренжіп, кіна тағуға болмайды. Мен ізденетін адаммын, ізденіп те жүрмін, бірақ сіздерге ашып айтуым керек...бұл жерде ештеме де, ең аяғы бір кружка сыра да жоқ! Жарайды, оны басқа жерден-ақ табуға болады дейік. Бірақ мен мұнан басқа да бірдемелерді іздеп жүрмін.— Ол отырған жұртты көзімен баяу шолып шықты.

— Не іздеп жүрсің? — деп айғайласты жұрт оған.

— Не іздеп жүрсің? Егер білгілерің келсе, мен құдайды іздеп жүрмін!

Жұрт жан-жақтан ду күлді.

— Я, сендер бұған күлесіңдер ғой. Бірақ адамның іші әлек шығарса, онда ешкім де күлмейді, солай емес пе? Егер күн көзі өз жолынан тайып, кеңістіктің басқа бір жағына лағып кетсе, біз де күле алмаймыз. Осының барлығы — адам да, дүние жүзілік кеңістік те бастаушы күшке байланысты; міне осы принципті әртүрлі атауға болады,— ерте заманда оны құдай деп атады; ал біз, қазіргі ақыл-ойдың аясында жүргендер оны тәртіп деп атаймыз. Не нәрсенің болса да тәртібі, планы... ал адам қоғамында ше? Осы отырғандарының ішінен келесі жұмада бір жапырақ нанының болатындығына сөзін беріп ант-су ішетін ешкім табыла ма? Мен нағыз жұмысты айтып отырмын. Адам құдай болып, барлығын да басқарып отыруы керек еді, ал біз не көріп отырмыз? Ат төбеліндей азғантай ғана жауыздар мен сансыз көп қаңғыбастарды көріп отырмыз; мен де сол қаңғыбастардың бірімін. Бірақ өздеріңнің бірдеме істегілерің келе ме? Сендер өмір сүріп тұрған нәрселердің бар-

лығына да разы болмай, өзі құдай, өзі тәртіп болғысы келген Прометей сыяқтысыңдар! Бірақ ол үшін ақыл керек, тек жүрегіңнің алып ұшқаны жеткіліксіз. Мен мүмкін осылардың өзі өмірде тәртіп орнатар деп ойлаған едім; осында келгенімнің өзі де сол еді. Ал сендер болашақ өз мемлекеттеріңде былықшылыққа мұнан арман жол беріп, орынды ойды аулаққа лақтырып тастағыларың келеді!

Бізге ешқандай мемлекеттің керегі жоқ! — деген дауыстар естілді.

— Қандай да болмасын бір басқарып отыратын орталық керек қой, сайтан алғыр-ау! — деді Мортен сөзге араласып.— Ондай орталық ең бір кішкентай деген организмде де бар ғой. Өйтпейінше барлығы да бет-бетімен бытырап, құрып кетпей ме.

— Бізге тағы да біреу әмір етпесе екен дейміз, өйтсек баяғы күйге қайтадан түсеміз. Қандай ғана мәселеде болсын әрқайсымыздың өз алдымызға шешуші даусымыз болу керек.

— Енді шек-қарнымызға қарауыл қаратып, көзімізге ас қорытқызайық! — деп сықылықтай күлді Бек.

Председатель отырып жай ғана күлімсереді; оның қай жақты жақтайтындығын білу қыйын еді.

— Сен бірдеме десейші, Крешьян! — деп шуласты жұрт оған.

— Менімше, біз бүгінгі кешімізге бірімізге біріміз рақмет айтып, үйді-үйімізге тарасақ деймін, ал сонан соң барлығын да қол бос уақытта ойлау керек,— деп жауап қатты ол.

Қонақтар бұл сөзді құлақ қағыс есебінде санап, тарай бастады.

— Түу, сайтан, құлағымыздың құрыш етін жеді! — деді Бек Мортен барлығы далаға шыққанда.

— Олар аса топас жандар емес,— деп қарсылық айтты оған Мортен.— Кейбір нәрселерді шатыстырып жүреді екен, айтпесе өздері санатты, байымды жігіттер көрінеді. Сіз оларды кәсіпшілер одағының жұмысы мен өндірісте бақылар ма едіңіз! Олар, реформистерге итше жармасып, оларға өздерінің бағаларын тықпалайды; олар қазармаларға барып үгіт жүргізеді; бір кезде антимилиитаристердің асқан әдептілігі туралы ерекше бір әсермен шалқыта жазған отан қорғау министрі, ал енді қазір оларды топырлатып түрмеге жауып жатыр, жаңағы отырған жігіттердің жетісіп отырғандары шамалы. Оған күманданбай-ақ қой. Бірақ саясат жағына келгенде олар барып тұрған жас нәресте.

— Міне көрдің бе, Студенттер қоғамынан шыққан ескі моралистің сазайын тарттырып жатқандардың кім екенін! Мен бұларды осы үшін мақтаймын. Ой неткен аудитория еді өзі, ә? Бірде-біреуінің қолында, тым құрыса, бір кружка сыра болсайшы! Ар-ұят пен даңқ, ар-ұят пен даңқ! — деп дұрыс бастайды екен! Естисіз бе, мен шөлдеп тұрмын! — деп Бек тоқтады да, жан-жағына қарай бастады.— Әлгі сіздің қасыңыздағы жас жігіт қайда жоғалып кетті?

— Сонда қалды, ол оппозицияның мүшесі. Ол Пелленің баласы.

Адвокат Бек ысқырып жіберді:

— Мына қара, мынаны қарай гөр, әке күнакарларын! Я, дегенмен де енді қарттардың бас қатыруына тура келген екен! Бірақ солай болғанмен де,— неткен сайтандық жұрт осы тоқтасқан сайын неге құлдылай береді? Сіздің Пеллеңіз кезінде өте қымбатты адамның бірі еді ғой.

— Менің ойымша көбінесе, қорқыныштың кесірі болса керек,— деді Мортен.

— Қандай қорқыныш? Тұрмыстан қысылып қалам деп қорқа ма? Бірақ жұрттың өзі әрнәрседен қамтамасыз болып, байлыққа қолы жеткеннен кейін барып реакционер болып кетеді.

— Бұл, сірә, ақыры не боп шығады деп қорқатын болса керек, жауапкершілікті өз мойнына алуға жүрексінеді. Біздің басшылардың болашаққа деген ешбір талабы жоқ; олар алдынан тек қаңыраған кеңістікті — жан түршігерлік «иесіз елді» ғана көреді.

— Сайтан білсін бе, сендердің қандай философия таратып жүргендеріңді! Тек әйтеур, тыңдай бер! Сол қаңыраған кеңістікпен өзіңіз айтып отырған «иесіз елге» көз салғанның бірі өзіңіз емес пе?

Мортен басын изеді:

— Кей-кейде ондай-ондай бола береді.

Бек денесін құрыстырды.

— Я, осындай былықтарды көріп өмір сүрудің өзі қайбір көңілді дейсің, былайша айтқанда, тап бір дүние жаралар алдындағы бұлдыр тұман тәрізді. Бірақ қазіргі біздің тырбаңдап шыға алмай жүрген мый батпағымыздан соның өзі артық. Дегенмен, жолшыбай бірдеме қағып алмасам болмас, бүгін күні бойы ештеме ішкенім де жоқ, жегенім де жоқ.

Мортен үйіне асықты.

— Барлық жер жабылып қалды ғой,— деді ол.

— Мен бір сырахананы білемін, ол бізді кіргізеді. Стан кан қағыса отырып, қайдағы-жайдағыны айтып рақаттанып тұрып отырар едік; ашып айтуым керек, мен сізді өте жақсы көремін! Жарайды енді, барғыңыз келмесе, маған екі крон беріңіз, бәрібір маған жұмсайтын едіңіз ғой.

XII

Мортен семьясымен қала сыртында

— Ой, бүгін тіпті ұйқтай алмай шықтым, мына кішкентай бала түні бойы тыныштық бермеді,— дей оянды Вера сүтшінің қоңырауынан.— Тілеуіңді берсін, Мортен, сен барып есептесіп ақшасын берші. Бүгін жексенбі ғой, бес эра беруіміз керек, ақша ыдыс-аяқтар тұратын өреде.

Мортен тез ояна кетті,— ол түні бойы жұмыс істеп, тым кеш жатқан еді. Ол барып есікті ашты да, есіктің тұтқасында ілулі тұрған бір кішкентай пакетті алды, пакеттің ішінде екі кішкене зирелі нан мен дөп-дөңгелек екі булочка бар екен; сонан соң, босада орнымнан тұрдым ғой деп, Мортен қайыра жатпай, кофе қайнатты.

— Булочник әкелген нанын есіктің кілттейтін тесігінен тастап кетсе де болғандай екен, тіпті кіп-кішкентай, одан да өтіп кететін,— деді ол подносты көтеріп кіріп келе жатып.

Вера күліп жіберді.

— Сен әйтеуір, ылғыйда солармен ұстасасың да жүресің,— деді ол не таңданарын, не сүйсінерін білмей.— Егер билікті сенің қолыңа беріп қойса, саудагерлердің сәні кетер еді-ау. Ой, төсекте отырып кофе ішу — неткен рақат, өзіңді-өзің тап бір белгілі барыня тәрізді сезінесің. Сен жақсы еркексің-ау, осы, Мортен!

— Мұндай қулыққа ақмақтар ғана алданар! — деп жауап қатты Мортен күлімсіреп.

— Бізде енді үй қызметшісі тұратын да бөлме бар,— деді Вера сәлден соң,— үйге бір қыз алу мәселесін шындап ойласып көрмейміз бе енді? Тек, әйтеуір, жасын, әрі арзанын алайық.

Мортен жауап бере қойған жоқ. Жас қыз шаруашылықтың мәнісін білмейді, ал Вера да оған ештеме үйрете алмайды. Әсіресе, оның кішкентай қызына тәжрибелі қол керек.

— Оданда менің шешемді әкеліп көрейік,— деді ол.

— О кісі баланы жақсы көре ме?

— Жұмысшы қаумынан шыққан әйелдердің барлығы

баланы жақсы көреді. Балаларды керек қылмайтын ұсақ буржуазияның қыздары, мына сендер ғой.

— Екінші баланың маған керегі жоқ! — деп Вера денесін құрыстырды.

Жас нәресте кішкентай бамбук кроватта жатып қозғалып әрлі-берлі аунақшыды да, сонан соң шырылдап жылап қоя берді.

— Қызымның да тамақ ішкісі келіп жатыр,— деді де Мортен оны шешесіне әкеп берді.

Жас нәресте анасының емшегінен ұстай алып, кішкене емді де, сонан соң емшекті аузынан шығарып жіберіп, тағы да жылады.

— Емшек емуді қойды, енді емізік табу керек.

— Мүмкін асты дымқыл шығар? — деп Мортен баланың жаялығын жазды, баланың денесі қабындап, теп-тегіс қызарып кетіпті.

— Мұнауың тіпті жарамайды ғой,— деді ол ыстығын басу үшін баланың арқасына қолын салын.— Мұның ұят емес пе! — Ол мұны өте ашулы кейіппен айтты.

— Әлгі біз үйінде тұрған Петерсендердің баласын көрсең етті! Петерсен фру айтады: — бұған ешбір лажың жоқ, емшек баласы дамыл-дамыл астына жібере береді дейді.

— Қой, сен өзің шығарсың бірдемені шатастырып отырған! Әлгі себетіні қайда?

Себетін дәрісінің барлығы да таусылған-ды: Вера кеше ақырғысын адақтаған. Мортен опаны алды да, баланың құйрығын опалай бастады, Вера кроватта отырып, оған ала көзімен қарады.

— Менің тамаша опамды! — деді ол жыларман болып,— және опа жағар ұлпамды да алдың, мен онымен бетімді опалап жүрмін ғой! Неткен ызақорсың!

— Менімше, сенің бетіңнен гөрі баланың денесі артығырақ қой деймін! — деді Мортен баланың денесін жан-тәнін сала опалап, бірақ енді өзінің әпербақан қызбалығына да іштей өкінді. Дегенмен тынышсызданбай-ақ қой — мен саған басқа бір ұлпа сатып берейін! — деді ол кенеттен.

Вера қас қаққанша кроваттан ұшып тұрып, Мортеннің қасына жүгіріп келді.

— Ой, олай болса маған ұлудың қабығы сыяқты ішінде опа жағатын жастықшасы эмальданған көк опасуыт сатып әперші. Бұлар Эстергадте, парфюмерия дүкенінде бар, борлығы небәрі бес-ақ крои тұрады. Апамдағы сондай! — Вера Мортеннің иығына сүйеніп тұрып, оның жас

баланы құндақтап жатқанына әуестене қарады.— Әйел болып тұмаған екенсің,— деді де қапелімде күліп қоя берді.

— О не дегенің? Әйелдер жас нәрестеге қандай болса, еркектер де сондай, дәрменсіз жанға жаны ашымай тұра алмайды. Бұл мәселе адамның жынысына байланысты емес, оның жауапкершілік сезіміне, мойнындағы қарыз сезіміне байланысты.

— Олай болса сенің сол айтқаның менде жоқ па? — деп Вера оған бір минуттей үрейлі жүзбен қарады.— Ой, сен мені өміріңше түсіндей-ақ қойдың-ау! Мұнда қандай кәптің бар екенін айта алмаймын, бірақ апам есіме түскенде бар ғой... міне жақсы тұрады деп соны айту керек! Өлең айтқан әрбір кеш сайын жұрт ресторанға шақырады, неше түрлі гүлдер мен әдемі-әдемі сыйлықтар әкеп тартады. Үлкен-үлкен төрелер де ол дегенде есінен танады. Сірә, еркек атаулының ішінде оған ғашық болмаған жалғыз сенсің-ау деймін.

— Ондай жағдайдың ешқашан болмайтынына кәміл сенем.

— Неге? Ол өте сұлу, менен әлдеқайда артық, әрі өте ақылды, тапқыр адам. Мен оған қарағанда тіпті ақмақпын, сөйтсе де сен мені сүйесің ғой?

— Оған қарағанда сен тіпті басқаша адамсың; сен тәніңді саудаға салмайсың!

— Түу, қайтып аузың барып айтып отырсың! Апам да ондайды кәсіп етпейді.

— Сен шынымен-ақ жұрттың бәрі оны көрікті көздері үшін шақырғыштап, сыйлықтар әкеп береді ғой дейсің бе?

Вера оған таңданған кейіппен қарады.

— Сөйтпегенде ше? Ол жұрттың бәріне де ұнайды! Дагмар тіпті ондай адам емес! Мен ешуақытта да сенбеймін, ол... жүкті боп қалам ба деп зәре құты қалмай жүреді.

Мортен екі иығын қусыра бір көтеріп қойды. Олар киім-кешектерін киіп болғанша Мортен үндеген жоқ, сазарып салмақты пішінде тұра берді, Вера жағы сенбестен сөйлеп: әлі де болса ашуланып тұр ма немесе жұмысының жайын ойлап тұр ма? деп қайта-қайта Мортенге қарай берді.

— Міне қолым. Сөзімді берейін, Эльзаны бұдан былай бүйтіп қағажу қалдырмайын,— деді ол Мортеннің жанына жақындап,— әкей айтады, бірдемені орындаймын деп уәделесіп қол бергеннен кейін қайтсе де орындау керек дейді. Егер сен шешеңді әкелсең, мен бәлкім сенің жазғандарыңды көшірісер едім,— деп ол Мортеннің мойыннан құшақтап

еді, оның ыстық қолдары жұмсақ қана тиіп, тамағын қыса түсіп, демін үзіп жібергендей болды.— Сөйтіп енді ашуланбайсың ғой, солай емес пе?

Ашулану ма? Вераға ұзақ ашуланып тұруға да болмайтын еді: ол Мортенді ойынан тайдырып, өз ырқына көндіріп алады.

Олар орманға бармақшы болды,— қазір күн кәдуелгідей-ақ жылынып буктар¹ жапырақ жайған кез.

— Орман іші қазір тамаша шығар! Кешке шейін жететіндей етіп үлкен бір корзинка азық-түлік ала жүрейік және көбіректеу етіп жаялық ала жүруді ұмытып кетіп жүрме, біз онда мүмкіншілігінше көбірек боламыз, Эльзаның күн көзіне біраз қыздырынуы керек.

— Ал маған күн көзінің керегі жоқ па екен? — Вераның даусы өкпелегендей наздана шықты. Қашан да болса, баланы ойлайсың, мен де бармын ғой. Сен мені күн көзіне қыздырынатын ет, қыздырынғаннан кейін қандай болатынымды көрерсің сонда! — Ол тағы да Мортеннің жанына жүгіріп келіп, мойнына құшақтай көтеріліп, екі аяғын ербеңдете асылып тұрып қалды.

— Сен бәрінен бұрын мені жақсы көруің керек, мені! — деп бетінен тістей сүйіп алды.

Есік қоңырауы қағылды: Свен-Утеха келді.

— Кішкентай қыз балаларыңызға қарауға бола ма? — деп ентіге дауыстады ол бөлмеге кірмей жатып, ауыз үйден. Ол бұларды «Таңға», тамаққа шақыра келіпті.

— Әкейдің сенімен бірдемелерді әңгімелескісі келеді,— деді ол маңызды кейіппен Мортенге.— Біз тамақты верандада отырып ішеміз де кішкентай баланы бақ ішіне, күн көзіне қоямыз. Оның онда еңбектеуіне де болады, шөп болса, қазір қаулап өсіп те қалды.

— Ой, еңбектеуге ол әлі тым жас қой! — деп Мортен оған сүйіне қарады, бұл баланы ол тым жақсы көретін еді. Бірақ бүгін Мортен Пеллемен ұзақ сонар пайдасыз айтысты жақтырмай тұр.— Біз орманға баруға жыйналған едік,— деді ол.— Ол жерде біреумен кездеспекші де едік, біз әбден даярланып, жыйналып қойдық. Үйдегілеріңе шақырғаны үшін иіле тұрып рақмет айт.

Свен-Утеха кішкентай арбаны басқыштан түсіру үшін Мортенге көмектесті.

— Сенің келмегеніңе өкінемін,— деді ол ақырын ғана —

¹ Б у к — таулы жерлерде өсетін, сұрғылт түсті, жылтыр ірі ағаш.

бірақ мен сені түсінемін: шалдармен отырудың қазір ешбір қадірі де жоқ,— ол барлығын да біледі!

Демек, балақан қатты сөгіс алған екен; Мортен жол үстінде жортып бара жатқан баланың артынан қарап тұрды. Бір жақсы жері, өзінің әйтеуір, онжырғасы түспеген, баланың өзінше бір ерекше мінез-құлқы бар!

Станция басынан Мортен газеттер сатып алды.

— Маған «кешкілік» газет алған жоқсың ба? — деп сұрады Вера, вагонға келіп жайғасқаннан кейін; Вераның оқыйтын жалғыз газеті сол еді.

Мортен бұл бір газет сыяғы жоқ газетке ақша шығарғысы келмейтін еді.

— Онда кілең бір даурықпалы тақырыпқа жазылған жалған мақалалардан басқа түк те жоқ,— деді ол.

Вера вагонның терезесін төмен түсіріп, газетшіні шақырды.

— Қандай гезет оқуым керек екенін өзім білуге қақым бар шығар деп ойлаймын,— деді ол газет бетін ашып жатып.

— Әрине, бірақ бар ғой, жаным Вера, бұл шынында да нағыз нашар газет,— деп сендірді оны Мортен.— Бұл тек жұмысшыларға деген өшпенділікті өршітеді. Бұл бір былық газет. Мен түсінбеймін бұл газетті сенің әке-шешеңнің қалай оқыйтынын?

— Бұл газетті көптеген жұмысшылар да сатып алады,— деді ренжи қарсылық білдіре сөйлеген Вера.— Сен менің әке-шешем оқып күрген газетті былық газет демей-ақ қойсаң қайтер еді!

— Бірақ бұл газет шын былық. Бұл газеттің ақша қорын қандай қоймалжың лай суаттан алатынын және қандай подвал тұрғындарына арналып шығарылатынын құдай білсін. Оның ең басты міндеті — сенің әке-шешең сыяқты ұсақ халықтың жұмысшыларға деген өшпенділігін өршітте түсу.

— Менің әке-шешем тіпті де «ұсақ халық» емес, олар саудагерлер.

— Ал, керек десең, ұсақ буржуа! Олар қарапайым жұмысшының тапқанынан да аз табады деп айтып жүрген өзің ғой.

— Я, әділетсіздік дегеннің өзі сонда жатқан жоқ па! Ал жұмысшылар болса, одан да гөрі алған үстіне көбірек алғысы келеді.

Мортен күліп жіберді.

— Әйтеуір, жоғарыдан қарап тұру үшін төменде адам-

дар болса болғаны ғой,— міне мешандар үшін сол керек. Және соны көбісі әуезе қылып кеткен, сенің қарттарың жақсы компанияда. Профессорлардың қоғамға қарсы қол көтеріп шыға келуіне мәжбүр ететін бір-ақ нәрсе бар,— ол өздері қанша табыс тапса, сонша табыс табатын жұмысшылар да бар деген ой.

— Бірақ оның өзі шынында да әділетсіздік қой, солай емес пе?

— Я, жұмысшыларға қарағанда солай! Өзінің тапқан табысын ірі-ірі коммерсанттар мен ірі-ірі финансистердің тапқан табыстарымен салыстыру — профессордың басына да кіріп шықпайды. Өйткені ол мешанин, байлардың алдында құрдай жорғалайды.

— Мен мұның мәнісін білмеймін,— деп иіле жауап қатты Вера,— бірақ жұрттың бәрінің үнемі көбірек табысқа көксей беруіне болмайды ғой.

— Неге болмайды? Сен өзің де менің көбірек табыс тапқанымды тілейсің.

— Я, бұл тіпті басқаша жағдай ғой! Ал жұмысшылар ше? Олардың өзі тіпті көп.

Бұл екеуінің қоғамдық мәселені талқылап отырғаны бірінші рет еді, Мортен аз-аздап көңілденіп қалды. Әдетте Вера мұндай тақырыптан ат-тонын ала қашушы еді, бірақ бүгін ерекше жігерлене түсіп отыр! Ақырында, бұл да бір-демеге көңіл аударып, құлақ қоя бастапты, Мортен бұл жайды жақсыға жорыды.

— Сен бізді ылғыйда мешандар деп неге атайсың? — деп сұрады Вера қаперімде газеттен басын жұлып алып.— Біз басқа жұрттан кем емеспіз!

— Әрине. Бірақ сендердің ерекшеліктерің сол, өздеріңнен басқаға ештеме бергілерің келмейді,— деп әзілдей жауап қатты Мортен.— Сендер тап бір дүниежүзілік экономиканың тепе-теңдік салмағын бүлдіріп жіберерміз деп қорқатын сыяқтысыңдар, сондықтан да сендер не нәрсе болсын, бәрін өздерің алғыларың келеді, ал қалған ұсақ жұрттың барлығы да қолдарында бар азын-аулақ нәрсеге риза болып отырсын дейсіңдер. Ал тағы да мынадай бір жағдай бар: сендер көрші-қолаңдардың да алуға мұршасы келетін нәрсесін алғыларың келмейді. Өйткені олар сендердегі еш-нәрсеге қызықпайтын болып, сендер оларға жоғарыдан қарай алмай қаласыңдар.

Вера ренішті кейіппен басын шайқады.

— Сірә, жұрттың бәрі де солай болар!

Олар Клампенборгте вагоннан түсті де, заповедник паркын басып Эрмитажға қарай өтті. Бүкіл жол бойына баланың кішкентай арбасын Вераның өзі сүйретті, Мортенге бермек түгілі тіпті маңайына да жуытпады.

— Мен күйеуіме жұрттың көзінше баланың арбасын сүйреттіріп қояды ғой дейсің бе? — деді ол.

Мортен мырс етіп күліп жіберді.

— Жұрт мені әйелдер қауымына жазылған екен деп ойлап қалсын,— деді әзілдеп.

— Жо-жоқ, бірақ олар сен менің аяғымның астында жүреді екен деп ойлап қалуы мүмкін, ал мен ондайды әсте қаламаймын.

Олар Эрмитаждың маңынан ескі аңшылар отыратын бір жайлы орынды тауып алды, бұл жерден бүкіл шабындылық көрініп тұрады. Мортен жас нәрестені қол арбадан алды да (оған рұқсат етті), біраз көтеріп жүрді, сонан соң тек бетін ғана көлеңкеге қойып, жастыққа әкеп жатқызды.

— Эльза еркін бір тырбаңдап, жадырап қалсыншы,— деді ол кішкентай қызының жаялығын жазып жатып.

— Құдайым-ау, бұл астын бүлдіріп, өткен-кеткеннің біреуі көріп қойып жүрер! — деді Вера, бірақ Мортенге бөгет жасаған жоқ.

Күн жас нәрестенің қып-қысқанттай қыйсық аяғы мен жалаңаш құйрығына түсіп тұр, сірә, бұл оған ұнаған болу керек, ол кішкентай ғана көк көздерімен жоғары қарап жатыр, аяқ-қолдарында дамыл жоқ, тыпыр-тыпыр етеді.

— Бірдеме ойлап жатқан сыяқты,— деді Вера бір сәт баланы қызықтап,— дегенмен өзін аздап жаба түссейші, Мортен-ау, бәрі көрініп жатыр ғой.

— Тек құдай-тағаланың жаратқаны ғана көрініп жатыр, ал сол құдай-тағалаң — мынау отырған мен! — Мортен Вераны құшақтап қысып бетінен сүйді.— Жаным менің, жан жетпес мешанкам менің!

Төменгі жақтағы орман ойдымындағы көгалда серуендеп біраз адамдар жүр, олар үстеріндегі ала-құла киімдерінен бейнебір клумба гүлдері сыяқты болып көрінеді; жастар доп ойнап, бірлерінің үстінен бірлері секіріп жүр. Онан әрі көкпеңбек боп жарқырап Эресунд жатыр; оның жарқыраған көкайна бетінен ақ желкенді яхталар анық көрінеді, онан ары көз ұшында швед жағалауы қараяды. Орман осы көріністі кең құшағымен баурағандай. Күн тамаша!

Эльзаны тамақтандыратын да уақыт болып, Вераның бой тасалауы үшін олар ағаш арасындығы бір кішкентай

ресторанға келді. Үйден шығар алдында сіресе тойып, тамақ ішіп алса да, өздерінің де қарындары ашып қалыпты, — қала сыртына шыққанда қарын аша қалатын әдет емес пе. Олар жазда кішкене ресторан ұстайтын бір ескі ағашшының үйінің жанында тұрған беседкаға кірді де, сыра мен кофеге заказ берді; шайнаманы өздері ала келген.

— Стол үсті қоқым-соқым ғой, — деді Вера. Мортен оны бір уыс шөппен сыйпап тастады.

— Қандай тамаша, тәтті бутербродтар дайындағансың, шешесі, — деді ол Вера корзинканы ашып жатқанда оның қолын аялап; Вера өз ішінен: бутербродтар ешбір айырмашылығы жоқ, күндегісімен бірдей ғой деп ойлағанымен де, оған разы болған алғысты көзімен жауап қатты.

Беседканың жанындағы кішкентай жолдан жұрт өтіп жатыр; жапырақтар қаулай өсіп, қоюланып қалған кез еді, серуендеп жүргендердің қарасы көрінбегенмен әңгімелері анық естіледі. Дыбыс шыққан сайын жас нәресте емшекті тастай беріп, көз қырын со жаққа қарай салады: өзі күннен-күнге ақылды болып барады; оның тап бір осы кетіп бара жатқан адамның не айтып бара жатқанын әдейі тыңдап қалғысы келгендей жайы барын оңай байқауға болатын еді.

— Әйел атаулы сыяты бұл да әуесқой-ақ, — деді күлімсіреп Мортен. Әкелік мақтаныштан оның екі көзі жайнап кетті.

Сөйтіп отырғанда Мортеннің өзі де біреуге құлақ түре қалды: жол жақтан аздап қана шырылдаңқырай шығатын, көтеріңкі бір әйел даусы мен баладай емес, байсалды сөйлеп келе жатқан бір жас баланың дыбысы естілді.

— Ойбай-ау, бұл әлгі Петра Дрейер мен кішкентай Петра екен ғой! — деп таңданды да, ол беседкадан жүгіре шықты. Вера блузкасының түймесін жалма-жан сала бастады.

Бір минуттей уақыт өткен соң, Мортен солармен бірге келді, өзі бұл кездесісіне ерекше қуанышты көрінеді.

— Қазір аздап тамақ жеп алыңдар, сонан соң кофе ішесіңдер, — деді ол. — Отырыңдар кәне скамейкаға.

Вера аздап камығыңқырап қалды — екеуі отырғаны қандай тамаша еді. — Бірақ ол табан астында өзгеріп, келгендерді қошаметтеп сыйлай бастады. Өздері бір өте сүйкімді аяулы жандар екен, екеуінің де кигені жазғы түсі ашық көйлек. Петра Дрейердің қолында шілтерлі шатыр. Вера оларға қызығып кетті.

— Ескі сымның үстінен мен өзім қаптап алдым,— деді мақтанышты пішінмен Петра Дрейер.— Егер басы артық шатыр сымын тауып берсең тура осындай ғып саған да жасап берейін.

«Тамақты көп әкелгеніміз қандай жақсы болды»,— деп ойлап, Мортен Вераға еркелете көз тастап қояды. Сірә, екі Петраның екеуінің де қарындары ашқан болар: құдай білсін, қалай тамақтанып жүргенін? Бет әлпеттерінің оңалып, дөңгелене қойғандары байқалмағанмен де, шешелі-қызды екеуі бұрынғысынан әлдеқайда тәуір киінетін болыпты.

Қонақтар тамақ ішіп болғанша, Мортен өзінің кішкентай қызымен ойнады, жас нәресте әкесінің қолын шап беріп ұстап алады, немесе әкесі мойнын қытықтаймын деп қолын апара берсе болғаны, ұстаймын деп әуреленіп қалады. Оған кішкентай Петра мәз-мәйрам болып, тамағы қырқылдай кеп күледі: әлі күнге шейін бронхит ауруы азаптап жүр. Бірақ, бет әлпетіне қарағанда, бұрынғысынан әлдеқайда сауырақ тәрізді.

— Көбінесе өзі далада, таза ауада жүреді,— деп түсіндірді шешесі,— әр жексенбі сайын орманға барып тұрамын. Петер Дрейер әрқашанда: қолыңнан келетін нәрседен айырылып қалушы болма, сақта дейтін еді.

— Пәтерлерің қолайсыз болса да, әлі сол жерде тұрасыңдар,— деді Мортен.

Бірақ Петра Дрейер терезенің алдынан көрініп тұратын жасыл ағаштарды тастап, әке десеңіз ешқайда кеткісі келмейтін еді.

— Ағаш ауа тазартады,— деді ол.— Және де жұмыс істейтін жеріме жақын тұруым керек.

— Мәселе сенің Атқыштар қоғамыңсыз тұра алмайтыныңда ғой,— деп қалжыңдады Мортен.

Мортен бұл екеуінің аса ауыр халде тұратынын айтқан соң, Пелле Петра Дрейерді қалалық басқарманың кеңсе сыпырушысы етіп орналастырған еді.

— Бірақ мен тек тозаңды ғана сүртемін,— деді ол мақтанған пішінмен,— еден жуу сыяқты қара жұмыста басқа адамдар бар. Дегенмен де Пелле неткен абзал адам өзі!

— Ол сендерге жақсы қарайласады екен,— деп мақұлдады Мортен.

— Екеуіңнің де бет ажарың әлдеқайда тәуір көрінеді, тотығып, тіпті беттеріңе қызыл шырай пайда болыпты.

— Мен бояндым, Петер Дрейер кемістігіңді бояумен бүркемей-ақ, табиғи түріңмен көрін дегенмен де, бұрынғым-

нан кем көрінгім келмейді. Бірақ кішкентай Петраның қызыл шырайы қолдан жасалған емес.

Вера шын көңілмен сықылықтай күлді.

— Мортен мұндайдың жайын білмейді. Бұл үшін, әйтеуір, қызыл болса болғаны — бәрі де шынайы көрік.

— Рас, рас! Сен көңілденіп қалдың-ау, шешетайы, — деп Мортен алақанын соқты.

Кішкентай Петра қолына үлкен доп ұстап отыр.

— Тамағыңды ішіп болғанша добыңды жерге қой, — деді Мортен. Бірақ ол онан арман қаттырақ қыса ұстап әлсіздігі добына жалтақтап сүйсіне қарай берді. Доп неше түрлі қызықты суреттермен лакталған екен.

— Біз мұны бір бұтаның түбінен тауып алдық, — деп түсіндірді шешесі. — Ешқашанда доп бітіп көрген жоқ еді, міне енді қуанышы қойнына сыймай отыр.

— Жүр, доп ойнайық, — деді Мортен.

Қыз бажырайған үлкен көздерімен Мортенге үрейлене қарады. Көз карасынан бес-алты жастардағы балаға тән емес, ерекше бір ерсі өмір тәжірибесі елес берді.

— Жоғалып қалуы мүмкін, — деді байыпты пішінмен, — немесе біреу-міреу келіп менікі деп жүрер.

— Жүр, жүр, — деп Мортен оны беседкадан сүйрелей шықты. — Мүмкін, тағы да біреуін тауып аларсың, — сен өзің бір бақытты адам болып тұрсың ғой!

Қыз бала онан бетер үрейлене түсі.

— Мен бақыттымын ба? — деп ол Мортеннің қолынан жұлқынып шықты да, ес-тұсынан айрылып, аздап тәлтіректеніп барып тоқтады.

— Я, я, нағыз бақыттысың, көйлегің де тамаша! Жүр, кәне, ойнайық!

Петраның жабырқау жүзі әпсәтте жадырап, күліп жіберді де Мортенге добын берді. Көп кешікпей ойын қыза түсті. Олардың көңілді кейпіне қызығып, Вера да кеп қосылды, Петра Дрейер жас нәрестені қолына алып, күн көзіне отырып, ойнап жүргендерге құмарлана қарады. Үшеуінің біреуі допты ұстай алмай қалса, ол құстың шықылықтағанындай шапшаң, қысқа үн шығарып, күліп қояды.

— Кел ойна бізбен бірге, Петра Дрейер! — деп дауыстады Мортен.

— Баланы кішкентай арбаға салып қоюға болады.

— Ой жоқ, ойнай алмаймын, мен қатты қапаланып отырмын, — деп жауап берді де, кенет сап-салмақты бола қалды. Бұл сыяқты қапелімдегі кілт құбылыс Мортенге

аздап ерсілеу, жасандылау болып көрінсе де, мүмкін кенет бірдеме болып қалған шығар деп ойлап Петраның қасына келді.

— Ой, Ольсеннің жайын айтам-ау, саған айтуға тарс есімнен шығып кетіпті. Орманда кездескен соң, ондай нәрсе есте тұра ма!

— О, не болды? Аурып қалды ма?

— Жоқ, онан да жаман. Біз бүгін орманға Ольсендермен бірге келеміз бе деп жыйңалған едік, бірақ олармен бірге жүре алмадық, өзіміз кетуге тура келді. Ауру ма? Ол аурып қана қойған жоқ, тіпті жынданып кетті сорлы. Басының бір пәлесі бар. Мен қалалық басқармадан босасымен күн сайын кешке барып Ольсен фруға көмектесіп тұрамын. Олар бізге ішерге ас таба алмай отырғанда көп жақсылық көрсетті ғой. Бірақ Ольсенді мына сыяқты күйде көру — өте аянышты. Ол тап бір сандырақтаған адамша сөйлейді; білмеген адам, ақ безгек деп ойлап қалуы мүмкін. Кенет орынан ұшып түрегеледі де, балта бер, қазір өз үйімді барып тартып аламын деп айғайлайды. Одан балтаны да, нан кесетін пышақты да тығып тастайтын болды. Сонан соң Ольсен фру оны өйтіп-бүйтіп, әйтеуір, басқан болады, бірақ дегенмен де керемет. Бір күні кеште ол қашып шығып, кәсіпшілер одағының председателінің басын қақ айырмақшы болды, өйткені, соның кесірінен маған жұмыс тимей жүр дейді. Абырой бергенде, әйтеуір, балалары үйде болып, әрең дегенде кроваттан тұрғызбай ұстап қалды.

Мортеннің бірден көңілі сынып ойнағысы келмей қалды.

— Менімше, үйге қайтатын уақыт болып қалды-ау деймін! — дей берді ол әлсін-әлі.— Кішкентай қызыма суықтау болып барады.

Көп кешікпей олар кері қайтты. Петра Дрейерден Вераны үйге апарып сал деп өтініп, вокзал басынан Мортен тура Ольсендердікіне қарай тартты.

— Сіз біздікінен тамақ ішіп кетіңіз,— деді ол.— Мен тез оралам.

Ольсен фру есікті өзі ашты оған, оның өңінен жылағаны байқалып тұр екен.

— Сенің келгенің қандай жақсы болды,— деді ол ақырын ғана.

— Біз саған күнде кісі жібереміз ғой деп жүр едік, бірақ сенің өз жұмысың да көп қой, бәрібір көмек те бере алмайсың.

— Мен Петралардан жаңа ғана естідім, немене өзі, жағдайы өте нашар ма?

— Бүгін сөзге едәуір құлақ қояды, бірақ жатып алып жұрттың бәрін жайлап қана балағаттай береді. Мені емес, жыламасам маған жылы жүзбен қарайды: көз жасты көтере алмайды. Мені ол өзінің барлық жауларын өлтірем дегенге жылайтындай көреді де, тіпті құтырынып кетеді: сол перілерді аяйтын түк те жоқ дейді. Оның осындай сыйқын көргенде жыламай шыдап тұра алмаймын. Ол жұрттың барлығында: балаларын да, біздің үйімізді тартып алған жыртқыштарды да, кәсіпшілер одағын да, Пеллені де балағаттайды! Барлығын да сөгеді, барлығын да құртып жібергісі келеді... Естудің өзі бір ауыр азап, неткен керемет!

— Бұл науқасы ойда жоқта бірден басталды ма?

— Қалай десем екен... Мұның өзіне жылдан астам уақыт болды, қабағын ашпай, түнеріп жүретін болды... Жоқ, жақын арада екі жыл болады,— біз өз үйімізден шығуға тура келеді деген хабарды естісімен-ақ осындай болып кетті, мен өне бойы: неден мұншама жүнжіп кетті екен, тым құрыса, айтса екен деп ойлаушы едім! Сол ойымның өзі сор болған екен! Міне енді бәрін де айтты. Сорлы-ай, сорлы бейбағым-ай! — деп ол солқылдап еңіреп қоя берді.

Мортен жұбатарға сөз таба алмай қалды.

— Жетер,— деп күбірледі ол, еңірегеннен діріл қағып тұрған әйелдің арқасына қолын салып.— Жетер енді!

Көрші бөлмеден шақырған дауыс естілді. Ольсен фру жалма-жан көзін сұртты де, Мортенге менімен бірге жүр деді. Ольсен кроватта отыр екен.

— Кіммен сөйлесіп тұрсың? — деп сұрады ол күдіктеніп.— А, бұл сен екенсің ғой, пері, құлқының әлі қарар таппай жүр ме? Біздің үйден қанша табыс таптың, ә? Маған жұмыс істеткізбей қойғаның үшін қанша алдың? Сайтан, осы үйде бардын барлығын ал да, маған маза берші енді.

— Ол сені Пелле деп отыр,— деп сыбыр ете қалды әйелі.— Ол өзінің барлық бақытсыздығына Пелле кінәлі деп ойлайды. Ойбай-ау, бұл Мортен ғой, әкесі-ау,— деп қаттырақ айтты да, еріне еңкейді.— Мортен сенің жайыңды біліп кетейін деп келіпті.— Оның даусы шықпай тына қалды.

— А-а, бұл Мортен бе? — Науқас қайтадан жатып қалды. Ол саусақтарымен құс қауырсынын тықырлатып, әлсін-әлі оны жұлмалап қойып ешкімге де карамастан ашулы түрде бірдеме деп мінгірлеп жатты.

— Қояншығы ұстап кете ме деп қорқып барамын, бала-

лар үйде жоқ еді. Екеуміздің шамамыз келмейді, өте күшті. Не істесек екен? — деді дауыстап Ольсен фру.

Мортен көзімен ақырынырақ сөйле деген ишарат етті, бірақ әйел тек басын ғана шайқап:

— Мұндай күйде жатқанда, айналада не болып жатса да түк естімейді, қазір ол өзімен өзі болып жатыр. Бірақ не істейміз енді? — деді.

— Ауруханаға салу керек, бүйтіп қоюға болмайды.

— Өз еркімен ол әке десең де бармайды, мен оны зорлап әкеткізе алмаймын, қайбір оңдырады ғой дейсің, қолаяғын байлап-матап тастайды!

— Егер біз бұған қыстап ұйқтайтын дәрі ішкізе алсақ жақсы болар еді,— деп күңк ете салды Мортен, не дер екен дегендей Ольсен фруден қаймығып.

— Доктор хлорал берген еді, бірақ Ольсен оны ішпейді.

— Ал сыраға қосып берсе ше? — деді де Мортен әйелге ым қақты.

Ольсен оларға қызара бөртіп, балбырап ісініп кеткен күрең бетін бұрды.

— Не айтып тұрсыңдар, ей? — деп сұрады ол күдіктеніп.

— Мен сенің әйеліңе өте шөлдедім деп тұрмын. Байырғы достық бойынша, менімен бірге бір стакан сыра ішпейсің бе, Ольсен, жоқ әлде сен маған да ренжіп жатырсың ба?

— Жо-жоқ... саған... саған...— Ольсен үйдің төбесіне қадала қарап, тағы да құс қауырсынын саусағымен түрткілей бастады. Өзі әбден азып, әлсіреп кеткен, бет әлпеті Мортен оны еңбек биржасының жанында кездестіргеннен де гөрі сасулы екен.

Ольсен фру екі бөтелке сыра әкелді де, бірін еріне, бірін Мортенге берді.

— Сау бол, Ольсен! — деп шыйрағырақ айтты да, Мортен бөтелкенің мойнын тық еткізіп соғыстырды — Біздің бәріміздің де алдағы жарқын болашағымыз үшін!

Көтерілген тостыға жауап қатпастан Ольсен үнсіз ішіп салды,— мүмкін, сірә, оны естімеген де болар. Бірақ ол қапелімде аузынан бөтелкені жұлып алды да, бетін тыржыйтты.

— Бұл не деген сұмдық, енді олар сыраға да бірдеме араластыра бастады,— деді.

— Пильзен сырасы ғой,— деп жауап қатты Мортен,— бұл өзі қашан да болсын ащы болады. Кәне, қағып тастайық. Сенің денсаулығың үшін, қартым!

Ольсен көзін Мортеннен аударып әйеліне қарады, бейне

бір бірдемені есіне түсіргісі келгендей бетін тыржыйтты. Бірақ бөтелкені ерніне апарды да, түбіне шейін бірақ қағып салды. Бірнеше минут өткеннен кейін ұйқтап кетті.

— Енді қазір жедел жәрдемнің күймелі арбасын шақыру керек, оянып кетпей тұрып жететін болсын,— деді Мортен. Ольсен фру телефон соғуға кетті.

Мортен күймелі арбаның келуін күтті. Олар науқас жатқан бөлменің есігін ашып қойып, кухняда отырды. Мортен Ольсен фруды жұбатуға тырысты; әйелде ес-тұс қалмай қайта-қайта қолын сытырлатып, бұрай береді.

— Енді сабырлы, ақылды болуың керек, қазір бар ауыр салмақ сенде қалды. Балаларың тапқан-таянғандарын қалтқысыз дұрыс беріп тұра ма?

— Лиза беріп тұрады, бірақ балалар ондай емес. Олардың да көңіл көтергісі келеді.— Әйел тағы да жылап қоя берді.

— Олардың енді сені де ойлауы керек қой. Науқастың созылыңқырап кетуі мүмкін, ал емделу дегеннің өзі науқас кассасында жазылулы болсаңдарда ақша емес пе. Ең бастысы Ольсен сауығып, аман-есен келсе екен десейші. Ол түзеліп шығады көрерсің әлі!

Жедел жәрдемнің күймелі арбасы келді. Екі санитар үйге келіп, зембілдерін тарс еткізіп еденге қойғанда, Ольсен көзін ашып алды. Санитарлардың оған әскери форма тәрізді болып көрінетін аурухана киімдерін көріп, ол селк ете қалды да, бейне бір соларға тап беретін адамдай-ақ кроваттан көтеріле берді. Бірақ сол арада шалқасынан түсті.

Көшеде аурухана күймелі арбасының жанына жұрт жапырлап жыйналып қалды. Балалардың кейбіреулері күйменің басқышына да шығып алды, басқалары улап-шулап көпке шейін күймелі арбаның соңынан жүгірді.

— Ольсен ақ безгек! — деп айғайлады олар.

Мортен онжұрғасы түсіп үйіне тартты.

XIII

Шақырылған ана

Өзінің аш-арық балаларын асыраймын деп қылмыс жасаған ана туралы Мортен бір әңгіме жазды. Редактор, сірә, әңгімені жеке меншіктік правоға қарсы жазылған аполлогия¹ деп тауып, қолжазбасын өзіне қайтарып берер. Бі-

¹ А п о л о г и я — біреуді я бірсудің жолын, пікірін жақтау, мадақтап көтеру.

рақ мұндай дәлелді айтып қайтарып беруге, олар әрине қаймығады, бұл тақырып құнсыз, ешкім қызықпайтын мағнасыз тақырып деп қайтарып береді. Тап бір тақырыптың құнсыздығынан қатты қорқатындай бола қалады! Тек, әйтеуір, қазіргі үстемдік етіп тұрған тәртіптерді дәріптесе болғаны, олар кез келген орта қолды әңгімелерді қуана-қуана қабылдайды. Міне енді Мортеннің неде болса соны жазып көңілін бір тындырғысы келді! Әңгіме барлық редакцияларды аралап, өзіне кайтып келсе де мейлі, сонан соң ол оны «Пролетарий» газеті үшін оппозицияға береді, бәрібір, әйтеуір, жазғандарының көпшілігі ақшасыз да кетіп жатыр ғой. Ананың істеген ісінің дұрыс екенін әркім түсінетіндей етіп, оқыған адам еріксізден еріксіз қоғамға қарсы шығып, ананың жағын жақтайтындай етіп жазу керек. Сондықтан буржуазия баспасөзі немесе «Жұмысшы» газеті әңгімені, әйтеуір, алса жақсы болар еді.

Вера кешкі асты ішіп болғаннан кейін жатып қалды. Соңғы кезде бір түрлі бей-жай болып өзін өзі нашар сезініп жүр; оның мінез-құлқы мен қал-жағдайларының әр түрлі белгілеріне қарағанда тағы да жүкті болып қалғанға ұқсайды. Мүмкін, Мортен қателескені болар,— Вераның өзі әзір ештемені сезінген жоқ, егер бірдеме сезінетін болса, естүсі қалмай аласұрар еді ғой. Мортеннің өз басы мұны бір төтенше бәле деп білмесе де, азда болса, кейінірек болғанын жақсы көретіндігін өзі де іштей мойындады. Алайда ол күйеуге тигеннен кейінгі алғашқы жылдарда бала тапқан жөн деп Вераны сендіруге бел байлады, бірақ Вераның енді балалы болғысы келмейтіні ұнамды жағдай емес!

Осы ойлар жұмыста көңілін алаң етіп, ол бармағын тістеп шамға қадала қараған күйі қалшыйып отырып қалды. Велосипедті қалай оп-оңай бұрып алсаң, өзіңнің ойкыялыңды да сондай етіп бір бағытқа бұрып ала алмайтыныңның өзі қандай өкініш. Эльза бамбук кровати сықырлатып, қыңқылдай бастады. Мортен не істеп жатыр екен деп, ақырын ғана ұрлана басып жанына келді. Қызының қарны ашып қалыпты, сұқ қолы мен ортан қолын аузына салып кейіген пішінде жатыр. Мортен оған каша пісіріп берейін деп еді, бірақ жарма таба алмады. Сонан соң ол қызын көтеріп алды да, шешесінің қойнына салды. Вера оянған жоқ, ұйқтап жатқан күйі балаға емшек берді.

Мортен түнгі кішкентай шамның ала көлеңке әлсіз сәулесімен аналы-балалы екеуіне біраз қарап тұрды. Айнала-

сындағының бәрінен қол үзіп, Вера шырт ұйқыда жатыр; бала көкірегін суырып алардай қатты сорып жатқанмен Вераға қызы да, күйеуі де жоқтай көрінеді. Өз өмірінің жақын жандарын да осылай етіп естен шығарып жіберуге бола ма екен? Ала көлеңкеде Вераның екі иығы мен мойыны сап-сары алтындай боп көрінеді, өзі ұйқтап жатқанында өте тамаша боп көрінеді екен, тұлғасы да денінің тазалығын айтып тұрғандай.

Денінің тазалығы ма екен бұл? Я, сірә, бұл хайуанаттар дүниесіне тән денсаулық болса керек; әлде еркектер мен әйелдер арасындағы қарым-қатынас жөніндегі өзінің бұрынғы ұғымын қайта ойлануы керек пе? Дегенменде ол көп нәрселер жөніндегі өзінің пікірін өзгертіп те қойды. Тек қана сезімділіктен басқа араларында ешқандай қарым-қатынастың жоқтығы ақыл жетпес қайран қаларлық нәрсе! Вера балаға да, күйеуге де тәуелді емес тәрізді, өзін бір түрлі ғажап ұстайды. Ол баланың қарны ашып оянғанын ешуақытта сезбейтін; Мортен түрегеліп баланы анасының койнына салуға мәжбүр болатын. Вера соның өзінде де оянбайтын да, тәңертең түні бойы қызым қыңқ етпей, жақсы ұйқтап шықтым деп отыратын. Ал көз алдында отырмаса, күйеуін көп ойлай ма екен сол әйел? Жүрегінің бір жерінен орын бере ме екен, сірә?

Екеуінің қарым-қатынасы бірдей емес, — тіпті де бірдей емес! Кей кезде соның қамын жеп, қамыға ойласа да ол әйелін есінен екі елі шығармайтын. Қаншама жұмыс басты болып жүрсе де ол әрқашанда соны ойлайтын, оның сол бір құпия қылығының сырын шеше де сергіте алмайтыны жан тітірентерлік күйге түсіретін. Басқа әйелдер де осындай ма екен? деген сұрақ та қайта-қайта басқа орала беретін. Әлде әйел дегеннің өзі еркектер үшін қылымсып, жылтырағанда ғана болмаса, негізі осындай ма екен? Өзі білетін некенің барлығында да әйел дегеніңіз біресе жарамсақтанып, біресе ерінің ессіз жаңғырығы тәрізденіп күйеунің пікірінде болады. Бұл жағына келгенде Вера өз ерекшелігін сақтады, бірақ оның есесіне ол әке-шешесі үйінің жаңғырығы болды. Бұдан басқа, әйелдердің үшінші түрі де болуы мүмкін бе екен? Мортеннің арман ететініндей — бір жағынан тең праволы жолдасы болса, екінші жағынан сүйер жар, ана болатын әйелдер шығу үшін, сірә, тіпті мүлде басқаша қоғамдық жағдайлар керек болар?

Бала-шағаның қамы үшін заңды ерекше ерлікпен бұзған ана жайындағы тақырыпқа қайта оралуға зорланды

Мортен. Бірақ осы арада оның есіне өз анасы кеп түсе кетті,— нағыз ерлік өмірді бастан кешірген кісі сол ғой! Күні осы уақытқа дейін не ойлаған өзі?! Шетелдерден қайтып келгеннен бермен қарай, тым құрса бір рет мойын бұрып, үйіне барып, шешесінің қал-жағдайларын біліп қайтуға жарамады. Рас, анда-санда қат жазып, уақытылы аздаған ақша салып тұрады; осыдан басқа бітіргені бар ма? Ана үшін жүрек түкпірінен жылы орын табылмаса да, басқалар үшін табылыпты! Шынымен-ақ Вера мен жас нәрестенің ананы да ығыстырып, естен шығарып жібергені ме? Осы ойлардың барлығы да барған сайын шыйратылып шиеленісе түсіп, өзін өзі кіналар бір қайғылы ойға айналып кетті: өзіне барлығынан да гөрі етене жаннан қол үзіп кетіпті.

Ол шешесіне біздің үйге келіп тұр деп қат жазған еді, бірақ жауап ала алмады. Көшіп келуге қорқа ма екен, жоқ әлде, науқас па екен? Мортен ең алғашқы жүзетін кемемен Борнхольмға барып шешесінің тұрмыс жағдайын көріп, өзімен бірге осында ертіп әкелудің камын ойлау керек деп бекінді.

Вера бұған ешқандай қарсылық жасаған жоқ. Бірақ, жол қапшығына нәрселерін салып жатқанда шешесінің бір жерге ауысып кеткені Мортеннің есіне қалт түсе кетті. Өзінің туған шешесінің қайда тұратынын жұрттан сұрап, Рэннені кезіп жүргісі келмеді,— демек, енді еңалдымен Йенс бауырын іздеуі керек.

Міне әрқашанда осындай болады! Осыншама жанның сырын біліп олардың тағдырына да араласып жүрген Мортен өзінің туған ағасын да естен шығарыпты. Йенс оқуын бітіргеннен кейін етік өнерін тастап, теңізге, бір шхунаға¹ кеткенін, онан соң құрлыққа қайта оралып, теңізшілердің етігін тігетін болып астанаға тұрақтағанын білді. Мортен ағасымен ешуақытта кездесіп көрген емес еді, алайда бір күні кеште башмақшылардың кәсіпшілер одағында баяндама жасағанында біреу: сіздің Жаңа Гаванда теңізшілерге қызмет ететін ініңіз жоқ па деп сұрады.

Мортен Йенсті іздеуге шықты да, оны Жаңа Гавандағы бір кішкене подвалдың ішінен тапты. Сірә, тұрмыс жағдайы аса тәуір болмаса керек: отырған жері де нашар екен, өзі бала күніндегісіндей, екі жағы сопыйып, бір түрлі әлжуаз болып кетіпті. Тек көрісе кеткенде ғана Мортен баурының

¹ Ш х у н а — бірнеше мачталы желкенді кеме.

бетіне ойнап шыққан бір жаңалықты аңғарды: бір нәрсеге жасырын, іштей қуанып, мәз-майрам болып тұрған сыяқты. Әйелінің де кеудесі тақтайдай, жүдеу, әлсіз екен, әйелі башмаққа жамаулық салып жатыр да Йенстің өзі машинаның жанында тұрып, рантқа ұлтан тігіп жатыр.

Йенс Йоргенсен бауырын көргенде аса қуана қойған жоқ. Ілмиген шидей қолын соза беріп, інісін үнсіз ғана бастан аяқ шолып шықты.

«Мұның да туысқандық сезімі шамалы екен ғой»,— деп ойлады Мортен. Өзінің болса, ойына жүрек тербетер әрнелер келіп түсті: ауыр күйзелісті алдын ала сезініп, күйінетін ата-ана үйі; тұнжыраған қамкөңіл мінезіне қарамастан бауырының шешесін қорғап, мас күнем әкенің қорғасындай ауыр жұдырығының астына әдейі барып түсетіні; маңдайында «бақытты» кекілі бар албырт Пелле есіне түсіп еді. Йенс Пеллеге және оның ісіне қазір қалай қарайды екен? Мортен соны сұрайын деп еді, бірақ сұрамай, өзін-өзі ұстап қалды, негізі сөйлесуге болатын емес.

— Мен сенен шешейдің жайын білгелі келіп едім. Көптен бері хабар ала алмай қойдым,— деді Мортен аздап қысылыңқырап.— Мүмкін сенің байланысың бар шығар ол кісімен, сен әрқашанда шешейдің жақсы көретін баласы едің ғой.— Сөйтіп Йенстің көңілін көтеріп тастағысы келді.

Бірақ Йенстің беті бүлк етпеді, қара тастай қатып қала берді; тап бір інісінің келгенінде еш бір шаруасы жоқ адамдай-ақ, қайтадан жұмысына кірісті.

— Шешей ме? Сопа бас, сорлы кемпірлер қалай тұрушы еді, ол да сондай тұрады,— деп сүлесоқ жауап қатты ол ақырында.— Қазір өзі ауруханада жатыр, біз қолымызға ала алмаймыз ғой,— деп сөз қосты, біраз үнсіз тұрғаннан кейін аянышты подвалын көзімен шолып.

Бұл оны кіналап тұрғандай болды да, Мортен жүрегі шанышқандай сезінді.

— Немене, сырқаты салмақты ма? — деп сұрады ақырын ғана.

— Бұл күнгі дүниенің елітпелері үшін мүмкін ол едәуір салмақты да болар,— деп жауап қатты ағасы ғибрат айтқандай. Бірақ жаратқан жалғызбен тату адамға, өлер сағаты жетсе, өлім дегеніңіз бақытсыздық емес қой.

Аһа! Мортен енді ағасының көзіне пайда болған жаңа кейіпті түсініп қалды. Ол кейіп: «Мен аман қалатын болдым, бірақ сен бейшара тозақтың тура өзіне тап болатын

болдың ғой», — деп тұрған сыяқты. Демек, енді ол ағасымен келісіп ортақ тіл тауып сөйлесе алмайды екен.

Мортеннің түсінуінше, шешесі қылтамақ болса керек. Бүйтіп тұрып ол ештеменің жөнін біле алмады: Йенс болса сөйлемейді, ал оның әйелі Мортен қаншама сөйлетем десе де, жауап бермей, меңіреу адамша мелшиіп тұра береді. Өзінің екі беті топ-томпақ, содан мұрыны жаншылып қалғандай жапырайып көрінеді; бірақ көздері ақылды. Мортен жөн сұрап, сөз айтқанда ақылды иттің көзіндей бола қалады.

Мортен бірден кетіп қалуға ұялып, сөз тудыру үшін ағасынан теңізде көп жүрдіңіз бе, жұмысыңыз көп пе деп сұрады. Йенс тұнжырай міңгірлеп көңілсіз жауап қатты. Подвалға бірлі-жарым заказчиктер: матростар, Жаңа Гавандағы кабактар мен арзан қолды асханалардың қыздары келіп, анда-санда көңіл алмасуы да болып тұрды. Мортен бұл келген әйелдерге ағасының қалай жайдары сөйлескеніне таңқалды: жолдастарша әңгімелесіп, анда-санда бір күрсініп қойып отыр. Мортенді қыздар қағажу қылды, көздерін аларта қарап, маңғазсый жыпылық аттырып қояды.

— Заказчиктерің әр қыйлы екен, — деді Мортен, тағы да үшеуден үшеу қалған кезде.

— Күнакар әйелдер де аман қалуы мүмкін, — деп жауап қатты ағасы, уағыз айтқандай салмақты кесек үнмен. — Магдалин екеш Магдалиндерге де Ғайса пайғамбардың жанынан орын табылыпты ғой! Кеудесінде жаны бар нәрсенің барлығы да күнаға белшесінен батулы, — деді ол аз-кем үнсіздіктен соң тағы да сөзін жалғап.

— Я, құдыретті елітпелерге де өмір сүру керек қой, — деп жауап қатты Мортен күліп. — Бірақ енді, қош бол, ағай, сау-саламат болуыңды тілеймін. Көп уақыттан көріспей кетіп, қолыңды қысуымның өзі өте тамаша болды.

Йенстің әйелі Мортен қоштасқанда сыншыдай бағып, көз алмастан қадалып тұрып қалды, бірақ ләм деген жоқ. Ол өзі жақсы үйретілген бульдог ит тәрізді екен.

Тротуарда Мортенді жергілікті «қыздардың» бірі күтіп тұр. Үлбіреген жұп-жұқа юбкасын жел желбіретеді. Өзі шала бүлініп боянып, адам айтқысыз ерекше бір рақат жайға батқандай-ақ ыржыйып өтірік күліп тұр.

— Кешіре көріңіз, сірә, сіз артистка Дагмардың сіңілісіне үйленген боларсыз? — деді қыз, Мортеннің жанына тіпті жуық келіп.

— Сізге оның керегі не еді? — деп сұрады Мортен, сәл ғана кейін шегіне тұрып.

— Ой, ештеме де емес! Жай әшейін, сіз арқылы Санадан сәлем жолдайын деп едім, бала күнімізде біз жолдас болып едік. Ол өзі сірә, жақсы жай тапқан болу керек. Өзің қайда бара жатырсың? Жүр, менімен бірге жүр! — Қыздың тым жақын келгендігі сонша, тіпті беттері де түйісіп қала жаздады, қыздың аузынан шарап исі аңқып тұр екен. Мортен жалт бұрылып, жалма-жан жылыстап кетті.— Көрдің бе, оңбаған, қандай өр көкірек! — деп қырылдай дауыстады ол Мортеннің соңынан.— Сөйтіп жүріп пролетар жазушысы атанғысы келеді!

— Мортен кіші Приморский шолақ көшесін айналып кеткенше, ол шаңқылдауын қойған жоқ.

Ағасымен жолығу Мортеннің көңілін көншіткен жоқ; анаға деген жүрек дабылы арта түсті. Ол сол маңдағы бір кеме компаниясына кірді де, бүгін кешке Рэннаға жүретін кеменің билетіне заказ берді. Эресундтан жағаға күзгі суық жел азынай соғып тұр: жолшыбай, сірә, қатты шайқалтатын болса керек.

Өзінің туған аралына ақырғы рет келіп кеткеннен бермен қарай көп жылдар өтті; өзіне таныс жолдармен жүзіп келе жатып, бір түрлі ғажап сезім түйсінді. Жолаушылар едәуір, көпшілігі-сол жақтан, сол өзінің туған жерінен. «Туған жер» деген сөздің өзінде де ерекше бір сүйкімділік бар. Мортеннің Борнхольмды ұмытқанына да көп болып еді, міне енді сол жерді қайта көретініне қатты қуанып келеді.

Бірақ, дегенменде, ол көңілінде жершілдік патриотизм сезімін оята алмады; кейбіреулері Борнхольмнан екеніне, енді кейбіреулер Ютландиядан немесе Данияның алыс бір түкпірінен екеніне әлдеқандай болып мақтанатын адамдар оған бір түрлі қызық адамдар тәрізді болып көрінді. Осы соңғы жылдардың ішінде күшейіп кеткен шовинистік қозғалыстың қатарына Мортенді де тартқысы келгендердің талабы сәтсіздікке ұшырады. Барлық жерге де сіңісіп кеткен бүркемелі, жасырын реакцияның бұл тек бір ғана талабының түрі еді. Халық назарын ірі-ірі қоғамдық мәселелерден аударып әкету керек болды да, жазушыларға әлеуметтік мәселелерді тастап, өткен өмір, туған жер, халық билері, ескі әдет-ғұрыптар сыяқты барлық заманы өткен, ескілікті суреттейтін романдар жазуды ұсынды. Дания тілінің өзі де аз тараған тіл екендігін естен шығарып жүрсін, Борнхольм диалектісімен жазбайсың деп ылғый Мортенді

кіналады. Мортен қаймықпай қарсы тұра білді, ол ақша үшін провинцияны мадақтағысы келмеді,— тек кішкентай көлемде ғана болғаны болмаса, бұл да сол баяғы шовинизм болып шығар еді.

Туған аралыма келе жатырмын деген ой ерекше сүйсінудің себебі бола алмағанымен де, шырылдап шығатын жергілікті тілінің дыбысына құлақ түре жүріп, палубаны аралау бір түрлі жанға жайлы тиді. Ол біресе кеменің арт жағына, біресе тұмсық жағына барып, әңгімелесіп отырғандардың жанына жуық жүруге ынтықты. Егде тартқан жолаушылардың кейбіреулерін өзі де таныды, оларды Рэннада, оқушы боп жүрген жылдарында, көргенін есіне түсірді, ол кезде бұлар контор қызметкерлері, сауда орындарының оқушылары болатын еді. Енді бұл күнде бүкіл дүние жүзі осыларға назар аударып отырғандай-ақ, маңыздана қалыпты.

Көп кешікпей Мортен сол жолаушылардың кейбіреулері өзін де танығанын білді. Мортен араларынан өте бергенде олар бірін бірі кимелеп, біріне бірі еңкейе сыбырласып жатты, олардың кейбір сөздері Мортеннің құлағына да шалынды.

— Бұл Петера-Қуаттың баласы! — деді бір тоқтасқандау еркек, тап бір бұл Мортеннен неше түрліні күтуге болады дегендей үнмен.

— Кәрі шешесін қала қазынасының есебінен күн көргізіп қойғанын енді түсіндім ғой, — деді бір әйел дауысы.

Мортен естісін деп әдейі айтылған осына бір сөздер, туған жеріне қайтып келе жатқан адамның онсыз да мәрдымсыз қуанышты сезімін су сепкендей басып тастады. Ол тоқмейілдік пен өсек-аяңның өрбіп тұрған қыйырына, қайқайсысы болсын барлық жасырын сырды, жасырын сыр болғанда да, тек қана жаманатты жатқызбайтын аралға қайта келе жатыр! Шіркеу мен діни жазуларды өз мақсатын іске асыру үшін пайдаланып, айыптау дегенге ала бөтен еліретін құштарлық пен сектанттық шыдамсыздық осы аралда әкесін де аштан қатырып, Йенстің де бел омыртқасын сындырып, жүнжітіп жіберген. Бұл арал өзінің де балалық шағы мен оқушылық жылдарының барлығын да жұтты, ол осы жағадан кеткеннен кейін ғана барып алғаш рет еркін демалды. Міне енді ол осына бір бықсық ауаға тағы да тап болады!

Осы бір улы сөздер Мортенді қатты қамықтырып, ең бір жанды жеріне тиді — ана арасындағы қарым-қатына-

сына тиісті. Бірақ ол бар жігерін салып, бұл түйсікті кейін серпіп тастады. Бұл жұртқа өкпелейтіндей реті бар ма еді мұның? Өмір дегеннен, өмірдің талабы дегеннен не түсінуші еді бұл жандар? Өздерінің дөрекі өсек-аяңдарынан басқа олардың ештемемен жұмысы жоқ. Егер ол солардың айтқанына сатылып кетсе, үйіне граф тәрізді боп маңғазданып қайтар еді де, мұның алдында олар құрдай жорғалап, жағынып та бағар еді! Онда олар жандарын қыйып, мұның атақ-даңқы үшін пристань басынан салтанатты биік қақпа орнатар еді. Мұндай жағдай болса, ол шынында да кәрі шешесінен біржолата безіп кетуге тура келер еді, мұның өзі оның ұлылығының айғайындай болып есептелер еді! Я, ол өз анасын жүрегінен қағыс қалдырғаны да рас, бірақ осына бір тармаңдай тақуалар мұндай мәселелерді талқылау үшін тым тұрпайрақ кірісті; бұл анасына ақша да салып тұрған жоқ деп ойлауы керек болды олардың. Бірақ бұл мәселе жөнінде оның қалтқысы жоқ еді.

Апа, апажаным!.. Мортеннің қапелімде тұла бойы бордай егіліп, жүйе-жүйесінің босап кеткендігі сонша, тіпті көз жасына да әзер ие болды. Анасының жайын ойлаған сайын, оның жалғыздықтан жапа шегіп отырғаны көз алдына айқынырақ елестей түсті. Ертерек неге көшіріп алмады екен? Шетелдерден келісімен-ақ ол осы жайды ойлаған да еді, бірақ сонан кейін ештеме істемеді. Неге? Мүмкін қол-аяғыма байлау болар деп қорыққан болар?

Не болғаныменде, қазір енді ол анасына жетеді де, өткен істің өкінішін қайтаруға тырысады. Ал мына топастардың оны айыптауға қақысы жоқ. Мортен ызалы кейіппен айналасына шытына қарады; ол ашулы — ашулы да әділетсіз; мұны өзі де өте жақсы біледі. Бәрінен бұрын оның осына бір жандардың қарымжысын қайтарып, олардың қандай дәрменсіз адамдар екенін айтқысы келіп тұр. Бірақ одан не түседі, қазір олар бет-бетімен тарап кетеді де, сыртынан тағы да бұрынғыдан бетер қаңқу қылады. Ол темекі тартатын жерге барды да, сыра мен бутербротқа заказ берді.

Бір ұзын столда алты еркек карта ойнап, коньякпен бірге сода суын ішіп отыр. Барлығы да аздап қызыңқырап алыпты, өз бастарының қадірін өздері жақсы білетіндігі байқалады. Бұлар Рэннадағы уездік пайдакүнемдер мен купец агенттер еді. Өздері бірін бірі көтермелеп. «Ал енді қазір консул мырза мынаны ұра ма?» — «Ал енді мен кеме иесі мырзаға қарсы мынаны жүріп тастайын» — десіп отыр,

тіпті табақшы әйелге де маза бермей, безек қақтырып қойды. Бірақ Мортенді көре салысымен бейне бір сүреңдері қашқандай болып, бірлерімен бірлері маңдайларын соғып ала жаздағандай шоғырласып, Мортенге көз қыйықтарымен ғана қарап, өсекші қатындардан да гөрі құмарта жампылдасып, сыбырласып қалды. Мортеннің тағы да қаны қайнап кетті: бұлар оның әкесінің соңына өле өлгенше түсті, олар оны көре алмайтын, тіпті де көре алмайтын! Ал енді сол күндеушілік, сол көре алмаушылық күні осы уақытқа дейін сүйретіліп өлмей келе жатқан соның баласына көз тікті! Бұл жерде ол күндеушіліктің де, ұсақтықтың да қарымжысын батыл қайтара алады!

Әлгі отырғандардың біреуі орынынан тұрды да, Мортеннің жанына келді.

— Ұлықсат етіңізші, мен сізге кедергі болмаймын ба? — деді ол жасанды кейіппен.

Мортен басын изегенмен, оның көзіне ызбарлана қарады.

— Жай әшейін, бір кішкене ғана сұрағым бар еді, — деді әлгі кісі қаймыққан пішінмен, қолымен бетін сыйпап. — Біз жаңа ғана осы сізді әңгіме етіп отыр едік: сіз осы емтихан тапсырып көрдіңіз бе?

— Ах, сол ма! — деді Мортен қаркылдай күліп, — Жоқ мен пастор да емеспін, дьякон да емеспін.

— Я солай ғой, бірақ сіз кітап жазасыз ғой! Сондықтан да біз қарапайым жандарға белгісіз бір арнаулы емтихан тапсырған шығар деп ойлап едік. Әлде оныңыз жасырын ба? — Ол Мортеннің мысқылдай қараған көзқарасынан кішірейіп, бұға түсіп бара жатқандай болды.

— Жоқ, мен тіпті камелеттік аттестатқа да емтихан тапсырған емеспін, — деп жауап қатты Мортен күлімсіреп. — Сондықтан да менің шығармаларым бір жақтылау болып келеді.

— Я, я, мүмкін, — деп даукес Мортенге өкінішті кейіппен қарады. — Бірақ сіз басқалардың, мысалы мына менің емтихан тапсырғанымды қайдан білесіз? — Ол көкірегін мақтана көтеріп, тіктеніп алды.

— Өйткені, емтиханды бұл жерде көкірегін көтеріп дандайсу үшін кім көрінген тапсырды, — деп қатал жауап қатты да Мортен орнынан тұрып кетті. Әлгі кісі бірдеме ойлап аз-кем дел-дал боп тұрды да, жолдастарының қасына қайта оралды.

Таңертең Мортен полубаға ертерек шықты, түнгі тербелісте өзі жақсы ұйқтап шығып, кешегі жайсыз уақыйға-

лардың барлығы да ұмытылып кетті. Сол жақ бүйірінде Молот мүйісі бар, бер жақ шетінде, тура қарсы алдында, Иена әулиенің кішкентай шіркеуі тұрған құз-жартасты арал бұрынғыдай бұл жолы да теңіз орталығынан шыға келді; өзі де басқа балалар да сол шіркеудің тіп-тік гранит қабырғасының түбіне суға түсуді ерекше жақсы көретін еді. Осындай көркем, тамаша жерді тағы да көремін-ау, деген ой жүрегін жылтып жіберді. Ол осы аралдың барлығын да аралап өтіп, Хейлюнгенді де, Слотслюнгенді де көріп, мүмкін болғанша сонау Дуэ ақ жартасына шейін барып қайтуға бел байлады.

Ауруханадағылар оған тым байсалды жауап қатты, мүмкін, әлде, өзіне солай болып көрінген шығар. Шешесіне бармас бұрын ол ең әуелі хал-жайын біліп алғысы келді де, науқас күзетушіден қояр да қоймай жүріп, өзінің алғашқы ойлағанындай шешесі қылтамақ емес, зыянсыз ісікпен аурып жатқанын білді. Ол ісік жылылықтың әсерімен қайтып жатқан көрінеді, операциясыз-ақ тәуір болып кетуі мүмкін.

Шешесін ол бес-алты кемпірлер жатқан жалпы палатадан тапты, ой құдайымай, қалайша осыншама өзгеріп кеткен! Ырғайдай жіңішке мойнына ілегіп тұрған етсіз, арық сопақ басы өзін жүнін жұлған тауықтай етіп жіберіпті. Ол баласын бірден таный алған жоқ,— көрем деген үш ұйқтаса ойында жоқ еді.— Сондықтан ол ләм деп үн де қата алмай қалды. Баласының қолын өзінің әжім басқан қожыр-қожыр кәрі қолдарымен ұстап, ақырын ғана тербеп, сыртқа тепкен жүрек сезімін тежеуге тырысып көріп еді, бірақ өзіне өзі ие бола алмады, қабырғаға қарай теріс бұрыла беріп, жылап жіберді.

Мортен қыбыр етпей, өксіп жылағаннан селкілдей қозғалып жатқан шешесінің арсалана бүкшиген арық арқасын ақырын ғана аялай сыйпап отыра берді. Сонан соң ол баласының қолын ұстады да тағы біраз уақыт өткеннен кейін баласына қарай бетін бұрып, көзінен жасын ағыза отырып, жарқ етіп, күндей күліп жіберді. «Жаным менің!» — деп күбірлеп, баласының нығынан сыйпай берді.

Мортен анасына Вераны және кішкентай Эльзаны айтты. — Суреттерін әкеген жоқсың ба? — деп сұрады кемпір.

Бірақ Мортенде олардың суреті болмай шықты,— бұған өзі де қайран қалды.

Кемпір Мортенді әлі жібермей, көз алмастан қарап жатыр, жұмыстан қажыған әлсіз қолдары діріл қағады. Ол

анасын жаңа тапқан жас баладай шаттанып, Мортенге үнсіз қарап жатыр.

— Сен де кітап жазасың ба? — деп ұяла сыбырлады ол, баласына мақтана қарап. — Ондайды тек оқымыстылар ғана жазбаушы ма еді. Бұл жөнінде бізде әңгіме көп, жұрт мұныңды жақтырмайды. Олар айтады, сені өз кәсібін айналдырғаны дұрыс қой, кітапты сол кітап жазу үшін жаралған адамдар-ақ жазса болмай ма деседі.

«Тура әкеме айтатын сөзі!» — деп ойлады Мортен.

— Сене беріңіз, мама, мен тура осы үшін жаратылғанмын, — деп берік сеніммен жауап қатты ол.

— Сен тек кедейлер жөнінде ғана жазасың. Жұрт сені сірә, кедейліктен басқа түкті білмейтін шығар деседі.

— Дегенмен де, менің сол кедейлікті білгенімнің өзі жақсы, байлар жөнінде менсіз де жазып жатқандар жеткілікті. Демек, енді, тәуір болып шыққаннан кейін бізге баруға қарсы емессіз ғой? Өзім келіп алып кетем.

Ол Мортенге ұзақ уақыт сынай қарады.

— Ал өзің қалай ойлайсың, бір сорлы кемпірдің барып қыстырылғанына әйелің не дер екен? Мүмкін, сенің келіншегің шыйратылған бір паң адам шығар?

— Вера оңды, ол сіздің келгеніңізге қуанып қалады, мама. Одан басқа, тағы да кішкентай Эльзамыз бар!

Кемпірдің көзі жайнаң қақты.

— Немере сүйіп нағыз әже болып көргенім жоқ қой әлі. Немере құшуға құштарлығым сонша, кей-кейде тіпті жылап та жібергім келеді. Менің жас бала тәрбиелегенім, тіпті бағып-қағуға алғаным да рас, бірақ олардың барлығы да бөтендікі еді. Балаларыңның дені сау, жақсы ма?

— Жентектеп ет тыққан шұжықтай шып-шымыр!

— Демек, әйеліңнің емшегінің сүті жетеді екен ғой?

— Вера күндіз емізуді қойды, бөтелкемен сүт ішеді, каша жейді. Бірақ қызымыз жақсы өсіп келеді. Осы соңғы үш айдың ішінде едәуір салмақ қосты, бөтелкесін өте жақсы көреді — тек бере бер, әйтеуір! Ол қазірдің өзінде-ақ өте ақылды адам болып алды, ақысын жібермейді.

— Демек, шешесінің сүті жарытпайды екен ғой, — деді кемпір, мұның жайын жақсы білетіндей кейіппен. — Баланы қоректендіру жағына келгенде осы жаңа модалы келіншектер түкке тұрмайды — тым нәзік пе, өздері қалай? Әйел баласын емізгісі келмесе, сүті қатып, ашып кетеді. — Сірә, мұндайды жақтыратын сыяқты емес шешесі.

лардың барлығы да ұмытылып кетті. Сол жақ бүйірінде Молот мүйісі бар, бер жақ шетінде, тура қарсы алдында, Иена әулиенің кішкентай шіркеуі тұрған құз-жартасты арал бұрынғыдай бұл жолы да теңіз орталығынан шыға келді; өзі де басқа балалар да сол шіркеудің тіп-тік гранит қабырғасының түбіне суға түсуді ерекше жақсы көретін еді. Осындай көркем, тамаша жерді тағы да көремін-ау, деген ой жүрегін жылтып жіберді. Ол осы аралдың барлығын да аралап өтіп, Хейлюнгенді де, Слотслюнгенді де көріп, мүмкін болғанша сонау Дуэ ақ жартасына шейін барып қайтуға бел байлады.

Ауруханадағылар оған тым байсалды жауап қатты, мүмкін, әлде, өзіне солай болып көрінген шығар. Шешесіне бармас бұрын ол ең әуелі хал-жайын біліп алғысы келді де, науқас күзетушіден қояр да қоймай жүріп, өзінің алғашқы ойлағанындай шешесі қылтамақ емес, зыянсыз ісікпен аурып жатқанын білді. Ол ісік жылылықтың әсерімен қайтып жатқан көрінеді, операциясыз-ақ тәуір болып кетуі мүмкін.

Шешесін ол бес-алты кемпірлер жатқан жалпы палатадан тапты, ой құдайымай, қалайша осыншама өзгеріп кеткен! Бірғайдай жіңішке мойнына ілегіп тұрған етсіз, арық сопақ басы өзін жүнін жұлған тауықтай етіп жіберіпті. Ол баласын бірден танып алған жоқ, — көрем деген үш ұйқтаса ойында жоқ еді. — Сондықтан ол ләм деп үн де қата алмай қалды. Баласының қолын өзінің әжім басқан қожыр-қожыр кәрі қолдарымен ұстап, ақырын ғана тербеп, сыртқа тепкен жүрек сезімін тежеуге тырысып көріп еді, бірақ өзіне өзі ие бола алмады, қабырғаға қарай теріс бұрыла беріп, жылап жіберді.

Мортен қыбыр етпей, өксіп жылағаннан селкілдей қозғалып жатқан шешесінің арсалана бүкшиген арық арқасын ақырын ғана аялай сыйпап отыра берді. Сонан соң ол баласының қолын ұстады да тағы біраз уақыт өткеннен кейін баласына қарай бетін бұрып, көзінен жасын ағыза отырып, жарқ етіп, күндей күліп жіберді. «Жаным менің!» — деп күбірлеп, баласының иығынан сыйпай берді.

Мортен анасына Вераны және кішкентай Эльзаны айтты. — Суреттерін әкеген жоқсың ба? — деп сұрады кемпір.

Бірақ Мортенде олардың суреті болмай шықты, — бұған өзі де қайран қалды.

Кемпір Мортенді әлі жібермей, көз алмастан қарап жатыр, жұмыстан қажыған әлсіз қолдары діріл қағады. Ол

анасын жаңа тапқан жас баладай шаттанып, Мортенге үнсіз қарап жатыр.

— Сен де кітап жазасың ба? — деп ұяла сыбырлады ол, баласына мақтана қарап. — Ондайды тек оқымыстылар ғана жазбаушы ма еді. Бұл жөнінде бізде әңгіме көп, жұрт мұныңды жақтырмайды. Олар айтады, сені өз кәсібін айналдырғаны дұрыс қой, кітапты сол кітап жазу үшін жаралған адамдар-ақ жазса болмай ма деседі.

«Тура әкеме айтатын сөзі!» — деп ойлады Мортен.

— Сене беріңіз, мама, мен тура осы үшін жаратылғанмын, — деп берік сеніммен жауап қатты ол.

— Сен тек кедейлер жөнінде ғана жазасың. Жұрт сені сірә, кедейліктен басқа түкті білмейтін шығар деседі.

— Дегенмен де, менің сол кедейлікті білгенімнің өзі жақсы, байлар жөнінде менсіз де жазып жатқандар жеткілікті. Демек, енді, тәуір болып шыққаннан кейін бізге баруға қарсы емессіз ғой? Өзім келіп алып кетем.

Ол Мортенге ұзақ уақыт сынап қарады.

— Ал өзің қалай ойлайсың, бір сорлы кемпірдің барып қыстырылғанына әйелің не дер екен? Мүмкін, сенің келіншегің шыйратылған бір паң адам шығар?

— Вера оңды, ол сіздің келгеніңізге қуанып қалады, мама. Одан басқа, тағы да кішкентай Эльзамыз бар!

Кемпірдің көзі жайнақ қақты.

— Немере сүйіп нағыз әже болып көргенім жоқ қой әлі. Немере құшуға құштарлығым сонша, кей-кейде тіпті жылап та жібергім келеді. Менің жас бала тәрбиелегенім, тіпті бағып-қағуға алғаным да рас, бірақ олардың барлығы да бөтендікі еді. Балаларыңның дені сау, жақсы ма?

— Жентектеп ет тыққан шұжықтай шып-шымыр!

— Демек, әйеліңнің емшегінің сүті жетеді екен ғой?

— Вера күндіз емізуді қойды, бөтелкемен сүт ішеді, каша жейді. Бірақ қызымыз жақсы өсіп келеді. Осы соңғы үш айдың ішінде едәуір салмақ қосты, бөтелкесін өте жақсы көреді — тек бере бер, әйтеуір! Ол қазірдің өзінде-ақ өте ақылды адам болып алды, ақысын жібермейді.

— Демек, шешесінің сүті жарытпайды екен ғой, — деді кемпір, мұның жайын жақсы білетіндей кейіппен. — Баланы қоректендіру жағына келгенде осы жаңа модалы келіншектер түкке тұрмайды — тым нәзік пе, өздері қалай? Әйел баласын емізгісі келмесе, сүті қатып, ашып кетеді. — Сірә, мұндайды жақтыратын сыяқты емес шешесі.

— Вераның екінші бірдемесі болу керек,— деді Мортен әйелін ақтап.

Шешесі оған шошына қарады.

— Тым жиірек екен,— деді ол,— алғашқы бес-алты жылда өзім де бірінен соң бірін көтергенмен, бұларың жарамаған екен.

Я, бұған Мортеннің өзі де разы болмай қалды; шешесінің түсік түсіргенін, түсік түсіргенде де, бір емес, бірнеше рет түсіргенін ол білмейтін еді. Вераның неге біртүрлі ауыр тартып, әлсіреп жүргені енді түсінікті болды.

— Қызым сондай жақсы өсіп келеді, қарасаң көз тоймастай,— деді Мортен әңгіменің бетін бұру үшін.— Сірә, саған тартады-ау деймін, мама.

Кемпірдің өң, әлпеті қуанғаннан күлімдеп қоя берді.

Бірақ сол сәтте ол көңілін палатаның екінші жақ қарсыдағы бұрышында жатқан бір ауру кемпірге аударды. Біраз уақыт сол жаққа қарап отырды да, сонан соң үстіндегі одеялын серпіп тастап, Мортен шап беріп ұстағанша болған жоқ, шидиген арық аяқтарын кроваттан түсіріп, еденнің үстінде тік тұрды. Ол барып леген алды да, аурудың отыруына жәрдемдесіп, құсып болғанша басын сүйеп тұрды.

— Бейбақ,— деді сыбырлап ол, өз орнына қайтып кеп,— қылтамақ болып ауырып жатыр, не жесе де сіңбейді, құсып тастайды.

— Күзетші әйел келсін, неге коңырау соқпайсыздар? — деп тастады Мортен.

— Ой сені-ай, қайта-қайта шыңғырлатып мазасын ала берсең, олар ашуланады. Мен бәрібір осында жатқан адаммын, қолымнан келген нәрсеге неге көмектеспеске?

— Әрине, оның бәрі жақсы ғой, бірақ өзің де ауру адамсың, сенің өзіңе де тәрбие керек. Еденді жалаңаяқ басып жүруге болмайды ғой саған.

— Ой тәйірі-ай, қаншама ауру болғанмен де, өмір-бақыи еңбек еткен адаммын ғой мен. Карен дейтін қарындасыңды тапқаннан кейін, екі сағаттан соң, төсекте отырып, сендерге жұқа нан пісіріп бергенім есіңде ме? Жоқ, әрине, сен оны білмейтін шығарсың. Сорлы бала, бейшара Карен, өмір сүре алмады! — Ол тағы да кемсеңдеп кетіп еді, бірақ өзіне-өзі ие боп, терезеге қарап біраз уақыт үнсіз жатты да, сонан соң: — мына бір бас дәрігер болмаса, қазір-ақ тұрып кетер едім, өте қатал адам өзі. Кіріп келіп: «Ал мынаның халі қалай?» — деп сұрағанда, бәріміз де қорыққаннан зәреміз ұшып, дір-дір қағамыз, бізге жауап қайтаруға болмай-

ды, біз үшін жауапты аға сестра береді.— Ол тағы да терезеге қарады.— Быйыл рас, қылағай балық жақсы ауланады, күн райы өте тамаша. Быйылғы жылы күзгі қылағай өте семіз десіп жүр ғой.

— Сен енді гаваньға қайтып барып балық аршымайсың, мама! Оданда тезірек оңалуыңды ойла, тәуір болсаң келемін де, өзіңді кішкентай Эльзаға әкетем.

— Осы бір бас дәрігер болмаса қазір-ақ тұрып кетер едім,— деді тағы да кемпір ойлы жүзбен,— әйтпесе табысынан айрылып қалады ғой бұл.

Мортен күліп жіберді.

— Ол әр қайсыларыңыз үшін бас-басына, жеке-жеке ақша алады ғой дейсің бе, мама-ау?

— Мен қайдан білейін,— деп кемпір де күліп жіберді.— Мен тек өзімнің енді тұрып кете алатынымды ғана білемін. Сен келісімен бірден сергіп қалдым, ұлым!

Шешесінің бетіне шынында да қызыл шырай өң бітіп, көздерінен өмір ұшқыны ойнап, жайнап сала бергенін Мортеннің мойындауына тура келді.

Мортен бұл қалада бірнеше күн болды, бірақ ешқайда шыққан жоқ; өзінің ешнәрсеге зауқы да соқпады. Уақытының көпшілігін шешесінің жанында өткізді де, қалған уақытында Естиарлар қоғамы мейманханасындағы өз номерінде отырып, жұмыс істеді.

Мортен жүретін күні шешесіне аз уақыт бас көтеріп жүруге рұқсат еткен екен. Баласы қош айтысуға келгенде, шешесінің көңілі босап, өне бойы дірілдеп кетті.

— Рақмет, келгеніңе,— деді ол ақырын ғана.— Егер біз бұдан былай қарай көрісе алмайтын болсақ, құдай өзіңе де, қатын-балаңа да әмсе әбүйір берсін.

— Аздап оңалып, жол жүруді көтеретіндей болған соң келем. Мен сені алдайды ғой дейсің бе, мама?

— Мен сені тіпті өте аз көрдім,— кемпірдің беті жыбыр ете қалды.— Біз бір-бірімізді күнде көрісіп тұратын боламыз дегенге, тіпті нанғым да келмейді.

Оның бұлай деуіне толық қақысының бар екенін, Мортен жаны ауыра сезінді.

Копенгагенге кеме, әдеттегісіндей, өте қыйындықпен келді. Ірі-ірі қамалдарға жақындағанда жел желіге соғады; шегін тарта кеп, ышқына азынаған қатты жел, кемені құ-

рал-жабдығымен қоса сілкілеп, ерекше бір алып күшпен ұйтқыйттыны сонша, тіпті оның қай жақтан соғып тұрғанын да айыру қыйын болды; желдің кемені тіпті тұқыртып тастағаны сонша, кеме дәрменсіз ғана діріл қағады. Таң шапағын шашатын Вен мен Ландекрон аралдары жағынан аспанды қаракөк бұлт торлап алды; ол алып алақанымен палубаға бұршақты қос уыстап кеп лақтырады; жел бұршақтарды айдап әкеп, құйындай үйіріп біраз тұрады да, сонан соң палубаның үстін тып-тыйпыл қып, сырып әкетеді. Болат тростар қатты зыңылдап, такелаждың жіңішке арқандары оспылап, алақан соғып қостап тұрған сыяқты,— жатқан бір оркестр. Мортен астананың жұмсақ ауасына үйреніп қалған еді, мына жел өңменінен өтіп кетті. Тамаша бір түйсіну пайда болды!

Көшелер лайсаң екен, сірә, бұл жерге нағыз нөсер құйса керек. Ал Брэнсхойда қалың жаңбырдан кейін шөп қаулап өсіп, жер көкпеңбек боп қалыпты. Мектепке жүгіріп бара жатқан балалар қуанғаннан естері шыға айғайласып, бақ қорғандарының түбінен бұршақ тырнап алып, бірінің бетін бірі ыспалайды, қар сыяқты жұмарлап лақтыруға келмейді, өйткені тым аз.

Вера қызын көтере шығып есік ашты. Екеуінде де үстінде түнгі сорочка.

— Сендерді төсектен тұрғызған мен ғой! — деді Мортен көңілді пішінмен.

Вера оған қуанып қалды, бірақ баланың бет әлпеті сондай жабыңқы, түнеріңкі екен, Мортен көңіліне кірбің алды. Бала әкесін танып, шешесінің қолынан үлбіреп, ақырын ғана созылып дымқыл аузымен Мортеннің бетін аймалады. Бұл оның ең алғашқы дәрменсіз сүйісі! Денеге құйылған нәзіктіктен Мортеннің тұла бойы қалтырап кетті. Ол баланы қолына алып еді, баланың су екенін сезді. «Ой құдай-ай, енді көп кешікпей мамамда келер-ау!» — деп ойлады ол, бірақ ләм деп ештеме айтқан жоқ, пальтосын жұлып тастап, баланың астын кұрғатуға кірісті. Вера көрпе астына кіріп алып, Мортенге қарап жатыр.

— Білесің бе? Мен сырқатпын,— деді ол кенет.

— Солай ма? Бірақ бір минутке Эльзаны ала тұруға шамаң келе ме? Денесі мұздап тоңып қалды ғой тіпті,— деп жауап қатты да, ол жас нәрестені Вераның қойнына салды.

XIV

Не жетпей қырқысады екен осы сайтандар?

Данияда жыл сайын жағдай шиеленісе түсті; осына бір құтырына соғар қалың нөсер алдындағы жағдайға жұрттың етене боп үйреніп кеткендігі сонша, ешқандай төніп тұрған қауіп-қатері жоқ, бұрынғы бейбітшілік замандай өмірдің күнделікті қарекетімен жүріп жатты. Сірә, барлығы да күннен-күнге жеңілтек, ұшқалақ болып бара жатқан болу керек. Провинцияда жұрт баяндамалардан гөрі карта ойынымен, бимен көбірек шұғылданды. Жыйналыс үйлерінің жыйналысқа пайдаланылмай, басқа нәрселерге пайдаланылатынына Мортеннің көзі өткен қыста-ақ жеткен еді. Қала тұрғындары бар қаражатын бұрынғыдан бетер сыра мен ресторандарға жұмсады. Жұрттың бәрі де тынышыздана қобалжыйды, бірақ соғыстың болып қалуының кәдік екендігіне ешкім шын көңілімен сенбейді.

Сөйтіп жүргенде кенет күн күркіреп, найзағай ойнап кетті: тапанша оғы тау жақпарын омыра құлатты.

Мортен бұл кезде ел аралап Ютландияда, ашық далаларда, митингаларда сөз сөйлеп жүрген еді. Ол көбінесе өз көңілін күдіктендіріп, қобалжытып жүрген мәселелерді айтып, Европадағы осындай шиеленіскен жағдайдың себептерін талдауға тырысты. Бірақ тыңдаушылардың көңілқұлқын бұл тақырыпқа аудару өте қыйынға соқты, оның үстіне өне бойы қысыла-қымтырылып ығыр болған жандарды тебіренге қоюда оңай болмады. Ауыл адамдары оның сөзін үнсіз тыңдайды, не ойлап отырғандарын білу де қыйын; жұмысшыларды әзірше әңгімеге тарта алған жоқ, бірақ олар бұған со қалпымен немқұрайды қарайды. Көпшілігі буржуазиялық-либералдық көзқарас жағында: осының барлығы да кірісті көбейтіп жіберген соғыс өнеркәсібінің кесірінен болып отыр деп біледі. Соғыс капиталистік бәсекенің ең жоғарғы шегіне жетуінің нәтижесі болып есептеледі дейтін Мортенді олар тіпті келемеж етіп күлісті.

Халықаралық жұмысшылар қозғалысы соғысты болдырмау үшін тырысуға міндетті екені оларға мүлде қыйсынсыз нәрсе тәрізді болып көрінді.

— Мұныңды деревняның бір жеріне барып айт! — десті күліп оған. — Сөйтіп біздің өз ісімізбен айналысып, бүкіл әлемді шайқастырып қоюымызға мүмкіншілік бер.

— Солай, солай! Ойбай-ау, соғыстың сазайын тартатын бізбіз ғой! — деп қамыға жауап қатты Мортен.

Баяндамалардан кейін сөзге шығушыларды басқаратын жергілікті социал-демократиялық басшылар да ІІ — интернационалдық Базельск конгресінің қаулы-қарарлары мен үндеулерін шындап қабылдамады.

— Отанымыз қауіп-қатер үсінде тұрғанда, бүлік шығарамыз ба? Ой, бұған не өзіміздегі, не шетелдердегі бір де бір жұмысшыны көндіре алмассың! — деп кесіп айтты, Шығыс Ютландияның бір ірі қаласындағы ескіден келе жатқан социал-демократ.— Көрер көзге өз елін жатқа таптатып қояр дейсің бе? Мүмкін емес!

— Әрине, көтеріліс барлық жерде бірдей басталуы керек, әйтпесе біз интернационалдың мүшесі аталып не сайтанымыз бар — деп тік жауап қатты Мортен,— міне қаулы-қарар дәл осыны еске алып отыр.

Жас шағында Данияның көп жерінде ұсталардың ірі кәсіпшілер ұйымын құрған, қазір қаладағы бар билік өз қолында болып отырған бургомистр ұста, тек иығын бір қыйқаң еткізіп қойды да:

— Ал егер, тек бір ғана ел келсімін бермесе, демек, қалғандарының барлығы да соған шүйлігеді екен ғой? Жоқ, сенің мұныңды ешкім де қостамайды, тым шырқаңқырап кеттің, достым! Жер дүниені кезіп жүрген сен сыяқты адам өзімізде болсын, шетелдерде болсын, қандай ғана болсын қоғамдық басқа тапқа қарағанда жұмысшылардың әлдеқайда отан сүйгіш келетінін білуің керек еді. Сен жаңа ғана мені қаланың патшасы дедің; қысылмай-қымтырылмай бүкіл округтың патшасы деуіңе де болады. Бәрі де менің қолымда! Бірақ айтуға маған рұқсат ет: қалың бұқараны басқарудың шеберлігі — өз еркімен баратын нәрседен артыққа оларды ешуақытта қыстамау болып табылады. Тым шырқап алға шыға беруге болмайды.

«Кәрі көкжалдың» айтқаны дұрыс боп шықты: соғыс басталып кетті, ал ІІ — интернационал болса, алдын ала ешқандай шешуші шара қолдана алмады, қай жерде болмасын оның фракциясы барлық жағынан да өз өкіметтерін қуаттап отырды. Герман рейхсдагындағы елу жұмысшы өкілінің біреуі-ақ соғыс қаражатына қарсы қол көтерді, бәрі де сонымен тынды. Мортен үшін бұл аяусыз соққы болды.

Соғыс жарияланған күні Мортен Фюн аралының түстік жағында еді, сол күні кешке Свенборгте митингта сөйле-

мекшітін, бірақ митинга болмай қалды. Әркім өз басымен болып кетті. Мортен де тезрек үйге жетудің қамын ойлады. Әсіресе Вераның қамын жеді, бұл жолы аса күдіктене қойған жақ. Қатын-баласының қасында кемпірдің бар болғаны да жақсы болды.

Түсік Ютландия басылып алынды, Герман әскерлері Фюн аралына түсуге даярланып жатыр, Зеландия аралымен екі арадағы байланыс үзілді деген қабар дүңк ете қалды. Зеландиямен екі арадағы байланыстың үзілгені рас екен, Мортенге Тосинге арқылы Лангеландаға шейін барып, қайықпен Накснорқа өтуге тура келді. Одан әрі үйіне поезбен жетті.

Енді істің өзі шындап бара жатқан соң, жұрт бұрынғыдай фатализмдік¹ жасай алмады. Жұртты үрей билеп әкетті; поездарда орынға таласып төбелесті, паромға мінуге қырылысқан жолаушылар бірін бірі кимелеп суға түсіріп жібермес үшін тақта көпірдің екі жағында иін тіресе тізбектеліп матростар тұрды. Әйелдер көз жасын көл етіп, дамылсыз жылай берді.

Мортен үйіне келсе, тек шешесі мен Эльза ғана отыр екен, Вера осы бүліктің алдында-ақ әке-шешесінің үйіне кетіп қалыпты.

— Өзі тіпті есінен айрылып қалды, нағыз ақмақ екен! — деді кемпір күлімсіреп. — Үйде отыруға қорықты. Барып өзің ертіп әкелсең жақсы болар еді. Біз мұнда сенсіз де отыра аламыз. — Кемпірді ешнәрсе қобалжыта алмапты.

Жас нәресте де әжесінің қолынан ұстай алып, қаннен-қаперсіз аяғын тыпырлатады, ол әкесіне балалық айқын көздерімен салмақты қарап: «Өзіміз де отыра аламыз!» дейді қайталап. Әкесінің қолына да барғысы келмейді. Өзінің әжесі бар, одан басқа оған ешкімнің де керегі жоқ.

— Шыныңмен-ақ енді менің бетімнен сүймегенің бе? — деді Мортен.

Амал не, бәлкім... ол әжесінің қолынан түспей тұрып әкесінің бетінен сүйіп алды да, оны дереу барбыйған семіз қолымен кейін қарай итеріп жіберді.

«Бар, айда!» — деді ол. Оның көзінен әкесінің кетіп, әжесімен екеуінің оңаша қалуын күтіп тұрғаны байқалды.

Әлі айналысты айналмай жатып-ақ трамвай күтіп тұрған халық Брэнсхой алаңындағы ақырғы станция басында

¹ Ф а т а л и з м — дүниенің заңына құлдық ұру, мойнын ұсыну.

құжынап тұр екен, жұрт бүйірдегі жолдармен жүгірісіп кеп, топты шынтағымен ығыстыра кие жарып, ұрыса-қағыса трамвайдың басқышына қарманып жатыр. Барлығы да қала орталығына жетуге жан салады. Мортеннің бұл құжынаған таласқа қатысқысы келмеді де, орын үшін қоян-қолтық қырқысуды жақтырмаған тоқтасқан кәрі адамдар мен әлсіз адамдардың арасына барып жырақ тұрды, бірақ бір нәрсеге таласып, боқтап-балағаттасуға бұлар да жеткізбейді. Қай жерде болмасын ылғый бір кездейсоқ тобырлар құрылыпты бұрын ешқашанда бірін бірі көрмеген адамдар, бейне бір ескі таныстар сыяқты ашық әңгімелесіп тұр. Әрқайсысы соғыс жөнінде өз пікірін айтуға асығады, соғыста кім жеңіп шықса, сонымен төбелесе кетуге де дайын.

Ақырғы станцияның жанында айналасында бағы бар бір кішкене ресторан болатын еді. Ол да аузы-мұрнынан шығып тұр, көпшілігі бір стакан сыра іше кетуге келген, трамвайдан бос орын күтіп тұрған жұмысшылар. Басқаларының құлағын тұндыра біреуі:

— Осы сайтандарға не жетпей қырқысады екен? Жер бәріне де жетеді, ал жұмысшы дегенің шошқаға сойып берсең де жеткілікті. Бірақ бізді жұмысқа белгілеу дегенді айта көрмеңіз — жоқ! Оданда қызыл қырғын қылса екен осы! Сөйтсе нағыз қызыл қырғын фабрикасын құру әрі оңайға, әрі арзанға түсер еді де, біздің бәрімізді тезірек құртар еді! — деп даурыға сөйлеп тұр.

— Жә, үгітің өзіңе, жап аузыңды! — деп шуласты оған жан-жағынан.— Тап бір жұмысты оп-оңай орнына келтіре қоятындай-ақ, ол үшін ақша керек.

— Әрине! Ал олай болса, осы сайтандар не үшін қырқысады екен? Бұдан ақша өнбейді ғой.

— Бұдан сен не түсінесің, ақмақ-ау! Одан да барып дудардай болған оттай қызыл шашыңды алдыр, әйтпесе біздің жерге оның тым әсіре қызыл болып кетер.

Жұмысшы басынан кепкасын алды да, күле жүріп, айналып, күлдіргі қыймыл жасап, әдейі бет-аузын қыйсайтып әндетіп жіберді:

Естідің бе, досым сен?
Кайзер бір түс көріпті,
Түсінде оны бір патша
Келекелеп күліпті.
Ертемен Кайзер жорыққа —
Москваға жөнелді:

Мінеки бізді жыйып ап
Жасақтаған себебі!
Міне осылай, досым-ай,
Біздерді жыйған себебі!

Ол сыра бөтелкесімен жұртты жасқап, әскерге жаңа алынған жастай-ақ, үрейлі жүзбен алшаңдай басып, айнала жүрді. Жолдастарының көпшілігі қарқ боп күліп жатыр. Бірақ біреу тұрып жақтырмаған раймен:

— Қарқ болатын ештеме жоқ. Бізге мұнда қызыл маймылдың керегі жоқ,— деді.

Өлең Мортенге таныс өлең сыяқты болып көрінді. Бұл өлеңді Пруссия милитаризмін келемеж етіп, неміс жұмысшыларының айтатыны есіне түсті. Ал, енді, қазір сол неміс жұмысшыларының өздері окопқа қарай жүгіріп жатыр.

Жирен шаштың жанында жұрт қалмады. Ол бір түрлі күлкілі кейіппен жан-жағына қарады да, сонан соң трамвайға барды, өзі келбетті, албырт, қызба адам екен, қорқақ емес екені бірден танылып тұр! Сірә, Петер Дрейердің мирасы болса керек. Мортен оны қуып жетті.

— Менің сенімен сөйлескім келіп еді,— деді Мортен, жирен аузы мұрнынан шыға лық толған трамвайға мінуге тырмысып жатқанда.

— Не жұмысың бар еді, жолдас? — деді анау, өйтіп-бүйтіп қулық жасап жүріп, жармасқан вагонының басқышында тұрып.— Менің адресім: Блогорсгадтағы «Сағат», егер бонзаңнан қорықпасаң сейсенбі күні кешке кел. Жол өзіңе мәлім ғой.

Ақырында Мортеннің өзі де трамвайға ілегіп, Хельгесенгадке келген соң түсіп қалды, Вераның әке-шешесі осы көшенің ең арғы шетінде тұратын еді.

Вера аяқ-қолын бауырына алып, бір уыс қана болып бүрісіп, диванның бір бұрышына тығыла түсіп жатыр екен.

— Міне, көр! — деді Хансен, бөлме ішінде дамыл алмастан безектеп жүріп.— Кеше кештен бермен қарайғы жатысы осы. Немістер келіп бізді тік көтеріп алып кетеді деп біледі.

— Я, менің қарнымды жарып кетеді, олар екі қабат әйелдің барлығын да сөйтіп жарып кететін көрінеді, бір кітаптан оқығаным бар,— деді Вера аянышты үнмен дірілдей сөйлеп.

— Ол ерте кезде болған,— деп жауап қатты Хансен,

қоңыр книжкасын сермей сөйлеп.— Ал енді қазір, соғыс жүргізудің белгілі бір ережесі бар. Соғыс дегеніңіз қазір анағұрлым адам қатарлы болды,— солай емес пе, күйеужан?

Дегенмен, өзі де батыл кейіпте емес көрінеді, қолындағы книжкасынан айрылар емес, біресе оны бір жеріне тығып, біресе қайтып алып, сасқалақтап, абыржып жүр.

— Бұл біздің сақтық книжкамыз еді,— деді Хансен фру.— Өзінде екі жүз кронымыз бар еді, Хансен соны немістер келіп тіміскілеп күріп, тауып алып, тартып әкетер ме екен деп қорқып жүр.

— Қорықпағанда ше, сайтан алғыр-ау! Соғыс жүргізу дегеніңіз ақша емес пе! — деді абыржый күліп Хансен.

— Егер біз олардың қас жауына барып қосылмасақ, олар біздің елді жаулап алмайды,— деді Мортен жұбатып.— Үкіметке солай деп хабар беріпті деседі.

— Тіпті королмен қол соғысыпты да деседі жұрт,— деп жауап хатты Хансен көкірегін керіп. Королды аузына алса болғаны, онымен тап бір ерекше достас адамдай-ақ ол әрқашанда көкірегін керетін.— Дегенмен оларға қалай сенерсің? Мысалға ана Бельгияны алшы! Сондықтан да мен ұрыс басталды деген сыбыс болысымен-ақ тротуардағы жәшіктерімді жыйып қойдым. Немістер жеу үшін жолына тамақ төсеп қой деп ешкім зорлай алмайды мені, қас дұспанды қоректендіретін кісің мен емес! — Соңғы сөзі осы подвалда «қас дұспан» — жөнінде сөз бола қалса, қашанда болсын қағытып қалатын Хансеннің Мортенге арнаған шаншу сөзі еді.

— Рақмет, қайыната,— деп күлімсірей жауап қатты Мортен.— Бірақ болмай қоймайтын жағдайды естен шығармаңыз: біз қаға беріс қалуымыз керек. Біздің соғысқа кірісумізді сіз жақтырмайсыз ғой?

— Жоқ, құдай сақтасын! Мен ондай ештеме айта қойғамын жоқ қой дейтін,— деп Хансен жан-жағына үрейлене қарады.— Бірақ тәуекелге бел байлап, ешқайсысына тиіспей-ақ, бұл сайтандар не үшін қырқысады осы? — деп сұрауыма болады ғой. Қайрым етші, күйеубала, айтшы осы маған: шынымен-ақ осылардың барлығына да жетпей ме? Олардың орнында мен болсам, бүкіл негрлерді бәріне бірдей етіп бөліп берер едім. Ал, анау Данияның вест-индск аралдарынан қолдарын тартатын болсын, әйтпесе көреше-

гін көреді! Біздің жігіттер қылжақты жақтырмайды, оны біз алпыс төртінші жылы көргенбіз¹

— Хансен сол аралдарда тіпті есінен айрылыпты,— деп сөзге Хансен фру араласты — біреу бұған король екі аралды сатпақшы екен деп көкіпті, сол-ақ екен бұл бакалшылар мен көк сататындардың одағын құрып (ол олардың басқармасында ғой), барлық мүшелерді корольдың алдына барып тізе бүгуге зорлапты. Алайда бұлары тым ыңғайсыз болған соң, олар барлығының қолын қойғызып, шағым арыз жазып, корольға апарып тапсыруға Хансенді сайлапты. Бірақ сол арада...— деп, Хансен фру қапелімде дауыс шыққанға шошып кеткендей-ақ, бұға қалып, селк ете түсті.

— Бірақ сол арада әкейдің үстінде жөн-түзу дұрыс киімі болмай шығыпты,— деп ренжи сөз қыстырып қойды Вера диванда жатып.

— Я, оның Фрагы жоқтың,— деп түсіндірді Хансен фру.— Сонан соң басқа біреудікін алып киіпті.

— Киім басқанікі болғанмен де, ақыл өзінікі ғой,— деп жұбатты Мортен.— Сөйтіп бір жолға отан үшін аралдар да аман қалды!

Хансен осы келемеждеп тұрған жоқ па екен дегендей-ақ Мортенге көз қыйығын салды: ол кей-кейде тап бір қайна-тасын қағытып тұрғандай-ақ екі ұшты сөйлейтін еді. Бірақ қазір күйеубаласының бет әлпеті едәуір салмақты болған соң, Хансен екі бас бармағын жилеткесінің қолтығына іліп алып, көкірегін кере түсті.

— Я, бәрібір ақыл менікі! — деп ол, әсте өзінің еңбегін есептемейтін әйеліне масаттана қарады.— Мен отан даңқын шығарар ештеме жасай алмағанмен, сол отанның қор болмауы үшін еңбек етіп бақтым.

Бірақ оның лепірген көңілі лезде-ақ су сепкендей басыла қалды; қас қабағы керіліп, көздерінен үрей білінді.

— Осының бәрі не керек? — деп міңгірледі ол мұңайып.— Ертең немістер Орхуске түседі сонда...

— Неге олар тура Орхуске түседі? — деп сұрады Мортен, Верамен екеуі кетейін деп жатып.

— Өйткені, Хансен сол Орхустікі ғой,— деп жауап қатты Хансен фру.

¹ 1864 жыл Пруссия мен Австрия Данияға қарсы соғыс жариялаған, ол соғыста Дания жеңілген де, соның нәтижесінде, Голштиния Лауэнбург, Шлезвиг Пруссия мен Австрия жағына кеткен. Бұл кезең Данияда немістерге қарсы күрестің дәуірлеп тұрған кезі болатын.

— Ой-ой, олар Орхуске түседі ғой,— деп міңгірледі тағы да Хансен, бірақ ешбір себебін айтқан жоқ.

Мортен Вераның қолынан ұстап, далаға шығуға басқыштан көтерілуге көмектесті, бұл да бір түрлі абыржулы.

— Сенің әкеңнің өзі нағыз көкмылжың,— деді Мортен далаға шыққаннан кейін Вераның қолтығынан алып.

— Әкей ондай ақмақ адам емес,— деп жауап қатты Вера, өкпелеп қалғандай ренішті жүзбен.— Есіңе түсірші, жұрт қатарына қосылған өзі ғой. Ол өзі ең төменнен шыққан адам. Неменеге күлесің? Өзің де сондайсың. Оның ұят ештемесі де жоқ.

— Жоқ, әрине, менің әшейін жай айтқаным ғой. Сенің әкең тіпті де жаман адам емес, өз жұмысына өте шебер адам. Жарық дүниеге де қандай тамаша екі қызды әкелді! — деп Мортен Вераны құшырлана қысып қойды.

— Өтірік пе? Дагмар екеумізді, шынында да, құлпырып тұрған гүл деп атауға болады ғой! — деді күліп Вера, ол енді өкпесін де ұмытып кетті.

Олар қалалық басқарманың алаңына қарай келе жатты; Вераның жұртты көргісі келсе, Мортен соңғы жаңалықтарды естісем екен деп дәйек таппады. Алаң қара құрттай қаптаған халық екен. Ірі-ірі газеттер редакцияларының терезесінің алдындағы соңғы телеграммалар ілінетін жерде жұрт жабырласып, барлығы да бір жаққа үңіле қарасады. Герман армиясының Бельгиядағы қарқынды қыймылы жөнінде, соғысқан екі жақтың біріне болмаса, біріне қосылып жатқан жаңа елдер жайлы әрбір минут сайын жаңа телеграммалар ілініп жатыр. Жұрт «ура» — деп айғайлап, ысқырып жатыр, бірақ Антанта жағына жандары ашыйтыны анық көрінеді. Осы соңғы екі он жылдықта Германияға деген көңіл жарасымы жақсы болса да, пруссия соғыс етігі кіп-кішкентай Бельгияны таптай бастаған соң, Дания да екі ойлы болып қалды. Жұрт Антантаның бір ісі үшін «ура» деп айғайлап кеп қалған кезде, қалпағыңды шешіп тұрмадың деп біреу, тіпті, Мортеннің басынан таяқпен ептеп түртіп те қалды. Өз бетімен ештеме ойламай, газет пен телеграф агенттерінің командасы бойынша қызыл кеңірдек болып айғайлай беретін осына бір теңіздей толқыған халықтың ішінде ол өзін жалғыз жүрген жат адамдай сезінді. Француз бен Ағылшындар қазір жұрт көз алдында періштедей болып көрінсе, немістер әзірейлідей көрінеді.

— Жарайды енді, кетейік! — деді Мортен. Шынына келгенде, қазір не болып жатқанынан ешқандай хабары жоқ

осына бір нөпірдің қарлыққан ызалы да қуанышты зарын естуге дәті шыдамады.— жүр, бір рестораннан барып бос орын қарастырайық. Менімше, ығы-жығы осы топыр сенің де шәмыңа тисе керек.

Мортеннің қолына ауыр артылып алған Вера біраз шыйраңқырап қалды.

— Я, тіпті сұмдық айғайлайды. Бірақ бұл халықтың көп болғаны ештеме қылмайлы. Мен халық көп отырған ресторанды жақсы көремін. Ішімді тартып алайын, сонан соң ештеме білінбейді.— Өзінің жүктілігіне бір жолата көніп, мойын ұсынған сыяқты.

— Тартып керегі жоқ, сен әсіресе бала күтіп жүргеніңде ерекше тамаша боп көрінесің.— деді Мортен өздерінің енді екінші баласы болатынына іштей қуанып жүрсе де, бір есептен Вераға «қуана күтіп жүргеніңде» деп айтпады.

Олар қалалық басқарма алаңындағы үлкен ресторандардың біріне кірді. Ресторан іші лық толы екен, бірақ табақшы Мортенді таныды да, өз қызметкерлері отыратын столды босатып, орын тауып берді. Темекі тартылған бөлме ішіндегі ая ыссы екен. Жұрт үйреншікті әдеттен тыс абыр-жысып, айналаның барлығы да әртүрлі себептер атап, шықылдата соғыстырып румкалар мен стакандарды көтеріп жатыр. Әр стол басынан думанды дабыр мен арзан тапқыштардың ақылды сөздері естіледі.

Вераға қараудың өзі бір түрлі сүйкімді, екі көзі жарқ-жұрқ етіп оттай жайнап отыр. Мортен Жоғарғы халық мектебінің жатақханасындағы бөлмеге Вера алғашқы рет келгенде, осы көздердің өзін қалай елтітіп әкеткенін есіне алды. Осына бір жайнаған көздер біржолата тартып әкеткен еді! Вера өзіне біткен барлық сын-сыпатпен айналасындағылардың бәрін арбап алады. Вераның өте әуестеніп, елігіп кеткендігі сонша, тіпті өзінің жіңішкергісі келгенін де ұмытып кетті. Әрі көңілді, әрі мейрімді Вера құнарлылық құдайының өзімен де қатар түскендей еді. Бет ажарының белгілері де айқынырақ көрінетін болыпты, қанының сыртқа теуіп тұрғандығы сезіледі; бүгін өзі аялап-аймалауды аямастан мырза төгіп тұр. Бұрынғысына қарағанда тұлғасы да толыса түсіпті. Сірә өздері уақытын дұрыс есептемеген болу керек? Тұлғасының төменгі жағы тап бір жанды нәрсе біткеннің барлығын да аялап, жылтып, қабыл алып, қорғаймын деп жайылыңқырап кеткен сыяқты. Вера жұмыртқа баскыш тауық тәрізді. Мортен әйеліне қарап оның келбетіне өзі де қызығып кетті. Жалғыз Мортен ғана емес, отырған жұрттың

көпшілігі оған, көз салды, ал Вера болса, бұған бұрынғыдан бетер жайнай түсіп, осы бір кеште көз ұялғандай көркем болып кетті.

Бір ұзын бойлы енкіштеу мырза, жандарына барып отыра кететін компания іздегендей, стол-столдың арасымен теңселе басып келеді. Үстінде қоңыр пальтосы бар, қалпағы мен биялайын сол қолына ұстапты да, оң қолына имек басы піл сүйегінен жасалған бамбук таяқ алыпты; сықыйған костюмы мен өзінің аздап былқ-сылқ етіп келе жатқаны біртүрлі қызық үйлесім болып көрінді. Ресторанда отырған жұрттың барлығы да бастарын бұра қарап, сол жөнінде бірдеме айтып, бір-біріне сыбырласып жатты. Көп жұрт орындарынан тұрып, бас шұлғысып қалып жатыр. Ал кейбір столда отырған адамдар оған орын да ұсынды. Ол біртүрлі үрейлене күлімсіреп, жұртқа рақметін айта тап бір сойдыйған ұзын тұрасы отырған көпшіліктің басының ара-арасымен қалқып келе жатқандай-ақ, қыйралаңдап әлі ілгері жүріп келеді. Селдір мұрты моржаның мұртындай болып төмен салбырап кетіпті, тіпті өзінің бет әлпетінде де, барлық дене пішінінде де салбырлық қыймылсыздық бар.

— Бұл «Ең үлкен газеттің» бас редакторы Трап деген кісі, журналистеріміздің ішіндегі ең бір таланттысы да осы,— деп сыбырлады Мортен.

Бірақ Трап соншалықты дарынды адам сыяқты емес, қайта тайыз адам тәрізді болып көрінді. Репортер¹, интервьюер² болып көп елдерді аралап жүріп, ол өзі біртүрлі аңғалақ, тіпті аздап ақымақтау да адам тәрізді болып көрінуді тауып алыпты; оның сұрағындай жоқтан өзге бірдемені ешкім де сұрай алмайды, сөйтіп отырып көрнекті саяси қайраткерлердің немесе дипломаттардың біріне ешкім білуге тиісті емес құпия сырларды да айтқызып қояды. Осындай өнердің барлығы да бұдан он жыл, тіпті айта берсеңіз жыйырма жыл бұрын жасалған еді, бірақ өзінің бет әлпетінде әлде сол кейпін сақтағысы келді ме, әлде әдет алып кетті ме, жоқ әлде өзіне көп пайдасын тигізген сол жалған пішінмен жүргісі келді ме, әйтеуір, сол бір аңғалақтық кейіп со қалпымен қалып қойыпты. Ол өзі ағылшын-

¹ Репортер — болған уақыттарды жазып тұратын газет қызметкері.

² Интервьюер — қоғамдық мүддеге байланысты күнделікті мәселелер жөнінде қоғам қайраткерлерімен сөйлесіп отыратын газет қызметкері.

американ репортажы мен газет техникасына ден қойған адам еді. Сондықтан да Мортен оның бүгін кештегі кейпінен, киген киімінен де, тіпті астыңғы ерніне шейін салбырап кеткен еңсесінен де қаншалықты ағылшынданған адам екенін танып, іштей қайран қалды. Трап күллі адам баласының қамын ойлаймын деп өзіне өзі қатты жаны ашып бір азаптанса, күллі адам баласы менің қамымды ойлап әуреленеді-ау деп сол адам баласына жаны ашып сары уайымның азабын екі жақтап тартатын сыяқты.

Редактор Трап Мортеннің қатарына келіп, столының жанына тоқтай қалды.

— Қымбатты жазушы, сіздің қолыңызды қысып соншалықты сирек болса да, біздің газетімізге қатысқаныңызға рақмет айтуға рұқсат етіңіз! Байқаймын, өзіңіз бір тамаша әйелдің қасында отырсыз ғой! Я, жазушыларға бұлай отыруға бола да береді. Редактор Трап. Өзім үшін бір асқан аброй деп білемін! — Атақты журналист Вераның алдында ізет ете басын иді, ал ол өзінің сахнада көрген принцессаларына еліктеп, орнынан бір көтеріліп қайта отырды. Трап көзімен Вераның бас-аяғын бір шолып шығып: — Сірә, сіздің жұбайыңыз болар? — деді.

Мортен бірден таныстыра қоймаған екем деп өкіне қызарып, Трапты Вераға таныстырды, — ол өзі зыялы қауымның осындай ресми тәртіптеріне келгенде қашанда кешеуіл қалып қоятын еді. Бірақ Трап оған өкінуге де мұрша берген жоқ.

— Сіздерге кездескенім қандай жақсы болды, — деді ол қуанып — газетшілерге, бақытына қарай, кездесе беретін тамаша сәттіліктің бірі болды. Бір минутке жандарыңызға отыруға рұқсат етіңіздер, — деп ол әдеппен ғана кеп, столға сүйене отырды. — Мен осы жаңа ғана сіздің қабілетіңізді еске алып, сіз осы біздің қатарымызға жататын адам ғой деп ойлап келе жатыр едім. Біздің еліміздегі барлық алдыңғы қатарлы басқа таланттар тәрізді «Ең үлкен газетке» сіз де неге үнемі қызметтесіп тұрмайсыз? Мен тым мақтанып кетпейін, бұл бірден-бір ерекше гезет демеймін, бірақ үздік адамдардың аренасы екені өзінен өзі айқын! Егер мен сіздің еріңіздің бір минутке көңілін бөлсем, сіз кешіре көріңіз, көркем фру? Халықаралық жағдай жөнінде қалай ойлайсыз, қымбатты жазушым? Егер солай деп айтуға рұқсат болса, сіз былайша айтқанда, интернационалды бағыт алып отырған адамсыз ғой. Енді сіздердің достарыңызға — немістерге — қыйынырақ тиер!

— Мұндай сеніммен айта қоюға болар ма екен? Тым ертерек емес пе...

— Ағылшындарды бар ғой, қымбатты достым! Ағылшындарды! Біз оларды әлі нашар білеміз. Жайшылықта олар бейне бір ұйқтап жатқандай жайбарақат болғанмен, іске келгенде... Ал олардың өзі немістер сыяқты аса жауынгер де халық емес.

— Мүмкін, дегенмен тым қара жаяу емес, олар да жауынгер шығар, тек басқаша үлгіде болуы керек,— деп Мортен қарсылық білдірді.

— Олар бүкіл дүние жүзін дипломатиямен бағындырды, соның өзі мәдениетінің артықшылығы емес пе? Айтпақшы, сізге тақырып: зеңбіректер мен найзаларға қарсы құрал ретінде пайдаланылатын мәдениет! Бізге осындай бір мақала жазып беріңіз, газеттің екі етегін бірдей толтыра жазуыңызға болады. Англия мен Германияның арасындағы жағдайды қайткенде де қатарластыра жазып отырудың қажеті жоқ. Біздің түстіктегі бірнеше шамкес көршілеріміздің шамына тимей-ақ қою үшін, тіпті бұлар жөнінде жазып та керегі жоқ. Қортынды, дегенмен, өзінен өзі-ақ белгілі болып тұр ғой, өйткені Англияда тіпті армия да жоқ, оларға армияны соғыс басталғаннан кейін енді ғана құруға тура келеді.

— Оның есесіне оларда флот бар,— деп жауап қатты Мортен күлімсіреп,— флот болғанда да қандай, бүкіл дүние жүзіндегі алып флот!

— Ой, қойыңызшы, күзетші кемелер! — деді Трап аздап көңіліне кірбің алып.— Бұл — Англияны соғыс державасы деп атауға себеп бола алмайтынына өзіңіз де келісерсіз.

Бірақ Мортен келіспеді.

— Мысалға, жолбарысқа қарағанда, акуланың шабуыл құралдары мен қорғаныс құралдары тіпті басқаша екені белгілі ғой.

— Акуланікі... дегенмен, оныкі аса аранды емес! — деді күлімсіреп редактор Трап, сонан соң бір сәт мұртын сыйпап үнсіз отырды; өзіне біреудің сөз таластыруына ол әдеттенбеген еді.

— Англия бар ғой, қымбатты достым...— деді ол.— Мен түсінбеймін, қалайша сіз Англияны жақтырмайсыз? Ол нағыз барып тұрған шынайы еркіндіктің отаны емес пе. Германия дейміз, я, әрине — жұмысшылар батальоны тағы сондай бірдемелер бар; бірақ ағылшын халқын-

да, дегенмен де, еркіндік сезімі молырақ, сондықтан да ағылшындарды бір ұйымға зорлап кіргізе қою оңайлыққа түсе қоймайды. Неміс жұмысшылары таяқ тәртібіне бағынуға тым көбірек беріліңкіреп кеткен болар, сіз тек олардың соғысқа қалай өлеңдетіп аттанып бара жатқанын қараңызшы! Жетпісінші, жетпіс бірінші жылдардағы соғыста неміс мектеп мұғалімі ұтып шығып еді. Бұл жолғы соғыста неміс кәсіпшілер одақтарының басшылары ұтып шығуы мүмкін. Сіз жұмысшыларға кайзердің қандай сүйіспеншілікпен қарайтынына көңіл аударыңыз; ал жоғарғы әскери шендер олардың тәртібін мақтамайды. Оларға ешқандай арнаулы әскери оқудың қажеті жоқ, тәртіп деген олардың қандарына сіңген.— Оның бет ажарынан ызалы күлкінің нышаны елес берді де, сонан соң қайтадан жабырқау күйге түсіп қалды. Ол әкеше мейріммен Мортеннің иығына қолын артты.— Шынын айтқанда, мен түсінбеймін, неміс жұмысшысынан не шығады деп жүрсіз осы? Ол сіздей революционерден қайта бойды аулаққа салады. Сонан соң — ағылшын жұмысшысы анағұрлым дарашыл; Англияда жалпыға бірдей әскери міндетті кіргізу үшін ерекше шаралар жасауды ойлауға тура келеді. Міне бұл зорлап-зомбылау мен үйретуді көтермеген жұмысшының кейпі, әсіресе, сіздің ой қыялыңызға тура келеді.

Мортен жауап қайтаруға бірнеше оқталған еді, бірақ Трап оған сөз қыстыруға мұрша бермеді:

— Жарайды, демек енді осылай келістік қой,— деп Мортеннің қарсы жауабына да көңіл аудармастан сөз аяғын басқаға бұрып әкетті.— Тіпті айта берсеніз, қалай деп атаушы едіңіздер әлгі... Я, Пер-Голяк дейді екенсіздер ғой! Соларды да жөнге салатын шынайы еркінойлылық пен нағыз демократия жөнінде бізге бір үлкен мақала жазып беріңіз. Пер-Голяк деген теріс ат емес өзі — өте тамаша табылып қойылған, сіз оны революциялық күш-қуаттың өлшемі етіп алуыңызға болады, бәрібір оған соқпай кете алмайсыз ғой. Бірақ біздің кейбір жекелеген сөйлемдерді ғана жұмсартатын правомыз болады.

Мортеннің әлі де болса қарсы жауап айтқысы келе жатқанын байқап, ол жалма-жан Вераға бұрылып, әзілдесе бастады. Сонан соң қапелімде Мортенге қолын созды.

— Қош болыңыз, қымбатты достым, рақмет! Өзін де және сол өзінің мәдениетін де сақтап қалудың қамын ойлап, жападан-жалғыз қыйын жағдайда қалып отырған біздің аз ғана халқымыз үшін мұның қандай маңызының бо-

латынын түсіндіріп жатуымның сізге қажеті жоқ. Сонымен, мен ертең мақалаңыз үшін мына жұбайыңызға екі жүз крон жіберемін. Қош болыңыз, көркем фру, сізбен танысуым — мен үшін бір қуанышты оқыйға!

Вера таңғалып, қуанғаннан қызарып та кетті.

— Міне нағыз барин, нағыз жігіт! — деп мақтана таңырқады ол.— Мақтауға неткен шебер! Екі жүз крон... сен де жігітсің, Мортен! Ол ақша менікі болады, солай емес пе?

Мортен ондай таңырқанып тамсана қойған жоқ. Редактор Траптың не істегісі келіп жүргені оған түсініксіз, бірақ әйтеуір, мені бір өзіме түсініксіз мақсатқа пайдаланғылары келеді екен деген әсер пайда болды оған, мұны жомарт қаламақы да көрсетіп тұр. «Ең үлкен газеттің» редакторы өзінің газетіне жырынды ливералдарды тартып, оларды барынша мәпелейтін, газетке жан аямай белсене кірісуіне ықтияр беріп, сонымен олардың абройын төгіп, алған беттерінен адастыратын да, сөлін сығып алған лимондай лақтырып тастап жүре беретін. Бұл әдіс арқылы қалың бұқара арасында оның газеті радикалшыл газет деген атаққа ие болып, сонымен бірге, осындай екі жүзділіктің пайдасын жақсы түсінетін нағыз әкімдер қауымына да танылған еді. Я, Траптың өзі де бастан-аяқ тым ағылшынданып кеткен сыяқты болып көрінді оған. Мінез-құлқының барлығы да: ең ақыр аяғы, бір жағынан өзі еркіншілікті қорлай отыра, екінші жағынан өзінің сол еркіншіліктер қатарына жататындығын айтып арсыздана күбылжуына дейін ағылшынның көшірмесі. Газет программасы едәуір-ақ бұқарашыл болып көрінеді: пацифизм, әйел теңдігі, адамгершілік,— бірақ шынына келгенде, Трап барып тұрған реакционер еді. Тек шыбыртқы ала жүгіретін, тым ары кетсе, таяқ жұмсайтын алпауыт помещиктер тәрізді дөрекі капиталистен гөрі Мортен көзіне ол әлдеқайда қауыптырақ болып көрінді. Сайып келгенде, жұмсақ жарғақ қолғапты либерал, Мортен сыяқты адамды өз мақсатына пайдалана отырып, жұрттың бәрін де адастырып жүргенде, ондай капиталисті жай адамның өзі-ақ аузына салып қояр еді.

Жазбаймын деп бас тарту оңай емес: «Ең үлкен газет» елінің барлық жерлерінде де оқылады; екі жүз крон — ол да бір қыдыру ақша, ал өзі болса, тек әдеби табысын ғана тәлкесу етіп тұратын адам. Мортен мақала жазуға бел байлады, бірақ байырғы әдетінше, өзінше жазады: егер көп өз-

гертіп жіберетін болса, көпшілік алдында кейін айта жатар. Соғыс бастаушының кім екендігі жөнінде оның ешқандай шәгі болған жоқ, екі жақтың да үстем таптарының халықты бір-біріне айдап салуға көптеген себептері болды, ал соғыстың басталуына кім кіналі дегенге келгенде, біріне бірінің қояр кінасы жоқ. Ұлы дағдарыс алдындағы зымыяндық қорқынышқа қарамастан екі жағы да мұны жақсы білді. Бірақ осыны қарапайым адамдарға да түсінікті болу үшін қалай айту керек?

Үйге келгеннен кейін Мортен Вераны төсекке жатқызды; ол өзі әбден шаршағандықтан киімін шешуге көмектесуге Мортенге шын ықласымен ризалық етті. Бүгін өзі өте нәзік, оның айтқанын істеп, бәйек болудың өзі де өте сүйкімді; өзінің қарны томпайып ілгері шығып тұр, Мортен келіп оны құшақтап айналағанда, тап бір қамауда жатқан кішкентай жанды зат кәзірдің өзінде-ақ жұғыса кеткендей болып, ақырын ғана ақыйқат бүлк ете қалғанын сезген тәрізді боп көрінді.

— Біз мұнымен, сірә, өте жақсы дос боламыз-ау деймін,— деді ол Вераның қарнын ақырын ғана аялай сыйпап.— Сенімен екеуміз не жасамаспыз дейсің!

— Ал егер бұл еркек бала болмай шықса қайтесін? — деді Вера.

— Оқасы жоқ оның, бәрібір, біз бір-бірімізбен жақсы жарасатын боламыз. Ал енді, жайланып, дұрысталыңқырап жат.

Сонан соң өзі жазу столына келіп отырды. Күндізгі сандырақ әсердің барлығы да әлі де болса басынан шықпай, шаршағандай болып ой азабына батты; нағыз шешуші минутте жұмысшылар табандылық көрсете алмады деп қамығады, тіпті ой азабынан жаны да жабығады.

Неміс жұмысшылары, дегенмен де, азын-аулақ қарсылық көрсетті, ал ағылшын жұмысшылары күні осы уақытқа дейін үн шығармай келеді.

Бүкіл дүние жүзі жұмысшылары арасында социалистік насихатқа қаншама он жылдықтар кетпеді, бірақ солай болса да бұлар өздерін бір-біріне айдап салуға, қанаушыларға жол беріп отыр. Бұл жөнінде ойланатын жайлар көп!

Бұлардан шынынында да: «не жетпей қырқысып жатырсыңдар, сайтан атқырлар?! — деп сұрауға болады.

XV

Егіздер

Соғыс сүреңі аз-аздап басыла бастағаннан кейінгі халықтың аңысын аңдаудың өзі қызық еді. Саудагерлер мен қол-өнершілер жұрттың бәрінен бұрын шаруашылығын жайғастырып, айналасына алақтап, қосымша оңай олжалардың көзін табуды қарастыра бастады. Ал біраз уақыт өткеннен кейін оларға кеп ауыл адамдары да қосылды. Ең әуелі олар жұрттың анда-санда ғана балаларына бір жапырақ нан бергізіп, мәпелетіп, көзін құртуға қыймай отырған кәрі-құртаң, жұмыстан қалған аттарын жыйнап алды да, қынадай қырылуға айдап салынған немістерге қымбат бағаға өткізді.

Жұмысшылар ешқандай өнер көрсете алмады. Олар естұстарынан айрылып, меңіреу болып кетті, тек бастықтарының аузына қарап, белгі күтіп отырды. Енді сендердің арқаларыңда ешуақытта да соғыс болмайды; әйтеуір жарық дүниеде сендер барсыңдар ғой! — деп сендірген еді оларды ылғыйда. Сөйтсе де қапелімде соғыс басталып кетті, оның тым тұтқыйылдан тұтанғандығы сонша, тіпті олар естерінде жыйнап үлгере алмады. Рас, Мортен газетте де, митингаларда да алдын ала-ақ ескерткен еді, бірақ Мортеннің сөзін не қылсын! Егер оның сөзіне құлақ асса, ешуақытта да маза болмақ емес!

Пелле мен екеуі бір ауыз болып жүргендегі іс басқаша еді. Оларды «егіздер» деп атап кетуінің өзі, өне бойы қосарланып бірге жүргендігінен еді. Екеуі оқудан бермен қарай осындай деседі жұрт. Сол бір кезді жадында сақтаған адамдар: бұл екеуі тап бір ұрыссып қалған адамдай-ақ, біреуі сабақтан босанып шығысымен-ақ, табан астында зыр жүгіріп, екіншісін іздейтін еді; және өздері бірін бірі табатын жерді жасырын бір кереметімен білетін сыяқты еді деседі. Тек жай ғана «егіздер» емес, «кіндігі бір егіздер» — міне бұларды осылай деп атауға болғандайтын!

Мұнан кейін де олар қандай ғана мәселе болмасын үнемі келсіммен істеп жүрді. Пелле Мортеннің кітапқа құмарлығына қызығып, одан кітап білімін үйренетін еді де, Мортен болса оның күш-қуатына, алған бағыты мен мақсатының дұрыстығына, сенімінің берік екендігіне сүйсініп Пеллені айнымаған өзінің әкесіндей көретін. Әрине олардың ұрыссып қалатын кездері де болатын: кей-кейде Мортен

Пеллені тым қайсар, кейбір жекелеген адамдардан тым көбірек құрбандық талап етеді деп есептейтін, ал Пелле болса, бұл да өзінше, Мортен тым жуас және өзі жұмысшылардың жайын тым көбірек сөз етеді деп ойлайтын. Бірақ бұл екеуінің арасын ешнәрсе айыра алмайтын.

Міне енді солар, дегенмен де, айрылысты! Біреуі шығып сөйлеген жерде, әменде екіншісі шығып сөйлейді, бірақ қайткен күнде де бір-біріне қарсы дау айта шығады.

Мысалы олар соғыс жосында де және оның шығу себептері жөнінде де екі түрлі көзқараста еді. Мортен бұл соғысты бакалшылардың соғысы деп атап, осы соғыстың басталуна кедергі жасамады деп жұмысшыларды кіналады. Олар соғыстың шығуына кедергі жасай алатын еді, тіпті, сөйтеміз деп міндеттеме де алған-ды,— деп сендіреді Мортен Базелде алынған қаулыға сүйеніп...

Пелле болса, соғысқа қарсы тұру мүмкін емес деп санайды: соғыстың алдына кесе көлденең тұрып қарсылық жасау — оның ойынша, егіннің шықпауына немесе жердің сілкінуіне қарсы күреспен барабар. Рас, ол өне бойы олай ойлаған емес, бірақ енді, егер солай деп айтуға болатын болса, «ақыл кірейін депті» өзіне. Көтеріліс дегеннің өзі адамның қолында балта болғандықтан ғана өз аяғын өзі қырқып тастағаны сыяқты қыйын-қыстау жағдайдан құтылудың ең бір қыйсынсыз жолы. Көтеріліс азын-аулақ азық-түлігі бар жұмысшылардың өзін несібесінен қағады.

Жұмыссыздық дегеннің үлкен бір қырсық екені өзінен өзі белгілі, бұл жөнінде Пелленің айтқаны да дұрыс.

— Бірақ ереуіл дегеннің өзі жұмысшылардың бірден-бір құралы емес пе; егер олар сол құралдан да қол үзіп қалса, өздерінде не қалмақ? Түк те қалмайды! — дейтін еді онда Мортен; оның да даусы қатқыл шығатын.— Және де соғыс деген табиғаттың тілсіз жауы емес қой; бұл арада Пелле құдай-тағала жолбарыстың ішінде тұрады екен дейтіндерге ұқсайды! Жоқ, соғыс оңай олжа табудың пасық, арам пыйғылынан қабырғаны маңдайымен сүзе кеп тұрып, енді сол қабырғаның тас-талқанын шығарып қопару үшін астына динамит қойып жатқан адам бейнесіндегі жыртқыш айуандардың әрекетінен басталып отыр. Соғысты тоқтатуға қазір енді кеш, бірақ жұмысшылар қару-жарақтың бетін басқа жаққа бұрып, осы соғысты азамат соғысына айналдырып жіберуіне болар еді. Ол соғыс — біз үшін маңызы бар бірден бір ерекше соғыс!

Сол-ақ екен қарсы жақтың осал жерін іздеп, Пелле шы-

ғып сөйлейтін: «Ол азамат соғысын соғыстың бірден бір қажетті формасы дейді!» — деп жыйналған көптің алдында шаптыға шаңқылдайтын да, тап бір осыған аспан әлемінің өзін куәлікке шақырғандай-ақ екі қолын жоғары көтеретін. Мортеннің оған тіпті қарсыласқысы да келмейтін. Бұл енді тым шектен шығып кеткендік.

Сөйтіп олар өне бойы бірінің соңынан бірі сөйлеп жүрді, таластарының тақырыбы соншалықты келелі мәселе болмаса немесе олардың орнында басқа адамдар болса, олардың айтысын естудің өзі өте қызық еді. Бұлар — егіз адамдар!.. Бейнебір бірімен бірі жақсы жараса жұмыс істеп жүрген аттар тәрізді, бірге жегіліп тату-тәтті өмір сүрген сонау бір күндер қандай тамаша еді. Бірақ, түсінікті, қазір біз үшін бір мазасыз, дұрбелең кезең туып тұр. Бізден өне бойы бірдеме күтіп отыратын себебі, тек біздің жұмысшы болғандығымыздан ғана. Жұмысшылар тап бір дүниені сақтап қалушылар дегендей әсер пайда болды, сайтан алғыр!

Қандай ғана болмасын бір ірі оқыйға бұл екеуін мүлде жауықтырып жіберетінін барған сайын сездіре түскен Пелле мен Мортен арасындағы кезбастықты жұрт әр саққа жүгіртті. Жұмысшылар қозғалысының қатарындағы мансапкорлар Пеллені кінәлы деп білді. Мортенді сыртқа тебудің орнына, оған жақсы қызмет беріп, «қоректендіруі» керек еді ғой десті. Мортенді жоғарылатып, сол арқылы оны жұмысшылар қозғалысына берігірек тарту керек деп Пеллеге бірнеше рет ақыл қосқан Эллен де өз ішінен осыны ойлады. «Партиядағы әйелдер» үйірмесіндегі негізгі пікір осы екеуінің арасындағы талас-тартыстың барлығы да қызғаншақтықтан туған нәрсе дегенге барып тірелді. Мортен Пелленің семьясында ұзақ тұрған да, Элленнің өз күйеуінен гөрі Мортенге ықыласы түсіңкіреп кеткені кім көрінгеннің көзіне шалынған. Және оның үстіне Мортен жазушы, ал әйелдер жағына келгенде, жазушыларға ешқашан да сенуге болмайды: некеге олар ешуақытта мән бермейді, тұрақсыз кезбелер мен қаңғыбастар тәрізді біреудің қорғанынан қарғып түсіп, көлденеңнен кеп киліге кетеді. Кішкентай Брунның бет әлпеті тура Мортеннің аузынан түсе қалғандай деп дәлелдейтін әйелдер де табылды; сондықтан да Мортен осыншама уақыт шетелде жүз жасырып жүруге мәжбүр болды!

Пелле мен екі арасының барған сайын суып бара жат-

қан себебі не екенін білу, сірә, жұрттың барлығынан да гөрі Мортеннің өзіне қыйынырақ сыяқты. Ол, сөз жоқ, жас шағында Пелленің қандай ғана болмасын ірі мәселелердің барлығында да бірбеткейлігіне, жігерлігіне, жеңіске кәміл сенімділігіне сүйсіне таңғалатын; ол кезде қалың бұқараның басын қосып, Пелледей етіп ешкім де біріктіре алған жоқ еді. Шынына келгенде, ниеттестік идеясы оның қанына біткен қасиеті еді. Бірақ қазір енді ол соның бәрін ұмытып кеткен сыяқты. Алдындағы келесі баспалдақтарды ұмытты ма екен, жоқ әлде әбден болдырып, қол жеткенге місе тұтты ма екен? Амал бар ма, мүмкін бұл сол Пеллемен бірге Даниядағы және тағы басқа елдердегі бүкіл жұмысшылар қозғалысы да қоса душар болып отырған болдырудың бір уақытша кезеңі шығар. Жаңа қарқын керек, Мортен шаршап қажыған жандардың өзін бол-болға салып қудалай беретін адам емес, — ол күте де тұра алады. Бірақ бір қамығатын нәрсе сол, Пелленің бет әлпеті шаршап-шалдыққандықтың әсерін тудырмайды, тап бір барлық күшті өзінің бұрынғы орнатқан нәрселерін тас талқан қып қыйрату үшін әдейі бағыттап, кейінге көз салатын адам сыяқты! Әйтеуір көпшілікке ол солай қыймыл жасайды. Көпшіліктің алға басуға батылы бармайды, олар не нәрсеге болса да немқұрайды қарайды, ал Пелле болса, оған ешқандай қарсылық жасамайды, әйтеуір сол көпшілік өзінің тілін алса болғаны, соған разы.

Мортен тәуір кезеңнің тууын күтіп, мүмкіншілігінің келгенінше ескі достықты бұзбауға тырысып Пелленің осы қылығының өзін қарсы алуға әзір болды. Егер Пеллемен және сол Пелленің соңына ерген қалың жұмысшы бұқарасымен арадағы байланыс арқауын үзсе, өмір дегеннің өзі қаңыраған бір бос нәрседей болып көрінеді оған.

Бірақ Пелле жанында Мортен болмаса, бейнебір түйетайлы көлбеуден құлап кетермін деп қорыққандай-ақ, оны жанынан қалдырмай қоса ала жүрді. Әлде мұнысы шын көңілі емес пе екен? Пелле өзінің ескі досы мен серігін кездестірсе-ақ болғаны, табан астында араларын ашуға себепкер болған нәрселердің барлығын да айта бастайтын. Мүмкін ол өзін қазіргі күйге жеткізген жағдайға опасыздық жасап кетуге ойы барын сезініп Мортенді серіктесі қып алмақ болар?

Мортен реформизмге деген Пелленің бейімі мен социал-демократияның жалпы пікірілінің арасындағы байланысты анық көрді, бірақ ол шетелдерде не болып жатқанын

жөнді білмейтін, тіпті білгісі де келмейтін Пелленің жұртпен бірге неге тау етегіне қоса домалауға тиіс екеніне түсіне алмады. Жерұйыққа жетеміз деп бір кезде Моисеймен және оның халқының шеккен азабындай, әлде, бұл да табиғаттың заңы ма екен? Қалай дегенмен де, әйтеуір бұл — бір орнында тұрып жүгіру, немесе, шырқобелек айналып, бір орыннан шықпау. Олар бірінің өкшесін бірі басады, бірақ алға жылжымайды, сөйтсе де жаңа заманға келе жатырмыз деген соқыр сезімнен айрылмайды.

Мортен мен оның аздаған ақылдас достарын дау-жанжал таратушылар, жолдан тайғыш жалтақтар деп атады; өзіне таңылған осы кінаның қыйсынсыз бір қыңыр кіна екенін ойлағанда Мортеннің күлмеске де шарасы жоқ еді. Бұрынғы бағыттан таймай жүргендер соның өзі мен сол бір азғантай ғана топ емес пе еді! Бірақ ешқандай қыйсыны болмағанмен де осы бір кіна сөз өзінің дегеніне жетті; жұмысшылар «штрейкобрехер»¹ деген балағатау сөзді қандай жек көрсе, оны да сондай жек көріп кетті. Айтыс қыза келген кезде, бұрынғы алған жолынан тайып отырған жалтақ өзі бола тұрса да, Пелле ұялмай-қызармай бұл сөзді Мортенге айтатын. Сол кезде Мортен «бонза» деген балағаттау сөзбен жауап қататын. Бірақ Пелле тап бір өзін өзі рақат жайда сезінгендей болып, тек күліп қана қоятын.

Мұндай шектен тыс насырға шабу тым жиі болған жоқ дейік. Әдетте, екеуі бас қоса қалған кезде, Пелле өзін әлі де болса келісерміз деп ойлайтын мейірімді ескі жолдас ретінде ұстайтын да, досына көп тиісе бермейтін. Халық соның соңына ергендіктен оған жеңілдік те бар еді, Пелленің қалың нөкеріне қарағанда, Мортенді жақтайтын азғана топ — қайыршыны молаға апара жатқан азын-аулақ адамдар тәрізді әсер тудыратын еді.

Бәрінен бұрын Мортенде істейтін іс көп болғанмен, қолдан келер шамалы деген ой азаптайтын. Жұмысшылардың Мортенге деген мейірімді, жылы сөзі әрқашанда, әсіресе, көзбе-көз оңаша кездескенде табылып бағар еді, — өйткені енді олар үлкен ерлік көрсете алмай қалды, бірдемені істемес бұрын ең әуелі қаймыға жаутаңдап басшыларына қарайтын болды, бірақ Мортен өздерімен бірме-бір оңаша қалса, олар еркін де ашық әңгімелесіп, бұрынғы әдетінше

¹ Ш т р е й к о б р е х е р — немісше Streikbrecher көтеріліске кедергі жасаушы деген сөз. Көтеріліс кезінде кәсіп иелерінің, өндіріс қожаларының шақыруына еріп жұмысқа шығатын адам; жұмысшылар мүддесінің жауы.

онымен «сен» деп сөйлесетін. Пеллеге олар қашанда болма-сын «сіз» дейді.

— Көрдің бе,— дейтін олар Мортеннің жанына келіп, оның сөзінен кейін,— әрине, сенікі дұрыс; іс түсінікті, жағдай жаман, ешқандай алға басу деген жоқ! Амал бар ма, біз әйтеуір, бірдеме қылып, өмір сүрерміз, ал болашақты біздің орнымызды басатындар орнатсын; уақыт өзгеріп отырады, дегенменде, әйтеуір, отан деген нәрсе бар ғой, әсіресе ол соғыс кезінде қадірлі! Ертеңгі күннің отаны — атақ та, даңқ та! Бірақ егер жұмысшылар соғыстың қайнап тұрған кезінде көтеріліс жасаса, бүгінгі отанның көрген күні не болмақ? Сен тым шырқап барасың, біз соңыңнан ілесе алар емеспіз.

— Я,— дейді екінші біреуі,— және де мынадай бір мәселе бар, сен трибунада сөйлеп тұрғаныңда, өзіңнен өзің кіп-кішкентай болып көрініп, нақ бір қармақ жұтқан трескадай сезінесің, өмірдің бізден нені талап етіп отырғанын, біздің қаншалықты аз іс істеп отырғанымызды тағы, тағы сол сыяқты ұлы мақсаттарды айтқанда, іші-бауырымыз ақтарылады... Оданда сен мұныңды қой! Сайтан алғыр, біз бір қатын-баламыздың қасында аз да болса тыныштық өмір сүре тұрғымыз келетін жандармыз. Ал анау қарызға алған мебельдерімізді қайтпекпіз? Ешқандай пері сенбейтін осына бір болашақтың мақсаты үшін күреске араласып, осының барлығына да тәуекелге бел байлағанымыз ба? Біздің бір кезде бар билікті өз қолымызға алатынымыз да белгілі, басқаша болуы мүмкін де емес! Бірақ ол бізге өз бетімен келеді. Кеше Пелленің өзі біз капиталды экспроприациялаудың нағыз берік жолында келеміз деген жоқ па?

Я, Пелле ешуақытта уақ-түйекке мән бермейтін, ол жұмысшылардың қағажу қалдырған нәрселерін бетіне баспайтын, қайта көптеген жетістіктерін көрсететін,— мысалы, олардың барлығының да, тіпті, жай күндердің өзінде былғары аяқкиімдер киіп, электр жарығын пайдаланатынын айтатын. Бұған Мортен ешқандай қарсылық жасай алмайтын. Пелле, сөз жоқ үмітшіл. Ол сөз сөйлегенде, тіпті, үстіңде көйлегің жоқ болса да, келешекте қарық болатын сыяқты болып көрінесің. Оның сөзін естудің өзі бір тамаша еді, тіпті кешегі сөзін-ақ алайықшы, «біз, жұмысшылар, барлығын да өз қолымызға алдық, бізге енді тек экономикалық бостандық қана керек»,— деді ғой. Өзінде әлі де болса от бар, әлі де болса соғыс ұранын ша-

қыра алады, бұл жағына келгенде ол бүтіндей сол баяғы күйінде қалған. Бірақ, әрине, оның көптеген адамдардың қас-қабағына қарауына тура келді, барлығына бірдей жалғыз өзінің жауап беруі де оп-оңай емес қой.

Мортен сырттан қарағанда, әлбетте, жақсы-ақ, бірақ ол әке десең де ешнәрсеге жауап бермейді,— демек, қызыл тілді безей берудің ешқандай ауырлығы жоқ!

— Жоқ, ал болашақ алдында ше?— дейді Мортен наразылық білдіріп.— Болашақ алдында менің де жауапкершілігім бар!

Бірақ мұны ешкім де келелі сөз ретінде қабыл алмады: егер кім де кімнің балалы-шағалы болғысы келсе, балалары өз бетімен күн көрсін деген сөз ғой. Ал балалы болғысы келмейтіндер... баладан қашып құтыла алады...

Мортеннің етене жақтастары көп емес еді. Аздығына қарағанда, әйтеуір, өздерінің белгілі бір мөлшердегі қайсарлығы жағынан теңесіп, сөзге оңайлықпен дес бермеді: олар ала ауыздық тудырудың ашытқысы болып, партияның ескі орталығына үнемі қауіп-қатер төндіріп отырды. Оларды Мортеннің өзі де солай ұшықтап қойған еді. Пелле оларды дау-жанжал таратушылар деп атады, сірә, ол ішінен бұлармен енді тәжікелесіп айтыса бермей-ақ, мықтап тұрып өздерін қолға алатын уақыт та болып бақты деп ойлаған болу керек. Бұл адамдардың көпшілігі жаға салмайды, жұпыны ғана сұр кепкеден басқа баскиімді де керек қылмайды; көпшілігі үнемі жұмыссыз жүреді. Олардың «Өмір үшін күрес» газетін сатамын деп суық сорып бозарып, инеліктей қатып үй-үйдің есігінің алдында тұрғанын, немесе қос-қостан шұбырып, село-селолардың арасындағы жолдарда босып бара жатқанын, әлде шаруа сарайында немесе шөмеле түбінде түнеп жатқанын, сөйтіп ақырғы башмағының да сілімтігін шығарып жүргенін көресіз; кейбіреулері паразиттерден қорғану үшін көйлектерін маймен майлап алатын. Бұларды жұмысшы табының көркі деп әсте атауға болмайтын еді! Аз да болса, тұрақты жалақысы, нашар да болса, екі бөлмелі пәтері және ас үйінде іске жарағысыз болса да пианиносы бар көрнектілеу жұмысшылармен бұлардың арасында түпсіз бір терең шыңырау жатқандай еді. Бұларға деген Мортеннің ықыласы тілмен айтып жеткізгісіз, қашқанда болсын қым-қыйғаш төбелес шығарып, отанға кеселін тигізіп жүретін антимилитаристер еді олар.

Пелленің ойынша оларда бір қаталдық пен ашқарақтық

бар, капитализм жөнінде әңгіме етсеңіз болды, күйіп-піседі. Енді ескі ұрандар олардың тамағына кесе-көлденең тұрып қалды. Әйтеуір, өздері өмірден орын таба алмай-ақ қойды, жұмыссыздар үшін берілетін жәрдемнің ережелерін тәлкек етіп, жұрттың бәрі де жұмыспен қамтамасыз етілетін болсын деген талап қояды. Егер жұмыс жетпейтін болса,— жалақыны толық сол күйінде қалдырып, жұмыс уақытын азайту керек! Ақмақтық, қыйсынсыздық! Нақ бір шетелдермен екі арада бәсеке деген жоқ сыяқты. Жұрттың бәрі де осыншама ақылды болып бұлай етуге болмайтынын біліп алыпты. Өзі мардымсыз жалақыны жұмыссыздармен қоса бөлісіп алуға бола ма — жоқ, иіле тұрып рақметімізді айтамыз!

Бейбітшілік жолымен даму туралы айтсаңыз болғаны, олар келеке ете иықтарын бір бүлк еткізіп қойып, тап бір барлық бәле миллионерлерде тұрғандай-ақ, солардың күннен-күнге өсіп, қаулап келе жатқанын айтады! Бұл арада, әрине Пелле ақылдырақ «Миллионерлермен тату болу керек, ақша соларда ғой!» — дейді ол. Әйтеуір, осы бір қаңғыбастардың есіл-дерті ауқатты жандарға әлек тудыру. Бірақ, амал барма, олардың белгілі бір мөлшерде жастарға да ететін әсері бар. Және оларды Мортен де қуаттайды.

Әдетте, адам жылдан-жылға сақ бола бастауы керек қой, ал Мортен керісінше барған сайын қызара түседі. Жұмысшылар қозғалысына басшылық беретін органда жауапты қызметке ие болып, жақсы өмір сүріп, құрметті адам да бола алатын еді. Оның орнына ол қара су ішіп, қара нан жеп күн көріп, осына бір «кепкелілерден» қол үзбеуді артық көреді! Бір анығы Пелле екеуі кезінде қаншама жақын болғанымен де, бірі мен бірі жараса алмады. Пелле цилиндр мен фрак кигенді жақсы көретін еді. Қандай ғана болмасын қалалық мейрамның сырт көрінісін бейнелеген газет суреттерінде ол тамашадай көрнекті болып, қолына шампан шарабы құйылған бокалды ұстап, түйме ілгегіне орхидея¹ гүлін қыстырып, кеуделері торсыйған, егде тартқан екі етженді әйелдің ортасында келе жатады. Әрине ол қазір баяғыдай басына кепке, үстіне жағасыз жай көйлек киіп жүретін Пелле емес! Жұмысшылар қозғалысының орасан зор табысқа жеткенін жоққа шығаруға болмайды; Пелле жұрт құрметіне ие болды, сөз жоқ, ол өкілдіктің маңызын да көрсете білді.

¹ Орхидея — жұпар иісті, гүлінің түсі де өте тамаша тропикалық өсімдік.

XVI

Сежыя азғыны

— Мен шын айтамын, сенің ағаңды, Виггоны, әйелімен шақыру керек,— дегенді айтты бір күні Мортен.— Мен олардың семьядан бір жолата қол үзіп кеткеніне абыржымай тып-тыныш отыра алмаймын. Ал өз беттерімен олар өмірінше де келмейді, тіпті әке-шешесінікіне де бармайды.

— Ал папам мен мамам екеуі оның келмегеніне тіпті қуанышты да,— деді Вера.

Кемпір отырып, кім болса, ол болсын, баланы өз туған үйінен ажыратып жіберген дұрыс емес қой деп аңлатып қалды. Мүмкін, ол өзінің анда-санда ептеп барып жүретін Йенсенін есіне алған шығар? Мортен шешесінің тұспалын түсіне қойды, Вера да түсінеді, өйткені қапелімде:

— Тіпті туған-туысқандарын танығысы да келмейтін семьялар да бар ғой,— деп салды.

— Сен менің ағамды, Йенсті айтасың ба? — деді Мортен.— Бірақ оның жөні бір басқа. Егер бір-бірімізбен қарым-қатнас жасай бастасақ, одан оның да, менің де алатын ләззатымыз жоқ қой деп ойлаймын. Ал Вигго болса, маған әрқашан да ақылды жігіт тәрізді болып көрінеді де тұрады. Мүмкін сендердің семьяларыңның ішіндегі ең бір дарындысы да сол болар,— деп қосып қойды ол күлімсіреп.

— Ой, ол қашан да болмасын семья ішіндегі бір азғынымыз еді! Үнемі өз жолымен жүріп, әкей мен шешейді де, біздің бәрімізді де, сынағаннан басқа түк бітіретіні жоқ. Петер онымен өмірінше жараса алмайды. Және де Вигго «Сағатқа», тағы басқа сол сыяқты жерлерге барып жүреді... және әзірше үйленбегенмен де, өзі бір қызбен бірге тұрады.

— Ал Петердің несі артық? Әкеңнің өзі де айтады: ай сайын бір жаңа жар тауып алады дейді.

— Ол жай әшейін қыдырады. Ал Вигго болса, қызымен екеуі жұрт қөзінше ашықтан-ашық бірге тұрады.

Мортен мұның өзі Виггоның жақсылығын көрсетеді дегенді айтты. Кемпір өзінің не ойлауының керек екенін де жақсы білмеді. Сүйіскен жандардың сүйретіліп жүре бергенін ол жақтырмайтын еді, оның ойынша, қызын алып, Виггоның қалалық басқармаға баруға әбден мүмкіншілігі бар еді. Ол жерде төлейтін он кронын тірнектеп жыйнап жүрген өз ақшасынан-ақ берер еді. Бірақ Вигго дегенмен де сенімді адам!

— Мен оған хат жазамын,— деп аяқтады айтысты Мор-тен.— Оған да, әйеліне де жазам.

Вера тыжырынып қалды.

— Әйелінің өзі екіқабат. Менің саған айтатыным сол: мен сол кезде өз үйіме кетемін. Ағайымды да, оның ұлын да қарсы алғым келмейді... Тіпті оның өзін, не дерімді де білмеймін! Менікі дұрыс емес пе, әже?

Бірақ кемпір Мортен жағына шықты: мүмкін бір кездерде Мортен мен Йенстің арасы да оңдалар деп үміттенген болар.

Сөйтіп, бір күні кешке әйелін ертіп Вигго келді. Вера айтқан сөзінен айнымай, үйіне кетті.

— Міне мынау менің Герда дейтін сүйіктім,— деді Вигго.— Біз сіздерге трамвайдың ақшасын үнем етіп жаяу келдік.

— Я, оның есесіне аяқкиімдерің мен көйлектеріңді құртыпсыңдар ғой,— деп сөз жалғады кемпір.— Кедей сорлының үнемі белгілі ғой.

Олардың сүйретіліп жаяу келгені айтпаса да белгілі: жаңбыр жауған еді, аяқтары тізелеріне шейін былғаныпты. Үстеріндегі киімдері де ылжырап, тап бір киімшең ұйқтағандай-ақ ұйпа-тұйпа болып қырысып қалыпты. Өмір қыспағын көріп, қыйналған жандар екені бесенеден белгілі. Виггоның екі ұрты суалып, жағы қушыйып қалыпты да, Герданың (ол өзі екіқабат еді, пальтосының қаусырмасы да қарнына жетпей тұр) мұрыны сорайып, көзінің алды қалталанып кетіпті.

— Ой, бишара-ай, су өтіп кетіпті-ау,— деді кемпір мүсіркеп, әйелдің пальтосын шешуге жәрдемдесіп жатып.— Сенің енді сақтанып жүруің керек,— деп кемпір Герданың ауыр тартқан денесін аялай сыйпады.

— Әлі жұмыссыз жүрсің бе, Вигго! — деп сұрады Мортен, олар отырғаннан кейін.

— Тек кездейсоқ бірдемелер кездесіп қалады. «Пролетарии» газетін таратамын, бәрі де әйтеуір, сол сыяқты жұмыстар. Тұрақты бірдеме алудың қыйсыны келе қоймас. Қара тізімге іліккен адаммын ғой. Істеген ісімнің алға басып, әлгі біздің бонзамызды керек қылмай, кекжиіп жүрген қожайынмен айқасып та қалу үшін, тіпті, олардың аздап шамына тиіп, ашуландырып та алғым келеді. Бірақ Герданың жұмысы жеткілікті: ол өзі жаға тігеді; тек онсына тым аз төленеді. Ал келесі жұмада, сірә, іс машинасын алып та қояр,— жарна төлейтін уақыты да өтіп кетті.

— Я, жағдайларың нашар екен! Ал сендер жаға тіктіретін фабриканттан аванс ақша сұрмайсыңдар ма, немесе машинаны өз атына неге көшіріп алмайды ол?

Вигго күліп жіберді.

— Ол өмірінше өйтпейді! Неге өйтсін? Шұрт соның қарауында жұмыс істеуге право алу үшін қырмысып, бірнеше сағат бойында басқшыында тізіліп кезекте тұрады, тіпті аяқ жағы созылып далаға да шығып кетеді. Ол өзі несиенге іс машина сататын фирмамен ауыз жаласып алған ба деп ойлаймын.

— Қой! Мұныңның өзі тыншылыққа ұқсас екен. Біздің еліміздегі тәртіптің өзі мұндай тым жексұрын, пасық тәртіп емес қой!

— Бұл осы жуырда ғана қауыпсыздандыру қоғамы жөнінде газетке басылған оқыйғадан жаман емес қой — үнді тонап-талаудан қауіпсіздендіретін қоғамның өзінде бірнеше тонаушылар болған, олар ең әуелі сол тонаушыларын аз суммаға қауыпсызданған үйлерді тонауға жөнелткен де, артынан сол үйлерге жаңадан қауыпсыздандыру жүргізу үшін агенттер жіберген.

— Ой, бұл оқыйға мұнда болған жоқ қой. Жаңылмасам, Лондон да болуы керек.

— Бізде онан тәуір ғой дейсің бе? Не айтатыны бар, бұл бір, өте ғажап нәрсе. Тігінші іс машинасының барлық жарнасын төлеуге жақындап, енді жуық арада құтылатын болдым деп қуана берген кезде, тап сол арада, фабрикте оған жұмыс жоқ болып шыға келеді. Сөйтіп келесі жарнаны төлеуге тігінші мүрсат сұрауға мәжбүр болады, сөйтіп жүргенде бір тамаша күні келеді де, дат дегізіп машинаңды алады да кетеді.

— Сөйтіп менің екі машинамы алып қойды,— деді Герда ызалы күлімсіреп,— екі жолы да жарнаны түгелге дерлік өтеп қалған едім. Ал енді үшіншісімен де қоштасып, басынан қайта бастауға тура келеді.

— Я, менің Гердамның өзі бірбет, өжет әйел! Сабанда өрмелеген құмырысқа тәрізді: қаншама лақтырып тастасаң да болмайды, тырмысып қайта өрмелейді. Басқа бір фирмадан өзіне машина да қарастырып көріп қойды; қайткен күнде де бірдемені арман етпесе отыра алмайды!

Мортеннің жігері жасып қалды. Бұл бір өте жан күйзелткендей жайсыз оқыйға еді! Ол бұл бір ерекше оқыйға болғайақта деп тіледі. Әйтпесе, қоғамдық құрылыстың барлық саласы да сау тамтығы қалмай шіріген болуы керек,

жер бетінен енді құрып, оның құлауы да керек! Бірақ қайда көз салса да, барлық жерде де бірдей кедейлер жұрдай болып тоналған; және осы тонаудың барлығы да дүниедегі бір ең табиғи нәрсе ретінде заң аясында,— буржуазиялық-демократиялық заңның аясында тоналған!

— Бұл қалай, осы жақын арада ғана кедейлерді күйзелтіп, несиеге сауда жасайтын мекемелерге тыйым салынған заң шыққан жоқ па еді? — деп сұрады Мортен, бұл заң әлі күшіне кіріп үлгере қойған жоқ қой деген әлсіз сеніммен.

— Заң шыққанына бірнеше жыл болды, онда сен, сірә, шетелде болуың керек. Айтпақшы, осы заңның шығуына әлгі бір сорлы тігінші жөнінде жазған сенің әңгімең себепкер болды. Бірақ акуланы ауыздықтауға бола ма? Шын мәнісінде біз сыяқты кедейлерді қорғайтын заңды көрсетші,— жоқ, соның өзін алдамшы етіп, көзге көрсеткені де жетеді! Әрине, енді нәрсені тартып алмас бұрын фирма әуелі оны бағалап, тіпті кедейдің артық төлеген ақшасын қайтып та беруі тиіс. Бірақ бұл дүниеде осы акуланың аузына артық түсіп кеткен нәрсесін қайтып алған кедей болып көрді ме екен? Оларға қашан да болмасын аз болады да тұрады.

— Машинаға қанша берешек едіңдер?

— Он крон. Ал егер соны беретін болсақ, біз машинаның бағасын екі есе төлеген болып шығамыз. Қолма-қол ақшасын төлеп алса, отыз сегіз крон тұрады, ал біз қазірдің өзінде алпыс бес крон төлеп қойдық.

— Бұл он кронды мен-ақ өтейін.

— Көптен-көп рақмет саған! Бірақ, машина түкке тұрмайды ұстала-ұстала әбден ескіріп, салдама болып қалған, фирма жаңа машинаның есебінде әкеп бізге тапсыра салған, әйтеуір. Қайта алса, ала берсін салдамасын.

Мортен мен шешесі екеуі зығырлары қайнап, қатты ызаланды, бірақ Вигго тек иығын ғана қағып қойды да, Герда өзінің бағынышты мүләйім күлкісімен езу тартты: оларды ешнәрсе де күйзелте алмайтын еді.

Кемпір сыра мен шайнама тамақ әкеп берді: маринадталған селеткелі, сүрленген шұжықты, ірімшікті неше түрлі тамаша бутербродтарды әкеп қойды.

— Сонан соң кофемен сыйлаймын,— деді ол,— нағыз кофемен. Ондай кофені еш жерден де таба алмайсың, бірақ біздің бақшамызда ондай кофе әлі де болса бар,— тек үнемі алып тұратын тұрақты алушысына ғана сатады. Ол өзі бір әжептәуір оп-оңды адам, соғыс жағдайын пайдаланып баюға құштарланбайды, артық алмайды.

— Сірә, оның басы жөнді жұмыс істемейтін болса керек,— деді Вигго,— тіпті болмаған күнде де, осы жердің адамдары солай ойлайтын шығар! Соның ден саулығы үшін!

Вигго өзіне қала орталығынан орын қарастырған көрінеді.

— Бұл жөнінде әзір ешкімге айтпауым керек еді, өйткені аяқтан шалып қалуы да мүмкін ғой; бірақ қазір өзім бір өте тамаша көңіл күйінде отырмын. Тәуір адамдармен дастарқандас болудың өзі қайда жатыр! Сенің денсаулығың үшін, күйеу! Күйлі-қуатты болыңыз, әже! Бөтелкенің аузынан ішуге бола ма? Сонда дәмдірек болады.

— Егер ішкің келсе, жаман кепкеңнің ішіне құйып ішсең де мейлің,— деп күлімсірей жауап қатты кемпір.— Біз өзара отырғанда соншалықты төреситін жандар емеспіз.

— Осы оқыйғаны қара тізімімен қоса мөп-мөлдір таза суға апарып салса қандай жақсы болар еді,— деді ойлы пішінмен Мортен.— Бірақ қожайындар құтылып кетпес үшін ең әуелі материал жыйнап алу керек.

— Ал, оны сен қалай істейсің? «Пролетарии» газеті оған ешбір көңіл бөлмейді, «Жұмысшы» газеті өз мойнына өзі тұзақ сала алмайды, ал буржуазия газеттері, болса болмаса да, бізді қолдауға құштар емес.

— Я, сенің айтқаның жөн. Негізі «сөз бостандығы бар елде цензура дегеніңіз де өте қатты қызмет жасайды. Бірақ, мүмкін, «Түстік листок»... ол кей кездерде тәуелсіз болып, өз бетімен іс істейді ғой.

— Я, біздің басшыларымызды жарға құлатуға да ешқандай қарсылығы жоқ. Тек бұл газет өте сүйкімсіз!

— Жақындап кеп қарасаң, газеттің барлығы да сондай, Вигго.

— Тек «Пролетарии» ондай емес! Ол өзі бір өте сүйкімді газет,— деп қыза саңқылдай сөйледі, Вигго.

— Я, ол ондай емес. Бірақ онда да адалдығына толық сене қоюға болмайтын адамдар бар. Бізді көптеген арамтамақтар азық қылып отыр, Вигго... Жоқ, дегенмен де, «Түстік листокқа» барып көруім керек қой деп ойлаймын. Бірақ, егер қатты дау-жанжал шығып, керіл басталып кететін болса, мені «Пролетарии» газетінде жақтауыңа тура келеді.

— Вигго уәдесін берді.

— Және біздің жалақымызбен де аздап айанлысуың керек еді ғой сенің. Құдай біледі бір қыйсынсыз нәрсе : біз жұртқа нан мен пирог пісіріп береміз де, өзіміз тоя жеуге

мүмкіншілік ала алмаймыз! Көтерілісте шығара алмаймыз: үкімет табан астында бәрімізді әскерге шақырмақшы болып қорқытады; онда біз нан пісіретін жерде, әскер қатарына шақырылған адам ретінде, жұмысты тегін істеуімізге тура келеді. Бізге: егер аштықтан азап шеккілерің келмесе отанға қауіп-қатер төндіресіңдер дейді. Неткен былшыл!

Мортен шынында да мұның нағыз барып тұрған қыйсынсыз нәрсе екеніне қосылды.

— Бірақ жұмысшылардың өздерінде де кіна бар ғой деген ойдан арылғым келмейді. Қандай ғана ел болсын өзіне лайықты қожайындарға ие болатыны белгілі ғой.

— Бізге, оппозицияның мүшелеріне, мұның ешқандай қажеті жоқ,— деп тіке жауап қатты Вигго.— Біз Пелленің саясатын қалқан қып көтеретін адамдар емеспіз.

— Сіздер негізі ешкімді жақтамайсыздар. Білгілеріңіз келмеген нәрсені білесіздер де, білгілеріңіз келетін нәрсені білмейсіздер!

— Олай болса, бізге келіп қосыл да, қандай кемшіліктеріміздің бар екенін көрсет. Біздегілердің көпшілігі сені өз қатарында көргенін жақсы көреді.

Бірақ Мортенді бұл сөз қызықтыра алмады.

— Сіздер маған өте-мөте белгілі сектантсыздар, сіздердің көздеріңізді қаптаған шел бар, аяқтарыңыздың астындағыдан басқа ештеңені көрмейсіздер! — Мортенді әртүрлі сектантство Борнхольмде жүргенде, жас кезінде-ақ, жеркендіріп біткен еді.— Мұндай сектанттар жұртты жарымжан қылғаннан басқа ештеме бітірмейді,— деді ол сенімді түрде.

— Біздің жерге олардың қандай ақмақтық істер жасағаны бір құдайдың өзіне аян. Өздері сыяқты көрсоқыр болып тумағандардың барлығының да қыр соңына түсіп, қандай жаза қолданбады дейсің олар! — деп сөзге кемпір қыза араласып кетті.— Мысалы өзімнің күйеуімді-ақ алайық: олар оған түсіне алмай жүрді; олардың ойынша ол не нәрсеге болса да тым кеңінен қарайтын адам болды. Жоқ, Мортен өзінің кітаптарын жаза берсін, бұл өзі осыған шебер! — деп кемпір масаттанған пішінмен баласына қарады.

Мортен өзінің жазушы екенін, анасының да мойындағанына таң-тамаша қалып, шешесінің сөзін есі шыға отырып тыңдады.

— Сен, мүмкін, шығармаларыңды мен оқымады ғой деп ойлайтын шығарсың? — деді кемпір сөзін сабақтап, баласына бажырая қарап.— Сенің романдарың жөнінде мен

болуы жердің барінде де, ашықтарда да, және тағы басқа жерлерде де жүру әңгіме етіп бастады, және жазғандардың бұл бұрышты да жұртқа танытқан сөзін ты. Олар сөзін жазған кітаптарында тек келесілер жайы ғым көрсеткен сөз болды депті. Ал өмір бойы жоқшылықпен, мұқтаждықпен өскендер кейбір адамдар байлардың қалай тұратынын білгісі келеді. Сөзі, олардың да қардайсыз жайлары болатын шығар.

— Сөзі деп сену керек. Басқаша болуы мүмкін емес, маған. Бірақ оларды жазған адам менсіз де жеткілікті.

— Біз Вигго жергіз Мортеннің кітабын оқуды өте жақсы көреміз. — деп ақырын етіп Герда. — Үй суық болғанда, ортадан тамақ садап жатамыз да, бір-бірімізге душымызда шай ішіп отырамыз; сонда тап бір Мортеннің өзі бізбен бірге әңгімелесіп отырғандай болады. Өте сүйнімді. Мен бірдемені түсіне алмай қалсам, Вигго түсіндіреді. — Ол айтқанын айтқандай болып күйеуіне бір қарап қойды. — Ал сөзінің жері күшкентай ана жөнінде жазған кітабыңды бір емес бес рет оқыдым, біз оны халық кітапханасынан алып жүрміз. Бірақ кей кездерде бұл кітапты бірнеше айлар бойына күткім келуде тұра келеді.

— Демек, сіздерде өз жөншіңдеріңізде, бір данасы болу жағдайы қарастыруым керек екен ғой. — деп Мортен елжіреді.

— Керекі жоқ, — деп күле жауап қатты Вигго, — біз білім жатқа да білеміз.

— Өте жақсы, тамаша кітап. — деп келшір, — өйткені аяғымда шай ішіп шыққанша, барын де ұмытып қалдым. Демек, тағалай басымға бастап оқу керек; сөйтін тағы да ақпарат аламын.

— Сіз сондай тұтышақ па едіңіз, мама? Үй ішін басқаруымызға қарағанда, ондай емес сыяқтысыз ғой. Үйдегі жұмыстың көпшілігін осы кісі істейді. — деп ол қонақтарға. — Үйіңіз шаруашылықтың жөнін аса біле қоймайды.

— Ол тәрбиеден ғой, — деп түсіндірді Вигго. — Сайтан баласы ба, кемпір-шаладың неменеге тап болғанын: өмір бойы өздері кедейлікте тұрса да, қыздарына жөнді ештеме үйрете алмайтын. Байқайсыз ба, өздерінен қайткен күнде де өңшең бір бай-балталар шығуы керек болды!

Герда оны шымтағымен түртіп қалды.

— Жарайды енді, карттар сол қалпында-ақ қала берсін, — деп сөзін жалғастырды Вигго біраз үнсіз тұрғаннан кейін. — Бірақ өздерінде титтей де саңлау, ешқандай да

жон-жосық жоқ, нағыз барып тұрған топас мешандар. Олар қандай да болмасын бір кітап оқыйды, немесе идея ойлайды, не болмаса, аз да болса, бір ой ұшқыны бар нәрсені сезінеді екен деп ойламай-ақ қой. Олар артқы екі аяғымен жүруге үйренген, күйіс қайыратын жануарлардың ерекше бір тұқымына қатты ұқсар еді.

— Бұл, әрине, нағыз барып тұрған мешандық, — деп қостады Мортен, — олардың өзі осындай келеді, ұсақ саудагерлер мен кедей аймақтардың қолөнершілері — мешандар да енді өздерінің жұмысшы-клиенттеріне жағыну үшін жұмысшылар қозғалысына жанбайлай бастады. Сірә, кейбір айлакерлеу келген қулары да біздің Данияда эволюцияның¹ қай жолымен жүріп бара жетқанын сезіп қойған болуы керек.

— Сөйтіп осы мешандар бара-бара социал-демократтарға айналып кетеді ғой деп ойлайсың ба?

— Е, оның несі бар екен! Бірақ олар жұмысшыларды етектен басып, төмен тартып, өздері сыяқты ынжық қылып жібермесе игі еді деп қорқамын.

— Ынжық — бұл бір тым қаттырақ айтылған сөз болды-ау. Кезі келгенде жақсылап тұрып қағып-сілкіп, осы мешандарды да саясатқа үйретіп, қайта жасап шығарамыз деген сенімімізді жоғалтпаймыз.

— Олай болса, біз оларды босаңдар деп айтамыз; меніңше олар ешуақытта саяси белсенді бола алмайды. Мысалға сен өз әкеңді саяси белсенді бола алады деп айта аласың ба? Бірақ қазір біздің партиямыздың басшылығының ерекше назар аударып отырған нәрсесін, өкімет билігін, солардың қолына сеніп беріп қою қауіпті. Әдетте мешандық не нәрсеге болса да өзінше қарайды. Мешандар — ірі буржуазияның қолшоқпары: олар жоғарыға көтеріліп алды да, қозғалысты жалған жолға салып жіберді. Қаналушы таптардың қозғалысын капитализммен ұштастырғысы келді, осыдан барып дүние жүзіндегі барлық елдерде ертегідегідей қандай ғажайып, азғын айуанның пайда болғанын өзің де көріп отырсың ғой. Құйрығы мен басы есектікі де, денесінің жартысы ат, жартысы есек. Бұл сыяқты будандастықтың өзі жаратылыс заңына да қарсы, бірақ бір жақсы жері, олар келешекте өрбімейтін, өспейтін нәрсе.

— Демек, сен социал-демократияның күні қаран болды

¹ Эволюция — біртіндеп, білінбей өзгеріп даму.

деп ойлайды екенсің ғой? — Виггоның жүзі жайраң қағып кетті.

— Я, қазіргі социал-демократияның күні солай! Бірақ соғыстың нәрижесінде жаңаруы мүмкін.

— Ал онда мемлекет қалай болады? Демек, еңалдымен мемлекетті құрту керек пе?

Мортен мырс етіп, иығын бір қағып қойды. Бұл тақырыпқа Виггомен және оның жолдастарымен таласып керегі жоқ: олар капитализмнен де гөрі мемлекетке қарсы елеурей көтеріледі. Вигго Вера мен әке-шешесінің айтқанындай болып шықпады: ол көп оқыйды екен және Борупск жоғарғы мектебіндегі кешкі курске де қатысатын көрінеді. Мектеп әзірше оған белгілі бір көзқарас бере алмапты, қайта жолсыз жатқан «иесіз елге» тезірек қуып тығыпты. «Мен сыяқты, сірә, бұл да панасыз сезінетін болуы керек»,— деп ойлады Мортен.

Әдеттегідей бұл жолы да әңгіме толғағы жеткен мәселелердің айналасына үйріле берді. Вигго не нәрсенің болса да, жансыз, көңілсіз екенін айтты; рухани қуат алу үшін не нәрсеге барып жармассаң да, қаңыраған кеңістікке тап боласың.

— Жаңа Король алаңында ағылшындардың жұрт жыйнайтын конторасы бар, мен соған барып, еріктілер қатарына жазылсам ба екен деп бірнеше рет оқталдым. Өзім негізі ағылшындарға құлдық ұрып жүрген адам емеспін, бірақ, әйтеуір, қарап отырмай, бір нәрсе үшін шайқасу қажет қой. Жер шарының көпшілігі соғысып жатқанда, сен ешқайсысына қосылмай, текке жүресін.

Мортен мұның мәселе шешкендік емес екендігін аңлатты.

— Егер ұрыссатын болсаң, өзіңнің бірдемең үшін ұрысу керек! — деді ол.

Еркектер өз істерін кеңесіп жатқанда, кемпір мен Герда қастарында отырып өз алдына күңкілдесті.

— Жүр, одан да менің бөлмеме барайық,— деді кемпір, еркектер қыза-қыза кеп, қатты даурығысып кеткен кезде.— Мыналардың философия соққандарынан ештеме естілер емес қой.

Ол жас әйелді бөлмесіне ертіп әкеліп, кроватьға қыйсайтты да, өзі бір ағаш стулдың шетіне ғана ілігіп, қасына келіп отырды. Кемпір жантая отыруды жақтырмайтын еді.

Кемпірдің бөлмесі шағын болғанымен оны өзі жақсы көреді екен, комодын арзан қолды форфордан жасалған

уақ-түйек заттармен, шөпшай салынған алтынды вазалармен безендіріп тастапты, комодтың жоғарғы жағында алғашқы үйленген кездеріндегі күйеуімен бірге түскен суретінен үлкейтілген фотография ілулі тұр. Қуат отыр; ол күйеуінің иығына қолы эзер ғана жетіп, кіп-кішкентай ғана болып арт жағында түрегеп тұр.

— Бұл менің күйеуім,— деді ол мақтанып.

— Ой-ой, неткен алып! — деді таңданып Герда.

— Я, күш атасы бар еді! Сене бер, оның күштілігі сондай, сол күшінен өлді...

Кемпірдің даусы бұзылып, кемсеңдеп кетті; көзіне орамалын апарды да, сонан соң төсегінің бас жағындағы бамбук кроватта ұйқтап жатқан немере қызының үстіндегі кішкентай көрпесін оңдай бастады. Герда оның бүкірейген арқасын барып құшақтады, бірақ ләм деп ештеме айтпады.

— Қызым ұйқтап жатыр,— деп сыбырлады кемпір бір минуттан кейін көңілін басып.— Өстіп оянып келе жатсақ болғаны, қолымды созып уата қоямын; Мортенді еденнің үстінен жалаңаяқ жүгіртіп, аяғын тоңдырып қайтемін. Шешесі өлген адамдай тұяқ серіппестен ұйқтайды да, түкті сезбейді. Жастық шіркін сол ғой!.. Ал, сенде бәрі де дайын ба? — деп сөзін қайта сабақтады кемпір сыбырлап, қайтадан кеп отырған кезде.— Мұның өзі бірден келіп қалуы мүмкін,— әсіресе алғашқы балада солай болады. Сонда акушеркаға: мына жәшікте жаялықтарым, ал ана біреуінде — құрғатқыштарым жатыр деп айта алсаң жақсы ғой. Ой ақмағым-ай! — деп кенет қатты шаңқ ете қалды ол, екі алақанын соғып.— Шынымен-ақ дайын түгің жоқ па? — Эльза шошып, көзін ашып алды да, әжесінің отырғанын көріп, қайтадан жұмды.— Мұнда келші,— деп сыбырлады кемпір комодтың тартпасын ашып жатып, өзінің тым ашуданып кеткендігі сонша, тіпті тұла бойы қалшылдап қоя берді. Еркектердің саясаты жөніндегі әңгіме онсыз да айтылатын еді — саясатта ол кісінің жұмысы болмады, бірақ міне енді жарық дүниеге жаңа бір жан келуге тиіс — сол бір әсер бүтіндей тартып әкетті өзін.— Мынаны қарашы, қызым!

Суырмада жаялықтар, кіндік орайтын бингтер, баланың иткөйлектері (распашенкалар) жатыр екен; бәрі де тап-тұйнақтай.

— Ой, құдайым-ай, шынымен-ақ осыншама көп нәрсе керек пе? — деп сыбырлады Герда таңданып, кемпірдің қолынан ұстай алып.

— Я, егер толық сайлайтын болсаң, әрине осындай керек,— деді маңғазданып кемпір.— Мұның бәрінің де қандай болу керек екенін әлгі біздің фруымыз біледі. Бірақ өзінің енді балалы болғысы келмейді; осының барлығы да қайда болса, сонда шашылып, жоғалып кеткен еді. Мен мұнымыз дұрыс болмас, көптеген адамдар жас нәрестеге осындай жабдық тауып ала алмай зар болып жүр ғой деп ойлап, бас-аяғын жыйнап, тәртіпке келтірдім. Ал енді осының бәрін де сенің алуыңа болады.

— Оның өзі де...

— Әрине солай ғой. Бірақ түсіріп тастағысы келеді, өзі бір сондай ақмақ әйел! Қашан құтылғанша, сірә, енді маза да таппас. Одан да сен ала бер!

— Рақмет, әже,— деп Герда кемпірдің бетінен сүйіп, көзіне жас алды.

— Рақмет дейтін түк те жоқ! «Біреуге сор, біреуге ырыс» — деген екен бір нан пісіруші, бүргені қамырға қоса илеп жатып.— Кемпір бұл сөзді сергек те шыйрақ айтты: оның да көңілі босап кеткен еді, бірақ онысын сездіргісі келмеді.» — Ал енді, сірә, әлгі еркектерімізге де баратын уақытымыз болып қалды-ау деймін.

XVII

Кемпір келінін көндірді

Екінші рет жүкті болған кезде, Вера ол жағдайға тіпті көнгісі келмеді. Алғашқы төрт айдың ішінде ол көп жылап, түске шейін төсектен тұрмай, жатып алып жүрді. «Ой құдай-ай, әйтеуір көнді-ау»,— деп ойлады кемпір. Эльзаны да өзі бағып, шаруашылыққа да өзі бас-көз болып жүрді. Онша да мұнша жүріп алғаш рет бір нәрсенің билігіне қолы жеткен соң, кемпір адам таңғалғандай шыйрап, тіпті жасарып та кетті. Өзінің бұрынғы үйренген тұрмысына қарағанда, Мортеннің үйі тіпті бір бай-патшаның үйіндей болып көрінді. Кішкентай Эльза да күннен күнге шыйрап, есейе түсті, Мортеннің өзі де, ешнәрсеге қарамастан, аяғын жерге қайта тірегендей сезінді. Шешесінің немересін столдың үстіне отырғызып қойып, өзі билеп-төстеп жүрген кухнядан естіліп жатқан даусы да Мортеннің көңілін жайғастыра түскендей әсер етті.

Мортен де Верамен аз азаптанған жоқ; күндіз-түні бір-

дей құлағына құйып, көндіру керек болды. Оның өзі өте қыйынға соқты, өйткені қандай ғана семьяның болсын қапелімде басына күн туып, азын-аулақ қаражатымен күнінде көре алмай қалатын болғандықтан жалақы мен жұмыссыздыққа деген сенімсіздік жұмысшылардың әйелін тіпті мирас етіп, жарық дүниге жан келтіруге де қорқатындай халге келтірді. Бала табуды азайту мәселесі барған сайын етек ала түсіп, сол екі арада соғыс басталды да, мұның өзі аса бір келелі мәселеге айналып кетті. Жұмысшылар ортасынан шыққан әйелдердің наразылық білдіріп, бұл мәселе жөнінде әңгіме көтеріп жүргені, олардың аз-аздап сана-сезімдерінің де оянайын деген белгісі еді. Бірақ ол наразылықтың ешқандай қуаты да болған жоқ; көптеген көзбояушы алаяқтар осыдан қыруар пайдаға батты да, көптеген әйелдер ауырып қаза тапты, мұның бар нәтижесі сол ғана болды.

Вераның тұрмыс жағдайынан қысылып-қымтырыла қоятындай онша сылтауы бола қойған жоқ; бірақ ол «қазіргі жағдайда баланың туғанына өзің жауапты боласың» деген сылтауды айтып, Мортенге дүрсе қоя беруді үйреніп алыпты. Әлеуметтік мәселелердің исі мұрнына бармайтын Вераның енді осындай сылтауларды желеу етуді қайдан үйреніп алғанына қайран қаласын. Екіқабат кезінде өзі жүдеп, сұры қашып кетті, ал Мортен болса, Вера бірдеме етіп көмек көрсетсеңші деп өне бойы қадалып мазасын ала берген соң, сол өзі енді балгерлерге барып жүрмесе игі еді деп қорықты.

— Сенің таныс дәрігерлерің көп қой,— дейтін ол.— Араларында еркінойлылар болу керек!

Мортен күлімсіреп:

— Еркінойлылық дегеніңіз оларда, әрине, бүтіндей жақсы, тек әйтеуір, қалтаның қалыңдығы да болсын. Еркінойлылықтың мұндай үлкен көмекейін біз екеуміздің әмиянымыз толтыра алады екен деп ойламаймын. Жоқ, мен сені ондай операцияға берем дей алмаймын,— деп қосып қоятын ол байсалды пішінмен.— Одан өліп те кетуің кәдік. Тіпті тәуір жасалған күннің өзінде де ешқандай кәкірсіз өтуі мүмкін емес.

— Жұмысшылар ортасынан шыққан әйелдердің көпшілігі осы тәсілге қарай жүгіреді деп айтып жүрген де өзің ғой.

— Оның жайы бір басқа. Оларда саңлау жоқ; және өздері кей-кейде соның сазайын да тартып қалады.

— Ал байларда ше? Олардың баласының өте аз екенін өзің де жақсы білесің ғой.

Мортен иығын бір қыйқаң еткізді.— Верамен тәжкелесіп жатудың қажеті жоқ. Бірақ ешуақытта да баласын күрбан еткісі келмейді, және өзі ұл болайын деп тұрған баланы қыймайды.

Верамен тіпті келісе алмайтын болған соң, Мортен телефонмен оның апасын шақырды. Онымен тек Дагмар ғана келісе алады; Вера оның айтқанына көніп, айдауына жүреді. Алғашқы екі жылда олар сирек көрісетін еді, бірақ Эльза ойнауға келіп, ер жетіп қалғаннан бері Дагмар да жиі қонақ болып кетті. «Сендер емес, немесе сендердің қоңқыйған мұрындарың емес мені осында осына бір жас нәресте тартады да тұрады,— дейтін еді ол, өзіне біткен ашық мінезбен. Вераны ол «өтімді ізгілік» деп атайтын да, онымен өзі елеусіз еркелете қарым-қатынас жасайтын.

Алғашқы кезде Мортен мен Дагмар екеуі бір-бірінен аздап ұялып та жүретін еді. Бірақ күннен-күнге сыр мінез болып, жақындаса түскен сайын Мортен жүрексінуді де қояйын деді. Дагмардың өзі өте мейрімді, әрнәрседен бір жақсылық тауып тұратын адам еді; осы мінезінің өзі оны сүйкімдірек етіп көрсететін, өйткені оның әке-шешесінің үйінде жоғарғы таптан шыққан адамдардан басқа ешкімге де жылы сөз естілмейтін. Оның үстіне Дагмардың өзі кең қолды, мырза адам еді, кемпір дегенде жаны қалмай, оны өте қастерлеп сыйлайтын. Дагмармен сыр мінез бола тұрып, оны жақсы көрмеске болмайтын еді. Бірақ Мортен Дагмардың ажары көз тайқағандай келбетті бола тұрса да, оның қасына кеп отырғанда пайда болатын бір секемал сезімінен әліде болса арыла алмай жүрді; мұндай секемал сезімді біреудің ескі киімін кигенде сезінесіз.

Дагмар келгенде үйдің іші мүлде өзгеріп, бірден жарқырап, тұянадай болып кетті. Кемпірдің көзі жайнаңдап, Эльза қуанғаннан шыңғырып жіберді. Дагмар оны көтеріп алады да, құйындай үйріліп ұйқтайтын бөлмеге кіріп келді.

— Немене, иретіліп әлі жатырсың ба? — деді ол Вераға қоңыраудай сыңғырлай, жылы сөйлеп.— Жазаңды берер ме еді өзіңнің! Айтпасыма болмас — тым шолжақтап кеткенсің-ау, өзің.

Вера түсінбеген адамдай, айран-асыр боп таңдана қарады.

— Менің өмірімде түк те жоқ,— деп жауап қатады ол мүләйімсіп.

— Ай, қойшы сен! Жақсылап тұрып өзіңді қырнап алудың орнына, алақаныңа салып аялап отырған байың анау, сүп-сүйкімді балаң анау, жақын арада енді екіншісі де болады, оның үстіне кемпіріңнің өзі де бір ғажап адам, қайта сен садаға кет одан! — деп ол кемпірдің бетінен сүйген боп ернін шөп еткізді.

Басқа да адам емес, өзіңнің жандай жақсы көретін Дагмарының оған іші күйетініне Вера түсінбейді. Бұл бір тіпті басқа да кірмейтін қыйсынсыз нәрсе еді. Бірақ мұның өзі, дегенмен, оны шыйрата түсті де Вера абыржымай мерзімді күніне жетіп, аман-есен жарық дүниеге тағы да бір жас нәресте әкелді.

— Міне енді осымен бітті менің жас өмірім,— деді ол аянышты үнмен, көкірегіне баланы әкеп салғанда.

— Бұл Берлиннен аман қалғаныңның ақысы ма? Қайта сенің қуануың керек, жарқыным! Бірақ сен егер бақытсыз жандардың өміріне қызығатын болсаң, нағыз барып тұрған сорлының өзі болғаның. Ой, құдайым-ай, сенің жаныңның жарықшағы қандай көп екен, сірә!

Вера бақырып жылап жіберді.

— Мен бір бақытсыз сорлымын! — деп солқылдады ол.

— Аузың қалай барады бұлай деуге! — деп шаңқ ете қалды Дагмар, аяғымен жер тепкілеп.— Тоқтат енді еңірегеніңді, жас нәрестенің нәрін құртып отырсың ғой! Сорлы бала,— деді баланың үстіне төніп.— Жақсылап дәмді етіп берудің орнына, шешең қайта жылап-еңіреп сүтін бұзып отыр.— Оның даусы біртүрлі нәзік шықты; баладан кеудесін көтергенде, көзінде жылтыраған жас көрінді.— Егер сен ақылды болып, баланы жақсылап емізетін болсаң, мен саған ең тәуір деген жібек көйлегімді сыйлаймын, деді де, көзін сүртті.

«Шіркін осы баланы өзі тапқан болар ма еді, баланы тамаша жақсы көреді!» — деп ойлады Вера. Даусын шығарып:

— Олай болатын болса, балаға алтын түйреуішіңді сыйла,— деді жүзі жайнап.

— Жарайды түйреуішімді де ала-ақ қой! Бірақ олай болатын болса, орныңнан тұр да, шаруашылықпен айналыс. Әйтпесе кемпір сорлы бар жұмыспен өзі алысады. Вера бағынышты пішінмен амалсыздан шұлығы мен көйлегіне қол созды. Дагмар апасы бала күнінде қандай болса,— қазір де сондай мейрімді; үстіндегі ақырғы көйлегін де шешіп беруге дайын.

Бұл жолы да қыз туғанына Мортеннің аздап көңлі де қайтып қалды. Кемпір туралы болса-болмаса айтатыны да жоқ. Вера жоқ жерде, тіпті, аузына келгенін айтып, балағаттап та жүрді.

— Түу, бұл несі өзі — қатарынан бірдей екі қыз тапқаны,— дейді ол тыжырынып.— Бірақ жоқтан бар шықпайды, ол белгілі.

— Мұнымен не айтқың келеді, мама? — деді Мортен.

— Не айтатыны бар; ұл балаға көңілдің көбірек түсуінің керек екені жұрттың бәріне де белгілі. Еркек жынысқа әйелден гөрі көбірек ықылас керек, оның өзі ұл балалардың көкіректі анағұрлым қаттырақ соратынынан-ақ белгілі. Сондықтан да оларға жаялық та шақ келмейді.

— Білесің бе, мама, мүмкін солай-ақ шығар... Бірақ қыз туарын туған соң, соның өзіне-ақ қуанамыз да. Барға мәзір ету керек қой.

— Амал бар ма! — деп құрғақ қана жауап қатты кемпір.— Қыз баланы ұл қылып қайта жарататын шебер бар дегенді естіген жан жоқ. Бірақ салқын жүректі адамдар тек қыз ғана табады деп бекер айтылмаған ғой. Ұл балаға материал көбірек кетеді. Қалай түсінсең, олай түсін!

Кемпір Верадан түңіліп кете қойған жоқ: барыня болуға тырыса берсе де мейлі, тек әйтеуір, мінезі жарқын болсын! Міне осы жағынан жетіспей жатыр: ол өзі айналасына жарық та, жылу да таратпайды. Мортен қалайша осыған үйленіп қалды екен — тіпті түсініксіз. Бірақ қалай дегенмен де, әйтеуір, соның әйелі ғой, демек онымен жақсы қатынаста болуы керек.

Вераның мінезінің Дагмардай жарқын емес екенін Мортен де іштей мойындап жүрді. Оның Дагмар жөніндегі әуелгі пікірі енді мүлдем өзгеріп кетті: оның енді апалы-сіңілілі екеуін үнемі салыстырып отыруға мүмкіншілігі болды. Сырт бітімі бір-біріне ұқсас болғанымен, мінездері неткен алшақ! Вера көп жарқылдап ашыла қоймайды, кей кезде бір жарқ етіп, қуана қалғанымен де, дереу тұнжырай кетеді. Ал Дагмар болса, тап бір жұртқа мейрім көрсетіп, қуанышты уыс-уысымен жаудырсам екен деп тілейтін шексіз бір құштарлықтың құшағында жүрген жандай қашан да болсын жарқын да жылы жүретін еді. Ешуақытта өзімшіл болып, менменсіп, тұнжырап жүрмейтін; сірә, оның күналі ісінің өзі де сол бір жаратылысының парықсыз жомарттығынан болуы керек.

Мортен тіпті сабақтары мен жыйналыстары болмаса да,

кешкілікте үйден жиі шығып кететін болып жүрді: үйінде жан тыныштығы мен от басының жарасымы жетіспеді, ал балалар болса, кемпірдің қарауында, жақсы қолда тәрбиеленіп жүр. Дагмардың әні мен тақпағын естіп, ара-арасында әңгімелесу үшін ол «Көк құсқа да» барып жүрді. Дагмар Мортеннің столының жанына келіп отырады да, екеуі майдандағы уақығалар мен күнделікті ұсақ-түйек жайларды әңгімелеседі. Мортен Дагмардың сахнада өзін-өзі қандай сабырлы, қасиетті етіп ұстайтынына таңқалды; ешқандай еркінсулік немесе сәкекүлдік, қылымсулық деген байқалмайды. Бірақ бірінші қатарда отырған шалдардың таяғымен Дагмарды аяғынан қағып, әрқайсының еркінсіп отырғаны Мортеннің ашуын келтірді.

Мортен үйге қайтып келгенде Вера жылап-сықтап, оны күстаналап, басына әңгір таяқ ойнатты. Бірақ Мортенге оның бұл істегендері шын көңіл күйінен туған әрекет емес, жабыққан көңілін жадыратудың әрекеті сыяқты болып көрінді. Көп кешікпей ол да көңілін басып, апасының қандай киім киіп шыққанын, оны жұрттың қалай қарсы алғанын құмарлана сұрай бастады. Вера өмірі бір көңілі жайғасып, сабырмен отырған пәнде емес.

Бір күні Мортен қаладан келіп столының үстінен бір хабарлама қағазды көрді: пәтерді босатуды талап етіпті. Қожайындар үй өзімізге керек дегенді айтыпты.

— Өзімізге керек болды деп жай әшейін айтады олар, — деді кемпір. — Мен айтсам: біз оларға тым мазасыз адамдармыз.

— Тым мазасызбыз? Қойшы, мама — деп Мортен таңданған күйі шешесіне қарады.

— Басының ұстамалы сақыйнасы бар, осындай көк долы барыняға үйлену — сор емес пе бір. Мұндай жыны ұстап, құрысып қалмайтын, жай әшейін бір қарапайым, шаруақолды қызға үйленуің керек еді.

Мортен ызалы жүзбен жазу столын жыйнастыра бастады.

— Вера мен Эльза қайда? — деп сұрады жабыңқы пішінмен.

— Қыдыра кетті; балаға бір жаңа пальто сатып алған екен — демек, енді сонымен жұрт көзіне көрінуі керек. Эльзаның өзі сол пальтоны кигенде нағыз мысықтың баласындай болып кетеді екен!

Кухнядағы плитаның үстінде бірдеме тасып кетті де, кемпір соған жүгірді. Сәлден соң қайтып келді де:

— Сен, сірә,— деді зығырданы қайнап,— әйелің жата қалып еңіреп, кей кезде, тіпті, бүтіл кварталды басына көтере ұлып қоя бергенде, жұрт естімейді ғой дейсін бе. Басқа әйелдер тәрізді ол да бала табатын болғандықтан жылап-еңірейтіндігіне сендіріп көрші біреуді. Жоқ, жұрттың бәрі де сен ұрып-соғады екен деп ойлайды!

Мортен құп-қу болып кетті.

— Жұрттың солай ойлайтынын оның өзі де өте жақсы біледі: «қойсаңшы енді, көрші-қолаң күйеуі ұрып-соғып ұстайды екен деп ойлар» — деймін мен. Онда ол: — «Сөйте-тіні де рас»,— деп одан бетер еңірей түседі.

— Қой, Вера өйтіп тым қыйсыңсыз өтірік айта қоймас!

Мортен тап бір зілмауырдай бірдемемен бастан періп кеп жібергендей, шешесіне зеңе қарады.

Шешесі Мортеннің қолынан ұстады да, мейірлене сыйпай бастады.

— Сен мұны көңліңе тым ауыр алып қалма, өйткені байқайсың ба, оның түсінігінше, ол сенен екіқабат болатын болса, тап бір сен оған қыянат жасайтын сыяқтысың. Бұл жердің жаңа модалы әйелдері бұған осылай қарайтын көрінеді.

— Саған тек әшейін Вера ұнамайды, мама!

— Жо-оқ жек көрейін демеймін-ау, ондай қыңырлығым да жоқ. Тек әйтеуір өзі адам қатарлы болып, жұртты күйеуі ұрады екен-ау деген ойға қалдырмаса болады да.

— Олай деп ешкім де ойламайтын шығар.

— Я, я, балам, сеніңше солай шығар; сен өзің жұрттың жайын білмейсің де, олардың бәрін тамаша жандар деп санайсың. Жо-оқ жұрттың бәрі де жаманшылықтың қандайына болсын қуана-қуана сенеді.

Шешесіне көрінгендей-ақ шынымен-ақ істің өзі тым нашарлап кете қойды ма екен; оған тек әшейін Вераның мінез-құлқына көндігу қыйынға соғып жүрген болса керек. Егер олай болмаған болса, екеуі баяғыда-ақ жақсы тұрып кеткен болар еді. Вера, не дегенмен де, оның келіні, ал кемпірге көп нәрсеге көндігуге тура келетінін өмірдің өзі-ақ үйреткен. Ол үй ішіндегі жұмыстың көпшілігін өзі атқарып, Вераны тұйыққа тығып тастайтын тәсілдерді де жиі қолданып жүрді. «Жоқ, бұл үшін сен тым маңызды барыңсың»,— деп жүрді Вераның қолындағы жұмысты алып жатып.— Бұған Вера ешуақытта дұрыс түсіне алмай-ақ қойды: не кекету екенін білмейді, немесе сыйлау екенін білмейді. Бірақ өзі сол кемпірге көп нәрселерге қарыздар: ба-

лалар көбінесе сонымен бірге болады, балаларын қызғану деген ой Вераның да басына кіріп шықпайды.

Басқа түскен жай Мортенді ойлануға мәжбүр етті. Демек енді, көшуге тура келді. Бірақ қайда көшеді? Жоғарысында да, төменінде де, оң жағында да, сол жағында да тұрғындары бар казармаға көшу — оттан қашып, жалынға тап болумен бірдей. Ол осы бір «жәшік» системасын жақтырмады, шешем аздап асыра сілтеп жібергенімен де, дегенмен, басқа жерлердің қай-қайсысынан болсын, мұндай үйде көрші-қолаңдарман қағысып қала беретін себептер көп болады деп ойлады. Осы соңғы кездерде Вераның жыны, әсіресе, дыбысының айналаға анық естілетін кезінде, түнде ұстайтын болып кетті. Шешесінің сөзі Мортенді шошындырып жіберді, Вераның бірдемелерді айта жылап-еңіреген дауысы жұрттың ұйқысын бөліп, қараңғыда қабырғадан қалай өтетіні де көз алдынан елес беріп кетті де, ол алдынала-ақ қалтырап қоя берді.

— Қала сыртының бір жеріне барып орналасқанмыз жақсы емес пе? — деді ол жігері құм болып.

— Оны өзің білесің, балам! Маған бәрібір, ал балаларға ол жақсы болар еді. Бірақ қаланы тастап кетуге тура келетін болса, Вера не айтар екен оған?

— Солай етудің керек екенін көргеннен кейін, мүмкін, үйреніп те кетер! — деді Мортен күтпеген жерден тіке жауап қатып. — Бұл мәселе жөнінде оған ақыл салар жайым жоқ.

Шешесі мақұлдап басын изеді: сірә өзінде, дегенмен де, еркектік жігер болса керек, бет әлпеті соны айтып тұр.

— Қала сырты тұруға да жеңіл болады, — деп қосып қойды Мортен аз үнсіз отырып.

Бұл сөзін кемпір де қостады. Нарық қымбаттаған сайын тұрмыс та ауырлай түсті. «Соғыс!» — дейді саудагерлер. Мұнда, астанада, жоқтан өзгеге бола жүгіріп жүргенің, ұзақты күнге қолыңнан әмияның түспейді. Және тап бір қайыршыдай емініп, тілеуің керек, — саудагерлер бейне бір мүсіркеп беріп тұрғандай болады. Ал деревняда тұрсаң күзді күні жылдық картошкаңды, сорпаға салатын тамырлар жыйнап алуыңа болады; мүмкін, тіпті, тұздалған шошқа етіне де қарық болып отыруың ғажап емес, жұмыртқа мен сүтті шаруалардың өз қолынан сатып алатын болар едік. Ал мұнда не болса соған зыр жүгіріп жүргенің. Әжептәуір семьясы бар адамға осы да шаруашылық болып па? Минут сайын біресе картошкаға немесе бір байлам шалғам-

ға, біресе он эраға алатын дайын қыжға, біресе бір кружке сүтке немесе бір стакан қаймаққа (айтпақшы, расында, оның өзі де қаймақ емес, сүт араласқан бірдеме) бола сабылып жүргенің! Вера мұның бәріне жай қарағанымен, кемпір бұл жағдайға әсте келісе алмай-ақ қойды: мұның елінде тек сіңірі шыққан кедейлер ғана осылай тұрады.

— Қайткен күнде де бағың болатын болсын, сол жағын қарастыр,— деді шешесі.— Деревняда жұрт не керектің бәрін өзі өсіріп алады.

— Бәрібір қыжды өзіңіз өсіріп ала алмайсыз ғой, ма-ма-ау! — деді Мортен шешесінің шамына тиіп.

— Не қара басты мені сондай-ақ? Онан да гөрі қыйынырақ нәрсені өсіргемін,— деп қызу, албырт жауап қатты да, масаттанған пішінмен қарап, Мортенді бастан аяқ бір шолып өтті.— Ой бұзақым! Өзіңе дүре керек боп тұр екен! — Кемпір жадырап, қайтадан көңілденіп кетті.

Шаруашылық жағдайының жолын тапқан соң, екеуі де жеңілденіп қалды.

Үй қайткен күнде де бағымен болуы керек. Мортен енді жер қазатын болдым деп күн бұрын дәмеленді: қаланың тас көшесін таптап бақты ғой! Және де суға шомылып, қайық есу үшін су жағасына жақынырақ орналасу керек.

Күндіз Мортен велосипедпен қала орталығына барды. Қалалық басқарма алаңында жер участкелерін сататын және жазғы орын жөнінде мағлұматтар беріп отыратын контор бар еді. Соған жетудің өзі қыйын болды, қала ішінде велосипедпен жүруді ұмытып қалыпты, әрлі-берлі жүрген халық өте көп. Соғыс жұрттың бәрін де көшеге қуып шығыпты; пәтер үйлер мен конторлар, мастерскойлар оларды сыйдырмай шығарып жатқан сыяқты. Астананың ең үлкен жұмысшы ауданының күре тамырындай болып есептелетін тап-тар Нэрреброгада көшесі иін тірескен қалың нөпір сыяқты болып көрінді. Экипаждар шолақ көшелерден айналып кеп тоқтап, қалың топтың сиреп, жол беру сәтін күтіп тұр; қолтықтарына портфельдерін қысып алған халық сол экипаждардың ара-арасымен сығылысып ілгері тартып барады. Соғыс зардабынан алтын іздеп аласұрған жандардай сәтті істердің соңына түсіп жүр олар. Ал көпшілігі сәттілікке сенбейді, тіпті, соны арман да етпейді, тек әйтеуір, сол бір дүрмекпен кетіп барады. Жұрттың дегбірі де қалмаған, бұрынғыдай бос, бей-жай күйде емес: көпшілігінің бет әлпетінде-ақ ғаламат бір қорқыныштың ізі бар, ертеңгі күннің алдында нұты қаша қорыққандай; енді кейбіреулерінің

бет әлпеттеріне қайткен күнде де жол бұзып шықсам екен деген бір ашкөздік, айуандық, қатулы құштарлық пайда болыпты. Тек өз бастарын ғана ойлап, жұрт бірін бірі итермелеп, ілгері ағылып барады, арбакештер мен көшірлер даурығыса айғайлап, балағаттап, аттарын сабалайды, автомобильдер үздіксіз гудогын береді. Велосипедтен түсіп, оны жаяу алып жүруге мәжбүр болған Мортен «Кольцоның» жанынан бір кемпірге жәрдемін тигізіп, көшенің екінші бетіне шығарып жіберейін деп еді, бірақ өзінің бұл дітінен бас тартуына тура келді: велосипед пен кемпір екеуін бірдей қоса алып жүруге шамасы келмейтін болды; ал велосипедті қалдырып кету қауыпты: жұрт ар-ұятты былай қойып, бірін-бірі ұрлай бастаған.

— Полицейский келгенше аялдай тұрыңыз, — деп дабыстады ол кемпірдің құлағына, сөйтті де өзі өліктерді қоршаған дуалдың бойымен жағалай отырып, өзен бульварына қарай тартты.

Бульварда жұрт көп екен. Ополчениенің¹ бірнеше солдаттары өздерінің жұмыстары мен семьяларынан айырғанға наразылық білдіргеннің белгісі етіп, тек іш киімшең ғана қалып, үстеріндегі әскери киімдерін шешіп фонарлардың басына іліп қойыпты. Өздерінің сыйықтары өте қызық, айналасын қоршаған жұрт даурығыса күліп, мәз болып жатыр. Кейбіреулер үстеріндегі күрткасы мен педжактарын шешіп алып, солдаттарға қарай лақтырады, олар соны киіп бұрынғыдан да гөрі қызығырақ бола түседі. Аяғы шидиген қызыл дамбалды бір солдат үсіне куртке киіп, құдды көкқұтан тәрізді болып кетті.

Қапелімде велосипедпен бір жас жігіт келді де, әрқайсысына екі-екіден шалбар тастады; топ «ура» деп шу ете түсті. Жас жігіт тротурардың жанына келіп, велосипедінен қарғып түсіп, оны бағанға сүйеді де топқа қарап тұрып:

— Мыналар қатын-баласы бар жұмысшылар, — деп дабыстады ол, антимиитаристерді² нұсқап. — Бұларды атжөн жоқ жұмыстан алды да, үстеріне әскери мундирді зорлап жапсырып, ополчениеге апарып кіргізді де жіберді, әйелдері мен бала-шағаларын аштан өлуге қалдырды. Бұлардың шыдамы таусылып болды! Мундирлерді маған беріңдер,

¹ Ополчение — жасақ (соғысқа жарайтын, бірақ әскери қызметінде жоқ яки жасы өткендіктен запастан шығып қалған адамдардан құрылған әскери адамдар.)

² Антимиитарист — соғысқұмарларға қарсы адам.

мен оны сендердің аттарыңнан басшыларға апарып тапсырайын.

Жұрт тұс-тұстан қол шапалақтай бастап еді, бірақ оған қалың топтың алдынан қапелімде шыға келген полицейский фургондары бөгет боп қалды. Полицейскийлер жыйналған топқа қарай тұра ұмтылды; қолдарына бүлдіргі өткізіп алған шоқпарларымен ешкімнің бетіне қарамастан оңды-солды жайқай берді. Екі полицейский бір жас бұзықты бағаннан алып шықты да, фургондардың бірінің жанына сүйреп әкелді; ол құтылып кетемін бе деп қатты бұлқынып та қояды, бірақ бұлқынған сайын басына шоқпар тиеді. Бұл оппозицияның жігіті еді; Мортенге бұл жігітті өзі «Сағатта» кездестірген сыяқты болып көрінді! Жоқ! Бұл соғыс жарияланған күні соғыс туралы өлең айтып тұрған жас жұмысшының өзі екен ғой! Мортен оны шоқпардың соққысынан басынан кепкасы ұшып кеткен кезде ғана барып таныды. Сол сәтте Мортеннің өзін де біреу арқасынан қатты итеріп кеп жіберді; сөйтсе арт жағында бір еңгезердей полицейский тұр екен.

— Жоғал! — деп бұйырды ол қырылдап. Мортен тандана қарады оған.

— Сіз тым қаттырақ қыймылдайды екенсіз, — деді ол. — Қайткен күнде де, осылай ету қажет пе?

— Өшір үніңді, жоғал деген соң жоғал! — Полицейский Мортенді бастан періп жіберуге оңтайланғандай, шоқпар кигізіп алған қолын шыйыра берді.

Мортен жалма-жан велосипедке қарғып мінді.

Велосипедін бір таныс газет киоскасының иесіне тастап, Мортен конторға барды да, өзіне керекті бірнеше адрестерді алып, сонан соң қалалық басқарманың алаңымен ірі газеттердің редакцияларына қарай бет алды, ол жерде соңғы соғыс телеграммаларын оқып тұрған Пеллені кездестірді. Пелле аса қатты қуанышпен қолын сілкілей қысты оның.

— Аса күшті емес қой, — деді Мортен болар болмас қана құныса түсіп. — Мен осы жаңа ғана сіздердің бір полицейскийлеріңіздің шоқпарынан эзер құтылып шықтым.

Пелле көзін бақырайтып жіберді:

— Шын айтасың ба?

Мортен бірнеше сөзбен болған уақығаны баяндап берді.

— Мал ғой, сол сіздердің полицейскийлеріңіз! — деді ол кекете күлімсіреп. — Бірақ сіздер соларды біз сыяқты қала адамдарын алдын-ала-ақ жек көретін, мәдениет дегенді

білмейтін помещиктердің атшыларынан әдейі таңдап ала-сыздар-ау деймін.

Пелле иығын бір қыйқаң еткізіп қойды.

— Бізге тәртіп керек, ал бульдог иті — тәртіп сақтаудың ең тәуір сақшысы. Ол ешкіммен сөйлесіп тұрмайды және ешкімнің әдемі сөзіне де құлақ аспайды. Мен тәрізді бол: мен тобырды көрсем болды, қыйыстап кетем.

— Сен әрқашан да сөйтетін едің ғой! — деп сөз қосты Мортен, қағыта күлімсіреп.

Пелле қолын Мортеннің иығына салды.

— Қашан да есіңде болсын, достым: өліктерін жерлеуді өлілердің өзідеріне тапсыр. Тірілер өмір сүру керек және қазіргі тіршілікпен өмір сүру керек! Өне бойы өткенді қаз-балай берген соң, ақыр аяғында, іш пыстырады. Кәне жүр, одан да погребке барып, бір-бір стаканнан ішейік те, әңгі-мелесейік. Тек алдын ала келісіп қояйық — саясат туралы сөз болмасын!

Пелле барған сайын бурылы көбейіп бара жатқан қою шашына өте жарасып тұратын сұр ағылшын костюмін ки-ген. Өзі толысып кетіпті, сондықтан да костюмі денесіне тығыз сыйып тұр. Пелле сенімді, байсалды, денесінің маң-ғаз қыймылы өзіне ерекше жарасып тұратын бір келбетті еркек еді. Ол өзі қаланың ақша қаражатын билеп және ригс-дагта жасырын шешілетін мәселерерді талқылауға қатысып жүретіндіктен халық арасында белгілі адам болып кеткен. Жандарынан өткендердің барлығы да соған қарап, көпшілі-гі, әсіресе жақсы киінгендері шляпаларын алып ізет етіп, иіле сәлемдесіп жатыр.

— Сірә, сіздің мұнда қазір жұмысыңыз көп шығар, — деді Мортен басымен қалалық басқарма жақты нұсқап, еке-уі бір-бір стакан шарап ішуге стол есебінде тұрған бос бөш-кенің қасына кеп отырған кезде.

— Я, я, осы бір соғыс жағдайынан аздап еңбек етуге тура кеп тұр. Дегенмен аса бір сондай ерекше де мәселе жоқ, өйткені біздің отанымызда не керектің бәрі бар, өмір-ге тағар кінаміз жоқ.

— Со-лай ма? — деді Мортен даусын созып. — Бірен-саран бақытты, рақат тұрмыста тұратындар бар екен ғой!

— Егер өзіміз айтуға тура келетін болса, сірә, жұмыс-шылары біздікіндей жақсы тұрмыста тұратын бізден басқа бейтарап ел жоқ болса керек.

— Норвегиядағы социал-демократтар да өз жұмыскер-лері жөнінде соны айтады, Швейцария да солай. Егер біз

әрбір еңбекшімізді аспан астындағы ең тәуір елде тұратынына сендіре алсақ, барлығы да тамаша болған болар еді-ау!

Пелле қолын көтерді.

— Саясат болмасын! — деп ескертті ол, ойыны-шыны аралас.

Мортен мысқыл атып:

— Ендеше сен де көз бояғаныңды қой. Егер көзіне көк әйнекті көзілдірік кигізіп қойса, шөп екен деп ағаштың ұнтағын жейтін сыйыр емеспін ғой мен!

Пелле тіл қатқан жоқ, тек өзінің бос стаканын айналдыра берді.

— Шын айтам, Мортен,— деді ол, даусын болар-болмас қана бәсеңдетіп,— қазіргі жағдай жөнінде не ойлайсың? Сеніңше қалай, соғысқа біз араласамыз ба?

Мортен иығын бір бүлк еткізіп қойды.

— Кім білсін! Әзірше біз, әйтеуір, майдан даласындағы шүйе бөрідей болып тұрмыз ғой: қалдықты қорек етіп, қампыйып семіріп барамыз.

— Сен бізді тым қатты кіналайсың. Тым қатты, менімше. Егер біз осы кірісті пайдалана алмасақ, онда ол басқа елдің аузына түседі. Өмір сүру керек емес пе бізге де.

— Рас, әркімге де ұрлықы нәрсені аужал етуге тура келеді. Солай делінбейтін бе еді? — деп тіке жауап қатты Мортен.

Пелле бір күрсініп қойды. Өзі бүгжиіп, қазір енді қартайып, қажыған адам сыяқты болып көрініп отыр. Кенет бойын жазып, тіктеліп алды да:

— Тағы да бір стакан ішейік пе? Ішкің келмей ме? Сен ішпесең өзім ішем. Осы шараптың ауыз қуыратын қышқылтым дәмі қатты ұнайды. Айтпақшы бұл дәмінің өзі шараптың смолаланған бөшкеде сақталуына байланысты. Ой, бұл сенің өзіңе де белгілі ғой. Ашып айтқанда мен түсінбейтін бір нәрсе бар. Сен Германияның ішкі жағдайы мен сондағы біздің басшыларымыздың жайын жақсы білесің ғой, маған партияда бар әлгі сегіз жолдастың мінез-құлықтарын түсіндіріп бере аласың ба? ¹ Олар әу бастан-ақ қарсы болды. Жарайды, осының барлығы да оларға әсер етті дейік,— бірақ олар әлі де болса өжет қыймылдап барады; тіпті өз алдарына жеке партия да құрып алыпты деседі.

¹ Немістің революция қайраткерлері (К. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, В. Пик т.б.) спартактар одағы мен Германия коммунист партиясының негізін салушылар.

— Мен оларды партияның елу мүшесінен гөрі, немесе і біздің программамызды тіпті керек те қылмай, соғыс таушылармен бірге қол көтергендерден гөрі жақсырақ інемін. Дегенмен де, бұл ең жоғары дәрежелі саясат қой, тым-ау!

Пелле оны естімген адам бола қалды.

— Ал отан қалай болады? — деп сұрады ол қатты қаққан кейіппен. — Оның енді бізге, тіпті, керегі де жоқ.

— Ол Мортенге тап бір өзінің жауабына көп әсе тіреліп тұрғандай болып қарады. — Егер біздің халмыздан да, өз басының мүддесінен гөрі отан мүддесі артық санау талап етілетін болса, капитализм мен эксплуатация дегеннің қандай қажеті бар? Жартының өзі бүтін рау ішін керек қой, — сеніңше де солай ежес пе?

— Менімше, біздің тым оп-оңай құтылып кеткіміз келді-ау деймін, — деп берік жауап қатты Мортен. — Қайта, п осы қазіргі жағдайда барлық нәрсеге кеңірек көз қарасболуымыз керек. Бізде күресуге тұрарлық болашақ бар: сқалар-ақ бүгінгі күнін ойлап, құтылар жолын іздей бері. Олар қазіргі жеп жатқан ботқаларын өздері пісірген.

— Я, я Мортен, жоғары саясатты ақтап аламын деп әуленер жайым жоқ; менен гөрі ол саясат саған анығырақ, рақ егер отанымыздың басына күн туса, қандай себеп-н болса да бәрібір қайтып қана: «Мұнда менің ешқан-й жұмысым жоқ, қымбаттым, не болсаң, о бол!» деп іта аламыз. Соғыстың шығуына өз елінің дипломатиясы ен капиталистері кінәлі бола тұрса да, өздерінің туған же-н жау таптап жатқанда, басқа елдердегі біздің сыңары-ыз қайтып қана қарап отыра алар дейсің? Егер Данияға р қыйын-қыстау кезең туып, сені көмекке шақыра қалса, айтып қана сен: «Тұяғымды да қыбырлатпаймын», — деп іта аласың? — деп ол Мортеннің іші-баурына кіре, елжі-ей қарады.

— Білмеймін, — деп жабыға жауап қатты Мортен. — Отан жәселесі өте қыйын мәселе. Онымен байланысты нәр-енің көптігі сонша, өлсең де, тірілсең де, оны бажайлап іле алмайсың. Онда кінәнің бар-жоғына да қарамастан тан — ана үшін отқа түсу керек деген сөз тым сенімді де ктем шығады. Ал, егер сол кәрі ана — балаларының көп-шілігіне қатал да қайрымсыз өгей шеше болса ше? Ол шін отқа түсіп не керек? — Ол үнсіз тоқтап қалды. — Бі-рақ дегенмен де, солар ерекше бір жігермен аттанып, сол

отаны үшін жанын құрбан етеді. Егер біздегі жағдай, шынында да, жаманға айналып бара жатса, мүмкін мен де аттанармын.

— Біздің бәріміздің де қорғар нәрсеміз бар ғой,— деді Пелле қызу қостап.— Ешнәрсеге де қарамастан отан деген ұғым біздің жүрегімізде жасайды!

— Біздің тым сенгіш жандар екенімізді ойламай отыра алар жайым жоқ: белгілі бір ауқымдағы адамдар бізді шектен тыс, асқан арсыздықпен қолдарына түсіріп алып отыр,— бізді алдау үшін қармақ басына отан деген ұғымды шанышса-ақ болды, қабамыз да қаламыз. Отан қауыпта болсын — жақсы-ақ! Бірақ соғысқа қатысқан басқа мемлекеттердің барлығы да солай байбалам салады. Көресіз бе, Францияны соғысқа тартылуға мәжбүр етті, ал Германия, Австрия, Англия, Россия — барлығы да өздерін кінәлі емеспіз деп көрсетеді. Олай болатын болса, соғысты шығарған кім, сайтан ба, әлде аспаннан түскен бір күш пе? — Мортен бұл сөзді қызараңдай айтты, өзінің осы мәселелердің анығына жете алмай, азаптанып жүргені көрініп тұр.

Пелле оған көз қыйығымен қарады: шынымен-ақ Мортен солай деп ойлай ма екен? — деп ойлады.

— Саятан білсін, қандай себептің барын,— деді Пелле баяуқырап,— мүмкін бұл табиғаттың түтеп тұрған бір дүлей күші шығар, немесе дүниежүзілік қарым-қатынас асқына шиеленіскен болар? Күш топтастыру дегенге мен өзім аса сене қоймаймын; құрал-сайман сататын саудагерлерді былай қойғанның өзінде, соғыс капитализмнің тууынан бұрын да үнемі болып келген.

Мортен оған есі шыға, абыржый қарады: шынымен-ақ екеуінің жолы осыншама алшақ кеткені ме?

— Қалай болғанмен де бар ғой, Пелле, бұл соғыс Пер-Голяктың соғысы емес: оның майдан даласы — бейбіт еңбек. Соның рухын көтеріп, соғысқа тарту үшін, бейбіт ошағың қауып-қатерде тұр-мыс деп сол Пел-Голякты өтірік сендіру керек болғаны қайтып қана сенің жаныңа батпайды? Германияда халықты, орыстар үйлеріңді бұзып, балаларыңды өлтіреді, әйелдерді зорлайды деп қорқытты. Англия мен Францияда бұқараны Пруссияның темірдей қатал үстемдігімен қорқытты,— халық бостандығы қауып-қатерде тұр десті.

— Я, я! Біз екеуміз мұнда аузымызға келгенді айтып, көкіп отырмыз, ал уақыйғалар өзінше жүріп жатыр,— деп, сен де, мен де, оны өзгерте алмаймыз, сол баяғы бір ескі ән!—

Пелле оның иығынан қағып қалды.— Айтпақшы, әйелің мен балаларың қалай жүріп жатыр?

— Жақсы. Дегенмен де, біз сенен үлгі алып, деревняға көшеміз бе деген ойымыз бар. Балаларға деревняның ауасы пайдалыр-ақ қой.

— А, біз қалаға келейік деп тұрмыз. Біздің тереземіздің әйнегін сындырғаннан бері, Элленнің деревняда тұрғысы келмей жүр.

— Сөйткені рас па? Мен, әшейін, бір шолжың балалардың істегені шығар деп жүрсем.

— Я, ақылынан алжасқан жігіттердің бірі ғой. Біз іс қозғап, ештеме дегеміз жоқ. Ізі, дегенмен, «Сағатқа» апарды.— Пелле бір сәт Мортенге қатулана қарады.— Және де маған жеңілірек болады,— деп сөз қосып қойды, ақшасын төлеуге табақшыны іздеп жан-жағына қарап.

Олар қалалық басқарманың алаңына бірге келді.

— Жаңа кварталдар салуға қызу кіріскен екенсін,— деді Мортен шын көңілімен таңқалып.— Мен кеше Вельбю — Вигерслевті басып велосипедпен келіп едім: қала шетін тамаша жоспарлаған екенсің. Венадағыдан кем емес, тамаша-тамаша бульварларың бар екен.

— Тағы да айтарсың сен! — Пелле оған масаттанған пішінмен қарады.— Жүр, мен саған біздің қалалық құрылыстың жоспарларын көрсетейін. Бара-бара қаланы тамаша тәртіпке келтіретіндігімізге өзім сенем. Бұрын қалай ретсіз сала берген десеңізші!

Пелле Мортенді сызу бөлмесіне алып келді де, жоспарларын жайып салды. Қанаты кең, әдемі керіліп жатқан бульварлар, жасыл жапыраққа малынған жұрт өтетін жерлер мен бассейнды, фонтанды парктар — көркем-ақ, батыл ойланған! Пелле өзіне өзі сенімді. Барлығынан да кең серпін сезіледі.

Мортен ауыр күрсінді.

— Я, мынауың аса зор іс екен. Бірақ жұмысшыларға үйді қай жерден саламыз деп ойлайсыңдар?

— Я, осы қыйын мәселе боп тұр.— Пелле үнсіз тұрып қалды.— Қазіргі біздің төсеп жатқан үлкен бульварларға жұмысшылар үшін үй салуға болмайды.

— О, неге?

— Ол жер тым қымбат, қалалық басқарманың оған қаражаты жетпейді.

— Тұрғын үйдің әрбір шаршы метріне кедейлер, ауқаттылардан гөрі әлдеқайда қымбаттырақ төлейді дейді ғой,

— Ол мүмкін, және өзінен өзі солай болуы керек. Бірақ... бульварлар, өзің де түсінесің ғой, қаланың сәні болуы тиіс, ал жұмысшылардың үйін, қалай дегенмен де, қала сәні деп айтуға болмайды. Тек балаларының өзі-ақ сұрын алып болар,— мен олар тәртіпсіздік жасайды дегім келеді. Негізгі жұмысшы кварталдарының өзі еңсені басып, көңілсіз әсер тудыратынын мойындамауға болмайды ғой.

— Ол салынуына қарай да. Бірақ, көңілді балалар тұрғанда газондар мен клумбаларда¹ береке бола қоймайтыны да рас. Демек, барлығы да көңілдің түсуіне байланысты ғой: қазір, сөйтіп негізі дәулеттілер үшін салып жатыр екенсіңдер ғой.

— Әзірше солай. Екі жақ қанаттағы кварталдардан бұрын ең әуелі негізгі күрелерді тәртіпке келтіру керек қой.

— Ал, үй зәрулігін ше? Басында баспанасы жоқ адамдарды не істейсіңдер?

— Я, осының өзі барып тұрған қыйсынсыздық емес пе?! Соғыс миллиондаған еркектерді үйлерінен әкетіп, көздерін жоғалтып жатса да, барлық елдерде де тұрғын үйлер жетпейді. Қазіргі жағдай біздің адамдарымызды да сығылыса түсуге мәжбүр етер деп ойлаймыз. Әзірше біз көп балалы семьялар үшін барактар салуға жәжбүр болып тұрмыз. Бірақ, кезінде басқаларына да кезек келеді. Менің шыдамсыз достыма да кезек тиеді! — деп қайталады ол, Мортеннің сенімсіз бет әлпетін байқап қалып, иығынан қағып.

Мортеннің бірдеме айтқысы келіп еді, бірақ өзін өзі ұстап қалды: олардың көзқарасы онсыз да алшақ еді.

— Әрине, үйсіздер үшін баракты көшіргеннен гөрі, оның айналасын қоршаған оңай да,— дегенді ғана айтты да, шығуға есікке қарай жылжыды.

Пелле онымен галлерейға шейін бірге келді.

— Демек, сен егер жау шабуыл жасаса, отан-анаңды қорғар- қорғамасыңды да білмейді екенсің ғой? — деп қағыпта сұрады ол, қош айтысып Мортеннің қолын қысып жатып.

— Егер ол мені кейін сойып жеу үшін бордақылап жүрген мыстан болатын болса, әрине қорғамаймын,— деп жауап қатты Мортен оның сөз тәркіне қарай.— Қайта, ертектегі Хаис сыяқты мен оның қарнын жарар едім.

— Демек, біз мұнда, сол ертектегідей үйде тұрады екенбіз ғой,— деп күлімсіреп, дабыстай сөйледі Пелле.

¹ Екпе гүлдер.

— Я, мұны барлық кедейлерге тәуірірек етіп түсіндіруге тырысармыз,— деп жауап қатты Мортен алыстан; ол да күлімсіреп, шляпасын бұлғады.

Пелле галлерияда тұрып, Мортен қақпаның жанына барғанда, қоштасып басын изеді. Пелле көсем немесе соғыс начальнигі тәрізді денелі, сымбатты, өте әсерлі адам еді; тап бір жаңа дүниені жеңіп алудың жоспарларын жасап жатқандай-ақ, өзінде бір берік табандылық та бар. Мортен үлкен қақпадан өтіп, айнала берген кезде, олар бір-біріне тағы да күлімсіреген еді, екеуінің де көз жанарынан албырт ұшқын жарқ ете қалды.

XVIII

Мортен дача сатып алып, жүрек толқынымен мазасызданады

Мортен үй-жай сататын конторға түскен адресстердің біразын таңдап алды да, орталық вокзалға кеп поезға мініп, газет қарай бастады.

Ол бір аядай ғана кішкентай купеде жалғыз отыр,— жолаушылардың көпшілігі жұмсақ креслолары, дивандары бар қазіргі кең вагондарды жақсы көреді. Үйінен ол әдеттегісінше көңілсіз шықты: Вера оның жалғыз кеткенін жақтырмады, өзінің де бірге барғысы келмеді. Мортен көңілі астан-кестен: әйелімен екі арадағы қарым-қатысы, балаларға жеткілікті көңіл бөлуге уақытының жоқтығы, міне осының барлығы да жанын жегідей жейді. Пелленің әңгімесі де қатты қамықтырып тастады. Бір күнге үйіңнен кетіп, біртүрлі бір жеңілдікті сезгеніңмен, сол еркіндікпен кәдуелгідей рақаттана да алмайсың! Күн тамаша: көктемнің бұлтсыз ашық аспаны, күн көзі үй шатырларын ерекше жарқыратып тұр; бірақ сонда да бірдеме жетіспейтін сыяқты. Қарғыс атқан жалғыздық деген сезім — қырсоңынан қалмайды!

Терезеден біреудің денесі қараңдап көрінді де, әйнек қағылды. Платформада үстінде ақшыл сұр костюмы бар ерекше бір сұлу, тартымды ажармен Дагмар тұр екен.

— Мен сенімен бірге барам,— деді ол кіріп келе жатып.— Жалғыз өзің барып, дача көрудің қажеті жоқ, текке сандалып, құр босқа қамығып қайтарсың. Кәне жүр ауысайық мынау орыннан, — деді ол қарсылық келтірткізбестей үнмен.— Мен иті бар жолаушыларға арналған купені

таптым, онда ешкім де кірмейді, осы соңғы он бес жылдан бермен қарай елімізден бір де бір бүрге табылмаса да, жұрт бүргеден қорқады. Не нәрсеге болса да шабанбыз осы, Мортен!

Ол күле сөйлеп, көп нәрсені айтып отыр. Әдемі үні көктем үніндей сыңғырлайды. Күн көзі қағып өзінің етін күреңіте тотықтырып жіберіпті.

— Я, адам дегеннің өзі өте шабан жануар ғой,— деп жауап қатты Мортен Дагмардың сөз тәркіне қарай,— Сицилияда менің бір екі-үш мың футтай биіктіктегі тау басына салынған кішкентай деревняға тап болғаным бар. Деревня тұрғындары не керектің барлығын да: ешкілеріне шөпті де, отын-суды да сол тау басына тасыйды,— өйткені бұдан бірнеше мыңдаған жылдар бұрын оларға пираттар шабуыл жасаған!

Дагмар күліп жіберді.

— Ол жаман емес, Мортен. Ал енді осы азаптың барлығы да сенің алдыңда тұр.

— Жоқ, рас айтам: ол кішкене деревняда мен өзім болғанмын.

— Жарайды, жарайды! Солай-ақ болсын, сендік! Бірақ келесі жолы мұныңды менен басқа біреуге айт.

— Дегенмен тауықтарға қарағанда бұл да тәуір ғой, әйтеуір,— деп сөзін сабақтады Мортен ақыл айтқандай салмақты үнмен.— Тауықтар күні осы уақытқа шейін ағашқа қонақтайды ғой, өйткені, құдай біледі, бұдан бірнеше миллион жылдар бұрын түлкінің аузына түспес үшін олар орманда ағаш басында ұйқтайтын болған.

— Менің шешеме қарағанда бұл да ештеме емес,— деп іліп әкетті Дагмар.— Ол кісі әбден қаусай қартайғанша өмір сүру үшін сарымсақ жесе де болады деген сөзге дін қойған адам, өйткені Марфусал мыңға аз-ақ жетпей өліпті.

— Марфусал сарымсақ жеген бе екен?

— Солай болар өйткені, ол еврей ғой.

Дагмар уақытты мүмкіншілігінің келгенінше тәуір өткізуге ыңғайланған адамдай, терезенің алдына барып жайласа отырды. Өзінен таңғажайып бір жастықтың лебі еседі, және өзін өзі бақытты әйелдей ұстап отыр. Мортен оған сүйсініп кетті.

— Кім болғың келіп, еліктеп отырсың? — деді Мортен, қағыта сөйлеп.

— Мен, жай әшейін өзімнің жақсы көретін жазушыммен бірге үй көру үшін деревняға келе жатырмын,— деді

ол аузын қыйсайтып, қасақана бетін сөлекет тыржыйтып.— Бой жеткен қыздың бір кезде байға шығуы да кәдік емес пе!

— Я, шынында да, осы сен неге күйеуге шықпайсың? — деп салды Мортен.— Өзің...

Дагмардың жеңілтек жүзі бірден өзгеріп, аса бір байсалды пішінге ауысты. Ол Мортеннің көзіне адал да ашық жүзімен тіке қарады; осына бір қарасқа Мортен ешуақытта түсіне алмай қойса да, сол бір дидар жүз фут тереңіндегі тырнақтай заттың өзі әруақытта анық көрініп жататын Си-ракуз маңындағы Аретуз бұлағының мөп-мөлдір суын есіне түсіретін еді.

Вера оған әруақытта осындай ашық та айқын жүзбен неге қарамайды екен?

— Байқайсың ба, Мортен,— деді Дагмар ақырын ғана, әрбір сөзін мүдіре сөйлеп,— мені алғысы келетін адамның бар-жоғы әзір белгісіз ғой, солай емес пе? Сондай-ақ біреуге күйеуге шығуға менің көңілімнің бар-жоғы да белгісіз. Еркекпен бір күндік өмірдің ғана жарасымын таба білетін әйел, махаббат дегенге сенбейді.— Бұл сөздерді айтқанда ол Мортенге ерекше маңыздана қарады.

Мортен оның неменені мезгеп отырғанын түсінді де, теріс айналып кетті.

Екеуі поездың орнынан жылжып кеткенін де аңдамай қалыпты. Міне енді поезд қала түбінен салынған туннелден ағып өтіп, жалтаңға жүйткіп шыға келді. Гавандар артта қалды, алдыңғы жақта шалқып Эресунд жатыр. Дагмар Мортенге басын бұра күлімсереді, оның езуіндегі мұңлы қатпаршақ әлі жазыла қойған жоқ — мүмкін ол қатпаршақ өкпелегендікті немесе қайғыны көрсетіп тұрған болар? Бірақ күлкісі жарқын күлкі, сол күлкіде бір аналық кейіп бар сыяқты, өзі әрі кешіріп, әрі алғысын айтып отырған тәрізді. Мортен оны енді түсіне бастағандай болды, сол сыяқты өзін де, өзінің қапалы көңілін де енді-енді түсіне бастайын деді.

— Ал енді уақытты жақсы өткізуге тырысайық, енді мұндай маңызды мәселелерді сөз етпейік,— деді Дагмар кенет іштей бекінген адамша.— Соны тындырсам екем дейтін тек бір ғана нәрсем бар! — Ол Мортенге байсалды пішінмен қарады.

— Ол не нәрсе? — Оның не ойлап отырғанын Мортен біле қойды да, жүрегі дүрсілдеп қоя берді.

— Я, Мортен, сен әрқашан да маған осылай бір түрлі

қарайсың. Сенің маған тіпті қарағың да келмес еді, бірақ қарамасқа шараң жоқ, сенің көзіңнен бәрін де оқуға болады. Ай, сорлы-ай! Адам сезімін түсіну — неғып осыншама қыйын бола қойды екен, саған? Өзің революционерсің! Ол бір қолымен Мортеннің қолын ұстады да, екінші қолымен оның үстінен ақырын ғана қағып-қағып қойды.

— Біз, революционерлер, әйелдер мәселесін арман етеміз... солардың бостандығы болса екен дейміз, — деп күмілжіді ол қызарып, бейнебір біреу айыбының үстінен шыққандай болып.

— Мұның өзін өзі сатпайтын әйелдер жайлы ғой. Солай емес пе? Біз екеуміз де осы қазіргіше тұрамыз ғой. Сенің жұмысшыларың да, біздің жұмысшылар да өздерінің қолдарын сатуға мәжбүр, өйткені, өзің айтпақшы, олардың өз билігіндегі меншікті нәрсесінің өзі сол ғана. Бірақ бар ғой, Мортен, егер мен жаңағы сен айтқандай қазір біреуге күйеуге шықсам, сен маған басқаша қарар едің. Онда мен тек тәнімді ғана емес, жанымды да сатқан болып шығар едім! Сөйтсем жақсы болар ма еді?

— Сенікі дұрыс — мен мешанмын, фарисеймін,¹ кешіре гөр! — деп Мортен Дагмардың иығынан құшып, көзіне көзін қадап тұрды да, бетінен сүйіп алады.

Дагмар тап бір не болғанына түсіне алмай қалған адамдай, Мортенге қарады. Екі беті қызарып қапелімде көздеріне жас толып кетті. Көз жасы жер астындағы қайнар бұлақтан оқыс атқыған судай, күтпеген жерден еріксіз ыршып кетті. Жалма-жан есік алдына жүгіріп барды да, арқасын Мортенге бере теріс қарап, терезенің алдына тұра қалды.

Біраздан кейін ол қайтып келіп, күлімсіреп, көзін қысып Мортеннің қарсы алдына кеп отырды.

— Кешіре көр, жарқыным, — деді ол әлі де болса абыр-жыған үнмен, бірақ мен өмірімде еркектің кәдуелгідей шын ниетімен адал сүйгенін бірінші рет көріп отырмын. Ал енді мен де еркекті шын жүрегіммен бірінші рет сүймекпін... мен өзім, сондай нашар адаммын! — Ол бұрышқа барып тығылды да, бетін капюшонмен² қалқалай берді.

Мортен қыбыр етпестен отыр, бірақ жүрегі толқында тербелген ескі қайықша ойнақшыйды. Міне мынау отырған

¹ Ф а р и с е й — ертедегі еврейлердің сопысып, жағымпазданушылар партиясының мүшесі.

² К а п ю ш о н — киімнің жағасымен қоса тігілген баскиім.

Дагмар, Вераның көшірмесі десе де болғандай, бір көргенде бірінен бірін айыруға да болмайды. Ішкі бір үні: «Міне енді сенің нағыз Вераң осы!» деп сыбырлағандай. Бірақ екеуінің мінезі екі шалғай! Дагмардың алағызған жүрек толқыны бетіне ойнап шығып, одан бетер сұлуланып кетті,— неткен тамаша көрік десеңізші, тіпті жүрегі де шымшып ауырып кетті. Неғып оған осы сыяқты тамаша әйелдің өзі тап болмай, көлеңкесі тап болды екен? Дагмар үшін бәрін де құрбан етсе болғандай. Кәрі-жас біткеннің бәрі бірдей көңілі құлап, тіпті осы үшін әйелдерінен айырылысып, семьяларын тастауға да дайын тұрғандары Мортенге енді түсінікті болды. Дагмар осының барлығын да табиғи заңды нәрсе деп есептейтін: өзі жұрттан жан дүниесінің бар байлығын аямайтын, сөйтіп жүріп ауқатты қарттар мен тентек жастарды оп-оңай-ақ жұтатып шыға келетін де, сол арада-ақ тапқанын таратып беретін. Оның нәзік, жылы қолынан талай ақшалар өтті, ал өз басы үшін ештеме де қалған жоқ. Беру, көмектесу, бөле-жару деген басылмас ынтықтық — Дагмар тіршілігінің ең бір тылсым қозғаушы күші тәрізді. Міне оның осы ісі құдайтағала мен әрбір кездескен адамдардың өз үстінен сот ашуына право береді! Бірақ осына бір ғажайып көркем пішіннің еш жеріне ақау келтірмей, бір де бір мінін өзгертуге болмайтын еді. Және, шынын айтқанда, Мортен мұндай өзгерістің қажеті де жоқ деп білді, тек егер...

— Ал сен өзің қай жерде тұратыныңды алдын ала шамалап белгіледің бе? — деп сұрады Дагмар капюшонды серпіп тастап.

— Жоқ, бірақ қазір көреміз ғой. Менде бір дачаның адресі бар, сірә, сол маған жарар. Өзі кең, өзі арзан және өзінің ескі жеміс бағы да бар көрінеді.

Екеуі бір кішкентай станцияда поездан түсті де, кездескен адамнан осы станцияның жанында тұрады деп естіген «Ким» вилласының жөнін сұрап, жолға түсіп жүріп кетті. Вилланың станция жанында тұратыны өтірік болып шыққанымен, аты тамаша сыяқты болып көрінді: Киплингтің осы бір романы екеуіне де өте ұнайтын еді. Агенттердің суреттеуіне қарағанда, бұл бір өте кең, тап-тұйнақтай таза усадьба, және өзінің бағасы да су тегін; үй иесі шаруашылықты,— барлық шығынды жалғыз өзі-ақ өтеп тастайтын үлкен жеміс бағын игере алмайтын қарт адамдар, демек, ол жерде тіпті тегін тұруға болады.

Жол бойына олар қағылған жарнамаларды қарап келді. Дагмардың ықласы да Мортеннен кем болған жоқ.

— Тек тегін тұруды ғана ойлап, алма үзуді ғана біл! Өз меншігінде дача болу деген тамаша ғой! Ал балалар бар ғой, Мортен! Ойбай-ау мына тұр ғой «Кимің»! — Дагмардың таңданған үнінен тап бір автомобильді оқыс тоқтатқандай, кенет түңілгендік естілді.

Екеуі төбесі қара қағазбен жабылған, күтімі кеткен бір ескі үйдің қақпасының алдында тұр; «үлкен жеміс бағында» шіріп, жапырағы түсіп солып қалған бірнеше ғана алма ағашы тұр. Өзі танымайтын бөгде адамдарға қадала қарап үйдің төбесінде бір қарт тұр.

— Кірейік, әйтпесе тіпті қорлағандық болар,— деді Дагмар.— Үйіңіз бізге тым кіші екен дерміз.

Шал оларға қора-қопсысын көрсетіп, жағы сенбестен сөйлеп жүр. Учаскесіндегі нәрсенің барлығын да басқа усадьбаларда жұмыс істеп келгеннен кейін, кешімді пайдаланып жүріп өзім салдым деп ерекше мақтанышпен айтады.

— Талай-талай жылдар кетті бұған,— деп қайталайды ол, сығырайған көзімен қарап.— Жөндеп дем де ала алғаным жоқ — демалу қайдан келсін! Бірақ, бәрібір, мен сендерге үй беруге дайынмын, өйткені өздерің бір жап-жас, әп-әдемі жандар екенсіңдер. Мүмкін аларсындар? Алсаңдар екен, ә? — Бір имектеу келген таяққ сүйеніп тұрған қолы дір-дір етеді.— Мүмкін бұл үй сендер үшін аса тәуір де үй емес шығар? Ой, алыңдаршы! Егер шамаларың келетін болса, алыңдар! Ол бос қолын сілтей сөйлеп тұр.

Аядай ғана ұйқтайтын бөлмеде, кроваттың үстінде, қолына қолғап, басына капор киген әйелі жатыр; үй ішінің ауасы әлем-тапырық, безе қашқандайсың; еден — қап-қара.

— Бұ қалай, едені жер болғаны ма? — деп қалды Дагмар.

— Жо-оқ, бұл нағыз қарағай тақтайы ғой; бірақ ағаш башмақпен жүрген соң, қайтсын. Міне мына жерді көр! — деп шал көрпені көтерді: әйелдің жанында бір торай жатыр, әйел оны көрпе астында бөтелкеге кигізілген емізікпен тамақтандырып жатыр.

— Осы көршідегі дачалардың бірінен қашып келді,— деп түсіндірді әйел, ауыр күрсініп.— Иесі алмай қойды, өйткені бұл азып туған, ал мына тұрған соққан шал: «Титтей де болса пайдаңды тигізіп, осыны асырасаң, жаман болмайды» дейді. Ой мына сыяқты жас зайыптарға қарау-

дың өзі неткен қызықты еді! Сірә, ерлі-зайыпты адам боларсыңдар?

— Я, солай десе де болады,— деп күлімсірей жауап қатты Дагмар.— Ал қош болыңыз енді, әже, тезірек тәуір болыңыз!

Кемпірдің, сірә, әлі де болса бірдемелерді сұрағысы келген тәрізді, бірақ Дагмар Мортенге ишара етіп, белгі беріп қойды — үй ішінің жаман ауасы жүрегін айнытты.

— Амал бар ма, бұл үй бізге тар екен,— деді Мортен, қақпаға қарай бет алып шалға шылым ұсынып.

— Міне енді, мұны өкініш деуге болады! Өйткені бұл үй өзі негізі өте жақсы үй, жұмыстан кейін, кештете жүріп өзім салдым ғой мұны.

— Оныңыз дұрыс болған екен. Бірақ айтыңызшы осы, дачаңызға «Ким» деген атты қайдан тапқансыз?

— А-а, оны мен сендерден ақы алмай-ақ айтып беруіме болады. Байқайсыз ба, әйелімнің аты мен әкесінің аты Карен Йоргенсен, ал өзімнің атым Мадсен. Міне біз сол өзіміздің аты-жөніміздің басқы қарыптарын алдық та, содан ат құрадық. Мұны ойлап тапқан, әрине, менмін, өйткені әйелден ондай зеректік қайдан шықсын.

— Солай ма? — деді қыза сөйлеп Дагмар.— Сіздің әйеліңіз түріне қарағанда онша ақымақ адам сыяқты көрінбейді. Қандай ауру өзінікі?

— Ауру дейсіз бе? Түк де ауруы жоқ, ол тек жасарын жасап болған адам. Доктор: санаулы ғана күні бар, қайтсе де өледі, кәрілік жеңген дейді.

— Сізге қыйын болар онда,— деді Дагмар жаны ашыған кейіппен шалдың жеңінен сыйпап.

— Мен әйтеуір, онда қаріп-қасерлер үйіне жете аламын ғой. О кезде не болсам да бәрібір маған. Тек, әйтеуір, осы бір боктықтан құтылсам екен, әйтпесе... Ал енді, қош болыңдар! Басқа жерден жолдарыңның болуына тілектеспін.

— Қайта біздің сізге тілектес болуымыз керек қой,— деп жауап қатты Мортен.

Олар станцияға қайтып келіп, рельстен асып тұсті де, жол бойын жағалап ілгері қарай кете барды. Екеуінің де көңілі тоқырап қалғандай.

— Атағы таудай нәрсенің аяқ жағы қылдай боп шықты ма! — деді ақырында Дагмар.

— Я, үлкен-үлкен ескі жеміс бағы бар кең усадьба екен! — деп қостай кетті Мортен.— Тапқан-ақ екенбіз!

— Я, я! Бірақ... Ой, Мортен-ай, кәрілік деген неткен жа-

ман еді! — деп Дагмар денесін құрыстырды. — Қартаю дегеннің өзі міндетті де нәрсе емес қой; өмірі қартаймайтын да адамдар бар. Мысалы, анау сенің шешең.

— Біздің тұқымның өзі негізі қартаймайды. Соның бәрі де мый қызметіне байланысты. Сол бізді қартайтпайды.

— Ал бізде, әйелдерде «зеректік» дегеннен гөрі көбінесе жүрек мәселесі басым болады: жаңа естідім ғой, зеректік дегеннің бізде қандай екенін! — Дагмар сыңғырлай күлді. — Сондықтан да біз кофені жақсы көреміз — ол жүрек қызметін күшейтеді.

— Не дейсің? Міне жаңалық!

— Я, я! Өз шешеңді карашы... сенің шешең неткен тамаша еді десеңші, Мортен! Ол кісі күніне жыйырма шәшкеден кем кофе ішпейді, бишара қазір тек қана кофенің баламасын ішеді! Сонда да өмірінше қартаймайды, әлі жас. Айтпақшы, мен де кофе ішіп көріп едім, ашығып қалдым. Кәне жүр, курорт мейманханасына барайық.

Мортен бұл жерде мейманхана бөла қояр ма екен деген күдігін айтты.

— Балықшылар поселкасынан мейманхана қашан да болсын табылады, балықшылар сонымен күн көреді ғой. Жүр барайық, сыйлайтын мен болайын. Және де маған ерік беруің керек, әйтпесе сенің барлық еркінділігіңнің өзі түкке тұрмайды, — деп қосып қойды Дагмар, Мортен қарсылық білдірген орайда.

Мейманхананың жабық террасында халық көп — астанадан келгендер мен яхтсмен-шведтер толып отыр екен. Көпшілік назарын Дагмар тартып әкетті; еркектердің бет әлпеттерін бейінебір күн сәулесі шалып өткендей болды, тіпті табақшылардың өздері де жұмыстарын қойып, Дагмардың соңынан қарап қалды. Еркектердің біразы Дагмарды ала көздерімен ата қарап қастарындағы күндей сынап отырған өз әйелдеріне өкіне, орындарынан тұрып, оған иіліп ізет етісіп қалды. Дагмар солардың ешқайсысына да назар аударған жоқ; екеуі бос стол іздеп, террас ішін аралап келе жатқанда ол өз көркіне өзі сүйсінумен болды. Мортен болса, қайта ол, өзін өзі аздап, енжарлау сезінді.

Дагмардың осы қазіргі жағдайды тамаша бағалай білетіндігіне ол қандай қызығатын еді! Өзі болса, тек болашақпен ғана өмір сүретін, міне осы ерекшелігінен ғана барып оның жалғыздық сезімі туатын. Дагмар оны аяғымен ептеп қана түртіп қалып:

— Еңсеңді көтерсейші, пролетарий-ау! Түк те жоқ, екі

иығың суға кететін! Сенің түріңнің өзі басқа біреудің орнына әскерге алынған деревня баласының түрі тәрізді ғой! Мен саған қазір осы жердің бір компаниясын тауып берейін, мүмкін сол сергітер! — Дагмар өзінің теп-тегіс, нәзік қолымен Мортеннің қолын үстінен басып столға қысты. — Мынау отырған биемшек мұрын сары — швед. Өзі миллионер, барып тұрған есуас; біздің биржамызда ойнайды да, глицирин мен пуншты¹ тым көп ішеді. Анау отырған, шашын камергерлерше жотасына шейін екі жағына қақ жарып қойған, қасқа бастау келген сымбатты мырза — біздің ең ірі сауда үйлеріміздің бірінің директоры; оған жылына отыз мың төлейді, ол фермаға әсте аяқ баспайды. Анау семіз әйелмен бірге отырған қара шашты, қараторы кісі, ағылшындар мен немістердің шпионы, екеуіне бірдей қызмет етеді, демек аса ессіз ақмақ адам емес! Анау басқыштың жанында тұрған мырза...

— Ой, Дагмар! — деп, Мортен оған үрейлене қарады. — Бұлардың бәрін қайдан білесің?

Дагмар сақылықтап күлді.

— Әрине, Мортен, бәрін білем! Мен жұрттың бәрімен бірге шампан шарабын ішкемін, тіпті айта берсеңіз, оңаша кабинеттерде отырғанбыз! — Ай, Мортен-ай, неткен аңқау едің! — Ол Мортенге тесіле қарап, үнсіз тұрып қалды: бірақ ол жалма-жан өзіңе-өзі келіп, сөзін сабақтап кетті: — Мортен, бұлар неткен көңілсіз, сүйкімсіз жандар еді десеңші, сонда да барлығын осылар билейді. Шынымен-ақ, ғұмыр бойы өстіп кете бере ме? Әлде, соғыстан кейін?.. Сен соғыс көп нәрсені өзгертуі мүмкін деп есептейсің ғой, солай емес пе?

Мортен басын изеді.

— Барлығын бірдей болжай беру маған өте қыйын. Бұрын да соғыстар болды ғой, бірақ олар ешқандай өзгеріс тудырған жоқ.

— Қарапайым халықтың шыдамы өте берік, кешірім етуге әбден жаттығып алған және өздері жаратылыс жағынан да көнбіс, төзе беретін жандар; олар не нәрсенің болсын, барлығының да өздерінің кезегі келеді деп есептейді. Бірақ халықтың қаны қайнап, қалың бұқараның қозғалыс жасайтын уақыты да туар, бұл мырзаларға қызық сонда болар.

— А, я, я, әлгі крес жорығына қатысқан адам туралы аңыз тәрізді болады. Христостың табыты үшін болған

¹ П у н ш — ромнан қайнатып жасайтын арақ.

шайқаста қанының қайнап кеткендігі сонша, тіпті, оның ішкіміндегі паразиттерде қырылып қалады ғой. Бұл бір тамаша ғой, Мортен! Бірақ горгаштардың соғысынан қайбір жөнді бареке шығар дейсің? Сен сондай ақылдысың, Мортен, осы сыяқты ешбір мақсатсыз, жалпылама қырғыннан қалай үміт күте аласың?

— Мен бейбіт эволюция дегенді одан да гөрі жек көрем. Тазалықтың жоқтығынан, арып-ашқандықтан жұрт қара шыбындай қырылып жатады, оны ешкім керек те қылмайды! Есеп-санақ жұмысын барып қарашы, жасына жетпей, көкірек ауыруынан, — осына бір «ақ өлімнен» қаншама жұрт қырылып жатыр екен, — осы сыяқты сұмдық ауруға қандай тамаша ат берілген десеңші! Аштан өлу, ұзақ сүйретіле жүріп, көкірек ауруынан өлу, капиталистік оңай олжаның құрбандығы болып алтарьда¹ миллиондап қырылу — осының барлығы да жақсылықтың нышаны ма? Техника алып адыммен алға басып барады да, бейбіт эволюция сол техниканың соңынан смолалы жаңқаның үстінде жорғалаған құрт-құмырысқаша қыбырлап келеді. Мұндай жолмен адам баласының қолы ешнәрсеге де жете алмайды. Оны қашанда болсын шектен тыс азаптау керек, тек сонда ғана ауыр өмірдің қыспағына шыдай алмай, күреске шығады. Мүмкін, бүкіл дүние жүзілік соғыс бір жаңалыққа бастайтын болар; жұрттың бәрінен де наразылық туып жатыр ғой.

Дагмар таңдана қарады оған.

— Ой, шіркін, өзім еркек болар ма едім! — деп күрсінді ол.

Мортен оның қолынан ұстады.

— Біздің қолымыздан жөнді ештеме келмегендігі, әйелдерден де осындай тілектің туғаны өкінішті, — деді ол жылы шыраймен, мұның өзін де тезірек өзгерту керек еді.

— Ал енді біз, тіпті, басқа бір дүниеде, сенің айтып жүрген дүниеңде-ақ өмір сүреді екеміз деп ойлайық! — деді Дагмар басын сілкіп тастап: өзінің жүзі жадырап, түрі өзгеріп кетті. — Екеуміз де шалқыған бай адам екеміз дейік, өйткені ешнәрсеге ақшаның керегі жоқ, бәрін де тегін алуға болады және өзіміз еркін адамдармыз! Мен сенің жолдасыңмын, сондықтан да бүгінгі ішетін тамағымыздың атын мен атаймын. Уылдырық аламыз — жақсы ма? Және бір рюмка суық арақ аламыз. Камбала² немесе балапан екеуі-

¹ А л т а р ь — құрбандық шалатын жер.

² К а м б а л а — балықтың бір түрі.

нің бірін аламын, мұның ешқайсысын да саған бермеймін. Ал үшіншіге майға пісірген шірнелі жұқа нан аламын. Рейннің жеңіл шарабын, сонан соң ең ақырында...

— Жетеді, неткен ысырапшыл адам едің өзің! — Мортен қолымен менюдің бетін басты.— Әйтпесе мен өзімнің нашарлығымды ойлап, тағы да күйзеліп қаламын.

— Жоқ, ең соңында кофе керек,— әрине егер ол нағыз кофенің өзі болса жақсы болар еді. Есіңде болсын: біз қазір әлгі сен айтатын, жұрттың барлығы бірдей жақсы тұратын патшалықта отырмыз!

Я, бір ретке болса да молшылық елде болған жанға жайлы, сүйкімді екен, Дагмар да айта қалғандай жақсы хозяйка көрінеді. Бірақ дегенмен де бір мезгілде үйге де қайту керек қой.

Дагмар табақшыны жанына шақырып алды да, ақшасын төлеу үшін сумкасынан күміс әмиянын суырып, әрлі-берлі айналдырып қарады да, Мортеннің де, табақшының да денесі шіміркенгендей етіп, сықылықтап күліп жіберді.

— Мортен! — деді таңданып ол.— Ой, Мортен-ай! Мен ақшамды үйде ұмытып кетіппін! Мүмкін, менде тіпті ақша атымен жоқ та шығар-ау? — деп ол табақшының өзін-өзі байсалды ұстауы керек екенін де ұмыттырып жібергендей күлкімен күлді, табақшы да күліп жіберді! Табақшының жүзінде Дагмар үшін өзі-ақ төлеп жібергендей кейіп бар еді.

Мейманхананың алдында, төменгі жақта, теңіз жағалай тартылған жол мен теңіз жағасының аралығындағы тілдей жерді бойлап пристанның екі жағынан бірдей тірей салынған балықшылардың үйлері мен причалдар тұр. Мейманхананың аржағындағы жотаның үстінде дача кварталы созылып жатыр. Мортен мен Дагмар сол кварталдағы үйлерді сыртынан көріп ішіне кіруге бата қоймай, сырттай долбарлап аралап келеді. Кейбір үйлер сатылады екен, бірақ Мортенге бағасы тым қымбатырақ.

— Бұл жерде үй бағасы көтеріле қойған жоқ,— деді бір үйді көрсеткен бағбан — Қайта аздап арзандайын деді. Копенгагандықтар биржа ойынына келе бастапты деседі, алыпсатарлық жасау үшін ақша керек болған соң, солар жазғы дачаларын сатып жатыр. Әне, ана бір жолдың бойында қанша берсең де сатылатын үйлер бар.

Олар нұсқалған жаққа қарай жүріп келеді, жол екеуін поселканың түстік жақ шетіне шығарды. Ашық алаңға алып келген жолдың жиегінде учаскенің жоспары көрсетілген бір үлкен тақта тұр екен. Тақтада «Бэккегордский дача посел-

касы»,— деген бадырайған ірі жазу бар. Бірақ бұл үлкен учаскеде дача жоқ, ара-арасын жолдар бөлген, қалың бұталар басқан бөлек-бөлек учаскелер екен. Ирелеңдеген жіңішке жыранын жағасына өскен қандағаш арасындағы күтімсіз ауланың ішінде бір ескі үй көрінеді. Барлығының да күтімі жоқ, көңілсіз; жер тілдей-тілдей бөлшектерге бөлінген, бейнебір жұртты сараңдық шырмап алғандай, Алаңның әр жерінде әлі де болса аман тұрған бұталардың қалдықтары қалқыйып көрінеді, қаулай өскен шөп пен түйе жапырақтың астынан клумбалардың, жүйектердің жобасы мен бақ арасынан жүрген көрбілте соқпақтардың сүресі елес береді. Осының бәрі де өлімді еске салғандай, айналаның бәрінде де шашылып жатқан шірік бағаналар, бастарында шырматылған сымдары аяққа оратылып, бір жақ шеті шөп арасына сіңіп жоғалып жатыр. Тақтада жазылған жазу бойынша учаскелерді сату жұмысын басқаратын адвокаттың тағдыры да осы арадағы мекемелердің тағдырындай болған: ол да каражатсыз қаңқыйып қалған да, сонан соң өзін-өзі атып өлтірген. Осының барлығы да дағдарыс басталысымен-ақ, бұдан екі жыл бұрын болған жағдайлар еді. Мортен де, Дагмар да қазір сол оқыйғаны есіне алды. Ол бір асқан апат,— миллиондаған күйреу болып еді, газеттер де сол кезде «асқан өнерлі, бірақ сәтсіздікке душар болған» құрылысшының қайтыс болғандығы туралы ұзын-ұзын жоқтау хаттар жазып еді.

Ақырында екеуі манағы бағбан айтқан үйлерге де келіп жетті,— бес-алты дачасы бар, бір кішкентай квартал екен, әрқайсысының ауласында үй сылағанда шашыраған балшық, қазылған дымқыл орлар жатыр. Бұл үйлерде әзір ешкім тұрып көрмесе де, барлығы да иесі керексіз етіп, тастап кеткен үйлер сыяқты; терезелері үңірейіп бос тұр. Үйлердің барлығы да қоқыр-соқыр үйінділерден салынып енді сонысына өкініп, қайтадан үйіндіге айналғылары келіп тұрған сыяқты.

Алаңдағы ең алғашқы үйлердің бірінің есігінің алдында бір шал темір күрекпен қатты саз төмпешікті жазып жатыр. Шалдың дене қыймылында бір түрлі бір дәрменсіздік пен үмітсіздік бар сыяқты. Күрегін сілтеген сайын ыңқ етіп қалатын тәрізді. Мортен мен Дагмар тоқтап шалға қарады, шал оларға ауру адам сыяқты болып көрінді.

— Осы жұмысты тіпті қою керек еді,— деді шал, қыйналған жүзін жоғары көтеріп.

Олар шалдың қасына келгенде, ұзақ жылдар бойына

ауыр еңбектің азабымен мүгедек болған шалдың денесі діріл қағып тұр екен. Ол Мортендерге қырыс-қырыс қыйсық қолын ұсынды.

Ол Херстедестерлік екен, бауырымен екеуі көп жылдар бойына сол жерде ұста дүкенін ұстапты. Екеуі де бойдақ бопты, өйткені «семьялы болу қыйынға соғыпты» — шаруашылықты өздері басқарып, қартайғанда керек болар деп аздап ақша жыйнапты.

— Ал, сол екі арада бір «қарапайым қақшымпаз» кеп килігіп тырнағын батыра бастаған ғой сіздерге сірә, солай ма? — деп сұрады Мортен.

— Я, олар, бұл бір қарғыс атқан алыпсатарлар, бірден тіміскілеп біле қояды, барлық жермен байланысты, және бізді осы үйді сатып алатын болсаңдар пайданың астында қаласыңдар деп тілінен майын тамызып алдады ғой, бар жыйған-тергенімізді осы бір боқтыққа салдық. Сөйтіп тотыйдық та қалдық! — Шалдың қайғы-қасіретпен булыққан дәрменсіз ызадан үні де өшіп қалды.

— Ал, дүкендеріңіз қайда? — деп сұрады қосарланып, Дагмар мен Мортен, шалды жұбатпақышы болып, — дүкендеріңіз аман-есен өздеріңізде қалған жоқ па?

— Оны өзіміз тастап кеттік: осы сыяқты үлкен пайданың астында қалайық деп тұрған соң, күн сайын нәл шегелеп, бір эрелеп ақша жыйнаудың өзі біртүрлі ақмақтың ісі сыяқты болып көрініп кетті. Сонан соң бәсекелестер қаптап кетіп, жұмысымызды тартып алды. Осы арадағы жұмысымыздан да ешбір нәтиже шықпаған соң, мен осында келетін күні бауырым шыдай алмай, дүкенге барды да жаншылып өлді. Сөйтіп ол барлық міндеттемелерден құтылып шықты да, менің ботқаны жалғыз өзімнің жеуіме тура келді.

— Неткен сұмдық қасірет, — деді Дагмар жанашыр кейіппен.

— Қасірет емес, адам айтқысыз сұмдық десеңші! Біз өмір-бақый бірімізбен біріміз жалғаса отырып жұмыс істеп едік, және не нәрсе болсын бастап отыратын сол бауырым болушы еді, өзін-өзі өлтіріп шошқалық жасады ол! Ал енді сопа басым соққыла да тұр мына төмпейді! — Ол қатты қапаланған кейіппен күрекке сүйенді; жыртық-жыртық ескі пальтосының екі өңірі аяғына түсіп жүр. Ол әбден қаусап, құр сүйегіне ғана ілегіп тұрған сыяқты, сақыйып қатып қалған саз балшықты темір күрегі кемірет де емес.

Мортен шалдың алдыр-бұдыр сіңірлі қатаң қолынан

темір күректі алып, төмпешікті жазғылай бастады: қара жұмыс жасап, дене жазып алу біртүрлі сүйкімді сезілді.

— Міне осының барлығын шыға беріске жеткізіп тастар ма еді,— деді шал Дагмарға бұрылып.— Натыз жастық жігері жанып тұр екен! Бірақ тоқтай тұр, әлі менің жасыма жеткенде, мүмкін, мұрнымен жер сүзе өзіннен өзің сен де құларсың,— деп ол ойламаған жерден оқыс косты бұл сөзді, ызалы пішінмен Мортенге бұрыла беріп, опырылған кетік тісін аксыйта.

— Жасыңыз нешеде, ата? — деп сұрады Дагмар ақырын ғана онын иығынан сыйпай сөйлеп.

— Оны ешкімге де айтпаймын, әсіресе сіз сыяқты сұлдарға айтуға болмайды. Бірақ сегізінші ондыққа қарай аунап түстік қой. Міне мына сендер сыяқты жас адамдар осы үйлердің бірін сатып алсаңдар ғой, бұл жерде осындай төрт үй бар. Кредит қоғамының¹ қарызының үстіне жыйырма бес процент қоссаң қалаған үйіңді алуыңа болады. Су тегін емес пе!

Я, бағасына дау айтуға болмайды. Сөйтіп алса, өз үйі болады да қояды; әйтпесе пәтер ақысының жарнасын төлеуге ылғый да кідіріс болып-ақ жүргені. Екеві шалдан әрірек барып барлығының да бағы ортасына қарай үйріле бітіп өз алдына бір кіші-гірім поселка болып кеткен үйлерге көз жіберді.

— Сіз бұл жерде тұруды тым әріден ойлағансыз-ау,— деді Мортен.

— Өмір бойы қысылып-қымтырылып, тырнақтап акша жыйнадым, темекі тартқамын жоқ, спирт ішімдігін татқаным жоқ, ешқашан да әйелге де бір тыйың шығарғаным жоқ,— өмірімде енді, тым күрсе, бір рет көңілімді көтермегенім бе? — Шал мүмкін үйімді сатып та қалармын деп дәмеленіп, көңілі көтеріліп кетті.

Колөнершінің тәжірибелі көзімен Мортен барлық құрылыстың берік те мығым екенін бірден көре кетті. Қабырғалары да, ағаш жағы да берік, жұмысы да жақсы істелген, бірақ бояуы мен обойлардан адам жүрегі айнығандай екен. Пештерінің түрі жап-жақсы. Мортен осы тұрған үйлердің ішіндегі ең бір үлкенін,— Ривьер үйлері тәріздендіріп салған, айналасы тас балюстрадамен жиектелген, үлкен балконны бар, төбесі жалпақ шифрмен жабылған екі этажды ақ дачаны таңдады. Сегіз мың сегіз жүз крон тұрады, оның жеті

¹ Қарызға ақша беретін қоғам.

мыңы кредит-қоғамынан алынатын қарыз; қалған ақшаны кейінірек төлеуге үй иесі келісім жасады. Мортен қарт ұстаға жасалған келісім жөнінде қолхат берді де, келесі күні юристің конторында кездесіп алық-берік қағазын жасайық деп уәделесті.

Сөйгіп, енді, Мортен үй иесі болып шықты! Он бөлмелі өз алдына дачасы бар. Бұл бір таңқаларлық қызық сезім болды! Әкесі өмірбойы бір бұрышты арман етіп, соған қолы жетпей кетіп еді. Ол заманда, сол кісі қатарлы адамдардың өз алдына баспанасы болу — қол жетпес арман еді. Міне енді соған Мортеннің қолы жетіп отыр. Егер тұрам деуші адам табылса, бір этажын тіпті пәтерге беруге де болады.

— Маған бер!— деді қалжыңдап Дагмар.— Мен жоғары жақтағы үлкен балконы бар бөлмеде тұрғым келеді, Италия жеріндегі көлдердің бірі сыяқты балконымыздың алдынан Бухта мен Эресунд көрініп жатады.

Мортен бұл сөзді қостаған жоқ.

— Біздің құрылыс жұмысының өзі қызық,— деді ол,— өмірінше бір қалыпты жүрмейді. Бұдан бірнеше жыл бұрын, Верамен екеуміз алғашқы үйленген жылы, пәтерді тегін алуға да болатын еді, тек тұрушы адам табылса болғаны еді; қалада қаңырап бірнеше үй бос тұрды. Ал енді қазір еш жерден бос үй табылмайды. Банканың қулық-сұмдығынан осылай болып тұр дегенді айтады жұрт. Ал мұнда, қайсысын барып көрсең де, ылғый бос тұрған үйлер!

Станцияға келе жатып олар жолшыбай жаңа поселкаға қарай кетіп бара жатқан бір сымбатты салтатты адамды көрді. Үстінде салтатпен жүргенде киюге арналған ағылшын костюмы, басында баланың түнгі горшогі сыяқты жылтыр қара шляпасы бар; астындағы таза қанды қара атының қылшығы да жылт-жылт етеді.

— Сірә, королева грумы¹ болар? — деп қалжыңдап дыбыс берді Мортен дуал сыртында тұрып; іштегі огород қазып жатқан шалға.

— Ол өзін малайдан гөрі Соломон патшамын деп санайды,— деп қалжыңдап кекете жауап қатты ол.— Әйтпесе, мүмкін үш сыйқырдың бірі шығар! Бұл әлгі біздің святкилік копилкаларды ойлап шығарған сұмырай ғой. Сіз

¹ Грум — ат үстінде немесе жеңіл арбаларда жүретін малай.

білмейсіз бе оны? Оның құлпы да осы жерден алыс емес. Бірақ ол, мүмкін, сіздерде болып, кружка қоймаған болар?

— Ой, ендеше мен оны білемін! — деді Дагмар.— Оны жұрт «жарлының жарылқаушысы» деп атайды. Ол кедейлерге ақша жыйнауды үйретіп оларға копилкалар апарып береді, олар копилкаға күніне он эреден салып отыруға міндетті; олар копилканы өздері аша алмайды, өйткені копилканың кілті мұның өзінде болады. Сөйтіп, олардың святкиді қарсы алатын қаражаты әрқашан да дайын тұрады. Асқан ақылмен ойлап табылған. Король оған орденді текке берген жоқ қой, осы үшін берді.

— Тамаша әдіс екен! — деді Мортен.

Дагмар масайрай күлді.

Мортен осына бір қоңыраудай сыңғырлаған таза күлкіге қызығып кетті, бұл күлкі көңілді басқан ауыр ойдың барлығын да мөлдіреген таза судай шайып әкетіп, бальзамдай¹ әсер етті.

Поезда Дагмар аздап қамыққан кейіппен үнсіз келді.

— Бүгін кешке өлең айтқым келмейді, бүгінгі күнді өте жақсы өткіздім,— деді ол вокзалда айрылысар жерде.

— Міне енді біз екеуміз үй иесіміз! — деп жариялады Мортен үйіне келіп тұрып.


— Рас па? — деп қана селкос үн қатты Вера.

«Мен бір көңіл көтеру үшін қыдырып қайтқандай біліп тұр ғой»,— деп ойлады да, Мортен дача сатып алғанын айта бастады. Бірақ Дагмармен бірге барғанын айтқан жоқ.

¹ Б а л ь з а м — эфир майы қосылған ерекше иісті, қоймалжың смола.

Екінші Солім

„МЕСІЗ ЕМ“



Мортеннің қолынан келмейтіні жоқ

Сүлгісін иығына іле салып Мортен қайраңнан үйіне қайтты. Суға шомылу сергітіп жіберді; өзі біраз күнге күйіп, әдеуір оңалып та қалды. Үстіндегі жеңіл киімімен — шалбар және белбеу буынған көйлегімен өзін өзі еркін де оңтайлы сезінеді. Жеңін шынтағына дейін түрініп алған түрі нағыз спорт адамын танытқандай.

— Мен әлгінде шомылатын жер сатып алдым,— деді ол көңілді кейіппен даурыға сөйлеп,— күніне бір сағат, сағат тоғыздан онға дейін біздің қарауымызда болады; бүкіл жаз бойы төлейтініміз жыйырма крон. Енді балалар, бәріміз де барып шомыла алатын болдық!

— Түу, маған оныңның түкке де керегі жоқ,— дей салды кемпір.— Әрі Вера да ванна бөлмесінің өз үйінде болғанын тәуірірек көретін шығар, сірә.

— Әрине, жұрт көзінше теңізде шалпылдап жүреміз бе! — деді Вера жақтырмағандай тыжырынып.

— Ендеше, екеуміз барып шомылатын боламыз қызым; папаң жүзу үйретеді саған! Ал енді, шомылып келгеннен кейін бір стакан кофе ішсе жақсы болар еді. Бізде, сірә, нағыз кофеден әлі де болса аздаған бірдеме, болуы керек?

— Біліп қой — сұйықтау болар, өйткені бұл соңғы бір салымы,— деді кемпір.— Кооперативтегілер енді кофе түспейді деп жатыр. Соңғы қалдықты бір қысылғанда керек болар деп ойлап сақтап қойып ем.— Ол мұрнының астынан күңкілдеп, кухня жаққа қарай кетті.

Кофе ішіп отырып Мортен өзінің шомылатын жер сатып алған адамдары туралы айтты. Олар жағалаумен жүретін жолдан екі-ақ қадам жерде тұрады. Күйеуі — теңізші, ерте-ректе штурман болған, қазірде өзіне жасап алған меншікті желкенді қайығы бар, сонымен баяғыда су түбіне кеткен

көмелерді, кей реттерде тіпті су түбіне батқанына бірнеше жүз жыл болғандарын да тексеріп жүрген көрінеді.

— Айтқанына сеніңіз, ол теңіз түбінен көп нәрселер тапқан сияқты. Рас, тапқанының көбін өмір сүруге талшық табу үшін сатып жіберуіне тура келетін көрінеді, айткенмен бөлмелерінде көне заманның көрнекті нәрселері толып тұр. Өздерінің бүлдіршіндей үш баласы бар. Айтпақшы, олармен таныс болуға, сабақтарын тексеріп, жалпы керек бола қалған кездерімде барып көмектесіп тұруға уәде бердім.

— Тағы неменеге келістің! — деді шешесі. — Өз жұмыстарың да жетіп жатыр ғой.

— Түк етпейді, әже, деревняның күні ұзақ болады. Ал үй қожасының өзі іздесең таптырмайтын байсалды адам: ештеңе айтып езу тарттыра алмассың оны! Мүмкін бұл көп уақытын теңіз түбінде жалғыз өткізетіндігінен шығар. Оның есесіне әйелі езу жыймайды. Олардың үйінен Мидельгрудқа дейінгі жер өте тамаша көркем көрініс. Екеуімізге сол жер ұнайды, қызым!

— Біз оларға қонақ болып, теңіз түбіне барамыз ба? — деп сұрады Эльза.

Бәрі күліп жіберді, тіпті кішкентай Дагмар да күлімсіреп қоя берді; жұрт күліп жатқанда ол да қалыса қоймайтын.

— Жігіт бармаймыз, бірақ реті келгенде теңіздің бетімен саяқат құрармыз.

Мортен жаңа таныс тапқандағы әдетіндей өте көңілді отырды.

Деревня өмірінің бір тәуір жері, не болса соған лавкаға жүгіре бермейтін еді. Копенгагенде тұрғанда ұсақ-түйек сатып алудың өзі кемпірді өлердей ығыр қылып еді, сондықтан да ол келген бетінде бір қап картопты қайдан сатып алуға болатынын еңалдымен сұрастырып білді. Бұл оған қатарындағы және қарсысындағы көршілеріне барып, көр-жерді қоймастан сөз қылуға себеп болды да, аптаның аяғында, кейін өзінше қортынды жасайтын едәуір отбасының әңгімесін жыйнап алды.

— Бағбанның аз алуға тырысу керек, өйткені олар затты көк базардан сатып әкеледі, сондықтан оларда бәрі де қымбат болуы тиіс! Күйеуімен, әйтеуір, ептеп келісуге болады, ал әйелінен аулақ жүргеннің өзі артық. Еріні тура жұмыртқалауға тақалған тауықтікіндей боп бүріседі де тұрады.

Сенің Беккегорд хуторының қожалары туралы да осыны айтқаның әлі есімде,— деп Мортен күле қағытып қойды: шешесінің картопты бағбаннан сатып алатынын білетін еді.

— Солай болуы да мүмкін, білгішім! Бірақ олар, әйтеуір, адамның зығырына тимейді, өз істерімен өздері зуре. Әрі олардың картобы. Копенгаген мен деревня арасында әрлі-берлі сан рет сабылып, тасып әкелінген емес. Ал сен бағбаныңнан айрылма да, соларға жем болып жүре бер!

— Жарайды, жарайды, мама. Енді өзіміз де овощь өсіреміз, сол кезде бізді ешкім де жеп кете қоймас.

Олар бар семьясымен бақ ішінде жұмыс істеп жатыр; Мортен бірінші учаскені ұсақ тастар мен арамшөптен тазартып жүр де, кемпір жүйектерді жүлгелеп, тұқым отырғызып жүр. Эльза мен құттай Дагмар веранда алдындағы үйілген құмда ойнап отыр. Жас нәресте әлі де болса бойына ие бола алмайды; қолындағы кішкентай ағаш күрегін аузына дамылсыз апара береді; бет-аузына түгелдей топырақ жағып алыпты.

— Әже, мынау кәкәй жеп отыр! — деп шыңғырды Эльза.

— Мейлі жесе, жей берсін, ішегін тазартсын,— деп жауап берді де, айткенмен шыдай алмай кемпір жүгіріп келіп, қызының бетаузын алжапқышымен сүртті.— Ай, күшік-ай! — деп оның аузындағы кішкентай кесекті қолымен алып тастады. Нәресте оған қарай талпынды.

— Әже, сүйіскісі келіп тұр оның! — деп шіңкілдеді Эльза.

— Осындай кір-қожалақ баланы мен сүйеді ғой дейсін бе? — Әйтсе де кемпір бұрылып, нәрестені көтеріп алды.— Ух, мынаның түрін, бұны сүйгенің жаратқаның артын сүйгенмен бірдей ғой!..

Мортен күліп жіберді.

— Жаратқанның арты — жер ме? Ол немене?

— Әрине солай, аспан оның бет жүзі болғанда, жер несі болмақ? Біз сыяқты кедейлерге оның жүзі тым биікте тұр ғой; бізге осы арт жағы да жарап жатыр!

Дәл осы сәтте Эльза кемпірді қызғанып, ол да көтер деп қыйылды.

— Екеуіңді бірдей кемпірдің қолы көтере алмас,— деді Мортен.

Бірақ кемпір кішкентай қол арбаның үстіне отырды да, екеуін де тізесіне мінгізді.

— Көтермей! Талай жылдардан бері біреудің баласын да арқалап жүрдім ғой, енді өз туған немерелерімді көтере алмасам не болғаным!

Вера огородқа алаң болмастан үй шаруасымен айналысып жүр. Кемпір ұзақты күнге қайта-қайта жүгіріп шығып қарай беретін өзі жасаған жүйектер Вераның есіне қуыршақ бақты түсіріп, қатты қызықтырды. Нағыз дәмді оwoщьтарды Амегерден алатындарын ол жақсы білетін, ол жаққа әкесімен бірге өзі де барған. Ондағы жүйектер бүкіл аумақты ала созылып жататын.

Осы үйдің ішінде деревня өміріне онша қызыға қоймаған жалғыз Вера ғана болды. Бірақ бұл үйді ол «вилла» деп атап, басқаларға да солай деп ататқызды, оған бұл үй қатты ұнады. Үй тіпті помещик үйіндей үлкен де кең еді. Өзі деревняда тұрып, ақшаны қаладан табуға екінің бірінің тәуекелі жете бермес! Әрине, көп адамдардай жазғы дачасы осы жерде болып, қалада да жақсы пәтері тұрса бұдан да абзал болар еді. Дегенмен, директорлар, тағы сол сыяқты маңғаз мырзалар да бүкіл жыл бойы осы жерде нағыз виллаларда тұрып, күн сайын қалаға қатынасып тұрды ғой. Вера ондай үйлердің талайын білетін де, ішінен өзінің «вилласын» солармен салыстырып жүретін.

Тек осыған сай азын-аулақ болса да тәуір жиһаз құрастырып алса ғой! Брэнсхойдағы шағын пәтерін толтырып тұрған болымсыз мебельдері кең үйге кіргізгенде шашырап көзге де ілінбей қалды.

— Вилламыз сырттан қарағанда сәл болса да сүйкімді болып көрінуі үшін, еңалдымен есік-терезенің барлығын да шілтерлеп тастауымыз керек! — деді Вера.

Мортен, бәрінен бұрын бірнеше бөлмені өздеріміз үшін мұндазтай қып жыйнастырып қояйық деп дау айтпақ еді, бірақ Вера қасарып өз дегеніне тұрып алды да, оны ақылды енесі де қостай кетті.

Жұмыс бастан асып жатты! Үйлері бұл тұрған қалпында баспана болуға да жарамсыз еді. Барлық бөлмелер жөндеуді керек етіп тұр: төбесін ақпен сылап, обойын жаңалап, бояу керек болды. Басқалары ептеп-септеп төменге орналасты да, Мортен жоғары жақты жөндеуге кірісті. Жоғарғы жақтың жұмысы тым шеберлікті керек қыла қоймайтын еді.

— Істеп көрейік! Мүмкін, бірдеме шығар,— деді ол.

— Я, анадағы, шалбарын толтыра былғағанша тырысқан баладай істеп көр,— деді шешесі. Ол өзін сергек сезі-

ніп Мортенге қолқабыс тигізді, ескі обойларды сыдырды, жан-тәнін сала төбені сүртіп, үй ішін бұрқыраған извест шаңына толтырып жіберді.

Алғашқы кезде жұмыстың қыюы келе қоймады. Бірінші бөлмені бітірген кезде кемпір: мұнда істің қыбын білмес екі сырлаушы сылқыя мақ болып алып жұмыс істегендей болды-ау дегенді айтты. Мортен өзінің кара жұмыстан қол үзіп, орашолақ болып кеткенін сезінді. Мұның үстіне өзін қатты тандандырған нәрсе — жоқтан өзгеге ақылы жетпеуі болды. Жұмысшы еңбегінде бір көзге ілінбес реттілік бар; егер сол рет бұзылса, бар жұмыс теріс айналып, кері кетеді де, қайтадан істеуге тура келеді. Тіпті ең жеңіл деген жұмыстың өзі жоспарлап, байыптап істеуді тілейді. Ой еңбегі мен дене еңбегінің арасына қыйыспас алшақтық қою қандай ақмақшылық — мый мұнда да жазу столының басында отырғаннан бір де бір кем қызмет атқармайды.

Қабырғаларға обой жапсыру да өз алдына жатқан бір өнер екен. Жаңа ғана жапсырылған бір бөлегінің үстінен жалғастыра әкеп екіншісін жапсырғанда былғап алмау үшін аса ептілік, байқампаздық керек. Обойлар қайта-қайта жыйырылып, Мортен клейстр¹ жағып болғанша, еденге түсе береді; ал қолға желім жаққан бір бөлегін ұстап, жоғары өрмелеу, маңайындағы нәрселерге тигізіп алмай оны желімдеу, — барып тұрған бір фокус! Ісінің қыюы келмей қалған сәттерде кемпір:

«Төбесі бар болғыр да биік-ақ» деп ақталған болады. Бір ретте Мортен дымкыл бөлекті бір-біріне жалғап шетін кенереге жапсыру әдісін ойлап тапты, сол кезде обой өз салмағымен өзі жазылып, төмен салбырай қалды. Енді еденге дейін теп-тегіс боп төгіліп тұрған обойды сол қалпында жапсыра қою қыйын болмады. Тек мұны өте тез істеу керек, әйтпесе жоғарыдан төгіле түсіп тұрған обой өз екпінімен қалай болса солай қыйсық орнайды. Әйелдердің бірі обойға клейстр жағып, оны Мортен жапсырып тұрған кезде жұмыс тез оңға басты. Вера лезде шаршап қалады, бірақ кемпірдің әжімді көне колдары кист ұстағанда лыпылдап сала берді. Аласа бөлмесіне обойды ылғый өзі жапсыртатын еді, енді міне сол тәжрибесі тағы да іске асты. Шешелі-балалы екеуі канаттаса жүріп жұмыс істеп, қалыптасып алды да, бүкіл бөлмені бір күнде әшекейлеп шықты.

— Ал, сырлау деген оп-оңай іс! Қолыңа кист ұстап

¹ К л е й с т р — крахмал мен ұннан істелген желім.

сыр жаға білсең болғаны, бірақ сырдың біразы көйлегіңе жұғады. Ал, көйлекті көк сабын табылса, сонымен жуып жіберсең кетіп қалады.— деді кемпір.

Сырланған жерге балаларды жібермеді, ал Верадан бөлме ортасынан асып аяқ баспауға уәде алды. Бәрінен бұрын Мортенге қыйын болды, ол қайта-қайта барып жаңа сырланған жерге жұғысып кете берді де, шешесі оған бір шаңк етіп қалады.

— Осындай бір аңғалдығым бар.— деп ақталады ол.

— Күдайға пәк, жаным, балам-ау, сен ылғый ұйқылы-оюу адамша жүретінсің,— деді кемпір ұлына зор мақтанышпен қарап.— Аңғалдығың ештеңе етпес, өміріңе кеселін тигізбесе болғаны ғой.

Бәрінен де сыр табу қыйын болды. Сауда орындарында басқа материалдар сыяқты, сыо да көзіңді ашып-жұмғанша жоқ болып шыға келеді. Қайда құрып кетеді екен десеңші? Соғыс сұрқыялығы жұтып жатыр ма, әлде? Ал одан қалғандары сатып алуға баға жеткізбейді. Төбе майлауға Исландия қынасын табу тіпті мүмкін емес-ті. Оның орнына қолдануға ұсынылып отырған желім бұзылып біткен мал қыйынан жасалған, исі шыдатпастай сасық бірдеме. Бірақ кемпір бұл жерден де аяғын тауып кетті.

— Кәдімгі берды ал да сүтке ез, біз ылғый осылай істейтінбіз, тамаша боп жұғады. Қыйсаң қаймақталмаған сүтпен араластыруыңа да болады, немесе, тең жартысына.

Сөйтіп, мұнын да жолың тауып кетті олар.

Әсіресе төбені ақтау үлкен азап болды. Сұйық бор жаққан жерге жүкпай, көбінесе кистінің бойымен төмен сорғалап, жеңге құйыла берді. Төбеге жұғуынан гөрі едеңге төгілуі көп болды.

— Қабырғаларды да тәуір-ақ айғыздап жатыр,— деді кемпір.— Уленшпигельдің күйме сырлағанындай болды.

— Ол қайткен екен? — деп сұрады Мортен.

— Ол ма? Ол бас-көз жоқ оңды-солды айғыздап, әсіресе бариннің отыратын жерін молырақ баттастырса керек. Бірақ, қанша әуреленсе де күбшегін сырлай алмай-ақ қойыпты. Бір жақсысы, қабырғаларға обой жапсырамыз ғой, әйтеуір. Дегенмен де сен нағыз сылаушыға шығындансаң етті.

Бірақ Мортен бәрін де өзі істегісі келіп, айтқанға көнбей қойды.— аумаған сақалды бала дерсің өзін! Үй оңдалып біткенше ол төбені шашыратпай майлауға шынында

да дағдыланып алды. Барлық айла-тәсіл — сұйық кист бойымен төмен тамып кетуге үлгертпейтін қолдың белгілі бір шалымында екен.

Бұл жұмыс жазу столына сүйеніп көп отыру мен әдебиетшілер арасынан жабысқан дерттей болып жүрген әлдебір лас кірді денесінен таза-тақыр сылып тастағандай болды; ол жұмыс күнінің тамашалығын қайтадан сезінді, тамаққа да зауқы шауып денесінде қайрат тасыған қалпымен, аяғын нық басып тұрғандығына шын сенімді күйде, шаршаудың өзін нағыз рақаттай сезініп жүрді.

Өзін осы арадағы адамдарға, жергілікті тұрғындарға, жақындай түскендей көрді. Алғашқы кезде жергіліктілер мұны астана адамындай көріп сыпайы, сырдаң қарап жүрді, ол бұлар үшін құмырсқаға керекті шөп шіркейіндей еді: құмырсқа шөп шіркейінің мазасыздығына төзеді де, тіпті оны өсіреді де, өйткені емер сауыны сол. Енді Мортеннің де қол жұмысына үрке қарамайтындығына көздері жетіп, өзіміз сыяқты екен ғой деген пікірге келді. Тұсынан өтіп бара жатқан балықшылар мен шаруалар бұрынғыдай үн-түнсіз баскиімдерін алуды қойып, енді шарбақ сыртынан «Қайырлы күн!» деп және оған қоса аға райынан әденелер айтып өтетін болды. Кейбіреулері, тіпті, одан Копенгаген нарқын сұрауды да тастап, жергілікті бағамен зат алатындардың тізіміне қосып қойды.

Жұмыс кезінде кемпір аузына келгенді айтып, жақ жаппайды; өз ойына берілуге Мортенге мұрша бермеді. Араарасында кемпір оны сүйрелеп балконға алып келеді де өздерінен түстікке таман көрінетін, Эрссунд бұғазының бергі жағындағы төбелердің үстіне орналасқан ірі усадьбалар жөнінде сұрастырады.

— Осынау сарайларда қандай аламдар тұрады екен? — Кемпір көзін күннен көлегейледі. — Қолдарына екі немесе, тіпті үш қызметші әйел ұстайтындар тұратын болар: шұбатылған перделерін-ай, — малайларының үйлеріне дейін малындырып қойған! — Кемпірдің көзі әлі жіті еді.

Мортен перделерді көре алмады; ал қызметшілерінің көптігі рас; тіпті көшірі мен бағбаны да бар.

— Құдай-ай, олардың ақшасы да қыйсапсыз көп болар! Деревняда ай жарым, екі ай тұру үшін ғана осындай сарайлар салып жүргені!

— Шындықтың аты шындық қой! Бірақ олардың кейбіреулері жыл бойы осында тұрады, қалада тек қысғы күндері екі айдай ғана болып, театр, қауым көріп қайтады.

Ойлап табуларында қапы жоқ: бұл жерде салық әлдеқайда аз.

— Әй, осы бір салықтар-ақ құртты-ау! — Кемпір қолын сермеп тастады.— Құдайға шүкір, өз өмірімде соған ұрынбай келемін: тек әкеңнің көзі тірісінде әр үш ай сайын екі кроннан апарып тұруға тура келді. Бірақ осы салықтар талай-талай адамдарды жұтатқан. Бай адамдардың өзін еңбектеніп тапқандарынан артық төлеуге дейін апарып жүрді. Сондықтан да олар күндікке жалданған адамдарға күніне бір кроннан артық бере алмайтын.

— Сіздің бар алғаныңыз сол болды ма?

— Я, әрине, тамағын ішіп жүрдім. Бірақ мұнымен дүние құрап жарытпайтынсың. Олар, қысып-қымтырып өздері де жөнді ішпейтін, сондай бір тәлім адамдар еді; кей кездерде маған беретін тамағы мысыққа да нәр болғысыз болатын. Әрине, олардың әр түрлілері кездесіп жүрді, теңіздегі балық та сан алуан ғой! Бір тамаша, қайрымды бикеш болды, ол мені шырайналып бабымды табуға тырысып жүретін. «Тамақ ішіңіз, шешей! Тамақтаныңыз!» дейтін де, кей кездерде көзінің бар мейірімін төге кеп қарайтын. Сол кездерде екі ұртында сүп-сүйкімді шұқыршақ пайда бола қалатынын қайтерсің! — Өткен осы жайды еске түсіргенде кемпірдің екі ұртындағы шұқырлары көрініп кетті.— Кей реттерде өзіме елу әрені артық ұстата салатын. Ал оның ері музыка мектебінің директоры еді. Бірақ өздері тұрмыста кем-тар болды, қарызға құлақтарына дейін батып қалатын. Бұл өмірде жомарт болу — жоралғы емес қой.

Кемпір күн сайын алаң-елеңнен тұрып, дағдылы әдетімен гаваньға жөнелетін. Балық аршыйтын пышағын да, кенеп алжапқышын да алмайтын, әйтсе де жұмыс күні басталмай тұрып гаваньды бір айналып шығуды міндетті ісіндей көретін.

Ал гаваньның өзі бір ғажап; қайықтар құжынай қалтылдап тұрса да, теңізге бір шықпайды. Бар болғаны безендірілген таза күйлерінде кеме тоқтайтын орынға таяу жерде жарқырай шайқалып тұра береді. Теңізден келген екі-үшеуінің түбінде аздаған треск пен камбалалар шашылып жатады. Балықшылардың кейбіреуі өз үйлерінің алдында тұрып, шаштарына мамық жабысын ұйқыларын аша алмаған бей-жей күйлерінде, қастарынан жүгіріп өткен кемпірге қарасады. Төменде, гаваньда, үш-төрт балықшы камбала салынған жәшікті ашып жатады. Кемпір оларға

көзін жыпылықтатып қарай қалатын. Бір ретте ол кісінің күлкісін келтірерліктей:

— Бұл не, қазірде камбалалар бітеу жәшіктің ішінде жүзіп жүретін болған ба? — деп сұрады. Бірақ балықшылар кемпірге арқасымен бұрылды да, тас жерге бір түкірді.— Ауыздарына насыбай салуды әлі қоймаған өздері, қай жақтан тауып алады екен! — деп кемпір ызалана сөйлей берді.

— Сен оларды қатты түйреген екенсің, шеше! — деп күлді Мортен.

— Тьфу, түкірдім оларға! Біз бәрібір олардан бір фунтына екі крон төлеп камбала сатып алмаймыз ғой, оны әлгі егіп те, орып та машақаттанбай-ақ ақшаны әкеліп әбдіресіне сүңгіте беретіндер сатып алар. Айтпақшы, Ольсен бикеш Фредериксхавнға барып ертеңгі поездан камбала сатып алып, әр фунтынан бір кроннан пайда табатын көрінеді! — Қыюын қалай тапқан! Ол қазір әр фунтын 75 эреден камбала алып келеді — оны әйтеуір, сатып алуға болар. Әрине, оны күйеуі өзі аулаған.

— Я, күйеуі бір ерінбейтін адам; сірә, Ольсен бикеш оны қымтып ұстайтын болар!

— Ал мына біздің қарсымызда тұратын жігіт бар ғой, ол да бір оңды адам; түнгі сағат екі-үште еңгезердей ағаш башмағымен тарсылдатып үйге қайтып келе жатқан дыбысын есітудің өзі бір рақат. Ал, әлгі бақас балықшыларды маған десе тірілей алақұйын аспанға көтеріп кетсін, мен оған жылай қоймаспын! Ондай қызметкерсымақтар қанша дегенмен біздің Борнхольмде болған емес. Әрине, жалқаулар да табылды, бірақ табан жаздырмастан оларды жұрт біле қоятын. Ал, мына жердегілер әлі де мардымды мырзалардай жүреді.

— Өздері де сол. Олар мырзалар үшін камбала алдыртады, қайықтарын қарайды, сосын ашық күндері желкеммен олардың балаларын қыдыртады. Мұның несі жақсы, шеше?

— Құдай сақтасын! Бұл жерде балықшы болудың қалай екенін қарай көр? Я, біз, біз сыяқты шарулар, әр істің астар-жапсарын біле береміз бе. Ал гавань өте қымбат, миллионның төрттен үшіндей сомаға тұрды дейді ғой. Оны кім төлеп жүр екен?

— Мемлекет телеген, шеше! Өндірістің өсуіне жағдай жасау үшін және жұрт тілегін құрметтеу үшін төлеген.

— Я, әлгі бай адамдардың салық көп деп қақсайтыны,

ақшаның осындай іске жұмсалып жатқандығынан екең рой.

— Сен қателесесің, шеше. Гаваньның пайдасын байлар көреді, бірақ оның құнының көбін жарлылар талшық тамаққа жұмсағалы отырған ақшасынан жырып төлеген. Байлар тек салық көп деп зарлайды; ал ас-судан ада болған қыруар ауыздар үн шығармастан төлей береді.

— Ас-судан ада болған ауыздар көп дегеніңнің растығына сөз жоқ, оларды қай жерден де қаптатып санай беруге болады. Ал, бірақ әлгі, салықты кедейлердің талшық етпек жартымсыз қаражатынан, киіп отырған жалбыр жамауынан алады деуің бекер-ақ болар! Бүкіл өмірім ішінде мен кедейлер басқа біреудің қайрым етуімен өмір сүреді дегенді естуші ем, ал енді сен келіп... Жоқ, басым, тіпті, шырайналып кетті! Өзің баспалдақтан тезірек түс те, мені сүйеші, көзімнің алды бұлдырап заттар қосарланып барады! Егер мұны өзімнің туған ұлым айтпаған болса, бәрін де өтірікке апарып таңған болар едім!

Кемпір ақылға келе алмады: дегенмен, өзі шынында да қайран қалды ма немесе аздап асыра сілтеп жіберді ме онысын айыру қыйын еді. Бірақ оның тілі өте шақпа еді, сондықтан Мортен оның сөздерін қызық көріп тыңдады.

Ақыры кемпір сөзін доғарған кезде:

— Міне, мен де сыбағамды алдым! — деді ол мысқылдай сөйлеп.

— Кәрі адамға күлуіңді қойсаң етті осы сен, — деп кемпір наразылық пішінмен басын шайқады. — Бір әбдіре толы кітап арқалап, жер-дүниені аралап шықпасам да мен де өз жөнімді өзім білем.

Мортен оның бүкір жауырнынан сыйпады.

— Мен баяу аққан судан да тыныш болайын, шеше! — деді ол шешесінің кілегейлене жыпылықтаған көзіне қарап.

— Сен бе судан да тыныш болатын? Қолыңа ерік беріп қойса, бәрін де алақайлай жүріп астын-үстіне шығарып төңкеріп тастар едің! Әкеңе тартқансың, амал не, бет әлпетің келмеген. Бірақ дәл әкең сыяқты соғысуға сен де даярсың; әрі бүкіл әлеммен соғысуды ойлапсың. Ох, еркектер ай осы!

Кемпір оның бетінен құшырлана сыйпалап қойды. Қанша дегенмен ол өз ұлын мақтаныш тұтатын.

Вера отырғанда әңгіме өз айналаларындағы заттар туралы ғана болатын. Дәулетті адамдарды жамандауға Вера әсте қарсы тұратын. «Бұл барып тұрған қыңырлық! дейтін ол.

Бірақ бір рет кемпір ішіндегі ойын ақтара айтып салды:
— Оқыған адамдарша, мүмкін, олардың артын жалау керек шығар, бірақ біз ондай мәдениетті жонылған емеспіз... Батпақ-батпақ болып шығып бай-батшаға тап болсаң не істеріңді біле де алмай қаласың.

— Менімше барлық адамдар сіңірген еңбегіне қарай алады,— деп жауап қайтарды Вера.

— Әрине, бұны көзі өз орнына біткенінің бәрі көріп отыр.— Кемпір балконның есігінен бау жаққа қарады.— Тіпті ана бір ақ рейтуз киген ши борбайды-ақ алшы. Кедейлерге ақша жыйнауға копилкалар тартып берген үшін оған кең сарай салып берген. Айта берсең үстемеге корольдан орден де алған.

Вера жауап қатпады. Күн сайын бұлардың үйінің қасынан өтіп, Вера бақша ішінде жүрсе-ақ болғаны изетпен амандасып өтетін осы бір «жарлылар жарылқаушысын» жанын сала қорғар еді. Бірақ Вера Мортеннен көрі кемпірден көбірек қорқатын. Вера екеуінің арасындағы әңгіме қоғамдық тақырыпқа тірелсе-ақ, кемпір қызу құлшына сөйлеп, ойын кесіп бір-ақ айтып тастайтын.

Жалпы олар тез шүйіркелесе кететін. Кемпірге көп кіржиіп жүруге болмас еді — оның күлкісі мен ақжарқындығы еңсені басқан көңілсіздікті де жадыратып жіберетін. Ал Вера деревняға көшіп келгелі ерекше сабырлы болып кетті; «Лунатизмның»¹ соқпасы анда-санда шарпып кетіп тұрды, бірақ оған төзе білуге тура келді. Әрі оның үстіне өзінің бар ой-назары үйге ойысты. Өз дегенін істеп, барлық терезелерге арнап арзанға мол перде түсіріп алды да пердені ол сауда орнындағы затты топтап салатын қоймадан тапқан болатын, оларды бөлмелерді жөндеп үлгерген шамасына қарай, бір-бірлеп жайната бастады.

— Бір этажын дачада тұрушыларға жалдағанымыз жөн,— деді де ол мебельдерді жағалай жеткізіп шыққысы келгендей-ақ төменнен жоғарыға, бір бөлмеден екінші бөлмеге кайта-кайта тасумен болды.

— Әрлі-берлі тасый бергеннен көбейіп кетер деймісің,— деп кемпір қағытып қалды.

— Шынында да өзі солай болып шықты, егер бір бөлме көбейіп кетсе, екінші бөлме қаңырайып босап қалады.

— Ендеше, кредитке мебель сатып алу керек,— деді Ве-

¹ Л у н а т и з м — ұйқы ауруы, ұйқтап жүріп ояу адамның әрекетін істейді.

ра,— өйткені мен, жоғарғысын ба, төменгісін бе, әйтеуір бір этажды сөзсіз жалға беремін. Сонда үйімізде едәуір қарақұрым қауымның басы құралады, оның үстіне әрі ақша да аламыз.

Пианиноны, әрлі-берлі тасып жүру оңай болмады да, төмендегі үлкен бөлмеде орнынан қозғалмастан тұра береді. Бірақ Вераға алдағы күннің алдамшы ойлары келді: немесе дача жалдаушылар төменге түсіп ойнайтын болады, немесе, жоғарғы этажда өздері тұрып қалса, мұнда келіп Вера жаттығу сабақтарын өткізеді. Үй ішімен пианиноны қоршалай отыра қалғанда қандай жарасымды.

Вераның бар ойын тап-таза қостай қойған кемпір:

— Бірақ өзің ойнай алмайсың ғой,— деп салды.

— Ей, тәйірі-ай! Мен ойнамасам, дача жалдаушылар ойнайды да! Шешесі де, қызы да ойнар; бұл жалпы білімге жатады.— Вера Мортенге жалпы білім ала алмай қалғаным сенің кінаңнан дегендей кейіппен қарады да, бұған айыпты жалғыз ол ғана емес екені ойына түскендей болды.— Папам мен мамам да консерваторияға бармек болып еді,— деп жұмсарта, жуаси қосып қойды.

Вера күтпеген жертен өте жігерлі әйел болып шықты, өз мінезінің ашылмаған тың жаңа жақтарын көрсете бастады. Бір күннен кейін велосипедпен он километр жердегі қалаға барды да, одан ұсталған мебельден ол-пұл сатып алды, оларын артынан саудагер жеткізіп тастады. Ұсталған заттарды тауып алуға ол өте шебер еді, әр тыйынды орнымен тәптіштеп жұмсайтын. Егер Мортен оған еріп бара қалса, Вераның ескі-күскы сататын адамды ұршықтай үйіре бастағанына қайран қалып, қалшыйып тұрып қалатын.

— Ол сонда да бірдеме жырып қалады өзі үшін бұл заттардың құны да шамалы,— дейтін ол.

Үй бұдан екі-үш жыл бұрын салынса да, бірақ оған әлі ешкім тұрмаған еді. Сонда да үйдің іші-сырты бірдей жөндеу керек етіп тұр. Жаңа тас қабырғадағы селитра, обойлардағы сурет айқын бояуынан айрылып қалған еді, ал бояу өте жұқа жағылғандықтан сулы шүберек тиіп кетсе-ақ сүртіліп қалатын. Бірақ үйдің тас пен ағаштан тұрғызылған жерлері мызғымастай берік еді, үйдің салынуында қапы жоқ. Сөйтіп, акыры, бір сәтті күні үйдің жөндеу жұмысы бітіп, қаз қалпына келді. Мортен енді күл-көпір төгетін шұңқырдай күйреп жатқан бау-бақшамен айналыса алатын болды. Ол бау-бақшада жұмыс істеп жатқанда кіп-кішкентай, түп-тура құмырадай домаланған Эльза қасына жүгіріп келіп, жоқ-

тан өзгенің басын қосып былдырлай бастайтын. Кемпірдің қамқорына бөленген Эльза жұп-жуан боп кеткен еді де, жүргенде кісінің күлкісін келтірерліктей шайқалақтап кететін. Мортен ағаш отырғызып жатқанда ол артынан келіп, шалбарынан тартқылап «Міне осылай, осылай!» — деп былдырлап, көп қолқабыс тигізетін.

Кемпір біресе бір шыны сүт алып, біресе қаймақ алып жүгіріп келетін, сол кезде олар зембілге отырып дем алады. Әкесі де, қызы да қант салған айранды жақсы көретін, Эльза айранның екеуіне тура тең болуын қатты қадағалап тұрады. Бір рет Мортен өз сыбағасынан оған аздап ауыстыра ұсынған кезде Эльза:

— Мұның дұрыс емес, папа! Уәдені орындау керек! — деп ашуланған.

Бұлардың бау-бақшасының бір қыйырдағы шетіне бағбанның учаскесі келіп тірелетін, сол жерде, бағбанның копенгагендықтардың бау-бақшасынан қазып алған шірік ағаштар мен бұталарды тастайтын ылғал бұрышы бар еді. Мортен сол ағаштар мен бұталарды арзанға сатып алды: өрік, шие ағаштары, жас алма ағашы, грушалар раққа шалдығып көгеріп даттанып кеткен. Мортен ағаштардың шіріген жерлерін кесіп, орап байлап, құнттап егіп тастады. Сөйтіп, бұл ағаштар да тамыр тартып, бой түзеп өсе бастады.

Кемпір де әбігерге түсті. «Гүлдер жақсы өсу үшін оларды сұрап немесе ұрлап алу керек қой», — дейтін де ол ылғый алжапқышын толтырып түйнек, бадана, көгенсабақ алып келетін. Оның ішінде қазаты да құлқайыр да шоғыр болып жатқан флокс те болатын. Егер де кемпір біреу-міреудің бау-бақшасынан өздерінде жоқ бір әдемі гүл көрсе болды, кимелей кіріп барады да, кішкене күлшесін сұрап алады. Алып келген олжасын Мортеннің аяғының астына алжапқышынан төгіп жатып: «күзде көбірек беруге уәде етті», — деп мақтанатын. Бау-бақшаның көгал алаң қылауға арналған орталық бөлегіне картоп егілді, — ол жерді арамшөптен тазартуға тапырмайтын тәсіл.

Кеш түсісімен-ақ Мортен жазу столына келіп отырады. Бәрінен ерте тұратын кемпір балалармен бірге жатып қалады, ол балалар бөлмесінде ұйқтайтын. Күні бойы сауданың қыйын қыбын табам деп және қыруар жұмыстан әбден сілесі қатып шаршаған әрі зықы шыққан Вера да ұйқыға ерте кетеді. Мортен әсте шаршамайды, қайта күндізгі жұмыстардан денесі шыйрап кеткендей талып істеген дене жұмысынан кейін мыйы жаңарып, жалығуды ұмытады, бар-

лық ың-жыңды жұтып қойған түннің терең тыныштығы жемісті тың ойлар туғызады. Ол өзіне балконы бар жоғарғы үлкен бөлмені кабинет қылып алды; балконның ашық есігінен жайлап ұшып түн көбелектері келіп, әсем сәулесі Мортеннің алдына дөңгелей түсіп тұрған шамның маңайына жыйналды. Төменде, төбенің етегінде, тап бір сылқ-сылқ ақырын күлгендей ұйқтап жатып ырғақты ән айтқандай Эресунда суы сылдырлайды. Әріректе, бухта үстімен үлкен, толған ай жүзіп барады. Әлдебір жұмбақ нұр төккен ай құпия жарқылдап, бар өңірді торлай түскен салқын да сыйқырлы сәулемен қымтап тұр; ол сәулелер тіпті адамдардың төсегіне дейін кіріп, ұйқыда жатқандарды қалтыратып, олардың тыныштық шырқын бұзады. Сонау түстіктің алыс бір жерінде күдікті кемелерді қараған Миддельгруд фортының қуатты прожекторлары Эресундтың бетін шарлап жатыр.

Бұл жержүзілік соғысты еске түсіреді, бейнебір болажақ нәрседей сол туралы ойлауға мәжбүр етеді. Соғыс салқыны барлық істе үрей туғызып, күні-түні дамылсыз елестейді, бірақ адамдар өз тұрмыстарының тұрақсыздығына еттері үйреніп те кеткен еді, соғысты тіпті сезуден қалды олар. Тек көз алдарында болып жатқан, ұғымды нәрселер ғана соғыстың әлі бітпегендігін ескеруге еріксіз итермелейді. Мүмкін, дене жұмысымен айналысқандықтан ғана Мортен, болмашы қуаныштары мен сәтсіздіктерін қоса күнделікті тұрмыспен тыныстап, шетелдерде болып жатқан адамдардың құтырынған қызыл қырғын қасабын елемейтін болар. Оның әріптестерінің көпшілігі ешнәрсе істеуге мүмкін еместігін айтып шағынады; соғыс қасіреті оларды жаншылай езіп тастаған еді, терең ойлы мәдениеттің биік шыңынан, бірін-бірі аямастан аңша қырып жатқан осынау шыңыраудан құлаудан олардың көпшілігін тек сапыра ішкен арақ кана алып қалды. «Адамзаттың жақсарар кезі бар ма осы?» — деп күрсіне отырып олар ұялмастан-ақ соғыстың айыбын халықтың қалың көпшілігіне артып, сол қырғынды бұқараның қанқұмарлығының серпіні деуге дейін барып жүрді.

Мортен мамандас жолдастарына көп жоламайтын. Өзінің жазғандарында әлеуметтік тақырыптарды талдады да, осының салдарынан «творчествоны материализмге» дейін құлдыратты деп олар Мортенді жек көретін: Мортен де оларға, бір құлқынын тойдыру үшін қазіргі өмір сүріп отырған өкіметке қалай да жағынуды тілейтін жарыместеу, піштірілген жазушысымақтар деп қарайтын. Бірақ кей кездерде

әдемі таяғын қолына ұстап, жұмсақ қалпағын түнеріңкі маңдайына төндіре киіп, қыялдап қайту үшін теңіз жағалауына серуенге шыға қалған бірен-сараны жанынан өтіп бара жатып Мортенге көз салатын. Ресторандарға қыдырудың орнына күн ұзақ жер шұқылап, ал түні бойы кітап жазатын, және барлық жазушы ағайындарынан көрі баспасөз бетіне аз шығатын, бірақ жұрт көп оқыйтын осы бір жазушысымақ Мортеннің қалай тұрмыс шегетінін көруге олар қызыға құмартатын. Өздерін жарты құдайдай дабырайтып, тек жеке бастарын ғана сөз қылатындықтан Мортен олардың іс жүзіне келгенде қолдарынан түк келмес сорлы болып көрінуге шеберліктеріне және сөйте тұра пайда мен атақ алудың болмашы сәті түскенін жып-жылдам сезе қойғыш скендіктеріне қайран қалды. Егер осы бір керенау адамдар шын өмірге араласып, өздерінің назарын өмір сүрудің толғағы жеткен шытымыр мәселелеріне аударса және табиғаттың өзі солардың санасының сақшысы бол деп жаратқан адамзаттың қалың бұқарасын басқаруды шындап қолына алса, дүние қандай болар еді деп ол жиі-жиі ойға кететін. Мұның орнына олардың назары артқа аударылған еді, өткен күндерге енші болып қалған бар нәрселер бұлардың ой назарын байлап алды, ал алда, келешекте не жатқанын көругеде көрсоқыр болды.

Олар Мортенге жоғарыдан қарады, Мортен оларды жарымжан адамдардай көріп қыйнала жанашыды. Көптеген жазушылардың өзі шыққан бұқараға жаны ауырмай, жиіркене қарайтын кезеңі қазірде артта қалды. Бұрын басқаның қылмысын бұқараға аудара салу оңай еді — елжірей қалатын тыңдаушылар кез келген уақытта іздеусіз-ақ табылып жүрді. Ал, қазірде оп-оңай ірге бөліп кету арзанға түспеді. Қалың бұқара қанқұмар емес-ті, бұлар онысын өздерінің сан ғасырлық шыдамдылығымен дәлелдеп шықты; міне енді қазірде де көздерін байлап тастаған өгіздердей, олар тағы да өздерін қанды қасапқа әкеп салуға жол беріп отыр. Бірақ осы жолы, тіпті соғыс аяқталмай-ақ, бұхараның өшпенділігі оянып, өздерін осынау соғысқа қуалап апарғандардан іргесін бөліп кетуге күштері жетер деп Мортен қатты сенді.

Мортен соғысқа көзқарастың Данияда кең таралған сентиментализмдік түріне қосылмады, ол мылтық басқа жаққа кезеліп жатыр деп санады. Бейбіт эволюция дегенге ол сенбеді, оның қарқыны Мортенге қарамаймен майланған ағаш қабығының бетімен жорғалаған құрт-құмырсқаның жүрісін-

дей болып көрінді. Эволюция — бұл пайдалы орынға қонып семіріп алғандар мен қазіргі қоғамдық тәртіпті сақтауды тілеушілердің ұраны. Адамзат тарихындағы азын-аулақ болса да көрнекті мен жаңаның бәрі қанмен орнады, прогресс жолы адам жүрегінің қанынан қызыл жоса болған. Бұқара белдесіп ұрысқа түссін-ақ, бірақ олар өздерінің бостандығы үшін ұрысқа түссін. Соғыс оған «ойранды аласапыран» болып көрінген жоқ, оның прогресті ұғынуынша соғыс, әйтеуір жол берілмеуге тиіс нәрсе еді. Соғыс өмір сүріп тұрған қоғамдық тәртіптің іргесін ғаламат шайқалтып жіберді оның соңынан, әйтеуір, бір жаңа нәрсе пайда болуға тиіс. Осы жаңа нәрсе адамзаттың қалың бұқарасының алға ұмтылған адымымен байланысты екеніне ол мықты сенді.

Сентиментализмге салынықырап кеткен өз мамандастарының алдында осы көзқарасына берік табан тіреп қалған кездерде олар Мортенге самарқау жанармен қарап, мұнысын адам ойлап таппас әсіреңкілік деп атайтын. Олардың пікірінше апат тікелей кездейсоқтықтан, немесе бұқараның дөрекі соқыр сезіміне бөгет жасап отыр-мыс деген мәдениеттің уақытша құлдырауынан болып отыр. Апат ақырының ең қайырлы аяқталуы деп олар соғыс біткен сәтте дүниенің сабасына қайта түсіп, соғыс ылаңы тимегендей-ақ өмірдің сол бұрынғы қалпынша болуын санады. Және олар күн астында ешбір жаңа нәрсе болмайды, бәрі де қайталанып отырады деп тарихтан дәл осындай дәлелдер келтіріп бақты; олар тарихтың көң-қоқыр төгетін шұқырларында жатқан алба-жұлба төсеніштердің арасын ақтарып, жалықпай жалмап бағы бір заманның ащы запыранын құныға иіскелейді! Қазіргіге олар көп алаңдамайды, болашаққа селсоқ қарайды.

Күндізгі жұмыстарды аяқтап жазу столына келіп ойға батып отырғанда Мортен көп жайларда өзін өзі тым жалғызсырап қалғандай сезінеді: Оның ана жерде де, мына жерде де, тіпті буржуазия жазушылары арасында да таныстары бар еді; олар мұның талантына, өз көзқарасына берік табан тіреген қайсарлығына қайран қалысатын да, бірақ рухани жан дүниесін түсіне білмейтін. Ютландияда өзімен бір бағытта жұмыс істеген екі мамандасы және досы тұратын, бірақ соғыс кездерінде оларды көз алдынан адастырып алды. Олар да оқыйғаның артын күтіп, бұнымен қатысуда белгілі бір сақтық ұстап отыр-ау деген ой пайда болды оған. Өз пікірін айту қажеттілігі кеудесін кернеп барады, бірақ

дәл қазір мақала жазудан түк пайда жоқ: тіпті «Жұмысшыға» дейін өз оқушыларының арасына мұның көзқарасын таратудан қашқалақтап кетті. Міне сөйтіп ол бәрі бір ештеңе істеуге болмайтындықтан жазғандарын алдына үйіп қойды, столға еңсесін төсеп жалғыздан-жалғыз отырып айтыс ашты, болашақ жұмыстарына әлдебір ескертулер жазды. Мәдениеттің апатқа ұшырауы жайында дәрменсіз күйгелектеп қоюдың септігі аз болып, оқыйғалар туралы шынайы тура ұғыну керек болар кез туар деп өзін-өзі жұбата беретін.

Болашақ көз алдында айқын еді, бірақ дәл қазір не істеу керектігін білмегені жаман болды. Қазіргі кез барлық іс-әрекетін қоса Вераның сенімді одақтасы еді. Табыс құлдырай азайып барады, ал баға болса құтырына өсіп шырқап көтерілуде. Көп адамдар ақша табудың ебіне түсініп алды, соны ойлап Вера Мортеннің де неге солардай болмайтынына қайран қалатын. Тіпті оның әке-шешесі де, оңды адам саналатын ағасы да өз қатарларынан асып түсті. Мортеннің мақалаларын неге жиі-жиі қайтарып жібереді? Жазғандары редакторларға ұнай қалатындай етіп неге жазбайды? Қалай жазуды біледі ғой ол! Мұны барлығы да тіпті, оған қас адамдарда айтып жүр.

Вераның бет әлпетінің бір құбылысынан-ақ дәл осылай ойлап жүргенін білуге болар еді. Вераның көзқарасы мұның өзіне және жұмысына шешімді ықпал жасай алмаса не шара. Бірақ оларға өмір сүру керек, балаларға да, үкімет пен оның дәрігерлер арасындағы итаршылары өзеурей мақтайтын жалған көр-жерлер аз қосылған, тойымды тәтті тағамдар қажет. Басқалар сыяқты ол да жоғарғы билеушілерге неге сатылмайды? Дача іздеуге бірге шыққан сонау бір ұмытылмас күнде Дагмар: «біз бүгінгі күнмен өмір сүріп отырмыз, ал Мортен, сен де біздейсің!» — деген еді. Ол әйел дұрыс айтқан еді: қазіргі өмір сүріп тұрған құрылыс әйелдерді тәнін саудаға салып, жезөкшелік жасауға итермелей береді. Үй ішінің қамы үшін өзінің қайсарлығын жуасытса болмас па еді? Вераның, ал кей кездерде шешесінің де мұны қасарма деп ойлайтынын түсінді. Ендеше, қасармалық еш бұзып өтуге болмастай оның жан дүниесіне терең орнап қалған! Шытымыр мәселелердің шетін ғана түрткілеп дегендей, бұлаң құйрыққа салып жағдайға үйлесіп көруге ол қанша рет тырыспады. Бірақ бұған оның икемі жетпеді, ұстамды болайын десе де «Түстік листоктың» редакторы айтқандай әйтеуір біреуді тістеп-теуіп тұрады. Ол

оркестр құрамындағы гобой тәрізді, еш уақытта күйге қосылмайды; қандай болмасын бір күй тарту үшін басқа аспаптар мұның үніне үйлесу керек еді. Тіпті, жазушылардың қайтадан дабырайтып әкеткеніндей өзі сөз шебері ме осы, мүмкін әдебиет қоқсығына алтын жалатқылары келгендіктен айтып жүрген болар? Ол бәрін де художник адамдай сезінді бірақ өзін тек жүрегінде адамдардың мол уайым-қамы орнаған кәдуелгі адам, халықтың қарапайым ұлдарының бірімін деп таныды.

Ойлар өз бетімен кетіп жатты, жазу столында көңілі өсіп отырып қалған кездерде ойлары із кесіп жүрген иттердей сапырыла соқтығысып жөн таппай аңтарылып қалады. Бау-бақшадағы ертеңгі жұмысқа күш жыйнап алу үшін жатып ұйқтау да қажет, бірақ төменге түскісі келмеді. Балалар бөлмесінен кемпірдің кішкентай немересін қалай бәу-бәулағанын естіді, ұйқтайтын бөлмеде Вера ұйқы рақатына батып жатыр; мүмкін ол тынығып та қалған болар, Мортен қазір төменге түссе, от басының шатағын шығаруды да ойлап жатқан шығар! — Қазір ай толды ғой! Бірақ Мортен оған қызыға қойған жоқ.

Ол диванға жатты да, ашық тұрған балкон есігінен бау-бақшаға қарай бастады. Жоғарыда ауа сәл дірілдеп, ұйтқып өтеді, біресе ай жерге өзінің салқын тынысын төгеді. Бір жақын жерден ит ұлайды. Жолдың арғы бетінде тұратын балықшының бесіктегі баласы шырқырап жылайды; көрші үйдегі мұғалім әйелімен ұрсысып жатыр: денсаулыққа пайдалы болады деп олар терезелерін айқара ашып тастап ұйқтайтын. Ай оларға да терезеден сығалайды, бүкіл жер шарына нұрын төгіп сәуле шашып тұрған ай, ерлі-зайыптылардың төсегіне дейін, түсіп тұр.

Мортен елеңдей құлақ түріп жатты: ақырын басқан аяқ дыбысы естілген тәрізді, Вера болар ма? Әлде, бас ауруы тағы да бастады ма? Жоқ, ол да емес, бұл да емес, аяқтарын қатар алып басқан солдаттардың алыс бір жердегі көпір үстімен жүріп тарсылдатқанындай сол құлағындағы шуыл жай ғана қанының немесе жүрегiнiң соғуы екен. Бұл оған ертеден, тіпті, сәби кезінен дерлік таныс, кәнігі шуыл еді. Осы шуылды ести жатып Мортен қалғый бастады.

Ал, ол қалың ұйқының құшағына бірте-бірте кірген сайын, жүрегiнiң бiр қалыппен тым қатты соғуы ырғаққа, нәзік бір әуенге айналды да, артынша әннің баяу шыққан сөздері естілді. «Баласын әдилеп жатқан балықшының

әйелі ғой,— деп ойлады Мортен ұйқылы-ояу күйі,— төменде тұратын дачниктердің мазасын алмау үшін, әйел нәрестесін жылатпай барын салып жұбатады. Әнді даустап айтуға да батылы бармайды».

Ұйқташы бол, ұланым,
Ай да шығып, құйды нұр...
Не керек енді қайғы-мұң?
Кімге болсын бір тағдыр!
Жүзіп көкте жарқын ай,
Тербеледі толқын жай...
Көк ашық. Жым-жырт теңіз де.
Жұмды ұлан міне көзін де.
Саусағыңды ем де сен,
Ұйқташы тез енді сен.
Емізік бар ма саған тоқ —
Саусағыңнан артық жоқ.
Неге, теңіз, шуладың?
Қашты ұйқысы ұланның!
Әусде жүзіп көгілдір,
Ай сақшыдай шолады,
Тұңғыйыққа күңгірт бір —
Жарқын нұры толады...
Теңіз, неге шуладың?
Қойды ұйқтамай ұланым!
Жатыр ұйқтап періште
Тұңқылықтың түбінде...
Жаға елестеп ай түскен,
Жылайды сорлы түсінде.
Ән сап теңіз, шулайды,
Мервертін сыйлайды...
Тыншы, теңіз, аялдап,
Таң алдында бізді оят!
Әкең сенің ай барда
Жетер жүзіп үйге бір.
Қатер жолда әманда
Балықшыға қауіп тұр...
Тыншы, теңіз! Түнімен
Шулай бермей толқып сен!
Қажет қылмас әкең бұл
Ешкі менен сыйырды...
Өзгеше оған табын бір
Көк теңізден бұйырды.
Құшағында көп балық,
Жатыр теңіз шайқалып...
Ау құрады сәріде,
Балықшы кеп ирімге,
Олжасын сол кешқұрым
Қайтады алып үйіне.
Маған аян өскенде
Әкеңе ұқсап сен де әлі-ақ

Көк теңіздің төсінде
Шарқ ұрарсын сайран сап.
Түнерсін теңіз өрінде,
Теңіз тербер сені де?
Біл сен бірақ, теңіз ол —
Өгей шеше, ана емес.
Ол сондай ғой, ұланым,
Қайтем қылып мен кеңес!...
Қайғы, жоқтық сыбаға
Балықшыға берілген.
Шіркін оған сонда да
Теңіз артық бәрінен.

Мортен әннің тоқтала қалуынан қатты шошып оянып кетті. Ол ұшып тұрды да, мұны өңінде естіді ме, жоқ әлде түсіне кірді ме, оны анық ажырата алмастан әннің сөздерін жаза бастады. Қарсыдағы балықшы лашығының ашық терезесінен тұнып тұрған тыныштық байқалады. Мұғалім мен әйелі керісе-керісе сілелері қатып, ұйқтап кетіпті, тек бұрыштағы үйдің иті ғана манағы күйінше айға қарап әлі ұлып тұр. Ай сәуле шашып тұрған бұл өмір ғажайып қаңырап, тұлдыр қалғандай сезіледі! Ех, егер ол ыстық құшаққа оралып жатса ғой қазір, егер Вера Дагмар болса... немесе Дагмар Вера болса! Осы бір ой көпке дейін түсінен де шықпады.

II

Дачниктер

Мортеннің жаңа мекенінің жанымен өтетін жол теңіз жағасына дейін құлдылай түсіп, өзінің бітер жерінде, жағалау жолына апаратын сайдың ішімен жүреді. Ол жерде әр уақытта сапырылыс еді, балконнан қарағанда құламамен төмен қарай зырлаған велосипедшілер мен экипаждар көрінеді. Ал мұнда жоғарыда айнала тып-тыныш; сүтші күн сайын ерте қатысады, етшілер мен бакалшылар күн ара келеді; балалар мектепке барып, қайтып жүреді: мектеп теңіз жақ беттегі жақын жерде еді. Анда-санда жазғы тұрғын іздеген Копенгаген семьялары көрініп кетеді. «Мына жердің табиғат көрінісі тамаша екен,— дейді олар аула жанына тоқтай қалып,— амал не, үйлерін жалға бермейді!» Соны айтып тұстарынан өте береді. Өзінің сүйікті орны — верандада отырып Вера олардың арттарынан ұзақ қарап, жол бойынан көз алмайды. Өзіне салса арттарынан жүгіріп барып, үйіне ертіп келер еді; ол әбден құлазып, дачниктерді

кіргізіп алуға құмартты. Бірақ Мортен мен кемпір жалдап алушыларға көрсетуге вилламыз әлі әзір емес деп санады; олар өздеріне дегенде тым-ақ қатал еді.

Асыл тұқымды қарагер ат мінген сақтық қоғамының директоры тұстарынан өтуінің өзі бір үлкен оқыйға болды. Сырт көрінісі неткен айбарлы! Күміс шпор таққан, лактаған биік қонышты етік, ақ рейтуз қандай десеңші, шағаладай аппақ! — Ақ шабырадан тігілген болар, сірә! Ал, ерекше әшекейлеп ерте кездің үлгісімен тіккен курткасын қарашы — жалт-жұлт еткен биік цилиндрін қайтерсің! «Жарлылардың жарылқаушысы» күн сайын тұстарынан өткенде Вера верандадан бақшаға шығады да, ол өзіне қарап, ізет тұтып иілген кезде жүрегі қуаныштан алқына соғады. Жалпы ерекше ешнәрсе бола қойған жоқ; көрші үйдегі балықшы ағаш башмағын тарсылдатып гаваньға кетеді; қояншық Хессельберг көзін қолымен қалқалай, дачниктерге қарап қойып жандарынан жүгіріп өтеді. Сәл әріректе темір жол торабы бар еді, сондағы шлагбаумы төмен түсірілген кездерде Хессельберг: «қазір арқырайды! Шлагбаум¹ түсірілді, қазір арқырайды» — деп айқай салады. Ол шешесімен бірге ескі бір әдемі үйде тұратын да, аяқкиім жамаумен және жазды күндері бөлме жалдаумен тамақ асырайтын.

Жол ескі, көп тапталған жол еді, маңайдағы шаруалар теңіз жағасынан қайраң алуға және балдыр жыйнауға барып онымен сан жүз жылдар жүрген болар; оның үстіне жылына екі рет жаппай кір жуу кезінде шұбыратын. Кенептен тігілген сұры қашқан сауыс-сауыс кірлі киімдерін өгіз арбаға тиеп апарып, судың біраз жеріне дейін кешіп барып, тап оның туған жеріндегі, Барнхольмдағы шаруалар сыяқты белдерінен суда тұрып, шайып жуа беретін! Жағалаудағы жолдың бір жағынан тағы да біраз жер бос қалады. Бұл баяғыдан ашық тұратын ең соңғы бір тоқымдай ғана ортақ жер еді; қалғандарын уақыт өткен сайын жеке меншіктілер иемденіп алған; әрине бұл соңғы қалдық та жеке меншіктің тойымсыз қарнына түсіп кетеді; әлден-ақ белгісіз біреу осы араға да: «кіруге болмайды» деген жазулы тақтайы бар қада қағып қойыпты, бұнысы, сірә, осы бір бөгеу сөзге жұрттың көзі үйреніп кеткен кезде, бұл жерді түгел баса қояйын деген ойы болар.

¹ Ш л а г б а у м — темір жолды кесіп өтетін жай жолдарды ашып, жауып тұратын белгі ағаш.

Кабинетінің балконынан Мортеннің көз алдына кең көрініс ашылады. Жол кетіп жатқан бағытта, сол жақта Эресунд көрінеді; онан әрі көз алдында, ұлан-байтақ бұта керіліп жатыр; ал тіпті алыста, түстік пен батыстан зор орман көгереді. Тура қарсысында, жолдың арғы бетінен шалқар жазықтық созылады: тас қазат пен жер, тар бұлаққа жантая жалғасып жатқан жазық дала. Осы кең жазықтағы жалғыз көршісі мұрындарынан салтақ аққан бір топ көңілді балалары бар балықшының кішкентай лашығы еді. Бұл үйде тұратын жасқаншақ адамдар балаларына Эльзамен ойнауға рұқсат етпеді. Эльза пұшық мұрнын қадалардың арасынан тығып, шарбақтан балаларды шақырған сәтте, шешесі келіп оларды үйіне қуып кететін. Олардың негізгі күн көрісі жазда дача жалдайтын копенгаген адамдары еді, бірақ өздері оларды жек көретін, ал Мортеннің семьясын ештеңеге қарамастан, «мархаббаттылардың» қатарына апарып қосып қойды. Мүмкін, бұған басқа да себеп араласқан болар: жергілікті балықшы тұрғындар өздері кедей бола тұрып, социализмді еске түсіретіннің бәрінен қорқатын.

Бұл аймақта қандай да болмасын бір кәкір бар еді; Мортен мұны алғашқы келген бетте-ақ сезді. Бірақ оның мәнісін түсініп үлгергенше едеуір уақыт та өтіп кетті. Бұндағының бәрі — жері де, тұрғын халықы да — астананың тынысымен, оның жексенбілік демалысмен ұланған еді. Егіндік жер нашар өңделген, егуге келетін «дача участкелерін сату» деген тақтаймен уақталған участкелерге бөлінген байтақ жер құрдан-құр құлазып жатты. Шаруалар дачниктерге сүт, май, ал кейбіреулері обошь әкеліп тұрды, әкелгендеріне ақшаны сапырып алды; жалпы алғанда олар сәт сағатын күтіп жұмыссыз сенделді. Мінекей көп кешікпей өздері жаны жирене жек көретін адамдар, астана мырзалары сап ете түседі де, дачалық участкелерін, ал бәрінен абзалы жазғы усадьбаға арнаған жерлерін сатып алады. Олар үшін күнделікті жұмыстың түк мәні болмай қалды, бұдан түсер болмашы пайда, ерте ме, кеш пе, әйтеуір бір келіп ошарыла қалар үлкен олжаға қарағанда тамтыққа тұрғысыздай көрінді. Және, копенгагендіктердің құдайдың құтты күні жексенбілік өткізетінін көріп олардың мұнысы сіңірген еңбектерінің тиісті сыйы екенін естен шығарып, жергілікті адамдар да қалаша киініп, қалалық әдет-ғұрыпты тұтуға тырыса бастады. Олар бірін бірі әріптеспіз деп дәріптеді, әйелдер түскі астан кейін

курорттық мейманханалардың террасында кофе ішуді үйреніп алды, ал шаруа жігіттері фрак пен крахмал жағалы көйлек киіп курорт залындағы сенбілік балға келетін болды.

Шаруалар сыяқты балықшылардың басынан да осындай дәурен өтіп жатты, копенгаген уы әсіресе осыларды қатты улады. Олар уақыттарының көбін курорт залының арақ-шарап сататын жері мен гаваньның арасында өткізетін, бұл жерде өздерін теңіз батырларындай санайтын олар көк свитерлерін киіп алып копенгаген әйелдерінің алдынан көлбең қағатын. Олар азды-ғұрым топтарға бөлініп, күн сайын ертемен фредриксхавннан бір жәшіктен жас балық алатын да, әкеліп үш есе қымбат бағамен сататын.

— Ең жас балық осы, бикеш, тура теңіздің түбінен шыққан!

— Түні бойы теңізде жүру қорқынышты-ақ болар,— дейтін де сатып алушылар, балықтың қақы өте қымбат екеніне таңданбайтын.

— Әрине, онда барсаң қол қусырып отыра алмайсың,— деп балықшылар бір-біріне көз қысып, түнгі ұйқыдан ұйпалақтанып қалған желке шаштарын сыйпалай бастайтын.

Бөлмелерін жалға беріп олар үйлерінің шатырларына немесе жаздың екі-үш айы бойына әлдеқандай бір шоланға орналасып алады, пәтершілері қысылып-қымтырылмас үшін барларында жыйнақы, аяқтарының ұшымен жүреді де, мырзалары елеулідей етіп қызмет көрсетеді. Күзде, «қайырымды шошқалардың» қарасы өшкен кезде, олар кеуделерін кере бір дем алып, копенгагендіктер лақтырып кеткен жарамсыз заттарды ұқыптай іріктеп, өз мекеңдеріне қайтадан қожалық ете бастайды. Бірақ жаңа жылдың алғашқы күндерінен бастап-ақ әбігерлікке түсіп, жазғы мекен жалдауға әзір копенгагендіктерді іздеп, жан-жаққа кезіп кетеді.

Мортен кейінге қалдырды, ойланып-толғанды, сөйтті де дачниктерді кіргізу деген ойдан бір жола айныды. Бірақ Вера бұл ақшаның өте қажет екенін, сонымен бірге үйлеріне оқыған адамдырдың қызығуының да аса бір артықша сүйкімділігін дәлелдеп қарыса берді. Кешкі шайды бір-бірінің үйінен ішіп қалуға, кештерде бас қосып балконда отыруға, әйтеуір не керек, уақытты көңілді өткізуге болады. Ақша туралы дәлел айтылғанда Мортенге ләм деместен бас июге тура келді; үйлерін аздап болса да жөнге келтіреміз деп олар қарызға батып қалды — шаруашылықтарында көптеген саңылау пайда болды, енді соны дачниктерден алған ақшамен тығындаса қандай жақсы болар еді.

Үш жүз елу кроннан артық сұрамаспыз деп келісті олар: копенгагендіктер үйдің мына түрін көріп онсыз да кіржәне қалар. Өз бөлмелерін жат адамдарға жалдау деген ой Мортенді жиікендіріп жіберді. Бірақ бейтаныс адамдардың апаласуы Вераны бірсыпыра жөнге салуы да мүмкін ғой. Үй ішінің кіркір-жіңінен екі-үш ай болса да құтыла тұруға ол қарсы емес еді.

Олар бір жапырақ қатырмаға хабарландыру жазып қақпаның жанына қағып қойды; сол күні-ақ жалдаушы — Вестерброгаттағы аса ірі кітап сатушы жетіп келді. Баспа жұмыстарымен де шұғылданатын бұл фирманы Мортен білетін. Фирма жас қыздар үшін басылуы арзанға түскен, мұхабаларында көз ұялғандай ашық гүлдері бар англия кітапшаларын шығаратын. Келген адам қалпағын басынан алмастан ысқыра жүріп бөлмелерді аралап шықты да, барлық затты көз таразысына тартып, ләм деместен тұрып қалды. Алғы үйге шығып, былайынша айтқанда, жанымыз туыс адамдар болғандықтан да, дачаны қалай да жалдап алуға тұра келеді деген ойын білдіргендей: — Хо-о-оо! — деп созып қойды.

— Біз сіздің кітаптарыңыздың әлі бір де бірін сатып көрген жоқпыз, — деді тағы да ол, барлық моральдық міндеттен алдын ала ауытқып алғысы келгендей, — кітаптарыңыз біздің сатып алушыларға арналмаған. Ал енді екі жүз елу кронға келістік.

Кітап сатушы бұлар ұстап қойған қарыздың біразын өтейтін ақша ұсына салды: өзі ғой отыз-қырық мың табыс есебінен салық төлейді! Мортен алғашқы сәттен-ақ оны жек көріп қалды, бірақ «болмайды» деп айта алмады!

Олар дачниктермен осылай табысты, бірақ Вераның күткен үміті тез арада айықты. «Төменгі катын» оның баржоғын тек әлдене талап еткенде ғана есіне алды, соның өзінде де жоғарыға үй қызметкерін жұмсады. Олаоға үнемі бір нәрселер жетпей жататын, әсіресе асүй тапшылық етті. — өздеріне түскі ас дайындау үшін ғана адамдарға осыншама мүлік керектігі, тіпті, сумдық емес пе! Әлдеқандай бір адыра қалғып екі жүз жарым крон үшін өздерін осыншама талап ете беруге еріктіміз деп ойлауларың қайтерсің! Соларға сәнді болсын деп барлық жақсы нәрселерді онсыз да күн ілгері төменге тасып қойған-ды: Мортеннің мақтаушысы: қызыл ағаштан істелген қапта ойнайтын ескі стол, Уленшлегер көшесінде тұратын бір антиквардан қапысын тауып сатып алған екі ескі креслоны да қайтадан әдемілеп төменге

көшірген. Өзінің кең жұмыс кабинеті енді қаңырайып қалды: диван, жазу столы мен бір орындық — міне бар жиһазы осы ғана. Басқа бөлмелердің де оңып тұрғаны шамалы еді. Сонда да мына мырзалар дамыл таппай қайта-қайта келіп, тағы да ананы-мынаны сұраумен болды, келген қонақтар қонып кетуі үшін тағы да кереует және түнгі стол сұрады.

Вера түңіліп бітті. Ол өзінің осы бір ісінен қаншама игілік күтіп еді — ал ақыры мінеки не болып шықты!

— Құдай-ау, жалдар кезде неміз барын көріп еді ғой олар! — деді ол көзіне жас алып тұрып. — Ал келіскеніміздің үстіне қарта ойнайтын стол мен креслоларымызды бердік. Енді өзіміз еденге ұйқтауымыз керек пе?

— Міне осындай әдіспен адамдар жоғары өрмелейді, — деп жауап қатты Мортен, — басқа біреулерді кеңірдектен алады да, үсті-үстіне бере беруін талап етеді. — Вераның аз да болса сабақ алғанына көңілі толып қалды.

— Көгершінім, бұл қылықтарын жүрегіңе тым жақын алма, — деп нәзір айтты кемпір. — Дүниеде кір-қолаңның екі түрі бар, бірі баттасқан қалың да бірі жұқа. Өзін соның жұқасына қосылатынына қуан қайта, — ол жуса тез тазарады.

Бірақ Вера жұқа кір-қолаңның қатарына жатуға да қарсы еді.

— Ақшаң мол болса, қайырымды болу оп-оңай, — деп ақылды жауап қайтарды Вера — мысалы, корольды алшы, ол әруақытта екі крон артық қосып береді.

— Енді қайтушы еді! Барлық мемлекет қазнасы өз қолында тұрғасын! — деп қарсылық айтты кемпір.

Мортен күліп жіберді.

Бәрінен жаманы, қалада өздерінің жақсы үйлері бар, және онда тұрған заттарын аялап ұстайтын дачниктер бұл жерде бейнебір: «Қаран қалсын! Өз дүниеміз емес қой!» — деп ойлайтындай көрінді. Кітап сатушы кәсіп иелерінің өзіне бағыныштылар алдында үнемі долдана шаптығып тұратын мінезділерінен болу керек, күн сайын ол қаладан жарылып кетердей булығып келеді де, төменде, өз бөлмесінде, жүріп қызметкерлеріне деген ызасын айқай салып лақытта бастайды. Кей кездерде ол терісіне сыймай, бақша қақпасын аша беріп, қора сыртындағы жолды тазартып жүрген Мортенге барып мұңын ақтарады.

— Мүмкін сіз ұғындырарсыз маған, жазушы мырза, осы жұмысшылардың өздеріне сеніп тапсырылған қазнаға қа-

лай болса солай қарайтыны несі? — деп ол бір ретте алыстан шаңқылдай келіп, ентігіп тоқтай қалды. — Міне, мысалы, кітап таратушым — велосипедші бағанға соқтығады да, қыруар кітапты бүлдіріп тастайды. Өзің бір доңыз екенсін дегенімде, нендей жауап қайтарғанын білесіз бе? Ләм деместен, езуінен мырс етті! Міне, пролетар жазушысы, сізге бір міндет жұмысшыларға қожайындарының мүліктеріне өз мүліктеріндей қарауды үйрету керек.

Осы бір «қайырымды адамдардың» әруақытта Мортенге артатын міндеттері әзір тұратын: олардың әмиандары ақшаға бұрынғыдан да сықап тола беруі үшін бұл жік-жаппар болып жүруі керек! Ал, кітап сатушы оған өзінің өсиетін оқый тұрып, Мортеннің бау-бақшасындағы соның балалары бүлдірген бұталар мен ағаштарға елең етпестен-ақ қарап тұр.

Сол күні кешінде Мортен серуеннен оралғанда кітап сатушы қонағымен бақ ішінде коньякқа қосып сода ішіп отырды; өздері тәп-тәуір жайғасыпты; бақ ішіндегі мебельдерді бір шетке ысыра салып, антиквардан сатып алған креслолар мен столды сыртқа алып шығыпты. Мортен күйіп кетердей болды, бірақ өзін өзі ұстап, жайлап басып олардың қасына келді де, кітап сатушыны бір-екі сөз айтуға шетке шақырды. Олар жол бойымен бірнеше қадам ұзаған кезде Мортен сыртқа шығарылған мебельдер жайында ескертті.

— Егер сол өз дүниеңіз болса, сіз бұлай істемеген болар едіңіз. Өз айтқан ақыйқатыңызды өзіңізге айтып тұрғаныма кешірерсіз. Мені осылай істеуге итермелеген өзіңіз болатынсыз! — оның даусының кекетінді үні басым жатыр еді.

Кітап сатушы оған ажырая қарады, бірақ еш жауап қайтарған жоқ; мебельдерді бөлмеге кіргізіп қойды. Кейінірек Мортен жұмыс істеп отырып, дачниктердің төменде даурыға сөйлеген сөздерін естіді.

— Адам естімеген азғындық!

— Осы бір алба-жұлба пролетар... — деп шаңқылдады кітап сатушы.

Сөзінің аяғын Мортен ести алмай қалды, әрине, ол: «жазушысымақ» деген болар.

Әлдебіреуі орындықтарды лақтырып тарсылдата бастағанда:

— Ах, құдай-ай, сақтансаңызшы аздап, жетіп келер де, шаңымызды қағып жүрер! — деген әйелінің дауысы естілді. Осының бәрі көрінеу көзге Мортен естісін деген ниетпен айтылып жатыр еді.

Осы кішкентай оқыйға үлкен бір серпінді сездірді. бұның кітаптарымен неге сауда жасамайтынын айтқан кітап сатушының құрғақ жауабының мәнісін Мортен енді анық түсінді. Мүмкін ол тіпті Мортеннің кітаптарын қабылдамайтын да болар? Мүмкін бүкіл елде осының позициясын ұстаған кітап сатушылар көп шығар? Ендеше өз кітаптарын кітапханалар қанша зарыға күтіп отырса да, жөнді сатылмауының себебін Мортен енді түсінді!

Жалпы алғанда жағдай қуанарлық емес еді! Бақыттарына қарай, екі жүз елу крон әлі шашаусыз түгел болатын, ол бұл ақшаны тоқсандық төлемнің жарнасы үшін сақтап қойған. Келесі күні таңертең ол төмендегі кітап сатушыға кірді де, ақшасын өзіне қайтып беріп, «екі жағымызға да ыңғайлы болу үшін» басқа дача тауып алыңыздар дегенді айтты. Кітап сатушы ақырып-бақырып үйді басына көшірді, шыққан шығынымды толтыртам деп үрей тастап та көрді, бірақ, ақыры: «өміріміз екі талай болып жүргенше көшкеніміз жөн болар; мынандай қызыл пролетарийдан бәрін де күтуге болады» дегендей түрмен ақшаны алды.

Мортен мақтанышпен кеудесін көтере ұстап үйді аралап жүрді. Демек, барлық реформизмын қоса Пеллені былай қойғанда, тәлімді адамдар деп аталатындардың пролетариат алдында зәре құты қалмай қорқуы әлі басылмаған екен ғой! Және өз үйінде қайтадан оңаша қалып, барлығын бүтіндей өзі билеп отыру қандай рақат! Кейде көзге көзбен, тіске тіспен есе қайырып отыру керек-ақ; барлық уақытта ынжық бола беру жөн емес.

— Өз ақшасын көргенде сүдіні қандай құбылып кеткенін көрсеңдер етті! Дәл солай болып шығады деп ойламаған болар ол! — деген сөзді Мортеннің қанша рет қайталап айтқанын құдай білсін.

— Ол, сірә, бізді шек-қарынымызбен түгелдей сатып алдым деп ойлаған болар, — бұл дию періге жаныңды сатқаннан да зәбір ғой.. Балаларымызға күні бойы тәк-тәк деп отыруға тура келді, түнде де көретініміз сол. Қыбырлауға да қорықтық-ау, әлі! — Осының бәрі тынып қалғанына кемпірдің көңілі толды, ал ақшасы адыра қалсын оның!

— Басқа дұрыс адамдар да бар ғой, — деп қойды Вера. — Ал ақша ешуақытта артықтық етпейді. — Оның сөзінен осы бір істі тағы қайталап көруге қарсы еместігі сезіледі.

— Ақша, — я, сол бір ақша дегенді Мортен ешуақытта да есіне алғысы келмес еді! Бүкіл үйді бір өзі билеп

отыру қандай жақсы, бірақ бұл оңайға түспейді, ал қазір, оның үстіне, пәтершілерден алынған ақша да құрыды. Копенгаген тұрғындары үшін деревняда туған-туыстарының болғаны жақсы, ал енді оларға бұрынғыдай үйімізде пәтершілеріміз бар еді деп те сылтауратуға болмайды. Хансендер жексенбі сайын келіп тұрады, кей кездерде вилланы көрсетеміз деп, тіпті, жама ағайындарды да ертіп әкеледі.

— Я, үй дегенді қалтадағы ақша десе де болады ғой,— бір кішкентай ғана құлып салып қойсаң болғаны! — Хансен үйтұрманның барлығын да тап бір өз иелігіндегі нәрсесіндей етіп көрсетеді.

— Біз кофе ғана міндеттіміз, ал булочке мен печенье-лерді Рубовтан оған өздері әкеп берді! — деді ол кемпірге, аса қуанып, жарқылдай қоймай... — Осылай кезіп...Э... қала сыртында туған-туысқанның болса... — Ол кемпірдің салқын жүзіне қарап, бұрынғыдан бетер қысылыңқырап қалды.

— Әрқашанда тартып кетіп, таза ауамен дем алуға болады,— деп оның сөзін кемпір аяқтады.— Ал сендер, бір жолата бізге көшіп келсеңдер дұрыс болар еді; біз онда көк дүкен ашар едік.

Хансен көз қыйығымен ұрлана қарады оған: шынымен айтып тұр ма екен? Жоқ, қаладан бір жолата көшкісі келмейді оның.

— Біз онда бүйтіп жексенбі сайын сіздерге келіп тұрудың ләззатын ала алмас едік қой,— деді ол мейірбан пішінмен.

— Я, онда біз де жексенбі сайын: келер ме екен, келмес пе екен деп қарай-қарай қарық болмас едік!

Әлде өзін өте сыйлап, ешуақытта бетіне қарсы келмедіктен болар, кемпір кей-кейде Хансенді басып тастайтын. Ал Хансен фру күйеуін ептеп қағытып алғанға қарсы да болмайтын, сөзге де араласпай тыныш отыратын. Және өзі басқа бір оймен болатын: осында келген сайын, Вера мен Мортеннің арасы қандай екен, бірін бірі сүйе ме екен, жоқ әлде аралары суып кетті ме екен деп, соны ойлайтында отыратын. Дегенмен де оның түсінігінше, Мортен, әйтеуір, көбінесе жоғарғы жақтағы кабинетінде жатады.

— Же, шешесі,— деді Хансен, оның Вера мен Мортен арасындағы махаббат туралы тебіренген терең ойын бөліп.— Мынау нағыз тамаша жаңа ғана жерден қазылып әкелген деревня картошкасы!

— Я, әлгі, күнде жеп отырғандарың, ғірә, тас көшеге шыққан ғой, — дейді кемпір селқос қана.

Барлығы ду күлді.

— Не дейсіз? Ә, солай ма! — Сәл ғана кідіріңкіреп барып Хансен де көпшілік күлкісіне қосылды. — Жарайсың, шешей! Басы жұмыс істеп бағады өзінің! Баласы да сұмдық!

— Әрине, алма, алма ағашынан аулақ түспейді, — деп жаймашуақ түрмен ғана жауап қатады кемпір. Жұртты оп-аңай-ақ, отырғызып кеткеніне, тіпті, таңқаласыз!

Хансендер өздеріне керекті көптеген қызықты нәрселерді табады. Олар копенгаген жайсаңдарының дачаларын көру үшін теңіз жағалауының түстігі мен терістігін аралап серуен құрады. Көбінесе оларға жанында жұмыс істеуге арналған құрылыстары мен ат қоралары бар, әсіресе осы құрылыстары жолдан шеткері, басты үйінен аулаққа салынған дачалар ұнайды. Мұндай виллалар тап бір үлкен салтанатты сарайлардай болып, сұлу көрінеді!

— Осы біздің кішкентай елімізде, дегенмен де, байлар да бар-ау, — дейді мақтанып Хансен. — Бірақ бұл жерге бір корольдің ұл-қыздары келіп отырса ғой; жергілікті жердің адамдары күш жыйнап, солардың біріне арнап жазғы сарай салып берсе, мына көріністі одан арман жандырып жіберер еді. Сеніңше қалай, күйеубала, дұрыс емес пе?

— Өте дұрыс, — деді Мортен. — Соған патент ал!

Әке-шешесінің келгеніне шын ниетімен тек Вера ғана қуанады; олар отырғанда жас нәрестелердің де іштері пысып бітеді, бұл ата мен әжелерді олар танымайды, жат адамдар. Өздерінің әжелерін айтсаңшы, қандай тамаша!

Оның есесіне Дагмар келгенде, ылғыйда жай күндердің өзінде де дачаны рьясыз пайдалану үшін барлығы да масайрап қуанысып қалады. Тап бір апасының келгені қыздырып жібергендей-ақ, тіпті, Вераның өзі де абыржып қалатын. Өзінде тұрақты баспана жоқ, осына бір үйсіз құс өз айналасына жылылық пен жайлылықты қалай орната білгеніне таңқаласыз. Оның аузынан шыққан сөздің барлығы да сүп-сүйкімді, жып-жылы әрі салтанатты. Мортен өзінен өзі: осына бір бай жүрек — мүмкін, өзі үңіліп көрген жүректерінің ішіндегі ең бір тамашасы да болар, — өз байлығын неге бөлшектеп, кім көрінгенге неге орынсыз жұмсай береді екен? деп ойлайтын еді.

— Осы сен Дагмарға неғып ғашық болмадың? — деп сұрады бір күні Вера.

Бұл сұрақ Мортеннің төбесінен түскендей болды, өйткені

ні ол шынында да Дагмарға ғашық еді, осы кейінгі кездерде, Вера жайын ойласа-ақ болғаны, оның алдынан Дагмардың кейпі шыға келетін. Ол жауап бермес бұрын аздап кідіріп қалды: мүмкін оспағы шығар? Бірақ Вераның бет әлпеті адал ниеттілікті көрсетті.

— Барлық басқа еркектер сыяқты оған, мен де ғашықпын,— деп жауап қатты ол ақырында.— Әйелім осынымды сезіп қалмаса игі еді деп мен әшейін қорқамын.

— Ой, Дагмардан ешуақытта қызғанарым жоқ,— деді Вера сенімді пішінмен.

— Талай рет қызғанып едің ғой!

— Я, бұрын солай болатын, енді тіпті басқаша!

Вера бұрынғы аңқаулықтан айығып, не нәрсе болса да, барлығын бірдей өте жақсы түсінетін халге жеткенде неге енді «тіпті басқаша» екендігіне Мортен түсіне алмаса да, бұл әңгімені доғара қойды. Вераның ол түсінбейтін жайлары көп еді. Жайлылықта жоқтан өзгені тәптіштеп отыратын Вера апасының алдында неғып бүйтіп күңше бас ие қалды екен? Расында да, Вераның сырын біле қою оңай емес! Көбінесе оған апалы-сіңлілі екеуі бірін бірі толықтырып тұратын сыяқты болып көрініп кетеді.

— Бәрінен де гөрі ашығырақ та қарапайым Дагмар болу керек, сірә. Неткен маңызды, неткен сегіз қырлы, бір сырлы адам еді десеңші! Бүкіл дүние жүзіндегі бір де бір әйелдің қолынан келместей етіп ол үй көркін келтіріп оны жылтып, жап-жарық етер деп ойлаудың өзі енді, тіпті, ақмақтық болмас па екен?

Табиғаттың өзі оны от басының ұйымына, көбінесе сүйіспеншіліктің орнын әдет пен дәлдік басып, жолдастық қарым-қатынастың өзіне кеселін тигізетін некеге қарсылықтың белгісі ретінде жаратуы кәдік. Мортен өмірлік сүйіспеншілікті аңқаулық деп есептеп, оған сену дегенді баяғыда қойған; ал енді ол қазір, тіпті, некенің де ешқандай моральдық маңызы жоқ деп есептейді. Ерлі-зайыпты адамдар бір-біріне жол беріп, бір-біріне көмектескісі келмейді, тек бір-бірінің кемшілігін іздеп, сол кемшілікті табады да, бірін бірі табалап, өзді өзін ақтаумен болады.

Бас қосып, бірге отасып тұрғаннан бермен қарай Вера өзгеріп, жақсара түскен сыяқты, тіпті кейбір жағдайларда ол өскенге ұқсайды; бірақ мойнына алуы керек қой, Мортеннің өзі нашарлап кетті. Ол енді Вераның ешқандай жақсылығын көре алған жоқ, сондықтан да оған қарағанда аса елжіремейтін еді.

Дагмар көрінген кезде Мортеннің жүрегі тулап қоя береді. Және сол бір бейне өзінің ақыл-ойы мен барлық өмірін ерекше бір хош иіске бөлеп, жан дүниесінен үнемі орын алып тұратын болды. Ол нәзіктік пен ғажаптық әсерін туғызып, түрі мен түсі, иісі қосыла қызықтырып тұратын гүлдерден жасалған мол гүл шоғыры тәрізді еді. Жоқ, ол гүл шоғыры емес, алуан түсті гүлдерден жасалған, жан-жағында анталай үймелеген шыбын-шіркейі бар адам айтқысыз мол букет еді. Жоқ ол да емес! Ол қаулай өскен қалыңның арасында жұпар иісті гүлі мен ащы гүлдері, дәрі-дәрмек жасайтын шөптері мен сасық меңдуанасы, қайнатып арақ жасайтын сап-сары шайқурайлары мен ең түбірде тұтаса біткен ботагөз гүлдері араласа шыққан жол бойларындағы арықтың алуан түсті флорасы¹ тәрізді еді! Мортен кей-кейде осындай арықтың ішінде жатқанды жақсы көретін еді, оны осы сыяқты алуан түсті бояу мен ауыл арасындағы тыңайтылған жолдардың бойына өскен құмырсқа қышқылы мен аммиак сыяқты ащы иістері бар неше түрлі гүлдердің қосылысқан хош иісі қызықтыратын еді. Ұйқылы-ояу қалғып отырғанда, алыста осы жолмен біреудің келе жатқаны естіледі, мүмкін, олда дем алып, тынығу үшін қолайлы жер қарастырып келе жатқан шығар, ал сен жатып алып, түсіңде күлімсірейсің. Сені сыйқыр шалған, сыйқыр! Міне енді сол ауыл арасындағы жол мен сол жерде күтіп тұрған тылсым нәрсенің барлығы да сені қайта қызықтырады. Міне осы сыяқты жыл бойындағы гүлге бөленген арықтың түбінде жатып, қайта қалғыса қандай тәтті болар еді!

Бірақ арман мен түс біресе келеді, біресе кетеді, ал күнделікті өмір сол қалпында қала береді. Кәдімгі қарапайым күндердің бірінде жол бойынан қалыпшы Ольсен көрінді. Ол жан-жағына жалтақтай қарап, біртүрлі тәлтіректей теңселіп келеді. Мортен оны ойда жоқта балконнан көріп қалды да, үйіне ертіп келді. Ольсен адам көргісіз боп азып, жүдеп кетіпті, үстіндегі мейрамда киетін костюмі киім ілгішке ілінгендей, қолқ-қолқ етіп, әзер ілегіп тұр; көгере-сұрланған беті тап бір өзі бұрын көріп-білмеген жат, жаңа дүниеге тап болғандай, дағдара сасқалақтап тұрған адамның кейпіндей. Өзінің ауырып тұрғанын ол айтқан жоқ; сөйлеген сөзінің барлығы да дұрыс, бірақ біртүрлі ерекше

¹ Ф л о р а — белгілі жердің яки белгілі заманның өсімдіктер дүниесі.

басылып жуасып қалыпты. Фабриктегілер ақылдарына түсіп, оны материалдық складтың күзетшісі етіп, өзіне ғана ылайықты қызмет беріпті; келесі дүйсенбіде жұмысына кірісетін көрінеді.

— Демек, енді бірдеме етіп күн көреміз,— деді ол естілер-естілмес қана күбірлеп.

Шынында, бұрынғы қызбалықтың барлығы да құрып, тентектіктен де түк қалмауға айналыпты! Бірақ, дегенмен де, жан дүниесінің бір түкпірінде әлі де болса ұшқын бар сыяқты, балалары жөнінде сөз болғанда жанары өшкен жансыз көзден жарқ етіп от байқалып қалды. Екі ұлының екеуі де ополчение қатарына шақырылыпты да, мундирлерін лақтырып тастаймын деп қазір түрмеде отырған көрінеді.

— Өйтер деп кім ойлаған,— екеуі де жұп-жуас балалар еді! Айтпақшы, үлкен Петра мен кіші Петрадан сәлем.

Мортеннің жүрегі шаншып кетті: өз қамымен өзі болып жүріп оларды, тіпті, ұмытып та кетіпті. Ал олар болса, өз бетімен қабарласу дегенді де білмейді; осы бір екі момын жұрттың бәрінің елемей, қағажу қалдырғанына үйреніп те кеткен.

— Өздері әлі сол баяғы Даннеброгсгадте тұра ма? — деп сұрады ол абыржып.

— Я, әзірше сонда тұрады, бірақ енді пәтерлерін босатулары керек. Петра қалалық басқармада енді қызмет істемейді ғой.

— О қалай? Пелленің өзі сонда белгілеп еді ғой оны.

— Белгілесе ше? Сірә, қазір енді сол беймаза жандардан құтылғылары келетін шығар.

— Бірақ, мен білсем, Петра ешбір жаман іске араласпаған адам ғой.

— Әрине, бірақ ол Петер Дрейердің жесір қалған әйелі емес пе, онысын жасыруға болмайды ғой. Ал біздің басшыларымыз тап бір бұл арада өмір жағдайларының ешбір қатысы болмағандай-ақ, өздерінің барлық іреніштерінің жаласын сол Петер Дрейерге артпақ болады. Свен-Утеха оппозицияға шығып кеткен соң, әрине, Пелле де Петраны кешіре қоймайды,— өзіңді өзің кіналағың келмегенде, біреу кіналы болып шығу керек қой, әйтеуір! Міне, сөйтіп, Петраның барактарға қарай жылысып кетуіне тура келіп отыр. Дегенмен, бір рет оларды көшеге де шығарып тастады, бірақ оппозицияның бірнеше адамдары сол арада болып шығып, үй мүлкін қайта кіргізіп береді. Сонан соң қожайын олар-

ды қандала тәрізді суықпен айдап шығу үшін есік-терезелерді алып тастады; бірақ қазір ол, дегенмен де, олардан сескеніп, өз еріктеріңмен көшсеңдер жыйырма бес крон беремін деп отыр. Олар жексенбі күні көшеді, ал біз, бірнеше адам болып көмек көрсетеміз бе деп жүрміз.

Осы әңгімені айтқанда Ольсеннің ашу қысып, ызаланғандығы сонша, тіпті бойы да ұзарып, көлденеңі де жуандап кеткендей болды да, костюмі жаңағыдай аса қолқылдап тұрмағандай көрінді.

Мортен оны поезға шығарып салды.

— Тағы да кел, әйеліңді де ала кел,— деді ол қоштасып жатып.— Менен Петра мен қызы екеуіне, тіпті, қабарларын да бермей кетті деп дұғай-дұғай сәлем айт, сендерге өте іренжіп жатыр де. Мүмкін, мен оларға қандай көмек беру керек екенін де ойлап тапқан болар едім.

— Бұл күндерде ақыл таба қою дегеннің өзі оп-оңай емес,— деп жауап қатты Ольсен,— қорғаушылар аз да, қудалаушылар көп. Петра Дрейер өз бетімен-ақ өмір сүргенін артық көреді, оның өзі әрі кішкентай, әрі мүсәпір болғанымен, менмендігі де, көкірегі де бар адам.

Келесі жексенбіде Петра мен қызы екеуі келді.

— Шақырғаныңа рақмет! — деп үлкен Петра Вераға құрметпен ізет етті.— Бүгін ертемен қолымыз бос болсын деп, абыр-сабыр боп кеше кешке көшіп ек.

— Ал барак қалай? — деп сұрады Мортен.

— Қалай десем екен? Біз небәрі бір-ақ түн түнеп шықтық. Үйдің көгерген иісі шығып кетіпті, қабырғаларының төменгі жағы сыз тартып, суланып тұр.

— Ал сонан соң, онда егеу құйрықтар бар,— деп кішкентай Петра сөзге қыстырылды.— Маған балалар айтты. Олар оны садақпен атып өлтіретін көрінеді.

— Ім! Менімше, бұл жерден тігіншіге іс табылады екен де, үй жағдай...— Мортен жан-жағына дағдара қарап, көз қарасын Вераға тоқтатты. Бірақ Вера ештемеге түсінбегендей бола қойды. Петра Дрейердің қол қусыра кеп ізет етіп, алдында отырғаны оған өте ұнады, бірақ бәрібір... үйін қаріп-қасердің ойнағы қылудың қыйсыны келмейді.

Кемпір үндеген жоқ. Ол болса, кедейлерге деген кінаны біледі,— ол кіна теңіздегі құмнан да көп. Оларға көмек беруге кірісу үшін қалта қалың болу керек. Анда-санда кейбіреулерге қол үшін жалғап отырғанымыздың өзі де жетер,

ал біреуді өмір-ғұмыры үйге бір жолата кіргізіп алу ма? Жігіт, құр әшейін, өзінше еліріп отыр; бір есептен, әйелінің оған осындай жол бермейтінінің өзі жақсы болған екен.

Келесі бір жолы олардың көзіне ойламаған жерден Андресен түсті. Пианиноның ең соңғы ақшасын апарып төлегеннен бермен қарай ол Мортенмен қалада, күтпеген жерден, кофеде не бәрі екі-ақ рет жолыққан.

— Дачниктерге жалдаған аспаптарымды көрейін деп келіп едім, — деп келген жайын түсіндірді Андресен. — Жолшыбай сыртынан үйіңізді және өзіңізді көре кетейін деп ойлап едім. — Ол Мортенге елжірей қарады.

— Рақмет! — деп жауап қатты Мортен күліп. — Бұл ескі тәжірибесі бар жақсы дәрігерлердің әдеті ғой: олар да сол өзінің бұрынғы емдеген адамдарын анда-санда барып байқап қояды.

— Бірақ мен өзімді өзім көтеріп, жақсы болып көріңгім келмейді. Сіздің алған аспаптарыңыздың ақшасы баяғыда төленген ғой, ал жалға берген аспаптарым мен қарызға сатқан аспаптарымды қарап жүретін көз керек, әйтпесе сонан соң ешқайсысын да таба алмай қаласың. Және осындай бақылаудың өзінің бір пайдалы жағы да бар: кей кездерде, жолым болып, ескі аспаптарыңды жаңа аспапқа айырбастап алыңдар деп жұртты көндіріп келемін. Сіздің басқасын алғыңыз келмей ме? Мынау, сіздегі көпке шыдамайды, — дегенмен, уақытылы, сатып алған кезіңізде оны ескерткен болатынымын. — Андресен пианиноның пернелерін жүгірте бір басып шықты да, басын шайқады.

Бірақ оны айырбастап ала қоятын Мортеннің қаражаты жоқ еді.

— Бізге осының өзі де жарайды, тек әйтеуір, көрмекке ғана тұрған нәрсе ғой.

— Әрине, мен сіздердің ақшаларыңызды сыпырып кету үшін келгем жоқ, — деді Андресен қолын Мортеннің иығына артып. — Шыны айтқанда, мен мейірімділік жасап, сізге өзімнің жаңа аспаптарымның бірін тегін әкеп беруім керек еді, өйткені сіз менің алғашқы алушыларымның бірі болдыңыз ғой; бірақ, қазір оған жететіндей жағдай болмай жатыр. Және біз жасап жатқан аспаптар әзірге мақтанарлық болмай тұр. Бірақ әлі түзеледі.

Андресен асығыс еді.

— Ал, әйеліңіз қайда? — деп сұрады ол. Вера қонақ

қарсы алатындай әлі киіне де қойған жоқ еді, сондықтан ұйқтайтын бөлмеге қашып кеткен.— Сәлем айтыңыз о кісіге. Ал дачаларыңызды тағы бір келген жолы көрермін. Тек, кетпес бұрын өзіңді «сен» деп айтуға ерік бер. Сен менің алғашқы сатып алушым болып, мені өте жақсы көріп едің.

Олар бір-бірінің қолын ыстық сезіммен қысты.

— Ашып айтқанда, сол үшін екеуіміздің бір жақсылап тұрып ішуіміз керек еді, бірақ оны келесі жолға қалдырайық,— деді Андресен кетер алдында.— Мен көп кешікпей тағы да келемін. Ал егер бірдемеге керек бола қалсам, менің қайда тұратынымды өзің білесің ғой.

III

Бағдар

Мортен жергілікті жұмысшылардың тұрмыс жағдайларымен танысайын деп жыйналып жатқанда жирен сақалды бір шомбал адам келіп, жергілікті партия жыйналысында шығып сөз сөйле дегенді айтты. Бұл өз бастамасымен келген емес, қаладан жіберілген адам ғой деген әсер туды Мортенге.

— Менің фамилиям Франсен. Мен осы жердегі жол мастерімін және социал-демократиялық партияның жергілікті бөлімінің председателімін,— деді ол.

— Қанша мүшелеріңіз бар? — деп сұрады Мортен.

— Сені қоса санағанда тұп-тура отыз болады.— Ол күліп жіберді.

— Мен орталық ұйымға жазылғанмын. Бірақ жергілікті бөлімде де есепте тұруыма болады.

— Әдетте біз өзімізде тұруды талап етеміз. Және сен жергілікті жерде шығып тұратын «Жұмысшы» газетіне жазылуың керек.

— Бірақ мұныца не айтарымды білмеймін. Мен оның астанада шығатынын алып тұрамын, ал «Ең үлкен газетті» әдеби материалдары үшін алып тұруға міндеттімін. Одан артық жазылуға шамам келмейді.

— Біз сені редакцияға көмектесу үшін жазылар деп ойлап ек. Сен «Пролетарий» газетін де алып тұрасың ғой.

— Я, мен оны көмектесу мақсатымен алып тұрамын,— деп жауап қатты Мортен келген адамның барлығын біліп

тұрғанына таңқалып және оның осыншама қарыспа табандылығына ызаланып.

— Онда мәселе үлкен, бай партия жөнінде емес, идея үшін шығынданып отырған бірнеше кедей жолдастар жөнінде болып отыр:

Франсен оған тап бір осы сөздің маңызына толық түсінген адамша қарады.

— Біз оларды дау-жанжал себушілер деп атаймыз,— деді ол, сәл үнсіз тұрып.— Бірақ біз, мүмкін, мұның мәнісін жеткілікті білмейтін шығармыз.

— Оларды астанада да солай деп атайды,— деп жауап қатты күлімсіреген Мортен.— Бірақ сен, испания шаруалары тұқым сепкенде: «Міне мынау помещик үшін, мынау өзім үшін, ал мынау еркін құстар үшін» деп уыстап лақтыратынын білесін бе. Міне енді, егер білгің келсе, социал-демократиялық партияда еркін құстар үшін, еркін шарықтап ұшатын ойлар үшін орын жоқ.

— Бұл жердегі біз сыяқты қарапайым халықтар аузымызға су толтырып алып труба¹ ойнау өнеріне үйренбегенбіз. Бірақ бізде сөзге шығып сөйлеуге келісесің бе? Байқайсың ба, әдетте жыйналысқа мүшелердің тек қақ жартысы ғана келеді, ал егер сен сөйлейтін болсаң, олар толық келеді деп есептеу керек. Оларды қызықтыру қыйын, түсінесің бе. Ал және орын табу да қыйын. Курорт мейманханасының жанында зал бар, бірақ оған бару үшін біз аса жақсы кербез адамдар емеспіз.

— Осында жыйнауға да болар еді,— деп Мортен қонақ үйінің ішін шола қарады.— Егер тар болатын болса, тамақ ішетін бөлменің есігін де ашып қоямыз.

— Я, сенде орын жеткілікті екен. Кейбіреулер социалист үшін сені аяқты тым кең көсілді деседі ғой.

— Бұл үйдің өзі маған арзанға түсті! Айтпақшы, олай дейтін кім өзі?

— Мына дачниктердің барлығы да солай өсектейді. Жолда жұмыс істеп жүргенімде жаныма келеді де, қазбалап сені сұрай бастайды.

Мортен күліп жіберді.

— Ой, олар барлығын да өздеріне алғылары келер еді, ал қалғандарға жол бойындағы арықтар да жетеді.

— Мен естігенімді ғана айтып отырмын... Жоқ, менімше,

¹ Т р у б а — музыкалық аспап.

біздің жұрт сыра немесе кофе ішетін буфеті бар жерлерге барғандарын жақсы көреді.

— Кәне мейманханада өткізіп көрейік, қожайынымен сөйлесуге мен дайын!

Жол мастері Франсен аса ырзалықты білдіре қоймады.

— Біздің жолдастарды онда үйір қылуды ойламаймында, — деді ол, — олар үшін тым бай жер ғой ол.

— Одан басқа барар жер жоқ қой енді. Сыраханалар мен күдікті притондарға барып кіруге тура келсе, біздің тәуірірек тұрады деген жақындарымыздың көзін шұкымас үшін уақыт тезірек өтер еді. Ал егер жақсы жағдай біздің жолдастарды аздап ұстамды болуға итермелейтін болса, одан келіп тұрған үлкен бәле жоқ.

Жол мастері кетуге ыңғайланып орнынан тұра беріп еді, бірақ қайта отырды.

— Өзім барда айтшы, біздің жердің тазалық жағдайының халі жөнінде қандай пікірдесің? Канализация деген бізде жоқ, сондықтан да нәжіс, кәкір нәрселер үшін шұқырды кез келген жерден қазады; мұндай жағдайда дачниктер су жағасындағы шомылатын жерлерін таза ұстауға мүмкіншілік жоқ. Ал копенгагендіктер өздерінің дәретханаларын өгейсіп, бізге жалдаған бөлмелері үшін ақшаны тым аз төлейді.

Мортен поселкада канализация салынатын болса, тек құтықтағаннан басқасы жоқ дегенді айтты.

Бірақ қазіргідей соғыс жағдайында материалдар табыла қояр ма екен? Бұл бір үлкен міндет.

— Материалдан мұқтаждық көрмейміз; жергілікті басқарма да тиісті бөлікке кіріп, көмек беруге дайын. Тұрғын халықты, әсіресе балықшыларды сендіру қыйынға соғып тұр. Өйткені әрбір учаскеден бес жүзден мың кронға дейін ақша жыйнау керек қой, егер осы ақшаны бірнеше жылға бөліп төлеуге рұқсат берілсе де, бәрібір қыйынырақ соғады, — халықты шошытатын осы. Дачниктерге арналған бөлмелердің ақысы көбейген кезде жыл сайын әрбір участокке келетін осы елу-жүз кронның үстемелей қайтатынын олар түсінбейді.

Сондықтан да сен өзіннің мақалаңмен біздің жоспарымызды қолдауың қажет. Осы мәселеге арнап біз газет шығарамыз ба деп ойлаймыз, соған сенен мақала жаздырып алсақ жақсы болар еді.

— Біздің кім?

— Жоспар өзімдікі ғой, бірақ екі серігім бар. Біреуі өзі-

міздің жол инженерінің бірі, ал екіншісі бір бай адам, осында жазда келеді. Ақшасыз ештеме де істей алмайсың. Жоспарды жасаған өзім.— Франсен жан қалтасынан үлкен бір тарақ калька¹ алып, жаза бастады.

Мортен таңқалды: сызылған жоспар өте әсерлі екен.

— Мұның барлығын да, әртүрлі өлшеулерін де өзің жасап шықтың ба?

— Мен өткен қыста Технология институтының жанындағы пәдіретшілер курсында оқыдым, осы быйыағы қыста да оқыймын ба деп ойлаймын. Ал егер сен бізге көмек көрсетуге келсіміңді беріп, біздің көңлімізді көтеруге себепші болсаң, көктемге қарай дайындалып іске кірісіп кетер едік.

Мортен өзінің шамасы келгенше мекемені қолдайтындығын айтты:

— Бұлардың жақсы мақсат екен.— оның орындалуының, көп адамның жұмыс алатынын айтпағанның өзінде, үлкен тазалық маңызы болады. Бірақ мен тек моральдық жағынан ғана көмек көрсете аламын.

Жол мастері оған көз қыйығымен қарады.

— Байқайсың ба, біздің ешкімді қорқытқымыз келмейді, ал сенің атың бізге қаламыңдай пайдалы емес. Сондықтан да, егер біз сенің мақаланды басқа біреудің атымен жіберетін болсақ, сен оны даулаушы болма.

— Қой... жарайды, басқаша етуге болмаса не амал бар.— Мортен жауап бере алмай аз-кем кідірді.

— Бірақ мақала әдетте өзің жазатындай өжет те қайсар жазылуы керек. Ал қаламақы жағын біз бірдеме қылып ойластырып көрерміз.

Әрине, Мортен қаламақыдан бас тартты. Бұл бүкіл поселканың қамы үшін жасалып отырған мәдени бастама ғой.

— Ал, енді біз қайткен күнде де айтқанымызды орындармыз! — деді жол мастері тап бір сақтаулы сыйлығы бар адамдай күлімсіреп, сонан соң қоштасарда жап-жалпақ, секпілді қолын ұсынды.

«Өзі, сөз жоқ, ақылды адам»,— деп ойлады Мортен артынан қарап тұрып.

Мортеннің арада жүруінің арқасында жыйналыс мейманхана залында өтетін болды, тек курортшылардан бөлек жүруге міндеттеме беруге тура келді. Халық көп жыйналды, мүшелердің көпшілігі әйелдерін, қалыңдықтарын ала

¹ К а л ь к а — бір нәрсенің дәл көшірмесін алу үшін ұсталатын даймыжықтай жылтыр қағаз.

келіпті. Жол мастері Франсен қатал председатель екен; жыйналысқа қатысқандарды тасқаяқтай қағыстырып отырды. Мұның өзі осы жағынан да бір курстан өтпеді ме екен, жоқ әлде бұл жерде уақыттың әсері тиіп отыр ма екен деп ойлады Мортен.

— Баяндама біткенше буфеттен ештеме берілмейді,— деді Франсен.— Тыныштық пен тәртіп сақтауларың керек. Сонан соң, шығып сөйлеушілерге сөз берілген кезде, бірдеме ішулеріңе болады.

Мортен шығып сөйлеу жөнінде айтқанда денесін бір құрыстырып қойды. Ол Испаниядағы пролетариаттың өмір сүру жағдайлары жайлы айтпақшы еді, бірақ соны айтудың өзі қыйынға соғатын түрі бар.

— Ал, егер біреу сенің пікіріңе келіспесе ше? Әркімнің өзінше пікірде болуына ерікті,— деп кесіп айтты председатель.

— Жарайды, солай-ақ болсын,— деп күлімсіреп жауап қатты да Мортен баяндамасына кірісіп кетті.

Жұрт ден қоя тыңдады, және оның айтқандарына қарсы шығушылар да табылмады. Сондықтан да сөзге шығушыларға арнап қалдырылған уақыттың ішінде ол өзінің бірнеше әңгімелерін оқып шықты. Бір сөзбен айтқанда жыйналыс сәтті өтті.

Оны үйге түстік жақта тұратын үлкен хутордың бір жас батырағы шығарып салды. Әңгіме председатель жөнінде болды. Мортен оны жыйналысты жақсы басқарады екен деп мақтады.

— Ол өзі саяси қайраткер болғысы келіп жүрген адам,— деді жас батырак.— және өзінің басқармада да жақсы қолдаушылары бар, дегенін істей алады. Ең жаман жері сол, ол төменгі адамдарға жаман қарайды, ал приход¹ кедейлеріне тіпті құбыжық болып көрінеді.

— Демек нағыз қолайлы адам екен ғой,— деді қызыңқырап Мортен.— Ең әуелі кедейлікті жоямыз деп ұмтылып едік, ал енді кедейлерге қарсы жорық жарияладық,— міне социализмнен социал-демакратияға қалай біртіндеп, білінбей жылыстап кеттік.

— Оны приход советіне де сол приход кедейлерінің өздері сайлады, бірақ бәрібір, олар дегенде оның жыны ұстайды,— деп сөзін сабақтады жас жігіт.— Оның сондай екенін біледі де, советтің басқа мүшелері оны қартайғандарға қам-

¹ Приход — христиан шіркеулеріндегі төменгі шіркеу мекемелері.

қорлық жасайтын, кедейлерге көмек көрсететін, тағы басқа ылғый сол сыяқты кедейлердің үнемі күні түсіп тұратын мекемелерге тағайындайды. Қарттар да, тағы басқа сол сыяқты мұқтаж жандардың барлығы да соның алдында діріл қағып тұрғаны.

— Ендеше неге оны қуып жіберіп, басқа біреуді сайламайсыңдар?

— Ойбай, оның алдында жұрттың бәрі діріл қағады, бір сойқанын тигізіп кетпес пе екен деп зэрелері ұшады. Мүмкін, кішкентай адамдар өздерін осылай күштеп, зорлап отырғанын жақсы көретін шығар.

— Неге?

— Достоевский деген бір орыс солай деген ғой.

— Сірә, ол бұл сөзді тауы шағылған соң барып кінасын өкіне мойындап айтқан болар.

— Расында ол солай болып па еді?

— Я, ол патшаның етігін жалап, жалынып-жалбарынып кешірім сұраған.

— Мен бұрын мұны ешқашанда естіген жоқ едім. Бірақ, дегенмен, мәселе мұнда емес.

— Ал, енді қайда ғой деп ойлайсың?

— Кедейлерге және сол кедейлердің өтіншіне көмек көрсету, оларға мейірбандық қарым-қатынас жасау — міне осының барлығы да адамның жан дүниесіне әсер етпейтін істің тек сыртқы көрінісі ғана. Сондықтан да, менімше, испан помещиктері шаруалардың ең соңғы сөлін сығып алып, Парижде немесе тағы басқа сол сыяқты жерлерде ақшаны судай шашып жатқанымен сен оларды тым катал бағалайсың-ау деймін. Ондай адамдар бақыт көрмейді. Басқа біреудің еңбегімен күн көретін адамда таза ар-ұят деген болуы мүмкін емес.

— Мен соларда ар-ұят деген атымен жоқ па деп қорқамын. Олардың барлығы да сөз өтпес тым тоңмойын жандар, олардың ерекшелігінің өзі де сол.

— Ал енді, мен осы жерден бұрылуым керек, — деді Мортен.

— Менімен бірге кішкене жүре түс, — деп, өтінді жас жігіт. — Егер хуторға мал жайғауға асықпасам, мен сені үйіңде дейін шығарып салар едім.

Мортен келісімін берді, жігіт өзінің байсалдылығымен, ашықтығымен оған ұнап кетті.

Мысалы, осы мына Достоевскийдің помещиктер мен тағы басқа байлар жөнінде жазған кітаптарын оқығаныңда

біртүрлі қызық өзі,— деді жігіт жайлап қана сөзін жалғап.— Сол помещиктер мен байлардың барлығы да, өздерінің күналы екенін сезіп, тәубе етіп жүреді. Сірә солардың барлығы бізден де гөрі қапалы болуы керек, оларда біріне бірі қарама-қайшы екі түрлі хасиет күреседі.

— Ол әшейін солай болып көрінеді. Киюшіге келбет беру үшін киімнің кеудесі мен иығына мақта сырыйтын шебер тігіншілер тәрізді көбінесе жазушыға да өзінің кейіпкеріне, оның артықшылық жағдайын ақтай түсу үшін қосымша жан, қосымша келбет беруіне тура келеді. Бұл жазушының күн көру міндеті! Өзінің құнсыз еңбегіне сый алу үшін жазушы қолынан келетін болса, өзінің кейіпкерін «азған, тозған жан» етіп көрсетеді. Достоевскийдің осы «кейіпкерлерінің» барлығы да адал еңбекшілердің күн көретін нәрсесінің барлығын да арамдайтын, нағыз бір азғындаған адамдар емес пе? Алдында өзінің жүз крепостнойын (немесе «жанын», қалай ұялмай атайды) картаға ұтқызып жібергендіктен, аузынан сілекейін ағызып, азғын қыздың аяғын құшып немесе поп рясасының етегінен сүйіп еңіреген маскүнем қалайша сенің көңліңді босата алады, түсінесің бе: кеудесінде жаны бар, әрқайсысының әйелі, баласы бар адамдарды ұтқызып жіберген! Сенің орныңда болсам мен Достоевскийді оқымас едім.

— Неге оны оқымасқа? Ол өте ірі жазушы ғой.

— Ірілігі неде оның? Ол қарапайым адамдардың ақылын аздырушы, жан дүниесін қасақана уландырушы: ол азғын қыз бен маскүнемді, ақылынан алжасқан дуананы адамның арманды мұраты етіп көрсетеді. Бүкіл дүние жүзінде одан өзге ешкім де бүйтіп елдің мыйын зыянды микробтармен былғап, ашықтан-ашық жұрттың бәрін сол микробтарды әлпештеп, өсіре беруге шақыра алған емес. Өзіміздің арып-ашып отырған балаларымызға нан сатып әперуге шамамыз келмей отырғанда, біз неге Достоевскийдегі ерсі адамдар дүниесі деп аталатын дүниедегі лық толған азғын қызға, маскүнемге, кісі өлтіргішке тілектес болып, осы сыяқты барлық түкке тұрмайтын оңбаған сұмырайларға қызығуымыз керек?

— Адам тек нанмен ғана күн көрмейді деген емес пе? — Жігіт Мортеннің жеңінен ұстады да, оған жауап күте карады.

— Я, бірақ бұл сөздің мағнасы жұрт түсініп жүргендей емес, тіпті басқаша. Бұл сөз, жұртқа тек тамақ қана керек емес, басқа да көп нәрселер керек: оларға білім керек, бақыт керек, өмірдің барлық құбылыстарына қатысу керек де-

ген сөз! Бірақ бұл сөз тамақ таба алмай отырған аш адамдарға қарсы мекерлікпен айтылады. Тамақ ішуді қойып көріңізші, тіпті, тәуіп, балгерлердің барлығы бірдей сіздің шек-қарныңызға аспандағы алуан түрлі қош иісті немесе тозақтың буын құйып тұрса да,— көрейін сонда тек нанмен ғана тұрмағаныңызды! Бұл сөздей, ешбір сөздің мағнасы бұрмаланған емес. Достоевскийді қалай оқып жүрсің?

— Мен Зеландияның оңтүстік жағында тұратын бір үлкен хуторда қызмет еттім, сонда жазғы демалыс кезінде бір бейшара студент тұрып еді. Ол оқуға толық қаражат алған, сол үшін егін жыйнау кезінде келіп көмек көрсетуі керек еді. Одан келген көмек шамалы болды, бірақ ол біз сыяқты батырактарды жақсы көріп, кешке жақын, жексенбі күндері келіп дауыстап орыс кітаптарын оқып беріп тұрды. Революциялық әдебиет жалғыз осы дейтін еді. Ең әуелі оның бұл ісі бізге ұнаған жоқ еді: біз қолымыз бос кезді басқаша өткізуге үйренген жандармыз ғой. Және ол өзі ең бекақысыз жұмыс істеді де, сонысымен жұрттың дымын күртып, батырактардың аузындағы нанын жырып жеді. Бірақ ол дегенмен де, әйтеуір, бізді жеңіп шықты, өзі де бір қызық жігіт еді, біздің тіпті үш ұйқтасақ түсімізге кірмейтін қайдағы жоқ адамдармен дос болып жүрді.

— Ол өзі социалист пе еді? — деп сұрады Мортен таңданған пішінмен.

— Ертеде болған. Төңкеріс адамның өз ішінде іс жүзіне асуы керек дейтін еді ол.

— Я, әрине, өздері өндіретін нәрседен тойғанша жеуге праволы болу үшін кедейлер періште болулары керек! Ал басқалар ше? Әлгі солардың есебінен күн көріп рақаттанып отырғандар ше? — Мортеннің зығырданы қайнап кетті.— Бірақ кітап дүниесімен тоғысқан кезде көбімізде-ақ осындай жағдай болады,— деп қамыға сөз қосып қойды ол.— Сондай жағдай сенде де болған ғой. Сендер дүниені шексіз деп атап, сонымен алданып айналаны қоршаған затты елемей жүрсіңдер. Бірақ, сайтан алғыр, жұрттың ішкі дүниесі күн көріс нан үшін қайғы-қасірет шегіп, таласып-тармасқанынан байымайды ғой. Сен оның майлы білемнің жанына орналасқан адамдардың қолындағы күшті құралы екенін қалайша түсінбейсің? Олар үшін ең пайдалы жері — халықты рухани өтімді құралмен зорлау, қалың бұқараның сана сезіміне өмір рақаты майлы білемде емес деп құю.

— Мен байқаймын, сен адамның жан дүниесіне сенбейсің-ау, деймін?

Мортен еріксіз мырс ете қалды: бұл сұрақтың өзі: «Демек, сен аман қалмағансың ба?» — деп сұрайтын сектанттардың сұрағындай болып шықты. Мұнда рухани тәкаппарлық та мол еді.

— Әлгі алдауыштардың есуастарға көрсететін жан-дүниесіне сенбеймін! Дегенмен де бұл өзі, — қарапайым адамның жақсы қасиеттерін саудаға салу — пайдалы іс-сымақ. Ең әуелі студенттер мен жазушылар, өздері төменнен шықса да, жұрттың бәрінен де ат-тондарын ала қашып жүреді; ах, бұрында болып көрмеген және енді келешкте де болмайтын ерекше бір жан болу деген — неткен тамаша, неткен қызғылықты, әсерлі десеңізші! Егер сен көршіңнен ешқандай айырмашылғың болмаса да, бұл адамға ләззат туғызады! Сөйтіп өздерінің өте тамаша жандар екендігіне расында сенеді де, осы есуастар, жоқ айтпақшы, өзімшілдер — осылай деп атамаушы ма еді? Олардың сол «мен» деген сезімі әбден көкейіне орнап, өздерінің алға сүйреп, аспандата көтеруге тиісті адамдарына қарсы шыға бастағанынша, олар өздерін асырап отырғандардың көңілі үшін өздерінің тамаша «менмендігіне» барған сайын көміле түседі. Мына бір ертегінің өзі де адамның жаны түршігерлік ертегі емес пе: Пер-Голяк өзі аш отырып, жер ұйықты шолып келу үшін балаларын тамақпен қамтамасыз еткен екен; балалары сол жердегі ішінде еті бар қазанның маңынан айналшықтап шыға алмай қалыпты да, сол жердің «рухани өміріне» араласып, жекеменшікшілердің жаршысы болып кетіпті. Әлгі жаңағы сен айтқан сыяқты студенттер, мүмкін, тіпті революционер болғысы да келетін шығар.

— Йенс Манн революционер болғысы келеді емес, шынында да революционер еді, — деді жігіт сәл менменси сөйлеп.

— Аты Йенс Манн дейсің бе? — деп Мортен еріксіз елең ете қалды.

— Я, ол өзі әлі тірі. Ол Песковтағы балықшы әйелдердің бірінен туған, әкесіз, заңсыз бала; әйел оны бір хуторяниінің баласынан тауыпты.

— Ендеше мен оны білемін... өзін емес-ау, оның әкесі мен шешесін білемін, — деді Мортен қобалжып. Шешесі бір тамаша әйел еді, нағыз революционер еді. Ол өзі басқа біреулер үшін қалтқысыз құрбан боламын деп жүріп, ақыры мерт болып, тіпті жастай өліп кетті. Әкесінің кім болғанын құдай білсін; ол жауапкершіліктен тайып тұрып, арманға біртүрлі қыйсынсыз діни қыялдарға беріліп кетті.

— Мен мұны басқаша түсініп едім,— деді жігіт тұнжырап.

Мортен оның бұдан ары естімей-ақ қойғысы келіп тұрғанын байқады: сірә, өзінің бұрынғы үйреншікті түсінігін бұзғысы келмеген болар. Бірақ ол оп-оңай құтылып кете алмады.

— Өйткені сен у дәмін татып көрдің ғой, сондықтан да қарнына қарап мүлгіп отырғандарды революция жолында жүргендер деп білесің,— деді де Мортен оның қолынан алды.— Бірақ «менмендікке» біздің қажетіміз жоқ. Сол «мен» дегенді қаншалықты аз айтса, сол адам соншалықты тәуір өмір сүреді. Адам басқаға мұқтаж болады! Оның шешесінің аты Дитте еді, ал ол тұрған кварталдағы кедейлік оны Адамзат Перзенті атандырып еді. Ол өзі барлық күш-қуаты мен қолынан келген өнерін жұртқа көмек көрсетуге жұмсаған адам еді, өмір бойына еңбек етіп шексіз жұмыс істеп өтті! Дүние еңбекпен өзгереді, ал қарынға қарап мүлгудің пайдасы шамалы! Орынсыз күйгелектей беретіндер мен таппарлық кернеген адамдар және іштей булығы ойланып, сол ойды тереңдете бергендіктен киімі денесіне жабысқанша терлейтіндер ешқашанда өмірге икемді ештеме жасап шығармайды.

— Демек, сен ізденушілерді де жақтырмайды екенсің ғой?

Сұрақтың тәркіне қарап Мортен оның «аман қалғандарға» жатпайтындығы қазір бір жолата белгілі болатындығын біле қойды.

— Неге жақтырмайын! Бір орамды таптап, шыр айнала беретіндерді емес, мен алға апаратын жолды іздеушілерді ғана жақтырамын,— деп тез жауап қатты ол.— Христостың ең бірінші социалист болғанын білгеннен бізге түсетін пайданы айтшы? Орта ғасырды әкеп қазіргі жағдаймен қосақтауға болмайды; тек халық сана-сезіміндегі христиандықтың орнын социализм басқан кезде ғана барып біз алға жылжый аламыз.

— Сен тек сыртқы әрекетті ғана айтасың да, рухты ұмытып кетесің. Ең әуелі сөз болды ғой ол!

— Ұлы алдау міне осында жатыр. Жоқ, достым: ең әуелі материя болған. Гете мен Маркс осыны біліп барып: материядан барып ой туады, керісінше емес, деген.

— Сенің сөзіңе құлақ салсақ, біз қара жұмыстың адамдары, барлығының негізіміз деп ойлауға болады ғой,— деді жас батырақ, сөз тәркінен кекеткендей кейіп білдіріп.

— Оның солай екені солай, тек сендер тым сыпайыгерсіңдер, мүмкін әлде, мұны түсіну үшін тым езіліп, қаналып қалған боларсындар. Әйтпесе сендер олардың алдында құрдай жорғалай бермей, ой еңбегінің адамынан үйренген болар едіңдер ғой. Көбінесе ол гаремдегі¹ евнух² тәрізді; ол тиісті тәртіпті қорғауы керек, бірақ мырзалармен бірге стол басына отыруға рұқсат етілмейді.

Олар теңіз бойын жағалай отырып, жас батырақтың жұмыс істейтін хуторына тіреліп тұрған тоғайға дейін барды.

Ал енді менің үйге қайтатын уақытым болды,— деді Мортен оған қол ұсынып.— Рақмет, бүгінгі кеш үшін.

— Рақметті мен айтуым керек еді,— деп жауап қатты жігіт,— бірақ айтпаймын. Маған қымбатты нәрселердің көпшілігіне тиістің.

— Я, я, сен бұл жөнінде әлде болса ойлай түс.

— Әлбетте ойлаймын. Бірақ сенімен келісе қояр ма екем. Рух... — аяқ жағын Мортен ести алмай қалды.

IV

Бағдар соңы

Мортен мен Вераны бір-біріне құштырып, қуанышты да, қайғыны да қоса шектіріп, бірінің бүйіріне бірін тиістіріп өмір сүргізуге мәжбүр етіп қойған кездейсоқтық десе де болғандай еді,— қайсы уақыттарда Мортенге сол кездейсоқтық аса бір өкінішті кездейсоқтық сыяқты болып көрінетін еді. Енді одан ары екінші бір кездейсоқтық келді де, астана жұмысшыларының арасында жүруі керек болса да, алып келіп осында, теңіз жағасына тап қылды.

Бірақ Мортен сезімі сол кездейсоқтықтармен керенаулай барып келісіп, уақыттың өтуіне қарай сол кездейсоқтықтардың барлығы да заңды фактыларға айналып кетті. Жер шарының қарама-қарсы жағындағы басқа бір жерде тумай, Барнхольмде туғаныңды және өз өміріңді басқа бір әйелмен қоспай, тура сол Верамен қосқаныңды, сөз жоқ, кездейсоқтық деп атауға болады. Бірақ бұл «егер», «игі еді» деген сөздердің барлығын да фактылар басып кетті.

¹ Г а р е м — бек-сұлтандардың әйелдері тұратын үй.

² Е в н у х — сол гаремді күзетуші.

Мұның барлығы да мойын бұрғызбас дәл фактылар еді; ол фактылар бейне бір жұмысты бірлесіп жақсы істеген артель тәрізді немесе екі тісті дөңгелектің тістерінің шайнасқанындай бірімен бірі астаса қайнасқан фактылар еді. Міне Мортен осында, айналасында қайнаған өмір! Тек жан-жағына қарап алып, жұмысқа кірісуі керек, жерге аяғын тигізіп, өзінің күшін сезінуі керек. Ал өмірге деген Мортеннің талғамы сол баяғы қалпында сақталған.

Осы жердің алғашқы кейпін түйсіну үшін оның бұдан бірнеше ондаған жылдар бұрын өткендегісіне көз жіберуінің қажеті жоқ еді, бастапқы кезде бұл жер балықшылардың немесе шаруалардың қамыспен, сабанмен жапқан бүкір шатырлы жапырайған аласа үйлері тұратын құнарсыз, құмды төбешіктер болатын. Дәулетті, бай виллалар мен қала сыртындағы салтанатты сарайлар өзінің әдемі бақтарымен, парктарымен қоса жер болып кетіп, қуаң төбелер өзінің мың жылдық киімін — тікенекті бұталар мен сояудай-сояудай қатты шөптерін қайта жамылған еді де, кейбір топырағы тәуір жерлерге иван-да-марья мен вереск өскен еді. Төбелерде ұзын жүнді қойлар мен тағы басқа малдар жайылып жүретін де, төбе басында құлағының жарасы бар, жаңақ бақташы бала Эресундқа қарап тұратын. Кең иықты, жуан қарын копенгагендықтардың ешқайсысы тас қабырғаларымен қалқалай алмай, терістігінен түстігіне дейін теңіз бұғазының ұзына бойы тегіс көрініп жататын.

Теңіз жағалауындағы ертектегідей, көз тартар, алдамшы жол, астанаға шейін терістікке қарай бұраңдай созылып, одан әрі ел түкпіріне кететін. Жаман жолмен астанаға сапар шегу тұтас бір түніңді алатын: арбасына шымтезек тиеп немесе басқа нәрсе салып алып үйінен кешке қарай шыққан адам қалаға базар бастала жететін. Арбашы арба үстінде ұйқтайтын; сірә, жол үстінде ілбіп келе жатып аттары да ұйқтайтын болса керек. Эресундта ұйқылы-ояу ақырын ғана шайқалып жол мен екі арадағы жіңішке жерге барып шылп-шылп соғып жататын; кең керіліп, еркін шалқып жатқан теңіз жолаушыны жетектеп, тура қала түбіне шейін баратын. Жаға жұрттың бәріне бірдей болатын: балықшылар ауларын кептіріп, қайықтарын ұстап тұратын, шаруалар құм алып, балдырған жыйнап жүретін. Ал алдыңғы жақтағы бетінде желкемді қайығы қаптаған Эресунд пен Вен аралы, Швед жағалауы — барлығы бір керіліп жатқан кең дүние болатын! Ең әуелі кімнің жағалаудан жер тіліп алып, қарапайым жай халықтың жолын бөгеп қойғанын

құдай білсін. Енді велосипедпен қалаға шейін қырық шақырым жер бір тамшы су көрмей баруға болады,— бірінен соң бірі ылғый виллалар мен дачалар келеді де отырады. Эресундтың жолға таяу жерлерінде учаскесіне көп-көптен ақша төлеп, бай адамдар отыр, олар қайткен күнде де теңіз бен жолдың арасында тұрғысы келгендер. Жақын көршілерінен де аулақ болу керек! Сөйтіп олар тап бір өмірлері тамаша Эресундты өздерінен басқа ешкімнің көрмеуіне байланыстыдай-ақ биік-биік дуалдармен қоршалып, жолдан бөлектеніп отыр. Мортен тас жолмен велосипедпен өтіп бара жатып ылғыйда ыза болады: сайып келгенде, қандай ғана меншік болмасын ұрлықтан басталады ғой, бұл жерде ол ерекше көзге түсіп тұр. «Мұның барлығын да бір күні қуамыз ғой»,— деп ойлайды ол жағалаудың бойымен велосипед теуіп келе жатып. Осы бөгеттерді олар да жақтырмайтын шығар деп есептеп, андасанда ол өзінің пікірін жергілікті халықтарға да айтағын еді; бірақ жұрттың үрейлі жүзін көріп, аузын жаба қоятын. Оның сөзін жұрт үнсіз тыңдайтын, бірақ оған тап бір анархисше қарайтын. Егер олар бірдемеге өкінетін болса, көбінесе, көп кешікпей енді копенгагендықтарға сату үшін бір жапырақ жер алуға болмайтын болды деп қапаланатын еді.

Рас, жағалау жолынан сәл алшақта үй салынбаған төбешіктер бар еді, олардан да бұғаз көрініп тұратын,— бірақ оның көпшілігі шаруақорлардың қолында болатын; астана делдалдары ол төбешіктерді қайыршы болуға айналған шаруалардан болмашы тыйын-тебенге сатып алып, енді оларға шіреп, қымбат бағалар қойып отыр. Жерін арзанға сатқан шаруалар енді қабақтары қатып, түнеріңкі жүр де, ал участкасын әлі де болса ұстап отырған шаруалар орайы келіп қалған жағдайды өткізіп аламыз ба деп үнемі шыжық болып жүр. Мортен қандай ғана адам болмасын осы екі категорияның қайсысына жататынын бірден таныйтын еді. Олардың артынан копенгагендықтардан күнін көретін балықшылар мен кездейсоқ жұмысшылар келе жатады; бұлар жағымпазданып, құрдай жорғалап жүреді. Жергілікті адамдарды тәуелсіз деп атауға ешбір болмайтын еді.

Бұл жерден әртүрлі сектанттар тіпті көп кездеседі. Олар өздерін тақуа сыяқты ұстауы керек болғандықтан бет әлпеттері ерекше түнеріңкі, қабақтары қатыңқы жүреді. Басқа жағынан келгенде, Мортеннің байқауынша, өзге тұрғындардан олардың айырмашылығы шамалы. Копенгаген-

дықтар да тура солардай күпініп насыбайларын шырт түкіріп сыраханаларға барып жүреді.

Барлығы да біртүрлі, бірінен бірін айыра қою оңайлыққа түспейді.

Мортен құлап қалған тас албарды жамап-жасқап, о жер-бұ жерін ақтара қазып қара жұмысқа салмақ салудан артық ештеме ойлап таба алмады; ол тіпті жексенбі күндері де жұмыс істеп жүрді, соның өзі оған демалғанмен бірдей болды. Дачалар мен хуторлардың тұрғындары миссионер¹ үйіне кетіп бара жатып, Мортеннің жанынан өте берген кезде, оның құдайсыздығына қарсылық білдіргендей болып, теріс қарап өтетін.

Бір жексенбіде, Мортен жол жағасындағы дуалды оңдап жатқан кезде, хутор иесі Андерс Хансен жанына келіп:

— Жұртты текке қызықтыратыныңызды қалайша түсінбейсіз? — деді.

— Немен қызықтырам? — деп сұрады Мортен ақкөңілденіп.

— Жұрттың көзінше жексенбі күні жұмыс істейсіз.

— Демек, қызығу екі жақтан бірдей болады ғой, — деді күліп Мортен. — Мені сіздің қолыңызға дұға кітабын алып, алшаңдай басып, салтанатпен кетіп бара жатқаныңыз қызықтырады.

Сол күнен бастап жанынан өтіп бара жатқанда хутор иесі Хансен де теріс қарап өтетін болды, бірақ Мортеннің семьясына хуторынан бұрынғысындай сүт босатып тұрды. Хансен өзін басқалардан бөлек ұстап, жұмысын өзінше алып жүрді. Оған жұрт белгілі құрмет жасайды; ол «нағыз діншіл» деп аталатынның дәл өзі еді, мұндай адамдардың алдында құдайға құлдықшыл адамдар да, аса құлдықшыл емес адамдар да баскиімдерін алып жүреді. Ол өзі приход советінің мүшесі еді, тапқан табыстары туралы мәліметтер алу үшін бір күні Мортенді советке шақырғанда бір қызық оқыйға болды: хутор иесі бейнебір өзінің қамқорына алғандай болып, оның қасына кеп стулының арт жағына тұрды. Мортеннен сұрақ сұрап жатқан кезде, ол ләм деген жоқ, бірақ сол орнында тұра берді; Мортенге онысы өте ұнады, бірақ Мортеннің жылына ондаған мың табыс тауып тұратын (олар солай деп ойлаған еді) арендатор емес, тек қалт-

¹ Миссионер — дінді үндеуші.

құлт етіп қана күнін көретін кедей жазушы екені анықталғанда, Андерс Хансен сол үндемеген қалпы оны тастай беріп, өз орнына қайтып барып отырды. Осы жердің басқа да мекендеушілері тәрізді оған да кедейліктің ешқандай қызығы болмады,— тіпті ол дүниеге барғанда да кедейлікті ол теңгермес еді!

Хутор иесі әділетті адам атанды, жұрттың бәрі де оны солай деп, сол үшін оны құрмет тұтып, сыйлап та жүрді. Ол сүтке көп балалы стрелочниктің семьяларынан да, коммерсанттардың әйелдерінен де бірдей баға алып, ешкімді алдап жеп қоймас үшін өте қадағалап бақылап отыратын еді. Және өзі жұртты айыптап, кіналаудан сақтана жүретін. «Күналау деген — құдайдың ісі»,— дейтін еді ол әдетте. Міне осының барлығы да оған құрметпен қарауға мәжбүр ететін еді; мені жұрт сыйлайды деген сезімнен ол өзін-өзі сыпайы да, қасиетті де ұстап жүреді. Сақал қаулай өскен бетінің жұмсақ қатпаршақтарынан басқаларға қарағанда әлдеқайда артықпын-ау деген сенім мен зорға жасырынып тұрған тәкаппарлық білініп тұратын еді. «Құдайтағалаға қарағанда мен бір тек қана бейшара жанмын ғой, бірақ дегенмен де, мен — құдайтағаланың таңдаған жанының бірімін!» — деп тұрғандай оның бет әлпеті.

Мортеннің хутор иесіне тіке жауап қайырған күнінен бастап, Мортен жөніндегі пікір,— күні осы уақытқа шейін айқындалмай келе жатқан пікір,— ашықтан-ашық айқындала бастады. Тіпті шіркеуге немқұрайды қарап, өз өмірін гавандар мен сыраханаларда, төсегінде өткізген адамдардың өзі Андерс Хансеннің пікіріне қосылып, Мортенді бір елден шыққан, христиан дініне қарсы азғын, бүлікшіл адам деп есептей бастады. Халықты ақмақ, топас күйде ұстауға тырысатын күш атаулының барлығымен де шіркеудің жасырын тығыз байланысының бар екенін ол анық түйсінді. Тіпті өз басы солардың қайғысы мен қуаныштары жөнінде үнемі ойлап жүретін бейшаралар да одан қыйыстап кетті, тіпті олардан оны қорғап, араша боларлық бір ауыз сөз табылмады.

Құдай жолы шынында да белгісіз!

Бір күні жол мастери Франсен келді де бас жоқ, көз жоқ: — Сен бұл арада тіпті шіркеуге де бармайсың ба? — деп сұрады.

— Мортен күліп жіберді,— Франсен өз адамы ғой.

— Мен не алам одан? Шіркеу кедейлердің тек басын айналдырып, аспан әміршісі деп аталатын дақпыртпен олардың маңызды мұқтаждықтарын ұмыттырып жіберуге мәжбүр етеді. Ол наркотик¹ біткеннің барлығынан да жаман.

— Я, Маркс солай деген. Бірақ біз оны қазір бұрынғыдай емес басшылыққа аз алып келеміз ғой. Біздің социал-демократиялық партия: егер өкімет басына келгіміз келетін болса, шіркеуді өзімізге қаратып алуымыз керек деп есептейді. Партия басшысының пікірі бойынша, біз қайтадан прихожан советтеріне кіруіміз керек. Сен бірде осындағы құлшылық үйіне барып сөз сөйлесең жақсы болар еді; Копенгагенде ригсдаг мүшелерінің көпшілігі шіркеулерде шығып сөз сөйлеп уағыз айтады, сөйтіп біз партия қатарына бірнеше пасторларды да тарттық. Бұдан бірнеше жыл бұрын, тіпті, Люциферден де жаман бұзық болған жарымес булочниктің өзі қазір шіркеулерде уағыз айтып жүр дейді.

Мортенге бұл күлкі болып көрінді.

Я, естідім оны, бірақ мен онда бармаймын; мен есуас емеспін!

Бірақ, сонан соң ол тек Франсенді күлкі еткеніне өкінді. Шіркеу уағыздайтын билеуші таптың күңгіртте дөрекі идеологиясынан гөрі социализм теориясы мәдениеттің жоғарғы сатысына жататынын түсіндіргені дұрыс болатын еді. Христос өзінше жабайы социализмнің уағыздаушысы болды, бірақ шіркеу Христостың ілімінен қанша қашықтап кетті десеңші!

Бұл жерде іске шындап кірісуі керек еді. Бірақ, әдеттегісінше, ол өзінің әлсіздігін сезді. Өне бойы бір жерді шыр-айнала берген соң әбден керенау тартып, топастанып қалған Данияның қалың бұқарасын алға қарай апаратын жолға салу неткен үлкен міндет! Және осы үлкен міндеттің қасында ол өзін түкке тұрмайтын қандай болмашы нәрсе сезінді десеңізші!

Әзірше сол жалпы жұттың ағынына түсіп кетпей, жұрттың маза бермейтін, менменсіген ақмақтығына қарсы тұрып, «өзінің есуас емес» екендігін таныта білудің өзі оңай іс емес еді. Тіпті жұртқа жаманатты болып көрінсе де осы ақмақтықпен белдесіп күреске шығардай, қашан ғана ол өзін өзі күшті сезінер екен?

¹ Н а р к о т и к — есеңгіреткіш күшті дәрі.

Хутор иесі қаншалықты қатал, салмақты болса, оның Нильс Хансен дейтін ағасы соншалықты момын еді.

Аласа бойлы, дембелше келген, қыйсық аяқ Нильс Хансен таяққа сүйеніп, көрінген жұрттың бәріне күлімсіреп төбе-төбелердің арасында жүруші еді. Ол жолмен үйдің жанынан аяғын сүйрете басып кетіп бара жатқанда, кемпір оны кофе іш деп шақырып алатын, бірақ кухнядан әрі өмірі жібермейтін.

— Бейшарадан сасық иіс шығады,— дейтін еді кемпір.— Өмірінше бір бел шешпей, қамбаларда, ат қораларда, сол сыяқты кез келген жерлерде жататын болған соң, сасық иіс шықпағанда қайтсін. Анау зәлім бауыры хуторынан мұның иісін иіскегісі келмейді, ал өзі болса, сопымсып бетін тыржыйтып, жұрттың бәріне қырын қарайды. Жан танымастай етіп, өзін жақсылап тұрып шықпыртар ма еді!

Кемпір Мортеннің ескі көйлектерінің бірін іздеп тапты да шаруаға киіп ал деді.

— Ал сенікін қайнатып қояйық,— деді ол,— бір жұмадан кейін тағы да келіп ауыстырып киіп кетерсің... Сені тонауға кемпір де көмектескен екен деп ешкім де айта алмас.

Бұл өмір-бақый біреуге тонатқаннан басқа түк бітірмеген Нильс Хансен қарттың өткен өміріне жасаған мезгеуі еді. Оның еншісіне жағалаудан алыста, Молева маңының бір жерінен әжептәуір үлкен хутор тиді, және ол шаруашылығын көптеген басқа шаруалардай басқарып, күндіз жер өңдеп, кешіне карта ойнап жүрді. Сөйтіп, хутордағы шаруашылығы жақсы жүрді,— шаруашылығының тіпті өте жақсы жүргендігі сонша, ол астық құю үшін үлкен швед қамбасын салмақшы болып, газеттен арзан ағаш сататын фирмаларды іздеді. Сөйтіп жүріп ол, ірі афера¹ іздеп жүрген бір фирмамен қатынас жасады, ол фирма құрылыс материалдарын сататын еді, бірақ құрылыс жұмысы саябырлап, нәрсенің өтімі шамалы болды. Сонан соң фирма жұмыссыздықтың салдарынан туған, өз беттерімен «Й саламыз» деген жұмысшылардың талабына көңіл аударып әрбір участкелерге бөлуге және құрылыс колоннасының іргелерін қалауға жарайтын хутор іздей бастады. Осы арада кеп олардың көзіне Нильс Хансен түсе кетті. Екі жағы да бір-біріне айта қалғандай сай келіп, өздеріне үй салушы жұмысшылардың ұйымы құрылды; «Жұмысшы» газеті оны әртүрлі жолмен көтермелеп ұйымның басқармасына — кейбір сыбыс-

¹ А ф е р а — қара басының пайдасын көздейтін мекеме.

тарға қарағанда редактор Оскарсеннің делдалдығымен,— социал-демократиялық партияның бір көрнекті мүшесі өтті. Ұйым мемлекеттен қарыз да алатын болды, енді тіпті жалғыз эре ақшасы жоқ, ең кедей деген жұмысшы да өз меншігіне үй салып ала алатын халге жетті, үйді өзі немесе жолдастарының көмегімен салуы тиіс. Фирма жұмысшыларға жер, материалдар беріп, қағазын реттейді, бірақ бұл үшін закладтың үштен бірін алады; үкіметтің ақшадай жәрдемі жұмыссыздарға үй салып жатқан кезде берілуге тиіс еді. Өліктерді жерлейтін бюроның жұмысындай мұнда барлығы да алдын ала ойланып, кесіліп-пішіліп қойылған.

Бірақ ақыр аяғында үй салушылардың бұл кішкене қаласында тірі пәнде тұра алмайтын болып шықты. Ол өзі астанадан тым қашық болды, күн сайын жыйырма шақты шақырым жерге велосипедпен барып келіп жұмыс істеу — жұртты ілезде-ақ шағып тастады, ал поездбен жүруге, әсіресе, жұмыс іздеуге тура келген уақыттарда қаражаттары жетпейді. Бұл округта жұмыс деген шамалы. Жұмысшылар бірінен соң бірі өздерінің салған үйлерін тастап, қайтадан астанаға көше бастады, сөйтіп өзінің артында абройы айрандай төгілген саяси қайраткерлер мен азып-тозып, күйзелген шаруаларды, ұтықтастары әбден тойып тамақтанып алған соң, аузы-бастарын жалап, жалаңдап жаңа афера жасауды ойластыра бастаған фирманы қалдырып поселка өмір сүруін аяқтады.

Мүмкін, хутор иесі Андрес Хансенді баурының ісі ақылға келтірген болар. Оның хуторы өте ыңғайлы орналасқан, түстікке қарай иіліп, беті Эресунд жаққа беріліп салынған; құрылыс салатын участкалар сатып аламыз деушілер көп болды. Бірақ ол ешкімнің аузына түспеді, жерін сатпады, тап бір дүниеде копенгагендықтар да хуторларды участкаларға бөлу де жоқтай-ақ өз шаруашылығын қаннен-қаперсіз жүргізе берді. Оның мұнысы да өз тұрған жерінде беделін көтере түсті. Әбден азып-тозған бауыры келгенде, ол оған бес гектар кедір-бұдыр жер беріп, сол арадан үй салуына көмектесті.

Нильс Хансен қарт — дегенмен, ол Андерс Хансеннен жас еді,— алдында тартқан зыянынан ол да ақылды болайын деді. Өзінің кішкентай участкесінде отырып кіре тартумен айналысты, копенгагендықтарды тасу үшін көшір жалады, өзі шаруашылықты басқарды. Оның әйелі өлген еді, бірақ өзі күйзеліске ұшырамай тұрғанда жақсы өмірге үйреніп қалған екі бой жеткен қызы болатын. Енді олар өз

беттерімен кетіп, біреуі копенгагендықтарды тасыйтын кезде ливрея тәрізді бірдеме киіп, сылаңдап шығатын эп-әдемі, қызыл шырайлы көшір жігітке ғашық болды. Бір күні Нильс Хансеннің көшірге қызымды ал деп өтінуіне тура келді: қызын аса жақсы қыз еді деуге болмайды,— өзі ап-арық, сүйегі арбыйған, тістері шіріген және өзі едәуір жасқа келіп қалған қыз еді. Бастиан көшір келсімін бергені үшін жерінің жартысын беруді талап етті. Ол екі гектар жерді қайтадан дереу дачалық участкелерге бөлді де, содан алған ақшамен жақсы тұрды, ал Нильс Хансен өзіне басқа бір көшір іздеуге тура келді.

Егер Бастиан жөнінде жұрт ол шаруашылығын жаман қылған жоқ дейтін болса, ал мынау жаңа көшірдің,— мүмкін оның жирен болғандығынан шығар,— әйтеуір, көпшілік пікірі бойынша, ісінің сәті түспей-ақ қойды. Рас, ол екінші қызына үйленді; бірақ балалары күніне жетпей жарық көріп, Ольсен қаным дейтін балықшының әйелі айтқандай «басқа бір адамға» тартып туды. Бірақ Франсен не істейтінін жақсы білді; ол бұл іске сасқан жоқ, тек қайынатасын участок пен кіре жұмысын өзіне беруге мәжбүр етті. Сөйтіп ол да есесін жіберген жоқ.

Өйтіп-бүйтіп жөнделіп алғанша, оның көп қыйыншылықтармен күресуіне тура келді. Ол мұнда Копенгагеннен келді, бірақ туған жері басқа жақ. Деревняда жүрген кедей жігіттің жұрт арасына шығуға мүмкіншілігі шамалы екеніне көзі жетіп, көше арасына шыққысы келген көптеген деревня жастарына ұсап, ол да астанаға жұмыс іздеп келген еді. Рас адвокат Бек айтпақшы «күш-қуат пен атақ-даңқа даниялық жол» бар еді, былайша айтқанда юбкаларға көмекке жетуге мүмкіншілік бар, Ханс Франсен де бір кезде бақыт табам деп, онымен айналысып көрген, бірақ сәті түспеген. Некеге отыруға келсім берудің орнына, әке-шешелері қызды бір жаққа аттандырып жіберген, сөйтіп қыз түк көрмеген адамдай болып үйіне қайтып келген. Оның бойынан ештемені де байқауға болмайтын еді, сөйтіп өсек-аяңның барлығы да белгісіз бір нәрсе болып қалды! Қыз тіпті Франсенді керек те қылмай, өздері қатарлы бір адамға жайымен барып тиіп алды. Ханс Франсенге кетуден басқа ешбір жол қалмады: қай жерде болмасын жұрт біткен өзіне күлетін болды. Ептісін өзінің, тартсын сазайын! Қазіргі жұрт білімді ғой, мұндай істерге докторлар мен акушеркалар бар; ол өмірден жыйырма жыл кенже қалған!

Сөйтіп Франсен астанаға тап болды да, жер қазушы, бетон құюшы болды. Жолдастары оның одаққа мүше болуын талап етті, әйтпесе оны артельге алмайтын еді. Ең әуелі ол біраз қарысып көнбей жүрді: деревняда жүргенінде кәсіпшілер одағының жамандығынан басқа ештеме естімеген еді, бірақ көнуге тура келді, сонан соң ол көп кешікпей, ұйымда болудың пайдалы екенін түсінді де, енді өзінің еркімен одан ары социал-демократиялық партияға кірді. Бұл жағдай, былайша айтқанда, өзінен өзі болды да, бұрынғы ісі мен өкініштеріне көнуіне көп көмегін тигізді; елінде қалған дөкір бассыздарға зығырданы қайтадан қайнап, реті келген жағдайда әкелерін танытармын деп кіжінді! Ол өзі жұмысқа тыңғылықты адам болды, және оқумен де шұғылданды; кешкілік Технологиялық институттың жанындағы курсте оқып, жол мастері болғысы келді. Бір кездейсоқ жағдай оны осында, өзінің артелімен бірге үлкен вилланың фундаментін салып жатқан жерге, теңіз жағалауына әкелді. Кешке жақын бірге жүріп ол Хансеннің екінші қызымен танысты да, көшірлік орынды алды.

Бірақ ол керуенмен аса көп айналысқан жоқ. Үлкен жолдың теңіз жағалауы жағындағы бөлегіндегі жол мастерінің орны босаған кезде, сол орынға барамын деп, ақыры сонда барып орналасты. Сонан соң ол участогін бір копенгаген коммерсантаына сатты да, ақшасын банкаға салып, теңіз жағалауындағы жолды салуға кірісті. Қолы тиген бос уақыттарды социал-демократиялық партияның пайдасына, үгіт жұмысына жұмсап, осы араға Мортен келгенге шейін кішкентай ғана социал-демократиялық группа құрды. Оны партия басшылары жақсы көретін де, оған үлкен сенім артатын. Қарт қайынатасымен оның ешқандай жұмысы болған жоқ. «Қыздарын адам қылсам да жетер!» — дейтін ол. Ал ол қыз кезінде бетімен кеткен шошақай болса да, құдай біледі ғой, кейін тәуір әйел болып шықты. Тіпті адам таңқалғандай болып өзгеріп кетті; Нильс Хансен қарт одан баяғыда шошып, шеттеп кеткен еді.

Міне, сөйтіп қарт, шынында да, өзінің шаруаға қырының жоқтығынан барлық байлықтан айрылып шықты. Бір кружка сыра оның аузына біреу-міреу бергенде ғана тиетін. Трубкасына темекі толтырып алу үшін ол үнемі байсалды жүретін момын Мортенге келіп тұратын еді. Өзі жеміс ағаштарын өте жақсы отай білетін де, баққа құмарлана көмектесетін. Егер қолына қандай ғана болмасын бір бақ сайманы түсетін болса, таяқсыз-ақ жүре беретін.

— Түнді қайда өткізетінін құдай білсін,— деді кемпір, есіней құнысып.— Ой құдайым-ай, осыншама қартайғанша өмір сүру деген неткен қорқынышты!

V

Ауыр күн

Мортен Эльза дейтін кішкентай қызымен бірге қыдыруға шықты. Олар балықшы балаларының Эльзаға айтып жүрген борсықтың інін көру үшін темір жол табанының ар жағына бармақшы болды. Эльза бұл саяхатқа өте қуанып, әкесін сүйрелеп алда жүгіріп келеді. Әкесі бастап келе жатқан жоқ, әкесінің қолын ұстап алып ол бастап келеді.

— Мен саған көрсетемін,— дейді ол білгішсініп,— мен оның қайда тұратынын жақсы білемін.

— Сен өзің ол жерде болғаннан амансың ба? — деп сұрады Мортен. Осы сыяқты жұдырықтай бала өз бетімен жол бойына шығып жүреді ме екен деп қорықты. Ауланың есігін жауып ұстау керек екен.

— Ой, жо-жоқ! Бірақ оның қайда екенін білемін. Былай жүру керек, сонан соң былай! — деп ол топыраққа былғанған кешкентай ғана қолын сермеп келеді.

— Әрине, мұнымен біз тұп-тура таба қоямыз ғой. Өзің бір тамаша оңды баласың.

— Сен де жақсысың, папа, сен дүниедегі ең ақылдысың. Біз екеуміз де ақылдымыз.

Мортен күліп жіберді.

— Ал бірақ екеуміздің біреуіміз мақтаншақпыз!

— Мен мақтаншақ емеспін, әйтеуір,— деді Эльза аяғын жылдам-жылдам теңселте басып.

Эльза өздерін борсыққа қонаққа бара жатқандай көрді. Мортен оған борсық жердің астында інде тұрады, Хесельбергтің таксасы¹ тәрізді болады деп түсіндірді. Хесельбергтың таксасын өздері көбінесе тас көшеде кездестіріп жүретін еді, ол да жер қаза беретін, сондықтан оның аяқтары сондай қыйсық болады дегенді айтты. Олар інді тек көреді де қояды, борсықтың мазасын алмайды,— мүмкін оның кішкентай балалары бар шығар.

— Ал біз ең әуелі есігін қағамыз,— деді Эльза.— Ба-

¹ Такса — иттің бір тұқымы.

лықшының әйелі кухняға есікті қақпай кіріп келгенде әжемі ыларый шопыл кетеді.

Мектептің арт жағында, қорғанның түбінде мұғалім жер қазып жатыр екен: өзінің түрі ашулы, қолындағы күрегін шымға құлақтап басып жатыр. Әйелі қабырғаға сүйеніп, мектептің есігінің алдында тұр, пішін бұйраларға, қуыршақтай болып тұрып әдемі киінген, кеңістікке күлімсірей қарайды. Баланың былдырлаған дауысын естіп, ол секіре басып қорғанға келді де, бұтаның арасынан қуыршақтай бетін шығарды.

— Лю-Лю, жаным балақай! — деді ол сөзін ойнақшыта бұза сөйлеп.

— Сен неге жас балаша сөйлейсің? — деп сұрады Эльза таңданып. — Көзілдірік кигендіктен бе?

Әйел өтірік қылымсып басын шайқады.

— Біздің пастор дұрыс айтады, осы күнгі адамның білмейтін бәлесі жоқ. Тіпті бала екені бала да балаға ұқсамайды, іштен қартайып туады.

Ол біресе кішкентай бала болып, біресе кемпір болып көрінді. Мортен бұл екеуін өте жек көретін еді, бірақ бірер ауыз тіл қату керек болар деп ойлады.

— Сіздер каникулға кетпейсіздер ме? — деп сұрады ол.

— Жоқ, күйеуімнің біздің туған-туыстарға барғысы келмейді, демек менің де бармауыма тура келеді. Күйеуімді мұнда жалғыз қалдырып, өзімнің кетер жайым жоқ қой, солай емес пе? Ол кезінде мені туған ұямнан әке-шешелерімнің келісімінсіз әкеткен еді. — Ол нақ бір сүйкімді сықақты орындап тұрғандай-ақ терең ойға шомғандай кейіппен басын бір жағына қыйсайта тұрып, біртүрлі жасанды үнмен сөйледі. — Қазіргі заманда, — деп сөзін жалғады ол әрбір сөзіне салмақ салып, тәптештей сөйлеп, таяқшасымен құмды қылымсып сызғылап, — бұл неткен романтика десеңізші!

— Оған көп болды ма? — деп сұрады Мортен көңілденіп; ол сабырын әзер сақтап тұрды.

— Он жыл болды. Бұдан он жыл бұрын! — Ол мұңды кейіппен басын шайқады!

Олардың мысық пен иттей тұратынын Мортен білетін еді, бірақ кенет сайтаны ұстап кетті.

— Я, махаббат болса осындай болсын! — деп салды ол таңқалған пішімен. — Ал сол махаббат сіздерге... е-е-... жеміс әкелді ме?

— Ой, жоқ! Йенсен... мен... — әйел есі шыға абыржып,

сасқалақтап қалды.— Пастор әкем менің мектеп мұғаліміне күйеуге шыққанымды жақтырмады, сонсоң біз ең дұрыс жолын жасап, қашып кеттік! Жоқ, бала деген қыял емес! Бала деген... — ол құтылудың жолын іздеп, жан-жағына сасқалақтай қарады. Күйеуі қашықта еді, сірә, ол мұның дүниеде бар екенін тіпті ұмытып та кеткен сыяқты.

Бірақ сол сәтте, дегенменде, құтқарушы табыла кетті. Мортеннің үй жағынан, жолдың үстінен, бір аула есігі сарт етіп жабылды. Қасында үлкен чемодан көтерген өзінің кішкентай боп-боз компаньонкасы¹ бар жардай Гюлефельт фрекен есіктен шықты. Тап бір оның да қыдырғысы келіп өтінгендей болып ит үрді,— бұл әлгі түннің шырқын бұзып үріп, ұлып шығатып дүрегей еді. Гюлефельт фрекен оны таяғымен жасқандырды. Сонан соң олар жандарынан өтіп кетіп бара жатты; кішкентай компаньонка ауыр чемоданды алып келе жатқандықтан ештеңе қала берді. Гюлефельт фрекен жоғарғы шендегі әскери адамдай алшаңдай басып келе жатса, компаньонка жабырқау келеді. Соларды көре салысымен мұғалімнің әйелі алақанын бір соқты да, үйге қашып кетті.

Иенсен мұғалім екі әйелдің соңынан қарап, трубкасының ішін тазартып тұрды.

— Сірә, одан алатын енді ештеме қалмаған болар, демек енді айырылыса берулеріне де болады,— деді ол кеке-тінді кейіпмен Мортен мен Эльза жанынан өте берген кезде.— Бұл берік неке емес еді!

— Сіздің не айтқыңыз келіп тұр! Гюлефельт фрекен компаньонкасын ауыстыра ма? — деп сұрады Мортен.

— Компаньонка! Солай-ақ атансын! Я, олардың семіздігіне қарай қайта-қайта айырбастап отырады: арықтарымен боса болмаса да тезірек ажырасады. Осы жылдарда біз оларды көріп-ақ бақтық қой! Ол келесі біреуің әкелгенде көгершіндей зікір салып, шүйіркелесе күңкілдесіп, тамашадай жақсы болып келеді, онда чемоданды Гюлефельттің өзі көтереді, екінші қолымен еркесін жетектеп келе жатады. Күйеу таба алмағанымен ақшаға бай жарымес кәрі қыздар, бұлардың барлығы да міне осындай келеді. Ақшаны кез келген жерден тауып алады. Я, бүйтіп өмір сүрген жаман болмас еді, бұл басқа біреудің айтқан тілінді алмайтын тентек баласына ақыл-ой үйреткеннен көрі әлдеқайда

¹ Компаньонка — дамаларды немесе жас қыздарды алып жүру үшін жалданатын әйел.

жеңіл ғой.— Ол қопарылып түскен кесек шымды күрекпен ызалана аударып тап бір тұқымын біржолата құртқысы келген адамдай, тозғанақтарды бір пергеннен пәре-пәресін шығарып, қайтадан жер қазуға кірісті.

— Өздері берік екен,— деп аңлап қалды Мортен күлімсіреп.

— Я, мен бұларды бұдан гөрі де тәуірірек азаптағым келеді, тіпті өздері қас қылғандай қаптап өседі. Бұл жерге не керегі бар екен? Өсем десе, өсетін жерлер мен участкелер аз ба екен? Жетеді ғой! Қорғанның түбіне ұйлығып өседі де, бұл, оңбағанды құрту ешбір сайтанның қолынан келмейді. Бірақ тоқтай тұр бәлем, сендердің көздеріңді біржолата құрту үшін мен бір у табармын.

— Сіз бүйтем деп бұталарды құртып аларсыз.

— Сіз солай ойлайсыз ба? — Йенсен мұғалім шошып қалды.

— Бірақ бұтаға у сепкен жерге өспесе де, жер жетеді ғой. Дегенмен де, оған да у таттырып көрсе болар еді; әлем дегеннің өзі бір мекер нәрсе ғой! Өсімдіктің адам мен жануардан ешқандай артықшылығы жоқ! Сіз жанды заттың барлығын да кітаптарыңызға қарап жақсы көресіз ғой,— ол Мортенге сұрқыялана қарады.

— Жоқ, барлығын бірдей емес! — Мортен қарқылдай күлді.— Ал сіздің тым көп ашулана бергеніңіз жарамайды, ол бүйрегіңізге жаман болады.

Мұғалім кейпінің бұзылып кеткендігі сонша, тап бір Мортенді күрекпен бастан періп жіберейін деп тұрған адамдай болып кетті.

— Мұнымен сіз төсегімді мезгеп тұрсыз ба? — деп сұрады ол сұп-сұр боп.— Әйелім сондай болды екен деп осының бәрін ести беруге қалайша мәжбүр боламын...

Мортен Эльзаны тартып қалды да, мұғалімнің жанынан тезірек жылысып кетті.

— Екеуміз таяқ жеп қала жаздадық-ау, қызым,— деді ол.

— Бұл жаман кісімен күні бойы неге әңгімелесіп тұрдың? — деп сұрады Эльза өкпелеген кейіппен.

— Күні бойы дейсің бе? Қой, сен тым өсіріңкіреп жібердің... Ал ендеше, қане, енді асығайық.

— Бәрібір, сен онымен неге сөйлестің... күні бойы емес пе?

— Өйткені ол біздің көрші. Ол саған ұнамаса да, көршімен әрқашанда сыпайы жүру керек.

— Неге өйту керек?

Шынын айтқанда, оны Мортеннің өзі де білмейтін еді.

Эльза оны алға қарай құнжыңдай сүйретіп келеді, көп кешікпей екеуі өтетін жерді көріп, теміржол бойының үйінді топырағының жанына келді. Борсық інін табу қыйынға түспейтін болды: іннің аузында стрелочниктің үйінің барлық кішкентай балалары жатыр. Алты баланың алтауы да кішкентай, үсті-бастары кір-кір, алым-жұлым. Олар іннің жанында етпетінен түсіп, інге түкіріп, шуылдасып жатыр; көмірдей қап-қара аяқтары әлсін-әлі шоштаңдап, көтеріліп қалады. Мортен мен Эльза жандарына келгенде, балалардың барлығы да байқаусызда адам келіп қалғандағы бөдененің балапандарындай боп шөп арасына сүңгіп, өліп қалғандай қыймылсыз қатты да қалды.

— Ана қара, ұйқтап жатыр,— деп айғайлады Эльза,— балалар ұйқтап жатыр!

Бірақ осы сәтте ересек біреуі Эльзаға ұрлана қарады да, күліп жіберді, сонан соң олар бірінен соң бірі «тіріліп орындарынан тұра бастады».

Балалардың түріне қарап Мортен Эльзаны да, борсықтың інін де ұмытып кетті. Түрлері адам көргісіз: тып-тықыр етіп қырғызған кішкентай бастарының жараның қабығы мен жарадан сау жері жоқ; айғызданып көз жастарының ізі көрініп тұрған сатал-сатал беттері шіміркене күлімсірейді. Сірә, өмір-бақый леген көрмеген алым-жұлым киімдер, рахит болған баланың тісіндей әлжуаз тістер, құлақтың бұлағындай сап-сары жаралар! Мұндағы әдемі дачалардың арасында, тіпті қанаттаса отырған қайыршылар да бар екен. Бірақ соған қарамастан балалар оған күлімсіреп тап бір отаны шынында да өздерін анадай аялап отырғандай-ақ күледі. Белгілі мөлшерде олар мемлекеттің — мемлекеттік чиновниктің балалары еді!

Стрелочниктің үйі — кішкентай ғана қамбадай жапырайған, аянышты лашық сәл әріректе тұр. Ол үйде өмір сүріп, күн көру үшін күресуге мәжбүр болған он адам тұрады, «Ең бақытты елде», — «Жұмысшы» газеті Данияны осылай мадақтайтын, — міне осындай жағдай бар еді. Лашық есігінің алдындағы баланың сынық күймесінде (сірә оны көң-қоқыр төгетін жерден жыйнастырып алған болу керек) шегі қатқанша шырқырап бір жас нәресте жатыр, күймеден құлап кетердей болып жұлқынады. Мортен балаларға жас нәрестені көрсетті; сол-ақ екен балалардың біреуі жүгіріп барып, қарындасын көтеріп алды да, іннің жа-

нына әкеп, шеңбірек атқан қарнына қойып, алдына ұстап отырды,— екеуінің бойы бірдей десе де болғандай. Кішкентай қыз баланың жалаңаш құйрығы мен аяқтары кір-кір, терісі жырылып кетіпті, бірақ ол оны керек те қылатын емес, ағасына масайрай күлімсірейді: ол енді міне басқаларымен бірге отыр, оған одан өзге ештеменің де керегі жоқ.

— Шешелерің қайда? — деп сұрады Мортен жас нәрестенің былғаныш құйрығына қарап; өзі кірісіп кетуге тәуелті бармады.

— Кір жууға кетті,— деп жауап қатты үлкені, бір түп шөп жұлып алды да, қарындасының құйрығын сүрте бастады. Ол мұны шыдамдылықпен көтерді, сонан соң оны басқа балалармен бірге іннің жанына отырғызғанда көңілдене былдырлай бастады.

Эльзаның меселі қайтып қалды, көлбей үңірейіп жатқан тесіктен басқа түк көрген жоқ.

— Борсық қайда? — деп сұрады ренжіп.

— Сірә, ол басқа жаққа кетіп қалған болу керек,— деп жауап қатты Мортен.— Борсықтар ініне қарағанды жақтырмайды.

— Жоқ ол қазір де сонда жатыр! — Балалардың ішіндегі ересегі іннің ішіне қолын сұғып жіберіп, бір уыс шөп алып шықты.— Қырылдаған даусын естіп тұрмын.

— Байқа, саған тап беріп жүрмесін,— деп аңғартты Мортен.— Егер оны ызаландыра берсең борсықтар өте долы келеді.

Эльза шошып кетіп, тура үйге қайтамыз деп әлек салды. Және сол екі арада борсық көргісі келген басқа дачниктер келіп қалды да, Мортен оны қолына алды.

— Почташыға қарсы жүрейік,— деді ол,— мүмкін, ол бізге жақсы бірдеме әкеле жатқан шығар.— Мортен ылғый да почта бір жақсы қабар әкелер ме екен деп күтіп жүретін.

Олар почташыны дача участкелерінің арасындағы жолдан кездестірді. Мортенге кредит қоғамынан хат бар екен. Аһа, ақырында үй сатып алуды қабылдап ресми қағаз жіберген екен ғой, көп ойланды-ау өздері!

Ол хатты ашты. Кредит қоғамының қарызы мен сатылу бағасының арасындағы айырмашылық шамалы болғандықтан кредит бірлестігі үйдің жаңа иесін ең кем дегенде мың крон ақша төлесе ғана үй иесі деп білеміз деп хабарлапты.

Мортен есінен адасқандай боп жолда тұрып қалды. Де-

мек, не істесе де бәрібір, вилла оның меншігіндегі нәрсе емес, өзі екі айдай азаптанып қарызданып-қауғаланып үйді жөндеп шығып еді,— кімге бола сөйтті? — кредит мекемесі үшін бе? Осы учаскемен өзі материалдық жағынан да, моралдық жағынан да астасып кетіп еді! Енді міне сол байланыс, ақшалай да жүрек байланысы — шынымен-ақ қалғаны ма? Бір сәт есі шығып, тек кеңістікке қаперсіз қарап тұрып қалды да, сонан соң барып есін жыйып:

— Жүр, Эльза,— деді ол бірден қарлыға қалған дауыспен,— тезірек үйге жүруіміз керек. Папаң копенгагенге баруға поезға асығып келеді.

Ол дереу бір таныс ұстасының уәкіліне бармақшы болып шықты да ескі қаланың ортасындағы көшелердің біріне, нағыз юристер көшесіне тап болды. Барлық есіктерде адвокаттардың фамилиялары жазылған жарнамалар тұр, көбісінде бір есікте бірнеше фамилиялар жазылған; тап бір су ішіндегі жартастарды аралай жүзіп келе жатқан сыяқтысың: «Болле, жоғарғы соттың адвокаты»,—аһа, міне ол!

— Я, мұны кім білген? — деді жайымен ғана Болле.— Әдетте бұл өзінен өзі істеледі. Демек, олар үй иесінің ауысқанын мойындамауы да мүмкін.

— Ал онда қалай болады? — деп сұрады Мортен ентіге.

— Онда алық-берік болмайды, екі жағы да құр босқа шығынданады.

— Ал менің участкеге шығарған шығыным ше?

— Ол кредит бірлестігінің пайдасына қалады.

— Адамды өстіп те тонауға бола ма екен? Тіпті уақтылы ескертпейді де,— осы да заң ба екен? — деді Мортен ызалана саңқылдай сөйлеп.

Адвокат иығын қомдады.

— Тонау! Неге тонайды? — осы бір сөзді серпіп жібергендей, ол қолын алға қарай созды.— Оданда сонда барып, солардың өзімен сөйлес, мүмкін соның көмегі болар. Графтың өзімен сөйлесуге талпынып көр, ол өзі бір өте байымды, сүйкімді адам. Бірақ қатты сөз қолданба. Сонан соң қортындысын айтуға маған соға кет.

Қатты ауырып, өкпесі қабынып, жүрегі оң жағына қарай аздап орнынан қозғалғаннан бермен қарай, бірнеше жылдан бері Мортеннің көңіліне сәл ғана бір кірбің туса, жүрегі тулап қоя беретін еді. Ақша әмірінің арқасында оның тағдырын қолында ұстаған осына бір құдыретті адамның алдында отырғанда Мортеннің жүрегі кеудесінен шығып кетердей болып тулады.

Кредит қоғамының директоры қағаздарды әкетті де, беттеп аударыстыра бастады.

— Мен көріп отырмын, біз сізге хабарлау қағаз жіберген екенбіз ғой.— Ол Мортенге тесіле қарады.— Бізде барлығы да дұрыс, өз тәртібінде болуға тиіс, түсінесіз бе!

— Сіздерде дұрыс тәртіптің болуы үшін, мені бауыздауларыңыз керек пе? — деп қалды Мортен.

— Бауыздау дейсіз бе? Бауыздау дейсіз бе? — Директор мұрт сыяқты қою қабағын қағып қойды.— Бұл күшті айтылған сөз болды, тым күшті! Біздің ең бір жақтырмайтын нәрсеміз сол еді. Біз тіпті жақындарымызға қызмет етіп, соларға өзін-өзі салмақты ұстауды да үйретіп жүрміз деп те ойлай аламыз, ол саған да жат нәрсе емес. Алық-берік бұзылған күннің өзінде де сіз зыянға қалмайсыз.

— Мен вилланы жөндеймін деп едәуір шығынданып та қалдым; дегенмен, әрине, бұл сіздерге белгілі шығар.— Мортен соңғы сөзін салмақтап еріксіз айтты; негізі өзін-өзі әзер ұстап отырды.

— Жоқ, біз қайдан білеміз? Ой, сіз, мүмкін біз білетұрып, сіздің үйді жөндеп болуыңызды күтіп отырып, сонан соң барып ап деп бір-ақ басты ғой деп ойлайсыз ба?! Жоқ, біз ондай қу емеспіз! Бізді түсінсеңіз, онда бізді қарақшы деп білмейсіз. Қарыз участка құнының бестен екі бөлігінен артпауы керек — ол біздің негізгі ережеміз,— тек сол жағдай да ғана барлығы дұрыс болады. Сіз дачаны сегіз мың сегіз жүз кронға сатып алдыңыз — сондықтан да, оның жеті мың кронын қарыз қылып қояр жайымыз жоқ.

— Ол ақшалар, мен дачаны сатып алмас бұрын беріліп қойылған ғой,— деді Мортен сабырлылықпен пішінмен.— Және онда дача айда-жайда болып қаңырап бос тұрған болатын. Міне, енді біреу кеп оны сатып алып, жөнге келтіріп, сол үшін шыжық болып, жан-тәнін салып бағасын сіздер үшін қымбаттатады. Сөйтіп жүргенде қапелімде келіп оны алып қояды.

— Ім... Сіз мұны осылай дегіңіз келе ме? — директор Мортенге көз қыйығымен қарады.— Сіз тап бір қыз айналдырғандай қылдыңыз ғой! Бірақ егер үй сізге сондай ұнайтын болса, қартайған жеңгейлер мен кітабыңызды сүйіп оқушылардан қалайша бір мың немесе екі мың крон таба алмайсыз? Сіз сыяқты талантты жазушылардың әдетте сүйіп оқыйтын оқушылары болады.

— Амал нешік, менде ондай оқушылар жоқ. Ондай оқушылар менің көшеме жолай қоймайды. Мысалға, сіз өмірін-

ше жоларсыз ба? — Мортен графқа қызбалық кейіп көрсетті.

Директор атып тұрды.

— Жоқ, құдай сақтасын, сіздерге өкіл әке боп бара алмаспын! — деді ол қарқылдай күліп.— Қане, бірақ күте тұралық енді.— Оның қол қысысынан Мортен ең басты қауыптың айыққанын түсінді.

Қуанышты жүрекпен шаруасының қортындысын естіруге ол адвокатқа қарай тартты.

— Міне енді жақсы болған екен,— деді Болле,— құттықтаймын сізді! Бірақ енді ренішті нәрсе бар: сіз мың сегіз жүз кронды төлеу мерзімі жұлдыздың бірі күні бітетінін ұмытқан жоқсыз ба? Мен сізді қапелімде барып қыйнамасын деп алдын ала есіңізге салып жатқаным ғой. Сіз сыяқты мамандықтағы адамдардың көпшілігі бейқам болады.

Мортен оған есі шыға абыржый қарады.

— Сіз... сіз сөйлескен уақытта, ақшаға саспай-ақ қоя тұр дегеніңіз қайда еді,— деп міңгірледі ол.

Юрист иығын бір бүлк еткізді де:

— Менің клиентім ақшаға зәру болып жүр, тиісті документтер бойынша ақшаны жұлдыздың бірі күні алуға қақысы бар. Енді екінші біреуден қарыз алуыңызға болады, кредит қоғамындағы ісіңіз жайғалған соң оның қыйындығы болмайды.— Ол өзінің қағаздарымен айналысып кетті.

Мортен шыжыған ыстықтан тымырсықтанып тұрған көшемен соқыр адамша келе жатты; көңілі әптер-тәптер. Демек, ол енді баяғы қалпында қалды, қарғыс атқан ақша істері-ай! Юристің айтқаны дұрыс: ақша қапелімде келіп қыйнайтын болды. Сайтан алғыр, неғып бүйтіп сенгіш болған? «Тек әйтеуір дұшпан көзі болсын,— деп еді, осы отырған юристің өзі қағазға мың сегіз жүз крон І-ші августа төленсін деп жазып жатып, міне енді соны төлеу керек болып отыр. Әдеттегісіндей, бұл жолы да жаман қатты! Жұртқа сенбеуді қашан ғана үйренер екен?

Алғашқы сәтте ол ойын Андресенге жолығайын деп түйді. Оның мейрімділігінде дау жоқ, оған барып асылуға, болады. Бірақ өзінің өсіп келе жатқан мекемесі үшін ақша табамын деп оның да арпалысып бағуына тура келді ғой. Екінші закладты қайдан табады енді?

Баспаға бара ма? Мүмкін, бұл ақшаны аванс есебінде алу үшін сонда барып көргені жөн болар? Сенімсіз іс! Мұнсыз-ақ оған берер қарызы жетіп жатыр және директор да

өзін өте жек көреді. Мортеннің де сол бір әсем де аяр директормен сөйлескісі келмейтін еді.

Қазір түскі демалыстың кезі, баспадан ешкімді таба алмайсың. Осы бір істі тезірек бітіріп үйге — таза ауаға, жұмысқа қайтар ма еді! Соғыс кезінде астананың бұрынғы сәні қалмапты, қайда барсаңда жұрт қайтадан сығылысып, барлығы да әлдеқайда асыққандай, жабырқау, үсті-бастарын шаң басқан, терлеп-тепшіп жүрген жандар.

Демалысты пайдаланып Петра Дрейердікін көру үшін Ванлезге барып қайтып, жолшыбай Пелленің ұлы құрылыстарының екінші жағымен — барактармен танысып келуіне де болатын еді. Бірақ ол өзін-өзі біртүрлі шаршап-шалдыққан адамдай сезінді де барып жолыққысы да келе қоймады. Өйтіп-бүйтіп уақыт өткізу үшін Домалақ күмбездің артындағы асханаға барды да терезе алдындағы столға отырды. Асхана іші аса таза емес, жұртты да жөндеп қабылдамайды, бірақ оның есесіне арзанға тамақтандырады. Және мұнда оның шүйіркелесе әңгімелесетін адамдары келеді.

Ол табақшыны шақырды да нанның ұнтағы мен печеньеінің қалдықтары жатқан столды сүртіп алуды өтінді. Табақшы столдың бетін орамалмен қаға салып еді, нанның қоқымының көпшілігі Мортеннің тізесінің үстіне түсті, сонан соң табақшы заказ да алмастан кетіп қалды. Осының бәрі Мортенді ызаландыра түсті.

Көшенің екінші жағындағы жайма дүкендердің жанынан бір топ тас қазушылар көрінді: бұлар өңшең сайдың тасындай, күшті жігіттер еді; әлуетті сом иықтары комбинезонның сыртынан бұлтыйып көрінеді, дөп-дөңгелек ақ шапкаларын шекелеріне оқшырайта киіпті. Олардың тақта тастардың үстімен алшаңдай басқандарына қарағанда өздері көңілді сыяқты. Олардың көңілді кейіптері басқаларға да жақсы әсер еткен жоқ. Жұмысшылардың барлығы жабығып жүргенде, тек тас қазушылар ғана сергек сезінеді, Мортен солармен әңгімелесетін болдым ғой деп қуанып қалды. Бірақ олар асхананың жанынан өтіп кетті.

Олардан сәл кейінірек Свен-Утеха келеді, оның да үстінде комбинезоны бар. Ол бері қарай бұрылып, асханаға кірді.

— Амап ба, Мортен аға! — деді ол көңілдене, көтеріңкі сөйлеп. — Жаныңа отыруға бола ма?

— Әрине! — Мортен оған қуана қарады. — Аналармен бірге неге кетпедің?

— Ой, олар өңшең шебердің көмекшілері ғой, ал мен

болсам әлі оқушымын. Олар «Үш бұғыдан» тамақтанамыз деп кетті,— бұл жерден тамақ ішуші ме еді олар! Ал біз сыяқты оқушыларға олармен бірге онда баруға болмайды.

Мортен басын шайқады. Әлі де болса дәрежеге бұрынғыдай қандай маңыз беріледі десеңізші!

— Негізі өздері әйгілі, тыңғылықты жігіттер. Тек кабакта отырып, қарапайым жұмысшылармен бірге сыра ішеді деп ойлама. Рас, олары ақмақтық, ә? Біздің мұны өзгертуіміз керек болады.

— Сені мен біздің өзгертетін нәрсеміз көп қой,— деді Мортен, алдындағы балғын жасқа бағдарлай қарап.

Оның жүрегінен тағы да өкініш сезімі оянды: неғып бұл өзінің ұлы болмады екен! Свен-Утеха сүмбідей бойшаң жігіт болыпты, екі беті қып-қызыл, жоғарғы ернінің үстінен қылтанақтап мұрт шығып келеді — жас Пеллені көрдің бе деп тұрғандай. Өзінің қарны өте ашып келген екен, әңгімелесе отырып, көжесі мен қуырдағын апыл-құпыл асап ашқарақтана ішті. Мортен өзіне бір сыбаға бұйрек алдырды.

— Үйің қалай,— деп сұрады ол.

— Рақмет, жаман емес! Негізі, мен үйде тұрмаймын, оқушылар жатақханасында тұрамын, тамақты да содан ішемін. Бұл жерден тамақтанып отырғаным, жұмыс істейтін жерімнен онда бару тым қашық.

Мұнан арғы әңгімеден Мортен, бұл жігіттің үйішімен аса тәуір емес екенін түсінді. Бұл жағдай Свен оппозицияға кіргеннен басталды. Мұның бұл қылығын әкесінің ешбір кешіретін жайы жоқ еді; ол мұны — бұрышта тұрып өз туған-туыстарына тап беру деп атады.

— Мен шалға айттым: біз сыяқты жастарға, бұрышта тұрып тап беретін, менімше, өзіңізсіз дедім. Ол оған шыдай алмады. Сонан соң «Таңда» тұрғанда терезесін қыйратқаннан кейін үйден ұрыс шықты, ол бұл іске мені сөзсіз араласты деп есептеді. Әрине, менің бұл жөнінде ешқандай жазығым жоқ еді. Бірақ егер қолымнан келген күннің өзінде де, неге кедергі жасайын? Бұл оқыйғаға оның өзі кіналі.

— Сендерге не істеді ол?

— Жастар одағының ақшадай жәрдем беретін партиясын жойып жіберген себебі: жастар оппозиционерлерге қызығып, солармен бірге ашық айтыстар жасаған, сонан соң белгілі ғой, жігіттер ызаланып кетті. Мұндай көзқарас білдіруде біздің тарапымыздан да ақмақтық болды дейік; бі-

рақ ескі тәртіптің адамдарына осындай жолдарды қолданған жөн болады.

— Ерекше еркін ойлылық көрсете алмаған екенсіңдер. Бірақ біз мұнан да жаман жауыздықтарға дайын болуымыз керек.

— Әкей, турадан-тура еркін ойлылық деген ол — мылжың сөз дейді; ол ұйым бұзбай бірге болу керек деп есептейді. Егер түкке тұрмайтын жоқтан өзге бірдемелерді жақтап солармен бірге болайын десең, ешқандай еркін ой жоқ, олай болса, менің терістігімді кім айтады? Және біздің ұйым дәулетті, бай тұрады, біз сыяқты тас қазушылар сұрын аламыз. Шал мен кемпірдің қандай тамаша тұратынын сен білмейсің ғой. Бөлме-бөлмелердің аралығында үлкен-үлкен жылжымалы есіктер, ұзын-ұзын өңшең кілем дорожкалар¹, аспалы хрусталь канделдер! Олар тек министрлерді ғана қабылдайды, үкімет кей-кейде әкейдің үйінде мәжіліс жасайды. Бұл салтанатқа Ляссе-фредерик қолайлырақ, ол академияда оқыйды, біз сыяқты үйге кір-кір жұмыс киімімен келмейді. Және ол өзі әкей тәрізді барып тұрған нағыз «демократ»! — Свен-Утеха қамыға күлімсіреді.

— Кім дейсің? — Мортен күлейін деп еді, бірақ Свен-Утеханың жабырқау жүзін байқап қоя қойды. Сірә, әкесімен екі арасының шәлкем-шалыстығы өзін қатты тебіrentіп жіберген болса керек.

— Социсалат — демокрабат, — мұндай сөзді білмейтін бе едің? Өзің артта қалыпсың ғой, Мортен аға! Жатақханаға мен үшін шалдың ақша төлегені жаныма жаман батады. Бірақ көп кешікпей мен де оқуымды бітіремін, сонан соң мен үшін шығынданбас. Соғыс бітісімен шетелге таямын да тұрамын; Дания тас қазушыларын Германия құлшына қабылдайды. Сен қалай ойлайсың, соғыс тез аяқтала ма?

— Оның көпке созылуы кәдік; жаулар бір-бірімен табан тіресіп қалғанға ұқсайды ғой.

— Я, иттей тістесіп қалыпты, рас емес пе? Әлгі біздің кішкентай кезімізде бір-бірімен құйрықтарының ұштары ғана қалғанша жұлқыласқан екі ит туралы айтқан әңгімең есіңде ме? Тіпті суық сумен де ажырата алмадық деп едің ғой. Ол басын салбыратып жіберіп, біраз үнсіз отырды, сонан соң, кенет басын жұлып алып, бой түзеді де, Мортенге тесіле қарады: — Мортен аға, менің бір сұрағыма адал жауабыңды қайтаршы: Эллен менің туған шешем бе, жоқ па?

¹ Д о р о ж к а — еденге төсейтін ұзын, жіңішке кілемдер.

Бұл сұрақ Мортенге күтпеген жерден сап ете түсті; ол терезеге бір сәт қобалжый қарап отырып қалды. Өтірік айтар немесе білмеймін деп алдар жайы жоқ, жауап беруі керек. Свен-Утеханың түнеріңкі жүзі ол үшін бұл сұрақтың ең бір келелі мәселе екенін айқын танытқандай еді: ол семья арасында өзінің өгей саналатындығының себебін білгісі келеді, балаға осының барлығын, сайтан алғыр, Пелленің өзі неге айтпады екен?

— Сен менен тым көп нәрсені талап етіп отырсың, — деді Мортен Свеннің қолынан ұстап. — Мұнда тіпті ыңғайсыз, бірдеме етіп жексенбі күні маған кел, мен сенің жарық дүниеге қалай келгеніңді айтып берейін. Бұл өзі бір өте қызық оқыйға, қайғылы да, қызық та; ол саған ұнар деп ойлаймын.

— Демек, дегенмен әйтеуір, бір кәкір бар екен ғой! — Свен-Утеха әңгімесінің аяғын соза түскісі келіп еді, бірақ даладан тас қазушылар көрінді де ол кетуге асықты. — Рұқсат па маған... Рұқсат па маған, өзіммен бірге қызымды ала барсам қайтеді? — деп сұрады ол, қоштасуға қол созып жатып.

— Ол қалай? Өзіңнің қалыңдығың бар ма еді? Мүмкін, көп кешікпей үйленетін шығарсың?

— Қалыңдық! Есіңнен адасқансың ба, Мортен аға-ау! Мен әшейін жәй жүріп жүрмін. Ол өзі өте даңқты қыз. Аты Агнес, аударғанда сірә, «тоқты» деген сөз болу керек?

— Я, жарайды, тоқтыңды да ала кел!

Мортен оның артынан қарап тұрып, өткен күндерді: жеңіліп шыққан Пелле мен түрмеге жабамыз дегенде сол Пелле үшін барын салып, өз өмірін құрбан еткен «Ковчектік» Мария сорлыны еске түсірді. Жеткізердей болып көрініп, бірақ өмір бойына жеткізбей қоятын осына бір алдамшы болашақ үшін үнемі өз өмірін өзі құрбан етеді — кедей сорлылардың көрген күні сол емес пе? Кедей сорлы қайта-қайта тамырынан қыйылып тастала беретін ағаш емес пе! Бірақ қыйған сайын сол тамырда қайта өсіп, сол баяғы бір алдамшы сезіммен қайта алпарысады. Өзінің Пер-Голяк болашағына деген берік сенімін алып жүру үшін міне Свен-Утеха да әкесінің ат-тонын ала қашқан жағына қарай шығып, үйінен де, өзімен байланысты нәрселердің барлығынан да безініп кеткен.

Оның барлық мінезі Мортеннің есіне Пелленің жас шағын түсірді.

Мортен қайта көңілденіп, серігіп баспаға қарай аяңдады. Орташа да болса, жазушы бола тұрып, ірі баспаның директоры болуға келсімін берді деп өзінің қаламдас жолдастарының көпшілігі таң-тамаша қалып жүрген осына бір аяр да топас директордың алдында отырып сөйлесудің өзі де аса қолайлы емес еді. Олар оны өздерінің достарындай көретін де, сондықтан ол тым ерке болып кеткен, оларды қалай болса солай айтқанына көндіре беруге әбден үйренген; дос-жар адамдай иықтарынан жылушырай келіп қақса болғаны, қолтығына бір-екі жаңа кітап қысқанына дәсердей болып, тоналып шыға келеді. Натан директордың баспанасы алдамшы зат есебінде пайдаланып отырғанын дәлелдейін десе, олар Мортенді бұл сенің пролетарлық сенімсіздігің деп кіналайтын. Бірақ енді ол, не болса, ол болсын, бұқаны мүйізінен ұстауға да бар еді!

Мортенді барысымен қабылдап, директор кабинетінің табалдырғынан қарсы алып, оның иығына күшті қолын салған бойы креслоға әкеп отырғызды... Ха-ха-ха, қолын иығына салды! Мортен мұндай әдісті көптеген редакциялар мен басқа мекемелерден білетін еді: бұл да бейнебір Иуданың сүйгеніндей! Демек, мықты болу керек; дегенмен, бұл мырзаның өзі аса тапқыр да адам емес.

— Сіздің әлгі тамаша зайыбыңыз бен одан да гөрі,— егер солай деп айтуға мүмкін болса — тамаша апайы қалай тұрады? — деді міңгірлеп директор Натан басын көтеріп, Мортенге шаршай қарап. Ол өзінің кітаптарында аса бір сұмдық азғын өмір мен өмір азабынан өлердей боп шаршаған жандарды көрсетуді жақсы көретін еді, жұртпен қарымқатынас жасағанда өзі де сол өте шаршап-шалдыққан адамның кейпіне еліктеп отыратын.

— Рақмет сізге, жақсы!

Мортен бірден іске кірісіп кетті де, өзінің екінші заклад табу жөнінде қысылып келгенін айтты.

— Сіздің үйіңіз бар ма еді өзі? Я, жазушылардың үй алуына болады!

— Алмағанда ше! Ескі ертегілердегі скальд¹ сыяқты біздің жүрегімізді май басып кеткен,— деп қағыта жауап қатты Мортен.— Біздің төреміз бен әміршіміз бізді тым тойдыра тамақтандырады.

Директор күлімсереді де, әбден шаршаған үнмен:

— Мен сізді басқа жұмыспен келген шығар деп ойлап

¹ С к а л ь д — ертедегі Скандинавияның әнші-ақыны.

едім былайша айтқанда, әлгі өзіміздің жұмысымызбен келген болар деп едім. Біздің қатымызды алдыңыз ба? Әлі алған жоқсыз ба? Ендеше біздің,— ол бейінебір айтар сөзі өзін қатты азаптайтын жандай, Мортенге қыйнала қарады,— ендеше біздің бір іс жөнінде шүйіркелесе әңгімелесуіміз керек. Сіз ой еңбегінің адамысыз — демек, идеалистсіз; тағдырдың осы баспаның басына отырғызып қойғаны болмаса, мен де дүкенші емеспін. Бірақ, солай бола тұрса да, біз сыяқты ой еңбегінің адамдары үшін сіз де, мен де соқпай өте алмайтын, ақша мәселесімен аталатын өмірде бірдеме бар.

«Сіз де, мен де» — Мортен оған күлімсірей қарады, онысының аяқ жағы күлкіге айналып кетті. Директор жылына жыйырма шақты мың крон жалақы алып, ешуақытта қарызға батпаймын, екі есе артық тұрамын деп мақтанатын еді, «Сіз де, мен де» деген қыр соңынан қалмайтын мазасыз ат атандыруды Мортен жақтырмады да, шыдамсыздана құнысып қойды. Натан директор мұны байқап қалды да, бет пердесін ашып салды.

— Рас, біз нағыз жау адамдар болатын болсақ, амал бар ма, жауларша сөйлесеміз де,— деді өкпелеген кейіппен ол.

— Менің жау болғым келмейді,— деп ащы жауап қатты Мортен.— Бірақ сіз қандай болсаңыз, менің де сондай іскер болғым келер еді.

— Мақтағаныңызға рақмет, бірақ амал қанша... я, мені өте бір іскер адам деп санайтын жазушылар бар, барлық жазушылар емес-ау, кейбір жекелеген жазушылар бар... мүмкін соның өзі небәрі біреу-ақ та болар! — Ол Мортенге қырындай қарап, аузындағы папиросын тістене түсіп, қылымсый міңгірледі.— Бірақ көпшілігі менің оларға дос екенімді сөзсіз мойындайды. Ал енді сізге келейік: кәне сіздің есебіңізді көрейік.— Ол жасанды ұқыпсыздықпен кнопқаны басты; сол-ақ екен үлкен книгасын алып конторшы келіп кірді.

Осының барлығы да анық алдын ала дайындалып қойған, бірақ Натан директор, тап бір бұл книгамен ешқандай таныстығы жоқ адамдай беттерін аша бастады.

— Көрейік,— деді ол мұрнынан міңгірлеп.— Аһа, мұнда жүр екенсіз ғой сіз! Міне, қараңыз: сізде он шақты мың крон аванс бар; бұл едәуір ақша емес пе, солай ғой? Кепіл ретінде біз сіздің ғұмыры өлмейтін шығармаларыңызды

есептеп отырмыз, оларыңыздың барлығы да, көбісі сатылмаған қалпында, бірінші басылып шыққан күйінде жатыр.— Ол Мортенге момақансып күлімсірей қаарады, сығырайған көз кейпі құбыла өзгеріп тұрды.

— Ал кейбір жекелеген кітаптардың өтімі қандай? — деп сұрады Мортен.

— Жекелеген кітаптар дейсіз бе? — Натан директор оған түсінбеген адамша қаарады.— Мынадан қалдығының қанша екенін көруіңізге болады. Егер сол қалдықты басылып шыққан тиражынан алып тастасаңыз, қанша данасының сатылғанын білесіз.

— Бірақ мен тираждарының мөлшерлерін білмеймін ғой.

— Ой, құдай-ай, мұныыз қалай! Өзіңіздің талабыңыз бойынша тираж әрбір кітапта көрсетілген.

— Ол номинал тираж ғой.

— Я, брактарды ауыстыру үшін басылатын тегін даналардың есебінен газеттерге арнап біз аздап артығырақ басамыз. Біз сіздің кітаптарыңыздың миллиондаған тиражын жасырып басып жатыр екен деп ойлайсыз ба? Құдай сақтасын! — Директор тамағында бірдеме сырылдап тұрғандай болып күлді: оның осы сырылдауының өзі жасанды сырыл емес пе екен, жоқ әлде, шынымен-ақ тыныс жолдарында зақым бар ма екен деп ойлады.— Жок, сізді бай қылу бізге оңайылыққа түсе қоймас еді, және біз оған аса тырыспадық та. Бірақ... е-е... сіз өзіңіздің... — пролетарлық! — деп айтып қала жаздады,— сенімсіздігіңізді қойып көруіңіз керек еді.

— Мен өте сенгішпін; кей кездерде тіпті тым сенгішпін.— деп тіке жауап қатты Мортен, өз жағдайын оның тек нашарлата түсетіндігін мойындап.

— Біздің баспа жөнінде де солай ма? — деп директор әзілдей күлімсіреді де, лакты ботинкасымен қылымсып бұрачаңдады.

— Осы қарызымды өтеу үшін маған не істе дейсіз,— Мортен бөгде сөздің барлығын да тастады.

Директор орындықтың арқалығына шалқая отырды да, үйдің төбесіне түтінін будақтата жіберді. Ол бейнебір ауыр ойға шомып отырған адамдай болып көрінеді, бірақ оның шешімінің дайын екендігіне, барлығының да алдын ала ойланшып қойылғандығына Мортен ант ете алар еді. Директор суреттеп шебер салынғандай ауыр қабағын түсіріп жіберіп, креслода жантая жатыр; Мортен үшін сұмдық қамы-

ғып жатқан сыяқты; брильянтиннен¹ шашы жылт-жылт етеді, теп-тегіс қана ғып бояп қойған екі беті, семіз кәрі қыздардың беті сыяқты. Ылғыйда осына бір еркек жынысты жезөкшенің қарсысында отырғанда пайда болатын сойқанды ой Мортенді тағы да меңдей бастады: осы бір қызыл шырайлы бет, шарт еткен шапалаққа қалай қарар екен? Ой жорамалымен ол директордың бетінен өз саусақтарының табын көріп, алақанынан ылжыраған сүйкімсіз нәрсені түйсінді.

Натан директордың көз қарасы жайлап қана төмен түсті де, кайғылы кейіппен Мортенге қадалып қалды.

— Сіздің жазушы екендігіңіз тіпті ойыма кірмейді,— деп мінгірледі ол.

— Менің жетілген есуас еместігімнен бе?

— Түү! Өз әріптестерің жөнінде мұныңыз неткен көргенсіз сөз еді! Жоқ сіз менімше қыялыңыздың жоқтығынан сорлап жүрсіз ғой деймін, бірақ, әйтпесе біз көптеген басқа жазушыларға қойған принципімізді сізге де қояр едік. Атап айтқанда: осы уақытқа шейін шыққан кітаптарыңыздың барлығының да иелігін өзімізге алар едік те, сөйтіп сіздің алған авансыңызды жабар едік. Сіздің көңілдесіңіз және пікірлес сырласыңыз Скольдкьер жуырда бізбен осынлай жағдайға келсімін берді де, өзі соған өте риза болды. Сіз, сірә, одан да гөрі тәуірірек бірдемені айтқыңыз келе ме? Сіздің түріңіздің өзі сондай күдікті түр! Скольдкьер өзінің қарызынан құтылып, бес жүз крон таза ақшадай санап алды. Ал енді біз соның кітаптарын ұстап отырмыз — он шақты түрлі кітабы бар — қалай сатып бітіреріміз де белгісіз.

Мортен шынында да есінен адасқандай болып қалып еді. Мұндай келсім тек жазушылар ғана емес, басқа адамдардың арасында да сөз болып жүрген, жалпы жұрттың пікірі бойынша, Скольдкьер бұдан жұрдай боп тоналып шықты деп есептелетін. Кітаптарының түгелге дерлігі сатылып болып, баспа енді оның шығармалар жыйнағын дайындап жатқанын жұрттың бәрі де білетін; келесі басылуларынан түсетін түсімді есептемегеннің өзінде жалғыз осы жыйнағының қаламақысы қарызынан әлдеқайда асып кететін еді.

— Ал менің ұсынысыма не айтасыз? — Директор лакты ботинкасымен шыдамсыздана бұралаңдады.

¹ Брильянтин — шашты жылтырататын хош иістімай.

— Тіпті аз да болса, сол өз үмітімнен қол үзгім келмейді.

— Тіпті біз сізге қолма-қол екі мың крон беріп жіберсек те көнбейсіз бе?

— Онда да көнбеймін.

— Ал қарызыңыз қалай болады, қымбатты жазушымау? — Натан директор өзінің меселі қайтып, мысы құрып отырғанын көрсетпей, Мортенге қамыға қарады.— Қарызыңыз өзінен-өзі өсіп барады. Процентер... олар сізді жеп қояды, достығым! Жұрт арасында ду көтеретін жалғыз біз бе екенбіз, бірақ ол біздің кішкентай елімізде аса жиі кездесе бермейді!..

— Сіз маған бұл мәселеге кейін оралуға рұқсат етіңіз? — Мортен орнынан тұрды. Іскерсіну, көлгірсу, сымбатты балтырымен, хош иісті темекі түтінімен қылымсу опа мен қызыл шырай, міне осы сыяқты толып жатқан тоғысулар Мортенді есінен тандырды. Оның ауаға шығып мый жаңартқысы келді.

Ол басқышта көптеген сықак шығармалар жазғач Йенс Йохансен деген таланты жазушыны кездестірді: өзі оны жақсы көретін еді, амандасу үшін тоқтай қалды. Бірақ ол басқа бір жаққа қарады, оның қайғылы қытай кемпірінің жүзін еске түсіретін маңғол тәрізлі бет әлпеті ашықтанашық елемегендікті, керек қылмағандықты көрсетіп тұр. Ол жұмысшыларды және сол жұмысшылар дүниесіне жақын нәрселердің барлығын жек көретін, өзінің барлық әріптестерін көре алмай, қызғанып жүретін.

Мортен бір шашке кофе ішіп, есін жыйнау үшін Кэбмагергадтегі кафеге кірді. Жүрегінің түкпірінде, баспаға барып келсімін бергісі келеді: өйтсе барлық қыйыншылықтардан бір-ақ құтылар еді-ау. Автоолық правоңды бізге бер деп жабысқанына қарағанда, баспадағы жұмысым аса жамаң болмасқа керек деген әсер тұды оған. Мүмкін, мұның да кітаптары түгелге дерзік сатылып кеткен шығар?

Әдетте тек сокектер ғана келіп жүретін бұл кафе өте тыянадай еді, қыбыр етсең болғаны диваннан көтерілетін түтін мен ескірген іске толы ауа жүйкеге ерекше жайлы әсер етті.

Буфеттегі бала бір топ сигар мен папирос алып жанына келген кезде, Мортен өзінің жаңағы реңіштерін ұмытып, газет оқып, елжірей сүйсініп отыр еді, Мортен сигар таңдап алғанша бала жасырын ғана сыбырлап:

— Жазушы мырзаның «Аркади» жаңа кеме қоғамының бірнеше акциясын¹ алғысы келмес пе екен? — деп тұрды.

Мортен басын таңдана жоғары көтерді; баланың жолы боларма екен деп ынтығып, буфеттің қасында бірнеше табакшылар қадағалай бақылап тұр.

— Немене, сендер мұнда биржа ісімен де айналысасыңдар ма? — деп сұрады ол.

— Мұндай іс барлық жерде де жасалады, — деп жауап қатты бала. — Мұнымен өте көп табыс табуға болады. Сізді екі акцияға жазуға рұқсат етіңізші? Мүшелік жарнасы тіпті аз.

— Жөнел! — Мортен газетке үңілді. Бірақ қарт оберкельнер² келіп, орамалын сілтеп қуып жібергенше, бала жанынан кетпей қойды.

Мортенге қарттың өзі қызмет ете бастады, тағы да кофе әкелді, ол үшін сіреңке тұтатты. Өзінің бірдемеге абыржып жүргені анық байқалады. Бірақ сол-ақ екен оны шақырып әкетті. Үлкен залдың есігі ашылып, орта жастардағы бір денелі еркек келіп кірді. Басында желкесіне таман сырғыта киген үлкен шляпасы, қолында басын күмістен әшекейлеп жасаған жуан таяғы бар, өзі не жазушыға, не бетімен қаңғып жүрген мастерге ұқсамайды. Бөлмені шолақарап тұрып Мортенді көрген кезде, оның дөп-дөңгелек пасторлық беті күлімсіреп қоя берді. Аяғын былқ-сылқ басып залды аралап өтті.

— Сен осында ма едің, Скольдкьер-ау? Мен сені Лимфьорда ғой деп ойласам! — деді қуана сампылдай сөйлеп Мортен. — Белгілі мөлшерде өзімен бір позицияда жүрген мамандас жолдасымен әңгімелескісі келді.

— Сөзің аузыңда! Баспа менің шығармалар жыйнағымды шығарайын деп жатыр екен; олай болса, менің шығармаларым сатылып біткен ғой, түсінесің бе! Демек, мені мына жүліктер әбден тотыйтқан болып шықты! Мен енді соларға барып қандай да ғана болмасын бір қаламақы түсіріп көрем бе деп тұрмын, хе-хе-хе!

— Мен жаңа ғана содан шықтым, — олар мені де сөйтпекші болды.

— Олар атақты норвегиялықтар мен өзіміздің ескі шеберлерімізді де сөйтті ғой. Олар келісіп жатқан соң, мен

¹ А к ц и я — жарналы қоғамның бағалы қағазы.

² К е л ь н е р — ресторан қызметкері.

де келістім! Бірақ олар біздің бәрімізді де талғамай тонайды, хе-хе-хе!

— Менімен бірге отырып кофе іш.

— Құр кофені көргім келмейді, бірақ кофені пуншпен жақсы ішем. Ішім үшін сөйтем, түсінесің бе! — Скольдкьер көзін қулана қысып қойып, ернін сүртті.

Мортен кофе мен арақ әкел деді.

— Тимеңіз, тимеңіз, тұрсын осында! — деді Скольдкьер табақшы арағын стаканға құйып, бөтелкесін алайын деп жатқанда.— Бұл сыяқты сүйкімді бөтелкеге қарап отырудың өзі өте тамаша! — Ол стакандағыны қағып салды.— Ах, өле құмартып отырғанда, ындыныңды басу үшін қандай тамаша,— ол ернін шөп еткізді.— Құлағың салшы анау жарымес кетіп қалмай тұрып, мен баспаға жүгіріп барып келейін. Сен мені сәл күте тұрасың ба?

Қарт обер-кельнер кешкі газеттерді әкеліп, столдың үстін жыйнастыра бастады. Мортен гезет оқуға кірісті.

— Кешіріңіз, жаңағы Оборг деген жазушы ма? — деп сұрады ол ақырын ғана.

— Жоқ, Скольдкьер. Неғып сіздің оларды бірімен бірін шатастырып тұрғаныңызды түсінбеймін, және өзіңіз еліміздегі барлық жазушыны білемін деп мақтанасыз,— деп жауап қатты Мортен әдейі мән айтқан үнмен.

Қарт кельнер айыпты адамдай, көзін жыпықтатып қалды.

— Бұл Скольдкьер ішуді жақсы көреді; тек таза арақтың өзін ішеді деседі. Шарапты да, сыраны да керек қылмайтын көрінеді. Мүмкін, сондықтан да ол өзін-өзі осындай жақсы сақтаған шығар.

— Үйінде ол, әрине, тек сүт қана ішеді,— деді Мортен.— Ал арақ жағына келетін болсақ: — ол тек жұртты таңдандырып, оларға сөз тауып беру үшін ғана ішеді.

— О, көңілді жан екен; қашанда болсын өзі көңілді жүреді деседі. Бір аптада жеті жұма бардай-ақ болып жүретіндер тәрізді емес көрінеді. Бірақ, түсінікті: сүт пен арақ — егер солай деп айтуға болатын болса, екеуі де табиғаттың күші емес пе. Сондықтан жұрттың көпшілігі сүттен жасалған тосап есебінде екеуін қосып ішеді. Тек кассасында түк қалмай бара жатқаны болмаса, қартайған шағында, сүттен жасалған тосап беріп тұратын погреб ашса да жаман болмас еді ғой.

Скольдкьер рақаттана жайраңдап тез-ақ қайтып келді.

— Қоймай отырып жүз кронын алып кеттім, бірақ шартты қайта қарау жөнінде тіпті, тыңдағысы да келмеді. Сөзің

аузыңда болсын!.. Бірақ оған жұртты өстіп тонатып қою дегеннің өзі тым ақмақтық!

— Мұндай сұрқыя шартқа қандай сайтан үшін қол қойдың екен?

— Байқайсың ба, ол бес жүз кронамен қызықтырды, мен шыдай алмадым, хе-хе-хе! — Скольдкьер күлкіден селкілдеп кетті.— Бірақ сен — сөзің аузыңда болсын! — осы мәселені баспасөз бетінде көтеріп, былайша айтқанда, бір көпшілік пікірін тудырмаймысың? Біз сыяқты сорлы жазушыларды тонаттырып қойғаны сұмдық қой. Солай етсе, мүмкін, ол қояр да еді; мұндай іс сенің қолыңнан келеді, олар сенен қорқады, хе-хе-хе!

— Ал мұнымен өзің неге айналыспайсың? Өкпелеп жүрген сенсің ғой, жазу да қолыңнан келеді.

Скольдкьер екі қолымен бірдей таянып, стол үстіне еңкейіп тұр еді, Мортенге көз қыйығымен қарады. Бұл сәтте ол жайбарақат маскүнемнен көрі айлакер шаруаға көбірек ұқсайтын еді.

— Жоқ, байқайсың ба, мен онсыз да риза болуым керек; мен өзім көнгіш ынтымақшыл адаммын! Және «мен анархистпін ғой, менің ақшаға қызығуыма болмайды. Мынау құрметті қаламақы тәрізді болып тұрған жүз кронды мойындаудың өзі маған біртүрлі қолайсыздау сыяқты болып тұр. Ал сен болсаң, барлық өкпелілер үшін ара түсуге әдеттенген адамсың, сондықтан да мен...

— Рақмет! Мен өзімді қорғай алмай жүрмін. Маған өз ісімнің қамы да жеткілікті!

— Я, сезіп отырмын! — Скольдкьер мейірлене күлді.— Жақсы ниетің үшін рақмет! Өз басыңның жұмысы болмаса, сен кірісер едің, менің оған көзім жетеді.

Скольдкьер ешнәрсеге өкпесі жоқ адам сыяқты; сірә, ол енді өзінің шығармалар жыйнағын шығарайын деп жатқанын да ұмытып кеткен болу керек. Ол жан-жағына қуыстана қарады, жүз крон қалтасын құйдіріп барады. Ол кенет шляпасы мен таяғын ұстай алды да, Мортеннің қолын шын көңілімен қатты қысып жалма-жан тайып отырды. Бейне-бір ауаны терең сіміріп тұрғандай-ақ, терезе түбіне біраз кідірді.

Мортен оның соңынан ұзақ қарады: өмірді міне осындай қарсы алған жақсы-ау — өзіңді анархистпін деп жариялап, бөкпенді басқа біреулерге жегізесің. Басындағы жүгенін жұлып тастап, жүз кронға қағаз орап, бір кешке әйелі мен балаларын естен шығара тұруға неге ол да өзіне ерік бере

алмайды? Моральдық ой-пікірлерден сөйте алмай ма; оның балалық шағы, есейген кезі, өзі шыққан орта мен кедейлік, міне осының барлығы оған басқаша етуге мұрша бермеді. Сөйтіп қазір оған тамырларында қан орнына біртүрлі ащы сұйық зат бар сыяқты болып көрінді.

Бірақ қазір жүген сыпырып тастайтын немесе жүрек пен бүйрек тексеретін уақыт емес — қазіргі қажетті нәрсе, екінші заклад тауып, он мыңға дейін барып қалған баспаға берешегі жөніндегі мәселені бітіру! Бұл сыйфр алғашқы сәтте есінен тандырып жіберді, бірақ сонан соң ол айтылып жүрген атышулы проценттерді есіне түсірді — жылдықтың бес проценті. Бір жылдан соң олар, сірә, барлық басылып шыққан кітаптарының қаламақысын түгелге дерлік жеп қояды екен. Андресенмен ақылдасу керек.

Андресен Нэрребро ауданынан үлкен көрме зал сатып алған, фабрикасы мен мастерскойы бір жақ қабырғасына жалғаса салынған құрылысқа орналастырылған еді. Ісі қарыштап тұр, залдың іші аспаптарға лық толы.

«Мұндағы аспаптардың көпшілігі неміс аспаптары,— деді Андресен әдеттегі сыпайылығымен Мортенге нәрселерін көрсетіп.— Бірақ өзімнің шығарғандарым да бар. Өзімнің жасағандарым әрине, сондай тамаша емес, бірақ жуырда жақсарады әлі. Сонда сенің ескі шарманканды¹ алып, оның орнына өзім шығарған жаңасын қоямыз. Сен менің алғашқы алушым болдың ғой, сенің жеңіл қолыңмен жоғары өрледім. Ең алғашқы нағыз жақсы деген аспап саған барады.— Ол өзінің қажырлы қолын Мортеннің иығына салды.

Өз жұмыстарын тастап, басқа біреудің қайғы-қасіреттерін қадағалай тыңдайтын адаммен әңгімелесудің өзі жанға өте жайлы тиді! Олар көрме залдың ар жағындағы Андресеннің директор кабинетіне айналдырған бір кішкентай бөлмесінде отырды. Мортен жүдеу жүзбен өзіне ойламаған жерден, қапелімде тап болған жайсыздықты айтты. Андресен лекіте күле отырып тыңдады.

— Менің лекіте күлгенімді кешіре гөр,— деді ол Мортен сөзін аяқтаған кезде.— Бірақ мұның бәрі де баланың ойыншығындай. Кей кездерде қандай істерден бұлтарыс тауып кетуге тура келетінін білер ме едің! Баспаның қарызы жөнінде абыржыйтын түк те жоқ, олар сенен төлетіп ала алмайды,— бұл ақша үшін олар сенен алар товарды алды

¹ Шарманка — музыка аспабы.

ғой. Мен жұмысшыларыма алдын ала ақша бергенде, ең соңғы қортынды есепте сол берілген ақшаның жұмысын істемегендігі анықталған күнде ғана мен одан ақша қайтып ала аламын. Аванс деген жұмыс істеген уақытта күнделікті күн көріске берілетін ақша, түсіндің бе? Жалақы аванстан аз болып шығуға мүмкін емес. Және баспаның авансқа процент өсімін есептеуге правосы бар ма екен, ол да белгісіз. Мен өзімнің юристконсультымнан білейінші.

Андресен қалада ең бір қадірлі адвокат конторының қызметін пайдаланатын еді.

— Ол қымбат тұрады, бірақ өз шығынын өзі қайтсе де өтейді: ондай фирма екі талай нәрсеге ақыл бермейді, оған толық сене бер. Және мен олардан екінші закладты қалай алудың ақылын сұрайын — мүмкін, ақшаларын орналастыруды керек етіп жүрген өздерінің қабылдайтын адамдары да бар шығар. Бұл қайткен күнде де табылады, мұндай болмашы нәрсеге бола түнгі ұйқыңды бөлуге тұрмайды. Егер олардан табылмаса, кейін ұстаның ақшасын төлеу үшін вексельмен аласың, ал оған шейін ұзақ уақыт ішінде төлейтін қарыз іздеп тауып аласың.

Мортен жүрегі жеңілденіп, үйіне қарай тартты: әйтеуір, үйден қуып шыға алмайды ғой. Және баспаның қарызы да алғашқы сәттегісіндей аса қорқынышты емес; бұл мәселе жөніндегі Андресеннің көзқарасын ол сөзсіз дұрыс деп есептеді. Станциядан ол екінші кластағы вагоннан орын алып келген Гюлефельт фрекеннің діңкиген денесін көрді. Ол платформаға үлкен чемоданды алып шықты, сонан соң талма ауруы бар адамның түріндей бір кіп-кішкентай, әлжуаз әйелдің вагоннан түсуіне жаны қалмай көмектесті де, түсіріп алғаннан кейін қолынан қолтықтап алды. Бос қолымен чемоданды көтеріп, ол үйіне бейнебір үлкен олжамен қайтып келе жатқан аңшыдай-ақ, аяқтарын алшаңдай басты. Мортен сыпайы көрші ретінде чемодан көтеруге мәжбүр боп қалып жүрмейін деп жалма-жан ойысып кетті.

Екі күн өткеннен кейін ол баспадан хат алды. Натан директор, сірә ақылына түскен болу керек: ол қайтадан сөйлесу үшін Мортеннің келуін өтініпті, мүмкіншілігінің келгенінше, тезірек келгенін қалапты. Бұл жолы мәселе барлық шығармалары жөнінде емес, тек жұмысшылар өмірінен алынып жазылған үлкен романы жөнінде ғана көрінеді! Егер осы романды басымен өз меншігіне беретін болса, баспа Мортеннің қарызын өтеуге келісім берді.

— Бұл кітапқа жұрттың ынтығын көрсету үшін бірде-

ме ойлап көрерміз! — Директор екі қолымен жоғары қарай доп лақтырғандай қыймыл жасады.— Ал сонан соң бұл роман сіздің басқа кітаптарыңызды да қоса ала кетеді.— Бүгін онда шаршаған кейіптің нышаны да жоқ. Ол Мортенге мадақтай қарады. Бет әлпеті: «Қане бол енді, шал!» — деп тұрғандай.

— Ал егер мен сіздің айтқаныңызға келіспесем ше? — деді Мортен.

— Онда романыңызға крес салынады. Өзіміз пайда көрмейтін жерге қымбатты жариялау аппаратымызды апарып қояр жайымыз жоқ.

— Бірақ роман сатылып бітті деуге болады ғой.— Мортен баспа кітапты өз меншігіне алуға соншалықты өзеуреп отырғандықтан солай ғой деп есептеді.

Директор жасанды күлкімен қарқылдай күлді.

— Жазушылар қашанда болсын кітаптарым сатылып бітті деп ойлайды!

Мортен екі ойлылау болып, сәл бөгеліңкіреп қалды,— айтып салсам ба екен, әлде?

— Менің үйімде танысымның жіберген бір тілегі жатыр. Оның жіберген қатынан романы сатылып кеткендіктен баспаның кітапты жібере алмай отырғандығы айқын көрінеді.

Натан директор қызыл шырайлы болса да сұры қашып бозарып кетті; дегенмен бұл оның бетіне қатты салық болды. Оның ештеме айтуға мұршасы келмеді, тек қабағын қарс жауып, Мортенге аңдый қарады.

— Менде бұл романға басқа жерден де келіп жатқан тілек бар,— деді Мортен мүжи сөйлеп.

— Келесі басылуларының бәріне де біз ие болуға правомыз бар,— деп міңгірледі директор.

— Я, басып шығаруға праволарың бар, бірақ шығарманы көміп тастауға праволарың жоқ. Егер қайтадан басып шығарғыларыңыз келмесе, әрине, мен оны басқа бір баспаға сатамын.

Натан директор орнынан тұрды, енді оның түрі шынында да қалжырап, қажыған адамның түрі сыяқты.

— Мен бұл жөнінде өзімнің ұтықтасыммен сөйлесуім керек,— деді ол абыржып, сонан соң Мортенді басқышқа дейін шығарып салды.— Бір-екі күнде хабарын беріп хат жазармыз.

Төменге түскен соң, шыға берісте Мортеннің күлкісі келді. Демек, өз ісіңді оңға бастыру үшін өтірік айту керек

екен ғой, өтірік айтқанда да ұялмай-қызармай соғу керек екен! Онда ешқандай тілектер жоқ еді, ол тек сондай болады деп естіген еді. Бірақ ажарлы мырзаның өңі қашып кетті ғой,— демек, Мортен тап үстінен шыққан екен!

Бірнеше күн өткеннен кейін баспадан хат келді. Баспа қарызды өтеуге және бес мың дана етіп қайта басып шығару үшін екі мың крон ақша төлеуге келісімін беріпті. Сөз тәркі сыпайы, бірақ өкпелі. «Олар мұнымды жумақта кешіре қоймас! — деп ойлады Мортен.— Жарайды бес мың дана етіп басып шығара-ақ қойсын, олардың өз мүддесі үшін барлығы да тезірек сатылып кетеді ғой? Ол ақша қапшықтарында отырған адамдардың назарына еркелей алмайтын еді.

— Ура, мама! — деп даурыға айғайлады ол, шешесіне барлық жағдайды айтып.— Бөрімен бірге тұрған соң, бөрі болу керек! Талай-талай ақылды адамдардың шырмалып қалатын ісінен мен құтылып кеттім. Ғасыр өмір сүр, ғасыр оқы!

— Оқып болғаныңша, сөйтіп таяқ та жеп тұр! — деп селқос жауап қатты кемпір. Ол асыраушы адамдармен ұрыссуды қауып деп есептейтін еді; асыраушы адаммен ұрыссамын деп күйеуінің қаншалықты азап шеккені оның күні осы уақытқа шейін есінде еді!

Бірақ Мортен бірнеше күн басы айналған адамдай, меңзең боп жүрді. Ол үлкен айқасқа шыдап, жеңіп шықты: өз шығармаларына өзі ие болумен бірге қарызынан да құтылып қалды.

VI

Дачниктер дегенмен келе бастады

Шкипер Биструптың әйелі, Эресунд жаққа қараған ашық терезесінің алдында, арқасына Эльзасын қондырып алып, шомылатын жердің маңынан жүзіп жүрген Мортенге қарап отырды. Неткен тамаша бала десеңізші! Судан тіпті сескенер де емес, әкесінің иығынан ілігер-ілікпес қана ұстап, аяғымен су шапылдатып, мәз болып күліп барады.

— Міне қазір енді мен періште тәрізді боламын,— дейді шіңкілдеп, сөйтеді де екі қолын қанат қаққандай қаға бастайды.

Оны құлатып алмай ұстап отыру үшін Мортеннің аунап түсіп шалқалай жүзуіне тура келді.

— Ана қарашы, неткен кішкентай батыл қыз,— деді Биструп фру, қасындағы ол да терезеге қарап тұрған Гертке.— Бізге де осындай бір тамаша кішкентай қарындас керек.

— Керек болса, ал да жаса,— деп гүр ете жауап қатты бала.— Тек терезенің алдына қант қою керек.

Биструп фру сақылықтай күлді. Осы қазіргідей болып елегізіп қалған кездерінде жыбыр қағып кететін көйлегінің желкесіндегі ойындысына таман бір әдемі шұқыршағы бар еді. Ол су шалпылдатып бара жатқан балаға нақ бір ұстай алғысы келіп тұрған адамдай болып, телміре қарады; екі көзі жайнап кетті.

Қашанда болсын қызыл шырайлы жүзін ерекше нұрландырып жіберетін күлкісіне де қарамастан, Биструп фрудың бірдемеге қамығып тұрғаны байқалады. Күйеуі өзінің шхунымен Хорнбек маңында еді, ол бір ескерткіштің астына қою үшін үлкен мұз қойтасын әкелуге кеткенді. Егер сәті түсіп алып келсе, әжептәуір пайда табады: бірақ міне кеткеніне бір апта болды, әлі жоқ, әлі қойтас іздеп жүр,— барлық тапқан табысын өзі ішіп-жеп келетін болды. Екі үлкен баласы оқуға мүшелік жарна төлейтін азын-аулақ ақша табу үшін егін жыйнауға көмектесеміз деп хуторға кеткен; үйде өзімен бірге тек ең кішісі, бес жасар Герт қана қалған, қаншалықты көңлін аулайын десе де оның да іші пысып барады. Ол шешесін тіпті адам құрлы санаған жоқ. Мүмкін оның әйел болғандығынан ба, екен? Әлде, шешесі болғандығынан шығар? Тек кішкентай Эльзамен ғана құмарта ойнайтын еді. Құм қазып ойнайтын қайраңға да баруға болмайды, өйткені ол жер дачаларға берілген, шешесі оны жол бойына жіберуге де қорқады, ол жерде де дачниктер өздеріне қаратып алған, жол жиегіне өскен ағаштарды автомобильдермен қыйратып жатыр, сондықтан да ол үнемі:

— Анау кішкентай қыз баламен ойнайын ба? Мама, а мама? — деп маза бермеді.

— Олар шомылып болғаннан кейін барып, Эльза сенімен кішкене ойнасын деп сұрайын, бірақ соған шейін жағаласпай шыдай тұр.

Сол-ақ екен!

— Тез шомылып бола ма? А, мама? Мама, а? — деп мазалады да тұрды.

Ақырында Мортен мен Эльза екеуі көпірдің үстінен

көрінді де, Герттің бастауымен Биструп фру соларға қарай аяңдады. Мортен келісімін бермей жатып, екі бала бірінің қолынан бірі ұстады да, басқыштың бойымен жоғары қарай өрмелей бастады.

Мортенді үйінде, аула есігінің алдында шешесі күтіп отыр екен.

— Эльзаны қайда тастап кеттің? — деп шошый сұрады ол.

— Мен оны балалармен ойнасын деп Годхавенге тастап кеттім. Таңертеңгі тамақтан кейін келіп саған алып кетсін деді.

— Тура таңертеңгі тамақтың алдында баланы бөтен адамның үйіне тастап кеткенің дұрыс емес қой. Оның жарамайды.

Мортен мырс етіп бір күліп қойды.

— Мен бір жағынан сен үшін тастап кеттім, мама, бір шашке болса да сен кофе ішсін дедім. Оларда нағыз тамаша кофе бар,— Биструп оны теңізде кемеде жүріп айырбастап алады.

Кемпірдің жүзі жайнап кетті.

— Бізде қонақ отыр! — деді ол.

Верандада Андресен отыр екен. Вера соған сыра әкелуге кетіпті.

— Жүр, курзалға¹ барайық! — деді ол,— мен сені таңертеңгілік тамақпен сыйлайын. Сенің әйеліңді де ерте жүрейік.

— Ол, сөз жоқ, үйде қалғанды жақсы көреді,— деп жауап қатты Мортен; оның Андерсенмен екеуінің ғана болғысы келді.

— Біз жүр деп өтінеміз,— деді Андресен күлімсіреп.

Вера қуана-қуана келісті. Ол жыйылып-теріліп болғанша, еркектер веранданың алдындағы бақта отырды.

— Мұнда тамаша көрінеді,— деді Андресен,— мен семьямен бірге бірнеше аптаны деревняда өстіп қуана-қуана өткізер едім. Әйеліме бұл өте қажет, өзінің іші пысып жүр.

— Біздің де әйеліміздің іші пысады!

— Сенің әйеліңнің қалаға барғысы келетін шығар, сірә? Әйелдердің өзі солай келеді ғой! Кішкене байысам-ақ болды, дача аламын.

— Және көңіл көтеретін яхта ал,— деп қосып қойды,

¹ Курзал — курортшылар залы.

Мортен лекіте күліп. Ол екеуінің алғашқы әңгімесін есіне түсірді.

— Жоқ, енді оны алсам екен деп арман етпеймін. Бірақ келесі жылға бір кішкентай дача сатып алуға шамам келер. Быйыл барлық қаражатым іске жұмсалады. Ол өзі қымбатқа түседі, нана бер!

— Жаз айының қалған уақытында бізге кел.

— Келгенде қандай, бірақ бізден қанша аласың?

— Сенен ештеме де алмаймын, мұнда жер жетеді.

— Жоқ! Бұл сөзге Андресеннің құлақ қойғысы да келмеді: Істің аты іс!

— Мен саған жүз елу крон төлейін! — және қазір қолымда бардың өзіде сол.

Сол екі арада Вера да шығып қалды.

— Ал, міне мен дайынмын! — деді ол соза сөйлеп. Оның үні мен бүкіл дене көрінісінің өзі аса бір рақат еді. Андресен оған ғажаптана қарады.

— Бір жағымда жазушы, бір жағымда сұлу, мұндай адамдармен бірге курзалға барудың өзі қандай тамаша! — деді ол, екеуінің арасына кеп тұра беріп.— Мен курзалдың иесіне зорлап аспап алдырсам ба деп келем. Менің бір белгілеп жүрген Стейнвейн роялым бар! Мен оны арзанға ала аламын, сол іске курзалдың иесін тартқым келеді.

Мортен күлді.

— Бәсе, мен сені жай күндері неғып бүйтіп табиғат құшағына шыға қойды екен деп таңқалып едім. Бірақ маусымы өтіп барады ғой, ол есіңде болсын!

— Бас көшеде оның «Пикаделли» дейтін үлкен рестораны бар ғой, Стейнвейннің өзі соған арналады.

Қазірдің өзінде, жұрт арасында, Андресен епті саудагер деген аңыз бар, сондықтан да оның өз ісін қалай жүргізетінін байқау — Мортенге қызық еді. Тамақ келгенше Андресен әрлі-берлі бөлме ішін қарап жүрді, бір ескі пианиноның жанына келіп, он саусағымен бірдей пернесін қатты құлашын жазған бойы басып кеп қалды да, жалма-жан қолын тартып алып артына жасыра қойды. Жанына келіп қалған қожайын пианино үшін кешірім сұрай бастады.

— Өзін жөндеу керек болып тұр.

— Бәрібір жөндеуден келер көмек шамалы,— деп жауап қатты Андресен, тап бір жанына өлгенше батып, қатты қамыққан адамша.— Одан да қыйратуға маған беріңіз, мен сізге жүз крон төлеп, отын етейін.

— Ол сізге аса пайдалы жұмыс емес қой, — деп аңдата күлімсіреді қожайын.

— Өйткені мен ютландықпын ғой, — деп байсалды жауап қатты Андресен.

Сөйтсе, бір кезде астанаға жыртық шалбар киіп келген қожайын да ютландық екен. — Демек, сіз менен де гөрі жақсы орналасқансыз ғой, — деді Андресен таңданған кейіппен, — қазір сізде, сірә, екі жүз мыңдай капитал бар шығар. — Ол өзінің жетістіктерін қайта-қайта пианиносын тексеріп, аккордтарды¹ алып тап бір ойға шомған адамдай, иықтарын қомдай тұрып, сыпайы ғана айтып шықты. — Мен, сірә, дұрыс диагнозын айтуға аздап асығыстық жасадым-ау деймін, — деді ол содан кейін. — Кәне, мұны маусымы аяқталғаннан кейін менің мастерскойыма жіберіңіз, мен оны жерлестік құрмет үшін тиісті бағасына оңдап көрейін.

Қожайынға Андресен қатты ұнады.

— Сөз жоқ, оны сізге емдеуге апарамын, — деді ол қолын созып жатып.

— Мұныңыз әлі де болса екі жыл швед пуншы мен шампанский құюға жарайды, оған уәдемді беремін! — Андресен қожайынмен қол соғысты. — Оның есесіне мен сіздің «Пикадиллиіңізге» жақсы инструмент апарып қояр едім. Біз кей кезде сонда тамақтанамыз, тамағы жаман емес, бірақ музыкасы түкке жарамайды. Айтпақшы, менде Стейнвейн бар, сіздің мекемелеріңіз сыяқты мекемелерге жарасып кетеді. — Ол қожайынның қолтығынан алды да, залдың түкпіріне қарай алып кетті. Амал бар ма! Андресеннің оны қалай жөндеп шығатынын естігісі келіп еді Мортеннің.

Аздан соң Андресен масайрай күліп қайтып келді.

— Кешіріңдер, мен сендерді кідіртіп, тамақтың бәрі суып кетті ғой, бірақ тамақтан гөрі іс қажеттірек. Ой, қарным жаман ашты!

— Қыйындыққа түсті ме? — деп сұрайды Вера оған таңдана қарап.

— Жоқ, қайта, тіпті оңайға түсті. Ол ертең келіп роялды көреді. Тек өз үйіме әкеп қоюға үлгерсем жарар еді.

— Екеуің сол аспап тұрған жерге барсаңдар қайтеді? — деп сұрады Мортен.

Андресен оған аң-таң боп қарады.

— Онда мен далада қаламын да, ол сол аспаптың иесінің өзімен сөйлеседі ғой. Жоқ, ол болмайды! Сен бір-екі

¹ А к к о р д — бірнеше дауыстың үндесуі.

күнге екі мың кронды бере тұрмайсың ба? Рояль сатылды дей бер,— тек біздің үйде тұрса болғаны.

— Оның алатынына сенің көзің жете ме?

— Көзің жете ме дейсің бе? Ол енді менен құтылып кете алмайды, қайтсе де алады, әйтпесе, мен Андресен болмай кетейін! Және ақшасын қолма-қол төлейді. Ең кешіккенде екі аптадан кейін ақшанды қайтып аласың, одан кейін, өзінен өзі белгілі, біз екінші заклад жасаймыз.

Тамақ ішіп болысымен Андресен Мортеннің екі мыңын қалтасына басып алып, дереу қалаға тартты.

— Сенің өзің ренжіп тұрған сыяқтысың ғой,— деді ол ақшаны күмәзінегіне салып жатып.— Бірақ бермей кетеді екен деп қорықпа, мен сенімді адаммын.

Жоқ, Мортен қорыққан жоқ — бірақ дегенмен де өзін өзі біртүрлі ғажап сезінді.

Дачаны адам паналарлық кейіпке келтіремін деп аптығып және ақшаның соңына түсемін деп жүріп ой жұмысымен айналысуға уақыт аз қалды. Енді ең қыйын істің бәрі артта қалса да, Мортен жұмыс істемеуге әдеттеніп кетіпті; тіпті мыйым қабылдамайды: жазу столының басына барып отырғанда Мортенге тіпті ешқандай ой келмейді. Сонан соң ол жұмыс істеуге баққа барады немесе шешесімен, балаларымен қыдыруға кетеді: Вера олармен бірге жүрмейді, оның да қыдырғысы келеді, бірақ тек дүкендерді көру үшін ғана қыдырады. Сөйтіп Мортен ешқандай жұмыс істемесе де іш пыспайды екен-ау деп өзінен өзі таңғалды, деревняда тұрғанның өзі ермек көрінеді; балалар мен шешесінің арасында жүріп күн елеусіз өте берді.

Андресендерде ермек болды. Екі әйел бірімен-бірі тез шүйіркелесіп кетті де, Вера көп уақытын төменгі жақта Андресен фруда өткізетін болды. Андресеннің өзі келгеннен кейін ол тамағын ішіп алған соң, қолына бір бөтелке вискиін алып жоғары Мортенге қарай жөнелетін.

— Кәне, ішіп жіберейік,— дейтін ол,— стакан үстінде әңгімелескен қандай жақсы болады. Я, мен сенің тек шарапты ғана жақсы көретініңді білемін, бірақ сенің грогқа да¹ үйренуің керек, өтсе тамаша нәрсе! Ал міне сенің ақшаң, рақмет қысылғанда бере қойғаныңа. Ол екі мың кронды санап алды да столдың үстіне қойды.— Мұның, нансаң, үлкен пайдасы тиді! Осы аптаның ішінде мен мұны үш рет айналдырдым. Қолыма ақша түсіріп алып, енді саған берейін деп

¹ Грог — бұл да арақтың бір түрі.

отырғанымда, қайтадан айналмаға салып жібердім. Бір істің орайы келіп қалғанда, қалтаңда ақша тұрған соң шыдау оп-оңай емес. Өзімдікі екен, басқаныкі екен деп, тұра алмайсың. Мен... тоқтай тұр!.. Я, мен бұл ақшамен бір мың крон пайда таптым, бұдан да гөрі көбірек пайда табатын едім, егер... Ал енді, өзің ал, тағы да рақмет!

Ақша столдың үстінде жата берді, Мортен басқа бір әңгімені айтты. Андресен бейнебір ғашық адамдай, ақшаға қайта-қайта қарайды,— ол өзіне өзі ие бола алмай, ақшаға өзеурей қарай берді.

— Неге алып қоймайтыныңа түсінбеймін,— деді ол ақыр аяғында,— тап бір керегі жоқ нәрседей, текке шашылып жатқанын көргенде, тіпті төбе шашың тік тұрады. Егер мен саған екінші заклад тауып беретін болсам, осыныңды маған бересің бе қарызға? Мен саған жақсы өсімімен төлейін.

Келесі күнгі кеште-ақ Андресен екінші заклад табылатын болды деп хабарлады.

— Мен «Жұмысшы» газетінің редакторымен бірге тамақ іштім, мұны сол жасамақшы болды. Ол Көк Сақалмен келіседі,— білесің бе, анау үй салдырушылар өкілін, сол Көк Сақалға бір ауыз сөз айтсам жетіп жатыр дейді. Дегенмен, сен ол Көк Сақалды кездестірген боларсың, ол өзі осында тұрады, өзі қабылдайтын адамдардың ақшасын осы сыяқты мекемелерге беріп, еркін жұмсап жүреді.

Мортен оны көрсе жүзінен таныр еді, бірақ бұл айтып отырған ісі оған ұнамады, бөтен біреудің қалтасына қол салғандай болып тұр.

— Әрине, оның дұрыс, мен де түсініп отырмын! Бірақ, дегенмен егер сен маған осы бір қызметіңді жасасаң керемет болар еді, өзіңнің жұмысыңды да оңдап алар едің.

Жексенбі күні Мортен үй салушылар өкіліне барды. Көк Сақал — көзінше олай деп атамайтын — теңіз жағалауындағы жолдың бойында, жолға қарай ылдыйлай біткен парк тәрізді қалың жеміс бағының түкпірінде адам айтса нанғысыз бір керемет үйде тұратын еді. Дачаның арт жағында ат қора мен оранжерея¹ бар. Көк Сақал құрылыс саласындағы ең ірі саудагерлердің бірі болып саналатын еді; ол тек миллиондаған істермен ғана айналысады деседі. Мортен бес сағаттық поезбен — ірі коммерсанттардың поезымен үйіне қайтып келе жатқанда оны жиі көретін. Ливрея киген кө-

¹ О р а н ж е р е я — ыссы жақтың өсімдіктерін өсіретін жылы жер.

шірі бар экипаж оны үнемі станцияда күтіп тұратын, бірақ Көк Сақал әдетте оны қайтарып жіберіп, үйіне даламен жаяу қайтатын. Бұл іс жұртты өзіне тартатын да, ол, сөз жоқ, жергілікті патшадай болып есептелетін; оған қарағанда тіпті «жарлылардың жарылғаушысы да» түк емес еді. Жүп-жуан, төртпақ денесі алғашқы қоғам суретшісінің ұзын ағаштың қысқа кесіндісінен долбарлап жасаған бұтына ұқсайтын еді. Атағы аса күшті емес, бірақ солай бола тұрса да жұрт оның алдында құрдай жорғалайды. Ол бірнеше копенгаген банкаларының басында тұрды да оның ақша мәселесі алуан түрлі және күдікті болып келіп отырды.

Мортен оның қабылдауын ұзақ күтуге тура келді. Ол ескілікті шаруалар дәстүрі бойынша ағаш жәшіктер мен шкафтар қойылып сары мыспен мәнерлеп жасалған ыдыс-аяқтар жыйналған үлкен вестибюльде отырды. Айналасының барлығы да тап-таза боп, айнадай жарқырап тұр, бәрі де сақадай сай,— сірә, үй салушылар өкілі «көне заманның» жаңалық нәрселері мен көз сүрінер көрнектілерін тәуірірек көретін болса керек. Шкафтардың үстінде тұрған үлкен-үлкен құмыралар, қысшылар қолынан жаңа шыққандай, ал шкафтардың арасында ілулі тұрған әшекейлі табақтарды көмір жалыны шалып көрмеген. Осы нәрселердің барлығы да астанадағы «антикварлық» мастерскойларда жасалған.

— Ал, менің коллекцияларым¹ туралы жазушы не айтар екен? — деген болар болмас жіңішке ғана дауыс шықты Мортеннің артынан. Көк Сақал бір бөлменің есігінің алдында оған біртүрлі ғажап кейіппен қарап тұр екен.— Жұрттың көпшілігі осының барлығын көр-жер болымсыз нәрсе деп санайтынын мен жақсы білемін,— деп сөзін жалғады ол, Мортеннің жауап қата қоймағанын көріп,— бірақ мен бұл заттардың тәуірлігіне кепілдеме алып, ең ірі деген антикварлардан сатып әкелдім, демек айтатыны жоқ! Мен білгіштерге қарамаймын, олар қашанда болсын бірінің айтқанына бірі қарсы шығады.

Ол Мортенді еменнен жасалған мебельдер мен ауыр-ауыр былғары креслолар, қабырғаларының барлығына да ашық емен өрелері бар бір үлкен бөлмеге ертіп әкелді. Өрелердің барлығы да алтын мұқабалы кітаптарға толып тұр; бір таңданарлық жері сол, өреде тұрған кітаптардың барлығының үлкендігі бірдей.

¹ Коллекция — бір текті нәрселердің жыйнағы.

— Я, мұнымен кітап сатушы да аз әуре болған жоқ, — қожайын ептеп мұртынан ғана күліп қойды, — бәрінің үлкендігі бірдей болу үшін қайта-қайта өлшеп-тамап тұруға тура келді. Ол немен ақталды ғой дейсіз? Мына қараңыз, ол өзі кітапты мазмұны бойынша таңдауға әдеттеніпті. Бірнеше жүздеген метр кітап бар — әжептәуір сыйфр, жазушылар ренжитін емес! Бірақ сіздің ештеңеңіз жоқ. Менің сізді жақтырмағандығымнан емес, — мен өзім негізі кітап оқымаймын ғой, — бірақ кітап сатушы сіздің шығармаларыңыздың тәуір мұқабамен шыққан бір де бірі жоқ деді. Сөйтіп, сіз, демек осы арада болып шықтыңыз ба, былайша айтқанда, осы араның тұрғыны деп есептейміз бе? Не керек еді сізге?

Мортен ішінен Андресенге де, өзіне де ыза болып, келген шаруасын көңілсіз кейіппен айтып шықты.

— Дегенмен, ол өзі өте жақсы үй, су тегін алынған; бағбаным үшін өзімнің де алғым келіп еді. Бірақ соншама арзан берген, сіз оған екінші закладнойды ешнәрседен ала алмайсыз. Ақшасы жеткілікті екен деп ешкім де ойламайды. Және оның үстіне өзіңіз жазушысыз! Оларға зытып тұру деген оп-оңай ғой! Сіз қанша табыс таба аласыз? Сірә, менің хат тасушыларымнан сәл ғана артық алатын шығарсыз?

— Я, кей кездерде қыйынырақ тиеді, — деді мекерлене мойындап Мортен.

— Міне көрдіңіз бе, менде солай ғой деп ойлап едім. Бірақ сонда да өзі бір қызық мамандық: отырады да сөзбен бір оқыйға жасап шығарады. Дәуде болса, соның барлығы өтірік қой деймін, ә?

— Менің туған жерімде, Борнхольмде, жұрт мұны өтіріктің беллетристикасы деп атайды, бірақ жек көріп, кіналап айтпайды! — әңгіме Мортенді алдандыра бастады.

— Я, солай, бірақ дегенмен де біртүрлі ғажап! Міне сіз қазір осынан кетесіз де, үйге барып, мен жөнінде, менің жұмыстарым жөнінде бірдеме жазасыз...

— Ақша қапшықтарының мәдениетке деген қарым-қатнасы жөнінде де жазуыма болады.

— Гм... я... Мен сіздің жайыңызды білдім, онымды айтуым керек. Бірақ екінші закладной беру, қайталап айтайын... — Көк Сақал басын шайқады.

Мортен орнынан тұрды да мазасын алғанына кешірім сұрады.

— Ештеме етпейді, рақым етіңіз, — деп бульдог итше гүр ете қалды іскерсымақ. — Я, айтпақшы, мен не айтайын

деп едім...ертең конторыма келіп, менің өкілдеріммен әңгімелесіп көр. Мұндай түкке тұрмайтын болымсыз істерде менің жұмысым жоқ.

Келесі күні түс кезінде Мортен конторға кірсе, қағаздары дайын екен, оған екі мың бес жүз крон берді.

— Және ешқандай накладной шығындарсыз,— деді өкіл құныс юрист. Мортен оны жас кезінде студенттер қауымында көрген.— Озбырлықтың да пайдасы тиеді деген міне осы ғой!

Ақша қарызы жөнінде юристке келудің қанша қажетінің барын Мортен түсінбеді.

— Юрист болғанда да қандай юрист десеңізші! Және өзі жексенбі күні, тура өз үйіне барған! Өзіңді басқыштан неге тастап жібермеді? Оның өзі аюдай әлуетті адам! Және өте қызба! Бірақ білесіз бе, менің не ойлап тұрғанымды? — Өкіл бастық отыратын кабинеттің есігіне көз қыйығын салды да, сонан соң Мортенге еңкейіп сыбырлап: — Сіздің қаламыңыздан қорқады ғой деп ойлаймын! — деді.

Мортен күліп жіберді.

— Олай болатын болса, менің қаламым бірінші рет нағыз, шын пайда келтірді деуіме болады.

— Осы бетіңнен таңба,— деп сыбырлады кішкентай адам,— бәрі де болады әлі. Біздің ақшалы шонжарларымыздың бәрі сізден қорқады.

Мортен дачаға бірге қайту үшін Нэрребро ауданында Андресенге барды. Өзін қорқытып алушы деп есептегендіктен шыдамы шығып кетердей болып келіп еді.

— Ой, бөспелер-ай! — деді Андресен.— Оған ренжитін түк те жоқ. Көк Сақал саған ақшаны қандай әсермен берсе де бәрі бір емес пе? Ал жұрт оны тіпті періден де қорықпайды дейді; негізі өзі бір есерсоқ, оңайлықпен ауызға түсе қоймайды деседі ғой. Кейбіреулер оны кескен келдектей, өзі бір ақмақ, құрылыс жұмысынан да түкті білмейді: бар болғаны қолына сызғыш алады да, құрылыс участкесінің үстінен қос сызық жүргізіп: мына жердегі үйді бұзып, қайтадан үй салу керек деп айтады деседі. Сонан соң оның өкілі үйдің орнын көріп проект жасайтын көрінеді. Осы алып істердің барлығында өкіл басқаратын тәрізді. Бірақ, қалай болғанмен де, Көк Сақал барлығын алдап аузына түсіретін көрінеді. Сөйтіп енді сен біржолата қыйыншылықтан құтылып кеттің ә, шалым? — Ол Мортеннің иығынан сілкіп қойды.

Я, Мортен өзін-өзі дәулетті адамдай сезінді. Ұстаның

ақшасын төлегеннен кейін жеті жүз кроны қалды; ал бөлме үшін алатын жүз елу кронын қосқанда, жатқан бір тұтас капитал болады. Өз үйің — ол нағыз қазына; бір торайың болса соның өзінен ет кесіп алғанның өзінде дымы құрамай, сол қалпы қала беретін сыяқты.

Кешке әйелдері төменде қалып, екі еркек балконға шығып отырды. Андресеннің балалары жолдың аржағындағы тасқазғанда ойнап жүр. Күн көзі ұясына кіріп, Эресунд үстінде жаз түні інжу-маржандай құбылып ойнай бастады.

— Айналаңның бәрі жым-жырт болып, тыныштық мендеген тамаша-ау осы, — деді Андресен, — осындай бір сәттер менің сонау бақташы бала болып жүрген кездерімді есіме түсіреді.

— Сен де бақташы бала болып па едің?

— Я болғам, тек жазушы болып көргенім жоқ. Ал мына сауданы өрісте жүріп үйрендім. Бір ескі күміс сағатқа ие болғанымша, мен әкейдің ескі трубкасын ұрлап алып, басқа бақташы балалармен айырбастасып жүрдім. Бұл сағаттың өзі сыйырдың жарылған көзі тәрізді еді, бірақ тамаша жүретін! Ал сен бақташы бала болып жүргеніңде сауда жасаған жоқсың ба?

— Жасамағанда ше! Бірақ айрбаста әмсе ұтылып шығатынымын. Боса болмаса белгілі ғой, маған ылғый тап бір қымбатты қазына алып тұрғандай болып көрінеді, бірақ үйге келгенде түкке тұрмайтын бірдемені әкепсің дейтін еді. Сонан соң менің әкелген нәрсем өзіме де жақпай, манағы тамашалықтың бәрі жайына қалатын.

— Бәсе айтам ғой, қолыңнан түк іс келмейтін адамсың деп! Егер мен жүлік болсам, сен анау күйеу боламын деп ақылынан адасып сендердің Гюльфельттеріңе ақшасын жегізіп жүрген ақмақтардай сезінер едің. Мұны сен өз мінез-кұлқыңмен дәлелдедің: Мен алдауышпын ба, алдауыш емеспін бе, оны сен білмедің ғой.

— Бірақ сен алдауыш болмай шықтың ғой, демек...

— Келешекте де болмаспын деп сенемін. Бірақ, нансаң, ондайлар көп! Бұдан екі күн бұрын бір оңбаған өсімқор мені тотыйтып кете жаздағаны.

— Сен күні осы уақытқа дейін солардың тырнағынан құтылып кете алмай жүрсің бе? Мен сені...

— Маған үнемі капитал айналымы жетпей отырады, өйткені банк мені тым қаттырақ қысады. Ал сауда мекеме-

сін жаңа өсіп келе жатқан жас бұтадай кесіп тастауға болмайды,— онда ол күйрейді. Сондықтан да маған әлі де болса біраз уақыт сол өсімқорлардың шырмауында болуға тура келеді. Бірақ ол он бес процент және үш есе кепілдеме алады, аспап сатып алу үшін қарыз алған сайын мен оған басқа үш аспаптың алық-берік шартын тапсырып отыруым керек. Менің мойынымды ол осындай жолмен бұрап отырмақшы; мен оның ұйқтап отырса да, менің шаруамды қағып әкетуді көздеп отыратынын жақсы білемін. Егер сенен екі мың алмағанымда... Бірақ мен ол періні безек қақтырып тұрып қысармын!

— Сенің оған қалай шамаң келеді?

— Аздап қоңданып, өз аяғымды өзім басысымен-ақ мен оған полицияны айдап саламын. Менде оны түзету үйіне тығып тастардай материалдар бар.

Әрқашанда салмақты Андресен ыза болғаннан күреңітіп кетті де, бұл — бәрібір, акулалардың арасында жүзгенмен бірдей ғой. Көңілдесімнің әлі де болса көп нәрселерге шыжық болуы керек екен-ау, деген ойдан Мортеннің денесі тітіркеп қоя берді. Бірақ Андресен кенет күліп жіберді.

— Мен жынданғанша ызақорлануым бар, бірақ шамкестену деген менде жоқ! Мен дүниеде ешкіммен, тіпті сенімен де айырбасталмас едім! Бірақ, рас, жұрттың барлығы сенің жазғаныңды оқу үшін, мүмкін тіпті өлгеннен кейін де көп уақыт оқыйтын болар... Ойыңа алғаныңды жазып тастауға мүмкіншілігіңнің болғаны қандай тамаша. Жуырда маған өзінің бір аспаптарын сату үшін рояль шығаратын неміс фабриканты келді, сол Германияда сенің кітаптарыңды жұрт жақсы біледі дейді. Ол мені, рас сен оның досы болсаң, сөз соқ, сонымен бірге әдебиет тарихына кіресің деп сендірді. Бірақ ол сенің өзіңді-өзің өте қатты ұстайтыныңды жақтырмайды. Олардың өте құрметтейтін Гете деген адамы болыпты, соның кейбір өткінші жайларын санамағанның өзінде келелі-келелі отыз алты махаббат оқыйғасы бар көрінеді.

— Олар әлі күнге шейін сол Гетелерін салыстыра береді. Бірақ ол бүкіл дүние жүзіне сол махаббат мәселесімен атағы шыққан жоқ қой.

— Мүмкін міне сен де шет мемлекеттерге мұнсыз-ақ белгілі болып отырсың ғой. Ал мен бар ғой, егер сенің бір кітапшаңда атым басылып шықса, өте қуанар едім.

— Мен ендеше рас, саған соншалықты ләззәт болатын болса, келесі кітабымды саған арнайын.

— Егер сен мені соған татыйды деп санайтын болсаң, мен сұмдық қуанар едім! Онда сенімен бірге мен де өмір-бақыи өмір сүрер едім ғой!

Мортен шын ниетімен қарқылдап күлді.

— Сен осы қателесіп отырмасаң еді деп қорқамын. Өлгеннен кейінгі даңқтың ханымы болу дегеннің өзі аса сенімді атақ емес! Және мен Гете емеспін, маған Гете болу қайда!

— Солай ма өзі? Фабрикант кеткеннен кейін мен оны оқып көріп едім, бірақ өте іш пыстыратын нәрсе сыяқты болып көрінді. Ал қанша жазсаң да сені жалықпай оқуға бармын.

Көңілдесінің ашықтан ашық таңырқануы Мортенді шын қуантты, бірақ бұл әңгіме оны дегенмен де қысылтайын деді.

— Өлгеннен кейін атымды біреу-міреу оқыйды-ау деп соған шынымен-ақ жаның жай тауып рақаттанып қаласың ба? — деп сұрады ол, әңгімеге басқа бір бағыт бергісі келіп.

— Я. Менімше, мұны тіпті дүниелік өміріңнің өзіне аса сенімсіз болған жағдайда ойласаң да рақат емес пе! Ал егер шынына келетін болсақ, сол өмірге сене қоятын адам бола қояр ма екен! — артымда кішкентай да болса бір із қалды деп білудің өзі қайда жатыр! Солай емес пе?

Жоқ, Мортенге осы өмірдің өзінде-ақ жұрт қатарлы жөндеп тұрсам екен деп қам жеудің өзі жетіп жатыр; ол дүниемен оның ешқандай шаруасы жоқ...

— Мен өзімнен кейінгі келетіндермен бірге өмір сүргенімді жақсы көремін, — деді ол әсерлі үнмен.

Андресен оған ойлана қарады.

— Ой, есерсің дегенмен өзің! Маған қарағанда сен нақ бір қолынан түк келмейтін адам сыяқтысың, ал бірақ, іс жүзіне келгенде менен әлдеқайда күштісің. Және, әрине, сенде мендегі бар шошқалық жоқ қой. Ғұмыры мас болып көрдің бе өзің?

— Небәрі бір-ақ рет мас болдым, соның өзі бір жексұрын болып көрінді. Сірә, мен спиртті дұрыс қабылдамаймын-ау деймін; басым таза, есімді де жақсы білемін, бірақ түрегеп жүре алмай, құлап қалыппын. Бұл жай Мюнхенде болып еді; менің кітабымды басып шығарушы «солтүстік викингінің»¹ құрметіне бір түрлі бір улы ішімдік жасап,

¹ Викинг — ескі скандинавия жауынгері.

той-домалақ ұйымдастырған. Мен сонан соң бір айдай әуре болып, өзімнен өзім жебедей жерге кіріп, тіпті өзімді-өзім өлтірмекші де болдым. Сөйтіп, енді қайтып бұл тәжірибені қайталағым келмейді. Бірақ ауық-ауық, сен айтпақшы, шошқалыққа қарай тартып бара жатқан адамдарға аңсарың ауып кетеді. Сонан соң денемде шөгір қалғандай болып, жанымды жегідей жеп, еңсемді біртүрлі ауырлық басады. Адам болғаннан кейін, өз өміріңе өзің жауап беруің керек қой деп ойлайсың,— сөйтіп келе жатып, не болса соны ойлайтын уақ адам болып барамын-ау деген сезімнен кенет серпіліп те кетесің.

— Ой, сен өзіңді-өзің тым қатты ұстайтын адамсын. Байқа, нәпсіге шыдай алмай корольға барып піштіріп тастауға рұқсат сұраған миссионер тәрізді болып жынданып кетіп жүрме. Жоқ, анда-санда аздап ішкеннің зыяны жоқ, ал оның соңынан болатын нәрселердің барлығы да,— ол да жаман емес! Құдай сақтасын, егер өзіміз дүниеден пар кешкіміз келсе болғаны ештемені көрместей болып шарапты тартып аламыз! Сол-ақ екен өзің де қыйғылықты саласың, неше түрлі ақмақтық жасайсың, қыздарға барасын, тағы сондайларды істейсің. Бірақ соған өкіну ме? құдай білсін, мүмкін саған басқа әйел әперу керек болар немесе ашына тауып алу керек шығар!.. Маған еңалдымен мейрімді әйел керек, ал ашынаңның — көрікті, сұлу болғаны жақсы. Жарайды енді, патрондарыңды қайтсең жақсы ататыныңды менен үйренбессің, сірә, сен оқ-дәріңді өзіңнің сандырақ идеяларыңа жұмсағалы үнемдеп жүрсің-ау деймін!

Сол сәтте Вера келіп кіріп, Мортен қажетті жауаптан құтылып кетті.

— Мен жатайын деп барамын,— деді ол, Мортенге мәнерлене қарап.

Төменде бақ жақтан:

— Жататын уақыт болды,— деп Андресен фру дабыстады.

Андресен өзінің бір бөтелке вискиін алып, төмен түсіп кетті.

Болды ғой жатар мерзім төсекке де...—

деп өлеңдетті Мортен, бөлмеге стол мен стульдерді тасып кіргізіп жүріп. Көңілділіктен өлеңдеткен жоқ — шынын айтқанда, көңілденер жөні де жоқ еді! Қайта қамыққан көңілін көтеру үшін өлеңдетті.

VII

Сүңгуір

— Мен айтайын ба: мен бүгін Гертпен ойнау үшін Виструптарға барамын, біліп қой! — деді Эльза, Мортен шомылдырып болып киіндіріп жатқанда.

— Барсаң қайтейін, сені қалай ұстау керек екенін енді мен де білемін,— деп жауап қатты Мортен бетін тыржыйтып.

Олар шомылатын жерден шыққан кезде, көпірдің аяқ жағында Биструп фру күтіп тұр екен, өзі көзін сығырайтып, күлімсіреп тұр.

— Ой, Эльзаны, бізде қалдырмайсыз ба? — деді ол.— Үйге қайынағамның кішкентай қызы келіп жатыр еді оның да іші өте пысып отыр. Баққа дачниктер ие болды, ал жолдың үсті ағыл-тегіл жүріс... Үйге қайтам дегенде Эльзаны өзіміз апарып салайық.

— Міне! Өзің көріп тұрсың ғой енді,— деді Эльза, әкесін Биструптердікіне қарай сүйрелеп.

— Ал күйеуіңіз қалай? — деп сұрады Мортен.

— Қалай болсын? Тағы да теңізге барып түскенше басы ауырады да отырады. Бірдеме етіп соған кіре кетсеңізші, сіздің келгеніңіз өзін ылғый да бір сергітіп тастайды.

Олар дачниктердің мазасын алмас үшін, аяқтарының үшінен басып жоғары көтерілді.

— Бұлар өте атақты адамдар, өзі де агент, барлық семьялары да агент,— деп сыбырлады Биструп фру.— Тек жоғары жақтан болған шуға шыдай алмайды.

Сүңгуір шарбақ терезесінің алдында інжіл оқып отыр екен; Мортен мен әйелі көрінісімен-ақ ол көзілдірігін маңдайына қарай ысырып тастап орнынан тұрды, өзі үйелмендей үлкен де ауыр. Оның жігерлі жүзі мыстан құйып қойған сыяқты болып көрінді, желке терісі тура тасбақаның мойынындай қырыс-қырыс. Ол өзі ешқашанда арақ ішпесе де, үнемі тап бір аздап бас жазар тартып алған адамдай болып отырады.

— Өне бойы діни оқуларды оқыйды да отырады, мұнысы өзіне зыян,— деді Биструп фру оның алдындағы кітабын ептеп қана алып, бетін жауып жатып.

Күйеуі қаншалықты қатал, қытымыр болса, ол соншалықты мейірбан жұмсақ адам еді. Мортен оның әрқашанда күлімсіреп жүретінін есіне алды. Бірақ сол күлкінің барлығы да біртүрлі бір салқын күлкі болатын, нағыз көңілді күлкі сезіле қоймайтын.

Үлкен бөлменің ішінде фарфорлар мен бағзы бір заманның ыдыс-аяқтары сыяқты көптеген қызғылықты, ескілікті заттар бар еді. Мортен кішкентай ғана бір металдан жасалған затты қолына алды.

— Бұл бір кезде фельдшерлер дәрі-дәрмек өлшеген таразы ғой,— деп түсіндірді Биструп фру.— Мұндағының бәрі де осындай заттар. Бұл таразыны күйеуім бұдан бірнеше жүз жыл бұрын Ангольттен суға батқан дания корветінен¹, әкелді. Бұл корвет Транкебарға² бармақшы болып, жете алмай харап болыпты ғой.

— Я, ол кезде даниялық болуға тұратын еді,— деп аңдатып қалды сүңгуір.— Біздің барлық жерде отарларымыз болатын.

— Мүмкін, енді соның бізде жоқ болғанының өзі жақсы шығар,— деп тіл қатты Мортен.— Кішкентай адамдар арыстан терісін жамылмай, дұрыс жасайды деген бар емес пе. Көп кешікпей тағы да теңізге кетесіз бе?

Сүңгуір басын шайқады.

— Соғыс аяқталғанша суға батқан кемелерді іздеуге болмайды деп Теңіз министрлігі тыйым салыпты,— деді Биструп фру,— сірә, су астындағы миналардың кесірінен болу керек. Міне, сөйтіп енді мұның қауыпты аймаққа штурман болып барғысы келіп отыр, өйткені онда жалақыны көбірек төлейді. Сізден сұранатыным, айтып көндіріңізші, бармасын онда, менің сөзімді тыңдамайды.— Ол бұл сөзді күлімсірей айтқанмен беті тартып тұрды.

Мортен түсінбеген кейіппен екеуіне алма-кезек қарады.

— Өмір сүру керек қой, әйтеуір? — деп міңгірледі сүңгуір.— Бізде жақ көп, түк бітірмей причалда текке тұрса да шхунға ақша керек.

— Қарыз алып, соғыс аяқталғанша талшық ете тұрмайсыңдар ма? Өмір-бақый созыла бермейді ғой ол да! — деді Мортен.

Сүңгуір басын шайқап, аузын қыйсайтты.

— Үйге енді ештеме бермейді, шхунға да ештеме тимейді.

— Ал анау гаваньдарында тұрған сегіз мыс зеңбірек ше? Әрқайсысынан мың сомнан түсіруге болатын шығар, сірә.

— Олар енді біздікі емес,— деп сөзге әйелі кеп арала-

¹ Корвет — үш мачталы ескілікті соғыс кемесі.

² Транкебар — Индияның оңтүстік-шығыс жағалауындағы порт.

сып кетті, Биструп ашықтан-ашық жауап бергісі келмеген кезде.

— Анау ақ үйде тұратын коммерсант олардың барлығы да металл бағасымен салмағына шағып, өлшеп алды. Мұнан артық ешкім де бермейді деді ол. Ал сонан соң өзі оны ютландиядағы бір ескі молалары бар байырғы ақсүйек жерін сатып алған Норвегияның ірі кеме иеленушісіне сатыпты. Онда олар әсемдік үшін қамалдарда тұр. Ал комерсант ол үшін біз қанша жүз алсақ, ол сонша мың алыпты.

— Ой, сендердің орындарыңда мен болсам өмірінше келіспес едім,— деді Мортен.— Бұл сұмдық қой, барып тұрған нағыз қылмыс қой.

— Сэлюстағы жоғарғы соттың юрисконсульты да солай дейді. Егер біз осы істі соның қарауына беретін болсақ, соттасқаннан түскен ақшаның жартысын өздеріңе береміз дейді. Бірақ күйеуімнің бергісі келмейді.

— Жарайды алса ала берсін,— деді ашулы кейіппен сүңгуір,— бәрібір пайдасына аспайды!

— Егер соған көзің жетсе жақсы ғой, Биструп мырза! Сүңгуір қолын сылқ еткізіп інжілдің үстіне салды.

— Өз ісіңе ешкімнің де сот болуы керек емес. Маған қысас қылсаң, зауалыңды берермін деген ғой құдай.

Мортен бұл әңгімесінен енді жалтарғысы келді. Біраз уақытқа дейін бөлме іші жым-жырт болды, сүңгуір екі шынтағын тізесінің үстіне таянып отыр, екі иығы ауыр көтерліп, төмен түседі; бұлшық еттері көйлегінің жеңінен бұлтыя көрініп тұр; қолына салынған қызылды-көкті өрнек түсін алмастырып құлпырып қояды. Ол өзі кемедегі матросты жазықсыздан-жазықсыз сабап тастайтын делқұлылау адам болып есептелетін; сондықтан өзінің бетімен кеткен мінез-құлқына тежеу боларма екен деген сеніммен інжілге жармасқан еді. Қазір ол бейнебір көптеген фут судың астында отырғандай, түнере тұқыйып, ауыр дем алып отыр. Ақырында ол денесін тіктеп алды да, кеудесін керіп сырылдата дем алды.

— Бұдан артық жалқауланар жай болмай қалды! — деді ол кеңістікке.

— Балаларың қайда әлгі? — деп сұрады Мортен, әңгіменің бетін бұрғысы келіп.— Мен өздерін көптен бері көре алмай жүрмін.

— Олар үйде жөнді болмайды, шаруаларға егін жыйнауға көмектесіп жүр,— деп абыржып, шыйрақ жауап қатты Биструп фру.— Аздап ақша тапса, тапсын, оларды гим-

назияда оқытудың өзі өте қымбатқа түсіп тұр. Олар өте ықыласты, күй таңдамайтын қарапайым балалар, ауа райы қандай болса да гимназияға дейін велосипедпен ұзақ жол жүріп бара береді, ал дачниктер келген кезде, Бастианның палаткасының еденінде жатып ұйқтай береді.

— Я, жігіт өздері, олар аз қуаныш әкелмес әлі, сендерге,— деді Мортен.— Ең құрығанда біреуі менікі болса, мен оған қарсы болмас ем.

Сүңгуір едәуір шыйрап басын жоғары көтеріп алды.

— Ал біз екеуінің біреуі қыз болғанын жақсы көрер едік,— деп жауап қатты Биструп фру.— Бірақ әрқашанда осылай болады: сізге ұл керек, бізге қыз керек, солай бола тұрса да ауыстырып ала алмаймыз. Егер анда-санда Эльзаңызды бізге жіберіп тұрсаңыз, біз өте қуанар едік. Бірақ балалар сіздерге барғанда, еркелете қарсы алатын көрінесіз, оныңызға рақмет. Олар өздерін мектеп газетінің редакторлары етіп сайлағанға сұмдықтай мақтанып жүр. Бірақ редактор газетке онша рыйза емес көрінеді: газет еркінділікті тым көбірек жібереді деп айтады дейді. Балалардың мыйына сіздер біртүрлі бұзықтық ой құйып жүр ме деп күйеуімде де зәре жоқ. Менімше одан қорқатын түк те жоқ қой деп ойлаймын.

Мортен мұның қалай дегендей Биструпқа қарады, бірақ ол еденге қараған күйде үнсіз қасарып тұрып қалды.

— Біз дүниеде болып жатқан нәрселердің көпшілігін айтамыз,— деді Мортен сүңгуірдің әйеліне.— Қоғамдық құрылыстың қандай екенімен танысу жастарға өте пайдалы. Сол үшін бізде, осы теңіз жағалауында, өте кең көрнекті материал бар.

— Мыс зеңбіректерді айтасыз ба? — деп сұрады қапелімде сүңгуір, басын көтеріп.

— Я, отанды қорғау керек болған жағдайда, ылғыйда жалақтап тұратындар жөнінде де айтамын: коммерсанттарды айтамын; қыйраған кемелер мен суға кеткен матростардан түскен пайдаға жер сатып алған кеме иеленушіні айтамын: бөлікке құлшына кірісетін юристі айтамын. Бұл өзі бір толып жатқан ертегі — тек шетінен ал да, балалар журналына жаза бер.

— Мен жөнінде де жаз,— деді сүңгуір, орнынан атып тұрып.

— Міне енді осы істі қолға алыңдар. Ол бейнебір ұйқысынан оянған айуандай керіліп тұр. Сонан соң тіпті басқаша үнмен сөйледі.— Сіз дұрыс айтасыз, жазушы! Қымбат-

ты нәрсені өндіретін адамдардың біздің жерде қуғын көрген аңдай болатындығын білген балаларға зыян болмайды. Ол адамды жан-жақтан бірдей талайды; оның еңбегінің жемісін тартып алады, бәрінен бұрын, боса болмаса, жетім-жесірлерге қатты тиеді. Міне осының барлығын білсін олар, зеңбіректің жайын да білсін. Исаия пайғамбарымыздың қарсылық білдіріп жазған нәрселерін айтпай отырғанымыз жарамайды. Және бір нәрсе айтайын: менің бір ағам бар; ұйқтайтын бөлмеде сіздің қызыңыз соның қызымен ойнап жүр. Ол өзі кілтші, бірақ міне екі жыл болды, жұмыссыз; оны ешбір жазықсыздан жазықсыз шығарып тастады, түсінесіз бе! Пәтер жалдайтын түгі жоқ, беретін жәрдемі де түкке тұрмайды, өлместің күні, ал сөйтіп олардың қайтсе де барғысы келмейді. Сөйтіп олар қазір Брэнсхой маңындағы бақтың ішіндегі бау-бақша участкесінде өздері қалқайтып алған бір жаман лашықта тұрады. Олар күзге қарай жыйналып мейрам жасамақшы, соған сіздің сөз сөйлегеніңізді тілейді.

Мортен ықыласымен келісті.

— Менің білуімше, бұл кәдуелгі жайшылықтағы мейрам болмады. Айтты айтпады, несін мейрамдайды? Жазы-қысы бірдей егеуқұйрық тәрізденіп аядай тақтай лашықта жатқанын мейрамдай ма? Сірә, олар қайта демонстрация ойлап жүрген шығар, соған қалалық өзін өзі басқару құрамы мен Ригсдаг мүшелерінің бірін, мүмкін тіпті өкімет басшыларының бірін шақырып, халықтың тұрмыс-жағдайларын көрсеткілері келетін көрінеді. Мен бұл тапсырманы сізге айтпақшы емес едім, ал енді бұл шындықты сіздің де біліп қойғаныңыз дұрыс қой деп ойлап отырмын, көпшілігі осы маңдағы көң-қоқыр төгетін жерден жыйналып түкке жарамайтын қоқыр-соқырдан қалқайтылған осына бір жүздеген «үйлерді» өкімет көзінің шалғанын Мортен де теріс санаған жоқ.

— Бірақ олар келмейді ғой,— деді ол.— Келмейді!

Мортен үйіне осына бір тамаша семьяға қатты қызығып қайтты; күйеуін өмірінше күлдіре алмайсыз, ал әйелі болса, үнемі күлімсірейді де жүреді. Екеуінің біреуі (еркегі) діни секталардың біріне жатса да, біреуі (әйелі) жоғарғы халық мектебін бітірген грундтвигианка болса да бірімен-бірі, сірә, тату-тәтті жақсы тұратын болса керек. Қандай да ғана болмасын, әйтеуір бір, әлеуметтік мәселені талқылау үшін анда-санда Мортенге келіп-кетіп жүретін екі үлкен баласы жас та болса еркінойлы балалар еді, шіркеу мүшелігіне кіріп, шоқынғылары да келмейтін еді. Шешелеріне жасаса да өз еріктерін өздеріне беріп, оларға өте дұрыс қатынас жа-

сайтын; әкелері ренжіп қапаланатын, бірақ ол да қысым жасамайтын. Өздері бір шетінен адал, байсалды, еңбек сүйгіш жандар еді. Мортеннің ойынша, олардың сыпайы ғана осы бір кішкентай үйі бұл арадағы жан сүйсінерлік жалғыз сая еді.

Мектеп каникулы аяқталып, Андресеннің қалаға қайтып оралуы керек болды. Балалары велосипедпен түсте-ақ кетіп қалды да, әке-шешелері кешкі поездардың бірімен кетуге жыйналып отырды. Кетер алдында өздері жолаяқ жасамақшы болып келісіп қойып еді; Андресен өзінің дача қожайындарын курзалға шайға шақырды.

Олар кемпірді де шақырып еді, ол бейнебір жас қыздай болып, ес-түсі қалмай қуанды.

— Міне мен де енді оны-мұныны көретін болдым,— деді ол.

— Онда тамаша деседі ғой! Бірақ ең ақырғы рет бір жүзіп қалғым келсе де, мені суға апармайсыңдар ғой; менің шомылмағаным елу жыл болды, шомылатын жерде тіпті болып көргенім жоқ.

— Шешей жетпіске келіп отырса да, әлі өмір қызығын біледі өзі,— деді Андресен қуаттап.

— Я, бұл кісі бәрін де көргісі келеді, сен сыяқты,— деп жауап қатты Мортен.

Дегенмен ол ашып айта қоймағанымен де, не киіп барар екемін деп абыржып жүрді. Бірақ Андресен фру оған өзінің гүлді муслиннен¹ жасалған бір көйлегін бұзып, тігіп берді де, Мортен велосипедпен қалаға барып құлпырма жібектен қоңырқай жазғы пальто сатып әкелді.

— Үй қызметшісі болғаннан бермен қарай мұндай киім үстіме тиіп көрген жоқ,— деді кемпір қала сыртына шығуға жыйналған бір қыз бен ағаш шеберінің көмекшісі жөніндегі өлеңді айтып, бөлмеде әрлі-берлі қойқаңдап.

Кигем асыл, сеніңіз сіз, фалдера,
Жібек, асыл бізден қалған, фалдера!

— Қыз күніңізде қандай өжет болдыңыз екен,— деді Андресен оған ынтық көз қарасымен қарап.— Со кезде мен сізбен қуана-қуана танысатын едім ғой!

— Я, сен бе, сен! — деп шаңқ ете қалды Андресен фру тәккаппарлана барлай қарап.

Андресен фру мен Вера екеуі балаларды апарып тастау үшін Годхавндағы сүңгуірдікіне кетті де, қалғандары жол-

¹ Муслин — жұқа тоқыма мата.

ға түсіп ақырын аяңдай берді. Кемпір екі еркектің қолтығынан ұстап алды. Өзі жағы сенбей жоқтан өзгені соғып келеді, Андресен оның сөзін естіп, шек-сілесі қата күледі. Қайраңға жақындай бергенде кемпір тұра қалды, оның көңілін суға шомылып жүргендер бөліп кеткен еді. Құм үстіндегі халық жабысқақ қағаздың бетіне жабысқан шыбындай құжынайды; көпшілігі балалы әйелдер.

— Балапан өргізген тауықтар,— деді кемпір.— Ал қораздары жем табу үшін жанталасып, жер тінтіп басқа жақта жүр! — ол тап бір еркектердің қатал тағдырына торыға қайғырғандай болып ойға шомып, шоқынып қойды.

— Шешей, біздің қалада тек семья асырау үшін ғана отырғанмызға, мүмкін, сенбейтін де шығарсыз? — деп сұрады Андресен күліп.

— Ой-ой, құдай сақтасын, айта көрмеңіз! — деп ақжарқын ақтарыла жауап қатты кемпір.— Еркектер жайын білмейді ғой дейсіз бе мен!

Осына бір барынялар аса айлалы амалмен киінген еді: күн көзіне қыздырынуға да ыңғайлы, маңындағы шырқ айналып шырғалап жүрген жас жігіттерге де қызғылықты болу үшін тәнін болар-болмас қана көлегейлей салыпты. Ал балалар боса болмаса да, тыржалаңаш жүр. Мортен әйелдердің көрмеге дайындалғандай, сайланып шыққанын байқады; олар ең таңдаулы гастроном дүкеніндегі тәтті-дәмді шала фабрикат тәрізді: тап-таза, әп-әдемі, сәл ғана қызғылт тартқан тығыншықтай тығыз еттері бордақы тауықтар сыяқты еді! Олардың бет әлпеттері де жоғарғы сортты гастроном бұйымдарын еске түсіргендей; адамды қызықтырып, соғымға дайындалған жыныссыз бордақы тауықтай болып көрінеді.

— Ал менімше бар ғой,— өздері тым тәуір,— деді Андресен жақтырыңқырамай,— егер бала тапқылары келсе, бала да таба алады. Көрдіңіз бе әне, қандай ірі, шып-шымыр балалар! Тек мұндай балалар қай-қайсысында болсын тым аз,— сірә, бала табу интеллигентікке зыянын тигізеді деп қорқатын болса керек.

Бірақ, интеллигенттік дегеннің өзі бұл жерде бір келеңсіз жай-тын. Мортен көп жылдар бойына баспаның шардағында шашылып жатқан өзінің алғашқы кітаптарының бірінің қалдық тиражын станция киоскасының иесіне болымсыз тыйынға сатып еді. Осы кітапқа сатушы алдамшы жаңа мұқаба жасатқандықтан алғашқы күннің өзінде-ақ елу данасы өтіп кетті: кітап сыртында қалың орман ішінде-

гі көлдің жағасында, дауылдан құлаған ағаштың үстінде бір жас келіншек отыр.

— Бұлар тек тәттінің ғана дәмін татып, қаймақ жалағысы келеді,— деді Мортен.— Сондықтан да өздері сондай семіз де... әрі өлі туған жандар сыяқты! Төменгі таптың әйелдері сыяқты күн көру үшін жанталасу дегенді білмейді; бұдан жүз жыл бұрын өмір сүрген буржуазияның қамтамасыз әйелдері тәрізді мәдениетті тұрмыста тұруға бұларда ешбір себеп те жоқ, мүмкіншілік те жоқ, ал қазіргі отасып отырған байларынан бұларға ешқандай қозғау жоқ. Сөйтіп бұлар «иесіз елде» қаракетсіз енжар өмір сүрген сыяқты.

— Менімше, сен өзің тым кінамшыл адамсың-ау деймін,— деді Андресен.— Бұлар өз денесін өте жақсы баптай алады... Және бұлармен бірге отырып тамақ ішу де өте рақат.

Я, анда-санда Мортен де осындай дамалардың бірімен стол басында көрші отырып көрген еді, кішкентай да болса келелі, байсалды әңгімелерді өмірінше қуаттай алмайды, бірақ есуастық мылжың, бос сөздерге күлу мен тап бір шынында да әлдеқандай бір рухани асыл қасиеттері бар жанша, қасындағы отырған жарларына өзіне бірден тартып алар наз кейіппен күте қарап, олардың аузындағы сөзін ду күлкісімен кілт бұзып жіберуге шебер. Оның есесіне өздері жігіттерінің жанына жабыса түскеннен басқа, ләм деп ауыз аша алмайды.

— Немене сүйтіп, бұл жерде өңшең сұлулардың алдында қалшыйып қатып қалғансыңдар? — деген Андресен фрудың даусы шықты арт жақтарынан.

— Я, жалаңаш әйелдерді көргенде Мортеннің жаны қалмайды,— деп қалды Вера.

— Сірә, жалғыз Мортен емес шығар,— деп күң етті Андресен.

Андресеннің сөзінен, кей кездерде көп сенімді жолдасы ара түсетін сонау оқушылық жылдардағы тәрізді Мортеннің жүрегі жылып қоя берді. Сансыз көп басқыштармен курзалға көтеріліп бара жатқан кезде, Мортен көңілденіп қолтықтап алды.

— Біздің шешейге қарашы,— деді ол,— бұл кісінің өмірден көрмегені жоқ, бірақ қалай қартаймаған десеңізші! Сірә, сенің де шешең солай шығар. Жұмысшылар сословиясының мыңдаған әйелдері рухани жағынан өсіп шықты... Олардың күйеулері өздері ішіп-жеп, ақша шығындап, маскүнемдікке салынды да, үйішінің барлық нәубетін әйелдер көтеруге тура келді; күйеулерінің осындай осалдығының арқасында

олар анағұрлым күштірек те сергегірек болды. Ал мынау әйелдер ше? Бұлардың күйеулері, әйтеуір бадырайып тұрған жүліктік болмасын деп, көбінесе күдікті жолдармен оларды барынша қамтамасыз етіп отырады. Олар ешуақытта көңілі алаң болып, мазасызданып көрмейді, өз бетімен білім алу үшін бос уақыт деген жетіп бағады. Бірақ сол ойларына кіріп-шыға ма екен бұлардың? Бір минутке болса да олар өмірдің де, сол өмірдің жағдайларын да ойлай ма екен? Олар жақсылықты да сезінбейді, ал өздерінің жақсы өмірін әйел атаулының бәріне мырза қолмен берілген толық бағалы қазына деп біледі. Осылар да абыржып, өздерінің арамтамақтықпен өмір сүріп отырғанына қарсы шығар деп дәмеленуге бола ма? Еркектердің көзіне не боп көрінеді бұлар? Тек бойын күткен ұрғашылар боп көрінеді. Бізге еркектің ұйқтап жатқан ар-ұятын оятатын табанды, бірбеткей әйелдерді көрсеткен Ибсен мен Бюрсон, амал бар ма, дұрыс жасаған жоқ.

— Бұл не деген сұмдық! Қайтіп қана, сеніңше, менің әйелім жұмысыма көп араласуы керек? — Андресен оның қолын қоя берді де, кемпірдің қатарына барып жүрді.

Барлық террастардағы столдардың бәрінде де копенгагендықтар мен ақ фланель¹ костюм киген швед спортсмендері отыр екен. Эресундта желкен спортына тыйым салынған еді, сондықтан олардың яхталары мен жел қайықтары осы жерде болатын, өздері соларды қурзал террасынан көріп отыру үшін пароммен келген-ді, — дегенмен де мұның өзі шетелді еске түсірді! Андресен әлі бұртылып ашу үстінде жүр, ал Мортен болса, бұл ортада өзін өзі жайсыз сезінді, ашулы кейіппен алдеқайда кеңістікке қарап, өзінің келісім беріп мұнда келе қойғанына да өкінді.

Бірақ оның есесіне екі жас әйелдің екеуі де осындағы жағдайдан жандары сүйсінгендей ләззат алып, әйелдер туалеттерін қадағалай қарап, өздерінің байқағандарын бір-біріне айтысып жатыр; олар сыбырласып оқтын-оқтын үнсіз тұрып қалысып, нақ бір сыйқырланған жандарша, аппақ шағаладай боп отырған спортсмен-яхтклубистерге қадала қарайды. Кемпір бейнебір үлгілі қыз бала тәрізді болып, маңызданып тура отыр, жан-жағына күлімсірей қарап қояды; қолы қайта-қайта пальтосының жібек жағасын ақырына гана аялай сыйпай береді. Ол кешігіп келген бақыттан жайнаң қағып отыр.

¹ Фланель — мақтадан я жүннен істелген жұмсақ түкті мата.

— Неменеге ренжіп отырсың өзің? — деп сұрады Андресен, етженді барбыйған алақанын Мортеннің қолының үстіне салып.

— Осы саудагерлердің бәріне де жыным ұстайды. Өңшең соғыстың алаяқ сұмдары мен өсімқорлар тәрізді азық-түлік товарларының бағасын өсіріп күн көретін саудагерлер, — осы отырған орта менің тек тауымды шағып отыр!

— Сеніңше майдан даласынан ненің нісі шығады?

— Қан мен парша-парша болған адам етінің нісі шығады — ой сұмдық! Ал мұнда өлексенің етін қазып жейтін өңшең шүйе бөрілер сасыйды. Бұл әлгіден де әрмен жаман, жан түршігерлік!

— Түу, сайтан алғыр, хайуанаттар бағындағы қорқау қасқырлар тұратын тор есіме түсіп кетті ғой. Осында, өз отанымызда тұрған бізден де аналар сыяқты сасық ніс аңқып тұратындай болып көрінеді-ау деймін саған? — Андресен Мортенге түйіле қарады. — Өлтірсең де түсінбеймін! Рас, мен, халықтың көп жыйналатын жерінде әсіресе, кедейлер бас қосқан жерде ауаның қатты бұзылатынын байқадым. Сірә, саған шүкірлік етпеске шарасы жоқ, әртүрлі заттардың баламаларынан бұзылатын болса керек. Бірақ біз өзімізге әзір жөн тұзу тамақ тауып ала аламыз ғой, тек әйтеуір ақша болсын де; әйелдерімізге сабын да, әтір де тауып бере аламыз. Олай болса, мұның маған түсініксіз.

— Солай бола тұрса да — немесе, дұрысырақ айтқанда, сондықтан да — мұнда шүйе бөрілердің нісі аңқыйды! Осы бір сасық ніс қыр соңымнан қалмайды!

Андресен екі иығын қусырып бір көтеріп қойды да әйелдерге бұрылды.

— Ой, акыр аяғында, әйтеуір, бізге де аздаған уақыт таптыңдар-ау! — деп салды Андресен фру.

— Сендер өз беттеріңмен болып жатыр екенсіндер, біз кедергі жасаймызба деп қорықтық! — деп сылтың ете жауап қатты Андресен.

— Міне, нағыз жігіттер деп мыналарды айт; ана қараңдаршы, әйелдерінің қолдарынан сүйіп жатыр! — Андресен фру екі еркекке елеурей қарады. — Сендердің ешқайсыларыңның ойларыңа да кіріп-шықпас еді.

Мортен шешесінің қолын алды да ерніне апарды. Кемпір сәл ғана бір қобалжып, абыржый бастады, қоңырқай теңбілдер қаптаған әжімді қырыс қолы қалтырап қоя беретін еді. Кемпір баласының бетінен сыйпады.

— Сен одан да өзіңнің жас әйеліңнің қолын сүйсең етті;

оның қолы аппақ, әп-әдемі ғой,— деп күбірледі ол қысылыңқырап.

— Әрине! Сенің қолдарың басқа қолға қанша қызмет етсе бар ғой, мама, оның қолдары да сонша қызмет етсін, сосын мен оны қандай сүйер екемін.

Вера басын серпіп тастады.

— Мен әйелдердің аппақ, әдемі қолдарын қуана-қуана сүйер едім,— деді Андресен, екі көзін Вераның қолынан алмастан.— Тамаша әдемі қол сіздің Дагмар апайыңыздың қолы ғой, қандай сүйкімді. Ол мейрімділіктің апайы болу керек.

Әйелі оған сылтың ете қарады, тіліне шайырғал, шайпау сөздер оралып еді, бірақ үнсіз шыдап қалды.

Шай түкке тұрғысыз болды, тым құрмаса тіпті липалы да, алмалы да болмады; тек, әйтеуір, бағасы жоғары болып шықты. Бәрінің де көңілдері төмен түсіп кетті.

— Жүріңіздер, одан да үйге барайық,— дегенді айтты Андресен фру,— мен сендерді кофемен сыйлайын, Андресен клиенттерінің біреуінен бір килограмм нағыз кофе әкеліп еді.

— Ох, кофе! — кемпір қуанғаннан секіріп кете жаздады; өзі де көп жылдан бері кофе ішпегендей болып жүр еді.

VIII

Дүниежүзілік соғыс кімнің бетін ашып берді

Міне енді сөйтіп күз де келіп қалды. Дачниктер қалаға қайтып, бақтар мен ормандар тап бір енді көріктенудің қажеті жоқтай-ақ жазғы сәнінен айрылды. Мортен таңертегілікте бақта жұмыс істейді де, түстен кейін кеп жазу столына отырады, ал кешкілікте Андресенді өгейсиді. Олар онымен жиі-жиі әңгімелесіп тұратын еді. Андресен өзінің дөрекі тәкаппарлығымен жер бетіндегі нәрсенің барлығына да тым әдепсіз қараған кездерде, Мортен ылғый да күйіп-пісіп ызаланып қалатын да, бірақ сол арада-ақ, Андресен өзінің адал бір беткейлігімен соның барлығының тігісін жатқызып жіберетін.

— Әрине, я, я,— дейтін еді ол,— сен мені қанша қажасаң да ренжімеймін, өйткені сен менен гөрі ақылдырақсың, театр мен кітаптың қадірін білуді де үйреткен сенсің; устрица жеуді де үйреткен сенсің ғой, сайтан алғыр, өзім осының екеуіне де бірдей разымын. Сенің көңліңе жағу үшін, аптасына бір жаңа кітап оқып отыруға да қарсы емес-

пін, бірақ тәтті-дәмді, шырынды заттың дәмін татып, жеңсігімді басуға менің де ерікті болғым келеді! Бұл жөнінде сен менің бетімнен қақпа!

Жаз өтіп, сол жазбен бірге копенгагендықтардың мұндағы сапырылысып жататын қыймылы да құрыды; жолдардың барлығы да аңырап бос қалып, жым-жырт бола бастады. Анда-санда адвокат Бек қалыпшы Ольсен, қызын еріткен Петра Дрейер сыяқты кешіккен жазғы сәлемшілер келіп кетіп тұрады, негізі күндердің өзі бірқалыпты өтіп жатты.

Бір күні таңертең аула есігінің алдында Свен-Утеха велосипедін тез тежеп, кілт тоқтай қалды; оны қыз бастап алып келеді; екеуінің де велосипедінде де қаптаған пакеттер тұр.

— Біз тек көрісіп кетуге ғана бұрылып едік! Серуенге шығуға дайындалдық, палаткада тұрамыз! — деп дабыстады Свен-Утеха бақ ішінде жүрген Мортенге.

Мортен ырсыя күлімсіреп, жалма-жан аула есігіне қарай беттеді.

— Сәлеметсіз бе, Агнес, қош келіпсіз! — деді ол сампылдап қызға қолын соза беріп.

Ол сыңғырлай күлді.

— Агнес деген менің бұрынғы атым ғой, — деді ол көңілді кейіппен, Мортеннің қолын қысып жатып. — Менің атым Анна.

— Ал, олай болса — сәлеметсіз бе, Анна... сен де амансың ба, достым, — Мортен Свен-Утеханың иығынан құшақтап, бетінен сүйді. — Кіріңіздер, мүмкін, сіздер аш та шығарсыздар.

— Жоқ, біз жолшыбай тамақ іштік, өзімізбен ала шыққан тамағымызда жік жоқ.

— Палаткада жатып ұйқтау тым суығырақ болмай ма? — деп сұрады Мортен, екеуімен бірге үйге қарай келе жатып.

— Жоқ, о не дегенің, Мортен аға-ау, біздің екі кісілім тамаша кең төсекқабымыз бар!

— Олай болса, әрине! — деп жауап қатты Мортен аса сенімсіздеу үймен. — Жасыратын не бар! — Ол өзі үшін бақытты жастық шақтың өтіп кеткеніне де өкініп қойды.

Олар Мортеннің кабинетінде отырып, көңілді әңгімелесті, кемпір бутербродтар мен сыра салған поднос әкеп қойды.

— Түскі асқа қарай алмайтындай соншалықты асығыс болсаңдар, — аз да болса мынаумен әлденіп алыңдар! — деді

қалжыңдаған ол.— Егер сендер тіпті еркін саяқатқа шығып, бір-бірлеріңе шексіз қуанышта болсаңдар да, бәрібір жалғыз ауамен ғана күн көре алмайсыңдар.

— Шешең неткен тамаша адам еді! — деді Свен-Утеха кемпір шығып кеткен кезде.— Байкайсың ба, менімше сенің әйелің Элен сыяқты. Олар қайткен күнде де буржуйка болғысы келеді. Анна сөйткісі келеді. Бұлардың көпшілігі сондай ғой!

Анна оған наразылық білдіріп, ренжіп қалғандай бетін тыржыйтты.

— Ой, қойшы! — деді күліп Свен-Утеха.— Мен мұның жайын Жастар одағында жүріп білмеді ғой дейсің бе? Біз сыяқты сүйеніштерің болып тұрғанда, сендер бір өте жақсы жандарсыңдар, ал бірақ өз аяқтарыңмен қаз басып тұра алмайсыңдар!

Мортен екеуін келістіруге тырысты.

— Әйелдерге бұғаудан босану әлдеқайда қыйыншырақ соғады. Ойлашы өзің, олар жүз жылдар бойына еркектерге күнше бағыну жолымен тәрбиеленіп келді. Ал егер олар басқаша әрекет жасаса... — Ол Вера жайын еске түсірді де, мүдіріп қалды.

Жастар қоштаса бастады.

— Біздің демалысымыздың не бары үш-ақ күн екенін түсінесің бе? — деді Свен-Утеха.

Олардың тау алқабына қарап зымырай жөнеліп, жағалау жолмен қалай бұрылғанын қарап тұрып Мортен жүрегі қуанышқа бөленді.

Корыта айтқанда жаз жамаң өткен жоқ. Қымбатшылықты да бұрынғыға қарағанда елдер жақсы атқалды, мүмкін, белгілі дәрежеде Андресен фрудың әсері тиген болу керек, Вера да әжептәуір ынтымақшы болды.

Андресен фру аса ақылсыз адам еместін және өзі жақсы да киінетін; күйеуге шыққанға дейін ол темекі фабрикасында жұмыс істеген, әйел ретінде алып қарағанда ол өзі бір ақылды да пайымды адам еді, жаңа жағдайларға тез икемделіп, фабрикант әйелінің ролін де атқарып кетті. Бірақ аз уақыттың ішінде ол үш ұл тапқаннан кейін, ерлі-зайыпты екеуінің арасы суыңқырай бастады.

— Менен гөрі әйелім ақылдырақ, — деді бір сөзінде Андресен, — мұнымды ешбір еркек жақтырмайды. Өз әйелің өзіңді калошқа отырғызып кету, дегенмен де, тіпті ерсі-

рек болатын көрінеді. Бұрынғы кезде, қарапайым жұмыскерлер ретінде тұрғанымызда, оған ұрсып-зекуге де, тіпті болмай бара жатса, ұрып алуға да болатын еді; ал енді қазір өйтуге болмайды, қайдан болсын, өзіміз білімді адам боп аталамыз ба деп жүрміз. Бірақ қанша білімді адам болғанмен де мен кей-кейде жарылып кете жаздаймын, ал енді мен оның көмейін бітеп қоя алмаймын.

Оның әйелі өте қызғаншақ еді, және өзі Андресеннің діңкесін де құртып бітіретін. Салқын ғана паң сылтыңымен сыз беріп қойғанымен, бет-әлпеті қой аузынан шөп алмайтын момын жанды танытқандай еді. Андресен шынжырдағы аюдай алпарысатын. Оның шынжырды үзіп кеткісі келетіндігі, бірақ «білімділіктің» жібермей жүргендігі бесенеден белгілі болатын. Соңғы кездерде Вера да Мортенге шайпаулық көрсетіп, бұлдыр мегзеулер жасап жүргенмен де, өзін-өзі байсалдырақ ұстады.

— Тек бұл ұзаққа бармайды,— дейтін кемпір.— Вера мейірімді жан болғысы келеді, міне ол сондықтан да Андресен фруға еліктейді. Бұл күнгі маңызды дамалар енді еркектерден қорықпайды да. Ал өздерін-өздері аса қатал да ұстамайды, олардың қайраңда қалай жүргендерін мен өз көзіммен көрдім. Сенің де Вераның артынан көз болып жүруің керек еді, бір тамаша күні ақсүйектер жағына ауып түсіп жүрмесін.

«Онда жақсы болар еді» деп ойлады Мортен, бірақ есін жыйып:

— Менімше, одан қорықпай-ақ қоюға болады ғой деймін, мама,— деді.

— Я, я. Әрине, сен менен гөрі тереңірек адамсың ғой. Ал мен бар ғой, Андресен фру екеуінің Эльза үшін ғана сонша уақыт қайраң басында қаңғып жүре беретініне сенбеймін.

Оның несі бар, Мортенге бәрі бір тәрізді болып көрінді, мұнысына өзі де қайран қалды.

— Бірақ жаз да бітті ғой енді, мама,— деп жауап қайырды ол.

Я, күн сайын дачниктер тобыры тоза бастаған еді. Ағылшын ақсүйек-помещиктеріне бітетін тұлғамен тайраңдап жүретін «жарлылар жарылқаушысы» да көрінбейді, ол енді қазір Пелленің тамаша-тамаша бульварларына барып қосылатын салтаттылар жүретін жолдардың үстінде рақаттанып кетіп барады. Көше иелері де дворяндардан алған өздерінің усадьбаларына тарап кетті; коммерсанттар да чемодан-

дарын қаттап отыр. Балықшы жұрты «Алтын жағалау» деп атайтын — оңтүстік жағалауда, өздерінің Виллаларын түпкілікті тұруға ыңғайлап алған, астанада қысты күні бір-екі-ақ ай болатын бірнеше байлар ғана қалған еді. Олар өздерін біртүрлі викингалар, тәрізді санап жүрді, ал шынына келгенде, олар астанада төлейтін көп алым-салықтан құтылуға тырысты.

Тағы басқа «төрелер» — толып жатқан агенттер, ұсақ чиновниктер, жаз айларында семьяларын балықшылар мен қолөнершілердің аядай бөлмелеріне әкеп тықпалаған суретшілер мен артистер қайтадан қалаға қарай тартты. Бұлар «шала ақсүйектер» еді. Олар құдай жұмағына жапсарлас тұрды, оларға жұмаққа қарауға рұқсат етілді, бірақ кіруіне болмайды.

Годхавнның тура қарсысында, «ақсүйектер» мен «шала ақсүйектердің» шекарасында, сыпайгершілікпен «лашық» деп қана аталатын, деревня салтымен салынған бір әп-әдемі, кең вилла тұратын еді. Бұл үйдің иесі жасы елулерді алқымдап қалған, денелі, жуан еркек, ол да Годхавннен шомылатын жерді арендаға алған, тура Мортеннің алдында ғана шомылады. Олар көпірде жиі-жиі кездесіп тұрады, кездескен сайын діни қызметкерге біржері ұқсап тұратын, үнемі қара киім киіп жүретін, кербез барып шомылатын жерді әрқашан тура мерзімінде босатып тұрса да, тиісті уақытымнан гөрі кешігіңкіреп қалдым деп ылғыйда майда, мүләйім үнмен кешірім сұрап тұрады. Әңгімелесіп тұрғанда, өзі Мортенге қарамай, жағымпаздану ретінде қолын Эльзаның басына салып, көзін су бетіне жүгіртетін бір жаман әдеті бар еді. Әлде жүрегінің елжірегендігінен бе, жоқ әлде күйгелектігінен бе қолы дәрменсіз ғана дірілдейді. Неліктен екенін кім білсін, Мортенге, осы адамды өзі бір кезде білетін сыяқты болып көрінеді де тұрады және сол адам өзінен қорқатын тәрізді, бірақ мұнымен қайда жүріп, қашан кездескенін есіне түсіре алмай-ақ қойды.

— Осы мейірімді ағай кім? — деп Эльза әлденеше рет сұрады.

Я, айтты айтпады кім? Тіпті барлық көрші-қолаңдар мен дачниктердің тырнақ астындағы бүкпесіне шейін білетін Ольсен мадам да бұл кісінің жайынан жөнді ештеме айта алмады. Бар болғандағы білетіні, — ол товармен саудагерлік жасамайтын, бірақ солай бола тұрса да, қыйын-қыстау жағдайға душар болған адамдарға қарыз беріп тұрарлық ақшасы бар адам. Ол өзін баспаханашымын дейді және

қалада екі бөлмелі баспахана сыяқты бірдемесі бар деген сыбыс та бар. Бірақ онда ешқандай жұмысшысы жоқ көрінеді, мұндай баспахананың оған қанша керегі бар екенін білу мүмкін болмады. Бірақ, әйтеуір, алдамыш ақша басу үшін емес деп сендіреді Ольсен, өйткені оның ақшалары «дұрыс ақша».

— Ал негізі бар ғой, теңізде алуан түрлі балықтар көп, солардың әрқайсысы өзінше қоректенеді. Мына қараңызшы, жазушы мырза! — Кухня столының басында тұрып ол бір үлкен тресканың баурын тіліп еді, оның ішінен қылқан-мылқанмен қоса жұтып жіберген қылтанақты бычок¹ шықты. — Қылтанақтың қанша пайдасы бар! Сіз болсаңыз өткір-өткір кітаптар жазасыз, ал Ольсен мадам болса, оның тілі ашы деседі, бірақ екеумізді де бірдей жұтып қояды.

Я, мұнда алуан түрлі балықтар көп еді, әртектес, нешеқыйлы жыртқыш балықтар бар. Мортен ісінің сәті түсті: соғыс кезіндегі қоғам, бұл жерде, толық бейнесімен көз алдыға келді. Жатқан бір аквариум² Кейбір түрлерін тексеріп, олардың өмір сүру қаракеттерін қадағалап бірнеше сағат бойына отыруға болатын еді. Мұнда бүкіл ел қалтырайтын жоғарғы әділ соттардың өкілдері бар; олар егер ондай-мұндай қате жіберетін болса, айыптылар орындығына тіпті үкіметтің өзін де отырғызып қоя алады. Өздерінің соттық мантияларын киіп шыққан кезде, жұрттың бәрі де олардың алдында діріл қағады, бұл жерде олар кәдуелгі қарапайым тіпті сүйкімді жандар сыяқты болып көрінгенмен де, жетім-жесірлердің дүние мүлкін талан-таражға салушы нағыз қаскүнемдердің өзі болып шықты. Бұл жерде басқармаларында жыйырмаға жуық ірі-ірі акционерлік компаниялармен мәжіліс ашатын, сөйте тұрып, қулық жасап, өздерінің көп уақытын курзалда өткізетін қоғамның асқан күдіретті адамдары бар. Данияша бір ауыз сөз білмейтін, быртыйған семіз қолдарын түк басқан, қастарына таңғажайып сұлу қыздарын ертіп жүретін бет-әлпеттері топастықты танытқандай семіз-семіз еркектер де бар. Еліміздің көмекші қорларының барлығы да оларға толық белгілі, солардың көмегімен ол шетелге ағылып кетіп жатыр. Қазір, соғыс кезінде, басқа ұлттың жұмысшысына немесе үй қызметшісіне, өзінің осы елде тұратын уақытын ұзартып алуына тіпті мүмкіншілігі жоқ десе де болғандай еді, — бұл адамдар

¹ Бычок — Қара теңіздегі ұсақ балықтардың бір түрі.

² А к в а р и у м — су хайуанаттарын қолда асырау үшін ішіне су құйылып қойылған шыны сандықша.

тая бір жер шарының қай жеріне болса да еркін пропускасы бар адамдар тәрізді еді. Олардың барлығы оңтүстікке келсе, елшілік алдындағы шіреттің ең соңында бірнеше сағаттар бойына сарғая күтіп, сонда да рұқсат ала алмай шығатын басқа қарапайым адамдар сыяқты емес, телефон арқылы айта салып, рұқсат алатын еді.

Соғыс алдындағы жылдарда қай салада болмасын ешқандай тыянақ болмады. Күн көрістің жөнтүзу мүмкіншіліктерінің барлығы да түгесіліп, мал табудың күдікті тәсілдері ашыла бастаған сыяқты болып көріне берді. Енді ғана белгілі бір уақытша тыянақтылық орнады; соғыс баюдың осы жыртқыштық тәсілдерін әспеттей түсіп, сол тәсілді қолданып жүрген адамдардың күн көрісін қамтамасыз етті. Адал еңбекшілердің қарны тоймай, тіпті ашығып отырғанда, еркін өмір сүруге мүмкіншілік беріп, күннен күнге табыстың жаңа қорлары ашылып отырды. Соғыс барған сайын қаталдай түскен ұшы-қыйыры жоқ көп дәлелдердің ең соңғы ұшығы болып саналатын еді; ал сол соғыс ұзай түскен сайын, негізгі тәртіп мың құбылып, ондағы лайықсыз деп есептелетіндердің барлығы да кәдуелгі жөнтүзу іске айналып, тіпті айта берсеңіз, өмірдің алтын ережесіндей болып кетті. Соғыстан кейін пайда болайын деп тұрған осы жаңа қоғам да қайтіп қана алдау мен арбаудың, талау мен тонаудың негізінде құрыла қояр екен?

Негізі — соғыстың өзі бүкіл дүние жүзіне берік баяндап қалғысы кететін сыяқты; бір елден соң бір ел соған тартылып келеді. Алғашқы кезде оң ниетті адамдар соғыс өте тез аяқталады деп малданып жүрді: қарсыласушылар жағы соғыста қан төге қырылып, әбден қалжырап бітер де, соғыс бастаушылар дүние біткеннің барлығын бірдей харапқыла берудің қыйсыны келмейтініне ақыр аяғында түсінер деп ойлаған еді.

Енді соғыстың әлі де болса біраз уақытқа дейін созыла түсетініне жұрттың көпшілігінің көзі жетті. Бұл жердегі емес, миналар құрылған Эресундтағы балықшылар соғыстан пайда тауып тұрды; деревня тұрғындары да одан ешқандай опық жемей, сол соғыстан күнін көрді. Күдайға құлдықшыл хутор иелері мұны бір құдыретті кәсіп біліп алды: май, жұмыртқа, шошқа еттері ақырында шырқап барып нағыз бағасына жетті. Хутор иесі Сэрен Педерсен күнде майымен, жұмыртқаларымен өтіп бара жатып: «Егер соғыс әлі де болса бір жыл созыла түссе жақсы болар еді!» дейді. Жоғарғы қауымдар қолдарынан келгенше аянбай саудагер-

лік жасап бақты; олардың көпшілігінің мәдениеттілігі сонша, өздері сауда жасай отырып, соғыстың қатал тағдырына қарғысын айта жүретін еді.

Тек жұмысшылардың ғана соғысты қостайтын қостамайтын белгілі бір көзқарасы болмады; фабриканттар мен кеме иелері ақшаны күреп тауып жүрсе де, ұялмай-қызармай, қоректік негізгі азық-түліктерге мемлекеттен ақшадай жәрдем алып отырғанда, олар белі бүкшиіп, болмашы еңбекақы үшін өз ажырықтарының астында жүріп жұмыс істеді. Бағасы құтырып, қара базардан қайта шыға келуі үшін магазиндердегі товарлар да күннен күнге көптеп құрып бастады; магазиннен бір товар құрыған сайын, өкіметтерде дереу біле қойып, «кішкентай жандардың» мүддесі үшін оған ең барып тұрған шырқау бағасын қоятын еді. Жалпы алғанда жұрттың бәрі де солардың айналасында бәйек қақты: шіркеу кафедрасының дұғаларында да, Ригс-дагтағы сөз сөйлеушілердің сөзінде де, солардың аман-есен болып, бақытты тұрмыста тұруының қамқорлықтары жайлы ертеден қара кешке шейін жазылып та, айтылып та жүрді. Өкімет басында бірнеше жылдар бойына либералдық буржуазия тұрды; шынына келгенде, ұлт болып отырған «кішкентай жандардың» қамы үшін үкіметте енді жұмысшы өкілі бақылау министрі пайда болды. Бұл құрт-құмырсқаларға қарсы қолданатын дәрі-дәрмектей әсер етті: тап бір сыйқырлықпен көзін құртып жатқандай, саудагерлер товарларын жалма-жан жасыра бастады. Анда-санда жаза кейбір өте ұятсыз саудагерлердің басына төніп қалады, мұндай жағдайда оны басқаларына да үлгі болсын деп сескендіріп, қарабет етіп жұрт алдына шығарды. Бірақ бұл да әлгі картофель даласына, тірілерін сескендіру үшін өлі қарға іліп қойған шаруаның ісіндей болып шықты: қарғалар сол сескендіргіштің үстіне кеп қонады. Ал Рождествоның алдында «жарлылар жарылқаушысы» тотыйып қала жаздапты деген сыбыс естілді: кедейлердегі рождестволық копилкаларда болуға тиісті ақша болмай шығыпты. Бірақ ол төніп келе жатқан жайсыз жағдайлардың бетін қайтарған өзінің ақша компаньонын шақырыпты да, екеуі бірлесіп алып кішкентай жандарды жарылқай бастапты. Сөйтіп «жарылқаушының» алған король ордені аброй болып аман-есен қалыпты.

Мортен ауыр кезеңдерді басынан өткізді. Ол қазіргі туып отырған жағдайлар мен өзінің әлсіздігіне ызаланды. Ой, шіркін, адамзатты арамтақтардан тазартар дәрмені болса! От басының ырың-жырыңы да көңілін көтертпей қойды.

Вера тағы да қайта-қайта әңгір таяқ ойната бастады, кемпір сырқаттанып қалды, жоқшылық та жан-жақтан анталап, жалақы жетпеді. Бәрінен бұрын отын қыйын болды, ол тіпті қолға түспейтін болып кетті. Май мен жұмыртқа көздің ағындай ғана пайдаланылады, негізгі тамақ нан болды; күніне екі рет каша желінеді. Кемпір өне бойы тоқып отырады: тамақты да жөндеп ішпейді, бірақ оның есесіне сағатына бір чашке кофе ішсе де көпсінбейді. Кофе! Кофе! Мортеннің де жүрегінің басы сазғанша кофе ішкісі келеді де тұрады. Кофеден тек басының ауырғаны ғана жазылады.

Және де бәрі бірдей майдың жетіспеуінен қыйыншылық көріп жүр. Бір күні Эльзаны қолынан жетектеп, үйге кемпір келді; екеуі де бір жапырақ шошқа майын құмарта шайнап тұр, май тіпті иектерінің астына шейін ағыпты. Олар жіптен жел ұшырып әкеткен көйлекті апарып беру үшін жанымыздағы дачаға барыпты.

— Білдің бе, папочка, олардың кухня столының үстінде үп-үлкен боп деңкиіп шошқаның майы жатыр, өздері оны айнала қоршап алып, жеп тұр!

— Я, шошқаның жыйырма отыз пунттай сан еті көрінеді! Қолдарына қайда түсті екен десеңші — сірә, даладан тауып алған болу керек! — деп қосып қойды кемпір.— Міне қызынан бір-бір кесек май сұрап алдық, тіпті шыдап тұра алмадық!

Я, қайдан шыдасын! «Екі қомағайдың» түрін көргенде Мортеннің де аузынан сілекейі тамып кетті. Екеуі тіпті нанысыз соғып тұр!

Бұл соғыстың өзі, халықты айта қалғандай аса күйзелте қоймаса керек; қайта, халық бұрынғыдан да гөрі көбірек көңілденіп жүреді. Бұл не — құрбан болайын деп тұрған шарасыз адамның ақырғы шолжыңы ма, немесе дарға асылған адамның ең соңғы тұяқ серпуі ме, жоқ әлде өздеріне түк жұқпай судан құрғақ шыққанның қуанышы ма? Мортен өзіне өзі: Дания үшін төніп тұрған қауіп-қатердің қарасы өшкен кезде, майдандардан келіп жатқан суық хабарға қаннен қаперсіз, немқұрайды караудың өзі кәдімгі Дания адамдарының қасиеті болып санала қояр ма екен? деген сұрақты қойды. Кейбір организмдердің қалтырап қаймыққаны сыяқты мүмкін мұның да өлім аянкестігі шығар? Олай болса, аяңкестер өздерін тым шыйрақ ұстап, өмір рақатын көріп, шамаларының келгенінше ішіп-жеген екен! Тек «азамат соғысы» деген сөздер ғана ақыл-ойды тебірен-те алар еді. Осы бір сөздер әуеде шарлап: біресе Германия-

дағы келеңсіз жайлар туралы сыбыстар шығып, біресе орыс полктары көтеріліпті-міс... деген қауесеттер таратып жіберді.

Бүкіл дүниежүзілік соғыстан Мортен ескілік біткеннің барлығының да тас-талқан боп күйрегенін көргісі келіп еді; шынында да қандай ғана нәрсе болмасын барлығында да елеулі-елеулі қозғалыстар болды. Бар үмітін лотерей ұтысына артып, кішкентай мастерскойлар ұстап отырған қолөнершілер өз тағдырларына талшық етпекші болып, қолтықтарына портфельдерін қысып, күтпеген жерден лотерей агенттері боп шыға келді. Бұлай істей қояр деп ешкім ойламайтын құрметті адамдардың өзі биржада ойнап немесе шетел валютасымен саудагерлік жасап жүретін болып шықты. Күннен-күнге жұрттың бәрі де, тап бір ескі нәрсенің ұзаққа бармайтынын алдын ала сезгендей-ақ тылсым дүниеге қарап ұмтылады. Су түбіне батып бара жатқан кемеден қашқан егеуқұйрық қандай болса олар да сондай!

Баяғы, ежелден келе жатқан менікі мен сенікі дегеннің шекарасы жойылып кетті! Бұрынғы адалдықтың айғағындай болған жұрттың барлығы да бейне бір құзғындай болып, көрінген нәрсеге ұмтылатынды шығарды: жіпте жаюлы тұрған су ішкиімдер мен балалардың кішкентай күймесін ішіндегі бала-маласымен қоса ұрлап әкетіп, баланы кейін бір есіктің алдына апарып тастап кететін болды. Далаға қойып кеткен велосипедін біреу міне жөнелер деп қорқып, Мортен әрдайым кетерінде қадағалап тұрып оның жүргізгішін жауып кететін еді, сөйтсе де бір тамаша күні велосипедіне қайтып келсе, шендері, қоңырауы, сумкесі, насосы жоқ болып шықты. Таңертеңгілікте балаларға деп есік алдында қалдырылған нан мен сүтке қандай жауша тисе, өлген адамдардың молаларына сондай жауша тиді. Эльзаға мола тонаушылардың түнде ескерткіштерді қалай тонап, қоласы мен латунын қалай сыпырып алатынын газеттен оқып беріп отырғанда, кемпірдің тұлабойы тітіренді. Қалтаға түсу, әйелдерді зорлау дегендер күнделікті тұрмыс салтына айналып кетті.

Данияның руханий бейнесі де өзгеріп кетті. Соғыс жылдарының алдында байқалған кейбір еркіншілікпен дүние жүзіндегі ең білімді демократиялық ұлт қатарына жатамыз деген тәкаппарлық сезім құдай алдында шұлғып құлшылық ете беруге жол берді. Грунтвигинт шаруалар мен әртүрлі сектанттардың және сол сыяқты нәрселердің барлығының арасындағы айырмашылықтар жойылды: барлығы

да соғысты бір көктен көнек болып тұрған игілікті жауын деп есептеді. Тіпті либерализмнің ошағы болып, қоғамның ірік-шірігінің барлығын да аяусыз ашып отыратын бұрынғы дәрігерлер де көпшілігі алған беттерінен тайып, осына бір тамаша жағдайлардың жетегіне еріп, қазіргі тәртіпті қорғап, қарапайым халықтың көзіне топырақ құю шеберлігі жөнінде санақшылармен жарысқа түсті. Олар ауызша да, жазбаша да бөлменің салқындығы мен қарынның аштығының пайдалы екендігін дәлелдеп, балама заттарды мадақтайтын гимндерді шырқады: маргарин кенеттен сарымайдан тәуірірек болып шықты, халықтың денсаулығы, олардың көзқарасы бойынша, қарапайым халық барлық нәрседен таршылық көріп отырса да, қазірдегідей ешқандай да тәуір жағдайда болмаған болды.

Соғыс аздырып жіберді десіп жүрді дана-сымақтар. Мүмкін, сол соғыс, тек жұрттың бет пердесін ғана ашып берген болар? Кеше ғана өзінің адамгершілігімен, еркін ойлылығымен мақтана масайрап жүрген ұлт еді, ал енді соның бәрі де, бейнебір опа мен бетке жағылған қызыл бояудай өшіп, оның астынан кәрі сайқалдай қылымсып, азуын ақсыйтып реакция шыға келді. Милитаристер қайтадан құрметке ие болып, ескі қатал заңдар мен өлім жазалары жаңғырып шықты. Өлім жазасының шашпауын көтерушілер қыймылдай бастады.

Шаруашылықтың барлық саласы да қожырап кетті! Мұндай жағдайдың болатынын Мортен Борнхольмде, үйінде жүргенде-ақ біліп еді: ерекше бір асқан еңбекпен мәдениетті жағдайға келтіріп, бетін құнарлы топырақпен қыртыстандырған жер көзді ашып-жұмғанша-ақ құлдырап, қайтадан құлазыған далаға айналып кетті. Тамырын терең жіберген ескілердің барлығы да жұқа ғана мәдениет қыртысының астында өмір сүріп, қайтадан тебіндеп сыртқа шыға бастады. Бірнеше ұрпақтардың еңбек етуін керек ететін мәдени учасоктің қайтадан құлазып қалуы үшін екі-үш жылдың өзі-ақ жеткілікті еді.

Соғыс сүреңсіз орта ғасырды қайта тудырып, еврейлерге сүргін салып, қанішер жендеттерін жалақтатып, дін бұзарларды аулатты! Реакционерлік шабуылға шығуына байланысты мешандар да әдеттегідей қыймылдай бастады.

Тек жұмысшылар ғана осының барлығына да көңілсіз, сылбыр қарап, өйтіп-бүйтіп өмірге икемделді. Өздерінің наразылығын олар тек бір ғана түрде көрсетті: газ тұрба-

ларының шүмектерін ашты; өмірмен есеп айырысу үшін қасақана қымбатты коммуналдық газды шығындаған семьялар жайлы газеттерден жиі оқып тұруға тура келді.

IX

„Эльдордо көң-қоқыры“

Мортеннен әйгілі «Луис Пио имениеси» деп аталатын астана түбіндегі бау-бақша участкелерін мекендеушілерге арналған митингіде сөйлеуін өтінген еді; міне енді ол кілтші Биструптан (бұл — сүңгуірдің бауыры еді) хат алды, ақыры митинг болатын болыпты. Әрине, мұнан әрі соза берудің де жайы жоқ еді, онсыз-ақ осына бір істің өзі біртүрлі оғаш боп көрінген-ді: декабрь айының бас кезінде далада митингі өткізу деген не сұмдық! Бірақ екінші жағынан алып қарағанда, жұртқа дәлелдеп көрсету үшін қазір бір нағыз қолайлы мезгіл еді: қаусаған, көне тақтай лашықтардағы өмір бейнесі мынау қысқы көріністе ерекше бір күшті әсер тудыруы керек.

Копенгагенға сапар шекпес бұрын сүңгуірдің семьясына соға кетіп, астанадағы туған-туысқандарына Биструп фрудың сәлемін ала бару үшін Мортен Годхавнға жол тартты. Биструп сүңгуір «қатерлі аймаққа» кеткеннен бермен қарай, оның азғантай семьясы өне бойы еңсесі түсіп, үрейлі күйде отыратын болған еді. Сол бір жерден су түбіне кеткен кемелер жөнінде әлсін-әлі жаманат хабарлар келіп жатады.

Биструп фру Мортенді жылаулы көзімен қарсы алды.

— Міне, енді ақырында бұл хабарға да жеттік-ау! — деді ол, өксігені немесе күлгені белгісіз болып.— Міне енді болар іс болды! Ой, құдайым-ай, құдайым-ай, жылаудың өзі күна да, ұят та, өйткені, айтеуір, аман есен қалды ғой. Бірақ қайтсем де шыдай алар емеспін.

Ол Мортенге күйеуінің хатын ұсынды. Күйеуі штурман болып қызметке орналасқан кеме, Доггер қайраңының маңында, Германия сүңгуір қайығының қолына түсіпті, отыз алты сағат бойына Терістік теңізде сал үстінде қалқыпты, сонан соң барып оларды бір аушы қайық ұстапты да Эдинбург маңындағы портты қалаға жеткізіпті. Күйеуі өзінің барлық дүние-мүліктері мен көйлектерінен айрылыпты, бірақ кейін қайтаратын шығар деп үміттенетін көрінеді. Ал

енді ол тап сол кезде осы портта тұрған сол компанияның бір кемесіне қызметке кіріп, шығынын қайтармақшы болыпты.

— Тек үйге қайтуға келісімін берсе екен десеңізші! Бірдеме етіп күн көрер едік-ау. Және балалар да айтқан тілімді алмайды, әкелері үйден ұзап шығып кетсе болғаны, оларды жөнге салып отыру маған қыйынға соғады.— Оның бет әлпеті біресе күлімсірегендіктен, біресе көзден аққан жастан қыйсайып кетеді; әп-әдемі, қашан да болмасын езу тартып күлімсіреп жүретін, сергек әйел өзіне мүлде ұқсамай кетіпті.— Сол бір әкетайымыз болмаса, біздің бәріміз де түкке тұрмаймыз, міне бар қасірет сол ғой! Рас ол соған тап болған екен, енді қайтқысы келмеді, оның өзі тым намысқойлау адам.

— Балаларға ер адамның сөзі керек болды-ау деп сезінген кезіңде, оларды маған жіберіп тұр,— деді Мортен.— Мен өздерін көптен көрген емеспін.

— Бірақ бір жаман жері, ректор... жоқ, әрине маған, оны айтуға болмайды, өйткені балалар сізді өте жақсы көреді. Бірақ, ректор... Ол... Ол түсінетіндей етіп...

Аһа! Мортен күліп жіберді, өзін қара тақтаға жазып қойған екен ғой.

Биструп фру Мортеннен қайынағасының балаларына алма, қолдан жасалған печеньялар ала барып беруді өтінді. Өзі соларды жыйнастырып, байлап ұзақ уақыт жүрді, сөйтіп жүріп дамыл-дамыл екі қолын төмен түсіріп жіберіп, не істерін білмей алақтап, терезеге тесірейе қарап, ойланып таңқалады. Бұрынғы шыйрақтықтың нышаны да қалмапты өзінде.

Мортен ұзақ айналып қалды; поезға үлгіру үшін асығу керек болды.

Бірақ ауызбен орақ орғанмен ештеңе шықпады: нәрселерінің барлығы да дайын болмай шықты, жөнтүзу не бір көйлегі, не бір галстугі болмады. Кемпірдің бірнеше күн төсек тартып жатып алғаны бірден көрінді. Бұрын көйлек-көншектерінің барлығын да жууға уақытылы өзі беріп отыратын еді, бірақ кемпір оны тым жаман үйретіп жіберіпті.

Вера тек оның күйіп-пісіп ыза болғанына күлумен болып жатыр.

— Осы бойыңмен де бара беруіңе болады: сол бір жаман лашықтардағы адамдардың, сірә, кімнің қандай киінгенінде жұмысы жоқ шығар. Бірақ сен, мүмкін біз білуге болмайтын басқа бір жаққа баратын боларсың? — Ол бұл

сөзді Андресен фрудан үйренген зэрлі сылтыңымен айтты. Бұл сылтың Мортеннің жынын ұстатты; ол, тек оңбағандықтан, басқа бітірер түгің жоқ, қаракетсіз адамсың деп тілдеп, Вераға түйлікті. Вера қатты жылап, ұйқтайтын бөлмеге барып есікті жауып алды, верандада үбір-шүбір боп ойнап жүрген балалар да жүгіріп келіп, еңіреп қоя берді. Олардың алдында есі шығып, не істерін білмей Мортен тұрды.

Басында түнде киетін чепеці¹ бар юбкелі кемпір, өз бөлмесінен сүйретіліп келді де:

— Мұнда кел, балам, кәне мен көмектесейін саған,— деді діріл қаққан қолымен Мортенді құшақтап.— Тек ұрыстың керегі жоқ! — Өзінің үні қалтырап шығып тұр. Ол кухняға барып, электр өтегін қыздыруға қойды.— Міне мұнда бір-ақ рет киген көйлегің тұр,— деді ол жұмсақ үнмен.— Біз оны аздап қыртысын жазып өтектейміз, ал галстуктің орнына менің жібек лентамды ал. Бүгінше осымен барып кел, ал содан соң сенің көйлек-көншектеріңнің таза болып тұруын мен ескерейін. Мен өзім жазылып та қалдым, ертең түрегелем... Және сонан соң бар ғой, балам... — оның даусы мен шаршай қараған көздері ерекше бір аналық мейірімге толы еді.— Вераға мейірімдірек бол, менімше, онымен ойнауға болмайды. Оның өзі әзір ештеме сезіп жүрген жоқ, бірақ менің өзімше межелі белгілерім бар. Осы жолы, мүмкін сенің құмар болып жүрген ұлың болар деп ойлаймын, сондықтан да сол баланы жайымен ғана жарық дүниеге келтіру үшін Вераны сақтау керек.

Кемпірдің арқасында Мортен, рас, ең соңғы минутте келіп жетсе де, поезга үлгерді. Я, сол бір кемпір! Сол шешесінің жайын ойлағанда, өзінен өзі ұялып, қатты қысылатын: қартайғанда рақатты тәтті өмір де сүре алмады! Үйішінің бар жағдайына араласып, бүкіл ауыртпалықты өзіне алып, от басындағы шыршуды да басып жүретін сол. Вера қаншама қарсылық жасағанмен де, оған бір көмекші алу керек.

Ал мына Вераға келгенде өмірінше оның іші жылымайды. Бұрын қашан да болсын сылтау тауып, Вераны ақтап жүретін; үйден шықса болғаны, ашуы мен наразылықтың бәрі де кете бастайтын. Ұрыс-қағыстың неден шыққанын да әзер есіне түсіріп жүрген кездері болған. Енді Вераның сүйкімді жақтарын көре кою оған әлдеқайда қыйынырақ

¹ Ч е п е ц — әйелдердің баскиімнің бір түрі.

еді. Әлі де болса бұрынғыдай жақсы ма екен сол өзі? Жұрттың бәрі де солай деседі, бірақ оның жақсылығын Мортен көре алмайды. Біресе оның асқан көркіне беріліп, біресе ешқандай сұлулығы жоқ, тіпті бір сүйкімсіз жан деп тауып Мортеннің өзі де біраз уақыт екі ойлы боп жүрді. Мортен оның шын қасиетін енді білді, сырт көрінісі көз тартар сұлу бола тұрса да, содан безіп құтыла алмай-ақ қойды. Ал оның шын қасиеті қандай еді?.. Оның сыртқы көрінісінде жасырынып тұрған жаның жырғарлық бірдеме бар ма еді? Балауыздан жасалған құр бейне сұлу бола ала ма?

Осыған Мортен қалай шыдай алсын? Неге Верадан баяғыда-ақ қол үзіп кетпеді екен? Өзі күткендей қуанышқа қолын жеткізбесе де, балалары аяқ-қолын байлап келді. От басының ұйымы мен жарасымы ұзаққа бармай, минут сайын бұзылып отыратын сыяқты болып көрінеді; үйішіндегі ұрыс-қағыстың жасырын қорқынышы Мортеннің қытығына тиеді де жүреді. Аяқ-қолын байлап жүрген балалары мен кемпір — я, сол үшеуі! Кемпірді басқа жерге орналастыруға: қаладан бір кішкентай пәтер тауып беріп, кәрілігі жөнінде ізденіп, пенсия әперуге болар еді. Бірақ балалар!..

Мортен Петра Дрейер мен оның кішкентай қызының хал-жағдайын білу үшін трамваймен Ванлезеге тартты. Таңертеңгі асты ішетін уақыт болып қалған еді, ойламаған жерден жетіп барып састырмайын деген ниетпен ол Годхоб жолының бойындағы кішкентай лавкадан балықтан жасалған котлет пен сарделька¹ сатып алды.

Барактар үлкен алаңды алып жатыр. Осыдан екі-ақ жыл бұрын карболкамен өңделген жұқа тақтайлардан салынған барактар дәрі иісі шығып, түнеріп, ұсқынсыз көрініп тұр. Іргелері су мен селитрадан сатпақ-сатпақ болып кеткен, әр жерде кухнядан шыққан қоқырлар, тот басқан консерва банкалары мен сынған бөтелкелер шашылып жатыр. Терезе рамалары сырланбаған, ешқайсынан перде көрінбейді, терезе алдында тұратын гүл өскен горшоктардың орнында іші босап қалған сыра бөтелкелері тұр; бір терезенің алдында нанның шеті мен қағазға оралған маргарин майы жатыр. Үйлердің айналасы лас, еріген қарлар мен қақтар. Аяғынан су өтіп кетпес үшін Мортенге Петралардың үйіне өкшесімен жүріп баруға тура келді.

¹ Сарделька — шұжықтың бір түрі.

Петра табалдырықта, еркектің бір тозығы жеткен ескі киімін есікке іліп қойып, тазартып жатыр екен. Мортенді көре салып, қуанғаннан жайнап кетті де, ізінше сасыңқырап қалды.

— Ой, құдайым-ай, не деп ойлар екенсіз, не деп ойлар екенсіз? — деп қалды ол. — Петра мен екеуіміздің кровати-мызда бір жас жігіт жатыр!

— Не дейсіз? — Мортен күліп жіберді. — Міне қызық!

— Ой, қойыңызшы! — Кішкентай бүкір әйел қылымсып қолын сілтеді. — Мен кәрі жесірмін ғой... кұнакарлық қой сіздікі! Петер Дрейер әрқашанда... кірсеңізші, лас жерде не ғып тұрсыз!

Кроватта, шынында, бір жас жігіт жатыр; сірә, өзінің көйлегі мен тағы басқа ішкіімдері болмаса керек, өйткені көрпеден жалаңаш кеудесі көрініп жатыр еді, жалма-жан көрпені тартып қап кеудесін бүркегенде, көптен бері жуылмаған кір аяқтары ашылып қалды.

— Бұл менің жолдасым, өзінің жұмыссыздығы былай тұрсын, тіпті үй-күйі де жоқ адам, — деп түсіндірді Петра Дрейер жайып-шуып.

Сірә, өзі күні кеше-ақ көрікті де қуатты адам болса керек, бірақ енді екі беті омсырайып, шаштары сиреп, жылыраудан да қалыпты. Аузы жартылай ашылып, ұзын-ұзын сирек, сойдақ тістері көрініп жатты.

Тістерінің арасындағы ашық жерлер оған жас баланың кейпін беріп тұр, — тісеп жүрген бала сыяқты. Оның сырт көрінісінен, сірә, өзі істен шығарылып, тағдыр тепкісіне тасталған адамдай сезінетіндігі де көрініп тұрды. Көзі қарауытып, күңгірттеніп кеткен. Бір жарым жыл жұмыссыз жүріпті, осы соңғы жылы үй-күйсіз болыпты — ала жаздай қоғамдық өрісте, бұта түбіне түнеп жүріпті де, күн суытқан кезде темір жол бойындағы автомобильдің кузовына кеп паналапты. Бірақ, бір күні түнде «үйіне» келсе, автомобилін біреу алып қойыпты. Сол жерде төбелес болып өзі таяқ жеп қалыпты. «Менде қанша қауқар қалды дейсіз!» — деп сөзін аяқтады ол солғын ғана күлімсіреп.

Сол арада оған Петра Дрейер кездесіп, үйіне алып келіпті, — «өйткені ол біздің ортамыздан шыққан ғой!» Бірақ сыйқы қандай еді дейсің оның! Төбелесте алдыңғы тістерінің барлығы да қаусап, қызыл негінің мылжа-мылжасы шығып, қан жауып кетіпті, Петра Дрейер оны ұзақ уақыт жуып, қанаған жеріне борлы су басып отырды. Оны тырдай жалаңаш шешіндіріп, газеттің үстіне тұрғызып, дене-

сін щеткемен тазалап, газетті отқа жағып жіберуге тура келді де, ішкімін суға қайнату керек болды.

— Ой, сайтан білсін бе, осы бір «бозбикелердің» қайдан келетінін,— деді селқос қана келемеждей күлімсіреп жас жігіт — тек әйтеуір, өздері үйсіз адамдарға үйір келеді. Сірә, біздерді жалғызсыратпағысы келетін болса керек.

— Жоқ, бұлар сендердің тыныштық көрмеулерің үшін жаралған нәрсе, Петер Дрейер әрқашанда: кім де кім паразиттерге шыдап жүретін болса, ол адам сенімсіз адам дейтін еді.

Тамақты білгендей-ақ әкелген екен.

— Бұған қосымша тағы бір-бір кружкадан сыра келсе жаман болмас еді-ау,— деді Мортен.

— Сыра табу қыйын емес; қатардағы баракта бір адам тұрады, онан өмірінше сыра арылмайды, өзі сырасын жұртқа дабыра қылмай жасырын ғана сатады.— Петра Мортеннің күмәзнегін ала салды да, көзді ашып жұмғанша болмай, үш бөтелке сыра әкелді.

— Кішкентай Петра қайда? — деп сұрады Мортен.— Мектепте ме?

— Жоқ... гм... жоқ,— деп Петра мүдіріп қалды.— Жоқ, мына жолдастың көйлек-көншегі кепкенше... басқа жақта бола тұрсын дедік. Міне, сөйтіп... сөйтіп оны бір білісімнің үйіне жіберіп едік,— деп ол күналы адамдай төмен қарады.

— Өте ақылдылық жасаған екенсің,— деп мақтады Мортен орнынан тұра беріп.— Ал қалай тұрып жатырсың өзің? — деп сұрады ол өздері бөлмеден шыққан кезде.

— Жап-жақсы тұрып жатырмын. Пәтерге ақша төлемейміз; бала мен маған, баланы өзімнің тәрбиелеп отырғандығым үшін, муниципалитет те азын-аулақ бірдеме беріп тұрады. Және шешелері жұмысқа кеткенде басқа балаларға да көз боламын, іс тігемін, күршекпен, тұқыл инемен тоқыма тоқыймын. Жаман тұрмаймыз.

Мортен азын-аулақ ақша ұсынып еді, бірақ ол оның қолын қағып алмай қойды.

— Айта көрмеңіз!

— Әлгі пәтершіңе көмек болсын,— деді Мортен.— Соған жұмса.— Ақшаны Петра сонда ғана барып алды.— Байқа тек, жұрт өзіңді сөз қылып жүрмесін,— деп ескертті Мортен қоштасып жатып, әйелге қулана қарап.

— Ой, қойыңызшы! Мұның ешбір сөлекеттігі жоқ,— деп әйел албырттана күлді.— Мұндағы барактарда жұрттың көпшілігі некеге отырмаған.

Қала сырты аппақ қар; Хусум мен Сэборг жақ беткейде қырқа-қырқа күртік қар жатыр. Жан-жақтан: төменгі Биспебьерг пен Люгтевей ауданындағы бау-бақша участкелері мен жоғарғы қорғаннан жұрт қарға малтығып шұбырып келеді. Дегенмен, бұл жердің тұрмыс жағдайын жұрт көзіне түсіру мақсаты — талай жанды-ақ қытығына тиіп, құлшындыра түскен! Жұрт тіпті желігіп кетіпті, осы төңіректі тұтасымен тіліп өтіп, астананы қорғаудың бір ылажы болып тұрған тікенек сымды қоршаулар мен окоптардан да өтіп жатыр, шақырылған жоғарғы мәртебелі адамдар да осылай жанталасар ма еді, қайтер еді?

Айналасы қоршалған участкенің жіре беріс қақпасына жаңа жарнама қағылыпты; бұрынғы: «Луиса Пио атындағы» деген сөздің орнына «Эльдорадо қоқыры» деп жазылыпты. Мортен мырс етіп күліп жіберді: жақсы табылған ат екен!

Ол кенет байсалдана қалды. Батпағы шалпылдап, кедір-бұдыр боп жатқан кең жолдың бойынан сәл ғана арырақта тап бір костер басына жыйналғандай-ақ, жұрт бірнәрсеге шоғырланып қалыпты. Сол тобырдың үстінен тура, бұрынғы Бонның кішкентай үйшігі тұратын жерден, будақтап түтін көтеріліп жатыр; үйшіктің өзі жоқ болып кетіпті. Жұрттың бәрі де бір түрлі жабырқау.

— Бонның үйшігі өртеніп кетті. Бүгін түсте, балалар жалғыз қалған кезде,— деп күбірледі еркектердің бірі,— кофе жылтып ішпекші болыпты да, керосинка лап ете түсіпті. Екі кішкентай баласы өліп қалды; аман алып қалуға мүмкіншілік болмады, әп-сәтте-ақ жанды да кетті.— Ол өзінің ораулы, қанаған қолын көрсетті; ол терезеден кірмекші болған екен, бірақ үйшікті қалпымен жалын меңдеп кетіпті.— Біздің баспанамыздың өзі неден салынғанын сайтан білсін бе,— деп қосып қойды ол тұнжырап. Өзінің қолындағы орауы шылқыған қан.

Бір күні, рождество мейрамының қарсаңында әкелерін үйіне ертіп әкелгенде, шешелерінің қолынан ұстап, жаурап тұрған екі жас нәрестені есіне алды Мортен: кішкентай қызының: «Ана қара, тәлтіректен келеді!» деген сөзі құлағына ап-анық шалынып тұрғандай болды.

— Әке-шешелері қайда? — деп сұрады Мортен.

— Бәсе, қайда? Ешкім білмеді. Екі үлкен баласы іздеп кетті.

— Сорлы ата-ана-ай! — деді бір әйел өкси жылап тұ-

рып.— Бон тіпті есінен айрылып қалатын болды енді, балаларын өте жақсы көретін еді өзі.

Королева Тереза аяғындағы матадан жасалған жаман шарығымен көксоқта қарды шылқылдатып, күңіреніп келеді:

— Бұларға мен бас-көз болып отыруым керек еді! Бірақ бәріне бірдей қалай үлгірерсің, және аяғы құрғыр да қай бір оңған аяқ, тауықтың жұмыртқасындай шодырайып кеткен бірдеме! — Сөйтіп келе жатып кенет өзін өзі көгеріп, ісініп кеткен жағынан салып-салып жіберді.— Түү, ант атқан кәрі ақмақ! — деп міңгірледі ол. Өзі, сөз жоқ, ішіп алған. Жартылай күйіп көмірге айналған балалардың денесі есіктің үстінде жатыр, үстері аяқ астына төсейтін жыртық алашамен жабылған, ол да көң-қоқыр төгілетін жерден табылып алынған. Бірнеше репортерлер бір жерден, бір жерге жүгірісіп, тақтайшалардағы жазуды блокноттарына жазып алып жатыр; біресе біреуі, біресе екіншісі келіп өртке күйген балаларды көреді.

Ұзын бойлы бір шымыр еркек амандасуға Мортеннің жанына келді.

— Кілтші Биструппын,— деп таныстырды ол өзін ақырын ғана.— Ол өзі сүңгуір ағасынан айнымайды екен.

— Митинг енді, сірә, болмайтын болар? — деп сұрады Мортен.

— Үкіметтен, қалалық басқармадан шақырылған мырзалар келмейтін болған-ау деймін, әйтпесе ендігі осында болған болар еді. Өзіміз де олар келеді деп сене қойған жоқ едік; өз істегендерін өз көздерімен көруге, әдетте, ондай адамдар өте қорқақ келеді. Бірақ бізден құтылып кете алмас. Оларға өзіміз барып, қалалық басқармаға да, ригсдагқа да мына жас сәбилерді көрсетіп қайтамыз ба деп ойлап едік. Бірақ біздің ең әуелі сенің бір-екі ауыз сөзіңді естігіміз келеді.

Биструп шешендер шығып сөйлейтін трибунаның орнына пайдаланып жүрген бір үлкен жәшіктің үстіне шықты. Ол бейнебір өлі нәрестелерді шошытып алармын дегендей-ақ, баланың сүйегіне қарап, бір сәт аңырып тұрып қалды да, сонан соң екі алақанын соғып қойып:

— Сөз Мортенге беріледі! — деп дауыстады.

Мортенге сөз бастау қыйын болды. Ол қоғамдық талқыдан азды-көпті таяқ жеп, еңселері түсіп тұрған осынау жүздеген сорлы бейбақтарға қарады. Ызаға булығып, өзін-өзі әрең ұстап тұр, аузын ашса болғаны, жылап жібере жаздайтындай. Бірақ бір мезетте кенет ашулы айбар естілді.

Жоқ, оның көзінен жас шыққан жоқ, қоғамдық құрылысқа қарғыс айтқан ызалы сөздер атылды, — осынау тұрған жұртқа керегінің өзі де осы еді! Осы бір қаралы уақытқа наразылық демократиясы туралы ой туғызды — демек, әлі де болса сөнбеген ұшқын бар екен! Осы түрлеріне қарамастан әлі де болса адамгершілік қасиеттің қалдығы бар екен бұл бишара жандарда!

Ол енді көшелері сұлап жатқан жарымжан адамдардан көрінбейтін «иесіз ел» мен қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған, ешкімді ешкім қанамайтын жердің жайын әңгіме ете бастады. Кедейлер Сахарада сандалып, өздерін барлық адам тепе-тең өмір сүретін елге келе жатырмыз деп есептеді; сандала-сандала ақыр аяғында өздері әбден қалжырап, еңселері түсіп, жүнжіп кетті, өйткені алға қарай, жаңалыққа бастайтын адамдардың бәрі де оларды тектен-текке бір орнында шырайналдыра берді. Не нәрсеге болса да мойын ұсынып, еңселері түсіп, бір орнында шырайналып жүрген жандардың барлығын да бір серпілту үшін жер үстінде айта қаларлықтай бір орасан бақытсыздықтың болуы — ешбір жазығы жоқ жас нәрестелердің өлуі керек болды.

— Бұл балалардың тағдыры сіздерді әлі де тебірентуі мүмкін, өйткені сіздер азғын емессіздер ғой! — деп тебірене сөйледі Мортен. — Естеріңізде болсын, біз өз қылығымыздан осындай басшыларға ғана ие болып отырғамыз жоқ, сонымен бірге қазіргі өзіміз көніп отырған тұрмыс жағдайларына да ие болып отырмыз. Қалай десеніздер де, өкімет басына олардың ие болып отырғанына өзіміз кіналымыз, өйткені біз көппіз! Осы тұрғандарыңыздың кей біреулеріңіз, жастарыңыз үлкендеріңіз, Пелленің не дегенін әлі күнге дейін білесіздер: «сіздерді ерттеп мініп алған сайтанды жұлып тастаңыздар» деген еді ол. Со жолы сіздер өз тағдырларыңызды өз қолдарыңызға алған едіңіздер, бірақ сонан соң қайтадан айрылып қалдыңыздар, жайбарақаттыққа салындыңыздар; сөйтіп, тек жаңа тұрпатпен келгені болмаса, сайтан қайтадан сіздердің арқаларыңызға шығып алды. Міне енді ол сайтан жайғасып отырып алып, өзін сіздердің ағаларыңызбын деп атайды. Алайда оның қанауынан сіздер оншалық азап шекпейсіздер, өте-мөте сіздердің қатын-балаларыңыз азап шегеді. Сіздер білесіздер ме, солардың қалай тұратынын! Кәне бұдан былай қырағы боламыз деп кеудесінен жаны шыққан, мына жатқан екі балаға уәде берейік, сонда ғана бұлардың адам айтқысыз сұмдық өлімі бекерге кетпеген болып шығады. Кәнеки, сөзіміздің қортындысын-

да гимнді, бүкіл дүние жүзіндегі қаріп-қасірлер мен бейбақтардың гимнін айтып жіберейік! «Интернационал!»

Мортен өлеңді бастап кетті де, көп жыйын үздік-создық қосылып жалғастырып әкетті. Бұл өлеңнің көптен бері айтылмағаны бірден байқалды: жұрттың көпшілігі өлеңнің сөзін білмейді екен.

Кішкентай қоларба әкелді де, жұрт оның үстіне катафалкке¹ салғандай етіп екі баланың сүйегін салды. Мортен оған шейін «Эльдорада қоқыры» көрмесін көруге кетті.

Көрмедегі заттардың көпшілігі ойдағыдай табыла кетіп, жұмысшы атаулының барлығы бірдей ызалы кектен арыла қоймағандығының қуанышты айғағындай болып тұр. Жоғары жағында: «молшылықтың елі, немесе көсемдеріміздің басшылығымен өмір жүзіне асырылған алғашқы социалистің арманы» деген жазуы бар лашықтың жанында үстіне бадырайып егеуқұйрықтың ізі түскен, іші балдырмен толтырылған бірнеше жалба-жұлба шірік матрацтар жатыр. Матрацтарға: «ең әуелі адамға төсеніш үшін пайдаланылып, онан соң көң-қоқырдағы егеуқұйрықтарға үйшік болды; қазір бұған біздің балаларымыз жатады!» деген жазуы бар қағаздар жапсырылыпты. Көршіде тұрған, мұнан да гөрі жаманырақ лашыққа: «Монтебелло, қалалық басқарманың жанындағы қалалық құрылыс жоспарлау конторының проектысы бойынша салынған тамаша үй. Бүкіл мезонин² пәтерге беріледі, барлық жағдайы бар, сегіз бөлме! — деп дабырайтып жазып қойыпты. Қалған лашықтарға «рақат жай», «Теңіз — біздің қуанышымыз!» деген аттар берілген. «Теңіздің» алдында үлкен сасық қақ жатыр — шынында да өзі жатқан бір теңіз! Қақтың дәл ортасында: «Денсаулық сақтау органдарының кеңесі бойынша ашық күндері шомылуға болады» деген жазуы бар мұқабалы қада сораып көрінеді.

Биструп кілтші келді де:

— Біздің көрмемізді қалай деп тұрсың? — деді.

— Менімше, мұны Пелленің көрмейтіні өкініш!

— Оның мұнан да гөрі маңыздырақ жұмыстары бар, — деп қағыта сөйледі Биструп. — Билеп-төстеушілердің, тым құрыса, біреуі келіп біздің тұрмысымызбен танысып кетсейші. Олар бірінің қолынан бірі ұстап: «Бұл елде кедейлер

¹ Катафалк — молаға өлікті салып апаруға арналған арба.

² Мезонин — үйдің үстіне салынған жарты атажды кішкентай үй

жоқ!» деп әндетіп, сенделеді де жүреді. Ал енді жүретін уақыт та болып қалды-ау, деймін. Біз көп болмаспыз, өйткені нағыз іске келген кезде, демонстрацияға қосылуға жұрттың көпшілігінің жігері жете қоймайды.

— Ал балалардың әке-шешесін таптыңдар ма?

— Шешелері келді, ал Бонның өзінің қайда екенін ешкім білмейді. Әйелі мүмкін ол осы бір сұмдықтың болғанын біліп, трактирге кіріп алып отырған шығар дейді. Ол өзі адам болудан қалды, қымс етсе болғаны,— іше бастайды. Жұмыстан қағып түсіргеннен бермен қарай өзі осындай болып кетті; бұрын өзін-өзі өте жақсы ұстайтын еді.

Мортен Бон фрудың жанына келді де, оның қолын үнсіз ғана қысты. Әйел оның қол қысқанына қара тастай қатқан тыныштығымен жауап берді, беті де міз бағар емес, көз жанарлары сөнгендей сүреңсіз боп кетіпті. Егер жылай алатын болса, қаншалықты жеңіл тиер еді өзіне.

— Кәне, сап түзейік! — деді Биструп.— Туымыздың болмағаны жарамады. Жұмыссыздар мен үйсіздердің туын жасап алсақ жақсы болар еді-ау, шіркін!

Демонстрация жасаушылардың колоннасы орнынан қозғалды, олардың өзі көп те емес, не бәрі отыз шақты-ақ адам еді. Митингаға қатысқандардың көпшілігі әртүрлі сылтаулар айтып, көршілес учаскелердегі үйлеріне тарап кетті.

Жорықты Биструп пен Мортен бастап келеді. Олардың соңынан өлген екі баланың сүйегі салынған қоларбаны сүйретіп жас өспірім бала жігіттер келеді, қоларбаның артында өлген балалардың шешесі келе жатыр. Бәрі де жалаңбас.

Демонстрация жасаушылар жолға түскеннен кейін өлең айтты. Ең әуелі өлеңді ақырын ғана жүрексіне сызылтып әйелдер бастап еді, сонан соң өлең күшейіп, жұрттың бәрі де қосылып кетті. Олар ерте бір кездердегі: «уақыт өтіп барады», «Таң жақын» деген революциялық өлеңдерді айтып келеді. Бұл өлеңдерді әйелдер жақсы білетін еді; шырылдай шыққан бір ащы дауыс, басқалардың үнін баса ерекше шырқайды, ол — Бон фрудың даусы.

Демонстрацияға әдеттенбеген, жолшыбай кездескен жұрт тұра қалысып күліседі. «Ой бұл — құтқару Армиясы ғой!» — деп дабыстайды. Кейбіреулері, сірә, әуес көргендіктен болу керек, бірнеше адам бұрылып келіп азғантай топтың қатарына қосылды, бірақ олар абайлап, шеттеп қана жүріп келеді.

Брэнсхойдағы Тиволи маңындағы шарап погребінен тәлгіректен Бон шыға келді. Түрі тап бір төбелескен адам сы-

яқты: көйлегінің жағасы жырттылып кетіпті, жалаңбас. Басқышта теңселіп тұрып, бірнәрсеге көңіл тоқыратқысы келген адамша, әлдеқайда кеңістіктің бір жеріне күлімсірей қадалады. Әйелі шаңқ етіп, оған тұра ұмтылды.

— Жүр міне, көр! — деп шаңқылдады ол, ерін сүйрелеп келе жатып.— Міне қайтыс болған кішкентай құлыншақтарымыз жатыр, тіпті әкелерінің қандай екенін де көре алмайды! — Ол күйеуін қоларбаның жанына сүйрелеп әкелді де, кішкентай кілемшені ашып тастады.

Бон сүріне-қабына бағынышты кейіппен әйелінің соңынан сүйретіліп келе жатыр еді, кілмиген көзін бажырайтып тұра қалды.

— Қарашы мыналарды! — деп шаңқылдап әйелі арқасынан төмпештей бастады.— Бұл сенің туған балаларың, сен бұларды жаныңдай жақсы көруші ең! Қарашы, сол балаларыңды!

Бон айтқан сөзді тыңдап, қоларбаның үстіне төнді, арбаның шетіне сүйеніп тұрған күйі, үнсіз, тек еріндерін ғана қыбырлата берді.

— Ойбай-ау, айтсаңшы енді бірдемені! — деп шыдай алмай бақырып жіберді әйелі.— Сен бір кезде «ағайынды әулиелер» сектасында болған адамсың, демек өзіңнің балаларыңа қоштасу сөз айта аласың ғой! — Әйелдің беті адам танығысыз болып құбылып кетті, ол жан-жағына ерекше бір жат түрмен қарады.

Мортен әйелдің иығына қолын артып, ишара етіп, балалардың сүйегін көрсетті де, оған жалбарына қарады. Сол арада барып әйелдің көзінен жас шықты.

Бон қоларбаға төне түскен күйі өзінің беті екі баласының бірінің бетіне тиіп кеткенше, төменгі жаққа қарай ақырын ғана сүйретіліп келе жатты. Құлап қалмауға тырысып, баласының денесін таяныш етіп еді, қолы батыңқырап кетіп, бала денесі жарылып бара жатқан мұз қабыршағындай болып сықыр-сықыр ете түсті. Бонның тұла бойы тітіреніп, қорыққаннан есі шығып кеткен адамдай өз қолына өзі қадала қарап қалды. Сонан қалың топты қақ жарып, зытып отырды. Бон фру зығырданы қайнап мырс етіп:

— Қашса, қаша берсін! — деді ол тістеніп, өшпенділік үнмен.— Өзіңнен өзің қашып құтыла алмассың!

Екі үлкен баласы әкесін қуа кетті.

Топ қайтадан орнынан жылжыды. Ең ақырғы көріністің кезінде топ едәуір көбейіп қалды, жұрт тұра қалып, не болғанын сұрап біледі де жорыққа қосылады. Көпшілігі

нағыз демонстрация жасаушылардың қатарынан кеп қосылып жатыр; Мортен, егер осы топ барған сайын осылайша өсе беретін болса, демонстрация жасаушылар қалалық басқарманың алдындағы бүкіл алаңды алып кетер деп ойлады.

Бірақ олар Слангерупск темір жолына жете берген кезде, кейбіреулер кенет қатардан шығып, бүйірдегі шолақ көшелерге сіңіп жоғала бастады: Нэрребро көпірімен полицейскийлерге лық толы бір жүк машина келе жатыр.

— Аһа, ана келе жатыр, қолшоқпар рыцарлар! — деді Биструп кілтші.

Жүк машинасы жақындап келіп тоқтады да, полицейскийлер секіріп-секіріп түсіп, көшені кесе көлденең, қаз-қатар боп тұра қалды; бастарына каска киген; бірақ шоқпарларын шығара қойған жоқ. Манағы топтан қалғандардың барлығы да жан-жаққа бытырап тарай бастады, орнында тек үш-ақ адам қалды: отқа күйген балалардың шешесі мен Биструп кілтші, Мортен ғана қалған еді.

Басына алтын оқалы фуражка, қолына ақ биалай киген кварталдық бақылаушының көмекшісі бұлардың жанына келді.

— Не боп қалды мұнда? — деп сұрады ол, айбарлы түр көрсетуге тырысып. Өзі сірә, барлық жайдан хабардар болып келген болса керек, бірақ солай бола тұрса да, Мортен оған істің жай-жапсарын айтып шықты.

— Сендердің участокке кірулеріңе тура келер, балалардың сүйегін полицейскийлер әкетеді, — деді кварталшының көмекшісі.

Бірақ Бон фру балаларынан тірі де айрылғысы келмеді, бажылдаған күйі барып қоларбаға жармасты. Сонан соң оған жергілікті моладағы кішкене шіркеуге баруға рұқсат етті, балалардың сүйегі сол арада қалды; еркектер мәлімдеме жасау үшін полицияға қарай тартты.

— Я, толық күйреу деуге болады, толық! — деді Биструп полициядан шығып келе жатып. Бірақ Мортен басқа ойда еді.

— Өкіметтер енді бір шара қолданып, сендерді жөн түзу баспанамен қамтамасыз етуге мәжбүр болады, — деді ол. — Әлгінде қанша репортерлердің болғаны есіңде болсын; газеттер, әрине, бұл мәселені көтереді. Олар біздің тым ұзаққа созылыңқырап кеткен тыныштығымызға аз да болса дүбір беріп, хабар жариялауға қуанбаса ренжімейді.

Осы сәтте қолында «Түстік листогі» бар газетші көшеге жүгіре шықты.

— Сұмдық апат! — деп айғайлады ол.— Үйсіздер колониясында үлкен өрт болыпты! Өртке екі бала күйіп өліпті! Үйсіздер тобыры наразылық білдіру үшін қалалық басқармаға кетіпті! — Бала бұл сөздерді тап бір адамзатқа қуанышты хабар жариялап тұрғандай-ақ, соза дауыстап өлеңдетіп айтады.

— Мүмкін, дегенмен де бірдеме болып қалуы кәдік екен,— деді Биструп сенімсіз кейіппен.— Қош бол; рақмет саған, бізге келгеніңе.

Х

Жат жердің жалғыз жұтым ауасы

Көң-қоқыр басындағы көрмені газеттер ду көтеріп әкетті. Байсалды түрде болғанмен де, олар наразылық демонстрациясына да назар аударды. «Жұмысшы» үйсіздер үшін салынатын құрылыс жаңа алым-салықтардың тууын талап етеді деп көрсетіп, буржуазиялық либералдардың ашуын басуға жан салып жатқанда, «Ең үлкен газет» қалалық өкіметтер жайын сөз еткенде, рас нешетүрлі теңеулер табуға ұялмады. Мұның көмегі тиді: либералдық финансистер кедейлер жөнінде тебірене сөйлеуге қарсы болмағанымен де, өздерін сөзден ұстатқылары келмеді. Көпшілік, бірнеше мектептің уақытша босатылып берілгенін місе қылды; бау-бақша участкесінде тұратындар жөнінде тіпті еске де алынбады.

Бір күні Мортенге, тіпті ойламаған жерден, «Жұмысшының» бас редакторы Слотсхольм келе қалды. «Сірә, үйсіздерде болған оқыйға үшін сазайымды тарттырғалы келген шығар».— деп ойлады Мортен. Бірақ Слотсхольм өзін-өзі өте сыпайы ұстады, қолын ысқылап, күле жүріп, ақыр аяғында: «Я, өзіңіз мұнда өте тамаша жайғасқан екенсіз!» — деп аңлатып қойды. Қалың жал сыяқты ақшыл шашты, бет әлпеті мейрімді бульдог иті тәрізді, ұзын бойлы, тығыршықтай, көрнекті Слотсхольм сүйкімді әсер беріп, онысын өзі де сезіп тұр. Оның әдет алған ісінің барлығынан да біртүрлі патриархалдық байқалады. Жас шағында ол жақсы журналист болып есептеліп, төменгі жұртты жақтаумен атышыққан адам еді; қазір енді өткен ерлік қыймылдарының дақпыртымен өмір сүріп, идеализмнің қыйсынсыз қыялдарына беріліп... бұл дүниеде кедей дегеннің өмір сүретінін ұмытып кетуге де айналған. Ол газетті өзінің ригсдагта

сөйлеген сөздерімен толтырғанға мәз болып, газетпен айналыспайды.

Айтып отырған қонағымыз операның бір әуеніне салып өлеңдетіп, ойлы жүзбен Мортеннің кабинетін кезіп жүр, сірә, өзі өте көңілді болса керек. Мортен қонақтың сөйлеуін күтті. Слотсхольмнің бір ерекшелігі әңгіменің тақырыбын қайткен күнде де өзі таңдап алатын еді. Егер әңгіменің әуені оған жақпай бара жатса, көңіл күйті тас-талқан боп бұзылып, үні өшіп қалатын.

Ол Мортеннің есікке қағып қойған соғыс әрекеттерінің үлкен картасы алдына барып тоқтады. Жаулар позициясы әртүсті жалаулармен белгіленіпті.

— Мына қараңызшы, міне осы да таңданбайтын нәрсе ме! — деді редактор тебірене сөйлеп.— Ана жақта ұлы мемлекеттер бірін бірі қырып-жойып, күйзелтіп жатыр, ал біз болсақ, мұнда, өзіміздің мәдениетті кішкентай елімізде, алдымыздан шалқыған кең-байтақ болашақты ашатын жаңа конституция жасап жатырмыз.

Дабырайған ірі-ірі сөздеріне қарамастан ландстингті¹ жоймаған, жастардың дауыс беру жасын өзгерту жөніндегі талаптарды ескермеген жаңа конституцияға Мортен аса қайран қалмайтын еді.

— Бұл конституция менің көңілімді аз қалдырған жоқ, — деді ол майдалап қана, қонағымның шамына тиер ме екен ден қаймығып.— Аброй бергенде, жаңа негізгі заң тіпті де дүние жүзілік уақыйға емес, кәдуелгі заң шығаратын акт — тек әшейін, қыймылдың өзіне, былайша айтқанда, прогресске үйлес келуге тиісті қыймылдардың ережесі.

Жаңа конституцияны болашақ ұрпақтар үшін заман жасайтын революция сыяқты уақыйға деп санаудың өзі, Мортеннің ойынша, экономикамен тығыз байланысты әрбір бостандық тәрізді нағыз бостандықтың орнына жұмысшыларға құр еміздік бергенмен бірдей еді. Алайда ол мұнысын айтқан жоқ, тек ішінен ғана ойлады.

Бірақ қонақтың көңіл-күйі бұзылу үшін әлгі айтылған сөздің өзі-ақ жеткілікті еді. Слотсхольм өзін жаңа конституция жасаушылардың бірімін деп санап, сондай адамның есебінде Дания тарихына кіруді масаттана арман етеді. Жаңа конституцияның іске кірскеніне бір жарым жыл уақыт өтсе де ол күні бүгінге шейін конституцияны халқымыз бен еліміздің гүлдене түсуінің жаңа кезеңінің бастамасы ретінде,

¹ Л а н д с т и н г — ригсдагтың жоғарғы палатасы.

алға басқандықты көрсететін уақытқа ретінде орайы келген жерді құр жібермей, өзінің сөйлеген сөздері мен мақалаларында айтып қалып жүрді.

— Сіз бұған қалайша түсінбейсіз! — деп дүрсе қоя берді ол Мортенге.— Дегенмен, саясат мәселелеріне келгенде бар ғой, сіздер, жазушылар — нағыз баласыздар.

Соғыс кезіндегі ең дәмді, тәуір тамақпен тамақтандырылған соң редактордың көңілі аздап көтеріле бастайын деді. Кемпір бір жерден шошқаның жарты басын тауып алыпты да, содан жалқақ жасапты; жалқақты көрген кезде Слотсхольмнің екі езуі құлағына жетті.

— Мынау бір сирек кездесетін тағам екен! — деді ол.

— Әрине, мұны тек сатып алып қана қоймай, сонымен бірге кей кездерде емініп біреуден сұрап алып жүргенімізде сол ғой,— деді кемпір шайырғал сөйлеп.

— Тіпті нағыз сырамен де сыйлап отырсыз! — деді Слотсхольм Мортенге.— Мұныңыз тіпті тамаша! Бірақ мынадай семіз жалқаққа бір рюмка арақ болса, оның да зияны тие қоймас еді.

— Арақты біздің қалта қайдан көтерсін,— деп күлімсірей жауап қатты Мортен.— Заң шығарушы мырза, сіздер нағыз Данияның арағының бағасын тым көтеріңкіреп жібердіңіздер, ал сода суымен араластырылған динатуратты екеуміз де ішпейміз.

Ғылым мен искусствоның министрі болысымен, достарын тамақ алдында бір рюмка арақпен сыйлап тұруға Мортеннің ақшасы әрқашан да жетіп тұратын етуге жәрдемдесем деп Слотсхольм салтанатты түрде уәдесін берді.

— Сіздің үйде арақ басқаларға жақсы өнеге көрсетем дегендіктен болмай отырған жоқ па екен?

— Сол арағыңыз шын жоқ болып тұр ғой! Дегенмен, өйтуге де болар еді.

— Жоқ, оныңыздың түкке керегі жоқ,— деді Слотсхольм қобалжып.— Тіпті түкке керегі жоқ! Өзіндік өмір сүруге әркімнің қақысы бар. Міне, мысалға алатын болсақ, стол басынан тұрар-тұрмастан-ақ сіз бір жұмысшыны қабыл алдыңыз, мүмкін, ол тіпті әуесқойлықпен келген болар; соның қай бір аса маңызды ісі бар ғой дейсіз.

— Ол менің жазған бір мақалам үшін алғысын айтып, қолымды қысқалы келіпті,— деп жауап қатты Мортен.

— Аһа, солай ма! Мен болсам, дегенмен де, күте тұрғызар едім. Аптықпай дұрыстап тамақ ішуге болады ғой!

— Ол өзі Копенгагеннен велосипедпен келіп тұр. Копенгаген төрт мильден астам жер.

— Және оның үстіне, сіздер оны тамақтанып кетуге де шақырған боларсыздар, сірә? — деп Слотсхольм қамқорсый күлімсіреді.

— Я, әрине. Бірақ ол, сіздің осында екеніңізді біліп, кірмей кетті,— Мортеннің сөз төркінінен аздап қана қағытқандық байқалды.

— О, олар мені қатты құрметтейді, сонысы дұрыс! Әйтпейінше болмайды. Біздің қыймылымыз, тым құрығанда христиандықтың шығуынан бермен қарайғы бүкіл жер жүзіндегі өзіміз көріп жүрген нәрсенің барлығынан да құдыретті, оңды, тамаша қыймыл! — Слотсхольм стол басында қолын сермеп, бірте-бірте өзінің әдеттегі шешендігіне басты. Әлемде бұрын-соңды адамгершіліктің мұндай асқан лебі есіп көрген емес; біздің құдіретті қыймылымыздың жайған қанаты бүкіл дүние жүзін көлеңкелеп жіберді! Бірақ бұл бізді көшеде тоқтатқысы келген әрбір жұмысшының қолын алуға міндеттейді деген сөз емес, олар сізге көшеде дауыстай ма?

— Әрине, дауыстайды. Көбінесе жанымнан өтіп бара жатқан велосипедшілер «Аман ба, Мортен!» — деп дауыстап өтеді.

— Міне көрдіңіз бе! Сенімен тілдесе бермеу үшін сквердегі орындыққа отырмау керек.

Мортен бас редактор қашан өзінің негізгі ісіне көшер екен деп күтумен болды; бұл жай әшейін жолдастық кездесу шығар дегенге ол ешбір сене алған жоқ. Олар тамақтан кейін кабинетке қайтып келген соң, Слотсхольм «Жұмысшы» туралы және оның бүкіл дүниежүзілік соғысқа көзқарасы туралы әңгіме бастады.

— Біз Германия жағындамыз,— деді ол,— біздің бәсекелесіміз, «Ең үлкен газет» Англия бағытында болғандықтан ғана емес, сонымен бірге, біздің қыймылымыз Германияға аса көп қарыздар болғандығымыздан да Германияны жақтаймыз. Және Германияның жеңіп шығатынына да ешбір күман жоқ; ол жақтан келіп жатқан хабарлар бойынша, неміс халқы жеңіске жетудің құдіретті ынтасынан жігер алып, өздерінің барлық алауыздықтарын тастап, соғыста ұтып шықсақ екен деген тек бір мақсатпен ғана топтасып жатқан көрінеді. Соғысты жеңіспен аяқтағаннан кейін жұмысшылар қозғалысына да күн туады: кайзер де, юнкерлер де, ірі-ірі өндіріс қожалары да герман халқына жаңа заман орна-

тамыз деп отыр. Міне сондықтан да біз тікелей сол жақтың өзінен, сол жердің жағдайларымен таныс адамнан немесе, егер осылай етіп айтуға рұқсат болатын болса, нағыз активістік бір топ мақала жазып беретін, көре де байқай білетін адамнан корреспонденция алсақ деп едік. Германиядағы біздің партиялас достарымыз бізден осыны өтініп еді, шешесіне көмек керек болып қалғанда баласы көмек беруге қандай міндетті болса, олардың өтінішін орындауға біз де сондай міндеттіміз.

— Бірақ шынында сол көмекке мұқтаж ба екен өздері? Сіз жаңа барлық халық тек бір ғана мақсатпен шайқасып, жеңіп шығу мақсатымен берік топтасып жатыр деген сыяқты едіңіз ғой!

— Қолтығынан дем беріп, қуаттап жіберу — әрқашан да керек. Ол мақалалар Германиядағы біздің партиялық достарымыздың басты-басты газеттері үшін аударылады, оған да сізге жақсылап тұрып ақша төлетеді. Оған сене беріңіз, келісім беруге болып бағады, мүмкіншілік тамаша. Әрине, біз «Ең үлкен газет» сыяқты мырза қаламақы төлей алмаймыз. Осы тапсырысымыз жөнінде не айтасыз?

Мортен аса ықылас білдіре қойған жоқ.

— Бірақ сіз ел аралап, Германияны жақтап сөз сөйлеп жүрдіңіз ғой, — деді редактор Слотсхольм.

— Я, жұрттың мың сегіз жүз алпыс төртінші¹ жылғы көңіл-күйімен күресу үшін және әлім келгенше, отанымның Антанта жағына шығып, соғысқа тартылмасы үшін сөз сөйледім. Егер соғысқа тартылатын болса, сөз жоқ, Данияны немістер басып алар еді. Мынау тіпті басқа іс. Герман милитаризмі үшін азапқа түсер жайым жоқ. Оның үстіне, мен немістер жеңеді екен деп ойламаймын, және оларға жеңіс те тілемеймін.

Слотсхольм көзін таңдана бажырайтты.

— Сіз жұмысшы табының жеңгенін жақтырмайсыз ба?

— Мен Пруссия милитаризмінің жеңісі Германиядағы жұмысшы табының жеңісі болып есептеледі деп ойламаймын. Бұл жағынан немістер күтетін түк те жоқ. Менің білуімше, олар алпыс төртінші, алпыс алтыншы және жетпісінші — жетпіс бірінші жылдардағы² жеңістерден де жет-

¹ 1864 жылғы Данияның жеңілуімен аяқталған Пруссия мен Австрияға қарсы соғыс. Бұл жылы Данияда немістерге қарсы өшпенділік күшейеді.

² 1864 жылғы Пруссия мен Австрияның Даниямен соғысы; 1866 жылғы Пруссияның Австриямен соғысы; 1870—1871 жылдардағы Франко-Пруссия соғысы.

кілікті азап көріп бақты. Жеңіліс, мүмкін, оларды ойлануға мәжбүр етіп, империалистік мемлекеттің соғыс қуатынан гөрі басқа, анағұрлым сенімдірек сапаларға ие болатындығын түсіндірер еді.

Аудиториясыз жерде ешуақытта таласқа бармайтын Слотсхольм үндеген жоқ, көп кешікпей-ақ қош айтысты.

Мортен Слотсхольмның жасаған ұсынысынан бастартты, онысына өзі де аздап өкінейін деді: біраз жерді аралап, басқа ауамен дем алып, дүниежүзілік уақытшаларды жетігірек біліп қайтқанда тамаша болатын еді! Сайып келгенде, өзінің саяхаты жөнінде не жазам десе де өз еркі еді ғой. Бірақ енді өкінгенмен болмайды, кешірек қалды; бұл мәселеге қайта оралып, бір бастартқаннан кейін, қайтадан барып қызмет етейін деп қайдан айта алсын.

Өкінішті ойлары өрбіп отырған кезде Андресен телефон соқты: «Мен Лейпцигтегі жәрменкеге жүргелі жатырмын; барғың келе ме, екеуміз бірге барайық? Сен маған немісше сөйлесуге көмектесесің, ол үшін онда менің қонағым боласың. Бірақ жол шығынын өзің төлейсің», — деді.

Мортен бірден көне кетті: өз қожаларының мүддесі үшін дүниежүзілік соғыс жүргізіп жатқан халықтың халі қандай екенін көру — қандай қызық!

Екеуі поезға жайғасып отырып алып, түстікке қарай зулатып бара жатқанда, Андресен:

— Түсінесің бе, сенің біраз желпініп келгенің жақсы болар деп ойладым; әйтпесе бір жерде отырып алып, ойға беріліп, барған сайын өз ойыңды өзің тереңдетіп, қазбалай бересің, көп кешікпей, сайтан алғыр, өзің тіпті құрып бігетінсің. Сенің партиялас жолдастарың да соны айтты. «Оны өзіңмен бірге шетелге алып кетіп, — деді бұрнағы күні Оскарсен, — осы сапарларың жөнінде газетке бірнеше мақалалар жаздыр».

— Оскарсенмен қалай танысып жүрсің? — деп сұрады Мортен.

— А-а, біз анда-санда ресторанда кездесіп тұрамыз; жуырда біз бір қолқалы қонақасыда бірге болдық; одан басқа да көрнекті қайраткерлерден біраз адамдар болды.

— Қолқалы қонақасы? — Мортен серігіне түсінбеген адамдай таңдана қарады.

— Я, олармен оңай келісуге болады екен; ал кейбіреулерімен істес болуға да болады. Сол редактор Оскарсеннің өзін-ақ алайық; ол қозғалмайтын заттармен ірі сауда жасайтын көрінеді.

Оскарсен мен Көк Сақал екеуі бірлесіп қала сыртындағы паркты қазғылап жүр деседі, парктың бір бөлегін, теңіз жаққа таяу шетін, ақсүйектер вилласына айналдырмақшы болса керек. Олар өздері үшін осы пайдалы істі жасатуға Пеллені мәжбүр еткісі келеді, бірақ Пелле оларға қасарысып көнбей жүр. Шынын айту керек қой, олар ешнәрседен тайсалмайды. Бірақ олармен бірге уақыт өткізу өте тамаша, пролетарлық ешқандай әңгіме болмайды, олар сен сыяқты емес. Олармен бірнеше сағаттар бойына бірге отырып, олардың жұмысшылардың басшылары екенін де білмей қалуға болады: айнықатесіз кәдуелгі іскер адамдар тәрізді; ал кей кездерде тіпті жұмысшыларды балағаттайды,— бірақ оларын мен жақтырмаймын. Жалпы алғанда өздері пайымды, тұрлаулы жігіттер; көбі менен аспаптар сатып алды.

— Сіздердің қолқалы қонақасыларыңызда Пелле де бола ма?

— Бір-екі рет болды, ол маған қатты ұнады. Өзі өте керемет адам! — Андресен есіне түсіріп күліп жіберді.— Сенуіңе болады, сен сыяқты жынды адамның бірі мен едім ғой, мен де әрнәрсеге күйіп-пісіп ыза болатынмын! Мұндай болғаным көп те болған жоқ. Завод митингалары мен жалпы жыйналыстарға күлшына қатынасатынмын. Бірге жұмыс істеп жүрген жолдастарым да мені алға ұстайтын. Ал енді қазір, шынында да, мына соғыс болмағанда, сол бірыңғай жағдайдың өзі жақсы екен деп жүрмін, түсінікті ме. Қазір Пелле де маған бұрынғыдан гөрі ұнамдырақ көрінеді. Ал жас кезімде оның алдында қандай бас идім десеңші, тіпті ауызбен айтып жеткізгісіз!

— Қойшы? — деді таңданып Мортен.

— Я! Өйткені ол Пелле дегеніңіздің өзі нағыз азамат! Ой сайтан алғыр-ай, неткен қажырлы адам өзі! Барлық басшылық тек сонымен ғана басшылық болып отыр деседі. Міне осындай істерімен өте атақты адам болып отыр. Мен бұрнағы күні бір кешті сонымен бірге өткіздім; — сенуіңе болады — арақты судай сапырып іштік!

— Пелле де сөйтті ме?

— Е, оның несі бар екен? Ол ақылын ішпейтін адам, кім болса да отырғызып кетеді! Ал жай күндері көшеде кездестірсең өмірінше олай деп ойламаған болар едің,— өзін-өзі паң ұстап, сап-салмақты болып жүреді. Ой, ол ригсдагта да, қалалық басқармада да жұрттың бәрін он саусағымен ойнатады. Ал мен бар ғой, дегенмен де, сен екеуіңді айнымас дос шығар деп ойлайтын едім.

— Біз осы кейінгі жылдары аздап ажырасыңқырап жүрміз,— деп иіле жауап қатты Мортен.

— Ой, сіздердің араларыңызға араласпай-ақ қояйын, ол менің ақылымнан келетін іс емес. Бірақ ол сені өте жақсы көреді, сені өте жақсы орналастырар еді. Еліміздегі ең сөзі жүретін адамның бірі сол екендігіне менің толық дерлік көзім жетті.

— Рақмет. Менің өйткім келмейді.

— Ал, жарайды, өйткің келмесе, бүйіткің келетін шығар: паромға ауысқаннан кейін, мұнан гөрі тәуірірек тамақ болады! Онда тамаша тамақтар береді деседі.

Пароход-паром Даниянікі еді, соғыс жағдайына қарамастан, шынында да онда өте жақсы тамақтандырады екен. Мортен Андресеннің «нағыз» тамаққа ерекше мәнермен қыймылдайтынын алғашқы рет көріп, көңілдесінің әртүрлі тамақтарды табағымен төңкере алатындығына мойындауына тура келді.

— Сен неге аз жейсің? — деді Андресен.— Әрқайсысынан аз-аздап жеп көру керек, сайтан алғыр.— Сөйтіп ол бір дәмді кесектерді тауып алды да, Мортеннің тарелкесіне салды; ол өзі бір сондай қамқор қожайын еді.

— Бұл — әлгі сіздердің атақты қолқалы қонақасыларыңызға ұқсай ма? — деп сұрады Мортен.

— Мұнан тәуір де, нашар да кезі болады. Я, міне сен қабағыңды шытып отырсың, мұның дұрыс емес, өйткені әзірше мүмкіншілік болып тұрғанда, мен бәрінен де ләззат алғым келеді. Соғыс аяқталғаннан кейін бәрі де өзгереді деп өзің айтып жүрсің ғой,— сен бұл мәселелерді өте жақсы білетін адамсың. Міне, енді мен, құны қанша тұрса да, барлық нәрсенің дәмін татып көргім келеді. Бұдан үш-төрт жыл бұрын шампан шарабының не екенін тіпті білмейтін де едім, ал енді қазір соған үйреніп кетіппін және оны ішкеннің ешқандай оғаштығы да жоқ деп білемін. Мен барлық нәрсені байқап көріп, білгім келеді, ең қымбатты сайқалдармен бірге ішкілікке салынып, ең ащы сигарларды тартып, сөйтіп, барлығын да көріп қалғым келеді!

— Қайта сақтанғаның жөн ғой, әйтпесе, әлгі өзіңнің іскер компаньондарың тәрізді елу жасқа келгенде-ақ қартайып қаласың ғой.

— Ой, біздің заманымызда іскер адам болу оңай емес! — Андресен өзіне өзі ырза болған адамдай, бір көтеріліп қойды.

— Мұндай тамақтар организмді,— әсіресе жүректі шағады. Саған айтып отырмын, сақтан!

— Жүрегім өте жақсы. Мен ешуақытта сырқаттанып көргем жоқ, ғұмыры төсек тартып жатып көрген пенде емеспін.

— Менің оған жай әшейін алдын ала ескертіп қойғаным ғой. Сен сыяқты жирен шашты, жирен сақалды адамдар көбінесе жүрек ауруынан азап шегеді, мен соны байқадым. Сенде оның үстіне теріңнің астында секпіл тәрізді теңбілдер бар. Ол — даттану, қан қатқандықтың белгісі. Сөйтіп, сақтан, жарқыным! — Үш рюмка арақтың әсерімен Мортен сөзін кекетпей-мұқатпай айтып отыр.

— Ой, қойшы әрі, сен өзің зәремді ұшырдың ғой! — Андресен есі шыға сасқалақтап Мортенге қарады.— Андасанда дәмді тамақ жеген шынымен-ақ осыншама зыянды болғаны ма? — Ол орнынан тұрды.— Кәне жүр, палубаға шығайық. Шынын айтқанда, тағы да ликер мен кофе ішіп, сигара тарту керек еді. Шылым тартатын жер мына бір нешетүрлі кеубастарға толып кетіпті ғой.

— Қандай кеубастарға? — деп сұрады Мортен оны қолтықтан ала беріп.

— Шляпалары желкесіне түскен, қолдарында білезік баулы сағаттары бар, бір жақ езуінде мыжғыланған папиростары қыстырулы мына тұрған әкелерінің балаларын көрген жоқсың ба? — Негізі осылар үшін біз осындай жаман тұрмыста тұрамыз.

— Сен тым өсіріңкіреп жіберме, жарқыным: мен жай әшейін алдын ала ескертіп қойдым.

— Я, я, сен оңай айта аласың, өйткені сен пайғамбарсың ғой! — Андресен ашуланып кетті.— Біз тіпті қолда бардың өзімен-ақ жаман тұрмайтын едік; қайта жасайтын нәрселеріміз де аса көп емес. Әрине айқас керек, тіпті күнде айқасу керек, бірақ сенер адамың шамалы, көпшілігі қолынан келсе алдап кетеді! Мысалға ағаш сүрегін алып көрші, ол өзі өте қажетті товар,— неліктен екенін сайтан білсін, ағаш болуға тиісті жерден, бір түйір ағаш таба алмайсың. Ағаш сүрегімен жұмыс істейтін фирмалар оны дұрыстап көрсете алмайды да, ағаш көрінген ағаш сүрегінің сорттарымен сапаларын білмейтін пайдакүнемдердің қолдарында жүреді; олар тек бір-ақ нәрсені ғана: сатып алған бағасынан әлдеқайда қымбатырақ етіп сатуды ғана біледі. Және олардың көпшілігі әр конторда жұмыссыздықтан саусақтарын сорып отыратын міне мыналар сыяқты жас есерсоқтар, әкелері-

нің балалары немесе сызылып тұрған көргенді күйеу жігіттер,— олардікі барып тұрған бишаралық, тек әкелерінің ақшаларын шашуды ғана біледі. Кейбіреулері вексельдерді, тағы басқа сол сыяқты суреттерді қолдан жасағаны үшін жайсыз жағдайларға ұшырап жүрді. Бірақ қазір күш соларда! Олар Берлин мен Лейпцигке бара жатыр, онда барған соң нешетүрлі сұмдықтарды жасайды, осы сыяқты сұмдардан қайбір адалдық шығар дейсің, солай емес пе? Мен қолымнан келсе, оларды алдап бағармын. Сен біздің қолқалы қонақасымызды жақтырмай отырсың ғой. Бірақ осындай жасырын істі жасаудың бірден-бір дұрыс тәсілі — оны ресторанға шақырып, лықа тойдырып, шарапқа суару болады. Ең әуелі әрқашанда оны мен сыйлаймын, сонан соң: бұл менімен қайткен күнде де істес болуға мәжбүр болып отыр екен, ірі поставкада (жабдықтауда) өзін соғып қалуға да болады екен деген әсер пайда болған кезде, ол тұмсығын көкке көтеріп, өзін тап бір не деуші еді, әлгі?

— Grand seigneur¹ — дейін деп пе едің?

— Я, я! Бұл сөзді үйреніп алуым керек еді өзі. Сөйтіп, ол грансеньермін деп санап, өзін әлгі немене еді ла... ла...

— Large²,— деп Мортен айтып жіберді.

— Я, лярш етіп көрсеткісі келеді. Осы сөздердің өзін жөндеп айта алмайсың да! Осындай қызу үстінде отырған сәтте, барыңды салып қал. Ал сонан соң мұндай сұмды жаныңа үйір қылмас үшін барып тұрған оңбаған болуың керек.

— Куды қулықпен алады!

— Я, бірақ, байқайсыз ба, кімнің бұзық, кімнің бұзық емес екенін, кімдерге адал болудың керек екенін білу өте қыйын. Әзірше мен соның бәрін тауып жүрген сыяқтымын. Бірақ егер мен жөнінде баскадай бірдеме еститін болсаң, менен сырт айналып кете бер! Немене, төменге түсіп, кофе ішеміз бе, қайтеміз? — Андресен тағы да көңілденіп кетті.

Тұрғын үйдің тапшылығы Лейпцигте Даниядан да гөрі жаманырақ еді, бірақ жәрменке басқарушы сырттан келгендерді жергілікті халықтың пәтерлерімен қамтамасыз ету жағымен шұғылданды. Ұзақ уақытқа созылған көп жүгірістен кейін Мортен бір кішкентай мейманханадан орын тапты, оған төсек-орынды ваннаның ішіне салып берді. Жәрменке ұйымдастырушылар асханалар ашу мәселесімен де

¹ Маңғаз барин (французша).

² Кеңпейілді жан (французша).

шұғылданды, бірақ оның тамағы Даниядағы арзан асханалардан да нашар болды, ал орта қолды ресторандарда тек қана сусындар берілді. Мортен бұла боп өскен адам емес еді, сондықтан да біраз уақыт жергілікті тұрғындардың тұрмыс күйімен бірдей өмір сүріп, бұл елдің экономикалық жағдайымен толық танысып алуға ешқандай қарсылығы да бола қойған жоқ; ол өзі тап осылай саяқаттауға үйренген. Бірақ Андресен мұндайға құлақ қойғысы да келмеді.

— Мен соғысуға келгенім жоқ қой,— деді ол.— Рас мені осында шақырған екен, жөн түзу тамағын берсін. Осы неміс фабриканттары мен ірі саудагерлерінің барлығы да, өз отандарын қаншама сүйсе де, қақтаған селедка мен суп деп аталатын бір тарелка жылы суды қанағат етіп отыр дегенге сен де мені сендіре алмайсың. Ресторан жабылғаннан кейін аңдырмыз оларды!

Сөйтіп олар ресторанды, әсіресе ақшаң болса, барлығында алуға болатын түнгі ресторандардың жайын жақсы біліп алды.

Магазиндер қаңырап тұр; ет лавкаларының көрмелерінде көбінесе папье-машедан¹ жасалған санда жатады. Жәрменкедегі товарлардың барлығы дерлік өншең баламалар немесе рекламалар үшін қойылған заттар. Бұл сапарлары көңілдегідей болмады. Андресен өз өндірісіне керекті материалдарды таба алмады.— Егер керекті бірдемелері табыла қалған күннің өзінде де, әртүрлі таможьялық² кедергілермен сыртқа нәрсе алып шығаруға салынған тыйымдардың кесірінен ала алмады.

Жалпы алғанда шетелдердегі жағдай өз елінде жүргендегі ойларынан әлдеқайда басқаша болып шықты: халық ашығып, соғыстан әбден тыйтығы құрып, шаршапты, жұрт жігерленіп кеткен деген даурықпа сөзден де ешбір шындық қалмапты. Аузы-мұрнынан шыға лықа толған әскери поездарды шығарып салуға барған вокзалдардағы халықтар да көп емес; ең көп болғанда — тор көзді есіктердің алдындағы платформада жылап-сықтап тұрған бірнеше әйелдерді ғана көресіз. Егер бір солдат байқаусызда кәдуелгі жолаушылар вагонына тап бола қалса оны жұот үнемі жылышыраймен қарсы ала бермейді. Далада, ұзақты күнге болар болмас бір сағатқа ғана, оның өзінде де, әрқайсысы әр мез-

¹ П а п ь е - м а ш е — желіммен гипспен, бормен араластырып иленген қағаз Одан әртүрлі көрме заттары мен ойыншықтар жасалады.

² Т а м о ж ь я — шекарадан өтетін товарды тексеретін мекеме.

гілде ашылатын жабық лавкалардың алдында ұзыннан ұзақ шұбатылып адамдар тұрады. Сондықтан да жұрт көбінесе кеш батар алдында келіп тізіліп тұрады да, ешбір қарсылық білдірмей мәлие күтумен болады; бұл іске әбден еті өліп, үйреніп кеткендері байқалады. Көпшілігі ұзақ күтіс болатынын алдын ала-ақ біліп, жыймалы орындықтарын ала келеді де, суықтан қалтырап, газет оқып отырады. Мортен мен Андресен осына бір аянышты шеретті көрмекші болып жандарына келсе болғаны, ылғыйда артқы жақты нұсқап:

— Schliesen Sie sich doch hinten an !! — дейді.

— Олар біздің шеретке тұрғанымызды керек қылып тұр,— деп түсіндіреді Мортен.— Немістер қандай ғана болмасын бейсауат, бос жүргендерді жақсы көрмейді.

— Бұл неткен сайтан! — деп ызаланды Андресен.— Біздің шіретке тұрғанымыз неғып бұларға соншама ұнай қойды екен?

— Ұнай қойды дегенің тым артығырақ болар. Бірақ өзін өзі азаптау мұқтаждығы белгілі бір мөлшерде бұлардың әрқайсысында да бар. Кеше мен погребте, неміс халқын «Des Herrgotts Prügelknabe» — құдайтағаланың біреудің күнасын арқалағыш жандары — деп атағанымда сондағы тұрғандардың барлығының да көздері жайнап кеткенін сен байқамадың ба? Немістер өздерін біреулердің күштеп көндіруіне әдеттеніп кеткен, олар бұған өз тарихының барлық барысында шыдап келді. Ақыр аяғында келіп олар азаптың өзін ардақты нәрседей қарсы ала бастайтын болды.

Андресен арзан неміс роялдарынан көп сатып алмақшы болып, әдеуір ақша алып шыққан еді.

— Мен бір қаражаты көп жаңа финансистпен таныстым,— деді ол.— Өзі бір нағыз енжар адам көрінеді. Аты Вульф; айтпақшы, оның дачасы сенің дачаңның маңында көрінеді, дачасы сірә, «Лашық» деп аталатын сыяқты.

Мортен оны білетін еді.

— Ол қазір онда қысы-жазы бірдей тұрады.

— Ол маған тек жазда ғана тұрамын меп еді ғой. Өзінің қалада да үйі бар көрінеді.

— Типографиясы да бар. Негізі өзі бір өте ірі іскер адам болса керек!

— Я, онда ақша бар, және өзі сөзге де жеткізбейді.

¹ Арт жақтан тұрыңыздар.

Рождествода өз кедейлерінің пайдасы үшін мені жүз кронға күйдіріп кетті, дұрыс жасады. Ал егер сондай орайы келіп тұрғанда, неге өйтпеске?

Алайда іс бұлай болып шықпады: неміс роялдарының сыртқы қаптары жаман болмағанымен, іші — түкке тұрмайтын бірдеме болып шықты!

— Бұлар ешқашанда жақсы механизмдер мен клавиатура¹ жасап көрген емес, — деп түсіндірді Андресен. — Бұларға ондай-мұндай бір нағыз жақсы нәрсе керек болса, Франциядан алдырып тұрады. Бұларда, сөз жоқ, француз материалдары да бар. Сендердің соғыс салабаларыңды алмаймын деп тұр деші өздеріне.

Француз материалдары бар болғанмен, соғыс жылдарында ол материалдарды музыкалық аспаптарға пайдалануға тыйым салынған еді.

— Осының барлығы да патриотизм! — деді Андресен. — Қандай қауіпті нақұрыстық! Бәрінен де гөрі іс қажеттірек болуы керек. Мына фабрикантқа айтшы, кешегі бір француз шарабын сұраған погребтің қожасы сыяқты этикеткаларын қырып тастай салсын.

Фабрикант күліп жіберді:

— Бұл патриотизмдіктен емес; біз, немістер, — істің жөнін білетін халықпыз және аса ақмақ та емеспіз. Бұл — банктардың ойлап шығарып жүргендері ғой. Олар біздің ірі-ірі клавиатура, механизмдер фабриктерін қаржылаған еді, ал енді қазір осындай жолмен өз қаржыларын қайтарып аламыз ба деп үміт етіп отыр. Мен патриотизмдікке қарамастан бұлардың сатылуына құмар екенім белгілі ғой. Егер сіз бұл сырды ешкімге айтпайтын болсаңыз, мен елден ала бөтен, сіз үшін ғана «этикеткаларын қырып тастайын!»

Сөйтіп Андресен елу роялға шарт жасады да, онысына өзі рождество елкасындағы баладай қуанды.

— Бірақ мынаның ішкі бөлшектерінің француздікі екендігі еш жерінде көрсетілмеген ғой, — деді Мортен байқап қалып.

— Онда тұрған түк те жоқ; біз қол соғыстық қой әйтеуір, соның өзі де жеткілікті. Мен бір өнімді пайданы беріп тұрмын; менің мұным он мыңнан кем түсірмейді. Ал енді жүріңдер, бұлардың «фатерландын»¹ көрейік.

Олар әлі де болса баяғы бір тыныштық заманның ны-

¹ К л а в и а т у р а — музыка аспаптарының басылатын тілдері.

² Ф а т е р л а н д — отан, ел деген мағнада (немісше).

шаны сақталған Мюнхенге бармақшы болды. Жолшыбай олар Нюрнбергке аялдады.— Андросев өзінің әріптес таныстарының біріне соға кеткісі келді.

Нюрнбергте фабрикасы бар, роялдар шығаратын фабрикант Герц қаладан жыйырма шақты шақырым жерде бейнебір қыя тасқа салған қыранның ұясындай болып тұратын баяғы рыцарлардың үйіндей үйде тұрады екен, аржағынан шалғынды шабындықтар мен орман алқаптары көрініп жатады екен. Герц шарық табақтай жалпақ бетті, қайратты қалың сақалды, сирек шашын тықыр қырғызған кіп-кішкентай ғана тығыршықтай, домаланған, жұмыртқа бас баварец еді. Ол бұларды өз автомобилімен алып келе жатып, үйін алыстан-ақ көрсетті.

— Мен бұл үйді нағыз баяғының күмбезінің астында отырып сыра ішу үшін сатып алдым,— деп мақтана түсіндірді ол.— Сыра тек күмбездің астында.— *im tiefen Keller*.— шынырау подвалда отырғанда ғана дәмді, оны білесіздер ме. Сондықтан да мюнхендіктер көбінесе, төртінші этаждан өздеріне жасанды күмбездер орнатып алады да, егер үйлерінен шыққысы келмесе, сыраларын сонда ішеді. Бірақ мен жергілікті немісші ғой, сондықтан да бұл маған ұнамайды. Бұл жасанды күмбездер адамның төбесінен кәдуелгідей күмбезденіп тұрмайды. Өз подвалымның күмбезінің астында сыра ішіп, «*Eine feste Burg ist unser Gott*»¹ деп өлең айтып отырғанымда, тап бір окоп ішінде, отаныма қызмет етіп, белгілі бір мөлшерде соғысқа қатысып жүргендей боламын. Сол кездерде Германияны ешнәрсе тыбыр еткізе алмайды, соғыста біз ұтып шығамыз, қайткен күнде де біздің ұтып шығуымыз керек деген сезімге берілемін.

Тұнжыраған алакөлеңке рыцар залындағы каминде² ірі-ірі кесінділер лаулап жанып жатыр; каминнің алдындағы емен столдың үсті мейрамдағыдай құрылған қаз, жабайы құс еттері мен қаз баурынан жасалған страсбург паштеттеріне³ сірке суын құйып, пыяз турап, салат есебінде дайындаған жүзім қатпаршақтары тәрізді көптеген суық шайнама-ларға лық толып тұр.

— Япырмай!.. — деп таңданып қалды Андросев, алдына әкеп жаңа тағамдарды тартқан сайын.— Тамақ жеп

¹ Құдайымыз — берік тірек (немісте).

² Камин — пеш (тік трубалы, алды ашық пеш).

³ Паштет — қара еттен, бауырдан, құс еттерінен ұнтақталып істелетін тамақ.

үйренем деген адам осында келу керек екен ғой! Біз үйімізге келген адамды бұлай сыйлай алмас едік. Мен сіздерде азық-түлік мәселесі қыйын екен десем...

— Ой, барлық немістер осылай тұрады ғой дейсіз бе, — деп жауап қатты Герц өзіне өзі масаттанғандай болып, — мұндай болу үшін оларда жеткілікті мәдениет те жоқ. Бірақ біз сыяқты бар нәрсенің, тетігі болып отырған адамдардың кішкене тәуірірек тұруы толық заңды да ғой.

Олардың қонып шығуына тура келді, сөйтіп олар күмбезді подвалдың ішінде отырып ішкен сыраның күшінің қандай болатынын білуге мүмкіншілік алды. Сөз жоқ — Мюнхеннің қарақоңыр сырасы бастарын мең-зең қылды; «мәжіліс» (өздерінің той-думанын фабрикант Герц осылай деп атады) үстінде, жас кезінде көп ішетін Андресен он кружкаға ғана жеткізгенде, Герцтің өзі жыйырма кружка сыра ішті.

— Өзі нағыз сыйқыр екен, — деді Андресен олар түн ортасы кезінде сүйретіліп төсекке жатқан кезде. — Сыра ішудің шебері екен; музыка аспаптарын жасаудан гөрі ішуді жақсырақ біледі.

Келесі күні Герц оларды поезға шығарып салды; олар қазір көбінесе мылтық құндағы, гранат сабы сыяқты тағы басқа соғыс өнімдерін өндіріп жатқан Герц фабрикасының ұзын ұрғасын көріп шықты.

Фабрикте екі жүзге тарта өңшең әйелдер жұмыс істеп жүр; фабрикте бухгалтер болып қызмет етіп жүрген фабриканттың баласынан басқа еркек атаулының барлығы да соғысқа жөнеліпті.

— Ол бронь алған, — деп түсіндірді Герц бір көзін сығырайтып тұрып. — Мұнда да біреу жұмыс істеу керек қой. Бірақ қазіргі жағдайда ерқекті үйде ұстаудың өзі едәуір шығынға түседі, — деді ол тап бір кредиткалар¹ санап тұрғандай-ақ саусақтарын жыбырлатып.

— Ой сайтан-ай, енді өсітетін де болғансыздар ма?! — деп таңданды Андресен.

Жұмысшы әйелдер еркектер қатарынан аралап өткенше, бірлері мен бірлері сыбырласып, мұрындарын шүйірісіп жатты.

— Ой, өздері өжет екен! — деді Андресен. — Бұларды ауыздықтап ұстап отырудың өзі оңайлыққа түсе қоймайтын шығар, сірә?

¹ К р е д и т к а — кредит билеті (қағаз ақша).

Бірақ Герц жұмысшы еркектерден гөрі бұлармен келісіп жұмыс істеу әлдеқайда оңайға түседі дегенді айтты. Бұлар баға жөнінде, тағы басқа сол сыяқты нәрселер жөнінде ешуақытта да бүлік уақытталар шығармайды.

— Рыцарлар үйінде тұрудың мәнісін енді түсіндім! Мына сыяқты кішкентай қыздар қанша табыс табады?

— О-о, аптасына он сегіз марка алады!

— Демек, бұлар қазіргі қымбатшылық бағадан ашығып жүр екен ғой? — деп үрейлене үн қатты Андресен.

— Жоқ, егер бұлар тәжірибелі болса, әжептеуір қосымша табыс тауып тұруға болады. Бұлар наразылық білдіріп, еңбекақыны көбейту жөнінде сөз шығара бастаған кезде, мен оларға: «Соғыс жүргізіп жатқан отанымыздың дөңгелегінің арасына таяқ қыстырғанды қойыңдар. Барыңдар, аздап қосымша табыс табыңдар, онсыз да майданда ауыр азап шегіп жүрген аға-інілерің мен әкелеріңнің жағдайын ауырлатпаңдар. Бәріміз де соғыс жолына біраз нәрсе құрбандық етуіміз керек!» деймін.

— Ой, сайтан алғыр-ай, мәселе шеше білу деп міне осыны айту керек! Міне көрдің бе, мұның арзан жұмысшы күшін қалай алып отырғанын! — деп Андресен абыржу үстінде Мортенге қарады. Сонан соң ол тәжірибесі мол адам болып: — Бірақ еркектер майданда емес пе? — деді.

— Я, жұмысшылар майданда, бірақ тұрмыс жағдайлары жақсы қамтамасыз тұратын еркектер осында қалды. Ал, болса болмаса атақты еркектердің барлығы да әйелдерді жақсы бағалайды! — Герц өзіне өзі масаттанғандай болып басын тұқыртып еді, бұғағы үш бүктетіліп кетті.

— Гете! — деп сөз қыстырды Мортен күлімсіреп.

— Айтпақшы, я, Гете! Ол әрбір кісімшілік құрып жүрген немістер үшін қол жетпес үлгі ғой! — Фабрикант бір күрсініп қойды.

— Бұл нағыз ақыл жетпейтін іс екен! — деді Андресен, олар қайтадан келіп вагонға отырғанда. — Мен соғыс неміс атаулыны бір семья етіп, берік топтастырған шығар деп ойлаушы едім. Бізді солай деп нандырып тастады ғой.

— Бұл жердің адамдары неліктен біздің адамдарымыздан артық болуы керек? Үлкен төбелеске қатысу — адамның адамгершілік қасиетін арттырып жібереді деп ойлап жүрген жоқсың ба, өзің?

— Дүниежүзілік соғысты төбелес деп атағаның маған ұнамайды. Соғыс дегеннің халық үшін ұлы сын сағат екенін біз мектепте жүргеннің өзінде-ақ оқыған едік қой.

— Әрине, өңін айналдырып қоюға тура келеді. Әйтпесе, дәулеттілер мен белгілі адамдардың барлығы да үйлерінде тығылып отырғанда, сол соғыстың ауыр-салмағын арқала деп қарапайым адамдарды қалай зорлай аласың.

— Ой, өзің бір сұмдық адамсың-ау, кешіре гөр құдайым,— деді Андресен тітіреніп.— Ой, сені-ай!

— Ал сеніңше, тағдыр бізге соғысты мейірбандық сезімдерге тәрбиелесін деген мақсатпен жібереді ғой дейсің бе? — Мортен күліп жіберді.

Берлин мен Лейпцигтегіден гөрі Мюнхенде тұрмыс жеңіліректеу еді. мұндағы жұрт құнарсыз жерде отырған жоқ: сырт жақтарында егіншілікпен кәсіп ететін Бавария жатыр, ал Бавария шаруалары өздері аса жақтыра қоймаса да, өнеркәсіпті терістіктің тұрғындарына бірдемелер беріп тұрады. Мортен мен Андресен Мюнхенге масленицаның¹ қызып жатқан кезінде келді; үлкен карнавал² болды, рас, тыйым салынғанмен де, көптеген жекеменшікті үйлердің барлығында да маскарадтар өткізілді; Мортеннің тамыртаныстары Андресен екеуінің де көңілдерін көтерудің қамын жасады.

— Немене, бүгін тағы да әруақты оқыйғаны көруге барамыз ба? — деп сұрады Андресен, таңертең екеуі ояғанда кешегі ішкіліктен кейін өздері аздап ұйқтаңқырап та қалған. Ол әруақты оқыйға деп ескі сурет өнерінің галлерейасын айтқан еді.

— Жоқ, бүгін жаңа пинакотекаға³ барамыз,— деп жауап қатты Мортен.

— Жақсы. Онда мүмкін Самсондар, Авраамдар сыяқты тағы басқа бірнеше тамаша әулиелердің суреттері бар шығар, бірақ олардың шынайы сыйқы бұл суреттерден мүлде басқаша болар.

Андресенге модернист-художниктер көбірек ұнады, Мортен оларды әзер деп түсінсе, ол бірден ұғына қояды.

— Бұл бейнебір негрлердің музыкасы сыяқты; ол музыкаға қосылып, ағаш башмақпен билесең де өзінен өзі-ақ көкейіңе кеп қона кетеді. Дегенмен де бар ғой, мен әдейі танго мен джазға арналған аспап шығардым.

¹ М а с л е н и ц а — христиан дінінің мейрамы.

² К а р н а в а л — күлдіргі киімдер мен маскалар киіп өткізілетін жазғытұрғы халық мейрамы.

³ М ю н х е н д е г і белгілі картиналы галлерейасы (ескі, жаңа пинакотекалар болады). П и н а к о т е к а сурет өнері шығармаларының жыйнағы, картиналы галлерейасы.

Олар көбінесе Шлихерден тамақтанатын еді, ол жерден ресми түрде аптасына екі рет болғанмен де күнде қуырылған шошқа етін алып тұратын.

— Бұл толық орынды іс,— деді Андресен.— Елі үшін жұрт ашығып отырмақшы!

— Кедейлер баварияда да ашығып отыр, өйтпейінше болмайды: аштық адамгершілікті арттырады!

Андресен қолын Мортеннің иығына артты.

— Біз екеуміз көңіл көтермекші болдық қой, ендеше аз уақытқа кедейлік мәселесін ұмыта тұрайық,— деп өтінді ол мейрімді пішінмен.

Бір күні кешке олар «Луипольд» кафесіне барды, онда художниктер кружогі би билеп, сауық кеш өткізіп жатыр еді. Зал ортасынан билеу үшін манеж¹ тәрізді дөңгелек алаң қалдырылды да, сол алаңнан жан-жаққа ложалар тартылды; алаңда билеп жүрген жұбайларды көре отырып, ложаларда жайғасып тамақ ішіп, шарап көтеруге болады. Мортен ложада отырып қалды да, Андресен би алаңына шықты. Би аяқталғаннан кейін әйелді қолтығынан алып орнына апарып салған ұзын бойлы, айбынды, жиренсары викингінің үлкен табысқа қолы жетті: әйелдер оны бірінен бірі қалыспай шақырып, Андресен ұзақ уақыт би алаңынан шықпай қойды, бір бимен екінші бидің арасында ол бір әйелдің белінен қымтый құшақтап, Мортеннің жанына жетіп келеді; олар бір-бір стаканнан қызыл асмансхейзер сіміріп алады да, қайтадан билеуге кетеді. Көбінесе ол Швабингадағы художниктер колониясының бір жас әйелімен билеп еді, қайтатын уақыт болып, жұрт тарай бастаған кезде, Андресен еш жерде жоқ болып шықты. Мортен оның зым-зыя болғанына абыржып саспай, өзінің мейманханасына қарай тартты,— рас, жолдасының қалтасында едәуір көп ақша бар еді, бірақ ол жаман қолға тап болмаса керек, қыз сірә суретші алдында тұрып үлгі болуды кәсіп еткен Швабинга художниктерінің бірінің ғашығы болу керек; ол қыздың басшысы мен әміршісі, әдет-ғұрып бойынша, масленица мейрамының құрметі үшін оның ойнап-күліп, көңіл көтеріп:.. қосымша табыс табуына рұқсат еткен болар.

Андресен таңертең де келмеді, Мортен бұл жағдайды өзінің Мюнхенге бұрын келіп жүргендегі таныс жерлеріне баруға пайдаланды. Одеонның аржағындағы «Әдебиет ка-

¹ М а н е ж — ат ойнының орны.

фесінде» бұрынғыдай Мюзам, Ведекинд бастаған өңшең өткір ойлылар кеңес құрып, өздерінің ешкімге зыяны тимейтін өткірлігін Германияның атына жұмсап жатады екен.

— Әй, сен соңғы жаңалықты білесің бе? — деп сұрады олар Мортеннің қарасын көрер көрместен.— Жаратқан жалғыз ұлылық желігімен ауырып қалды!

— Қойыңызшы? Қалайша желігіп жүр?

— Ол өзін тап бір император Вильгельммін деп есептейді.

Мортен визитін өзінің баяғыда байланыс үзіп кеткен баспасына да әкелді. Бостандықтың ескі күрескерлерін соғыс кезінде едәуір түзетті деген сыбыс бар еді, олар өзіне сондықтан хат жазбай қойды ма екен, соны барып білгісі келді. Барлық сыбыстың шындық жағы басым болды. «Симплиссимустің» қызметкерлері, ескі, байырғы скептиктер кәдуелгі қанігі отаншылдардың өзі болып алыпты; олар кайзер мен немістердің алдында соқыр сезіммен бастарын иіп, Германияны, оның жүргізіп жатқан алып күресін сөзсіз жақтау үшін Мортенді мәдениет атымен арбап, сыйқырлай бастады. Бұрынғы өткір сөзділер үшін Мортен ыңғайсыз жағдайда қалды: олардың ең ақырғы өткірлігінің бар күші қызыл тілдің ұшында ғана қалыпты да, қазір тізелерін бүгіп, құдай мен кайзерге жалбарынатын болыпты. Ол көп отырмай, тезірек қоштасты, оны жазушы Людвиг Тома мен кітап шығарушы Корфиш Хольм есік алдына шейін шығарып салды. Вестибюльде қанды ауызын арандай ашып, үзіліп қалған темір шынжыры аяғының астында шұбатылып, Томас Гейне жасап берген цоколінде бульдог ит әлі тұр. Мортен шынжырдың ұшынан ұстады, оның екі серігінің екеуі де аса зор құрметті тұлғаларын құрыстырып жіберді.

— Шынжырды қайтадан соғу керек еді ғой,— деді ақырын ғана ол.— Алтын тізбекпен! — Сөйтіп шығып кетті.

Кешке жақын мейманханаға әдеттегісіндей екі аяғынан тік басып біртүрлі ғажап рақатқа батқандай кейіппен Андресен келді.

— Ой, міне тамаша қала, сайтан алғыр! — деп таңдана сөйледі ол Мортенді құшақтап жатып.— Ой, қандай сүйкімді еді десеңші!

— Ал күмәзнегіңе ше?

— Оған да жақсы. Өте жақсы! — Андресен күмәзнегін суырып алды да, әрлі-берлі бұлғақтатып тұрды.— Мен ол әйелге екі жүз марка берейін деп едім, бірақ

ол тіпті онымды тыңдағысы да келмеді. Дүниеде әлі де болса осындай мейрімді әйелдер бар ғой! Сенің өзің маған қатты ұнадың дейді, ой жақсы болды: бұл ақша енді мейманхананың ақысын төлеуіңе жұмсалады, үйге қайтатын да уақыт болды ғой.— Андресен қолына аузы ашық күмәзнекті ұстаған күйі кенет үні өшіп қалды; өзі бірдеме санап тұрған тәрізді.— Ой сайтан-ай! — деп міңгірледі ол.— Ол ақшаны осы бөлігіне салғанымды анық білемін. Демек түстен кейін диванында жатып, бір сәт көзім ілігіп кеткен кезде қаққан екен ғой, сайтан алғыр қатын! Ой тамаша ғып отырғызған жоқ па, а?! — Ол ұяла күлді, бірақ дегенмен де өзін өзі біртүрлі жайсыз сезінді.— Тамаша ғып сыпырды-ау, өзімді! Ал жарайды енді, бұл ақшаны өндіріс шығынының есебіне жаза сал, сонан соң үйге қарай тартайық.

ХІ

„Ақмақтар жолы“

Кемпір мен Мортен, көп кешікпей, үйіміздің жанынан өтетін жол, Алтын жағалау мен балықшылар поселкасының аралығын бөліп жатқан шекара екен-ау деген тоқтамға келді. Жол арғы жағын әртүрлі себептермен дәулеттен айрылған жандар мекендеген шекара тәрізді. Ең шетте, теңіз жағасында, дачниктер үшін көп бөлмелі кішкентай ғана үй салып алсам екен деп әлі күнге шейін арман ететін жарымес етікші Хесельберг тұрады. Оның арт жағында өне бойы басын бір жағына қарай қыйсайтып алып, аһлап-уһлеп жүретін бағбан тұрады. Онан соң қасындағы серігі үнемі ауысып тұрса да, өзінің тіркесімен жүретін Гюлефельт фрекендікіне келеді. Мортендікіне жақын дача әлі бос тұр.

— Ал өзіміз жөнінде айтпайтын шығармыз, сірә! — Кемпір Мортенге қулана қарады.

Екінші жағында — бірімен бірі мысық пен иттей болып тұратын өзінің «қыялшыл көгершіндерімен» мектеп тұрады. Одан сәл жоғарырақта — бұл жерге қайыршы батрак болып келген, Нильс Хансеннің қызына үйленгеннен кейін шалдан қалған-құтқан азын-аулақ нәрсенің барлығын да тезірек құртқан маскүнем дерлік Бастиан тұрады. Қарт хуторян қазір өте кедейлеп кеткен, басқа жұрттың әртүрлі ұсақ істерімен айналысады да, солардың сарайлары мен амбарла-

рына түнеп жүреді, ал оның қызы дачниктерге қызмет етеді. Қыз сыяқты қызыл шырайлы Бастиан ашық ауыз шаруаларды алдайды. Онан ары тұқымымен қыяйы архитектордың нақұрыс шалыс семьясы тұрады; өз меншігіндегі дәулетін құртып бітіріп — енді ерлі-зайыпты екеуі қамқоршы советте алдын ала қаралып, олардың балаларына бекітілген үлкен әке мен үлкен шешеден қалған ақшаны жей бастады, епті адвокат оларды әрең дегенде аз-аздап алып беріп тұрды. Бұл көріністің ең алдында, Мортеннің үйінен қыйыстау бір балықшы тұрады, ол өзі шынында да теңізге барып жүреді, бірақ оның қаракөк свитер киіп пристаньда жүргенін көрмейсіз.

— Мұның «Ақмақтар жолы» болып аталуы керек еді, онда бұл сөз бізге де тиер еді,— деді кемпір тап бір барлық компаниядан өзін ерекше бөліп алғандай.— Әттегене-ай, қатардағы үйдің бос тұрғанын айтсаңшы.

Кейінгі кездерде барлық нәрсеге сын көзімен қарайтын болған кемпірдің өзі енді дачаға аса қуанышты да емес еді. Бірақ мұнысы көмекшісі болған соң кетеді ғой, әрине.

Ақылынан алжасқандардың қатарына ол тек жалғыз Вераны ғана қоса ма екен, жоқ әлде, Мортен жөнінде тарап жүрген пікірге қосылып, оны да соның қатарына жатқыза ма екен? Дегенмен де қазір ол екеуіне де бұрынғыдай сүйсіне таңданбайды; анда-санда ол кісінің бет әлпетінен: «Ой, үлкен ұлым-ай!» — деп тұрғаны көрінсе, кей кезде: «Ақмақ бас, тентегім-ай!» — деп тұрғаны байқалады. Мортеннің жұмысына ол бұрынғыдай енді қызықпайтын да болды; егер Мортен оған кей кездерде бірдеме оқып берсе: «жарайды, мұның өте жақсы екен, тіпті, менің көзіме жас та келді. Бірақ осыныңнан ешқандай нәтиже бар ма өзі?» — дейтін еді ол. Ол тіпті шешесінің көзіне де өзінің оңалмастай утопист болып бара жатқандай көрінетініне кәміл сенімді еді.

«Ақмақтар жолындағы» үйлердің барлығы да тұрғындармен толса екен деген кемпірдің тілегі, көп кешікпей-ақ орындалды.— Жоғарыдағы әңгімеден соң екі күн өткеннен кейін көршідегі дачада жұрт қарасы көріне бастады. Мортен кухня басқышының жоғарғы жақ алаңшығында басқыштың таянышын бекітіп жатыр еді, үйдің тақтай қоршау жақтағы есігі ашылған кезде, табалдырықтан бастарын шұлғысып, күлімсіреп тұрған екі әйелді көрді.

— Міне, енді біз де келіп қалдық,— деді олар қосарланып, тістері алмалы-салмалы адамдардай ерекше үнмен.—

Енді нәрсе-қараларымызды салған жүк машинаның келуін ғана күтіп тұрмыз. Сіздердің басқыштарыңыздан жағалау жолы көріне ме, сударь? Ой, тілеуіңізді берсін қарай салыңызшы, диірмен төбешігінде келе жатқан жүк машина көрінбей ме екен?

Мортен ешқандай жүк машина көре алмады.

— Бірақ әзір келе қоятын да уақыты болған жоқ қой, Копенгагенмен бұл екі ара өте алыс.

— Біз Копенгагеннен емеспіз! Мынау әйел — Боэсен ханым, Түстік Фальтерден шыққан нағыз Боэсендердің бірі, ал менің фамилиям — Янтцен, Лоландалықпын... біліп қойыңыз; біз жоғары мәртебелі адамдардың жесіріміз, екеуіміз бірге тұрамыз: алған пенсияларымызды қосып жұмсасақ екеуіміз де тәуірірек өмір сүреміз әрі жалғыздығымыз да аса сезіле қоймайды. Нәрсе-қараларымызды алып жайғасқан соң, барлық семьяңызбен біздікіне келуіңізді өтінеміз.

— Бір шашке болса да кофе ішуге бүгін біздікіне келіңдер,— деп жауап қатты олардың сөзіне елжіреген Мортен.

— Жоқ, біз әуелі жайғасып, сіздерді қабыл алмайынша, келмей тұра тұрармыз, әдеп сақтау керек қой! Айтып қояюым керек, менің күйеуім үлкен шені бар офицер еді.

Мортенді кемпірдің кухняға шақырып әкетуімен бұзылған осы кездесуден кейін ол қыдыру үшін баққа шықты. Бар ойы жаңағы екі әйелде болды; жаңа адамдар әрқашанда өзінің қыял дүниесін қозғайтын еді, ал мыналардың түсініксіз жайлары көп тәрізді болып көрінді: аздап ұяңырақ болса да, өздерінің адамға жұғысып тұратындығы, назданғыштығы тіпті бәрінен бұрын сыртқы көріністері бір түрлі. Боэсен фру көзінің алдының қатпарланған үлкен қапшығы бар, көкшіл сұр, ісік беттеу әйел; Янтцен фру офицердің жесірі — талма ауруы бар адамның көзіндей ерекше бір дәрекі көз қарасымен таңдандырады. Өзі ақшыл тартқан самай шашы бұйраланып тұратын жүдеу бас, ашаң адам, олар өздері айтқандай мәртебелі адамның әйелдері сыяқты емес; Мортеннің жанашыр сезімін оятып қатты әуестендіре түссе түскендей, өздерінде бір өте аянышты хал болған сыяқты.

Кемпір де далаға шығып, қасына келді.

— Сен шынында да қоршауды биіктетсең етті,— деді ақырын ғана ол.— Жаңа көршілеріміздің кухнясының есігі ашық, олар біз естісін деп қасақана соның маңайында үнемі сөйлеседі де жүреді. Маған бір түрлі ұнамайды өздері.

— Сен өзің сондай сенбейтін болып кеттің, мама!

— Ал, сен тым сенгішсің,— сенің жан дүниеңе ағаш

башмақпен кіруге болады! Мен естіп тұрдым, сен оларды кофеге шақырдың-ау, мұныңнан маған да, Вераға да ешқандай ерекше қуаныш бола қоймас.

— Өздері де келмейді, мама.

— Келмегенде ше! Келмей қалады екен деп қорықпай-ақ қой, келеді!

Керші екі әйел шынында да түскі астан кейінгі кофеге келді, өздерімен бірге матадан істелген туфлилер ала келді.

— Бұл үйге киетін туфли ғой,— деді олар,— мұны таңертең жуынып-шайынып болғанша киеді. Біз мұны уақыт өткізу үшін ғана тек сарай маңындағылар мен королева балетіне арнап істейміз. Бірақ, егер жақтырсаңыз, зайыбыңызға бір парың алуыңызға болады.

Мортен Вера үшін бір парың сатып алып еді, бірақ ол оны керек қылмады. Сонан соң Мортен оны кемпірге берді.

— Түнде тұрғанда аяққа ілу үшін баяғыдан бері бір тырпылдақ керек болып жүр еді,— деді ол селқос қана. Екі әйелдің екеуі де аздап ренжіп қалғандай кейіп білдірді.

— Ал енді, біздің үйге қайтатын уақытымыз болды, нәрсе-қараларымызды жыйнастыруымыз керек,— деді олар, кетіп бара жатып.— Ал әбден жыйналып, теріліп болғаннан кейін, қалай тамаша жайғасқан екенбіз, бізге келіп соны көріп кетулеріңізді өтінеміз.— Олар бұл сөзді бейне бір жер үстінде жоқ рақатты көрсететіндей дәмелендіріп айтты.

— Ой, рас, өздерінің үстінде көйлектері жоқ,— деді Вера.

— Я, сөйтіп тұрып өздерінің бірдемемен мақтанғылары келетіні адамның көңлін босатады!

— Тьфу! Көңіл босатқаныңмен қоса кұры! — деп жерге түкірді кемпір.— Енді олардан сірә де құтыла алмассың!

Жүк машина сол келмеген күйі келмеді, бірақ кемпір станция күзетшілерінің бірі қоларбаға салып, бір кішкене кресло мен үй мүлкін әкелгенін көрді.

— Бұлар күйеуінен айрылған әйелдер, көрерсіңдер әлі,— мұндайлар әрқашан да еркектерді тықсыра түсуге ыңғайлы болу үшін екі-екіден бас қосып алады. Жесірлер өйтпейді.

— Не десеңіз де, әйтеуір, өздері біздің жолымызға сайма-сай келетін адамдар,— деді күліп Мортен.

— Я, бұлар да біз сыяқты, тағы басқалар сыяқты нақұрыстар көрінеді. Кемпір сақылықтап күліп жіберді.— Жарайды кім болса, ол болсын, тек жанымызға тым үйір қылып алмайық.

Балконның үстінде түстік жақта керіліп жатқан кең алапқа қарап тұрып бұл жерде ешкілерден қойлардың күні бұрын қалай бөлініп қойғанына Мортен еріксіз таңқалды. Ол жақтағы түстіктегі кедейлер лашығына көз тоқтатар көрік те жоқ, ал мұнда дөңгелек-дөңгелек төбешіктердің үстінде қабырғаларын жасыл жапырақтар көмген, ескі стильмен салынған дачалар, немесе салтанатты сарайлар тәрізді алдыңғы жағында бағандары бар үлкен-үлкен виллалар көз тартып тұрады. Қазір бұлардың барлығы да жабық, шегеленіп тасталған. Алтын жағалау қысқы ұйқыда мүлгіп жатыр. Оның есесіне жазды күні бейнебір жермен-жексен болып кеткендей болып Мортенге көрінбейтін балықшылар поселкасы қазір ешнәрсемен қалқаланбай айқын көрініп тұр. Копенгагендықтармен бірге табыс та, сәтті тұрмыстың алдамшы көріністері де қоса тұрып, енді боямасыз нағыз жоқшылықтың өзі көрініп тұрды. Бейнебір өзінің алғашқы қалпына қайта оралғандай, бұл алапта едәуір өзгерістер болды. Жазғы тапқан табыстарымен жыл он екі ай күн көретін маусым жұмысшылары мен жериеленушілер қазір ештеме де істемей, қарап отыр; балықшылар шардақтардан, қызметке арналған құрылыстардан шығып, өз бөлмелерін иемденіп жатыр. Көк свитер келесі маусымға дейін сыпырылып тасталды, кейбіреулер ескі-құсқы балық аулайтын құрал-саймандарды алып шығып, соларды жамап-жасқаумен болды. Бірақ нағыз істің өзіне әлі жеткен жоқ. Балықшылардың көпшілігі топ-топ болып жыйналып, жаз бойына тапқан табыстарын әңгіме етіп бүлінген, сынған нәрселерінің шығынын есептеп отырады, бірақ дачниктерді қарғап-сілей отырып, олар дегенмен де өз бөлмелерін келесі жазда да пәтерге беруге сенім артады.

Қыс — ұзаққа созылған зымыстан суық қыс болды. Аяз ерте түсіп, шексіз созыла берді де, кедей сорлылардың отқа жағар ештемесі болмады. Терістік теңізбен ешқандай отын жеткізілмейді, кемеге Германия сүңгуір қайықтары әкеп көмір жағып тұрды. Ал Германиядан әкелінетін азынаулақ көмір мен кокстің өте қымбаттап кеткендігі сонша, оларды тек дәулетті адамдардың ғана сатып алуға күші келді.

— Енді біздің тамақты аздап ішуіміз керек, — деді Мортен. — Үнемдеп жұмсап, аштылы-тоқтылы отыруымызға болады.

Сөйтіп олар тек каша ғана жейтін болды, отын үнемдеу

үшін бәрі жыйналып бір-ақ бөлмеде отырды. Мортен қымбат бағаға азын-аулақ ағаш отын тауып, жергілікті басқарма арқылы екі арба шым тезек түсіріп алды, онысы қалпынша топырақ болып шықты; аптасына бір рет отыз кронға гектометр кокс сатып алып тұрды.

— Біз енді бір-бірімізді қорғауымыз керек.— дейді Мортен балаларына, олар тым тентектік жасап кеткен кезде.— бәріміз бірдей ұйлығып, осында отыруымыздың керек екенін білесіңдер ғой!

Олар бұл сөзге түсініп әрқайсысы өз ойыншықтарымен ақырын ғана отыра қалып, монтыя қояды! Анда-санда олар столдың бір жақ шетінде жұмыс істеп отырған Мортенге қарайды да, бірдеме айтуға оқтала бергенде, бірін бірі тыйып тастайды. «Папам жазып отыр ғой»,— деп сыбырлайды Дагмар. «Жоқ, папам шығарма жазып отыр!»— деп оның сөзін түзеп қояды Эльза да сыбырлап.

Бірақ бәрінен гөрі Вераның бабын табу қыйынырақ: ойына «әлдене» келе қалғанда, ешбір жағдайға қарамастан тап бір кеңшілікке құштар болған жандай ол ештемемен санаспай кететін. Қалғандары шамалары келгенше Вераның қыбын табуға тырысатын, бірақ тар жерде ол да оңайға түсе қоймайтын.

— Сірә, өзі жүкті болса керек,— деді кемпір,— немесе соны басына берік ұялатып алған.

Негізі кемпір көп нәрсеге араласуды қойды, өзінің мінез-құлқына қарамастан үндемейтін, байсалды адам болып кетті. Бір күні балалар бөлмесіне кірген Мортен шешесінің терезе алдында жылап тұрғанын көрді.

— Ой, дүниенің өзі осылай жаратылған соң, неге жылайсың дерің бар ма,— деді ол, Мортен ежіктеп сұрап қоймаған соң.— Ертеден қара кешке шейін еңіреп жылау, беттен алу, қайта-қайта талмаурау міне осының барлығын естіп, көріп отырып өмір сүрген қайбір көңілді ғой дейсің?

— Менімше, мама, бұған менің ешқандай кінам жоқ қой деп білем.

— Егер өзі керек қылмаса, оны жүкті болдырмауға тырыс. Және басқа әйелдердің көңілін аулағанды қою керек еді, ол сені осы маңдағы әрбір төмен етектінің соңына түсіп жүр, басқа қалаларда да, сөз жоқ, сүйген жарлары бар деп есептейді. Сондықтан да жүрісі жиілеп, баяндамасы көбейіп кетті дейді.

Мортен қарқылдап қатты күлді.

— Жоқ, мама, сірә, мұны өзіңіз қалжыңдап айтып отырған шығарсыз! Мені сондай бір Дон-Жуан ғой дейсіз бе?

— Дон-Жуаныңды қайдан білейін! Менің білетінім :сен, әйтеуір, әрқашан да тіпті оқып жүрген кездеріңде де әйелдерге қатты ұнайтынсың, сөйтіп жүріп әке де болып кеткенсің. Одан да жоғарыға бар да, Вераны жұбатып, есін жыйғыз: өзі сірә сенің кабинетіңде болу керек.

Мортен жоғарыға көтеріліп, кабинетіне келсе, Вера бүк түсіп, диванның үстінде жатыр екен. Кемпірмен болған жаңағы әңгімеден кейін ол Вераға жылушырай сөйлей алмады.

— Менің жұмыс істеуім керек,—деді ол Вераға ызбарлана қарап.

Вера орнынан тұрды да, аяғын сүйрете басып, төменге түсті.

Бұл не, мына үш бүктетіліп сүйретіліп бара жатқан дененің шыны ма, жалғаны ма? Ауру ма әлде өзі? Жоқ әлде жынданған ба? Немесе долданып бара ма? Осы бір ауыр да қытымыр заманда от басының берекесін әдейі қашырғысы келгендей, Вера көп нәрсені оңалмастай етіп бүлдіріп те бітті... Қайтадан Мортеннің қағаздарын ақтарып-төңкере бастады!

Күтпеген бір жаңалық Вераның Мортен жұмысымен шұғылдана бастағаны болды. Күйеуі жоқ кезде ол оның қолжазбаларын ақтарады, кейбір беттерінің со бойымен жоғалып кетіп жүрген кездері де болды. Мортеннің әйелдер туралы жазғанын көрсе, тіпті шыдай алмай кетеді; ондай жағдайда Мортеннің қасына келіп, мойынан құшақтайды да, жазған нәрселеріңді маған неге оқымайтын болып кеттің деп сұрайды. Егер ол ыңғайына көніп, кей кездерде тіпті мейрімін түсірсе, көлгірси ақкөңілденіп:

— Бұл әйелмен қайда танысып жүрсің? — деп сұрайды.

— Танысып дейсің бе? Мен мұны ойымнан шығарып жазып отырмын.

— Ой, оныца ешкім де сенбейді! Осыншама шынайы, өмірде бар адамдай етіп ойлап шығару мүмкін емес.

— Мұның мен үшін өте дәріптеу сөз болып кетті. Демек, тіпті сеніңше де мен бір өте талантты жазушы болғаным ғой!

Бірақ ол мұныңда бір арамдық бар деп, қайта-қайта айтып, қасарысып тұрып алады. Ақыр аяғында Мортен

шыдай алмай, тасталқан боп ашуналатын да, Вераны есіктен итеріп шығарып жіберетін.

Сол-ақ екен оның басының сақыйнасы ұстайды, сонан соң құлағының құрыш етін жеп, араларының жайын айтып күйеуіне мыжыңдайды да отырады. Демек, енді мұнан құтылудың тек бір-ақ жолы қалады — өзіне тиісті дүниешілікті жыйнап алып, үйінен безгеннен басқасы жоқ!

Тым құрыса, балалары аздап ержеткенше, шыдамы жетсе екен! Үшінші класқа отырып, әр қаланы кезіп, ұйқылы-ояу мүлгіп отырған көпшіліктің алдында, клубтарда, сөз сөйлегенде, айына екі-ақ рет баяндамашылар түнеп шығатын мұздай суық төсектерге жатып, жол үстінде жаурап, түкке тұрмайтын болмашы қаламақидан бірдеме үнемдеп қалдыру үшін жөн-түзу тамақ та ішпей жүргенде тап бір Мортен әйелдер үшін әлек болып жүр деп ойлайтын болу керек Вера. Махаббат уақығалары! Я, сол махаббат уақығаларын іздеп шарқ ұрып жүретін де Мортен! Әрине, кей кезде сол махаббат оқыйғасына да тап болып қалады! Көкіректерін ыза кернеген жастардың алдына шығып, өне бойы өзін азаптап келген жүректегі барлық сырын емін-еркін ақтарғанда, — сонда ғана бір рет нағыз махаббат оқыйғасына кездескен еді! Келесі аптада ол махаббат уақығасын іздеп, — революцияшыл жастардың одақтарында сөз сөйлеу үшін Мальмэга, Гетерборгке, Стокгольмге барады. Ол бұл сапарға шықпас бұрын, алдын ала-ақ қуанды, барлық шаруасын үйге қайтуға асықпайтындай етіп жайғастырып қойды.

Кешке ойламаған жерден қонақ келді. Мортен оны даусынан танып, басқыштан-ақ дабыс берді:

— Бұл сенбісің, Фредерик?

— Мен өзіммін! — деп жауап қатты Фредерик Стольпе, Мортеннің қолын қатты сілкілеп жатып. — Қал қалай? Көптен бері көріспей кеттік қой.

— Я! Дегенмен мен де сендердің кәрлі кездеріңе ұшырасып қалдым-ау деп ойладым. — Мортен албырттана күлді.

— Ой, мен онда ақмақ едім ғой, шалдардың айтқан пікірімен жүретінмін. Ал, мен қазір синдикалистпін.

— Қанша дегенмен де, мұның бұрыңғыңнан тәуірірек қой, — деп ұстамды жауап қатты Мортен.

— Мұнан да гөрі тәуірірек болуым үшін не істеуім керек еді, соны айтып бере аласың ба, сен маған?

Жоқ. Оны Мортен айтып бере алмайтын еді,

— Жұмысшылар қозғалысын былықтырған кір-қоқысты біраз тазалай түссе, сонда ғана оның ұйтқысы сау болар еді.

— Міне нағыз тазалау сонда болар еді! Барлық жуан қарын сатушыларды не істер едік? Мүмкін, Амагерге апарып, майларын шыжғырып алар ма едік, қайтер едік? — Фредерик Стольпе күліп жіберді. — Айтпақшы, сен білесің бе, Свен-Утеха отырып қалды!

Мортен оны білмейтін еді.

— Ол жігіт антимилистористік брошюра жазып, сол үшін екі айды арқалады. Газеттер бұл жөнінде үндемей жатыр, өйткені ол Пелленің баласы ғой! Жігіт өзі, Свен-Утеха жоғарғы топқа сұмдық шабуыл жасайды! Ал, социал-демократиялық басшыларға, әсіресе қазір, патша сарайындағы сән-салтанаттарға қатысуға партиядан рұқсат алып отырған кезде, бұл ұнамайды.

— Ал өзің қайнағаңмен кездесіп тұрасың ба?

— Жоқ, қазір өзім семья арасында сүйкімді болып жүрген адам емеспін, Пелле ағайын-туыстардың хал-жағдайын керек қыла қоймайды, тым дандайсып кетті. Ол жанына шошқаларды жолатқысы келмейді, барлық нәрсені қопарып кетеді деп есептейді.

— Қой-қой, Пелле де дандансый қоятын болды ма!

— Ал, Эллен апай жөнінде, тіпті айтып та керегі жоқ. Ол өзі қара тырнағына шейін паң әйел болып кетті! Мен осы маңдағы бір ірі саудагердің дачасында жұмыс істейтін едім, сел қаптаған уақытта соның падвалына су кіріп кетті. Сонан соң саған соғып кеткім келді. Ал және бар ғой: сен түнде жұмыс істеуді сүйетін адамсың ғой. — саған түнгі қызметте сергітіп отыратын бірдеме керегі жоқ па? Сіз сыяқты жазушылар қызыл өңешке құйып алғанды жақсы көреді деседі ғой.

Мортен күліп жіберді.

— Олар нағыз жазушылар! Олар шынында да бөтелкеден рухтанып отырады, сонымен өздері ұлт алдында аса зор даңққа ие болады. Ал, басқалар, материалды тек өмірден ғана алатындар, искусствода арамтамақтық жасап жүрген жай, қарапайым адамдар.

— Сен шынында да өзіңді қарапайым адаммын деп есептейсің бе?

— Я, бірақ мен соныма сыпайыгершілікпен мақтанбайын, шын мақтанамын.

— Мен әйтеуір түсінбеймін!

— Ал, байқайсың ба сен, нағыз адам жылына бір рет келетін рождество той-домалағы мен жексенбі күндері ауызға тиетін майлы сүтке иленген булочкалар мен кофеге ғана мәз болмай, өзі үшін күнде мейрам болуын талап ететін адам шығуы керек деп есептеймін. Күні осы уақытқа шейін біз арыстан жеп болғанша аулақта күте тұратын қорқақ шүйе бөрідей болып келдік. Ал біз, қарапайым халық, адам баласына дайын стол жасап бердік, рухани жағынан да солай еттік.

— Буржуазия ешуақытта бұған қосылмайды.

— Ал бізге оның бәрібір, тек әйтеуір, біздің адамдарымыз өздерінің жұмсақ, көнбістігіне мақтанып, бір жерді шырқ айналып жүре бермесе болғаны. Сайтан алғыр, қара бидай мен қызыл бидай жұрттың бәріне бірдей жететін боп мол шықса, ағаш қабығынан нан жасап жеймін дейтін еш ізгі адам табылмас еді! Пер-Голяк өмірге көзін сатып телміріп-ақ бақты, бірақ оны пайдалана алған жоқ: Енді оның да кәдуелгідей адам болуына көмек беретін уақыт жетті.

— Я, бұл жағынан алып қарағанда!.. Ал шынына келгенде ең үлкен қуаныш еңбек, әсіресе, үйіңде семьяң болса, балаларың өсіп, оқып жатса, әйелің де өзіне өзі қарай алатындай мүмкіншілік алып, уақыты болатын болса, тағы басқа сол сыяқты нәрселермен көңілің жай болып жүрсе, еңбектен артық қуаныш жоқ. Үлкен үйдің қасында тұрып, ешқандай қулық-сұмдықсыз іс бір қалыпты жүріп жататын жақсы артельде жұмыс істесең, дүниедегі ең қуанышты нәрсе, бірдеме жасап шығару екен ғой деп ойлайсың. Және оның үстіне еңбекақың жақсы болып, кешке семьяңның жанында тынығатындай жұмыс күнің аса ұзақ болмаса — күнделікті өмір дегенді сен осылай деп білетін болсаң...

— Я,— деді Мортен; — еңбек — бірден бір нағыз рақат: ондай еңбектен көңліңде ешқандай кірбің қалмайды! Әсіресе кофе ішкеннен кейін жұмысты тамаша істейсің, ол адамды өте жақсы сергітеді.

— Ой, сайтан-ай! Мен де соны айтайын деп едім, сен философия соғып кеттің,— деді де Фредерик қалтасынан үлкен бір пакет кофенің дәнін суырып алды.— Міне, саған әкелдім! Шешең кофенің дәнін табаға қуырсын, диірмен табу қыйын емес ғой.

— Күдайым-ау! Қайдан таптың сен мұны?

— Тартып алдым! Мен әлгі үлкен вилланың подвалындағы жұмысты меңгеремін. Сел қаптаған кезде су подвалға

— Жұмысшылар қозғалысын былықтырған кір-қоқысты біраз тазалай түссе, сонда ғана оның ұйтқысы сау болар еді.

— Міне нағыз тазалау сонда болар еді! Барлық жуан қарын сатушыларды не істер едік? Мүмкін, Амагерге апарып, майларын шыжғырып алар ма едік, қайтер едік? — Фредерик Стольпе күліп жіберді.— Айтпақшы, сен білесің бе, Свен-Утеха отырып қалды!

Мортен оны білмейтін еді.

— Ол жігіт антимилистористік брошюра жазып, сол үшін екі айды арқалады. Газеттер бұл жөнінде үндемей жатыр, өйткені ол Пелленің баласы ғой! Жігіт өзі, Свен-Утеха жоғарғы топқа сұмдық шабуыл жасайды! Ал, социал-демократиялық басшыларға, әсіресе қазір, патша сарайындағы сән-салтанаттарға қатысуға партиядан рұқсат алып отырған кезде, бұл ұнамайды.

— Ал өзің қайнағаңмен кездесіп тұрасың ба?

— Жоқ, қазір өзім семья арасында сүйкімді болып жүрген адам емеспін, Пелле ағайын-туыстардың хал-жағдайын керек қыла қоймайды, тым дандайсып кетті. Ол жанына шошқаларды жолатқысы келмейді, барлық нәрсені қопарып кетеді деп есептейді.

— Қой-қой, Пелле де дандансый қоятын болды ма!

— Ал, Эллен апай жөнінде, тіпті айтып та керегі жоқ. Ол өзі қара тырнағына шейін паң әйел болып кетті! Мен осы маңдағы бір ірі саудагердің дачасында жұмыс істейтін едім, сел қаптаған уақытта соның падвалына су кіріп кетті. Сонан соң саған соғып кеткім келді. Ал және бар ғой: сен түнде жұмыс істеуді сүйетін адамсың ғой,— саған түнгі қызметте сергітіп отыратын бірдеме керегі жоқ па? Сіз сыяқты жазушылар қызыл өңешке құйып алғанды жақсы көреді деседі ғой.

Мортен күліп жіберді.

— Олар нағыз жазушылар! Олар шынында да бөтелкеден рухтанып отырады, сонымен өздері ұлт алдында аса зор даңққа ие болады. Ал, басқалар, материалды тек өмірден ғана алатындар, искусствоға арамтамақтық жасап жүрген жай, қарапайым адамдар.

— Сен шынында да өзіңді қарапайым адаммын деп есептейсің бе?

— Я, бірақ мен соныма сыпайыгершілікпен мақтанбайын, шын мақтанамын.

— Мен әйтеуір түсінбеймін!

— Ал, байқайсың ба сен, нағыз адам жылына бір рет келетін рождество той-домалағы мен жексенбі күндері ауызға тиетін майлы сүтке иленген булочкалар мен кофеге ғана мәз болмай, өзі үшін күнде мейрам болуын талап ететін адам шығуы керек деп есептеймін. Күні осы уақытқа шейін біз арыстан жеп болғанша аулақта күте тұратын қорқақ шүйе бөрідей болып келдік. Ал біз, қарапайым халық, адам баласына дайын стол жасап бердік, рухани жағынан да солай еттік.

— Буржуазия ешуақытта бұған қосылмайды.

— Ал бізге оның бәрібір, тек әйтеуір, біздің адамдарымыз өздерінің жұмсақ, көнбістігіне мақтанып, бір жерді шырқ айналып жүре бермесе болғаны. Сайтан алғыр, қара бидай мен қызыл бидай жұрттың бәріне бірдей жететін боп мол шықса, ағаш қабығынан нан жасап жеймін дейтін еш ізгі адам табылмас еді! Пер-Голяк өмірге көзін сатып телміріп-ақ бақты, бірақ оны пайдалана алған жоқ: Енді оның да кәдуелгідей адам болуына көмек беретін уақыт жетті.

— Я, бұл жағынан алып қарағанда!.. Ал шынына келгенде ең үлкен қуаныш еңбек, әсіресе, үйіңде семьяң болса, балаларың өсіп, оқып жатса, әйелің де өзіне өзі қарай алатындай мүмкіншілік алып, уақыты болатын болса, тағы басқа сол сыяқты нәрселермен көңілің жай болып жүрсе, еңбектен артық қуаныш жоқ. Үлкен үйдің қасында тұрып, ешқандай қулық-сұмдықсыз іс бір қалыпты жүріп жататын жақсы артельде жұмыс істесең, дүниедегі ең қуанышты нәрсе, бірдеме жасап шығару екен ғой деп ойлайсың. Және оның үстіне еңбекақың жақсы болып, кешке семьяңның жанында тынығатындай жұмыс күнің аса ұзақ болмаса — күнделікті өмір дегенді сен осылай деп білетін болсаң...

— Я,— деді Мортен; — еңбек — бірден бір нағыз рақат: ондай еңбектен көңліңде ешқандай кірбің қалмайды! Әсіресе кофе ішкеннен кейін жұмысты тамаша істейсің, ол адамды өте жақсы сергітеді.

— Ой, сайтан-ай! Мен де соны айтайын деп едім, сен философия соғып кеттің,— деді де Фредерик қалтасынан үлкен бір пакет кофенің дәнін суырып алды.— Міне, саған әкелдім! Шешең кофенің дәнін табаға қуырсын, диірмен табу қыйын емес ғой.

— Құдайым-ау! Қайдан таптың сен мұны?

— Тартып алдым! Мен әлгі үлкен вилланың подвалындағы жұмысты меңгеремін. Сел қаптаған кезде су подвалға

кіріп кетеді, ол өте қауыпты, өйткені онда: шұжық, сан ет, консерва сыяқты өңшең тамақтар, қатар-қатар болып, самсап тұрады! Шараптар да, кофе, какао тағы бірдемелер салған қаптар да қаптап жатады. Айта көрме, жұмыс істеп тұрғаныңда тіпті аузыңнан суың ағады: барлығы жайрап аяғыңның астында жатады! Және жолдастар бірдемені алып кетпес үшін көз жазбай қарап тұру керек. Мен оларды жақсы білемін ғой, өте қызықтырғыш нәрсе! Ал солай бола тұрса да ұрлық жасаған жарамайды.

— Сүті мен балы ағып жатқан ол қандай подвал өзі? — деп сұрады Мортен.— Бір саудагердің подвалы ма, немене өзі?

Фредерик Стольпе көзін сығырайтып, басын изеді.

— Мен осы жердегі барлық виллаларда осындай қор бар шығар, сондықтан да бізге товарлар жетпейтін болар деп ойлаймын. Осындай азық-түлік толып тұрған саудагердің погребінде отырып, бір жапырақ наныңды маргарин майымен өңешіңнен өткізсең қандай тамаша! Ол өзі қайта-қайта келіп бізді қарап кетіп тұрады,— түскі демалыста тап бір арам ойдан азабы шыққан адамдай-ақ сөз жоқ бір қарайды, сол-ақ екен біздің де көкірегіміз сайрап қоя береді. Отан туралы, біздің бәріміздің де бір қайықтың үстінде екендігіміз, бай болсын, батрак болсын әрбір адамның қоғам алдындағы өзінің борышын сезінуі керек екендігі туралы ойлаймыз... Ал оған шейін ол барлық өрелерді көзбен тінткілеп, бірдеме жоғалып кеткен жоқ па екен дегендей қарап шығады. «Мұнда тұрған нәрселердің барлығы да, балалар госпиталінікі ғой,— дейді ол жексұрын үнмен,— аурып жатқан сорлы балалардікі ғой! Мұның барлығы да мұнда тек сақталу үшін әкелінген». Менің кей кезде жақсылап тұрып өзін шапалақпен тартып жібергім кеп, қолым қышып кетеді.

— Бар да мәлімдеме жасап білдір,— деді Мортен.

— Ой, қойшы сол сайтанды, одан түсер не пайда бар? Қарға қарғаның көзін шоқымайды. Бізге полицияның да, өкіметтің де қажеті шамалы.

— Я, оның да рас! Демек, сіздіңше, ол саудагер негізі аса жаман да адам емес қой?

Фредерик Мортенге көзінің қыйығымен алара қарады.

— Кекетпеші, жарқыным; одан да Пеллені қолға алсайшы.

— Е, оған не болып қалыпты?

— Ұлы Могол ма, әлде басқасы ма бір түрік үйіне келіп, қонақ болып құл саудасын жүргізіп жатқаны болмаса, түк те болған жоқ.

— Мен сенің сөзіңе түсіне алмадым.

— Солай ма! Ол түрік мұнда герман соғыс өнеркәсібіне Дания жұмысшыларын жыйнау үшін келіпті. Оның орнына немістер біздің алдымызға көмір тартпақшы. Бұл идеяға Пелле қатты беріліп жүр деседі.

— Жұмысшылар ше? Сайып келгенде бәрі де соларға байланысты ғой.

— Металшылар арасында жұмыссыз жүргендер көп, демек оларды көндіру де аса қыйынға түспейді. Ал егер олар өз еріктерімен көне қоймаса, әрекет жасаудың және басқа да жолдары бар. Пособие...

— Пелле өйтпейді!

— Сен солай ғой деп ойлайсың ба? Көрерміз! Ол келімін де беріп қойды деседі. Байқап көрші, сен осы түрікті сөзбен бір шалып тастай алмайсың ба? Жұмысшылардың да көңілі көтеріліп қалар еді; олардың көпшілігі біз енді еріксіздермен сауда қарым-қатынасын жасайтын болдық деп жарылып кете жаздап ызаланып жүр. Біздің газет сенің қарауыңда ғой.

— Сен оны қайта-қайта түрік дей бересің, ал ол неміс және өзі социал-демократиялық партияның мүшесі.

— Бәрі де болуы мүмкін. Бірақ сен дегенмен де өзін бір көкесіне көрістіріп жіберші! Ал, кететін уақытым да болды. Ал анау кофе жөнінде алаң болмай-ақ қойыңдар, ол өзі ұрланып алынған нәрсе емес. Бір қап жыртылып, кофесі ізвестің үстіне төгілді де не болғаны белгісіз болып араласып кетті. «Мұнда жартысы жетпей жатыр ғой!» деп ойбай салды ірі саудагер. «Я, деймін мен, ауру балалар аянышты, бірақ қазір аламыз да тұқымдарды санап шығамыз!» Ал, қош бол!

XII

Көмір! Көмір!

Келесі күні таңертең Мортенге Пелле телефон соқты:

— Әйеліңді ертіп, біздікінен тамақ ішіп кетуге келіңдер, көптен бері көрісе алмай кеттік қой өзі! Жолаушылап келіп жатқан екі неміс болады, олардың да сенімен танысқысы келеді! Бірақ, егер мүмкіншілігің болса, басқа адамдар

келіп болғанша екеуміз біраз мылжыңдасып үлгіретіндей болып, ертерек кел.

— Ол неғылған жолаушылар екен? — деп сұрады Вера.— Мүмкін, әлгі бай-түрік шығар?

— Бай-түрік? — Мортен күліп жіберді.— Оның кім тағы да?

— Кеше, мен өзіміздікіне барғанымда, папам Турциядан ба, жоқ әлде басқа жерден бе бір миллионер келіпті, немістер жағын қолдау үшін біздің аузымызды алғысы келетін көрінеді өзінің деп отырған. «Кешкі газетте» де солай айтылған. Және онда түрік Пеллемен әңгіме жүргізеді делінген.

Фредерик Стольпе айтқан жолаушылап келіп жатқан адам мен өзін Пелленің шақыруының арасында қандай ғана болмасын бір байланыс бар-ау деген пікір пайда болды Мортенге; бірақ ол Верамен мұндай маңызды мәселелерді сөйлеуді артық көрді. Сондықтан да ол:

— Міне бульвар листогі! Атышулы тақырыптар беріп тек өсек-аяң мен өтіріктерді ғана жазады.

Вераның есінен түрік кететін емес; жолшыбай тағы соны әңгіме қылды:

— Газетте ол өзі жібек шапан киіп жүреді, кедейліктің жайын жазады, Дания басшылары да оның он саусағында ойнайды, өйткені ол оларға ақша беріп тұрады делінген, ол өзі ірі саудагер, өте әйел жанды адам көрінеді,— гезетте тап осылай деп жазылған,— оның европадағы әрбір астанада семьясы, қатын-баласы бар көрінеді. Ол ол ма, оның бірінші класта, жалғыз өзі бір купені алып жүретіндігіне шейін айтылған.— Вера осы қызған бетімен арман қарай айта берді; өзі Мортеннің шамына тисем екен деп келе жатқан сыяқты.

— Я, ол өзі нағыз Көк Сақал,— деп сылтың ете жауап қатты.— Байқа тек, көңілің қайтып қалып жүрмесін.

— Ах, егер ол сондай болып шықса! — Вераның тұлабойы тітіреніп кетті, таңданғандықтан тіпті қалтырап та қоя берді. Социал-демократтардың аз да болса сүйкімді жөн-түзу біреуін көрудің өзі қандай қызық.

Пелле Стокгольмсгадта тұратын еді, ұзақ жүрмей-ақ тез-ақ жетіп келді. Бірақ Мортен мен Вера бірінші болып шықпады, бүкіл екінші қабатын Пелле алып тұрған, патша сарайы сыяқты көрнекті, оңаша үйдің алдында үлкен бір роллройс тұр екен.

Алдына ақ алжапқыш байлаған үй қызметші әйел келді

де, екеуінің сырт киімдерін шешіндірді. Не Пелленің, не Эллиенің қарсы алмағанына Мортен терісіне сыймай, тырсыйып кетті. «Таңда» отырғанда бұларды алдарынан шығып, алыстан, даладан күтіп алатын еді.

Олар кабинетке келді, Пелле әдетегісінше жаны қалмай қарсы алып қонақтармен таныстырды. Доктор Сервус қағаз ақтарып оларға жотасын бере, теріс қарап отыр екен; ол үлкен кең былғары креслоны жалғыз өзі жайлап отыр: Мортен мұндай үлкен сұмдық жотаны ешуақытта көрген емес. Қолдары — бағандай; майлы жотамен тұтасып, бейне бір үрген бүйендей білеуленіп, бірінің үстіне бірі құлап жатқан үш қатпарлы қызыл күрең шүйденің үстінде басқа денеге лайықсыз кіп-кішкентай болып, тықыр қырғызған сопақ басы тұр. Жолаушы креслоны өзімен қоса көтеріп кете жаздап, орнынан әзер тұрды; бірақ креслодан көз ілеспес шапшаңдықпен келгендерге жылпос бұрылып, добалдай үлкен түкті қолын ұсынды.

— Доктор Сервус — *hab die Ehre!*¹ — деді ол Мортенге; Вераның қолын сыпайыгершілікпен сүйді.

Сервус бір минуттей оның аппақ қолынан ұстағанда Сервустың үлкен алақанына көмілген Вераның кішкентай қолы көрінбей де кетіп еді: кішкене көздерімен тесіле қараған кезде Вераның жүрегі лүп ете қалды. Артқы екі аяғымен тік көтеріліп Вераны жеп қойғалы тұрған бейнебір алып жыртқыш деп білерсіз өзін! «Сірә өзінің тұла бойы қаптаған қалың түк болар,— деп ойлады Вера іштей суынып.— Я, рас, мұндай күйеуіңнің болуы да бір ғаламат қой!»

— Келгенің жақсы болды-ау өзіңнің,— деді Пелле қуанышты кейіппен Мортенге.— Әйтпесе жалғыз өзімнің екі адаммен бірдей сөйлесуім қыйын болып отыр еді.

Манадан бері сыпайыгерлікпен көріне қоймай, көлеңкеде отырған доктор Сервустың бір серігі бар еді.

— Доктор Блох! — деп таныстырды ол өзін.— Дегенмен, мен партиялас жолдастықтан гөрі, мамандас жолдаспын. Менің мамандығым — әдебиет, сізбен танысқаным өте қуаныштымын. Мортен мырза. Біздің елімізде сіздің көптеген оқушыларыңыз бар, олардың көпшілігі жұмысшылар ортасынан.

Қабырғада ілулі тұрған Пелленің партиялас жолдастарының топтанып түскен фотографиясы мен ірі-ірі жыйналыстардың суреттерін қарап, Доктор Сервус бөлме ішін

¹ Атағым бар (немісше)

абыржый кезіп жүрді. Сөз жоқ, өзінің қарны ашып жүр. Етінің ауырлығына қарамастан Сервустың жүрісі өте жеңіл, оңтайлы; ол төбесі шошыйып, біртүрлі ерсі боп көрінетін басын ілгері қарай жіберіп, бейнебір қалқып бара жатқан алып минадай домалаңдайды. Міне сол екі арада асудың жарма есігі ашылып, табалдырықтан екі беті қызарып, сәл ғана именіңкіреп тұрған Эллен көрінді.

— Жүріңіздер! Тамаққа отырыңыздар! — деді ол аздап қысылыңқырап.

— Аһа! — доктор Сервус жұрттан бұрын столға қарай ұмтылды.

Эллен әдеттегесіндей жақсы тамақтар дайындапты: селеткаға арналған суық арақ, сүрленген угорь¹, заливное, маринад, тағы басқа сол сыяқты ыстық тамақ, тәтті-дәмді астар тұр. Доктор Сервус барлығын да жан сала жеп, құмарта ішіп отыр. Сыра ауыз жағы алтынданған ұзын мойынды бөтелкелерде еді.

— Ah, das schöne Bier! — деп таңданды ол, қуанғаннан гүл-гүл жайнап.— Aber einen krug, einen krug².

Мортен оның сөзін аударып еді, Эллен не істерін білмей мүлде сасып қалды.

— Бізде ешқандай кружка жоқ еді,— деп жауап қатты ол, жан-жағына амалсыз жалтаңдай қарап.

Бірақ доктор Сервус орнынан атып тұрып, пештің үстіндегі ішінде гүл тұрған үлкен қыш құмыраны алды да:

— So ist's recht³ — деді Вераға құмыраны созып жатып.

— Ойбай-ау! Мынау үш литрлік құмыра ғой! — деп таңданып қалды, не істерін білмей есі шыққан Эллен.— Үйімізде ондай сырамыз да жоқ!

Бәрі жабылып сыраны құмыраға құйды; Эллен одан доктор Сервусқа құйып берейін деп жатыр еді, ол басын шайқап, күлімсіреген күйі оның қолынан құмыраны алды да, ерніне апарып демалмастан бір-ақ тартты. Эллен сасқанынан Пеллеге қарады, ол жұбатқандай кейіп білдіріп, күлімсіреп қойды.

— Қайдан алып едің, бар ма өзі тағы да,— деп сыбырлады ол.

— Үйде мұнан басқа жоқ,— деп Эллен де сыбырмен

¹ Угорь — балықтың бір түрі.

² Ах, неткен тамаша сыра! Кружка беріңіздерші, кружка! (немісше).

³ Мынау да жарайды! (немісше.)

жауап катты, не істерін білмей өзінің мүлде есі шығып кетіпті.

— Ендеше біреуді жіберсейші,— деп міңгірледі Пелле.

Эллен кабинетке барды да, телефонмен сыраға тағы да заказ берді.

Стол басында әңгіме баяу өрбіді. Мортен байқаусызда айтылып қалған бір пікірді немісшеге аударып бастап еді, доктор Сервус басын шайқап:

— Nachher, nachher¹ — Оның мойын бұруға мұршасы келмей отыр.

Оның есесіне кофе мен сигарета әкелініп берілген кабинеттің ішінде ол ұзақ сонар ресми сөз сөйледі. Өзінің неміс социал-демократиялық партиясының өкілі ретінде келмей, жеке адам ретінде келгендігін атап айтты; ол дәл сол партияның тапсырысы бойынша келген, тіпті болмаған күнде, сол партияны тірек етіп келіп отыр деген пікір туды. Соғыс басталардың аз-ақ алдында, ол неміс социал-демократиялық қозғалысының бас штабында көрнекті роль атқарып, II Интернационалдың идеологиясы мен тактикасына шешуші ықпал жасайтын ресми журнал шығарғанын Мортен де, Пелле де жақсы білетін.

Іске ол өте ресми түрде кірісті, әлгінде ғана стол басында отырғандағысындай емес, мүлде басқаша болып кетті. Оның мүлде өзгеріп кеткендігі сонша, әлгі отырған адамның осы екендігіне сенудің өзі де қыйын еді. Ол жұмысшылар қозғалысын суреттеп шықты; ол қозғалыс анархистік, синдикалистік сектантстволар арқылы адам баласы тұрмысының барлық жақтарын қамтыйтын тұтас бір дүниежүзілік қозғалысқа айналып кетті дегенді айтты. Соның нәтижесінде жұмысшылар мен тұтас ұлы күштің бір бөлегі болып есептелетін, көпшілік жағдайда мүдделері жұмысшылардың мүдделерімен үндесіп жататын кәсіп иелерінің арасындағы қайшылықтар жойылды. «Verdaue die Hostie und du wirst Sie los² — бұл жаңа діннің ұраны етіп осыны қоюға болады.

— Қарапайым адамдардың қатарына түсу,— деп аударды Мортен кекетінді кейіппен; бұл Дания социал-демократия партиясының жариялаған соңғы ұраны еді.

Реформизм үшін германия жұмысшы қозғалысына жан-

¹ Кейін, кейін (немісше).

² Причастьяға (христіан шіркеуінде табынушылардың шелпекпен шарап ішуі) арналған шелпегің бойыңа сіңсе, одан құтылғаның

жақтан өре түрегеліп еді, сол реформизм осы эволюцияның табиғи заңды нәтижесі болып отыр, ал ол эволюция бүкіл тарихи дамудың нәтижесі болып саналады деп көрсетті доктор Сервус, Марксизмге қайткен күндерде бақылау жүргізу керек! Бұл бақылауды өмірдің өзі-ақ баяғыдан бері жүргізіп келеді, сондықтан да артқа қарай шегіншектемес үшін, соған байланысты программаны да, теоретикалық бағдарларды да қазіргі тұрғыдан алып қайтадан қарауға тура келеді. Қазір әлеуметтік жағынан зыянды деп табылып отырған ереуілдер жөнінде неміс жұмысшылары қозғалысының ұстаған бағыты, ол қозғалыстың қазіргі болып жатқан соғысқа жақсы қарым-қатнасы, оның үкіметпен, әскери басшылықпен ынтымағы — міне бұдан шығатын шешім осы. Мұндай эволюция барлық жерлерде де жүріп жатыр, бірақ тұрған елі алдыңғы қатарлы индустриялы ірі мемлекет болғандықтан және өздері халықаралық жұмысшы қозғалысында да алдыңғы қатарда келе жатқандықтан бұл эволюция неміс пролетариатының арасында әрі ертерек басталып, әрі қызуырақ жүріп, олардың бұл мәселеде де авангардтық роль атқарып келе жатқандығы мәлім. Германия — социализм бесігі, марксизм сонда туды. Және басқа елдердің барлығынан бұрын марксизмді қайта қарап, нәтижесіз тап күресінен ұйымшылдықпен жұмыс істеу заманына көшіп отырған да сол Германия.

Германия өмір үшін күресіп жатыр; герман жұмысшылары бұл күрес негізінде өздерінің күресі екендігін анық мойындайды. Сондықтан да оның қазіргі соғыс аты: *Gott strafe England*¹.

— Басқаша айтқанда Германияның империалист болуы керек қой! — деп сөз қыстырды Мортен.

— Бұлай деуге де болады, — деп мәмлемен жауап қатты доктор Сервус, — тек бұл сөзге аздап басқашарақ мағына беру керек. Біздің өнеркәсіп жұмысшыларымыздың ешқандай экономикалық қоры жоқ; шикізаттың көпшілігін сырттан алуға тура келеді, азық-түліктерді де солай етеді, сондықтан да ол дүниежүзілік ұлы базарсыз өмір сүріп тұра алмайды. Ал ағылшын империясы сол базарға Германияны жуытпас үшін бар күшін салып жатыр. Англияны дүниежүзілік үстемдіктен тайдыруға біздің өнеркәсібіміз, ірі финансы капиталымыз, юнкерлігіміз қандай құштар болса, жұмысшыларымыз да сондай құштар.

¹ Құдай, Англияның жазасын тарттыр (немісше).

— Сөйтіп үстемдікті өз қолдарына алуға,— деп Мортен шұбалана кекетіп қойды. Ол жұмысшылар жөнінде айтылып жүрген осы бір негізсіз жел сөзді бұрын да естіген еді.— Англияны империалистік мемлекет ретінде жойып, сонан соң барлық халықтарға бірдей ашық жол тазартсақ та жетпей ме?

Доктор Сервус ересек балаға күлімсірегендей күлімсіреді.

— Жақсылықтан кім бас тартар дейсіз? Ақырында неміс ұлтының да енді еттің майлы жапырағына қолы жететін болды!

— Майлы жапырағына? Мұныңыз нағыз капитализмнің кәдесі болды ғой!

Доктор Сервус жайнаң қағып кетті.

— Дұрыс! Дұрыс! Бүгінше бұл капитализмнің кәдесі. Бірақ біз мұны социализмнің кәдесі болатындай етеміз. Осы екі «измді» ұштастырып, не шығар екен, соны біз неге көрмейміз? Жаңа вундеркинд, ә? Социал-империализм! Бірақ ол өзара сүйіспеншіліктен барып туатын жеміс болу керек; екі жақ та бірдей бірін бірі іш тартып тұруы керек, ал күйіп-жанған ыстық сүйіспеншілік болса, тіпті жақсы!

— Жұмысшылар жағынан ондай сүйіспеншілік бола қоймас.

— Неткен ескі көзқарастағы адам едіңіз. Бүкіл дүние жүзіндегі қозғалыс неге әлсіреп кетті дейтін болсаңыз, өйткені ол қозғалыс ешқандай жаңа мақсаттар мен жаңа идеалдарды таба алмады. Жұмысшыларды біз сілкіндіруіміз керек; бұған соғыс та күшті әсер етеді. Міне осыған байланысты... я, мен енді өз келген жұмысым жөнінде айтайын. Байқайсыз ба, Дания — кішкентай ел, өте кішкентай ел, және сіздердің жұмысшыларыңыз әртүрлі ірі-ірі дүниежүзілік көлемдегі қозғалысқа тек біздер, немістер, арқылы ғана қатыса алады. Дүниежүзілік кірісте де ешқандай сыбағаларыңыз жоқ, сондықтан да сіздерде жұмыссыздық көп. Ұлы мемлекеттер өз жұмысшыларын майданға жіберуге мәжбүр болып отырғанда, бейтарап елдерде жұмыссыздардың қаптап отыруы өте қыйсынсыз іс! Сіздер инициатива дегеннен айрылған екенсіздер, әйтпесе өз жұмысшыларыңызды қару есебінде пайдаланып, ұлы мемлекеттерді тақтан тайдыруға тырысар едіңіздер ғой. Сөйтетін күн де туды!

Пелле мақұлдап басын изеді.

— Бізде темір де, көмір де жоқ қой,— деді Мортен.

— Бізде темір де бар, көмір де бар. Менің білуімше, жұмыссыздық әсіресе металшылардың арасында көп болу

керек. Бірнеше мыңдаған металшыларыңызды бізге жіберіңіздер, сонда сіздер темір де, көмір де аласыздар, сөйтіп сіздердің әлгі елу мың жұмыссыздарыңыз да кәделеріңізге жарайды. Империализмнің жаңа түрі, Мортен мырза! — Ол тап бір соққыдан жасқанғандай болып, ойнап, қолын жоғары көтеріп басын қорғады. — Мені басқаша түсініп жүрмеңіз, — деп сөзін шыйрақ сабақтады ол. — Мәселе сіздердің халықтарыңызды соғысқа тарту жөнінде болып отырған жоқ, — оған сіздер тым нәзіксіздер, соғысты өзіміз-ақ ұтып шығамыз. Сіздердің жұмысшыларыңыз бізге соғыс материалдарын жасап беру жөнінде ғана көмектеседі. Сіздердің металшыларыңыз — пайымды халық; осындай қыйыншылық кезде жұмыссыз құр босқа сенделіп жүргені өкінішті. Біздің ағылшындарға снарядтарды көбірек жібергіміз келеді.

— Бұған біздің жұмысшыларымыз көне қоймас, — деп мәлімдеді Мортен.

— Пелле мырза заң жағын жайғастырып беремін деп уәде етіп отыр, ал сіз жұмысшылардың мыйына құйып, сендіру жағымен көмектесе алар едіңіз. Олар сіздің сөзіңізге қатты құлақ асады.

— Сірә, мен бұл кәделеріңізге жарай алмаспын.

— Жақсылап ойлап көріңіз! — Доктор Сервус орнынан атып тұрып, қоштаса бастады. Бірақ манадан бері үнсіз отырған доктор Блок одан сәл кідіре тұруды өтінді де, портфелінен бір дәптер суырып алды. Бұл — «Die Вгücke»¹ дейтін жаңа журналдың жобасы екен; журналдың мақсаты — Швейцарияның, Голландияның, Бельгияның және Скандинавия елдерінің ой еңбегі қызметкерлерінің арасына көпір салып, былайша айтқанда, Герман-империясының айналасында буферлік² мемлекеттерден белдеу жасау көрінсін. Доктор Блок Мортеннің осы журналға қызмет етуге ризалығын беруін өтінді; журнал неміс тілінде шығады екен.

Мортен ойланып көрейін деп уәдесін берді.

— Сөйтіп, Германия қайткен күнде де соғыста ұтып шығамыз деп отыр ма?

— Сөз жоқ, — деп жауап қатты доктор Блок. — Оған күдік түгілі күдіктің ешбір көлеңкесі де болуы мүмкін емес!

— Aber selbstverständlich³ — деп міңгірледі доктор Сервус.

¹ «Көпір» (немісше).

² Б у ф е р — жауласқан екі үлкен мемлекеттің аралығындағы кішкентай мемлекеттер.

³ Әрине, өзінен өзі белгілі ғой (немісше).

Пелле мен Мортен қонақтарды автомобильге шейін шығарып салды. Доктор Сервус руль басына отырып, моторды от алдырысымен кенет кабинканың әйнегін төмен түсіріп жіберіп:

— Егер сіздер, жұмысшы басшылары, машинаны жүріске салып жібере алатын болсаңыздар, қандай нәтиже болатынын ойлаңыздар! Ал өткізу жағына келсек! Бұл алып айқаста Германия оларға өте мұқтаж! Пелле мырза істің саяси жағымен айналысады да, Мортен мырза оны жұмысшы баспасөзінде қолдап отырады. Famos¹. Біз сізді «Форвертстен» білеміз ғой — қаламыңыз өте өткір, жақсы қалам! Рас, оларыңыздың барлығы бірдей үнемі біздің талғамымыздай бола берген жоқ. Сіз тым солға таманырақ кетіп қалдыңыз, достым. Бірақ ол ештеме етпейді; әрине, сіздің қарсыласа беретіндігіңіздің өзі де сол ғой. Servus² — Ол быялай киген үлкен етті қолын бұлғады да ролл-ройс ілгері қарай ыршый жөнелді.

— Міне жігіт! — деді Пелле, екеві басқыштан көтеріліп келе жатып.— Серпіні қандай кең! Жалғанның кеңдігіндей бір кеңдік сезіледі өзінен.

Мортенге ол бейнебір ертектерде айтыла беретін жыртқыштардай: соғыс саудагері мен неміс бомбасының буданындай әсер тудырды.

— Бір көрмеге түгі де жоқ,— деп жауап қатты шамына тиіңкіреп кеткен Пелле.— Жұртты тым тезірек сынайсың-ау осы сен! Не дегенмен де ол өзіміздің туысқан партиямыздың өкілі емес пе.

— Я, мұндай сенімсіз сұмдар оларда толып жатыр,— деп жайымен ғана сөзін соза берді Мортен.— Олар партияға ақшадай көмек беріп, тіпті басшыларын да қаражатпен қамтамасыз етіп тұрады деседі. Сөйте тұрып олар ірі-ірі өнеркәсіп иелерімен байланыс жасап, халықаралық плутократияның³ мүддесі үшін қызмет етеді. Ол миллиондаған қаржыны түрікке астық сатып әперуден тауып отыр.

— Сен өзің жақсы біледі екенсің ғой,— деп шанша, аңғарта сөйледі Пелле.

— Мен Германияда болғанымда, жұмысшылар арасында мұны көбірек әңгіме ететін еді, соның ешқайсынан бұл жөнінде жақсы баға естігемін жоқ. Бірақ партия басшыла-

¹ Тамаша! (неміше.)

² Қош болыңыздар! (неміше.)

³ П л у т о к р а т и я — байлар басқарған үкімет системасы.

ры мұны өте бағалайды, тіпті айта берсеңіз мақтаныш тұтады.

— Оның бірлесіп жұмыс істеу деген ойы аса теріс ой емес! Егер біз өнеркәсібімізді қайта жандандыра алсақ, біздің отанымыз үшін қандай тамаша болар еді! Ал жұмысшылар ше! Сен өзің мына бертін келе, соғыс кезінде де, митингаларды аралап жүріп, халықты Германияға жақсы қарым-катынас жасауға шақырған жоқсың ба?

— Мен айтсам біздің еліміз өш алып қарымын қайтару деген ұғымнан аулақ болсын деген оймен айттым. Міне бұл жағдаймен Германия милитаризмінің қару-жарағын тасу дегеннің арасы тым алшағырақ, кереғар жатқан нәрсе емес пе. Ал әлгі сенімсіз сұмырай тағы да...—Мортен жиіркенішті кейіппен бетін тыржыйтты.

— Оның жоспары жақсы, бекем мақтайтын сондай-ақ біз бір жағымпаз емеспіз ғой! — Пелленің даусынан ызылданғандық білінді. Өзі әрең шыдап отыр.— Жұмысшылар елімізге отын тауып, өнеркәсібімізді жүргізсе, өте тамаша болған болар еді. Онда біз кәсіп иелерін қатты састырған болар едік.

— Ымырашылдық пен келісімнің жетегінде кететін етіп жұмысшыларымызды да жаман үйретіп алар едік.

— Ал сеніңше, ешбір пайдасыз қарсылық тәуір ме? Шетелдердегі жолдастарымыз өз бастарынан өткен тәжірибелерден пайдалы сабақ алып, бізге өте орынды, ақылды істі ұсынып отыр ғой деп білемін. Жұмысшылар жөнінен болсын, қоғам жөнінен болсын біз де біраз нәрселерге үйреніп қалдық, ол жөнінде манифесте айтылған жоқ. Өз жолымыздағы кедергілердің бәрін жыйнап отыруымыз керек болды... я! Солай емес пе! Тіпті айта берсеңіз болмашы бастамаларымыздың өзін ұстап тұра алмадық. Жұмысшылардың сана-сезімі әлі жетіліп, пісе қоймаған кезде, қоғамды қайта құру жөнінде қанша көкігенмен одан түсер пайда қайсы? Оларға әлі де болса солқылдаған жас шыбық керек!

— Сен өзің аналардың жоғын жоқтап отырғаннан амансың ба?

— Жоқ, бірақ мен қолда бар мүмкіншіліктермен қыймылдағым келеді,— реалис болғым келеді. Мен ешқандай негізсіз қыялдармен әуреленуді қойдым. Дегенмен, осы сен қашан бір жолата синдикалистерге қосылып кетер екенсің? — деп ойламаған жерден оқыс сұрақ қойды Пелле өшпенділік үнмен.— Күннен күнге нағыз Петер Дрейердің өзі болып келе жатырсың!

Осы бір оқыс сөзге Мортеннің денесі де тітіреніп кетті. — Кезінде Петер Дрейерден де, оның ой-пікірлерінен де дұрыс деп тапқан нәрселерің болған еді, — деп байсалды жауап қатты Мортен. — Ал Петер Дрейер сол үшін өлді де ғой!

— Ол қояншық ауруынан өлді, білдің бе! — деп селқос наразылық айтты Пелле. — Осы сыяқты бостандық жаршылары әрқашан да есалаң шалыс адам тәрізді әсер туғызады.

— Мещандарға әрине сондай әсер туғызады! — деді Мортен сөзді келте қайырып, кесе шарпып тастады да, кетуге ыңғайланып орнынан тұрды.

— Қандай тамаша орналасқан өздері, — деді Вера, далаға шыққаннан кейін. — Сен барлық кроваттарын көрген жоксың ба? Есігін ашып қалсаң, аржағы жатқан бір жұмақ.

Мортен тіл қатқан жоқ, өзінің көңілі өте жаман бұзылып келе жатыр еді. Түсінікті, істің өзі шешіліп те қойған екен; мұнымен ақылдасқылары да келмепті. Тек әйтеуір сыбайластар өз жағына тарту үшін мұны алдай салған.

XIII .

сәулә

Мортенді бірнеше баяндамалар жасау үшін Швецияға шақырған еді, бірақ ол бұл сапарында да әдеттегідей аздап көңілсіздеу болып аттанды. Вера: боса да сен көңіл көтеру үшін кетіп бара жатыр екенсің, ендеше мені де үйле тыптыныш қарап отыра қояды екен деп ойлама дегендей құлақ қағыс қылып қалды. Мұнысы бір астарлы айбат сыяқты. Және екі қызының екеуі де суық тиіп аурып, төсек тартып жатыр. Аброй бергенде, кемпір түрегеліп жүр, әйтеуір.

Станцияға келе жатқанда, жолшыбай адамның бойын сергітетін аязды аға Мортеннің де көңілін көтеріп, бойын сергітіп жіберді. Жетер енді! Бар дүние сенің әйеліңмен жақсылы-жаман отасуыңа қарап тұрған жоқ қой. Өмір дегеннің өрнегі көп емес пе, бұл дүниеде өмір сүруге тұрып бағатын онда өмір мақсаты бар ғой, әйтеуір! Вагонға Мортен көңілденіп, ысқырынып кірді.

Ол жұрттан оңашарақ болу үшін бүйірдегі кішкентай купелердің бірін таңдап алды, жалпы вагонда, Алтын жағалаудың нәндерінің бірі келіп, қасына отырып алып, неше түрліні көкіп, жынына тие беретін еді.

Олар әлі күнге шейін Мортеннің алған бағытын түсіне

алмай келеді: сірә, өзі жарық дүниеге аяқ жағы бұрын келген немесе сол сыяқты тағы бірдеме болған тумысынан қыйсық адам шығар деп ойлайды. Олар енді Мортенді шақыруды да қойды; бірақ оны шын жолға түсірудің әлсіз үміті әлде болса да олардың сөздерінен сезіліп тұратын еді. «Төменгі таптардың мүддесі үшін атқарылатын қызметке ақша тәуір төлене ме? — деп сұрайтын еді олар, қасақана, Мортеннің үстіндегі киімдерін сынай карап.— Сірә, аса тәуір төлей қоймайтын болса керек, ә? Сіз сыяқты ақша алатын адамдар аса тәуір тұруы керек қой».

Келесі станцияда вагонға Копенгагеннің бір ірі коммерсаны кеп кірді. Коридордан өтіп бара жатып ол Мортеннің купесінен карап кетіп еді, біраз уақыт өткеннен кейін қайтып келді де, жылушырай амандасып Мортеннің қарсы алдына барып отырды.

— Мені білетін білмейтініңізді білмеймін. Менің фамилиям Мадин? Балық сататын ірі саудагер Мадинмін. Сіз білмесеңіз де мен сізді өте жақсы білемін: осындағы, мына теңіз жағалауындағы, жұрттың бәрі, біз сізді жақсы білеміз.

— Бірақ жақсылық жағымнан болмас! — Алда не болатынын бұрын болжап тұрған Мортен сүзеген бұқаны мүйізден ұстауға бел байлады.

Коммерсант Алтын жағалаудағы қауымның жоғарғы сатысына жататын еді, өзі жыл он екі ай сол жерде тұратын; Мортен, дегенмен, бір кезде, онымен студенттік қауымда кездескен-ді, онда бұл коммерсант «шоқтығы асқандардың» бірі боп саналатын да, оқта-текте ғана бір көрініп кетіп жүретін.

— Мен, әрине, ол өңірге көрік беретін адамдардың қатарына жатпаймын,— деп екі ұшты пікірмен сөзін жалғады Мортен.

— Оныңызға келісе алмаймын; сіз идеалистсіз, ал идеалистер әрқашанда жер көркі болып есептеледі! Біздер, либералдар, сіздің шығармаларыңызды құмарлана оқыймыз. Бірақ сөйте тұрып, сіздің либералдар жағына қосылмай, — шынын айтқанда, ешуақытта либерал деп есептеуге болмайтын жұмысшылар қозғалысына қосылып кеткеніңізге өкінеміз: кәсіп ұйымдары нығайып, өсіп-өркендеп, кәсіп иелерінің өзін ұйымдасуға мәжбүр еткеннен бермен қарай біздің елімізде басқа ешнәрсеге орын қалған жоқ. Егер нағыз шындықты айтатын болсақ, мойынға алуға тура келеді, біздің құрылысымызды дұрысырақ айтқанда, кәсіп-одақтарының қаталдығы деп атауға болады.

— Сіздің өзіңіз және сіздің бір пікірлес жолдастарыңыз, сірә, сол қаталдықтың құлдығында өте жақсы өсіп-жетіліп келесіздер-ау деймін,— деп аңғартып қойды Мортен күлімсіреп.

— Өсіп-жетіліп келеміз! Өсіп-жетіліп келеміз! Біздің де өле жанталасатынымызға күманданбай-ақ қойыңыз. Егер бұл күресте асыл ой-пікір жағы басымырақ болса бір сәрі ғой, әйтпесе баяғы бір сарын, әлі сол сарын: жоғары баға, жоғары еңбекақы! Материализм, құрметті жазушы, таза, жалаң материализм! Бірақ бұл тарихты материалистерше түсіну деген атының өзінде-ақ көрсетілген ғой; міне енді оған біздің барлық сауда, контор қызметкерлеріміз беріліп кетеді. Содан қандай нәтиже шықты? Өздеріңіздің басшыларыңызға қараңызшы. Мынау менің тамағым,— ол калтасынан кішкентай ғана бір жұқа пакетті алды.— Өте жақсы арақты түйіп шауып істелген екі котлетпен ішіп үйренген мырза мынаны місе тұтуға көнер ме еді, қалай ойлайсыз?

Мортен негізгі, социал-демократиялық басшыларды жақтауға құштар емес еді, бірақ Алтын жағалау тұрғындарының оларды дәулетті тұрады деп кіналауға ешқандай қақылары жоқ еді.

— Менімше, жұртты өзіне қанша алады екен деп сынамай, басқалардың қанша алуына рұқсат ететіндігіне қарай сынауымыз керек,— деп кесіп жауап қатты ол.— Егер кедейлікте өскен адамдар, келешекте өмірден керегін алатындай мүмкіншілікке қолы жететін болса, оған мұндай қатал қарым-қатынас жасауға болмас деп ойлаймын.

— Сірә, мені басқаларға ештеме бергісі келмейтін тіпті басқалардың есебінен күн көріп отыуған адам дегіңіз келе ме, сіздің? Ал мен, менен күнін көріп отырған адамдар аз емес деген бақытты сенімге келдім! Рас, сіздің лагеріңіз-дегілер миллионданған мекемелердің иесі бола тұрсам да еңбекақыны тым нашар төлейді деп кіналайды мені. Бірақ мен жазушының көзқарасы олардан гөрі әлдеқайда кеңірек қой деп ойлап едім. Егер мен капитал жыйнамай оны қызметкерлеріме жоғары еңбекақы төлеп берекесін кетірсем, мен осы қаладағы ең ірі — әрине, ең арзан склад пен магазинді ұстап отыра алмаған болар едім ғой. Мен кедейлерге солардың өз мүдделері үшін азырақ төлеуге тырысамын. Бірақ біраз жұрт — оның ішінде сіз де барсыз — жұмысшылардың мыйын материализммен шірітіп отырған соң, әрине, олар менің мұныма түсіне қоймайды. Оның есесіне хус-

мендер тіпті басқа түрлі адамдар, мәдениет жағынан алып қарағанда, олар жұмысшылардан әлдеқайда жоғары тұрады.

— Хусмендер сізден нәрсе сатып алып тұра ма, өзі? Мен олар тұтынушылар одақтарын артық көреді екен десем,— деді Мортен аздап табалағандай кейіппен.

— Я, әрине, бұл тұтынушылар лавкалары — бізге бір жайсыз нәрсе ғой. Бірақ хусмендердің көпшілігі саясат жағынан либералдарды қолдайды.

Мортен қарқылдап күліп жіберді.

— Міне тағы да бір қызық сандырақ: Дания хусмендері өз еріктерімен барып плутократияның саяси дөңгелегіне жегілмекші! Бұл жай ғана адамгершілік емес, асқан адамгершілік деуіміз керек. Ал, сіз әлі кедейлер арасындағы материализмді айтасыз!

— Я, жұмысшылар арасында,— бірақ хусмендер арасында емес.

— Мұныңыз тым арзанырақ емес пе!

— Арзанырақ? Нені айтасыз?

— Сіз жарлы-жақыбайларды материализммен күстаналап өзіңіздің айтып отырғаныңызға шынымен-ақ сенесіз бе? Әсіресе, екі бұтербродыңызды ізгіліктің үлгісіндей етіп көрсеткенде, ішіңізден күліп отырмайсыз ба? Сіз оларды тек өзіңіздің қызметкерлеріңізге көрсету үшін ғана аласыз ғой...— Мортен өзінің өрескелдеу сөйлеп отырғанын сезініп, өзіне сондай тойтарыс берілуін күткен еді. Бірақ әңгімелесіп отырған адамы жай әшейін күлді де қойды.

— Ой, айтпақшы, сіз «психолог» екенсіз ғой! Ол менің есімде жоқ! Егер сіздер менің өзімді идеалист деп есептемесеңіздер, қандай ғана болмасын басқа партиялардан, оның ішінде сіздердің партияларыңыздан да гөрі идеалистердің біздің қатарымызда көбірек екендігіне, өзіңіз де келісетін боларсыз. Интеллигенция атаулы түгелдей дерлік, мысалға алғанда, дәрігерлер мен мұғалімдер,— бізге қосылады. Сонан соң, есіңізде болсын, бостандық пен адамгершіліктің жоғары идеясын кіршіксіз таза сақтау үшін қыйынқыстау күнделікті күрестерді жүргізіп жүрген еліміздегі провинциялық баспасөз редакторларының барлығы да бізді жақтайды. Өз міндеттеріне байыпты қарайтын және прогреске нағыз сенетін осы адамдардың барлығы да — идеалистер, құрметтім! Олардың үстіне хусмендерді қосыңыз; төменгі адамдардың ішіндегі еңбір таңдаулысы бола тұрса да, оларды қатты қорладыңыз ғой; біздің партиямыз та-

маша бір фаланга¹ сыяқты, дүние жүзіндегі ешбір елде мұндай партия жоқ!

— Я, әрине, мұның да аздаған мәні бар,— деп күбірледі Мортен ұялғандай болып.— Сөйтіп, «идеализм» деген сөзді жоқ-жұқана интеллигенттер мен хусмендердің плутократия үшін от ішінен жеміс алып шығып беруге дайын тұратындығы деп түсінуіміз керек пе? Мен мұндай жағдайларды әрқашанда, дегенмен, ол да «ид»² тен басталатын басқа бір сөзбен балаушы едім.— Мортеннің сөз мәнері өте жуас болса да, ірі саудагер Мадин орнынан атып тұрды.

— Ұятсыз! — деп бар ете қалды ол, купе ішінде әрліберлі безек қағып.— Ұятсыз! Бас бостандығы — талапқа деген ашық жол, сөз бостандығы — жекелеген адамдардың бастамасы деген сыяқты жоғары идеяларға мүлде түсінбейсіз! Сіз барлық нәрсеге кедергі жасап, адамның дара басын тұншықтыруға тырысасыз, жұрт беталдына лағып кете бергеннен басқа ештеме білмесін, надан болсын дейсіз!

— Сіз тіпті алқынып қалдыңыз,— деді Мортен жанашыр кейіппен,— айтпағаныңыз қалмады! Мен тіпті солармен бірге жүргендей болып сезіндім.

— Мен түсінбеймін! Солармен дейсіз бе?

— Я, сіздің осы жаңа ғана күйіп-пісіп шыжық болған идеалистік фалангаңызбен. Бірақ, айтпақшы, бас бостандығы жөнінде: сіз өзіңіздің қызметкерлеріңіз бен жұмысшыларыңызға кәсіпшілер одағына кіруге ерік бермейді деседі ғой?

Ірі саудагердің көзіне қан толып кетті.

— Сірә, мен оларға тыйым салмайтын шығармын; менің қарауымдағылардың қай-қайсысы болса да бұл жөнінде не істеймін десе де ерікті. Мені жекелеген адамдардың жалпы тобырға қосылуынан түсер пайда шамалы деп есептейді десеңіз бір сәрі; өзіндік жекелік дегеннен ешбір қасиет қалмайды онда. Сізге бұл, әрине, түсініксіз. Бірақ зорлау...

— Демек, одаққа ұйымдасқандар жұмыстан шықпай қояды екен ғой?

— Жо-оқ... бұл себептен емес. Өзара түсінісе алмайтын қызметкерлердің құртылатындығы белгілі ғой, ол табиғи заңды нәрсе!

¹ Ф а л а н г а — ерте кездегі гректің жаяу әскерлерінің сапы.

² Автордың айтайын деп отырғаны «идеотизм» — ақмақтық, есуастық, нақұрыстық деген сөз.

Ол біраз уақыт ойлы жүзбен Мортенге қарап, үнсіз отырды, бет әлпеті бейне бір бірдеме санап отырған адамдай қыймылсыз қатып қалыпты. Сонан соң бет әлпеті өзгерді.

— Тапшы, мынауымда не бар? — деп сұрады ол қушығаланып, сетканың ішінен бір түйюлі нәрсе алып.— Ол біздің үй қызметшіміздің башмақтары, жамап беру үшін етікшілерге апара жатырмын! Күнде таңертең, қалаға кетіп бара жатып, барлық үй қызметшілерімізден тапсыратын ештежелеріңіз жоқ па деп сұрап кетемін.

Мортен шын пыйғылымен басын изеді.

— Либерал болу деген оңай емес!

— Я, солай емес пе? Ерте кезде тіпті, ойланбайтын нәрселердің көпшілігіне қазір көңіл бөлуге тура келеді; әсіресе өзіңді еркінойлылардың қатарына жатқызып жүргенде өйтпеске болмайды. Мен біліп отырмын, әрине, сізде мұндай пакет жоқ!

— Менде тіпті үй қызметшісі де жоқ.

— Бағыныштылар осы күні өте талап қойғыш боп кетті. Оған тек қуану керек. Асырап отырғаның былай тұрсын, тіпті олардың алдында тік тұрып қызмет етуің керек. Мұныңыз үшін, мырза, социалистер сіздерге алғыс айтуға болады.

— Жоқ, бізге емес, либерализмге, Мадин мырза! — деп наразылық айтты Мортен шын пыйғылымен.

Ірі саудагер Мортенге қуыстана қарады.

— Сіз, әрине біздің либерализміміздің дұрыстығына сенбейтін шығарсыз? Сіздіңше, біз ұсақ адамдарды жақсы көреміз деп өтірік көлгірситін болсақ керек, мүмкін әлде қалың бұқараға біле тұра өтірік айтатын шығарсыз, өйткені... — ашу буып ол тіпті сөзін де аяқтай алмады.

— Жоқ, неге біле тұра олай дейсіз? — Мортен күлімсіреп қоя берді.— Шіркей екеш, шіркей де өзі жабысатын өсімдігінің түріне еріксіз боялады ғой.

Мадин қып-қызыл болып, орнынан ұшып түрегелді.

— Өте ризамын! — деді ол, басын шайқап.— Өте ризамын! — Сонан соң әлгі түйюлі нәрсесін алды да, басқа купеге кетті.

— Қой терісін жамылған қасқыр! — деді Мортен ішінен, күліп жіберіп. Ол өзіне-өзі өте разы болып қалды.

Эресундтың аржағында мұнан да гөрі таза жел есіп көрді ме екен? Қалай дегенмен де ондағы жұрт іші лық толып

тұрған саудагерлер подвалдары мен қаңырап тұрған кедейлер қоймалары жөнінде азапты ойлармен әуреленбейді. Мұндай жағдайлардың барлығы да әрине, Швецияда да бар еді, бірақ онда көзге мұнша ерекше көрініп тұрмайды. Жалпы алғанда соғыс пен қымбатшылық ауыртпалығы бұл жерде де Даниядағыдан кем соқпайтын болса керек; тіпті мейманханалар мен ресторандардағы тамақтың мөлшерлерінің өзі кеміп қалыпты, жұрттың бет әлпеті ерекше байсалды да, қатал да.

Мальмэда Мортен жұмысшылар ағарту одағының мүшелерінің алдында баяндама жасады, олардың барлығы да Даниядағы осындай одақтардың мүшелері сыяқты тәп-тәуір киінген; шаштарын құнттап тарап, жып-жылмағай етіп жатқызып қойған, көк пенжектерінің төс қалтасынан қол орамалдар көрінеді.

Одақтың мүшелері әдебиет мәселелеріне құлақ түргісі келіп, жазушыны көріп, ол не айтар екен — бір көңілді нәрсе айтса жақсы болар еді-ау! — деп келгенге ұқсайды. Кухняның қоңырсыған иісіне шыдап отыра алмайтын кәсіпшілер одақтарының осы бір үлгілі өрендері неткен таныс еді десеңші оған!

Лундта оны студенттер шақырды; олар ғалымды емес, революционерді тыңдағысы келді. Мортен бұл жағдайды ғасырлар бойғы чиновниктердің халықтың қалың көпшілігімен қарым-қатнастары жөніндегі бірнеше шындықтарды айтуға пайдаланды, бірақ Мортеннің сөйлеген сөзі оларға көңіл көтеретін бір қызық нәрсе сыяқты болып қана көрінеді.

— Ал сонан кейін Мортен халық басына түскен азапты ауыртапалықтың таңбалары жұрт бетінен ерекше көрініп тұратын деревняларға тап болды; тіпті Данияны аралап жүргенде де ол мұндай күйді кездестірген жоқ еді. Стокгольмге келе жатып ол жолшыбай бірнеше жерде баяндамалар жасап, Лэнебуда деген кішкентай жерде де сөз сөйлейді. Жыйналыс шіркеу қызметі аяқталғаннан кейін, шіркеудің қарсысында тұратын, Естиярлар қауымының бөлмесінде өтті; жұрт жан-жағына қауіптен қарап, шіркеуден шыққан беттерімен сонда барды. Сірә, пастор көріп қояр ма екен деп қорыққаннан болу керек, көпшілігі залға жасырын есіктерден кірді.

Бұлар өте қажырлы адамдар еді, олардың қырылмаған беттері ерекше бір қаталдықтың кейпін беріп тұр; көпшілігі өте нашар киінген, сірә, қарындары тойып тамақ та ішпей-

тін болса керек. Өмір күресі беттеріне айқын да анық таңба салыпты; еркектердің томсара жымырылған еріндері мен көздерін, әйелдердің беттерін айғыз-айғыз әжім басқан.

Мортеннің өмір тәжірибесі осының барлығының да байыбына баруға көмек жасады. Мұнда жасырынып тұрған ешнәрсе жоқ, мұқтаждыққа қарсы өте қатал, аяусыз күрес көзге ұрып тұрғандай. Осы еркектердің қай-қайсысын алсаңыз да өмірмен үмітсіз арпалысып өткен әкесі Қуатқа ұқсайды. Ал әйелдердің қайғылы жүзінен ол бала кезінде есінде қалған шешесінің бет әлпетін көргендей болды.

Мортен осы бір жандарға жүрегі елжіреп жанашып, олардың алдында сөйлеп тұрғанда еріксіз тебіреніп кетті. Ол Пер-Голяк жөнінде ерекше қызына сөйлеп, өзінің берік нанымы бойынша келетін болашақтың бейнесін суреттеді: жұмыссыздық пен қорек табудың қорлығы болмайды, от басының ұйымы мен келісімі орнайды, жұрттың барлығына да дәрігерлік көмек көрсетіледі, қарттар тыныш қана үйлерінде жатады және өздерінің қабілеттеріне қарай балалар тегін оқыйтын болады. Әлемнің еш жерінде мұндай жағдай болып көрген емес, бұл бір оның қасіретті мұқтаждықпен, азаппен өткен балалық шағынан бермен қарай есінен қалмай келе жатқан арманы мен қыялы еді. Бірақ көп кешікпей арманы өмір жүзіне асып, осындай жағдайлардың болатындығына өзінің кәміл сенімінің бар екендігін сезеді.

— Уақыт жетті,— деді ол.— Өздерің шірік сабанның үстіне ұйқтамайтын, балалардың таза ақжайманың үстінде, жылы көрпе жамылып, кроватта жататын күн де туады әлі. Бір де бір әйел көз жасын көл етіп, балаларына нан, киім-кешек сұрамайтын болады. Бір де бір еркек өзінің қасіретті қайғысы мен қорлығын басу үшін трактирге жүгірмейтін болады!

Отырған жұрттың барлығының да жүздері жайнаққақты, қыбыр етпестен ден қоя тыңдаған бүкіл аудитория үміт сәулесімен жарқырап кетті. Олар Мортенге сенді де, бұл сенім оның көпшілікке деген сенімін оятты. Өз ішінен ол ешуақытта күдіктенбейтін еді; кей кезде жүрегің шаншып ауыртқанмен де болашаққа беріп отырған вексельдерінің алдамшы нәрсе емес, берік негізі бар шындық екеніне оның көзі толық жететін.

— Мұндай жағдай ерте бола ма, кеш бола ма, ол өздеріңізге байланысты. Экономиканың өсуі сіздерді толық қамтамасыз етуге мүмкіншілік берердей дәрежеге жетті. Сіздердің міндеттеріңіз осының барлығын енді жеңіп алу!

Баяндама біткеннен кейін Мортенге жан-жақтан сұрақтар жаудыра бастады.

— Біз сыяқты кедейлер сұмдық көп, солардың барлығына бірдей қайдан табыла береді? — деп сұрады біреуі.

— Қазір қайдан табылып жатса, содан табылады: еңбектен табылады, — деп жауап қатты Мортен.

— Я, я, өте жақсы түсінемін, — деді бір ілмиген қарт батрак, әжім басқан беті жайраң қағады өзінің. — Біз бір-біріміз үшін жұмыс істейміз де барлығын өзіміз бөліп аламыз. Енді ешқандай маңғаз төрелер біздің еңбегімізді жеп алшаңдай алмайтын болады.

— Солай, солай! — деп қалды екінші біреуі. — Менің кішкентай қызымның музыкаға жаны құмар; күнде кешке жақын, қаракөлеңкеде, бикештердің рояль ойнағанын естимін деп төрелер терезесінің түбіне барып жасырынып тұрады. Демек, келешекте менің кішкентай қызыма да рояль ойнауға рұқсат болады екен ғой, ә?

— Соншама көп музыка жәшіктері бұл дүниеден табылмайды! — деген дауыс шықты зал түкпірінен.

— Көбірек дайындаймыз. Елдің бәріне бірдей емес, әрине, музыкалық сезімдері барлар үшін дайындаймыз, — деп жауап қатты қыздың әкесі.

— Сол кезге шейін өмір сүрсек қандай жақсы болар еді, — деді әжімді батрак. — Сөйтіп, барлығы өзімізге байланысты болса, тезірек іске кірісуіміз керек екен.

Айналадағының барлығы да мақұлдап бас шұлғысты.

Жұрттың бәрі кеп Мортеннің қолын қысып жатты.

— Жас кезімізде бізбен міне осылай әнгімелесетін еді, — деді егде тартқан жұмысшылардың бірі, — ал қазір қайта кейін шегіншектеп барады, сірә, біздің басшыларымыз бұған сенбейтін болса керек. Ал сен, демек, сенетін болғаның ғой, а?

Олар Мортенге сұрақты, әсіресе, өздерін өзі сендіру үшін беретін сыяқты болып көрінеді. Енді олар өздеріне таныс баяғы шақыруды қайта естіген кезде, өмір дегеннің бір мағнасы болу үшін болашақтың өзі осылай жасалуы керек екендігін олар дәл білді. Олар Мортенге үсті-үстіне үздіксіз сұрақ қоя беретін еді, бірақ оның жүретін уақыты да болып қалды. Олар Мортенді тобымен поезға шығарып салып, қоштасарда аздап жүрексініңкіреп «ура» деп айғай салды.

Стокгольмде Мортен көптеген жас жұмысшы жазушылармен кездесті де, осының өзі үлкен бір уақыйға болды.

Олардың тым ұшқарақ бағытына қарамастан көпшілік өздерін өте құрметтейді екен, олар өздерінің шығармаларын баспасөзде әлдеқайда оңайырақ бастырады екен, олар солшыл жұмысшы партиясы бағытында болғандықтан жұмысшы жастарға үлкен әсер етеді екен. Мортен оларға еріксіз қызығып кетті. Солармен бірге жүріп қаланы аралап көрді; олар арзан ресторандарға жыйналып немесе кружок мүшелерінің бірінің мансардасына барып қызу айтыстар жасайды; өлең айта отырып қайтадан таласады; өздерімен бірге арақтар әкеліп отырады.

Бұлардың екеуі өткен жылы, Швеция жұмысшы жастарының өкілі ретінде, Швейцариядағы Циммервальд қаласында өткен интернационалистердің конференциясында болып келген. Бұл конференция бұлар үшін және барлық Швеция жұмысшы жастары үшін шешуші роль атқарғанын түсінді Мортен; бұл конференция олардың атқаратын қызметіне бағыт сілтеп, негізгі мақсатты анық түсінуіне мүмкіншілік берді; мұндай жағдай Дания жұмысшы жастарының арасында атымен жоқ еді.

— Сенің болатын жерің сол еді ғой, Мортен,— десті олар.— Сен онда жалғыздық сезімінен де сейілген болар едің. Шіркін-ай, Циммервальдқа неге бармадың сен?

— Неге дері бар ма? Мортен, тіпті, ол конференцияны естіген де жоқ.

Швейцариялық жолдастарға бұл бір ерекше таңғаларлық нәрсе болып көрінді.

— Онда сендердің не бір жастарың, небір басшыларың болған жоқ. Данияда ұйқтап жатырсындар ма, немене өзі? Жоқ әлде Германияның соғыс өнеркәсібіне жұмысшы күшін жеткізіп беруден қолдарың тимей ме? Бізде сендердің баспасөздеріңді немістің шпиондық орталығы деп атайды.

— Осының бәрін қайдан білесіңдер? — деп сұрады Мортен қысылған кейіппен.

— Білмегенде ше, біздің Копенгагенде жастар одағынан тілшілеріміз бар. Біз ескі басшыларға басымызды қатыртқызып, алдата қоймаймыз. Неге сіздердің жастарыңыз партиядан қол үзбейді?

— Олар партиядан алып тұратын ақшамыз болмаса, өмір сүре алмаймыз деседі, шынында да саяси жайбарақат болудың себебі сол. Менімше, оларды басшылардың саясаты жалықтырып біткен болу керек. Ал сонан соң — синдикализмге, тек жындылыққа, ноқайлыққа қана еліктіреді: онда одан басқа ешқандай келешек жоқ!

— Жоқ, сайтан алғыр, синдикализм емес, әрине, біз одан баяғыда қол үзгенбіз! — Олар енді Циммервальд жөнінде, конференцияның қалайша жастар мен реформизм көсемдерінің арасындағы қызу шайқасқа айналып кеткендігі туралы айтты. — Боса болмаса онда, әдеттегідей өншең тіс қаққан басшылар келді де, жұмысшыларға соғысты еріксіз мақұлдаттыңдар деген кінадан бастарын қорғауға шыққанда біз сыяқты жастарды оп-оңай-ақ отырғызып кетті. Олар саясатпен көзі шыққан кәрі қулар емес пе, әртүрлі фактыларды қыйсынын тауып келтіргенде, қарсыласқанның қолын жапон соғысындағыдай бұрап тастайды. Ой, сұмдық-ай десеңізші, біз сыяқты жастарға, шынайы социализмді жақтаушыларға өре түрегелді! Тап бір опасыздар олар емес, біз сыяқтыдай-ақ, паналарға жер таптырмады. Бірақ сол кезде бізге бір орыс кеп көмектесіп, билеп-төстеушілеріміздің тас-талқанын шығарды. Барлығын оп-оңай-ақ бір бұрышқа апарып тықсырғаны сонша, тіпті олар қаншама жылпос болғанымен де түк істерге шарасы болмай қалды; олардың құтырына жынданып кеткендігі сонша, тіпті оған жұдырық ала жүгіруге шейін барды. Сол-ақ екен жыйналысқа қатысып отырған Швейцария жұмысшылары орысты қасқаққанша-ақ қоршап алды. Лениннің сол бір тәкәппар бонзаларды сөзбен қалай сыбағанын, олардың бет-ауыздары көкпеңбек боп кетіп, қалай зар қағып қалғанын көрсең ғой, шіркін! Ой, неткен бас еді десеңізші! Ойпырмай, нағыз адам деп міне соны айт!

Мортен Ленин жөнінде, орыс жұмысшы қозғалысындағы жік жөнінде алғаш рет естіді. Демек, жер шарының бір жерінде, жұмысшылар көздерін қаптаған шелді сылып тастап, өздерін алдап жүрген сұмдардың көзін құртқан екен. Және сондай жұмысшылар көп болып шыққан — Лениннің соңынан көптеген ұйымдасқан жұмысшылар ерген, сондықтан да олар большевиктер болып аталған; ал реформизммен мүжіліп біткен, өздері азшылық болып шыққан жағы меньшевиктер болып аталған. Міне мұның өзі Россияда, жұрт басына қамшы мен қылыш ойнаған патшалық Россияда, болып отыр, — ойланатын іс!

«Жердегі жұмақ! — деп кекете шуласушы еді Мортенге елінде. — Утопист!» Әсіресе оны өзінің жолдастары келемеждеп қорлайтын, жалған емес шынайы социализм жөнінде әнгіме болғанда иықтарын қыйқаңдатпай, оны аңқаулықтантуған орындалмайтын бос қыял деп есептемей, қайта жұмыссыздықтың орнына өнімді еңбек, еңбек өнімдерін теңіз-

ге лақтырып тастаудың орнына оны дұрыстап бөлу деп түсінетін жұмысшылар мен жұмысшы көсемдері де бар екен ғой.

— Ал, бұдан кейін не істейсіңдер, енді?

— Бұдан кейін біз бонзалармен, реформизммен, істі бітіріп жаңа қозғалыс ұйымдастырамыз; біз мұны қазір бастап та жібердік. Біз жастарды тірек етіп отырмыз. Сендер де солай етулерің керек.

Мортен Свен-Утеханы және оның жастар арасындағы кішкентай кружогін ойлады.

Мортен Стокгольмда жұмысшылар митингаларында сөзге шыға алмады, — үкімет жыйналыс атаулыға тыйым салыпты. Мұнда азық-түлік жағы Даниядағыдан да гөрі сорақы көрінеді, қалада күн сайын бүлік шығады да жатады. Бір күні жеті мыңға тарта үй қожалары картофель мен сүт талап етіп қалалық басқармаға қарай лап берді, келесі күні жыйырма мың жұмысшы қатысқан демонстрация нан паегін молайтуды талап етіп ригсдагқа қарай жөнелді. Даниядағы сыяқты бұл жерде де демонстрацияларды синдикалистер басқарады екен де, социал-демократтар оларды тобықтан қағып, сүріндіруге жан-тәнін салатын көрінеді. Бірақ мұнда жаңа элемент те пайда болған: азық-түлік, жұмыс, бейбітшілік талап етіп өзалдына демонстрация ұйымдастыратын социалистік жастар бар. Мортеннің осындай демонстрациялардың біріне қатысуына тура келіп, демонстрацияшыларды полиция шоқпармен қуа бастаған кезде, ол өзіне тиісті жұдырықты да жеді. Бұл жердің жастары өзін еріксіз құрмет тұттырды. Олардың өзалдына үйлері, баспасөз редакциясы бар. Демонстрация тараған кезде барлығы да сонда барды.

— Осының барлығына ақшаны қайдан табасыңдар? — деп сұрады Мортен, олар полициямен болған шайқастан кейінгі өздерінің жағдайын талқылап отырған кезде. — Мұндағы оқушылар мен көмекші шеберлер де, сірә, біздегі сыяқты кедейлер шығар?

— Біз кішкентай кітапшалар мен өлеңдер жыйнақтарын басып шығарамыз да, оларды өзіміз сатамыз. Сонан соң ақылы митингалар мен әдеби кештер ұйымдастырып, онда өзіміздің шығармаларымызды оқыймыз. Мұның өзі өте қыйын болғанымен де, бірақ социал-демократиялық партиядан ақша алып, сол үшін сатылып кеткеннен гөрі тәуір, әйтеуір. Кей кездерде біз социал-демократтарды өте жек көретін капиталистерден де едәуір ақша алып тұрамыз.

— Олардан ақшаны сендер де алып тұратын болғандарың ба?

— Алғанда қандай, егер олар бізден мұнысы үшін ешнәрсе тілемейтін болса, құшақ жая қарсы аламыз. Тек, әйтеуір, ақша алғанмен олардың жетегіне беріліп кетпейтін болуымыз керек! Күні осы уақытқа шейін жұмысшылар қозғалысы барлық нұсқауды түстіктен, Германиядан алады; бұл жерден өне бойы «Түстіктен» деген сөзді ести берудің өзі біртүрлі таңғаларлық нәрсе еді. Поезда отырғанда, керісінше, басқа жаққа бара жатқаныңды, станцияны болуға тиісті жақтан іздемей, басқа жақтан іздеу керек екенін бірден байқаған болар едіңіз.

— Сөйтіп, сендердің ондағы байланыстарың күшті ме? — деп сұрады Мортен.

— Я, қарттар Берлиннен нұсқаулар алған кезде, біз олармен мәжіліс жасап отырамыз. Берлинмен де тепе-тең түсетін елдің табылғанына қуану керек! Орыс жолдастардың арқасы қайтпас қажырлы екендігіне толық сенуіңе болады. Олар нағыз марксистер.

Жер ауған орыс жолдастардың көпшілігі Финляндия мен Стокгольмде жасырынып жүр еді, Мортен солардың бірімен танысуға құмар болды. Бірақ ол ойы орындалмады; тап сол күндерде Ленин есімі аспан әлемінде нұрлы тудай желбіреп, полиция мен буржуазияны аласұрта абыржытқан еді. Бүкіл газеттер мен телеграммалар сол бір өсімді айтып жатты.

Содан барып аңду туа бастады. «Ленин — Стокгольмде!» «Неміс соғыс командованиясы оны өз серіктерінің басқаруымен Швейцариядан Скандинавияға пломбаланған вагонмен жіберіпті!» Күні бүгінге дейін аздаған адамдарға ғана белгілі болып келген осы бір есім, енді қалайша көп жұртқа соғыс жүргізіп жатқандарға қорқыныштай болып дабысы жайылып кете қойды екен. Тағы да бір белгісіз нәрсемен байланысты және өзімен қоса бір жаңалықта ала жүрген осы есімге дамылсыз гүрсілдеген зеңбірек үнінің арасынан бүкіл адамзат демін де шығармастан құлақ түрді. Неменеге ұмтылған еді Ленин?

— Ол біздің барлық ісімізді бүлдіреді, — десті соғыста байыған саудагерлер.

— Ол патшаны және бүкіл патша семьясын құртқысы келеді, — десті мещандар. — Тіпті өзімен бірге у алып жүрген көрінеді.

Бірақ швед жолдастар істің мәнісін жақсы түсінеді екен.

— Ол Россияда революция жасамақшы, — дегенді айтты олар Мортенге.

— Бірақ революция болып та тынған жоқ па!

— Қандай революция! Мұның барлығы да ағылшындардың астыртын зұлымдықтары ғой! Олар Россияда шын мәнісінде соғыса алатын либералшыл буржуазиялық үкімет болса екен дейді. Ал Ленин соғысты тіпті де керек етпейді, ол барлық жағынан бізді қолдайды. Қазіргі өмір сүріп тұрған құрылыстың барлығын да құлатқысы келеді.

— Шынымен-ақ Германияны соған құштар ғой деп ойлайсыңдар ма?

— Құштарлық қайда! Тек ол қазір бейбітшілікке құштар болып, Ленин Россияда халық бұқарасын соғысқа қарсы көтереді деп есептеп отыр. Сене бер, ол мұны анық істей алады!

— Менімше, бұл өте қауіпті ойын.

— Сөз жоқ! Өте-мөте немістер үшін. Олар отпен ойнап отыр! Және де, қазіргі кезде, бізде, Стокгольмде, бірнеше көрнекті бонзалар жүр; олар қайткен күнде де Ленинге жөн айтпақшы болады. Сендердің бастықтарыңнан да мұнда келген адамдар бар деседі: «Жұмысшының» бас редакторы мен бірнеше басқа халықаралық бонзалар келіпті. Немістер үшін қазір барлық күшті батыс майданға аудару қажет.

— Олай болса, бұл неміс реакциясының жеңісі болып шықпай ма?

— Оның несі бар, кімнің болса да реакциялық күштері жеңгені бәрібір емес пе. Бірнеше жыл өткеннен кейін олар тағы да бір-бірімен алыса түседі. Бірақ Ленин орыс халқы үшін бейбітшілік орната алатын болса, онда ол мызғымас берік тірекке ие болған болар еді. Ленин бейнесінен тек орыс пролетариаты ғана емес, еңалдымен бүкіл пролетариатты көруге болады. Ең бастысы міне осында. Дегенмен де біздің бонзаларымыз — сайтан алғырлар, нағыз барып тұрған ұлтышылдар!

Мортен тіпті қалтырап кетті: — ол сонымен бірге өзін көзге ілікпейтін кішкентай, сауатсыз адамдай сезінді. Россияда болып жатқан уақығалар жөніндегі жұрттың айтып жүрген көзқарастарына қалайша мұнша жығыла беріліп кете қойды екен өзі? Демек, онда Англия либерализмі жұмыс істеңкіреп жіберген екен: оның жүз елу миллион халқы англия товарларының негізгі тұтынушылары болу үшін

патшалық феодалдық Россияны олар буржуазиялық демократияға айналдырып жібергісі келген, бұған ол қалайша түсінбеген? Бұл соғыс — тек әшейін лапасшылар соғысы емес пе! Міне сөйтсе, осының барлығының қалтарысында өз жеке басына да өте қажетті жаңа аса зор басқа бірдеме жасырынып келген екен ғой. Ал бұл кездерде ол от басының бүлігімен болып, әйелімен екі арасындағы ұрыс-қағыс, жайсыздықтарды бастан кешіріп, сол жайсыздықтардың өзін дүниежүзілік маңызы бар нәрседей құр босқа дабырайтып жүрген екен.

Бірақ енді іске шындап кірісу керек! Сөз жоқ, өз үйінде Данияда да, жұмысшыларға басқа елдегіден артық болмаса кем қозғау салмайды.

— Я, жақсылап тұрып сілкіндір өздерін,— деді Швеция жұмысшы жастарын басқарып отырған жыйырма екі жасар Экерут деген шыйрақ жас жұмыскер.— Және жастарды да қолыңа ал, естисің бе! Осында бірнеше жігіттеріңді жіберіп ал, біздің мұнда не істеп жатқанымызды көрсін!

Мортен жүрейін деп жатқан кезде, қасына бір фин шведін — жолдасын ерткен Экерут вокзалға келді.

— Мынаны өзіңмен бірге ала кетіп, артынан кісі барғанша, өз үйіңде сақтап тұра алмайсың ба? Сен Гельсингборгты басып жүресің ғой. Бірақ мұның жұрт көзіне аса түсе қоймауы керек.

— Паспорты бар ма, өзінің? — деп сұрады Мортен.— Паромға отырғанда да, түскенде де паспорт көрсету керек.

— Паспорты бар, бірақ дегенмен де, паспорт тексерушінің мұны көрмегені жақсы болар еді. Гельсингборгке барған кезде, мұны порттағы «Лоцман» сыраханасына түсіріп кетте, сонан сон Хельсингэрада қайтадан мінгізіп ал. Поезд басында кездесерсіңдер.

— Эресундтан бұл қалай өтеді?

Экерут сәл ғана жанашығандай болып күлімсіреді.

— Иисус Христос сыяқты су кешіп өтеді! Жас нәресте сыяқты аңқаусың-ау өзің! Біздің онда паромда кочегар болып істейтін достарымыз бар, мұны солар өткізіп салады.

Мұнан басқа Мортен ол жайлы ештеме білген жоқ, ал Фин шведі сөзге өте сараң, қандай ғана сұрақ болмасын барлығына да «я» немесе «жоқ» деп тұйық жауап береді.

Данияға бұлар аман-есен келіп жетті; Мортен шведті

өз үйінде бірнеше күн ұстады, оның артынан іздеп келуге тиісті адамнан ешқандай хабар болмады.

Мортен енді тықыршый бастайын деді. Тек шведше ғана сөйлей білетін, бірақ ләм деп аузын ашпастан күні-түні бірдей Мортеннің бөлмесіндегі диванда ұйқтай беретін үнсіз, бұжыр қонақтың жайын кемпір мен Вера да сұрастыра бастады.

— Ұйқыңыз қануға жақындады ма? — деді бір күні кемпір, жоғарыға келіп.

— Армансыз ұйқтап алайын! — деп жауап қатты ол; осында келгеннен бергі айтқан ұзын сөйлемі де осы еді.

Бірақ бір күні кешке, Мортен қағаз жазып, қонақ диванда ұйқтап жатқан кезде, терезеге біреу бір уыс қыйыршық лақтырды. Мортен балконға шықты, төменде Фредерик Стольпе тұр.

— Бір минутке төмен түсіп кетші, — деді ол, ақырын ғана. — Қонағыңды да ала түс.

Фин шведі табан астында ұшып тұрып, пальтосын киіп салып, портфелін алып (бар жүгі де сол еді) баспалдақтан жүгіре басып түсті.

— Ал, сөйтіп, барлығы да дұрыс қой? — деді жаңағысындай ақырын ғана сыбырлай сөйлеп Фредерик Стольпе, онымен өзі амандасқан да жоқ, ештеме түсіндіріп айтқан да жоқ.

— Қайда барасыңдар? — деп сұрады Мортен.

Фредерик Стольпе, жауап қатқан жоқ.

— Америкаға, — деді Фин шведі.

— Су жолы тоқтап қалды ғой.

— Қарауыл кемесімен, — деді тағы да Фин шведі.

— Бұл не деген сайтан! Осыны да үкіметке қарсы құпия әрекет қой дейсіз бе? — Фредерик Стольпе шытыр етіп, ашулана қалды. — Олай болса, саған бәрін де айтып берген жөн екен. Ертең ертемен Еркін гаваньнан қарауыл кемесі жүретін еді, мұны солар бункеріне отырғызып алып кетпекші, түсіндің бе? Велосипедіңді бізге бер, тезірек жетейік.

Велосипедті алған соң, олар қараңғыға сүңгіп жоқ болды. Мортен велосипедінің шамының сәулесі диірменді төбешіктен асып түсіп, көзден ғайып болғанша, тың тыңдап тұра тұрды. Жан дүниесі астан-кестен. Дүниеде бірдеме болып жатыр. Ал оның оған ешбір қатысы жоқ!

Данияда жұмысшылар әлі де болса қаперсіз мүлгуде еді; оларды осы бір сыйқырлы ұйқыдан, сірә, ешнәрсе: жоқшылық та, жұмыссыздық та, майдан далаларындағы судай сапырылған қан да сергіте алмайтын болса керек. Оларды Герман соғыс индустриясының құлдығына сату деген сыяқты болмашы іс боса болмаса да сергіте алмайды! Көмір жөніндегі келісімге келетін болсақ, ол жөнінде баспасөз мүмкіншілігінің келгенінше ләм деп тіс жармауға тырысты. «Жұмысшы» газеті туысқан Германия партиясының кірісуінің арқасында, Дания социал-демократиялық партиясы басты-басты мекемелердің жұмысы үшін жеткілікті мөлшерде Данияға көмір жеткізіп беріп тұру жөнінде герман үкіметімен келісім жасады деп қабарлап, қазіргідегідей жұмыссыздықтың қаулап тұрған жағдайында бұл шаралардың мемлекеттік ерекше маңызы бар екендігін баса баяндады. Көмірдің есесіне не беретіндігі жөнінде газет жұмған аузын ашқан жоқ. Баспасөз ірі-ірі өнеркәсіпшілердің келісімі жөнінде үндеген жоқ. Тек бір ғана газет Пелленің мұндай істерге кооперативтік мекемелерден алған ерекше тәжірибесінің бар екендігін жасырын түрде табалап жазды; кенеуі кеткен кезде құралақан отырғаннан гөрі, осындай бағаға алынса да, қолда көмір болғаны жақсы ғой! «Ең үлкен газет» — Дания саудагерлері мен ірі-ірі финансистерінің жаршысы — келісімді тек соғыс кезіндегі шара ретінде ғана қарау керек дегенді айтты да отырды; бір қалыпты дұрыс жағдай орнасымен-ақ оның күші жойылады. Және газет Пеллені алыстан болжайтын қырағы деп мадақтады: ол бұл операцияның бастығы етіп ақша «данышпаны» Фихтені тағайындапты. Кәсіпшілер қозғалысында көрнекті орынға ие болып жүрген Фихте Дания баспасынан шыққан доктор Сервус сыяқты еді, өзі барып тұрған саудагер болатын. Жұмысшылар оны өте жек көретін.

«Пролетарий» газеті ерекше бір енжарлық көрсетті. Жұмыссыздық синдикалистердің әсері күштірек жүріп тұрған мамандықтардағы жұмысшылардың арасында ерекше көп еді; сірә, олар осының барысы қалай болар екен, ең әуелі соны байқап алайық деп ойлаған болу керек. Бұл ортада сенімді элементтерге германия соғыс өнеркәсіп мекемелері-

¹ Ф и л и с т е р — тоқмейіл, өресі тар, дөрекі мінезді адам

нің жұмысына жазылуды ұсынып жатқанын Мортен жақсы біледі. Демек, бұларда да ондай-мұндай шаралар қолданылып жатыр.

Оның есесіне ұсақ газеттер байбалам салып жатты! Олар шатақты алдын ала сезіп, бұл келісімді мемлекеттік ірі окыйғалардың қатарына апарып қойды. Көбінесе көмірді жайма саудаға шығарып сатып күнін көріп, өздері отын зардабын тартып отыратын ұсақ-түйек сататын лавочкалар мен кішігірім складтардың иелері шеттен әкелінген көмірден өз сыбағасын алады дегенді айтып «Жұмысшы» оларды тез-ақ тойтарып тастады.

Ұсақ складтардың иелері жөніндегі қамқорлық кездейсоқ іс болмағанымен де түкке тұрғысыз істей көрінді, Мортен бұл қамқорлықтан қаналушы таптардың қозғалысы үшін оп-оңай-ақ шешуші маңызы бар мәселеге айналып кететін басқа бір анағұрлым терең мағыналы істі көргендей болды. Алғаш қызмет ете бастаған кезде Пелле де, Мортен де осы бір реакцияшыл жәндіктер жұмысшыларға бір эреге товар сатып, екі эре пайда түсіріп, сол жұмысшылардың есебінен күнін көреді, деп есептеген еді; бұл саудагерлер жұмысшыларды өте жек көреді және өздері қоғамның ең өнімсіз бөлшегі, ал саяси жағынан алғанда оның жансыз жүгі, масылы. Бірақ осы соңғы жылдарда Пелле мен Дания социал-демократиялық партиясы, ұсақ буржуазияны өзімізге қаратып алуға болады және қаратып алуымыз да керек деген пікірге барған сайын ден қойып бара жатқан болса керек; сірә партияның және оның газетінің жұмысшылар арасында жүрмей қалған ықпалын қолөнершілер мен ұсақ саудагерлердің мүдделерін қорғау саясатын жүргізе отырып басшылар қайтадан жандандыруға тырысты.

Бұл бір қатерлі жол! Борнхольмде бұл мешандардың сырын Мортеннің өзі-ақ білген; жалған кейіп жасап, тыныштық тұрмыс тілеген болып көріне отырып, олар өздерін қарапайым жұмысшылардан әлдеқайда артық санайды, дегенмен де, сөйте тұрып, оларға өздерінің өзектері өртене, іштері күйіп те жүреді, өйткені тұрмыс жағдайлары көбінесе күйзеу күйде болады. Жас шағында олар басқа біреудің есебінен баюды арман етті: ал сонан соң өре жетпес өнермен қыйыншылық жағдайдан құтылып, жоғары дәрежеге қолы жеткен адамдарға, әсіресе өз мамандықтарындағы кісілерге, іштері күйе жаутаңдады. Егер айналасынан мұндай адамдар табылмаса, олардың іші алаңдағы тігулі киім сататын магазиннің иесіне күйетін: ол қалаға қыл-қыбырдан

жасалған бұйымдарын арқалап келген еді, ал енді қазір айнадай жарқыраған үлкен терезелері бар, өте тамаша жеке үйде тұрады және өзі губернатордан да арман алым төлейді.

Мортен туған кішкентай поселкадағы жұрт қыялға көп беріле қойған жоқ, қандай ғана болмасын талаптардан бас тартып, тезірек азғындап, әрқайсысы өздеріне тәуір клиенттер тауып алу үшін көптеген діни секталардың біріне барып кіріп алды. Міне, осы арып-ашып жүрген сансыз көп мешандар әртүрлі секталарды барып сағалады, егер бір сектадан қорек таба алмаса, олар басқа біреуіне ауысып отырды. Поселканы шет жатқан бір қараңғы түкпірдегі, меңіреу поселкадай етіп жіберген де осылар еді; мұның әкесін де табытқа апарып тықпалаған осылар, еңалдымен осылар! Өз беттерімен олар трактирге баруға да, қандай ғана болмасын идеялармен шұғылдануға да мүмкіншіліктері болмады,— сөйтіп олар құдайға құлшылық ететін үйде қақтығысып жүріп, әртүрлі орынды ойларға айып тағумен болды. Кейбіреулері жұмысшылар қозғалысына да кірісіп кетті, ал егер осындайлар көптеп жыйналса, іс сонда шатаққа айналады! Бірақ жұмысшылар арасындағы тәуірірек тұратындардың өзі ұсақ мешандыққа айналудың жолында еді, олар өздерінің жоқ-жұқана жолдастарына жоғарыдан қарап, тап күресін ұмытып, күнделікті өмірдің алдамшы көріністерін жақтауға тырысты.

Жұмысшы қозғалысы үшін мешанин — барып тұрған у, өйткені ол қоғамдық сана-сезімнен жұрдай болған адам; пролетарлық ниеттестік, басқалармен бірлесе отырып әрекет жасау ол үшін түп орнымен жат нәрсе. Ол өз қара басының қамы мен семьясының ғана жайын ойлайды, қалғандардың барлығының да тағдырын тыйын құрлы көрмейді. Айналасындағыларға ол әсте достық ойламайды, қайта олар бір бақытсыздыққа ұшыраса, өздерінің бір сәтті ісіне қуанғаннан кем қуанбайды. Егер ол жоғарылап кететін болса, сөз жоқ, басқа біреудің есебінен жоғарылайды; бұл ең кішкентай түрі демесеңіз, нағыз барып тұрған капиталистің өзі. Бірақ капиталистерде де, пролетарларда да өздеріне тән серпін бар ғой, ондай серпін мұнда жоқ, Пролетарлар ашығып, жүдей бастаған кезде, трактирге қарай тартады. Ол өзінің барлық сәтсіздігінің есесін арақтан алады. Сол ақшаға үлкен бір ескерткіш орнатуға болар еді-ау, шіркін! Қоғамның жоғарғы қауымындағы іс тіпті басқаша: олар ішкілікке салынған кезде олардың өстіп ішуі де керек сыяқты болып көрінеді.

Мортен жұмысшылар қозғалысын қайткен күнде де батпаққа батыратын жаңа бағыттан күн бұрын сақтандыра отырып, «Жұмысшы» үшін жазған бірнеше мақалаларында өз көзқарасын дамыта түсті. Мещанды солға қарай жылжытудың да жөні келмейді. Қандай ғана болмасын төңкерістерде бұл топ үстемдік етуші таптың сенімді тірегі болып келгені тарихи дәлелденген нәрсе, ешқандай саяси сезімі жоқ пақыр, соқыр сеніммен ол көрінген өкіметті қолдай берді. Жоғарыға көтерілуге жаны құштар болса да, онда жөнді талап та жоқ. Мещанның келешекте өзін өзі қамтамасыз етемін деп көңіліне тоқ санап, бірден бір сеніп отырған нәрсесі — лотереядан ұту, қазіргі соғыс жағдайында жасырын саудагерлік жасау! Күнделікті ағымның өзі мещандықты сыртқа теуіп, жоққа шығарып отырғандықтан да, онда ешқандай келешек те жоқ болу керек. Сірә, жаратылыстың өзі бәрібір құрайтын осы сыяқты қоғамдық слойдың келешегіне назар аударуды артық деп санайтын болса керек. Олармен бірігу — мещандыққа тән салық мінездікпен, мәрдесумен, екі жүзділік сыйқырлықпен күресуге негізделген жұмысшы қозғалысының масыл болар жансыз жүкке айналуына апарып соқтырар еді. Мортен мақалаларын: егер жоғарғы таптар мещандыққа сүйенбесе, бүгінгі күнгі қоғамның сыйқы қандай болар еді? — деген сұрақпен аяқтады. Онда мәселе парламентаризмдікке шейін бара қоймас еді, сірә!

Социал-демократтар ешуақытта мещандарды тәлкек қылуды ойлап көрген жоқ, сондықтан бұларыңыз бармайды деп қабарлап, мақалаларын Мортеннің өзіне қайтып берді. Алайда бұл мақалалардың біраз әсері де болды: кейінгі кездерде ұсақ лавочниктердің сөз тәркін пайдаланып жүрген бәсекелестіктен болса керек, «Жұмысшы» енді өзінің бұрынғы стиліне түсті, ал аса қатты талап қоя қоймайтын оқушылар үшін кешкі баспасын шығара бастады.

Қыс аяғының шегі жоқтай болып көрінді; нағыз көктемнің басталатын мерзімі де болған еді, бірақ күрткі қар үйлердің, қоршаулардың теріскей жақ түбінде әлі күнге шейін дөңкейіп жатыр.— «Осының барлығы да соғыс зардабы! — десті жергілікті тұрғындар.— Табиғат мұндай дамылсыз атыс-шабысқа үйрене алмай жатыр». Ендігі далаларда, бақтарда жұмыс істеп жүру керек еді, ал оның орнына жұрттың барлығы да кішкентай бөлмелерінде бүрі-

сіп тоңып отыр. Кокс тек бай тұратындардың ғана қолына түседі: бір гектолитріне он екі — он үш кроннан олардан басқа кім төлей алсын. Басқа нәрселердің барлығы да осындай адам айтқысыз қымбат, ал қылшылдаған аяз әзірше жер бетінің апшысын қуырып тұрған кезде, жұмыссыздық та азая қойған жоқ. Көбеймеген, көтерілмеген тек бір-ақ нәрсе бар, ол — жұмысшы еңбек ақысы, өз еріктерімен жұмысшыларға ешкім ешнәрсе бермейді, ал талап етіп алуға олар тым енжар, сылбыр. Қазір ескі шарттардың мерзімдері өтіп тұрған кезде, кәсіп иелері әдеттегісіндей, «Қоғам мүддесі үшін!» еңбекақы мөлшерін төмендету жөнінде талап қойып, әңгімелер жүргізе бастады. Олар қымбатшылық пен жұмыссыздық еңбекақының көптігінен болып отыр дегенді ұялмай-қызармай айтты. Еңбекақыны көбейту жөніндегі күрестен қайткен күнде де бас тартуды көздеген жұмысшы қозғалысының басшылары еңбекақыны азайтты; жұмысшылар қымбатшылыққа одан бетер қайсарланып төзе түсуге амалсыз көнді. Оның есесіне буржуазиялық баспасөз жұмысшылардың мұндай патриотизмдігі үшін оларды арқадан қақты. «Ең үлкен газет» ұялмай-қызармай: «Дания жұмысшыларының мәдени дәрежесінің жоғарылығының арқасында біздің жаңа шарттар жасап, еңбек ақыны азайтуға мүмкіншілігіміз болды», — деп жазды.

Мортен бұған ыза болып кетіп, «Пролетарий» газетіне ашығудың мәдениеті мен искусствосы туралы шайпау мақала жазды. «Жоғары мәдениеттіліктің белгісі не: аштыққа көніп қараптан-қарап отыра беру ме, жоқ әлде, көтеріліске шығып, не керектің барлығын күшпен алу ма?» Ол трольға¹ жұмыс істеп, оған қазына жыйнап, өзі аш жүруге мәжбүр болған Ганс батыр туралы ертегіні жұмысшылардың есіне салды. Ол күнде кешке жұмыстан қарны ашып, қалжырап, үйге қайтып келсе, есік алдынан оны: «Бүгін жұмыс, ертең тамақ!» деген сөз қарсы алады. Осылайша біраз уақыт өтеді, бірақ бір күні Ганс батырдың шыдамы таусылып, трольды өлтіреді де, аштық азабын басу үшін оның қоймасына кіріп барады. Қоймада тұрған нәрселердің барлығы да өзі әкелген нәрселер!

— Я, мұндай нәрселерге келгенде шебер-ақсың, — деді кемпір «Пролетарийдегі» мақаланы оқып. Троль жөнінде айтқаның да ойдан шығарылған өтірік емес. Бірақ осындай ойсаң суықта жалмауыздың жағасынан алатын адам табыла

¹ Тр о л ь — Скандинавия елдерінің мифологиясы бойынша, бұлар ерекше жаралған (алып, ергежейлі, сыйқыршы жалмауыз) адамдар.

қояр ма екен. Үйіңнен тұмсығыңды шығарсаң болды, қатып қалатынсың!

— Кемпір өзін өзі өте нашар сезініп, жиі-жиі қыңқылдай берді. Нан — кебек қосылған қауқары жоқ өңез қаранан болды; ол оны жей алмайды, бір жағынан жел-құзы да өршіп жанын қыйнайды. Кемпір қатты тоңды, сондықтан да ерте жатып, кеш тұратын болды, бойымды жылтсын деп Эльза мен Дагмарды қасына алып жатқан күндері ғана тәуірірек шығып жүрді.

— Бойларын жылту үшін мысық пен ит те бір-бірімен қойындасып жататын осындай күндерде сенің де жалғыз жатпауың керек еді,— деді ол Мортенге.— Жылы төсектің талай пайдасы тиеді, егер сен ағаш кесіндісі тәрізді нағыз барып тұрған сезімсіз адам болмасаң күндіз жылы төсекті аңсауың керек қой.

Мортен тап бір естімеген адамдай болды. Ол жоғарғы жақта жалғыз өзі тұратын еді, балалары ержетіңкірегенше осы тәртіпті өзгерткісі келмеді.

Бірақ кемпірге оның жаны қатты ашыйды; ол бишара үй шаруасының қамын ойлап, болмашы бірдемеге бола әлсін-әлі төсегінен тұрып, дамыл көрмейді. Ақырында Мортен бір төтенше қыймыл жасауға бел байлап, делдал арқылы қаладан кемпірге көмекші болатын үй қызметші жалдап алды. Оның аты Мари еді, өзі панасыз жетім, бейнебір өмір талқысы бір жолата қорғалатып тастаған жан сыяқты; тек қана «я», «жоқ» деп тіл қатады, өне бойы көзін сығырайтып жүреді. Мари мейірімді, өте елгезек, кемпір мен балалардың қамын жейтін. Оның жасы он сегізден жаңада ғана асқан. Вера оны ақмақтау қыз деп білді, бірақ кемпір: «Мари жұмыстарды істей алады — демек, аса ақмақ болмағаны ғой! Және өзін алдай да алмайсың,— үндемей жүріп бәле өзі. Балалар оны бірден жақсы көріп кетті» деген ниет білдірді.

Міне, сөйтіп жүріп, ақыр аяғында, көктем де келді, енді таңертеңгілік пен кешкілікте ғана пешке аздап отын жақса болады; күндіз күн көзі мейірімін төгіп жылытады. Балалар далаға шығып, қыдыра бастады, қыстыкүні пайда болған бронхиттерінен де құтылайын деді: көп жасаған көне сүйегін қыздыру үшін кемпір де сүйретіліп есік алдындағы басқышқа шықты. Көп кешікпей ол мүлдем оңалып алды да, жер басып, оны тырмалап, гүлдер мен бұталар еге бастады.

Күншуақ пен бақ ішіндегі көктемгі жұмысқа Мортен де қуанды. Бұл қыста өзінің зертең ауруы анда-санда белгі

беріп, баяндамалар жасап қайтқан сайын бірнеше күн жатып тұруына тура келген еді. Мейманханалардың дымқыл тартқан төсектерінде жатып, от жағылмаған суық клубтарда сөз сөйлеуге мәжбүр болғандықтан ол өне бойы жөтеліп жүретін. Бірақ енді кеудесіндегі жайсыз сезім кете бастады; ағаштар көктемгі шірінге балбырап өсіп, Мортен жанына серпін беріп, бойына қан жүгіртті. Ол таңертең ерте оянатын болды, оны бақ іші қызықтырады да тұрады; жер бетінен қаулап келе жатқан өсімдікті көресіз, қырыққұлақтар бел ортасынан майрыла тебендеп, жер қыртысын қопара шығып келеді, жоғарғы жағы бейнебір әскери шлем тәрізді қабыршақпен қапталып өткен жылғы жаңғақтар да сабақ сала бастапты.

Төменгі жақ поселкадағы жұрт та қыймылдай бастады. Теңізге шыққысы келгенмен мина бөгеттерінен қорғалақтап қыймылдай алмаған балықшылар да, «романтикадан» ақша тапқан көк свитрлі балықшылар да бұл қысты өз үйшіктерінде ұйлығып, аштықпен өткізді, әдетте, жаңа жылдан соң, көп кешікпей копенгагендықтар келіп, дача ақысының есебінен екі жүздей ақша беріп кететін еді, бұл жылы олай болмады. Пәтерге беру үшін ешкім де үйлерін жөндетіп үлгіре алмады, жөндеуінің барлығы да өте қымбат, ең әуелі үйді пәтерге беріп, сонан кейін ғана барып, жөндеу үшін шеберлермен келісу керек болды.

Копенгагендықтар үй әбден жөнделіп бітпейінше, ақша төлеп, бастарын байлағысы келмеді. Олар да көктемге қарай баға арзандайтын болар деп есептеген еді, қайта бұл жылы баға екі есе қымбаттап кетті. Балықшылар қазіргі жалпы қымбатшылықты айтып отырып алды; үйдің жөндеуі де, әртүрлі әбзел-аспаптар да адам айтқысыз қымбаттап кетті: кәдуелгі жуынды-шайынды төгетін шелектердің өзі соғыстан бұрынғысынан бес есе қымбат болды. «Балықшылар шын құтырған екен», — десті копенгагендықтар, сөйтіп біраз уақыт аңысын аңдап байқай тұруды мақұл көрді.

Мортен семьясы да бұл жылы тағы да дачниктер жіберу жөнінде әңгімелесті, бірақ бұл жолы кейін іш құса болып, өз үйінің ішінде бір сұмырайлармен сығылысып отырғандай болып сезінбес үшін дачниктерге үйді бүтіндей тапсырмақшы болды. Мортен баяғыдан бері жаз айларын Борнхольмде өткізгісі келіп жүр еді, мұндай талапты міне осындай жолмен ғана орындауға болады. Үй ішін жөнге келтіріп, кухня мен асүй ыдыс-аяқтарын және тағы басқа сол сыяқты үй мүліктерін қамтамасыз ету үшін бір жарым

мың крон жұмсау керек; жаздың үш айында алынатын ақшаны үш мың кроннан кем есептеуге болмайды,— демек қақ жартысы өз қалталарында қалады.

— Егер пәтер жалдай қалсақ, ақшамыз жете ме? Борнхольмде де қымбатшылық екенін есіңнен шығарма.

— Егер осы уақыт ішінде осы жерде тұрып жұмсайтын шығынымызды да қосып есептесек жетеді, мама.

— Мұндай ақша қай қалтаңда тұр, балам-ау!

— Жұрттың қай қалтасында тұрса, менікі де сол қалтамда. Күні осы уақытқа шейін күн көрісімізге әрқашанда қаражат жетіп келді ғой.

— Кемпір туған аралымызға кедей боп көрінеміз-ау деп қорқатын болса керек. Онда баруға ол кісінің де көңілі соғады, бірақ ол нағыз жиһангездер тәрізді мейманханада немесе пансионда тұрғысы келетін көрінеді.

— Оған қаражат жетпейді! — деді Мортен.— Бірақ біз балықшылар поселкасына орналасамыз, онда онша қымбат болмайды, шаруашылықты өзіміз басқарамыз. Балықшылар лашығында тұрған да жаман емес, мама,— деп сөз қосып қойды ол күлімсіреп.

Әдетте ешнәрсеге жөнді қозғала қоймайтын балықшылар, сол екі арада бірден серпіліп, үйлерін пәтерге беру мәселесін талқылау жөнінде жыйналыс шақырды, бірақ ешқандай шешімге келе алмады. Копенгагендықтарды қайтсе молырақ ақша төлеуге жәжбүр ете алады? Өз беттерімен ешбір тоқтамға келе алмаған соң, олар ақыл берсін деп Мортенге кісі жіберді.

Мортен, менімше, бір-ақ жол бар,— ол барлықтарыңның дос-жар болуларың дегенді айтты.— Копенгагендықтардың дачаға келгісі келеді, олардың онысы газетте көтерген өздерінің байбаламдарынан-ақ белгілі болып отыр. Олардың көпшілігі қазіргі қымбатшылық жағдайды пайдаланып ақшаны күреп тауып жатыр, тым құрыса олар дачаның нағыз бағасын төлеуге тиісті; тек олар сендердің жуастықтарыңды, оларға тойтарыс бере алмайтындықтарыңды пайдаланып, өздерінің қарымжысын қайтарып кетіп жүрмесін. Қазір үйді жөндеуге тағы басқа шығындарына қанша ақша кететіндігін есептеңдер де, оның үстіне өздеріңнің өткен жылғы бағаларыңды қосыңдар — сөйтсеңдер өздерің де өкініште қалмайсыңдар, басқаларды да ренжітпейсіңдер. Бірақ пәтершілермен шарт жасауды естен шығарушы болмаңдар, ал ең бастысы бар ғой, өздерің ұйымшыл, бірлікшіл болыңдар. Ұсақ адамдар бі-

рімен бірі өте тығыз байланыста болуы керек, оның бірден бір күш-қуаты сонда!

Алайда мұны істеуден гөрі ауызбен айту оңайырақ болды: балықшылар мүшелік жарнаға үшеу ара бірлесіп алған қайыққа ғана ұйымшыл болуға үйренген адамдар. Кейбіреулері өздерінің бөлмелерін өз беттерімен жеке келісіп, пәтершілерге бере бастады, ал жалпы алғанда бұл мәселеде әлі ешқандай қозғау болған жоқ. Астана газеттерінде теңіз жағалауында зорлықшылдық бар деген арыздар күн сайын басылды, бір күні бұл іспен газеттердің өздері айналысатын болып шықты. Олар дачниктер жағын жақтап, күн көзімен, жарықпен, ауамен саудагерлік жасауға болмайды деп қоғамдық мораль атынан балықшыларға ақыл айта бастады. Күні осы уақытқа шейін қарапайым халық соғыс жағдайын зұлымдықпен пайдаланушылыққа ұқсас нәрселердің барлығынан да адамгершілікпен ат-тондарын ала қашады, — сондықтан да олар бұл мәселенің осы жолы да заң шығарушы орындардың қатысынсыз-ақ бейбіт түрде шешілгенін жақсы көрді. Заң шығарушы орындар деген сөзден біртүрлі бір белгісіз үрей сезілгендей болады; көп кешікпей, шындығында да, ішкі істер министрлігі копенгагендықтар тіпті пәтер ақысы жайында шек қоймастан-ақ, өздерінің қалаған үйлеріне барып кіріп алуларына болады, өйткені пәтершілердің правосы заңмен қорғалған, заңды бұзушылық болса, тұрғын үйлер басқармасына шағым етуге болады деп жариялады.

Сонда ғана барып бұл мәселеде қозғау пайда бола бастады: копенгагендықтар дачалар алуға тырысып, пәтер жалдаушыларды қорғайтын заңға сеніп, қандай ғана болсын келісімге қол қоя салуға әзір тұрды.

Мортен балықшыларға дачаларыңды бермеңдер, қайта заңды дәлелдеріңді айтып, үкімет пен жұртшылыққа өздеріңнің наразылықтарыңды жіберіп, соның нәтижесін күтіңдер деп ақыл берді.

— Наразылықтың соңында өкілдеріңнің қойған қолы тұру керек, — деді ол, — оның да едәуір салмағы болады. — Бұл сөзді айтқанда Мортен жол мастері Франсен жөнінде ойлады: егер оны өз жағына тартып алатын болса, — бұл жағдай жергілікті социал-демократиялық баспасөзге әсер еткен болар еді, баспасөзге әсер етсе, демек, партияға да әсер етті деген сөз.

Бірақ жол мастерінің қол қойғысы келмеді.

Партияның үкімет басында отырған бақылау министрі

сыяқты өз адамы бар, оған сен де, мен де қарсы шыға алмаймыз. Ал оның үстіне тұрғын үйлерді жалға беру туралы пәтер жалдаушылардың мүдделерін қорғайтын заң бар.

— Ол заң — кедейлерді үй қожаларының ашкөздігінен қорғау үшін және кедейлердің баспанасыз қалмауы үшін шығарылған заң ғой. Ал мұнда ол заңды кедей сорлылардың есебінен қосымша пәтерлер алуға көмектесу мақсатымен байларды қорғау үшін пайдаланғысы келеді. Бұл жарамайды ғой! — деп күйіп-пісті Мортен. Жол мастері Франсен оған тап бір өкіне қарағандай болды да, сонан соң иығын бір бүлік еткізіп қойып:

— Заңның аты заң ғой, оны бұзбау керек! — деді ол әрбір сөзін шегелей сөйлеп; сірә өзі әлден-ақ ригсдагтың мүшелігіне өтуге әзірленіп жүрген болса керек.

— Ой, ол бізді қайтсын,— десті балықшылар.— Өзі болса, канализациялау жұмысымен айналысатын техникалық конторға дачасын берді.

Олар өз тағдырларына өздері көніп, қалай болса солай үйлерін бере бастады; дегенмен бұл істің жақсы жағы да болды: бұл балықшыларды да бір серпілтіп, өмірді ойлауға мәжбүр етті. Молшылықта отырғандар мен жоқшылықта отырғандардың арасындағы алшақтық күннен күнге ұлғая түсті, енді ол оларға да соға кетеді.

Мортен өзі үйін пәтерге беруден бас тартты.

— Демек, енді осында қалатын болдық, үй ішіндегі әшекейді қызықтап, өйтіп-бүйтіп енді шығатын шығынды көтеруге тырысамыз да,— деді ол едәуір жабырқау пішінмен. Үйдің біраз жері жөнделіп те қойған еді. «Жоғарғы дәрежелі» екі жесірдің екеуі де жазда тұратын адамдарды қалай табудың жоспарларын жасады; Мортен солар жақтағы бақтың ішінде жұмыс істеп жүрген кезде олар онымен сым қоршаудың аржағында тұрып ақылдасты. Мортеннің үйіне олар келмейтін болған. «Біз ішіміз пыспасын деп қана пәтерші жібереміз,— деді олар,— әйтпесе ешкімді кіргізбей-ақ қойсақ болар еді!»

Мортендердің кухня есіктері ашық тұрған кезде, бірі басқыштың жоғары жағында, бірі төменгі жағында, подвалдың есігінің алдында тұрып, айғайлап жатқаны естіледі:

— Қуырылған қой етін әкелші, Боэсенжан! Ах, айтпақшы, керегі жоқ, екі күн ұдайымен қой етін жеген екенбіз ғой. Одан да ертең пісірмекші болған манағы камбаланы алып кел.

— Ой, құдайым-ай! — деп таңданды кемпір.— Тап бір

опырып жеп жатыр екен деп ойлап қаласың. Өздеріне аздап тамақ та жібергің келеді! Сөйте тұрып үйлеріне пәтерші жібермекші! Креслоларының үстіне жатқыза ма, дачниктерді қайда жатқызбақшы?

— Олар жақсы тұратын адамдардай болып көрінгісі келіп, жан-тәндерін салады,— деді Мортен.— Біздің бәріміз де соны істейміз. Қайта оларды аяу керек.

— Я, саған бәрі де аянышты!

— Жоқ, мама,— деп күлімсіреп жауап қатты Мортен,— әлі келмесе де өмірмен дәрменсіз күрес жүргізуге мәжбүр адамдарды ғана аяймын.

XV

Семиядағы аздаған тыныштық

Кемпір Эльзамен екеуі күнде бақ ішін шұқылап жүреді; өсімдіктің жаңа қылтыйып келе жатқан жас сүйрігін екеуі бірдей қуанышпен қарсы алады. Желпілдек гүл мен байшешектер әлдеқашан гүл шашқан. Борнхольмдік үлкен лалагүлдер де жапырақ жайған. Сонан соң жаңғақбас өсімдігі қаулай бастады, бірақ сәл ғана қылтыйып, жер бетіне көріне бастаса болды, оны торғайлар шұқып тастайды; ақыр аяғында, әбден берекесі қалмай жаңғақбастар қайтадан жер астында жасырынып қалды.

— Енді ешуақытта шықпай ма,— деп сұрады мұңайып Эльза.

— Ешуақытта шықпай ма? — деп жаңғырық тәрізді қайталап сұрады кішкентай Дагмар, үлкен қолғаптың ішіндегі қолын тарбыйтып, жол үстінде тұрып.

— Ал енді біз мұның үстінен жіп тартып тастаймыз, торғайлар үркеді де, ұшып кетеді сонан соң қайтадан гүлдер көріне бастайды,— деп жауап қатты кемпір.— Кш, кш, кетіңдер енді, ұрлықшы немелер! — Кемпір кш-кштеп торғайларды үркіткенмен, олар сәл ғана әрірек жылжып қонды да, бастарын қыйсайтып кемпірге қарады.

Кішкене қыз балалар көңілденіп қалды.

— Ана қарашы, Мари! — деп айғай салды Эльза терезе жуып жатқан үй қызметшісіне. — Көрдің бе, әжеме қалай қарап тұрғанын?

Мортен баққа кіре берістегі қаз-қатар болып өсіп тұрған үлкен-үлкен розалармен айналысып, бірімен бірін байластырып, суықта үсіген бұтақтарын кесіп жүр еді.

Кішкене аула есігі сықыр ете қалды, аржағында ұзын бойлы, томпақ бет Гюлефельт фрекен тұр: ол кірмекші болып әуреленіп жатыр, есікті тіпті аша алмай қойғанына, сірә, ашулы да болса керек өзі. Мортен барды да есікті ашты, бірақ келген әйелді ішке кіргізбей, кіре берісте көлденең тұрып алды.

— Чернышты көрген жоқсыз ба? — деп сұрады ол асыға сөйлеп, алдыңғы сойдыйған үлкен күрек тістерінің арасынан түкірігі шашырап кетті.

— Чернышты? — деп қайта сұрады Мортен түсінбеген адамдай аң-таң қалып.— Қандай Чернышты?

— Әлгі біздің итті айтамын, оны жұрттың бәрі де біледі ғой!

Бірақ күні-түні бірдей ұлып, қыңсылап поселкадағы жұрттың мазасын алып, әбден ығыр қылып біткен қотыр қара төбетте Мортеннің ісі болып көрген емес еді. Ол тағы да аң-таң болып басын шайқады.

— Ой, қойыңызшы! — Гюлефельт фрекен ақырын ғана оның жеңінен тартып қалды.— Сіздің Чернышты білетіндігіңіз белгілі ғой, оның өзін осы аймақтың бәрі балағаттайды. Тізімін алып Вестергор бағбан келген жоқ па сіздікіне? Ол осы жердегі тұрғындардың барлығын аралап, маған Чернышты ұстатпау жөніндегі талаптың аяғына қол қойғызып жүрген көрінеді. Біздің Чернышты ұлайды-мыс дейтін көрінеді. Бірақ Черныш өмірі ұлымайды, ол жылайды! Мамасы кетіп қалған кезде, Черныш жылайды; солай емес пе, балам?.. Ой мен неменесіне... бәрі бір ол мұнда жоқ қой! Ай жаңа туған кезде де Черныш мұңайып жылай бастайды; түн ортасында бағбан жүгіріп келеді де, итті қойдыру үшін құдайтағалаға жалбарынады: оның әйелі жуырда бала тапқан, Черныш мазасын алып, ұйқатпайтын болса керек. Бұған не айтасыз! Бала тапқан екен — жарайды, өте жақсы іс! Сондықтан Черныштың үнемі үн шығармауы керек пе, өйткені ол жыл сайын бала табады! Сөйтіп, Черныш сіздерде емес пе?

— Жоқ, бірақ, мүмкін, ол бір дамамен жолығу үшін кеткен шығар? — деді Мортен қалжыңдап.

— Жоқ, ол жағына келгенде Черныш өте жақсы тәрбиеленген, барлық еркектер сондай болар ма еді десеңізші! Мен киініп жатқан кезде, ол шоқыйып, еркектердің көз қарасындай қараспен маған қарайды да отырады, егер мен кенет: «Түү, Черныш-ай, неткен ұятсыз едің!» — деп зекіп қалсам болды, ол табан астында бөліктің аржағына барып жасы-

рына қалады. Ал енді мен зыр жүгіріп, жазықсыздан жазықсыз қуғынға ұшыраған әлгі Черныш жанымды тауып алуым керек...

Мортен Гюлефельт фрекеннің аузынан шашыраған түкіріктерді сүртіп үлгерместен-ақ, үйден Вера шыға келді. Аяқ басысы біртүрлі бір ағаш сыяқты тық-тық етеді, екі көзі қыймылсыз қадалып, ежірейіп кетіпті, ұстамалы ауруы бар адам сыяқты, оны көрген бетте-ақ Мортеннің зығырданы қайнап кетті.

— Сен енді бұларды үйге әкелуден де ұялмайтын болдың-ау! — деді Вера тістеніп, булыға сөйлеп.

Мортен үн-түнсіз одан көзін тайдырып жіберді де, саймандарын тастай беріп, үйге қарай беттеді. Вера оны басқышта қуып жетті.

— Әрине, қашасың да енді, өйткені ақталар сөзің де жоқ. Бірақ, есіңде болсын.— Сенің кім екеніңді жұрттың бәрі де біледі!

Кемпір мен Мари олардың соңынан ұзақ уақыт қарап тұрды; Эльза да ержетіп қалған, үйішінің қырын қабақ болып жүргенін ол да түсінеді; ол әке-шешесінің соңынан жүгіріп барды да, жылап, шешесінің юбкасынан жұлқылай бастады.

— Мамочка, папама тимеші! Мамочка, папам жоғарыға шығып кете берсін! Жүрші, мама, жүрші!

Сонан соң ғана барып Вера қызының соңынан ерді; баладан дегенмен де, ұялайын деді.

Мортен есік тұтқасын ұстап біраз тұрды, оның басы айналып, көзі қарауытып кетті, сонан соң жазу столының жанына келді де, қолжазбаларын жалма-жан ақтарыстыра бастады. Тағы да ақтарыпты Вера! Мортеннің кімге хат жазғанын білу үшін сорғышқа сіңген сыяның таңбасын айнаға салып тексеріпті; өзі күннен-күнге нағыз тыңшы болып келеді.

Міне енді тағы да басы ауырып, діңкесі құрып бастады! Самай тамырлары лыпылдай түскен сайын Мортеннің сіңірі тартылғандай болып жұдырықтары еріксізден-еріксіз ашылып-жұмылып отырды. Егер қазір Вера келіп, тағы да мүжгілей бастаса, не болатынын өзі де білмейді. Басқыштан, шынында да, адам аяғының тықыры естілді.

Өздеріне берілген қыйын шығарманы жазу туралы Мортенмен ақылдасу үшін Годхавннен екі ересек бала келіпті. Екі баланың ортасында отырып, оларға шығарманы қалай-

ша жақсы құруға болатындығын түсіндіргеннің өзінен қандай рақаттанып, жеңілденіп қалды ол.

— Үйлеріңде қандай жаңалық бар? — деп сұрады ол.

— Шешей хат алдық деп айта бар деген еді; әкей қазір шығыс жақта жүзіп жүр, хат Америкалатып келді. Онда мина көп болғанымен, сүңгуір қайық жоқ көрінеді; еңбекақы онда жақсы дейді.

Олар кеткеннен кейін Мортен қайтадан баққа шықты да, жұмысқа кірісе бастады. Кемпір мен кішкентай қыз балалар бірін бірі баспалатып, дамылсыз сөйлеп жүр. Вера кофе шашкаларын сылдырлатып, бір бөлмеден бір бөлмеге безек қағады. Мүмкін, сабасына түсіп, татуласайын деп жүрген болар? Шынында да, аз уақыт өткеннен кейін ол бәрін де кофеге шақырды — әрине, кофе нағыз кофе емес, оның баламасы еді.

Таңертеңгі тамаққа қайнатасы мен қайыненесі, Петер қайнағасы келді, олар осы аптаның аяғын дачада өткізбекші болыпты. Демек, енді Мортенге уақытша тыныштық болады деген сөз: әке-шешесі отырған кезде Вера әдепті жүретін! Келген қонақтың үшеуі де мұздай киінген. Петер қалпағын желкесіне сырып жіберіп, қолтығына эп-әдемі жаңа портфель қысып алыпты. Тап бір әрбір минутты қымбат санап тұрғандай-ақ, сол жақ қолын әлсін-әлі секірте көтеріп, көз алдына тосып сағатына қарай береді. Өзі жас маклер сыяқты.

— Н-да, бұл да пайданың көзін тапты, — деді мақтанышты пішінмен Хансен. — Алдыңда тұрған ақша ұсатқыштардың жай қағаз тасушысы ғана емес екенін мұның бет әлпетінен-ақ түсінерсің, күйеубала. Бұл жоғарылады, құдайдың құтты күні жаңа жаға салып шығады, қалтасынан ақша да арылмайды. Бұл фирмаға клиенттер жыйнайды да, жалақысынан тыс тағы да проценттей ақша алады. Және өзінің қорқақтығымен аздап саудагерлік жасайды; мен де... Сенің де осы бақытты бір байқап көруің керек.

Сөйтсе, Хансен, сауысқаннан да сақ, қоян жүрек Хансен, қолында бар қаражатының барлығын шығын етіп, жаңа ұйымдасқан пароход қоғамының бірнеше акцияларын сатып алыпты, өзінде түк қалдырмапты, жұрдай болыпты! Акцияларын әлі қолына ала қойған жоқ көрінеді, өйткені олар былайша айтқанда ақшасы төленбей несиеге сатып алынған, бағасы толық төленгенше ақша ұсатқыштардың шкафтарында тұратын нәрсе ғой.

— Бірақ оның ешқандай кедергісі болмайды, сенің де

өстуің керек! Акция күн сайын өсіп жатады, ең аз дегенде әрқайсысы күніне он кроннан кем өспейді, өзің де түсінесің ғой мұның бір үлкен нәтижесі болады! Тіпті тұяғыңды да қыбырлатпай отырып, қалай байып кеткеніңді өзің де білмей қаласың!

— Мұныңыз бір тамаша екен! — деді кекетінді кейіппен Мортен.

— Дұрыс айтасың, дұрыс! — деп сөзін сабақтады, ұялмай, қызармай, Хансен.— Ірі байлықтардың барлығы да осылай құралған. Арқа етің арша болып жұмыс істеп жүріп баюға болатын шығар деп ойлайтыннан амансың ба, өзің?

— Жоқ, құдай біледі ғой, олай ойламаймын,— деп жауап қатты Мортен күліп.

— Я, бәсе өзің де көріп отырсың ғой! Арқа еті арша болып жұмыс істеп жүрген адамдар мен қалтасында ақша сықырлаған адамдардың арасындағы айырмашылық күйме тартып келе жатқан ат пен күйме ішінде отырған бай-батшаның арасындағы айырмашылықтай деуге болады. Петердің көңілі үшін болса да, сенің де екі акция алып қалталануың керек.

— Менде ақша жоқ қой, қайната.

— Жыйнаймын десең аздап жыйнай аласың ғой! Үй мүлкіне деп қарыз ал.

— Әр мерзімде ақшасын бөліп төлейтін болып келісіп, үй мүлкін бүтінге дерлік сатып алғанмын.

— Қап, оның жаман болған екен! Бірақ бәрібір, сен кейбір нәрселеріңді кепілдікке салуыңа болады, өйткені одан ешбір күдіктенудің керегі жоқ. Петер сен үшін бірер ауыз сөз айтса болғаны, фирма оның сөзін жықпайды.

Мортен қайнатасына таңдана қарады: немене өзі жын-данғаннан аман ба? Өз өмірін құрметпен өткізуді арман етіп, эруақытта ұсақ-түйекті де өлшеп-тамап отыратын көрнекті саудагер — кенет қылмысты іске құлақ қойыпты!

— Сірә, мұндай іске тым шалағайлау болармын.

— Негізі саудагерлік үшін ерекше ақылды болудың да қажеті жоқ, — деп сөзге Петер араласып, әкелі-балалы екеуі қосылып алып, Мортенді азғыра бастады.

Талаптарынан жөнді нәтиже шықпаған соң, Хансен саясатқа көшті. Ол отанды өзінше, тоғышарларша сүйетін еді; Вест-Индия аралдарын¹ сату туралы корольға ақыл

¹ 1916 жылы Виргинский аралдарының Данияға қарасты бөлегі (Дания Вест-Индиясы деп аталатын) АҚШ-қа сатылған, олар оны өз отары етіп алған.

берген адамдардың мылжа-мылжасын шығаруға дайын-ды.

— Осының бәрін істеп жүрген социалистер,— деді ол ашуға булығып, қып-қызыл болып.— Сенің осы жауыздармен қалай бірге жүргеніңе түсінбеймін, күйеубала! Олар бар нәрсені өз қолдарына алып, түк істегісі келмейтін адамдарға үлестіріп бергісі келеді.

— Түк істегісі келмейтіндер деп байларды айтып отырсың ба? — деп сұрады Мортен, ол қайнатасының сөзін баяғыдан-ақ шын салмақты сөз деп есептемейтін де, оны қызық үшін ашуландырып, шамына тие беретін.

— Жоқ, мен әлгі Сундхольмде тұратындарды айтып отырмын.

— Олай болса мен сенің сөзіңе қосыламын, қайната, біз де байларды тежеп ұстағымыз келеді.

— Я, бірақ ол сендердің қолдарыңнан келе қоймас! Байлар әрқашан да болған және болады да, ал сендер қанша керек қылсаңдар да бөліспен өздерің-ақ айналысыңдар! Міне, мысалға менің он кроным бар екен дейік, соны қолында түгі жоқ тоғыз адаммен бөліседі екенмін. Қалай деп ойлайсың, келесі күніне бәрімізде де бір-бір кроннан ақша болады ғой деп, ойлайсың ба? Олай бола қоймас! Кейбіреулер біо кронын ішіп қояды, ал кейбіреулері...

— Оған кеме акциясын сатып алады,— деп сөзге араласты Мортен.

— Я, мысал үшін деймін-ау. Бірақ, бұл әшейін жай айтып отырғаным ғой, әйтпесе бір кронға не келуші еді.

Вера кофе ішуге шақырды, сөз тәркі ақжарқын, мейрімді хозаяканың мінезін танытқандай еді. Ол кофені өзі құйып, ерекше бір ілтипатпен ізет етіп, жұрттың бәріне қантымен, кілегей қаймағымен подносқа салып әкеліп беріп жүр.

— Қызымыздың бет ажары жақсы екен,— деді Хансен.— Сірә, жаман да тұрмайтын болса керек: кемпір көмек жасайды, және оның үстіне енді үй қызметшісі де бар. Сен екі қолыңды айқастырып, қарап отыратын шығарсың, қызым, солай емес пе?

— Стол басында Мари неге жоқ? — деп қатулана сұрады Мортен.

— Ой, мен бір жолға болса да өз семьямызбен ракаттанып отырайық деп едім! — Вера жақтаушы іздегендей болып отырған жұртты көзімен жағалай шолып шықты; оның шешесі Мортенге көз қыйғымен ғана қаймыға қарап, Вераның сөзін мақұлдап басын бір изеп қойды; Мортеннің шешесі шынаяқ үстіне тұқыйып еңкейе түсті.

«Алды-арттарыңа қарасаңдаршы, барындар-ау!» — деп ойлады; оны өз шешесінің де соларға қосылып кеткені қатты қамықтырды. Ол Мариді стол басына шақырып әкелу үшін кухняға кетті; Мари қолына шашкесін ұстап, бақалшақтың қасында жападан-жалғыз өзі ғана шүкиіп отыр екен! Қою біткен салалы ұзын кірпіктерін ақырын ғана көтеріп Мортенге таңдана қарады, сонан соң үн-түнсіз оның соңынан ерді.

— Қазір бізде «уикенд»¹, — деді Хансен, бас бармағын желеткесінің қолтығынан іліп алып, стол алдында қозғалақтай беріп. — Сіз, әрине, бізді дүйсенбіге шейін паналатып шығуға қарсылық білдіре қоймассыз, бұл жердің өзі біртүрлі жаман жер көрінеді! — Ол өзінің үйінің кеңдігін айтып жүз рет маңырады. — Нағыз кең сарай! Бірақ, шіркін басқа жерде, мысалға Лонгелиниде² болар ма еді, онда тіпті баға жетпес еді оған.

Вера шешесімен екеуі жоғарғы топтың арасындағы соңғы даушардың жайын әңгімелесіп, кімнің кіммен сүйіспеншілік байланысының барын Мортеннің шешесіне бажайлап айтып берді. Өзіне тасталған Мортеннің көз қыйғын Вераның дұрыс түсіне алмай қалғаны байқалады, өйткені ол кенет:

— Егер сен министрдің ригсдагтағы іс әрекеттерін әңгіме ететін болсаң, оның махаббаты жөнінде мен неге айтпасқа?

— Ой айта бер, айналайын, — деп күлімсірей жауап қатты да, тап бірдеме алып келгелі кеткен адамдай болып Мортен жоғарыға көтерілді, бірақ қайтып келмей сонда қалып қойды, біраз уақыт өткеннен кейін оған әңгімелесетін адамы жоқ болып жалғызсырап қалған Хансен кеп қосылды. Оның артынан Хансеннің Мортенмен әдебиет туралы қалай әңгімелесетінін естуді өте жақсы көретін әйелдер де келді.

— Қалай, күйеубала, бірдеме жазып қолың тимей жатыр ма? — дей келді Хансен есіктен кірер кірместен-ақ. — Мен кедергі жасамаймын, тек әшейін жұмысыңның қалай жүріп жатқанын білейін деп келдім. — Ол стол үстінде жатқан Мортеннің қолжазбасына әуестене қарады. — Көңліңе ауыр алып қалып жүр ме, күйеубала, менің жазуым сені-

¹ «Уикенд» — аятаның аяғы (арылшынша).

² Лонгелиниде — Копенгаген гаваньдарының шаралаулары мен жолдарының аты.

кінен әлдеқайда әдемірек екен.— Ол қолжазбаны ысырып қойды да, тап бір менің жазуым жазушы болуға жарар ма екен деп ойлаған адамдай-ақ саусақтарын жыбырлата бастады.— Жоқ, сірә жылдамдық жағы жетісіңкіремей жатыр-ау деймін,— деді ол өкінішпен.— Әрине, сенің тәжірибең әлдеқайда көп қой. Және ойдан шығару жағынан да артық боларсың? — деп қосып қойды.

— Әкейдің жазушы болып кетуі де мүмкін,— деді Вера көзі жеткен адамдай болып.

— Ой, ол үшін жас кезінен жаттығып, үйренуі керек еді ғой,— деп аңлатып қойды Хансен фру.— Ал сен бар ғой, Мортен, мұны қолыңа ал да үйрет. Ал сен үйреніп көр, әкесі!

Мортен дереу отыруға оған орын ұсынды, бірақ Хансен отырмады.

— Жоқ, жоқ,— деді ол,— жоқ! — өзі ұялыңқырап көзін сығырайтып әрі мен-менсіп тұр.— Жоқ, өз күйеубаламның саудасының шырқын бұзғым келмейді.— Ол кітап өресіне қарай бұрылып кетті де, екі қолын артына ұстаған күйі кітаптарды көрді.— Қайдағы жоқ кітаптарды жыйнаған екенсің, күйеубала! Шынымен-ақ осының бәрін жатқа білесің бе?

Мортен мұны басын изеп салтанатты түрде мақұлдады.

— Бұл өмірімде мен де көп нәрсені оқып едім, бірақ дегенмен де...

— Әкемді оп-оңай-ақ ығыстырып тастай алмассың, мұндай көп кітаптарды оның өзі де оқыған,— деді Вера.

Егер олай болса, тасқа басылған нәрсені оқуға келгенде мен әрқашанда шебер едім, типографиядан зат орау үшін макулатура алған кезде, одан әруақытта оқыйтын нәрсе табылып тұрады, зат сатып алушылар келгенше соларды оқып, сауатымды аша тұрамын. Хансен сыпайыгерлікпен ғана көзін кілмитті.

— Сен Мортенге бірдеңе айтып берсең етті деп тұрмын.— деді Хансен фру.

Бірақ Хансен одан бастартты.

— Жоқ, одан да Петер айтсын, оның да басы үлкен бас қой. Айтпақшы, өзі қайда жоғалып кете қойды?

— Фирма үшін сатып алушылар іздеп кетті,— деп жауап қатты Хансен фру.

— Олар сатып алушылар делінбейді, клиенттер делінеді.— деп дүзетіп қойды Хансен.— Мен болсам, қайта, қыдырып, бұл жерде қандай дачалар сатылатынын көріп қайт-

қан болар едім. Соңғы сөзін ол жай әшейін сөз арасына қыстыра салғандай етіп селқос айтты.

— Вилла сатып алайын деп жүргеннен амансың ба, папа?

— Жоға! Бірақ бір кішкене дача сатып алсам жаман болмас еді; әрине суға таяу жерден.

— Бірақ бәрібір өзің шомылмайсың ғой, папа,— деп сөз қосты Вера.

— Өзім шомылмағанмен далаға орындық қойып, теңіз үстінен күннің қалай батқанын көріп отырар едім. Теңізде күннің қалай бататынын көруге жаным құмар.

— Бұл жер шығыс, демек күннің батуын емес, шығуын тамашалауыңызға тура келеді,— деп сөзге Мортен араласты.— Ертерек тұру керек болады.

— Бірақ олай болса, Хансен теңіз үстінен күннің батқаны мен шыққанын көруден бас тартқанның өзін артық көреді.

— Сен ұтып та қойдың ба, папа? — деп сұрады Вера, Мортенге салтанатты пішінмен көз қыйығын тастап қойып.

— Жоқ, әлі толық ұта қойғамын жоқ, өйткені нәрсеміз тегіс сатыла қойған жоқ. Және акцияның да ақшасы аздап өсе түссін. Бұл бір сенімді іс қой.

— Сендер неге өмірі Виггоны бір ертіп әкелмейсіңдер? — деп сұрады Мортен әңгіменің бетін бұрғысы келіп. Сол бір өмірден таяқ жеген бейшара балаға жанашып кетті; жұмыссыз жүргеніне екі жыл болып біржолата адам қатарынан шығып қалды.

— Неге, неге... өзіміз де оны ешуақытта көре алмаймыз. Көшеде кездесіп жүреді ғой дейсің бе. Кездесе кетсе-ақ болды, бір бүйірге тайып кетуге тырысып тұрады,— сірә, біздің компаниямызды жаратпайтын болса керек. Ал әлгі қызы біржолата оның қарауына көшіп алған. Дегенмен, ол өзі әскер қатарына алынған; қазір соғыс кемесінде деседі. Ол нан пісіруді оқыған ғой.

— Бірінеше рет шақырсам да ол бізге ешуақытта келмейді,— деп сөзін сабақтады Мортен.— Маған адресін берші, бірер ауыз сөз жазып жіберейін.

Баяғы бір оқыйға қайтадан басталды. Мортеннің сана-сезімі тағы да тұйықталып топастанып кетті: Қалай тырысса да көңілінен біресе оны, біресе мұны шығара берді,— әрқашан да немқұрайды селқос қарауға болмайтын адамды есінен шығарды. Сайып келгенде Хансендер семьясының

ішіндегі ең іске татыры Вигго еді. Сәтсіздікке ұшырайтын адамдардың өзі, әдетте ең іске жарағысыз адамдар болмайды ғой.

— Одан да басқа бір нәрсені әңгіме қылайық; Дагмардың күйеуге шығайын деп жатқанын білесің бе? — деді Хансен.

Мортен оны естіген жоқ еді.

— Я, я, ірі саудагер Йенсенге шығады.

Мортен қарқылдап күліп жіберді.

— Неғып қана одан басқа тәуірірек біреуді таба алмады екен?

— Қо-о-й, мен олай демес едім, — деп ренжігендей кейіппен наразылық айтты Хансен. — Дагмар жақсы жұбай тауып отыр. Онысы өзін көптен бері айналдырып, Дагмар алдында бәйек болып соңынан қалмай жүр... түсінікті ғой; Дагмар да жасарып келе жатқан жоқ, Дагмар өте ақылды іс жасаған; ері қылағай сатып ірі сауда жасайды.

Мортен таңданғаннан есін жыйнай алмай, қайта-қайта күле берді. Сөйтіп мещандық, дегенмен, богемалықты жеңген екен ғой!

— Дагмар еріне ендігәрі жұрт алдына шығып өлең айтпасқа уәдесін берді, — деп сөзін жалғады Хансен. — Ол Дагмарды жалғыз өз басы үшін ғана пайдаланғысы келеді, мұнысы кімге болса да түсінікті! Ал олар өте тамаша тұрмыста тұрады, ерінің Жаңа Гаваньда өз алдына жеке үйі бар. Айтпақшы, соның пәтерін алып отырған сірә сенің бауырың болу керек.

Я, рас, етік тігу қолөнерін кәсіп етіп жүрген Мортеннің бауыры бар; ол Жаңа Гаваньдағы үйлердің бірінің подвальнда тұрады. Бауыры тұратын үйді есіне түсіру үшін Мортеннің ойланып қалуына тура келді. Шешесінің қайда тұратындығын білу үшін бір кезде Йенсті іздеп тауып жолыққаннан бермен қарай, Мортен онымен қатынас жасаған жоқ. Анда-санда астанаға барғанда соғып тұрамын деп уәде берсе де, ол жөнінде шешесі де ләм деп ештеме айтпайды. Бірге туған бауырлар да айрылысар деп кім ойлар! Ал бала кездерінде олар өте тату еді ғой, қайғы мен қуанышқа бірдей ортақ болғандары қайда, — рас, қуаныштан гөрі қасірет басым еді! Мүмкін, олардың араларын айырған да сол болар?

Міне, енді оның Арманы сүр балықтармен сауда жасайтын ақшалы байдан өзіне күйеу тауыпты!

Швециядан қайтып оралғаннан кейін Мортен біраз серпіліп қалғандай болды. Құлазыған жалғыздығы бұрынғыдай жанын жемеді, «Иесіз елде» тұратын сыяқты да емес. Болып жатқан оқыйғалар сыр-мәнін ашып салды, ол енді төте тартқан соқпақсыз жолды: шынайы социализм үшін күрестің қайта туғанын көрді! Тек өткен он жылдар салып кеткен қатпарларды: ығына жығылу, топастық, эгоистік мешкейлік, мешандықтарды сылып тастау керек. Жұмысшыларды құлдай мойынсұнғыштықтан арылтып, ой ойлауға, әрекет жасауға үйрету керек,— сонда олар барлық арамтамақ сұлделердің шылауынан құтылып шығады. Бүкіл елдің бар түкпіріне жайып жіберген қаншама бонзалар жұмысшылар есебінен сылқыя тойып сайрандап жүр! Олар патша қызындай дәурен сүріп, қоғамдық мәселелерді билеп-төстеп бір өздері шешеді, кейде тіпті кәсіп иелерімен ымыраласа кетеді,— сол кезде наразылық айтпай, не болса да мойынсұна берген адам жұмыс табады.

Бір кездегі тактайдай тегіс жолды жүруге қайта жарату үшін көп нәрселерді тамырымен қопарып алу керек болды. Бұл аса қыйынға түсер іс еді!

Кімге арқа сүйеу керек? Қазіргі құрылысқа түгелдей жаны қас синдикалистер бәрін қопарып тастауға дайын еді, олар тіпті соның тезірек болуын тілейді. Бірақ олардың айырбасқа берер түгі жоқ, болашаққа деген программа оларда болып көрмеген. Прогреске олар аяқ баспады, қыймылдары да тым идеясыз еді, сондықтан да олардың жұмысшылар арасынан шыққан белсенділері де аз болды.

Кексе жұмысшылардың ішінен Пеллеге және социал-демократиялық партияға адалдығын сақтай білгендер әлі де бар еді; олар өздері көрсеткеннен аумай дауыс беріп, партия мен кәсіпшілер одағының көп шығынды жарнамаларын қыңқ етпестен төлеп отырды, әйтседе іштерінен рыйза болмай, онысын сыртқа шығаруға ұялып жүрді. Егер олармен әңгіме шертіп сырласа кетсе, сонау өткен атышулы жауынгерлік дәуірдің жүректерінде жарқын ұялап қалғанын білуге болар еді. Мортен өз сапарларында ондайлармен жиі кездесті: олар баяндамадан кейін қоршалай қалып, қолын қысып, көздері оттай жанып, жалындай жастық шақтарындағы жауынгерлік күндерін жыр етер еді.

Кейде ауыздарынан арақ исі мұңкіп тұрады, бірақ Мортен мұның жайын түсінетін: олар әлі де жүрегінде оты бар адамдар екенін сездіру үшін от үстіне май құйып жалындай түседі. Бірақ социал-дамократиялық партияның бұл ескі мүшелері елдің әр жеріне бытырап кеткен еді, сондықтан олармен байланысып, бастарын қосу қыйынға соқты. Мортен өзінің ұйымдастырушы емес екенін түсінді; Пелленің қолынан шебер келетін — ұйымды құру, адамдарды іріктеп алу сыяқты істерге оның тіпті ебі болмай шықты. Үгіттеу қолынан келетін. Бірақ қарттардан бастаудан не мән шықпақ? Олар болса жасарын жасады, оларды, әрине, алға ұмтылудан көрі өткенді еске түсіру көбірек еліктірді. Еңалдымен жастарды қолға алу керек болды.

Мортен социал-демократиялық жастар одағының жыйылыстарында сөйлегісі келмеген ниетін бұзды да, Свен-Утеха арқылы бұл одақпен қайтадан байланыса бастады. Сөйтіп мұнда да алмағайып өзгеріс пайда болды: жастар жыйылысқа ынтыға қатысып, баяндамаларды шын ықыластарымен тыңдап, Мортеннің қайтып келгеніне қатты қуанысты. Олардың көпшілігі оқуға құмар еді; Мортен жазған кітапты жиі-жиі алып келіп олар қолжазбасын сұрайтын. Бірақ «балалар» партиясына келуі оларды саясат тұманына әкеліп салды. Көпшілігі сектанттық идеялармен елігіп кетті; кейбіреулері егер жұмысшылар эсперанто¹ тілін үйренсе, бәрі де қаз-қалпында болады деген оймен шатасты; біразы әлдеқандай қыялдан шығарылған нәрселермен әуре болды. Осы шалағайлықтардың бәрі оларды балалар бақшасында тәрбиелеушілерге аумай ұқсатады деп тапты Мортен. Олардың басын қосып тұрған бір ғана жай социал-демократиялық партиядағы белгілі болған торығушылық еді.

Свен-Утеха жастардың ынталылығына үміт көзімен қарады.

— Біздің жігіттер жаман емес, — дейді ол, — оларға тек кімнің соқпағына түсуді ғана білу керек. Біздердің сіздің жас кездеріңізден мұлдем басқаша екенімізді ұмытпаңыз. Біз жержүзілік соғысты, өзімізді алдап кеткен қарттарды, сол сыяқты күлі көкке ұшқан талай нәрселерді көрдік.

Мортенге онымен толық қосылуға тура келді. Қазіргі жастар мұның жас кезіндегіден мүлде өзгеше еді, — қазіргі жастар ылғый бір күйреу кезеңін бастан кешіп келеді, сон-

¹ Эсперанто — Батыс Еуропа тілдеріне негізделген халықаралық жасанды тіл. Бұл тілді 1879 жылы Заменгоф шығарған.

дықтан, әділін айтқанда, тәтті үміттеріне ешқандай негіз жоқ болатын.

Свен-Утеха мастердың көмекшілігіне емтиханды айрықша үздік тапсырып шықты, өзі де едәуір есейіп қалды; екі ай түрмеде отыру — жай уақытта бірнеше жылда да қолға түспес құбыласын тауып берді. Оған енді бір жаңа жағдайға килігу керек еді, сондықтан ол Мортенмен ақылдасты да, Стокгольмге жұмыс істеуге барып, Швецияның жұмысшы жастары немен шұғылданатынын көремін деп шешті.

Россиядағы февраль революциясының дабылы бірте-бірте Данияға жетіп, жұмысшыларға үлкен ой салды. Кәрі жұмысшылардың көпшілігі осы ғасырдың басында жексұрын патшалықтың мүдделерін қорғап, жапондықтармен соғысуға жіберген орыс флотының матростары бүкіл әлемді таңқалдырып қызыл жалау көтергенін еске алды. Жау алдында тізе бүгудің белгісі болып саналатын ақ жалауды емес, олар жүргізіп отырған саясатқа қарсылық білдірген қызыл жалауды көтерді! Міне, Данияда әр уақытта қалыс саналатын орыс пролетарлары тағы да бел жазып шыға келді: жержүзілік соғысқа қарсы жауап етіп олар қызыл жалау көтерді. Россияда болған өзгеріс тек жоғарыдағыларды ғана жайпап өтті: патша тақтан ұшып түсті те, үкімет билігін ағылшынданған либерал Керенский қолға алды. «Жұмысшы» газеті бұл өзгерісті мақтай жөнелді, бірақ оқушыларының ойлампаз, саналырақ топтары басқа бір әупемдірек нәрсе күткен еді. Болып жатқан оқыйғалардан түк айтпауға баспасөздің батылы бармады, газеттер патша тұсындағы сыяқты Керенскийдің буржуазиялық үкіметі тұсында да жұмысшылар мен шаруалардың соғыстан бастартқанын қалқып қана жазып жүрді. Жаңа тәртіптің де табаны тайғақ боп сырғый жөнелді, қатардағы солдат көржерін арқасына салып үйіне тартты.

Баспасөз істі өз мойнына алып, Россияға ең пысық деген рапортерлерін жібергенінен де түк шықпады. «Жұмысшы» газетінің бас редакторы Слотсхольм маңғаздың өзі Петроградқа барып Маринский театрдағы патша ложасынан салтанатты түрде сұлу сөзді себелеп, үйіне Россиядағы жаңа тәртіпті ішегін тарта таңқалып суреттеген және революцияны соза түсіп, оның артын аласапыранға айналдырып жібергісі келетін бір қыңыр элементтерге қарсы батыл шабуыл жасаған мақалалар жөнелтіп жатты. Бірақ өз газеттеріне інжіл сөздеріндей сенетін жөні түзу оқушылар-

дың өзі де кенеттен шайлығып қалды. Россияда бұларға тікелей қатысы бар әлдене болып өткен еді: енді мешеудей жұртта қалып қоймауды ойлау керек! Дания жұмысшысы шетелдердегі оқыйғаларға еңсеріле құлақ түре бастады, ал құлақ түріп кей-кейде әрекетке көшті. «Азаматтық бейбітшілік» туралы езбалдақ әңгімеге қарамастан кей жерлерде ереуілдер бұрқ ете түсті қалалық басқарма мен рейгсдагтың алдынан демонстрация көтерілді, сөйтіп бір сәтті күні жұмысшылар «Жұмысшы» газетінің редакциясын басып алды да, вестибюльден шатырға дейінгі жерге лық толып, ұстанған бағытын өзгертуді талап етті. «Немістермен достықты тоқтатыңдар! Біздердің, Дания пролетарының соңынан еріңдер!» — деп айғайлады олар. Ал бірнеше күн өткеннен кейін — сірә бұлар да құр қалмасын деген болар, — жас жұмысшылардың бір тобы Жаңа Король алаңына еріктілер жыйнап жатқан Англия конторына баса-көктей кіріп барып, мебельдерді тас талқанын шығара сындырып, картотеканы құртып жіберді.

Буржуазия да бебеу қаға бастады: полиция бақылаушылығын күшейтіп, қатал жаза қолдануды талап етті. Жұмысшылардың көшеде шоғырланып тұрғанын көру енді біртүрлі ерсі нәрсеге айналды, — соңғы жылдардың ішінде социал-демократиялық партияның басшылары жұмысшыларға ақыл беріп, митингіге барарда көше бойын дүрліктіріп, зәре құтын қашыратындай сап түзеп жүрмей-ақ, жалғыз-жалғыздан трамваймен баруға үйреткен еді. Енді жұмысшылар, сірә, көшеге ашық шығамыз деп тағы зәрені алса керек. Бір абзалы көптеген көшелер қазірде тас көше емес асфальтты еді, сонда да әр кез сақ тұрғанға не жетсін деп жоғарғы тап төменнен шығатын содырлардан қорғану үшін құпыя түрде азаматтық күзет ұйымдастырды.

Жағалаудағы копенгагендықтардың тапқан ермегі жас өспірім ұлдарына ұзын қонышты етік кигізіп, топпен сап түзеп жүргізу болды. Бірде осындай жас өспірімдердің бір тобы Мортеннің бақшасына кіріп келді; олар Мортеннің кішкене қыздарын балағаттап, ұрып жығып, ойыншықтарын тартып әкетті. Аса жандарына батырып ештеңе істей қоймаса да, Дагмар мен Эльзаны өлердей қорқытты. Мортен бұл кезде үйде жоқ еді, ол қайтып оралғанда қолына жұп-жуан шоқпар таяқ алып шарбақ жанында тұрған кемпір шешесін көрді.

— Мен ол перілерге көресіні көрсетермін! — деді ол. — Шекелерін тоқпақтай етіп жіберсем шетінен! — Сол бір

сойқандықтың болып өткеніне біраз күн болса да кемпірдің әлі долығы басылған жоқ еді.

— Немене сен, осылай тапжылмастан тұра бересің бе? — деп сұрады Мортен күліп.

— Жоқ, Годхавенның балалары келгенше тұрамын. Жолыңнан қалмай-ақ қой, ол қара табан балаларды өзіміз де маңайлатпаймыз.

Соңғы кездерде Мортен Данияны көп шарлады, бұрын мұның баяндамаларына жұрт мұнша ынтықпайтын. Ауаның өзі діріл қағып тербеле жөнелген сыяқты: барлық жерде жұрт митингіге қаулап келеді, провинциалық қалаларда жұмысшылар социал-демократиялық партияның қарсылығына қарамастан көп адам қатысқан демонстрациялар жасады, — олар шыдамдарын сарқып бітуге таяды да, бұйрықтар мен рұқсат етпеушіліктерге қолды бір-ақ сермеп, өз дегендерін істейтін шаруалардан сабақ ала бастады.

Россиядағы революция, Германия мен Скандинавиядағы азық-түлік тапшылығынан туған қобалжулар туралы хабарлар оларға қанат бітірді. Мортеннің қайда барса да байқаны ылғый бір мына түрлі боп келді: өзінің бейшаралық қызмет баспалдағын «Жұмысшы» газетін таратудан бастап, содан кейін сол газеттің жергілікті бөлімшесінің редакторлығына өрмелеп, ақыр аяғы күш жыйнап алып, жұмыссыздар кассасы, аурулар кассасы және әлеуметтік қамсыздандыру мекемелері арқылы бар жұмыстың басын қайырып отырған, көпшілігі бұрын етікші немесе ұста болған жергілікті жарты патшалар қазір баяғы әмір-өктемдіктерімен қош айтысып, шарасыздықтан қылша мойным мұнша деп отыра беруге ойысыпты: Қорқытып та, алдап та, ең асауларын ауыздықтап беретін социал-демократиялық партияның орталық басшылығының өкілдерін телеграфпен шақырып алуға тура келді. Мортен паромдарда да, поездарда да бұл «бейнетқорлармен» — кәсіпшілер одағымен, социал-демократиялық партияның басшыларымен көп кездесті, бір кезде бұлар сенімділер санатында жұмысшылар ұсынып жіберген адамдар еді, ал қазір олар сол жұмысшылардың өзін қорқытып, қорасына қайта қуып тығу үшін елді шарлап жортып жүр.

Мортен жол бойы күтпеген жерден Пеллемен кездесіп қалды: оның бұрынғы серігі қолында портфелі бар, Нюборг паромына қарай жүгіріп барады екен. Бұдан жыйырма жыл бұрын ол тіпті басқа әуре-сарсаңға түсіп жүр еді ғой!

— Қазір сіз тым асығыс боларсыз! — деді Мортен амандасып жатып.

— Рас, сенің де бізге көмектескенің жол еді, сол бір...— Пелле сөз аяғын жұтып жіберді.

— Сол біріңіз не? — деп сұрады Мортен — фенристі¹ тағы да бұғаудан босатып жіберу керек пе? Сонау өткен ізгі заман да фенристі бұғаулап қою керек деген емес пе.

— Сол бір іріткі салуыңызды қойсаңызшы, — деді Пелле баяу үнмен; жүзінен құты қашып қалжыраған нышан білінеді.

Бұларды адамдардың селдей тасқыны айырып жіберді; паромнан орын табу керек еді. Көмір жеткізіп тұру туралы Пелле жүргізген келісімге қарамастан транспорттың жартысы тоқтап қалған. Күткендегідей-ақ болып шықты, келісім түк қозғау сала алмады. Бүкіл қалада газ ұзақты күнге дерлік жабық тұрды, жұмыссыздық арта берді; бұл апаттан құтылу үшін үй-жайы бар, жұмыс істейтін ерлерді күзет отрядына шақырып, олардың семьясын әлеуметтік қамсыздандыру қарамағына көшірді. Алып-сатарлық шамадағыдан тыс шырқап кетті, көптеген жеке адамдар халықтың жоқтық азабына шырмалуынан қыруар дәулет құрап алды, ал концерндер — пароход компаниялары, ірі банктер, финанс фирмалары халықтың қаны мен сөлін сорып миллиондарды судай сапырды.

Бірақ аласапыранның тамыры дәл осында жатқанын Пеллеге дәлелдеп жатудан не шықпақ? Даниядағы тұрмыс барлық елдегілерден де артық деп жауап қайтарар еді ол! Пеллені әлдебір сыйқырлы шараппен елітіп тастаған деп ойларлықтай еді, ол өткеннің бәрін ұмытты, — енді бұрынғы өзі қызығатын мәселелердің бірде бірі оның жан сезімін оята алмады. Қаптай өсіп келе жатқан қайыршылық оның көзіне көрінбеді, тіпті біреулер бұл туралы әңгіме қозғай қалса, ренжіп қалатынды шығарды. Мүмкін ол, тұрлаусыз байлыққа бола жан түршігерлік қылмыс жасаған Мойсей сыяқты болғаны үшін халықты шөл даламен шыркөбелек оралтып, тұйыққа тығуға мәжбүр болған шығар. Кейбір жұмысшылар ойлағандай Пелле сатылып кеткен дегенге Мортен сенбеді, бұл — мәселені тым үстірт шешу болар еді. Пелле осы кезеңдегі тәртіпке құлдық ұрып жүрген боп шықты, оны қолдады, Пелленің орасан белсенділігіне таңқалғандар ірі ка-

¹ Ф е н р и с (скандинавия мифологиясынан) — адамдар мен құдайларды жейтін көкжал қасқыр.

питалдың жаңа мекемелерінің ашылуына сөз сөйлеуге оны рыйзалықпен шақырып жүрді. Бірақ Пелле, әйтеуір, бір іспен айналысса, соған қызыға беріліп кетеді. Ал қазір ол өмір сүріп тұрған құрылыстың бар қырсығын өз иығымен арқалады да, бүгінде отаны ат төбеліндей адамдардың, оның үстіне талай арам істерге былғанған сұғанақ қолды адамдардың өкімінде екеніне қарамастан алдымда ұлы мақсат — отанға қызмет ету мақсаты тұр деп өзіне-өзі шын сенді.

Бірақ мұны түбегейлеп айтып Пелленің есіне түсіре беруден не мән шықпақ? Олар паромда сапар шегіп келе жатқанда бірін-бірі ресторанда әлденеше рет көрді; Пелленің ыңғайынан оның Мортенмен сөйлесуден онша сырғалақтамайтыны байқалады. Пелленің қас-қабағының бұл құбылысы Мортенге ежелден таныс еді: ойын күдік торлап алған кезде Пелле айналасынан демеу күтіп, өз ойын басқа адамдардың қостауын тілейтін. Бірақ ол қарсылық айтқанды әсте жаратпайтын.

Сапарлары аяқталар шамада Пелле Мортеннің столына келіп отырды.

— Е-е, осылай өмір сүру керек қой,— деді ол күрсіне түсіп, орындыққа еңсеріле отырып.— Саған бәрі оңай.

— Не айтқың кеп тұспалдап отырсың, ескі дос?

— Я, бір кезде досың болғанмын! Ал қазір сенің ойының оңайланды, ешқандай жауапкершілік арқалап жүрген жоқсың.

— Жауапкершілік сезімі жаныма қатты-ақ батады, бірақ болашақ алдындағы міндеттерімді одан бетер күшті сеземін. Қазіргі бар-мәзір сенің тегеурінді қолыңда ғой, ал кейлік дегенді, тіпті, жоққа шығарып жіберген жоқсың ба! — Бұл сөздерді Мортен адасып жүрген адамға сөйлеп отырғандай, мүсіркеген күлкі араластыра айтты.

— Міне айтып отырғаным да осы ғой, сен дүниеге тым ұшқалақ қарайсың! Ал біз мұнда, Данияда, басқа бір халықтан көрі әлеуметтік тепе-теңдікке таяу тұрмыз.

— Е-е, біздерге, сірә, жыл сайын, тіпті ашаршылық жылдарда да отыз-қырықтаған жаңа миллионерлердің өрбіп шыға келуі көмектесетін болар. Сірә, Пелленің арқасында — бұл жолы жеңімпаздың қаруының қарымымен көп кешікпей бәріміз де миллионер боп шыға келерміз? — Мортен қарқылдап күліп жіберді.

Пелле оған столдан шүйліге қалды, көздері қып-қызыл болып кетті.

— Жұрттың бәрі ынтымақтасуы шарт болып отырған осындай жағдайда мен отанымды картаға салып жібере алмаймын,— деді ол даусын бәсеңдетіп.— Бірақ сен, сірә, қазіргі жағдайды пайдаланып қалудан жүзжанбайтын көрінесің. Ой, большевигім-ай! — осыны айтып Пелле шапшаң шығып кетті.

Мортен әлі тыңдап отырғандай біраз уақыт қозғалмас-тан қалды: қара таңбадай ғып айтылған «большевик» деген сөзді ол тұңғыш естіді,— әрине, алды-арты бұл болмас! Бұдан кейін ол тұрып, пальтосын алуға гардеробқа барды да, содан әрі сыртқа шықты. «Е-е, сірә, Пер-Голякқа оны өз есебінен шығаруға тура келер,— деп ойлады ол бірінші кластық вагонға беттеп бара жатқан Пеллені көріп,— тезірек шығарса тіпті жақсы!»

Шынында да әлдеқандай белгілер бір жаңа нәрсенің жақындап қалғанын жариялап тұрды: бұл Мортен аралап өткен барлық жердің ауасынан да, әбігершіліктен, наразылықтан, өшпенділіктен, ал кейде, тіпті, жауынгерлік қызбалылықтан да байқалатын. Әділетсіз тәртіп туралы адамдар тағы да ойлана бастады.

Мортен сапарынан — нешінші екенін бір құдай білсін — үйіне қайтып оралды. Сапары аса ауыр болды, сондықтан ол тез арада балаларын, шешесін, бағын көретіндігіне қатты қуанды және Верамен кездесетіні де ынтықтырмай қалмады, өйткені ол жол үстінде Вераның бұрынғы ылаңына соның тап өзіндей қарауға бел байлаған-ды, яғни өткеннің бәрін ұмытып, түк болмағандай бейқам түр көрсетеді; ал сонау ылаңды шатақтан кейін татулықты Вераның өзі бастаса, өткен күндердегідей құшағына алып, құшырлана сүйеді.

Вера Мортеннің ойын тап басқандай оны вокзалда қуанышпен қарсы алды. Вера тұңғыш кездескен күнгідей жүзінен нұры тамған қалпында көрінді оған. Қала сыртындағы өмір оның өңін бұрынғыдан да алтындай сарғыштандырып шырай бере түскен, кеудесі дем алғанда үлбіреп қозғалады; көңілді кезінде көздерінің жарқылы адамды естен тандырғандай еді.

— Мені қарсы алуға келдің бе? — деп Мортен таңдана дауыстап жіберді де: — Қандай құлпырта киінгенсің! — деп қосып қойды.

— Тоқтай тұр, тыңда. Тіс дәрігері Юргенс бүгін бізді

қонаққа шақырды: бұдан тура жыйырма бес жыл бұрын сенің тұңғыш әңгімең басылғанын есептеп шығыпты Л. Юргенстер біз үшін кішігірім қонақасы бермекші, поезға асығып жүрмеу үшін, тіпті сонда қонып қалуымызға да болады.

Мортен үсті-басына қарады: ол шаң басқан, жолшыбай қырынбаған күйінде еді. Бірақ Вера мұның бәрін алдын ала ойлапты:

— Мен сенің мейрамдық костюмыңды алып келгенмін, тура осы вокзалда-ақ киім ауыстыруыңа болады.

Олар зат сақтайтын үйге келіп чемоданды алды, содан кейін Мортен вокзалда душқа түсіп, киім жаңартты да, таранып сыланды. Оның көңіл күйі өте көтеріңкі еді, сондықтан да сақал-мұртын қырып жатқанда шаштаразда өлең айтып жіберудің аз-ақ алдында қалды. Мортеннің творчествосы тұңғыш рет тойланбақшы! Қарадүрсін ғана аталып өткен жылдығы сыяқты. Юргенстер шараптың жол-жобасын білетін ақжарқын адамдар еді: күнделікті өмірде бір стакан жақсы шарап және оны ықыласты достықпен соғыстырып алып жіберу — Мортенге сирек ұшырасар жай еді. Вераны қолтықтап ол тіс дәрігерінің үйі тұратын Фредериксберг ауданына жаяу жөнелді. Вера қолын Мортеннің плашының қалтасына салып, күйеуіне тығыла түседі, — сымбатты көркі елітіп барады! Мортен сәулелі тұманның арасымен жүріп келе жатқандай, келешегі де өзіне қуанышты көрінді, Верамен бірге үйіне қайтпағанына іштей өкінішті еді.

Юргенстер дегендей-ақ той-туман жасады, өзіне қарағанда басқа топқа жататын болса да, творчествосын бағалайтын, кемшілігін айтудан да тартынбайтын адамдардың ортасында отырғанына Мортен аса рыйза болды. Ол столда үй иесі — швед әйелімен қатар отырды. Бұл әйел осы жуырда ғана Мортеннің бір кітабын швед тіліне аударған екен, романның кейбір кейіпкерлерімен тіпті туыстасып кетіпін, қазір соларға зар болып жүрмін деп мойындады ол.

— Жә, сүйікті фру, осы мақтағаныңда жетер, әйтпесе мен даңққа есіріп кетіп жүрермін!

Мортен өзін бақыт құшағында сезініп, өз сыбағасына тиген мақтауды бөліскісі келгендей Вераға елжірей қарады: болмашы дүрдараздықты былай қойғанда, өзі үшін жайлы мекен құрып, үлпершіндей екі қыз бала сыйлаған сол ғой, мұндай қос қыз қай адамды болса да өз болашағына берік сеніммен қарата алар еді.

Вера тіс дәрігерімен қатар отырды. Дәрігер оның көр-

кіне таңқалып, әңгімемен үйіріп-ақ отырды, бірақ Вераның ойы қыяда жүргендей, өзі Мортеннен көзін бір алмаса да, мұның көз қарасын бірде-бір байқамағандай. Кенеттен оның бет-жүзі Мортенге жат, тіпті, дұшпанындай көрініп кетті.

Қонақасыдан кейін барлығы тіс дәрігері әйелімен екеуі барып қайтқан Италия мен Испания музейлеріндегі суреттерден түсірілген фотоларды көрді. Мортен сәулет өнерін сүйетін әрі жақсы ажырататын, сурет галлереяларымен атағы шыққан қалаларда айлап тұрған-ды.

Басқалар сәулет өнеріне Мортеннің жүйріктігіне айранасыр боп жатқан кезде Вера:

— Менің күйеуім әйгілі қаңғыбастың өзі! — деп қағытып салды. Вераны әңгімеге араластыру мүмкін болмады, бойын аулақ салған селсоқ қалпында жүре берді; тіпті шырайлы жүзі де солып кеткендей. Мортенге Вера дәл қазір ашумен бір адуындық жасап тастайтындай көрінді де, өз үйлерінде болмағандарына өкінді. Көңілділігі біраз жасанды болғанмен ол ашу-ызасын сездірмеуге тырысып бақты.

Мортен үй иесінің қарындасы әдемі жас еврей қызбен әңгімелескен кезде Вера оның қасына келді де, оңаша сөйлескісі келетіндігін айтты. Вера әр сөздің басын бір шалып, қырылдаған қасаң дауыспен үздік-создық былдырлады.

Мортен бәрін түсініп, әйелімен басқа бөлмеге кетті.

— Сен одан да құшақтай алсаң етті оны, — деді Вера қырылдап, күйеуіне бетін тақап келіп, өшпенді көзімен ата қарады. — Немесе соның етегінің астына...

Мортен ызадан қалшылдап кетті де, жалт бұрылып қонақтарға жөнелді. Көп кешікпей шаршап тұрмын дегенді сылтауратып олармен қоштаса бастады.

— Сіз қалшылдап тұрсыз ғой! — деді үй иесі Мортенді қолынан алып қамқорсый сөйлеп. — Жақсы ұйқтап тұруларыңызды тілеймін, сіздерге жақсылап төсек салып қойдық. Тек сұрайтыным, тарсылдатпай барыңыздар, профессордың кемпірі сырқат еді.

Мортен мен Вера екеуі шешінгенше тым-тырыс күйде болды. Мортенге Вераның қызғаншақтық қояншығы айығып кеткен сыяқты көрінді. Бірақ кенеттен Вераның ашулы жөтелін естіді, шаптығар алдындағы оның бұл шарпуынан Мортен от басқандай шоршыйтын. Қазір енді Вера айғайын салып, шатақты бастайтын болар. Вера Мортенге иіліп жақын келді, беті білеуленіп кеткен екен.

— Шынын айтсам, бүгінгі кеште сен өзіңнің шама-шарқыңнан да асып түстің, — деп бастады Вера жай үнмен. —

Басқалардың өзін-өзі қалай жақсы ұстағанын ойлаған кезімде...

Мортен Вераға жалынышты пішінмен қарап, ылаңын басқысы-ақ келіп еді, бірақ ол дауысын бірден-бірге көтеріп үдете соқты; Вераның аузынан ытып шығып жатқан: «көкбет» «жәлеп», «шошқа» деген сөздер құлағын тіліп барады, кенеттен әйелінің сайқал күлкісін естіді.

— Ұялғаннан не істегеніңді білмей тұрсың ғой өзің: шешінудің орнына киініп жатырсың!

— Менің кетуім керек, — деп күбірледі де Мортен есікті жауып шыға жөнелді.

Оның қулығын жаңа түсінген Вера ес-түстен айрылып, есікті ашып тұрып, шаңқылдап кетті:

— Ах, кезеп, екі қабат әйелді шаптан неге тебесің сен.

Таңғы поезд келгенше Мортен суықты да сезбестен көше бойымен кезе берді; пальтосын да, баскиімін де кимеген еді; қорқып қашып кеткеніне ұялып та жүр. Кең пейілдері түсіп бұларға бөлек бөлме берген үй иелері мен профессордың кемпірі не ойламақ? Қайтып барып бәрін түсіндіруге шамасы жоқ, — онда Вераны дандайсытып жіберер еді, бар кінаны өз басына тартудан да тайғақтап кетті. Мортен мен дегенде тым дөкір деп Вера талай рет сездіріп жүретін; тіс дәрігерінің үйінің ертеңгі асынан бір стакан кофе ішіп отырып ол қасірет шеккен адамдай «жазушының әйелі болу бір азап екен!» деген болар.

Пұл болмаса күл болсын! Мортен қазір үйіне, тек үйіне жетуді ғана ойлады!

Ақыры үйіне жеткенде мұндағының бәрі оған қаз қалпындағыдай көрінді. Мари бұған салмақты көз қарасын тастап:

— Қалай, әйеліңіз бірге келген жоқ па? — деп сауал қатты.

«Жоқ, мен оны гаваньға тоғытып жібердім» — деп айта жаздап, Мортен осылай істемей қапы кеттім деген ойдан барып өзін азар ұстап:

— Келген жоқ, ол-пұл сатып алуға кетті, — деп жауап берді.

— Кемпір шешесі кроваттың бір шетінде ісініп кеткен ауру аяғын таңып отыр.

— Жалғызбысың? — деп сұрады ол. — Осылай болар деп ойлап ем...

— Не ойлап едің, мама? Вера ол-пұл сатып алуға кетті.

— Менің көзім жоқ дейсің бе? Мари, сірә, кетіп тынар,

енді шыдай алар емес. Осы жерден құтылуға мен де зар боп жүрмін. Мұнда азап шеккеннен де бір бас сауғалар жер тауып алғанымның өзі артық.

Мортеннің төбесінен жай түскендей болды.

— Мүмкін айрылысып кеткенім жөн болар,— деді ол үні шықпай.

— Баяғыда сүйтуің керек еді,— деді кемпір турасынан.

Вера түскі астан кейін, солодовое кофені іше берген кезде келді. Түк білмеген адамдай-ақ ол столға біраз түйіншектерді тастай салды.

— Амансың ба? — деді ол Мортенге иіліп.— Сүйсейші енді бетімнен! — Вера күлген күйі сүйсін дегендей Мортенді басынан құшақтады. Мортен оның құшағынан құтылам деп сілкініп қалғанда, кофе төгіліп кетті.

— Сүйсейші, енді неғып отырсың,— деді кемпір,— көп болса мұрныңды қыршып алар да, адам көрместің өзі болып шыға келерсің.

Бір ауыз сөз қатпастан Мортен жоғарғы бөлмесіне кетті де, есігін жауып алды. Біраз уақыттан кейін осында балаларын ертіп келе жатқан Вераның дыбысын естіді.

— Мортен, аш! — деді ол есіктің ар жағынан.— Мына кіші қызымызға не болғанын білмеймін, санына әлдеқандай бөріткен пайда болыпты.

— Мама, төмен түсейікші! — деп қыйылды Эльза.

— Өмірі артымнан қалмассың-ау,— деген Вераның ызалы жауабын естіді Мортен.

Мортен есік ашты.

Вера оған қызын көрсетті; шынында да, денесінде бөріткен бар екен, сірә, бірөңкей тамақтың салдарынан болар.

— Она себу керек,— деді Мортен,— түк қалмай жазылып кетеді. Дәрігер шақырудың қажеті жоқ.

Вера үй несі әйелмін дегендей-ақ дивандағы жастықтарды қайта салып, қабырғадағы қартинкаларды түзеп қойды; осының бәрін істеп жүріп, наздана күледі. Балаларымен осында болудан қашпайтын тәрізді.

— Сен сол баяғы әдетіңше жұмыс басты шағырсың? — деді Вера өзінің кетуін Мортеннің шыдамсыз күтіп отырғанын көріп.— Кәне, балалар, төменге түсейік, папаларың жұмыс істесін,— деп сөз қосты ол күйреу күймен.

— Және ақша тапсын,— деді Дагмар қосарланып.

Вера өз бөлмесіне кетті.

«Өзі тура құрбандыққа шалатын қой сыяқты»,— деп ойлады Мортен күйініп. Бұдан былай сезімталдыққа бойын

алдырмауға бел байлады — мұрнынан жетектетіп жүргізе алмайды ғой оған! Өзін өкпелеткен, алдында әділетсіздік жасаған адам деп ойлайтын болса, Вера қалайша бәрін есінен шығарып осылай келе алады? Болған істің бәрі, асылы, оның мыйына жеткен жоқ екен. Мүмкін Вера ауыз үйде тұрып, бәрін ес-түссіз істеген болар? Қандай жағдайда болса да, Мортен бұл туралы енді ойлағысы келмеді! Балалар өсіңкіресін, сосын...

Кешкі астан кейін оған ақсаңдап шешесі келді.

— Оған тым қатал бола берме,— деді ол Мортенге баяу сөйлеп.— Екі қабат болсын; бұл ол үшін өте керек.

— Не деп тұрсың, мама-ау! Ол екі қабат болудан өлердей қорқады.

— Оның денесі осыны тілейді. Енді бұдан былай балаларың болмаса, оны ешуақытта бас идіре алмайсың.

— Оған абыржыр түк жоқ. Біздің ерлі-зайыпты адам сыяқты тұрмағанымызға көп болды.

— Өзім де солай ойлап едім. Бірақ байқа, ол алақұс қапыда шалып кетіп жүрмесін!

— Тауып айттың, нағыз алақұс! — деп Мортен ызамен қарқылдап күліп жіберді.

— Өзі ақыл-есінен әбден айрылған сыяқты. Сен дегенмен әлі де бажайлап көрші.

— Оны тексеру үшін ауруханаға жөнелту керек дейсің бе? Нағыз қыйыны осы ғой. Мен оның жайы туралы бір психиатормен кеңесіп көрдім, ол қолымнан келер шара жоқ: сүйіспендігінің көрінісі осы дейді. Өзі сүйген адамын азапқа салып, балалардың жаңғақ қабығын таспен ұрып сындырғаны сыяқты оның өмірін езіп-жаншып, бұтарлап тастауды ләззат көретін адамдар бар дейді дәрігер. Бірақ Вера саған, балаларға, басқа адамдарға тіпті де оғаш мінез көрсетпейді ғой...

— Вера нағыз сараңның өзі. Менің орнымда шарвашылықты сол басқаратын болса, көресіңді көрер едің. Ерке-наздыққа да сондай сараң. Мариді айтпай-ақ қойғанда, балалар да, мен де оның бір ауыз жылы сөзін, іш тартқанын естіп-сезіп көрген емеспіз. Меніңше, тумысынан жүрекке жарымаған адам ғой деймін; сенен де әбден суынып кеткен болу керек.

— Бұлай болуы қынжыларлық-ақ нәрсе, бірақ енді қайысар жайым жоқ!

— Мен бір түк сезбейтіндей-ақ! Тек ол сен туралы басқа адамдарға жаманат жаюды қойса десейші.

— Немене, менің жұмысыма көңілі толмай ма екен?

— Жоқ, әңгіменің сыңайы одан гөрі жаманырақ жатыр: сен бір жан шошырлық аурумен ауырып, оны өз балаларыңа да жұқтырды деп айтады деседі.

Мортен қарқылдап күліп жіберді.

— Не деген сорақы сандырақ! Айтары жоқ — сүйіспендігіне болайын!

— Күле бер, күл, білгіріңнің сөзіне сенгейсің. Сенің орнында басқа біреу болса, оның ақ сайтанын қағар еді!

Мортеннің күлер шамасы жоқ еді. Жазу столының жанында отырып, көзіне түк көрінбей, керең адамдай қабырғаға қадалып, екі бетін тырнағымен осқылап қанын шығарды. Міне, сифилис жарасына енді ұқсап кеткен болар, сірә... қолы қалш-қалш еткен күйі спиртті алып, бетіне пластырь жапсырды: жұрт бетін ұстара кесіп кеткен екен деп жорысын; артынша ой қозғап, пластырды жұлып алды, — жұрттың қаңқуынач қорғаламақ па бұл сонда?!

Кеш мезгілінде Вераның есік алдына келіп, тұтқаны қозғағанын, одан қайтадан төмен түсіп кеткенін Мортен бірнеше рет естіді. Әр келген сайын ол есікті қаттырақ жұлқыды. Вера бір ойлаған нәрсесін орындатпай қоймайтын адам еді. Ол қалай болғанмен күйеуінің үстіне кіріп, сойқандық шығарып, жылап, ұрыс-керіс жасап, өзін аймалауды талап еткісі келеді; есікті енді аяқ-қолымен бірдей тарсылдата бастады. Түн ортасы ауып кеткен кез еді, үйдегілердің Мортен мен Верадан басқалары тегіс ұйқыда. Мортен стол жанынан тұрып, есікті ашпастан Вераға ұрыс-керісті қойып, төменге түсіп ұйқта деп ақыл берді, бірақ ол азар да безер жылап, аузына келгенін айтудан жазбады.

— Сенің мені кіргізбеуге қақың жоқ! — деп айғай салып Вера есікті тепкілей берді.

Жағдай тым ыңғайсыз болды: қатардағы бөлмеде Мари ұйқтап жатқан, ал Вера болса, көкдолыланып құтырына түсті. Егер Мортен үйішінің мазасын алмау үшін оны бөлмесіне кіргізсе, Вера түні бойы тыным таптырмастан аймалай берген болар еді. Вераның бұған деген сезімінде бір сайқалдық, тіпті, әлдеқандай жат, жеркенішті бірдеме бар. Болары болды, енді бәрібір! Мортен тағы да басы қатты ауырғанын сезді, оның бар тілегені тыныш жай болды. Ол есікті сарт еткізіп ашып қалды да, Вераны жұлқып жіберіп, баспалдақпен төмен қарай дедектете жөнелді. Ол қорс-қорс етіп, солқылдап жылап келеді, бірақ Мортен қо-

лының күшін сезіп, бірте-бірте тыныштала бастады. Вераның денесін ауырта ұстағаны мұның жанын әлдебір сұмдығымен рақаттандырып келеді. Әбден тынышталған Вера төменгі этаж коридорының еденіне жата кетті, артынша баспалдақпен тағы да жоғары көтерілуге тырысып, Мортенге өлімсіреген көзбен тесірейе қарады да, есінен танып құлап түсті.

Мортен бөлмесіне келіп есігін жауып, ақырын тыңдай бастады. Шынымен-ақ Вераның бір жерін ауыртып тастады ма, әлде долылықтың шарпуы ма екен? Вераның орыннан тұрып өз бөлмесіне кеткенін естіді. Аяқ басысына қарағанда бұл оған ешқандай жазым келтірмеген сыяқты, тек оның, сірә, ашуланған немесе зәбір көрген қалпы бар.

Мортен шамды өшіріп, қараңғы кабинеттің есігін қармалап жүргенде дәл жанынан әлдекімнің жылы лебін сезіп, ауыр күрсінгенін естіді; жалаңаш қос білек мұның мойынына оралды. Бұл Мари еді! Қараңғыда Мортен оның сәл жұмулы көздерін байқай алмады, бар сезгені ұзын кірпіктердің бетіне кеп тигені болды. Мари бұған жабыса түсті, Мортен оның кеудесінен жалындай леп сезді; Мари өзін шын аяйтындай көрініп кетті де, бар ризалық алғысын соған арнады.

ІІІХ

Өмір

Мортен теңіз қарсысындағы жаққа серуендеуге шыққанда жол қарауылшысы будкасының жанынан темір жол табанын кесіп өтетін. Кейбір туған үйін тастап кетсе де, қарауылшы балаларды ол жаққа жібермейді, бұлардың біразы поездың астында қалып та қойды; бірақ бұдан балалар топыры азаймады, өйткені өмірге олардың басқалары келіп жатты. Күндіз балалар рельс үстінде топырласып жүреді; поезд көрінген кезде олар үріккен құстай тым-тырағай жүгіріп, шлагбаумге асыла қалады. Әкей үйге жақын жерде жұмыс істеп жатса, балаларға жекіретін де, бар қарымы осымен бітіп қала беретін.

Кей кезде Мортен қарауылшымен әңгімелеседі. Бұл бір әр кезде әлденеден тұнжырап, қалжырап жүретін қарт адам еді. Ешнәрсемен де оның көңіл шырайын ашу мүмкін емес-ті. Ал ылғый қарны тоя тамақ ішпеуден боп-боз болып кеткен кішкентай балалары әр кез күліп-ойнап жүреді. Мор-

тен осы балаларға деп көбінесе қалтасына тәтті сақтайтын; балалардың бірі Мортенді көріп қалса, әлдеқандай құс болып ысқыратын да, барлығы бұған опыр-топыр жүгіріп келетін. Балалар тек бес-алты жасында сөйлей бастайды, соған қарамастан жасқа жетісімен шапқылап маңайды шарқ ұрады, тап бір туа салысымен-ақ аяқтанып кеткен сәбилер сыяқты.

Қарауылшының ересек балалары да бар: ұлы үйіне жақын бір жерде жол бойында жұмыс істейді; қызы көрші тораптағы темір жол қарауылшысына тұрмысқа шыққан. Олардың да балалары көп; олар әкелеріне қонаққа келгенде жол торабы құмырсқа ұясындай балаларға толып кететін. Қызының да, ұлының да бірнеше баласы поезға түсіп өлді дегенді айтады.

Мортенге бұл адамдар өз үйінің ағаш баспалдағының астын мекендейтін торғайлар сыяқты көрінеді: торғайлар балапан өсіріп, оны қорғаштап жүреді, ал балапандары ұядан құлап кетсе, оларын сол баспалдақ үстінде жатқан күйінде қалдырып, жаңаларын шығара бастайды. Басқа кішкентай құстар ұядан құлап түскен балапанын айнала ұшып бәйек болып құтқарып алуды ойлайды. Қарауыл үйдегі екі тар бөлме мен тәулік бойына істер жұмысы үшін алатын тым болымсыз еңбекақысы бұл адамдарды тоңторыс топас жандарға айналдырып, өмір күшінің жалғыз ғана көрінісі олардың шамадан тыс өсімталдығында ғана қалғаны ма?

Жол қарауылшысының қосағы ері үшін күндіз қызмет істеп, ал түнде стрелкаларды ауыстырып, тек поезд келу аралықтарында ғана ұйқтайды. Өзі аса денелі әйел еді, туу мен бала тастаудың жиілігінен тым жалпайып, денесінің сыйқы қашып кеткен. Ол тірі мақұлықты боздатып туа беретін, дөкір қыял мен қолапайсыз жасала салған жанды пендеге ұқсайды,— жарық дүниеге бала шығарып отыратын, түр-келбетсіз бір бейне.

— Оны үйінен, балаларынан айырып жұмыс істетуіміз нағыз ұятсыздық,— деді Мортен бірде, ол әйел үйреншікті әдетімен бұларға кір жууға келгенде.

— Егер ол бізге келмесе, бәрібір басқалар шақырып әкетеді,— өзі кір жууға сондай шебер,— деді кемпір.— Рас, ол өте тез істей алмайды, әрі түнде темір жол бойына шығатынына да таңданатын ештеңе де жоқ. Шынында бұл ерінің міндеті, бірақ ол дегенмен де үй қожасы емес пе. Одан да мұндай оймен бас қатыруыңды қой; әйтеуір біреуге

тұрмыстың ауыр тауқыметін тарту керек, қанша тырыссаң да, мұны өзгерте алмайсың.

Әйтседе әйелді үйі мен балаларынан қол үздіріп отырғандары Мортеннің тынышын алды. Бірақ кемпір тек иығын қағып қояды,— өзі де өмірде талай қыйыншылықты бастан өткерген.

— Маған бәрінен де бататыны бұл адамдар дұрыстап ұйқтай да алмайды, бар паналайтыны аядай екі бөлме; ең басты нәрсе — жақсы ұйқы емес пе: Оның үстіне бір бөлмесін бөтен адам келіп қалса деген оймен қонақүйге айналдырыпты. Ах, қазір әйел тағы да екіқабат! Мұндай адамдар нәпсісі құрғырдың қызығын қарық етсе де болар еді.

Мортен оларды кіналай алмады, оларға жылы ұшырай қарап, шын аяйтын. Өзінде бір әлденендей жаңа, нәзік сезім оянды. Қаны қайнап, өмірге деген құштарлық пайда болды, ол тек әлеуметтік мәселелермен ғана шұғылданып қойған жоқ, жеке адамдардың өміріне де, айналасындағы жақын адамдарға да көңіл аударды. Адамға деген мүсіркеушілік, іштей жылы сезім пайда болып, басқалардың да өзін аймалап, жылы ұшырауын аңсады. Ол өмірді жаңаша танып бастады: Мариді, балаларды, гүл мен жануарларды,— осының барлығын ол енді басқа бір түрде таныды. Бұған дейін Маридің көзіне дұрыстап бір қарамаған еді, өйткені оның қалың қабақтары екі көзін жауып кеткен. Маридің киімі тиіп кеткенінің өзін бұл аймалағанындай көрді. Ал түскі ас кезінде Мари басын көтеріп, ыстық жанарымен бұған қадала қарағаны несі? Бір кезде тістері аттың тістіндей ақсыйған еркек сыяқты Гюлефельт фрекеннен қызғанған Вера бұл туралы не ойлады екен?

Вера ештеңе сезген жоқ; қызғаншақтық оны тым аңғарымпаз етсе, бұл жолы Вера соқыр да керең сыяқты адамдай болды; ізші сыяқты ол, тіпті байқалмай өтетін ұсақтүйектің өзіне мән беріп жүретін. Мортен ішінен әлденеге көңілі толып, Верадан өш алғысы келді; бірнеше рет қарқылдап күліп мазақтауды ойлады: ақыры Вераның дегені болды да қойды! Бірақ қазір оның ештеңе байқамай отырғаны өкінішті.

Дегенмен Вера өзінің көз алдында не болып жатқанын түсінбесе де Мортенді қызғанумен болды; бірақ Мортен енді мұнысына изетпен қарады. Мортеннің тіпті бас ауруы да басылды. Жұлдызды ашық аспандай ой-қыялы да жадырады. Мұның қаншама өзгергенін байқамаса, Вера шынымен-ақ көрсоқыр болған екен.

Бірақ Мортеннің шешесі бұған да, Мортенге де оқтын-оқтын қарап қояды, дәл бір ішінен: «я, екеуің бас қоссаңдар жақсы болар еді-ау, бірақ олай істеуге жарамайды» деп ойлайтын сыяқты, ал кей кезде естіртіп:

— Маридің бала тәрбиелеуде өнегесі күшті, кез келген анаға үйретерлік үлгісі бар, — дейтін.

Мортен Вераның орнына Мариге үйленсем, өмір жолым басқа бір бағытпен кеткен болар еді-ау деген ойға еріксіз берілетін. Бірақ ол өмірдегі ең қымбатты көп нәрселерінен, соның ішінде өте кеш тынып қалған құпия сүйістің тәтті ләззатынан айрылып қалғысы келмеді. Бұл сүйіспендік үйленуден көрі әлдеқайда көрікті, сәулетті еді, мұнда барлық өмір әйнектің артында тұрғандай көз алдында сайрап көрінеді. Түскі ас кезінде Мортен Маридің қарсысына кеп жайғасқанда оның басын сәл еңкейтіп отырғанын, көз жанарын басқалардан жасырып тұрған салыңқы қабағын көрді. Бірақ тек жалғыз Мортен ғана оның көз жанарын сезді. Қабағынан байқалып тұрған көзінің әлдебір ерекше жарқылынан, жүзіне қызыл шырай шыға келуінен Мортен Маридің өзіне қарап, бұл туралы ойлап отырғанын, бір жақындық леп сездіретінін түсінді. Ал оның жанында қанша қызғаншақ болса да, ешнәрседен күдік таппай, ағаштан шауып жасаған адамдай боп-боз болып Вера отыр. Мүмкін ол дәл қазір өзінің жазу мәнерін өзгертіп, өте шебер құрастыра қоятын әлдеқандай бір қол қойылмайтын хат ойластырып отырған болар!

Мортен өзін спирт ішімдігіне дағдыланбаған, бірақ кенеттен ащы арақ ішіп салған адамдай сезінді. Ол елітіп мас болғандай, аяғы жер баспай қалықтап жүргендей.

Бір күні ертеңгісін Мортен қорқынышпен оянды: үйден Эльза мен Дагмар жоғалған. Ол велосипидке мінді де, теңіз жағалауындағы жолмен зырғыта жөнелді, Годховнды қарады, Биструптар семьясына, балықшылар поселкесіне барды. Балаларды ешқайсысы көрмеген. Кемпір мен Вера да іздеп кетті, Мари далаға жүгірді: ол қыздарды алыстағы шабындықта биік шөптің ішінен көрінбей гүл теріп жүрген жерінен талай тауып алған-ды.

Уақыт өткен сайын бұдан әрі не істеу керектігін ақылдасу үшін төртеу оқтын-оқтын үйге жыйналады. Бәрінің де жүзінен үрей нышаны байқалды. Балалардың бақытсыздыққа ұшырауы мүмкін еді, оларға біреу соқтығып, мүгедек қылып кетуі кәдік, — соғыс қауымның бар слойының дөкірлік жасауына жол ашып кеткен.

Сорлы кемпір қорыққаннан қалш-қалш етеді.

— Олар еш жамандыққа ұшырай қойған жоқ,— деп Мортен қайта-қайта басу айтады,— олай болуы мүмкін емес.

Бұлақтан теңіз жағалауына баратын жердің бәрін қалдырмай қарап шықты ол. Балалар еш жерден табылмады, бірақ бір қандыағаштың түбінен қазылған үңірге кез болды, онда сүзгіге салынған коньяк, арақ және қымбат шарап толы бутылкалар бар екен.

«Контрабанда!» — деп ойлады Мортен, сөйтті де тауып алғандарын суға тастап жіберді, бірақ артынан өзі бұл ісіне қатты өкінді.

Ақыры, қоймастан іздеп жүріп Мортен балаларды темір жол қыйылысының жанынан қарауылшының кішкентай балалармен ойнап жүрген жерінен тапты.

— Бәсе сонда болар деп ойлап едім! — деді де кемпір, балаларды сілейтіп ұрсып алды.— Сол балалар десе естері кетеді, көлденең ағашқа атша мініп алады, немесе тағы бірдеме ойлап табады!

— Одан қауіптенетін ештеңе жоқ,— деді Мортен қарсы дау айтып.

— Қауіптенетін ештеңе жоғың қалай? Үстеріне бит қаптатып алуы мүмкін, сен өзің әуелі сол балаларды қарашы! Қыздардың бір пәлеге ұшырап қалуы әбден мүмкін. Қарауылшының үлкен қызының ұлы жуыр арада поездың астына түсіп апат болғанын ұмытып қалғансың ба сен, жә, тіпті оның өз баласы да өлді ғой. Бұның таңқалатын түгі жоқ — олардың баласы бас-көзсіз жүреді.

— Шешесін балаларынан айырмайық дейтінім де осы ғой,— деді Мортен.

— Тағы өз дегеніңе қыңырайдың! Кір жуатын басқа әйелді қайдан таппақсың? Кір жууға тек дүние тапшылығы ғана айдайды, әйтпесе ең азап жұмыс бұл. Айтпақшы ертең бізге Петерсен фру келеді, ақылыңды сонда айтып қаларсың.

Үй шаруасына келгенде кемпір бет бақтырмайтын еді.

Ертеңіне Мортен қарауылшының жұбайы ең бақытсыз әйел екеніне, сұмдық жалпыйып кеткен — өрбітіп туа беретін жанды бейненің дәл өзіне айналғанына көзі тағы бір жетті.

Түскі ас алдында Мортен Вераның да, кемпірдің де қарсылығына қарамстан кір жуатын әйелді өздерімен бірге столға шақырды.

— Оған бұныңның түк қажеті жоқ,— деп жік-жаппар

болды кемпір,— ол тіпті сен бір жақсылық істеп тұр деп ойламайды да.

— Мен мұны ол үшін емес, өзім үшін істеймін. Оның ас үйдің бұрышында жалғыз шошайып отырып тамақ ішкеніне шыдай алмаймын!

— Оның сасық исі бар! — деді Вера.

— Бұл кедей сорлылардың маңдайына біткен нәрсе, оған кіналы олар емес, мына біз.

Кір жуатын әйел стол басына қысылып-қымтырылып азар отырды. Оның бар денесі қабат-қабат майдан қаланған сыяқты: денесінің жоғарғы жағы сан үстіне қойылған да, сан орындық үстінде сұлап жатыр. Тек бет жүзі ғана арық, тыйтықтап шаршаған рең беріп тұратын қарабұжыр еді, әлденеден үрейленіп отырған сыяқты. Мортен оның қысылып отырған қалпын жадырату үшін әңгімеге араластыра бастады.

— Тамақ алыңыз, Петерсен фру! Өне бойы легеннің қасында тұра беру де оңай емес ғой,— деді ол.

Кір жуатын әйелді Мортен «фру» деп атаған сайын Вера қатты тыжырынатын, ал кемпір ішінен, оны «мадам» деп атай салғанның өзі дөп болар еді-ау деп ойлайтын сыяқты.

— Тамақтан кейін үйіңізге, балаларыңызға қайтыңыз. Ертең тағы келерсіз,— деді Мортен сөзін жалғап.— Ал, сегіз бөбегіңіз қалай тұрып жатыр?

— Он десейші! — деп кемпір оның сөзін түзеп қойды.

Мортен аң-таң қалып біресе шешесіне, біресе Петерсен фруға қарады.

— Біз мұнда көшіп келгенде сегіз еді,— деді кемпір.— Содан бері мадам Петерсеннің балалары көбейіп кетті ғой,— тек кедей болсаң болғаны баланы тілегеніңше төге бересің.

«Шешей, сірә, өзінің қанша азап тартқанын ұмытқан екен»,— деп ойлап, Мортен тарелкасына үңіле берді.

Түскі астан кейін Мортен оның кір жуғанын қойғандығын көзімен көру үшін әйелмен бірге подвалға түсті. Әйелдің кофтасы қарнына жетпейді екен.

— Тыңдаңызшы, Петерсен фру, бұдан былай бала таппауға тырысыңыз,— деді де ол қолын әйелдің иығына салды.

Кір жуатын әйел теріс айналып кетті де, қапалана тіл қатты:

— Айтуға, әрине, оңай ғой, бірақ басқалардың қалай

тұратынын қайдан білесіз? Күйеуім осылай істегісі келсе қайтерсің? Тірі адам ғой ол! Оның: балалар — өмірімізде көретін жалғыз қуанышымыз, — дейтіні шын-ау деймін. Әрине, ол қуана қоятындай ештеңе жоқ, — бар білері сол балалар үшін азаптанып аш жүретіні ғана. Олардың бәріне тамақ, киім тауып беру керек — оның өз әйеліне деген заңды талабынан қалай бас тартпақ керек? Құдай куа, өмірде сорлаған жандармыз бір!

Әйел есікке сүйеніп, жылап жіберді.

— Мүмкін менің дәрігермен сөйлесіп көргенім жөн болар, сізге пайдалы ақыл айтпас па екен?

— Несі бар, сөйлесіп көруіңізге болады, бірақ бәрібір одан да түк шықпайды, — деп өксіп жіберді де, азар сүйретіліп барып велосипедке отырды. Басбалдаққа тамған қан байқалды.

— Қан ағып жүр ғой сізден! — деп дауыстап жіберді зәресі ұшқан Мортен.

— Түк емес, менде бұл жиі болатын жағдай!

Қалай болғанмен Петерсен фруға жәрдем ету керек еді, соны ойлаған Мортен велосипедке отырды да, поселкеден үш-төрт километр жерде тұратын дәрігерге жөнелді.

Дәрігерге жол қарауылшысының семьясы әбден таныс еді.

— Петерсен фру деген абзал әйел... ылғый жүкті болады да жүреді! Осы бір темір жол будкасында, сайтан алғыр, адам деген көртышқаннан бетер өрбіп туып жатады.

Мортен мұның бәрі тұрғын үйінің жамандығының зардабы деп тапты.

— Бұл айтқаныңыз әбден мүмкін; осы бір «инкубаторлар»¹ үшін мемлекет жауап берер әлі. Дәрігер болғандықтан мен мұндай семьялардың талайын білмеймін; бүкіл өмірімде екі баласы бар тек бір ғана семьяны кездестірдім; екеуі де қыз. Бір қызы сіңлісімен бірге бір кроватьта жата алмай, әрі әке-шешесімен бір бөлмеде тұра алмай амалсыздан тұрмысқа шығып кетті; өмірінде ол қыздың өз кровати болып көрген емес. Мұндай қыздар бойжетпей жатыпақ, ұясынан ұшып кетеді де, содан кейін баласын құшақтап қайта келіп тұрады. Мұндайда не айтарсың? Қарауылшыларға ешқандай көмек бере алмаймыз — олар мемлекет чиновниктері ғой; коммуналық басқарма бірдеме істейін деп талаптанған күнде де олардың үй тұрмыс жағдайына арала-

¹ И н к у б а т о р — электр қызуымен балапан шығаратын машина.

сы алмайды, — ал өз қолымнан не қайран келерін білмеймін. Бірақ, бұл мәселе бара-бара шешіледі, өйткені біз темір жол торабын көбейтуден безіп жатырмыз ғой қазір.

— Солайы солай ғой, бірақ күн шығып құрғатады дегенше, шықтай жас екі көзді ойып кетіп жүрмесе? Осы бір бақытсыз әйел бала таппайтын бір ем жасау қалайша қолыңыздан келмейді?

— Ойбай-ау, есіңіз дұрыс па, сіздің? Онда көресіні мен көремін ғой! Қандай болса да мемлекетке, әйтеуір, халықтың саны өскені керек; тек оны бағып-қағуды ғана сүймейді. Бұл адамдар әлі көртұқыл сорлы емес, тек олардың өмір сүрер дәрежесі тіршілік қажеттілігінен әлдеқайда төмен.

Петерсен фрудан қан кеткенін естігенде дәрігер дауласуын да қоя қойды.

— Амал жоқ, жағдай сондай болса, сізбен Сірге баруым керек болар. Құдай біледі, қанша аборт жасатпады ол. Сәл тоқтай тұр, велоспедімнің дөңгелегін оңдап алайын.

Олар жолшыбай әңгімелесумен болды. Дәрігер терең ойлы адам екен. бірақ қазірде, сірә, асыл арманына қол созуды қойған сыяқты. Оны жұрт морфинист¹ болды деседі екен.

— Сол бір алған мақсатыңыздан әлі қайтпай жүргеніңізге таңмын — көрмейсіз бе, төменгілер қандай қайыршылық, топас халде, жоғарыдағылар қандай мейрімсіз, қандай тасжүрек, — деді ол ауыр күрсініп. — Пері соқсын деп айтайын, егер қара жүрек қатал болмасаң, кешікпей өзің де құрыйсың! Байлары бар, кедейлері бар, көп адамдар-ақ балалы болмауын тілейді. Жәрдем ете көр деп маған талай әйелдер келді; жүкті болып қалғандарын білген кезде олар әрдайым жын соққандай бүлінеді. Ерлердің де жындылығы одан кем түспейді, үйішінің тыныштығын сақтау үшін жәрдем ет деп азар да безер болады. Сізге айтайын, мұндайда ең дұрыс жол — бас тартып қарап отыру. Барлық әйелдер де жүкті болудан оба тигендей қорқады; қоғамымыздың бар қауымының қазіргі ұрпағын камтып алған бұл қорқыныш біздің дәуірімізге тән нәрсе. Бұған бір жағынан соғыс кіналы және соған байланысты болып отырған ауыр тұрмыстан да ғой деймін. Меніңше бұған басты себеп әйелдер қозғалысы. Менің пікірімше әйелдердің бұл істеп отырға-

¹ Морфинист — морфийге салынған адам; морфий ауруды ұйқтатын дәрі.

ны көрінеу көзге бүлік: әйел еркектің жеке басын шырмап өзіне түгелдей қаратып алуға дайын, ал балаларға аз көңіл бөледі.

Мортен дәрігерді үн-түнсіз тыңдап келе жатты. Дәрігер, сірә, бір кезде радикалдық көзқарас ұстанған сыяқты, бірақ кей өмірдің ыңғайымен кетуге тура келгендей; ол кейде өзінің мінез-құлқын ақтауға тырысады, бірақ шынара онысын өзі сынайды да. Дәрігер жаңағыны әлдеқандай арамдықпен айтқанға ұқсайды, бірақ тағы ақталып жатып әлек болмасын деп Мортен оған қарсылық айтпады.

— Сіз, әрине, революция құмар адамсыз, бәрін де өзгерткіңіз келеді,— деп дәрігер біраз үзілістен кейін сөзін сабақтай түсті.— «Өмірді былай, былай қайта құрыңдар, сонда тұрмыс жағдайымыз жақсарады». Солай емес пе? Студенттік жылдардағы жас кездерімде өзім де революция құмар едім; өзімізді түкке тұрғысыз деп атақ тақпау үшін бұлай ету аса қажет болды. Қазір біз өмір сүріп отырған қоғамдық тәртіптің басқа барлық болашақ тәртіптерден, олар қаншама боямалап әсірелене көрсетілсе де, бір өте зор артықшылығы бар: ол артықшылығы — бұл тәртіптің өмір сүріп тұрғандығы. Ол даусыз шындық және өмірдің өзінде бар, сондықтан да барлық қыялдан әлдеқайда артық. Айтпақшы, осылай деп кім айтқан?

— Сіз айтып келесіз ғой! — деді Мортен.

— Жоқ, менің сұрайын дегенім, осы ұлы ойшылардың қайсысы айтқан?

— Бұл түкке тұрмайтын нәрсе болса, кім айтқаны бәрібір емес пе?

— Жоқ, қалайша? Мысалы, Гете сыяқты біреуді ақмақтық айтып тұр деп кіналауға болар ма?

— Гете стоик те, фаталист¹ те болған емес. Ол қайта, адамдардың белсенді болуын, өмірлерін қайта құруын, барлығына араласып, барлығын қайта жасауды,— ең аяғы жол қарауылшысының бақытсыз әйеліне көмектесуді талап еткен.

¹ С т о и к — стоицизм — көне Греция мен Римдегі философиялық ілім. Фаталист — адам тағдыры алдын ала жазулы тұрады, оған қарсы күресуге болмайды деп жазмышқа сенетін адам.

XVIII

Мортен бәсгандық алады

Мортен провинцияларда баяндамалар жасап үйіне қайтып оралды. Жолшыбай, Фредерицияда, ол ертеңгілік газеттен Россияда большевиктердің өкімет билігін қолға алғанын білді. Қуаныш пен толқудан тұла бойы дірілдеп кетті: пролетариат дүние тарихында тұңғыш рет мемлекет билігін қолына алды! Бұдан әрі қалай болмақ? Большевиктер үкімет билігін ұстап тұра алар ма, ұстап тұрған күнде оны қалай пайдаланбақ? Мұның, әйтеуір, бір жаңалыққа әкелуі сөзсіз, бірақ бұл қандай жаңалық болмақ? Көптеген жылдар бойы, сонау балалық шағынан кедейлер түбінде бір өз үлесін алатын өмір туады ғой деп арман ететін Мортен; сол арманның біразы болса да қазір орындалғаны ма?

Орталық вокзал алдындағы алаңға халық толып кеткен: атты полицейскийлер аттарын шірене тартып шегіншектеп, топты қуып: «Тараңдар, тараңдар!» деп айғайлап жүр. Погондарын жұлып тастап бірнеше офицерлер шеңбер жасап тұрған полицейскийлердің арасына барып тығылды. Топ жұрттың біресе ол тұсынан, біресе бұл тұсынан адамдар шыға келіп, ашына айғай салады: «Соғыс жойылсын, қымбатшылық жойылсын! Әскери киімді енді саудагерлер мен алаяқтар кисін!» Топ дүрліге жөнелді, полицейскийлер шоқпарларын ыңғайлап, тәртіпсіздікке жел беріп тұрғандарды табуға тырысты. Мортен топ жұртқа жақындап келіп не болып жатқанын сұрай бастап еді, бірақ оған біреуі де ауыз тұшырлық жауап бере алмады. Ақыры ол бұл тобырдың әскери қызметтен бас тартқан адамдар екенін білді.

Үйге келгенде Мортен жылай-жылай солып біткен шешесін ғана ұшыратты.

— Сізге не болған? — деп сұрады ол. — Үйде жалғыз жүргенің қалай, мама?

— Рас, мен жалғыз қалдым, — кемпір солқылдап жылай бастады.

— Балалар қайда, Мари, Вера қайда? Айтшы тезірек, мама!

— Құдайым-ай, олардың бірі жоқ, бәрі кетіп қалды! Мынау қаңыраған үйде жалғыздан жалғыз сандалып, көзімнің жасы көл болғалы бірнеше күн. Мұндағы жағдай-

дың қандай масқарашылыққа ұшырағанын мен тіпті саға, жаза да алмадым; үйде бір тұрмайсың, әйтеуір!

— Қайда кетті олар?

— Қайда кеткенін маған, мүмкін, сен айтарсың? Вера бұдан былай ұстап тұрғысы келмеді де, Мариды қуып жіберді,— бұл үшін Вераны ешкім айыптай алмайды. Әуелі ол Мариға бәрін мойындатып, көлденең адамға дәлел есебінде оның сөздерін жаздыртып алды. Қапысы жоқ бір хикая болды да шықты!

Сөйлесе келе Мортен Вераның байынан айырылысқан екі көрші әйелмен ұрсысып қалғанын білді. Олар Вераға келген екен, бұл сірә, оң қабағымен қабылдай қоймай, тайып тұр деп есікті нұсқаса керек.

— Бізді байдан шыққан деп қуасыз ба? — депті біреуі кекесінді үнмен.— Жоқты шатып тұрсың, біз екеуміз де — жібi түзу жесiрмiз. Айрылысып кеткен мына сендер — егер байың есіктеріңде жүрген әйелді сүйіп-құшатын болса, оның аты өз әйелінен теріс айналды деген сөз!

Олар ылғый чердақтың терезесінен сығалап караумен болыпты. Біреу ол терезе биікте, адам бойы жетпейді деген екен. Бірақ екі әйел де тістесіп өз дегендерінен жазбапты. Столдың үстіне шығып қарап, бәрін көрдік депті. Міне көрдің бе, ұлым, сақ болмаса адамның қандай пәлеге ұшырайтынын! Содан кейін Вера Мариды қолға алып, бәрін түбегейлеп білді. Мұның өзі оңайға түспеді, Мари деген жақ ашпастың бірі ғой. Бірақ Вера кім-кімді де түбейлемей қояр ма! Сөйтіп ол Мариға мойындатып қол қойғызды да, үйден түріп айдап шықты. Мен тіпті өзімен жөндеп қоштаса да алмай қалдым. Бейшара, бір жерін үзіп алғандай ағыл-тегіл жылады! Енді не амал етем деп ойлайсың?

— Өзің не істе дер едің, мама?

— Егер мүмкін болса, өзіңе қаладан бір бөлме жалдап алғаныңды артық көрер ем. Мен бала тапқан әйелдерді сағалап жүрер едім, маған әрі қартайған жасыма қарай аздап жәрдем ақша да тиісті ғой.

— Өмір сүруге ақшадан қысылам деп саспай-ақ қой, мама,— деді Мортен қолын шешесінің бүкірейген жауырына салып тұрып,— саған Копенгагеннен бір баспана тауып беремін, бірақ менен айырылысуға асыға қоймассың деп ойлаймын. Мен өз жұмысымды реттегенше қала тұрсаң деп едім.

— Не істемекшісің сонда? Мариға үйленбекшімісің?

— Жоқ, жаңадан үйленуді қоя тұрып, әуелі айрылысып

алу керек,— деді Мортен.— Мен Германияға барып, онда не болып жатқанын көрсем деп едім. Енді өз билігім өзімде. Ал үйді Вера мен балалар тұруға қолайлы болатындай аздап жыйыстыру керек.

— Вера балаларымен мұнда тұра қоймас деп ойлаймын. Оның есі-дерті қала.

— Е, онда тіпті жақсы, мұнда мен тұрамын. Менімен бірге қалғың келе ме? Мен, әрине, саған шаруаға көмектесетін жәрдемші аламын.

Бірақ кемпір әбігерліктен әбден ығыр болған еді, ендігі тілегі өзімен өзі болып отыратын бір бөлек баспана еді.

— Сен шаруанды ретке салғанша осында қаламын.

— Бірақ, меніңше, Вераны осы үйде қал деп үгіттемей-ақ қойғаның жөн,— деді кемпір, Мортен Верамен кездесіп барлық жай жөнінде келіспекші болған кезде.— Оның өзінше бір долбары бар.

— Сен не біліп айтып тұрсың, мама?

— Мен ештеңені біліп айтып тұрғаным жоқ, әркімнің өз ойы бар. Ол біздің үйдің жанынан күн сайын салт атқа мініп өтетін «жарлылар жарылқаушысының» әйелі қандай жақсы тұрар еді деп аузынан тастамай, оның бойдақтығына таңқалып жүретін. Құдай білсін, араларында елеулірек бірдеме бар да шығар; ол біздің үйдің жанынан өтіп бара жатып Вераны бақ ішінен көре алмаса, терезені тесіп жіберердей кеп қарайтын.

Мортен қарқылдап кеп күлді.

— Өтірікті бөсіп тұрсың, мама!

— Дегенмен сақ бол, жаңадан тұрмысқа шығам десе ақша берем деп ойлама. Есепке шебер әйел ол!

Мортен шешесіне күлумен болды. Бірақ Верамен арадағы сөзді жүргізу тапсырылған адвокатпен сөйлескенде Вераның, тіпті күйеуге шыққан күнде де, Мортеннен жыл сайын үш мың крон төлеп отыруын талап еткенін білді. Ол өзінің ақша талап етуін балаларды асырауым керек, оның үстіне жапа шеккен де мен, әрі Мортенге кітап жазуға «көмектестім» деп дәлелдепті; осының барлығы үшін жарты ақшасын алып отырса да сыйымды екен. Бұл әңгіме Мортенді қайран қалдырды, ол бір кеште Верадан Ионас Лидің¹ әйелі Томасина сыяқты күйеуіңе кітап жазуға сен де көмектесесің бе деп сұрағаны есіне түсті. Жақсы-ақ көмектесіп еді Вера!

¹ Ионас Ли (1833—1908) — Норвегия жазушысы.

Егер Вера тағы да күйеуге шығатын болса, онда балалар менде қалу керек деп талап етті Мортен. Балалардың өгей шешесінің қолына қарамауы үшін өзі үйленуді ойламайтынын айтты.

Верамен екі арадағы бәтуа сөз ұзаққа созылды. Олар бірімен бірі кездесуден қашқалақтап жүрді, тек документке қол қоярда ғана кездесті. Қалғандарының бәрін адвокат реттеді. Істі адвокат жүргізгені үшін Мортен тағдырына алғыс айтты, әйтпесе Вера бір сабақ жібіне дейін сыпырып алатын еді. Вера бұл жағына тым шебер екен, оның бұрын, тіпті, мұның басына келмеген көп ептілігі мен қасиеттерін көріп білді.

Мортен жұмыс істей алмады. Айырылуды күтіп жүрген бос уақытын пайдаланып достастары мен білістеріне барып жүрді. Вера бұл үйлерде болып та үлгеріп, оларға айрылысуға жеткен жай-күйді өзінше баяндап беріпті. Мортеннің бұл тақырыпқа әңгімелескісі келмеуі мен Вераның айтқандарын білістерінің көзінше растауынан барып олар Мортенге теріс ыңғай көрсете бастады. Вера, тіпті, Пелленің де үйінде болыпты, бірақ, сірә, олардан жанашырлық көре алмаған сыяқты. Бірде Мортен Элленнен қолхат алды, ол жалғыздық уақытыңды бөліп бізге соғып кетуге қалайсың деп жазыпты. «Сені көруге Пелле сондай қуанышты»,— депті.

Мортен үйлеріне келгенде Пелле шынында да қатты қуанды.

— Сонымен сенің бір пікірлестерің Россияда жеңіп шықты ғой,— деді Пелле Мортен отырар отырмастан,— газеттерден көрдім, өкіметті олар өз қолдарына алды. Олардың не тілейтінін қысқаша айтып берші.

— Олардың тілейтіні екеуміздің бір кезде арман етіп жүргеніміз ғой деп ойлаймын, сондықтан ол саған да, маған да жат болмауға керек,— деді Мортен байсалды үнмен.— Олар таптық және нәсілдік қайшылықты, сонымен қатар соғыс алаулатып жатқан ұлт өшпенділігін, демек, үстемө пайданы жоюды тілейді!

— Аз емес! — деді Пелле. Оның бет құбылысынан осы әурешіліктің барлығын апатқа ұшырағалы тұрған нәрседей көретінін түсінуге болар еді.— Арадағы келісімге қарамастан олармен шекара арқылы байланыс жасау оңайға түспес... басқа қайшылықтарды айтпай-ақ осының өзі жетіп жатыр.

— Айтып қояйын, біздің басымызды әбден айналдырып тастаған. Германияға мен алғаш барғанымда Дания шека-

расының екінші жағындағы жердің де дәл біздегі сыяқты түр-тұрпатта екеніне таңқалдым,— ал екі елдің арасында қайшылық бар деп біздің мыйымызға әбден сіңіріп баққан. Адамдар соған сеніп жүрді.

— Әрине, оқыйғаны дұрыс түсінуге бізге әлі алыс! Менің білгім келеді, адамдар осы бастарын ажырататын емес, бастарын қосатын нәрсені көбірек бағалауға қашан жетер екен.

— Сөз жоқ жетеді,— деп жауап қайырды Мортен сеніммен.— Бұл сөзсіз болатын нәрсе, әйтпесе бәрі күл боп ұшып кетеді. Бірақ әуелі көптеген ақмақтықтан арылып, үрей тудыратын есептерді құрту керек.

— Бұл жерде үрейдің қанша қатысы бар?

— Адамдар жалақысынан айрылып қалудан қорқады. Сүйек кеміріп жатқан иттей бірін бірі бағып, ұрлана қарайды. Адамзат бәрімізге де мол жетеді деген сенімге келуі керек.

— Бұған қалай жетуге болар екен?

— Бәрі де молшылықта тұратындай өмір құру керек. Бұл қолдан келеді де.

Пелле шұбаланған пішінде мырс етті.

— Ал кейбір адамдар бұған да риза болмасын ойламайсың ба, сен? Көбірек қакшып қалуға жанын салатын адамдар әруақытта да көп табылады ғой.

— Ондай адамдар туралы мен ойлап та тұрғаным жоқ. Пайдакүнемдікті ойлаудан тоқтала алмайтын адамға ондай қоғамда орын жоқ. Біздер, социалистер, азшылық үшін емес, көпшілік үшін өмір құрамыз.

— Бұл айтқаның оп-оңай бола қойса-ау! — Пелле маңдай алдынан ұшы-қыйыры жоқ ұзақ, ауыр жол көріп тұрғандай бұл сөздерді созып-созып айтты.

Шынында бұл — бір кезде астананың жұмысшы кварталдарын құйындай кезіп жүрген Пеллеге тіпті ұқсамайтын еді; ол түрмеден шыққаннан кейінгісінен мүлде өзгеріп кеткен. Енді ол алға да қарамайды, бірақ сонымен бірге артқа да алаңдамайды; оның ендігі нанымы бұлардың екі жағында да әділдік бар-ау дегенге келетін. Пелле — «статус-квоны»¹ ұстанушы, байсалды, бәрін де ақылмен өлшеп, қыюын табуға тырысатын, тек қол жетерді ғана бәрінен жоғары бағалайтын адам еді. Оны енді белгісіз бұлдыр нәрсе елік-

¹ Статус-кво — өмір сүріп тұрған не бір кезде өмір сүрген тұрмыс жағдайы.

тіре алмайды, жастық шағының тәтті қыялын да, түрмеден жан дүниесінің жаңарып шыққанын да ұмытқан.

— Сен алға қарауды, өз еркіңнің сілтеуімен жүруді қойған екенсің, — деген сөз Мортеннің аузынан атылып шыққандай болды.

— Оған уақытым жоқ, мен есепшіл адаммын, — деп жауап берді Пелле. — Ал сен өз еркіңнің сілтеуімен жүресің бе?

Келешек пен қазіргіні байланыстыру керек деп ойлайтын болса да, Мортен келешекке көбірек көз жіберем деуге мәжбүр болды. Бірақ ол бір қарынның қамын ғана ойлап, соның айдауымен жүретін немесе әдет-ғұрыптың ақылгөйі бола қалатын, сөйте тұрып зар еңіреген сәбиді қорлап, аштық бала жүрегін ізгілікке бұрады дейтін адамдар туралы тіпті білгісі де келмейтін.

— Біз әуелі кемтарлықтан құтылып, өнер-біліммен содан кейін барып айналысуды артық санап едім, — деді Мортен. — Олардан іргені аулақ салу үшін және моральдық езушілікте ұстау үшін адам жанын саудаға тым көп салады.

Эллен кабинетке жиі келіп, Мортеннің жанына отырып, бір өзгеше құбылған түрмен қарайды. Мортен оның Вера туралы сөйлескісі келетінін сезді; Эллен әңгіме тақырыбын талай соған бұрғысы келді, бірақ ол талабынан түк шықпады. Мортенге ол енді семьядағы өнегелі ана сықты көрінбеді, бұрын Мортен оны солай бағалайтын. Қазірде Эллен көтерме сауда істейтін алыпсатарлардың, фабриканттардың, Алтын жағаны мекендеушілердің әйеліне көбірек ұқсайды; бұл әйелдер өмірдегі барлық зат туралы өздеріне деген берік сеніммен сөйлейді. Пеллеге қарағанда, істерінің оңға басуы Элленнің көңілін өсіріп жіберген сыяқты. — Пелле өзін бұрынғыша ұстауға тырысса да, Эллен дәл бір сонда өзінің де елеулі үлесі бардай, әңгіме арасында Пелленің қандай ықпалда екенін көрсетуге жанын салып отырады.

Кедейлік туралы сөз болғанда Эллен әңгімеге белсене араласты да, мынаны айтты:

— Тап қайшылығы құртылады дегенге біз сенбейміз, — төменгілер білімсіз болғандықтан бұл мүмкін емес. Жуырда біз бір жас қызға кеңседе қызметке орналасуға көмектестік, ол бір кезде кездескен таныстарымыздың қызы болатын, олар келіп бізге алғысын да айтпады. Дұрыс па осыным, Пелле?

— Бұл қызметте, әйтеуір, біреу істеу керек еді ғой, ал

жас қыздың тамаша аттестаты болды,— деп Пелле тайқақтай жауап берді.

— Сонда да келіп алғысын айтып кетуді ойлауларына болатын еді ғой? Адамдар істеген жақсылықты бағалауға сондай сараң.

— Мүмкін олар жалақыны Пелле төлемейді деп ойлаған болар,— деді Мортен.— Министр болғаны үшін ол қызға да, басқаларына да Пелле алғыс айтқан жоқ қой!

— Е. бұл жерде әңгіме мүлде басқаша. Бұл орынға қойғанына Пелле корольға барып алғысын айтты.

Мортен Пелленің бет құбылысынан Элленің сөздеріне ыңғайсызданып отырғанын сезді, бірақ әйелі оған қарамас-тан сөзін сол жобамен сөзбектей берді. Акылсыз болып қалған ба, өзі? Немесе күйеуінің мансабы және буржуазия әйелдерімен араласуы, Элленді тасытып жіберген бе, мундай құбылысы барын Мортен кей-кездерде бұрын да байқап жүретін.

Пелле кыйпақтап жөтеле берді.

— Берлиннің соғыс заводтарындағы забастовкаларды сен неден деп ойлайсың? — деп сұрады ол дауыстап, көрер көзге әңгімені басқа жаққа бұру үшін.

Мортен неміс соғыс өндірісінің кәсіп орындарындағы забастовканы Россиядағы Октябрь революциясы жеңісінің думпуі деп есептесе де, ол өз пікірін ортаға салмай, басқаша айтты:

— Соғыстан шаршағандық қой бұл. Англия соғыс өндірісінің жұмысшылары да көтеріліс жасап жатыр. Сіпа, біздің халқымыз да соғыс құдайы Молохқа құрбандық беруден ығыр болған шығар!

— Онда еңалдымен майдандағы солдаттар забастовка жасау керек қой,— деп сөз қыстырды Эллен.

— Олар көк желкелерінде жүрген офицерлердің револьверінен қорқады. Бірақ, мүмкін, келешекте бұған да жетер.

— Майдандағы солдаттар забастовка жасайды деп ойламаймын,— деді Пелле ойға батып.— Онда олар жөніп шыққан күнде кайзер мен юнкерлер бермек болғанның бәрінен айрылады. Ал жұмысшыларға келетін болсақ, біздер одан қысылмаймыз; шынында ел басына қауіп төніп тұрғанда тасадан шыға келіп өз отанына тарпа бассалу деген ойлауға да ауыр нәрсе.

— Мүмкін олар осынысымен Отанына көбірек пайда келтіреміз деп ойлайтын болар,— деді Мортен.

— Құдай білсін, олар сірә бірдеме ойлай ма екен. Сен Германияға барайын деп жыйналып жүрсің ғой, — сол жақтан бізге бірнеше информациялық мақалалар жазып жібер.

— Слотсхольм менің Германия туралы жазғандарымның еш қайсысын жаратпайды.

— Әрине, сенің Пруссия мен Германия туралы жазған мақалаларыңа бола жолдастарымызбен кесе келіп қалған жеріміз болды. Әйтеуір бір себептерден олар мақалаларыңды баса алмады. Бірақ қазір оны бәрі де ұмытып кетті.

— Бар болғырлар, ұмыта қоймапты! Қайта мені қара тізімге тіркеп қойыпты да, енді бет бақтырмайтын болыпты. Олар комиссия құрған екен, комиссиясы шетелдердегі Дания социал-демократтарын көзден таса қылмай, соғысып жатқан Германияға қалай қарайтынына қарай оларды досымыз, дұшпанымыз деп жіктейтін көрінеді; демек, мені жаулары санайды. Көрдің бе патриотизмдықтың қайда әкеліп соқтырғанын.

Пелле иығын қағып, аз ойланды да былай деді:

— Жалпы сол Слотсхольмсыз-ақ реттеуге болады. Барлық мақалаларыңды тура газет редакциясына жібер, одан мақалаларыңның біразы провинциялық газеттерге жөнелтіледі де, қалғандарын біз хабар материалы ретінде пайдаланамыз. Сен мақалаларыңа түгел қаламақы аласың, ал Слотсхольм көңіліне ұнағанын соңынан баса жатар.

Біраз уақыт үшеуі де үнсіз отырды. Пелле Мортенге бағдармай қарап қояды.

— Мен егер дұрыс аңғарып отырсам сен қазір тұйыққа тіреліп жүрсің-ау, — деп ол тыныштықты бұзды.

Мортен өзім тақыршаққа отырып қалғандай сезініп жүрмін деуге мәжбүр болды.

— Үш мыңның шамасында алатын барлық жалақымды Вера мен балаларыма беруге тура келеді.

— Ым! Провинциалық газеттер үшін саған бір тұрақты орын ұсынсақ қалай көресің? Жазып тұратын мақаланың санын белгілеп алдын ала талап қоймай-ақ қояр едік. Біз саған жұмасына елу крон төлейміз, сапарға шыққандағы жол шығының мен тәулік ақшаларың өз алдына. Ризасың ба осыған? — Осыны айтып Пелле Мортенге жадырай қарады.

— Әрине ризамын! — деп күлімсіреді Мортен.

— Енді міне күстай еркін жан боп шыға келдің, — деп сөз қыстырды Эллен. — Ең абзалының өзі осы. Әуелі баста біздің айтқан тілімізді алмай қойып едің. Ісіңнің сәтті

болуын тілеймін! — Элленнің даусынан бұрынғы қамқор лебі естілді, Мортен өзінің іші-бауыры жылып сала бергенін сезді. Қанша дегенмен Пелле, Эллен мұны әлі іш тартады екен.

XIX

Қашқын

Мортен барлық істі аяқтады; әйелімен айрылысу әлегінің ендігі қалғанын адвокат реттей алады. Шешесі үшін соның өзі тұрғысы келген Нэрребро ауданынан шағын пәтер үй тапты; қала сыртындағы үй-ішінің мүліктерін алып келгенде, бөлмесі жайнап кетті. Шақыру қағазының да сәті түсті. Бірақ Мортен қаңыраған үлкен үйде жалғыз сандалып зерігумен болды, есі-дерті сапарға шығу болып жұмыс істей алмады.

Кетерінен бір күн бұрын оған Андресен телефон соғып, қонаққа шақырды. «Үйге емес, ресторанға кел,— деді ол,— онда бізге ешкім де бөгет жасамайды!»

«Мен тек қолқалы қонақасыға қарсымын!» — деп күле жауап берді Мортен телефонмен.

— Жә, сен енді бостандық алған адамсың ғой! — деді Андресен екеуі ішімдікті біраз сілтегеннен кейін, сөйтіп Мортенге сәл қызғана қарап қойды.— Ал енді ойың не? Тағы үйленесің бе?

Жоқ, Мортенге соның өзі де сабақ болғандай еді. Біріншісінен жаңа құтыла бергенде тағы соған ентелей жүгіргендей үйлену деген бір қызыға қоятындай нәрсе емес.

— Осы бір бірге тұрып, өмір сүру дегеннің қуанар түгі жоқ! Бірақ амал не, адамзат құрып кетпеу керек қой,— деді Андерсен.

Семья асыраймын деп түні бойы ұйқы көрмей жұмыс істеп, салық төлеу үшін, наншылар мен етікшілердің қарызынан құтылу үшін қол-аяғың кісенделіп, бар жақсы жылдарыңда мойныға қамыт киіп шырмалсаң, сөйткен үй ішінде бір күн құлағың тыныш отыра алмаса, ондай қуаныш құм қабумен тең деп санады Мортен.

— Табиғат өзі жаратқандарының ішінде адамнан басқасына жақсы өмір берген ғой — олардың алым-салықта да, корольдің сот орындаушысында да жұмысы жоқ, шаруашылығына ақша да іздемейді, қояншығы да ұстамайды.

— Я, дүние өзінен өзі өрбіп жылжып жатса, ал сен түк

алаңсыз гүл теріп жүрсең, әрине, жақсы болар еді,— деді Андерсен.— Мен мұндайды алақайлап қостар едім. Бірақ тоқтай қал, онда ешкімге де пианино керек болмай қалады ғой! Бұл, сірә, маған жайлы тие қоймас; одан ақша есебіне шырмалып, бақкүндестеріңмен, алақұс әйеліңмен әуре болып жүрудің өзі артық. Ал өзімізді зерігуден шет ұстау үшін, анда-санда аздап көңіл көтеріп қоюға болады,— библиеда айтылатын Иосифтай күнадан пак тап-таза жандар емеспіз ғой! — Осыны айтып Андресен Мортенге кесірлі кейіппен қарады.

Олар ресторанның бір бұрышында өте ыңғайлы отырды. Кейкезде Андерсенді телефонға шақырады,— ол кетерінде қайда барарын ылғый айтып кетеді; ешкім оларға бөгет бола қойған жоқ, екеуі де бар дүниені ұмытып, құмарлары қанғанша барлы-жоқтың басын құрастырумен болды. Ара-тұра Андресен Мортенге таңдана қарай түсіп:

— Құдай ақы, нағыз жігіт екенсің! — деп қояды.

— Сен де нағыз жігітсің. Қолыңа түскенді қымтый ұстап айрылмайсың.

— Рас, осы жылы миллионды айналысқа саламын, сөйте тұрсам да ылғый ақшаға зар боламын да жүремін. Осыған мыйың жетер ме, сенің?

— Мүмкін, сірә, бұл өз шаруаңды үнемі кеңейте беруіңде шығар?

— Рас, солай істеуге тура келеді. Егер шаруаны кеңейте бермесе, қу тақыр құрығаны деп біл. Осы сен сондай бір пайдасы көп іспен неге айналыспайсың? Ақша деген кез келген жерде өзен болып ағып жатыр, ал сен бір жалақыға телміріп өмір сүрем деп әуресің.

— Мұндайға ебім жоқ менің!

— Сөз емес, әруақытта бір нәрсе ойлап табуға болады! Қарашы өзің, қандай сұмырайлар өрмелеп өрге шығып кетті! Ең болмағанда өзіңнің қала сыртындағы үйіңді қосымша закладқа сал, сонда сатуыңа да жеңіл болады. Кредиттік қоғам ақшаны судай сапырып жатыр.

— Маған ол қайтып қарыз бермес: бір кезде ол қоғам тым көп болып кетті деп соңғы қарызды да бергісі келмеген.

— Түу, одан бері қай заман! Бәрі де оны ұмытқан болар. Менің сөзіме сен, тек тырысып көрші, қосымша қарызды алғаш закладқа салғаннан да көп аласың. Батылың бара ма осыған, бірақ мен айтайын, құлашы кең алаяқ қулар — бүкіл елдің ақша қоймасына әмірін жүргізіп отырған банк директорлары да, финансистер де, сол сыяқты тағы басқа адам-

дар да сенімен менен ақылы асып бара жатқан жандар емес. Қолдарына ақша мол түскен сайын бәрі де қалтырауық болып кеткен. Сенімен бәс тігісуге бармын, сен жаңа заклад үшін кең сарайыңның құнынан да әлдеқайда көп аласың. Ал өзіңе қажет сомадан көп алып қойсаң, артып бара жатқанын маған бере ғой,— мен бәрін де әруақытта пайдаға асыра аламын!

Мортен сенің ақылыңды алайын деп уәде етті.

— Бірақ кеткеніңше барлық істің басын қайырып тастауың қажет, әруақытта да тез қыймылдау керек. Осы жерден өзіңнің адвокатыңа телефон соқ.

Кеш түсті. Мортен ол-пұлын буып-түйіп, кітап оқуға отырды. Бүкіл үйде жалғыз өзі еді, кітаптан басын көтерген кездерінде біртүрлі оқшау сезімге тап болады.

Кенеттен біреудің терезеге тас лақтырып жібергенін естіді. Төменде жоғарыға қарап бір адам тұр екен, жайлап ысқырып қояды.

— Бұл менмін, Виггомын! Балдызыңмын! — деген дауысты есітіп Мортен есік ашуға төмен түсті.

— Ақырында маған да бір соғып кетуге жолың түскен екен ғой,— деді ол; Вигго оның қала сыртындағы үйіне бірде келмеген еді.

— Мен Вераның қашып кеткенін білгенмін, сосын ойлап ем... мен оны тіпті көргім келмейді, әке-шешеме де солаймын.

— Дегенмен туысқандарыңмен араласпай шеттеп жүру қыйын болар! — Мортен оның бишара түріне бажайлай қарады.— Қазірде жалғыз тұрасың ба, өзің?

— Жоға, жалғыз емеспін! Қолымда кішкентай қыз бар! Виггоның түрі үрейі ұшқан, сорлаған адамдай еді; артынан біреу қуып келгендей алқынып тұр.

— Вераның жоқ екенін білгеннен кейін неге қоңырауды басып, хабар бермедің?

— Сенің шешеңнің көзіне түскім келмеп еді. Мен кешеден бастап қашып кеткенмін, содан бері тіпті кірпік те ілген жоқпын.

Бұнысы оның үсті-басынан да көрініп тұр еді, киімі түгелдей қыртыс-қыртыс болып, балшыққа былғаныпты.

— Сөйтіп, қашып кеттің бе? — деп сұрады Мортен үрейленіп.

— Я, осы жүргенім де жетер! Рұқсат қағаз алып жа-

ғаға шықтым да, содан кемеге қайтып оралған жоқпын. Бүгінгі түнді далада өткіздім, үйіме, қызыма баруға қорықтым, өйткені мені онан, сірә, іздеп те қалар.

— Ал өзіңді ұстап алса не болатынын білесің бе, сен?

— Олар ұстай алмайды мені! Ондай қор өмірге қайтып оралғаннан да өзімді өзім өлтіргенім жақсы.

Мортен Виггоға қарап ойланып қалды; ол бір дәрменсіз, сорлы жандай көрінді! Туған-туысқандарымен де үйлесе алмады, әйтеуір өмірде бір жолы болмаған адам; өз күшімен қыйыншылықтарды жарып өтуге қабілетсіз адам еді, жан дүниесі буырқанып жатса да өкімет орындарымен күрес жүргізуге де дәрменсіз.

— Немене ыңқылдап тұрсың, аурусың ба, әлде? — деп сұрады Мортен.

— Жоқ, кеше кеште біраз жолдастар болып полицейскийлердің жынына тиіп едік, сонда арқамнан шоқпармен соғып жіберіпті.

— Дегенмен кемеңе қайтып баруыңа кеңес берем. Мас болып қалыппын де; бұдан да карцерде бір жұма отырып шыққаның немесе басқа бір жаза тартқаныңның өзі жақсы. Қашқындық үшін қатты жазалайды, ең кем дегенде бір жыл еңбек түзеуге жібереді.

— Маған мұның бәрібір, мен кемедегі өмірге төзе алар емеспін. Құтылмас бір штрафтар, қорлау, жағаға баруға тыйым жасау, тағы сол сыяқты толып жатыр... Әсіресе көресіні капитанның жәрдемшісі Вормстан-ақ көрдік, тура нақұрыс адамдай: маған команданың азық-түлік үлесінен біраз нәрсе ұрлап ал да, оны офицерлер асханасына бер деп жекіреді; егер мен бұған көніп жүре берсем, онда қандай жолдас болғаным? Вормс мені көре қалса, бұрқан-тарқан кіжініп: «тоқтай тұр, сені қармаққа бір түсірерміз!» — дейді. Мені тілті ұрысың деп те айыптады, бірақ азық-түлікті ұрлаған офицерлердің өзі еді; рас, кейін олар өз сөздерін қайтып алды.

— Мынау бір сұмдық тәртіп екен! — деді Мортен түршігіп. — Олардың шынымен-ақ бүкіл командаға істейтіні осы болғаны ма? Немесе тек жалғыз саған байланысып жүр ме?

— Олар жылы жүзімен шүйіркелесетін бірде-бір қатардағы матрос жоқ. Офицерлер қазір соғыс жүріп жатыр, сондықтан қатаң тәртіп ұстану керек дейді. Олардың кейбіреуі соғыста әбден ақылынан алжасқан, біз қашан соғысқанша шыдамай аласұрып жүр. Басқалардан көрі де мені қырларына алған, «қызылсың» деп дігірлейді. Меніңше, олар

менің синдикалист екенімді біліп қалып, осы есірікті басымнан қуып шығуға тырысатын сыяқты.

— Олар сен туралы қайдан біле қояды? Мүмкін сен команданың арасында үгіт жұмысымен айналысқан боларсың?

— Жоқ, мен барымша мұндайға жоламауға тырысып бақтым, бірақ олардың қолында тізім бар екен. Содан кейін осы бір анкеттер де...

Бірақ Мортен бұл туралы ештеңе білмейтін.

— Білесін бе, армияға аларда анкет толтырғанда не істегеніңді, қандай газет оқыйтыныңды және қандай ұйымға жататыныңды, тағы басқаларды қалдырмай жазуға тура келеді. Олар бұл жұмысты тым қыбын тауып жүргізеді — бейнебір осының барлығы есеп-санақ үшін, елдің тұрмысын зерттеу үшін қажет сыяқты. Бар болғаны бір жағдайсыздық болып қалғанда өздеріне шын берілген адамды қайдан табу керектігін білуге тырысатындай. Менің анкетімді қараған кезде олардың ұсқыны қандай әлемтапырық болып кеткенін көрсең сен! Ал, мына Вормс деген адамды азапқа салған сайын жаны кіре беретін қаныпезер айуан. Бір сағадан іліктірер болымсыз жай кез болса-ақ, құйрығымыздан тебуге әзір тұрады.

Жейтін тамақ, бір бөтелке сыра алып шығу үшін Мортен подволға түсті. Тамақты көрген мезде Виггоның қалжыраған көздері жайнап сала берді.

— Е-е, жұлдызды сыра ма? Бастықтарымыздың құрметі үшін айтып қояйық, олар сыра жасауға шебер, — деді де көңілденіп, осыдан кейін бөтелкенің аузын қолымен сүртіп жіберіп, аузына апарды.

Мортен оның ішіп алуына мұрсат берді, ол сорлы аш қасқырдай бұралып тұр еді.

— Демек, сен өзіңнің «Дельфиніңе» қайтып оралғың келмейді ғой? — деп сұрады Мортен Вигго тамақтанып болғаннан кейін.

— Менің тіпті батылым бармайды, осыны ойласам тұла бойым қалтырап қоя береді. Тіпті ұйқтап жатқанда да сол бір албасты Вормстың ұсқыны көз алдымнан кетпейді.

— Біздің үйде қалғың келе ме? Онда мен біразға дейін жолға шықпай тұра тұрып, сенің ісіңмен айналысайын.

Бірақ бел буып қайсысын тыңдарын Виггоның өзі де білмеді.

— Абзалы, мені келіп ұстап алғанша көшеде тентіреп жүре бергенім жөн болар, — деді ол әлсіз үнмен.

Бірақ Мортен оны бұған жібере алмас еді.

— Сен не осында қаласың да, ісіңмен айналысуға мүмкіндік бересің, мүмкін баспасөз бетіне жазармын, немесе кемеңе қайтып барып, бір жеті карцерде отырып шығасын. Айтпақшы, формаң қайда сенің?

— Егер іздеп тауып алып кетпесе, үйде қызымның тұсында ілулі тұр. Жасырынып кетуге жеңіл болу үшін мен мына бір ескі-құсқыны иығыма іле салдым.— Вигго кенеттен қос қолдап басын ұстай алды.— Ох, есімнен әбден алжасқан екенмін мен? Егер ойға сап саралап қараса, осының қуанышы шамалы екен ғой! Одан да енді полицияны шақыр.

Мортен солай істеді де, әрі барлық істі Виггоға қолайлы жағдайда тындыруға тырысты. Арада бір сағат өткенде полицейский автомобилі келді.

Виггоны алып кеткен автомобиль қараңғылыққа сіңіп көз ұшынан жоғалған кезде, Мортен бір адамды қасапқа бөріп жібергендей азапты ой бойын кернеп кетті. Ол криваттың шетіне отырып, киімдерін жартылай шешіп ойға батты. Вераға ғашық болып жүрген кезде қандай бейжат, мешан семьямен байланысқан өзі! Сүйіспеншілігі мол Дагмар да, делдал боп жүруге қабілетті Петер де және Вера мен Вигго да қандай төменнен биікке өрлеген. Әр мүшесі әр тарапқа тартынып жатқан бір ғажап семья. Дагмар өзінше қайырымды, сүйкімді болды. Дегенмен балаларының ең жақсысы Вигго еді; бишара ешқайдан, ең аяғы өз үйінен де пана таба алмады.

Үй іші тып-тыныш, ешқандай әбігерлік сезілмейді, айнала тұнып тұрған тыныштық, саябыр. Төсекте жатып Мортен қараңғылыққа үңіліп еді, көз алдында қорқынышты әлдене елестеп өтті. Өзінің басы ғайып болып кеткендей көрінді, басының орнына ауа толы құр қуыс, аспанның ойық күмбезі тұрғандай түк салмақ білінбейді. Мортен еріксіз қолын көтеріп, басын сыйпап көрді,— басы орнында екен! Мұның барлығы өмірінің соңғы жылдарында жабысып арылмай келе жатқан бас ауруынан екен; бұл ауру ұйқтап жатқан кезінде де, тіпті, сергек жүрген уақыттарында да әбден азаптап біткен; бірақ енді ол да із-түзсіз жоғалыпты!

М А З М Ү Н ы

Кіріспе	3
-------------------	---

«НЕСІЗ ЕЛДЕ»,


Бірінші бөлім


I. Оралу	21
II. Мортен бағдарлайды	44
III. Үзілген үміттер	63
IV. Мортеннің ұрлығы	77
V. Қайыната үйінде	85
VI. Ләззат айы	93
VII. Мортен өзіне тиімді жағдайларға қортынды жасайды.	102
VIII. «Таңда»	115
IX. Жерлес	129
X. Әке қуаныштары	139
XI. «Несіз елдегі» фокстрот	147
XII. Мортен семьясымен қала сыртында	161
XIII. Шақырылған ана	174
XIV. Не жетпей қырқысады екен осы сайтандар?	189
XV. Егіздер	204
XVI. Семья азғыны	212
XVII. Кемпір келінін көндірді	222
XVIII. Мортен дача сатып алып жүрек толқынымен мазасыз- данады.	239

«НЕСІЗ ЕЛДЕ»,

Екінші бөлім


I. Мортеннің қолынан келмейтіні жоқ	257
II. Дачниктер	276
III. Бағдар	291
IV. Бағдар соңы	301
V. Ауыр күн	311
VI. Дачниктер дегенмен келе бастады	335
VII. Сүңгуір	349
VIII. Дүниежүзілік соғыс кімдердің бетін ашып берді	359
IX. «Эльдорадо көң-қоқыры»	370
X. Жат жердің жалғыз жұтым ауасы	383
XI. «Ақмақтар жолы»	402
XII. Көмір! Көмір!	413
XIII. Сәуле	423
XIV. Самсон филистерлер шылауында	439
XV. Семьядағы аздаған тыныштық	449
XVI. Мари	459
XVII. Өмір	473
XVIII. Мортен бостандық алады	482
XIX. Қашқын	490





60-00

2



3100022537

